« БЕКІТЕМІН»

№13 "Гүлдер" бөбекжай балабақшасының меңгерушісі:

_____Бибосынова М.А.

МАДТ «Гүлдер» тобының 2022-2023 оқу жылына арналған Вариативтік компоненті.

Тексерілді:

Әдіскер: Мусирепова С

2022-2023 оқу жылы

МАД«Гүлдер»тобының 2022-2023оқу жылына арналған

варативтік компаненті.

Жас зертеуші.

№	Айы.	Жас зертеуші.	Тақырыптары.	Сағ.
	Қыркүйек.			
1			Акварумдегі балықтар	1
2			Үй жануарларының төлдері. (Күшік).	1
3			Жер әлемі	1
4			Елімнің байлығы тұз	1
	Қазан			
5			Алтын күз	1
6			Бау бақшамыз сәніміз	1
7			Ас атасы нан	1
8			Жыл құстары	1
	Қараша			
9			Саңырауқұлақтардың құпиясы	1
10			Желдің күші	1
11			Жабайы аңдар	1
12			Сиқырлы магнит елінде	1
	Желтоқсан			
13			Қысқы тіршілік	1
14			Менің отаным Қазақстан еліміздің рәміздері	1
15			Көрікті шырша	1
16			Ғажайып сыйлықтар	1
	Қаңтар			
17			Туған өлкедегі қыс	1
18			Ақ ұлпа қарлар	1
19			Жабайы аңдар	1
20			Қыстайтын құстар	1
	Ақпан			
21			Менің мысығым	1
22			Кішкентай зерттеушілер	1
23			Үйдегі тұрмыстық техника	1
24			Дәрілік өсімдіктер	1
	Наурыз			
25			Құстар ұшып келгенде	1
26			Сиқырлы су	1
27			Ағаштар не жасайды	1
28			Зергерлік бұйымдар	1
	Сәуір			
29			Жұлдыздар әлемі	1
30			Жер ортақ үйіміз	1
31			Көктемгі ағаштар	1
32			Тірі және өлі табиғат	1
	Мамыр			
33			Асқар таулар	1
34			Әсемдік әлемі.	1
35			Бөлме гүлдері.	1
36			Жаз мезгілі.	1

Варатив компаненті Жас зертеуші

.Аквармдегі балықтар

Оқу қызметінің мақсаты.

Балаларға табиғат бұрышындағы жануарларға (балыққа) күтім жасаудың қарапайым тәсілдерін меңгерту; аквариум туралы білімдерін пысықтау; тілін, ойын дамыту; табиғат әлеміне қамқорлықты, эмоционалды-жағымды қатынасты қалыптастыру; ұқыптылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөйлеуде "аквариум", "құю", "сарылдау", "сүзгіш" сөздерінің мағынасын ашу, "желбезек", "қабыршақ" сөздерді пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, балықтарды зерттеу, өздік іс-әрекет, рефлексия, оқу қызметін пысықтау, көрсету, қайталау, практикалық жұмыс, бақылау, рефлексия, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, аудиожазба, аквариум, балықтардың суреті, балықтардың аквариумда жүзіп жүргені туралы бейнежазба, дидактикалық ойынға арналған текшелер, балықтар, үстел бетіне төсеніште қолдану, сүзгіш, таза су, шүберек.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына қарай түрлі-түсті балықтар, лупалар, практикалық жұмыста балаларға кигізетін алжапқыштар, қалпақтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қуаныш шеңбері. "Күндей жадырап".
Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады.

Күндей жадырап,
Жұлдыздай жарқырап,
Судай мөлдір таза көңілмен,
Бүгінгі күнімізді бастайық.
Балалар бір-бірімен, педагогпен амандасып, шапалақтайды.
Педагог балаларды табиғат бұрышында жарты шеңберге отыруды ұсынады.

1.2. Ғажайып сәт.
Аудиожазба тыңдау.

Балалар жарты шеңберде отырады. Педагог балаларға су асты патшалығына саяхатқа баратындығын хабарлайды.
- Балалар, бір сәт көзімізді жұмып, су астына түсе бастайық. Су салқын. Мен түрлі - түсті балықтарды көрдім. Теңіз түбінде өсімдіктер де өседі екен, сумен шайқалып, қозғалып, билеп тұрған тәрізді. Қайтадан судың бетіне қарай жүземіз.
Балалар көзін ашады.
Педагог су түбінен не көргендері жайлы сұрап, әр баланың ойын тыңдайды.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

- Балалар, мына ғажайып суретке қараңдаршы! Суретте нелерді көріп тұрсыңдар? Суда жүзіп жүрген балықтарды.
- Балықтар қайда тіршілік етеді? Өзенде, көлде, теңізде тіршілік етеді.
- Балықтар немен қоректенеді? Балықтардың қоректік заттары алуан түрлі болады. Олар суда тіршілік ететін барлық тіршілік иелерін қорек етеді.
- Енді, балалар, балықтың дене құрылысымен танысайық. Балықтың басы, денесі, басында желбезегі, қабыршақтары, жүзбе қанаттары болады. Жүзбе қанаттары арқылы суда еркін жүзе алады, желбезегі арқылы тыныс алады, қабыршақтары сыртқы ортадан қорғайды.
- Балалар, су астындағы ғажайып әлемді көргілерін келе ме?
- Олай болса, тақтаға назар аударамыз.

2.2. Жұмбақ жасыру.
Педагог балалардың қызығушылығын арттыру мақсатында жұмбақ жасырады.
- Олай болса, жұмбақ шешіп көрейік:
Қызыл, сары түсті балықтар.
Мөлдір сулы, тасты құмды,
Әйнек үйде қалықтар.
- Ол не, балалар? Балықтың үйі – аквариум.
- Міне, қандай әр түрлі аквариумдар болады екен!

Педагог балаларға сергіту сәтін орындауды ұсынады.
- Дұрыс, аквариумда да балықтарды ұстауға болады.
- Балықтар қалай жүзеді? Балалар балықтардың қимылын көрсетеді.
- Ал сендер балық сияқты жүзуді үйренгілерін келе ме?
- Олай болса, орнымыздан тұрып, менімен бірге қайталаңдар!
Музыка ырғағымен қимылдарды көрсететі.

Жып – жылы таза суда,
Балық жүзіп ойнауда.
Біресе керіледі,
Біресе жиырылады.
Ал бірде құмға тығылады.
Сергіту сәтін 2 рет қайталауға болады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Бүгін біз не туралы әңгімелестік? Балықтар, аквариум туралы.
- Балықтар қайда тіршілік етеді? Өзенде, көлде, мұхитта.
- Балықтың үйі не екен? Аквариум.
- Аквариум неден жасалған? Шыныдан жасалған.
- Балық немен қоректенеді? Жеммен қоректенеді.
- Аквариумдағы суды неге тазалау керек? Балықтардың тіршілік етуі үшін.
- Тапсырмаларды орындау барысында қандай қиыншылықтар пайда болды?
- Табиғат бұрышындағы балықтарды күтуіміз керек, суын ауыстырып, жем беріп тұруымыз керек.
- Бүгін сендердің бірлесе жасаған әрекеттеріңнің нәтижесі – таза және ұқыпты тазаланған аквариум болып шықты.
Қараңдаршы, балықтар одан арман еркін шалқып жүзіп жүр. Сендерге ризамын!
"Еңбек түбі - береке" дегендей, сендер бүгін жақсы еңбектендіңдер!

Үй жануарларының төлдері. (Күшік).
Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды аадмның қасында тіршілік ететін күшікпен таныстыру; ересектердің көмегімен күшікке қамқорлық жасауға дағдыландыру; ақыл-ойын дамыту; баланың қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру, адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөйлеуде "үйшік", "қыңсылап" сөздерінің мағынасын ашу, "күшік", "үрді" сөздерді пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, сұхбат, түсіндіру, ойын, жаттығу, көрсету, сұрақ-жауап, әңгімелеу, бой сергіту, қорытындылау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, аудиожазба, ойыншық күшік, ертегі кейіпкерлерінің бетперделері, ертегі мазмұны бойынша суерттер, күшіктің суреттері, слайд "Сен білесің бе?", " Иттер туралы".

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қуаныш шеңбері. "Отбасының гүліміз".
Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады.

– Сәлеметсіңдер ме, балалар! Балалар, қолдарыңды бір-біріңнің иықтарына қойып, екі жаққа шайқалып көріңдерші.
Балалар қимылды орындайды.
– Қасыңда тұрған адамның иығының қолдауын сездіңдер ме?
– Әрқайсысымыз достарымыздың сенімді иығын сезіндік. Отбасында да әрбір адамға туыстары осылай сүйеу, қуат болады, бірін-бірі жақсы көреді.
Бәріміз бірге мына сөздерді айтайық:
Отбасының гүліміз,
Көңілді өтер күніміз.
«Қайырлы таң!» деп айтамыз,
Бір болып, кеште қайтамыз.
Балалар бір-бірімен, педагогпен амандасады.
Педагог балаларды табиғат бұрышында жарты шеңберге отыруды ұсынады.

1.2. Ғажайып сәт.
Аудиожазба тыңдау.

Осы кезде қыңсылаған күшіктің дауысы естіледі.

- Бір дауыс шығатын сияқты, ненің дауысы болды екен.

- Оны білу үшін мен сендерге жұмбақ жасырайын:

Адамға серік,

Күзетке берік.

-Бұл не? Ит.

- Ит қандай жануар? Үй жануары.

- Неге? Өйткені ол үйде, адамның қасында өмір сүреді.

- Иттің баласы не?

- Дұрыс, күшік.

Педагог топқа ойыншық күшікті алып келеді.

- Ой, балалар, қараңдаршы мынау кішкентай күшік қой. Анасынан адасып қалған сияқты, өзі тоңып қалыпты.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Сурет көрсету.

Педагог балалардың назарын интербелсенді тақтадағы суретке аударады.

Педагог күшікті балаларға көрсетіп, күшік туралы әңгімелеседі. Балалар күшікті кезек-кезек қолға алып сипаттайды.
- Күшіктің жүні қандай? Жұмсақ.
- Күшіктің несі бар? Аяқтары, басы, мұрны, құлақтары бар.
- Күшік немен тамақтанады? Күшік кішкене кезінде сүтпен қоректенеді, өскеннен кейін сүйекті жақсы көреді.
- Бұл кішкентай сүйкімді күшік. Қандай әдемі, жүні жұмсақ, көзі бар, мұрны, құлағы, кішкентай құйрығы бар. Өзі ала, қара мен ақ араласқан, табандарыда жұмсақ.
- Қане, балалар, бұл күшіктің атын білмейміз. Ендеше ат қоямыз. - Не болсын? Төсі ақ, Ақтөс болсын ба? Әлде табаны ақ, Ақтабан болсын ба? Балалар өз ойларын айтады.
- Балалар, бұл күшік үйінен адасып шығып кеткен, қарны ашқан болу керек, тамақтандырайық, сүт берейік. Күшігіміз сүтке тойып алды.
Балалар күшікті тамақтандырып, онымен ойнайды. Содан соң себетке отырғызады.

2.2. Көркемсөз.
Күшік туралы тақпақтар айту.
Мен күшікпін, ақ күшік,
Қырағыда, сақ күшік.
Түні бойы жатпаймын,
Қоралы малды сақтаймын.

Күшігім менің үріп тұр,
Бір нәрсені сезіп тұр.
Есікті ашып қарасам,
Атам, әжем келіп тұр.

Танауы тырналып, ісіпті,
Сонда да, қуады мысықты.
Адамның сенімді серігі,
Біл, иттің баласы - күшікті.
- Мына өлең жолдарында не туралы айтылған? Қалай ойлайсыңдар? Балалар өз ойларын білдіреді.
Педагог балалардың жауаптарын толықтырады.

2.3. Ертегі сахналау.
Педагог балалармен бірге ертегіні сахналайды. Балалар өздері келісіп, кім қандай рөлді сомдайтынын педагогқа айтады.
- Ал, енді мен сендерге күшіктің анасы иттің ерлігі туралы ертегі айтайық.

"Баяғыда кемпір мен шал өмір сүріпті. Олардың оншақты қойы болыпты. Қой бағып күндерін көреді екен. Бір күні қойға қасқыр шауыпты.Түнде келіп бір қойын жеп кетіпті. Кемпір мен шал «не істейміз» деп уайымға батыпты. Ойланып отырғанда үйдің қасынан бір ит өтіп бара жатады. Шал иттен ақыл сұрайды. Ит: «Олай болса, қойларыңды

мен күзетіп көрейін»,- дейді.
Түнде иттің ырылдаған дауысынан кемпір мен шал далаға шығады. Қараса қойларға келген қасқырды ит сезіп, үріп жатыр екен. Содан бастап қойларына қасқыр жоламайтын болыпты. Кемпір мен шал итке рахметін айтып: «Сен бізбен бірге тұр, біз саған жылы үйшік жасап берейік»,- дейді. Ит: "Жарайды, мен онда қойларың мен үйіңді күзетейін",- дейді. Ит осылай ерлік жасап, адамға дос болыпты.
- Балалар, сендерге ертегі ұнады ма?
- Ертегіде кімдер туралы айтылған? Кемпір, шал, ит, қасқыр.
- Ит адамдарға қандай көмек жасады?
- Итті неге үй жануары деп атайды?
Педагог балалардың жауаптарын толықтырады.

2.4. Сергіту сәті.
Педагог балаларға сергіту сәтін орындауды ұсынады. Балалар сергіту жаттығуының сөздерімен бірге қимылдар жасайды.

Иттер сияқты жүреміз (балалар аяқтарын жоғары көтеріп, секіреді),
Командаларды орындаймыз (тоқтайды),
Отыр - тұр, отыр - тұр (отырады, тұрады),
Шеңбер бойымен жүгіреміз (жүгіреді).
Сергіту сәтін 2 рет қайталауға болады. - Бейнежазбадан нелерді көріп тұрсыңдар?
- Ит пен күшіктер не істейді?
- Ит ашуланса, қайтеді?
- Бірдеңені сезіп қалса не істейді?
- Ит пен күшік қалай демалып жатыр? Оларға да адамдар сияқты жылы орын керек.
- Қалай ойлайсыңдар, ит пен күшікке не үшін үйшік керек?
- Иттің адамдарға қандай пайдасы бар?
- Ит - адамның досы. Ол біздің үйімізді, ауламызды күзетеді.
Балалар өз ойларын айтады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Бүгін бізге қонаққа не келді? Қонаққа күшік келді.
- Күшік ненің баласы? Иттің баласы.
- Итті неге адамның досы дейді?
- Бүгінгі оқу қызметі сендерге ұнады ма? Балалар өз ойларын айтады.
- Не ұнады?
- Көңіл-күйлерің қалай?
- Иттің адамға тигізер пайдасының орасан зор екеніне көзіміз де жетті. Сондықтан итті асырауда қамқорлық жасаңдар, ол жеті қазынаның бірі дегім келеді. Ит - адамның досы, адал серігі.
- Ит туралы мақал-мәтелдер білесіңдер ме?
Жақсы ит – малға серік.
Ит асыра сырттаннан – қой бермейді қорадан.
Иесін сыйласаң – итіне сүйек сал.
Ит адамның құлағы.
Түлкі алған итте сын жоқ.

Жер әлемі.

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды өлі табиғаттың компоненттерімен және қасиеттерімен таныстыру; тұздың өмірдегі рөлімен таныстыру; өздігінен тәжірибе жасауға деген қызығушылықтарын молайту; өз ойлары мен пікірлерін айта білуге үйрету; тіл байлығын белсендіру; экология негіздері арқылы қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөйлеуде "ащы", "тұщы","өнім", "йодталған", "қамыр" сөздерді пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, түсіндіру, көрсету, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, тәжірибелік әрекет, шығармашылық әрекет, пысықтау, үлгі ету, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, сюжеттік суреттер, тәжірибені бейнелейтін суреттер, тұздың суреттері, тұзды қамырдан дайындаған бұйымдар, шыны ыдыстар, су, тұз, дәрігерлік резин қолғап.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына қарай тұз салынған қобдишалар, шыны ыдыстар, қасықтар, шикі жұмыртқа, алжапқыштар, қалпақтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қуаныш шеңбері. "Армысың, Аспан арайлы!"
Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады.

- Балалар, қараңдаршы, бүгін күн қандай тамаша! Күн бізге жылуын шашып, жақсы көңіл-күй сыйлайды. Бір-бірімізбен, достарымызбен амандасайық! Мен сендерді көргеніме қуаныштымын!
Армысың, Аспан арайлы!
Армысың, күннің шуағы!
Қасиетті Жер ана
Бесік боп тербеп тұрады.
Армысың, жан досым! деп балалар достарымен құшақтасады.
Педагог балаларды табиғат бұрышында жарты шеңберге отыруды ұсынады.

1.2. Педагог "Ас бөлмесінің зертханасына" саяхатқа шығуды ұсынады.
- Балалар, бізді "Ас бөлмесінің зертханасына" зертханасында жұмыс жасайтын профессор шақырады.

Зертханада не істейтінімізді білу үшін жұмбақты шешіп көрейік:
Онсыз астың дәмі жоқ.
Ассыз оның мәні жоқ.

- Бұл не, балалар? Тұз.
Тұздың суретін көрсетеді.
- Тұздың түсі қандай? Тұздың түсі ақ.
- Тұз не үшін қажет? Балалар өз ойларын білдіреді.
- Бүгін біз тұздың қасиеттерімен танысамыз.

- Ертеде тұзды қамырдан дайындалған бұйымдар (ойыншықтар, адамдар, жан-жануарлар) тұмар ретінде пайдаланған. Ал, мұсылман халықтарында нәрестенің бесігіне көз тимесін, жаман күштерден қорғап тұрсын деп тұзды қамырдан пісірілген күлше нан ілінген және жастығының астына қойылған (ұйқысы тыныш болсын деп).
- Қамырды неден илейді?
- Оны білу үшін мен сендерге жұмбақтар жасырамын:
Өзі қызыл, бауырында бар
Жалғыз сызық.
Бұған жұрттың
Бәрі де ынтық. (бидай)

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Балалар, бүгінгі тәжірибелер сендерге ұнады ма?
- Неге? Балалар өз ойларын айтады.
- Қандай тәжірибе ұнады? Неге?
- Тәжірибе жасау кезінде қиыншылықтар туындады ма?
- Қандай?
- Тұз туралы не білдік? Тұз – ол тағамға қосатын, дәм беретін «ащы зат».
- Тұзды қалай өндіреді?
- Тұзды қайда пайдаланады? Тамаққа салады, тұздайды.
- Тұз пайдалы ма, әлде зиян ба? Тұз – тағам емес. Тұзды адам мүшелері қорыта алмайды, құрамында пайдалы витаминдер жоқ. Бүйрекке, көк бауырға, жүрекке, қан тамырларына, адам терілеріне орасан зор зиян келтіреді. Көп мөлшерде қабылданған тұз, жүрегіңізге у болып жабысады, нерв жүйесі тозады, сырқырама ауруға шалдығасыз.
Тұз туралы мақал-мәтел айтуды ұсынады.

Елімнің байлығы тұз.

Оқу қызметінің мақсаты

Табиғи нысандар мен құбылыстарды бақылау білігі мен дағдыларын қалыптастыру; табиғат құбылыстарындағы себеп-салдарлық байланыстарды анықтай білу; күздің ерекшеліктерін түсіндіру; сөздік қорын, зейінін дамыту; табиғаттың сұлулығын түсініп, табиғат аясындағы қарапайым мінез-құлық ережелерін сақтап, табиғатқа қамқор болуға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөйлеуде "күз", "жапырақтар", "жаңбыр", "гербарий", "салқын", "қурайды", "сарғаяды" сөздерін пайдалану

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, көркем сөз, жапырақтарды зерттеу, өздік іс-әрекет, оқу қызметін пысықтау, көрсету, қайталау, практикалық жұмыс, бақылау, рефлексия, ойын, "ассоциация" әдісі.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интерактивті тақта, аудиожазба, күз мезгілінің суреттері, бейнежазба, жаңбырдың суреті, бұлттың суреті, қолшатырдың суреті, бау-бақшаның суреті, күздің пейзажы, сарғайған жапырақтың суреті, себет.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына қарай түрлі-түсті жапырақтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қуаныш шеңбері. "Күннің нұрын көреміз".
Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады. Музыка ырғағымен балалар сөздерді бірге қайталайды.

- Балалар, ұйқыдан оянғанда даладан нені көресіңдер?
- Күнді, күннің нұрын көреміз.
- Күннің нұрын көргенде қалай қуанасыңдар?
- Алақай! - деп қуанамыз.
- Далаға шыққанда жоғарыдан нені көреміз?
- Жоғарыдан аспанды, бұлтты, күнді көреміз.
- Төменнен нені көреміз?
- Ағашты, үйді, жерді көреміз.
- Қасымызда кімдер бар?
- Достарымыз!

Балалар бір-бірімен құшақтасады.
Педагог балаларды жарты шеңберге орындықтарға отырғызады.

1.2. Жұмбақ-өлең айту.
- Балалар, мен жұмбақ - өлең оқимын, мұқият тыңдап, не туралы екенін айтып беріңдер:

Шөп сарғайып,
Өңі тайып,
Дала сұры қашады.
Бай жаза алмай,
Ойнай алмай,
Денең мұздап тоңады.
Айтыңдаршы, бөбектерім,
Бұл қай кезде болады?
Қай мезгіл, кім айтады?
- Күз мезгілі.
Педагог күзгі табиғатты тамашалауға шақырады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Бүгін біз не туралы әңгімелестік? Алтын күз туралы.
- Күздің қандай ерекшеліктерін білесіңдер? Балалардың жауаптары.
- Жапырақтар неге сарғаяды? Балалардың жауаптары.

Оқу қызметін қорытындылау ретінде "Сөйлемді жалғастыр" ойыны ойнатылады:
- Күзде жапырақтар… (сарғаяды)
- Күзде күн … (суып, жаңбыр жауады)
- Күзде құстар…(жылы жаққа ұшады)
- Күзде түн…(ұзарады)
- Күн…(қысқарады)
- Күзде жеміс-жидек… (піседі)

Алтын күз.

Оқу қызметінің мақсаты

Өсімдіктердің өсіп, дамуы және өсімдіктердің өсіп, өнуіне судың маңызы туралы түсініктерін қалыптастыру; табиғатта өзін ұстаудың қарапайым ережелері туралы білімдерін қалыптастыру; жеміс–жидектер мен көкөністер туралы түсініктерін кеңейту; қойылған сұраққа толық жауап беруге төселдіріп, сөйлеу мәдениетін дамыту; ұқыптылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

сөйлемде "бау-бақша", "жемістер", "иіс", "жер жырту", "еңбектену" сөздерін пайдалану

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, бейнежазба көрсету, көркем сөз, жеміс–жидектер мен көкөністерді зерттеу, өздік іс-әрекет, оқу қызметін пысықтау, көрсету, қайталау, практикалық жұмыс, бақылау, рефлексия, ойын

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интерактивті тақта, аудиожазба, күз мезгілінің суреттері, бейнежазба, жеміс пен көкөністердің суреттері, бау-бақшаның суреті, күздің пейзажы, себет, ағаш, шырындар

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

бала санына қарай стақандар, алжапқыштар, қалпақтар, сары, қызыл жапырақтар

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады.
Қуаныш шеңбері:
- Балалар, сендерді көргеніме өте қуаныштымын.
Бүгінгі күнімізді бір-бірімізге жылы сөз айтудан бастайықшы.
- Көңіл–күйлерін қандай?
- Ендеше, осы көңіл-күймен оқу қызметімізді бастайық.
- Балалар, біз көңілді саяхатқа шығайық. Бақшада бізді Бағбан атамыз тосып отыр.
- Саяхатқа немен барғыларын келеді? Балалар өз ойларын білдіреді.
- Мен жасырған жұмбақтың шешуін тапсаңдар, сол көлікпен саяхатқа шығамыз.
Бір керуен қатарында өңшең түйе,
Аузынан жалын шығар қара күйе,
Жүрмейді ұрса-дағы басқалары,
Бәріне жалғыз бура болған ие.
- Пойыз.

- Олай болса, пойызға отырыңдар!

Аудиожазбаны тыңдау.

2. Балалар орындықтарға отырып, өлең жолдарын қайталайды.
Қатар, қатар тұрайық,
Кәне, кәне сұрайық,
Кімнің болса бойы ұзын-
Паровозы ол пойыздың.
Ал,паровоз, баста алға
Бәрімізді басқара.
Пыш-пыш, пыш-пыш біз кеттік,
Жүрісті біз үдеттік.
Ал, кәне, балалар, тоқтайық,
Пыш – ш-ш-ш-ш,
Енді пойыздан түсейік.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог бақшаға келгендерін хабарлайды.
- Біз міне бау–бақшаға да келіп қалдық.
- Қане пойыздан түсейік.
- Балалар, сендерге бақша ұнады ма? Не ұнады? Бау - бақша қандай әдемі. Айналаның бәрі сап – сары. Жерге сары кілем төселіпті. Күзгі бау-бақшаның сұлулығын қараңдаршы, неткен әдемі, неткен ғажап.
Сол сәтте алдарынан Бағбан ата кездеседі.

Бау-бақшамыз — сәніміз!

Оқу қызметінің мақсаты

Табиғи нысандар мен құбылыстарды бақылау білігі мен дағдыларын қалыптастыру; табиғат құбылыстарындағы себеп-салдарлық байланыстарды анықтай білу; күздің ерекшеліктерін түсіндіру; сөздік қорын, зейінін дамыту; табиғаттың сұлулығын түсініп, табиғат аясындағы қарапайым мінез-құлық ережелерін сақтап, табиғатқа қамқор болуға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөйлеуде "күз", "жапырақтар", "жаңбыр", "гербарий", "салқын", "құрайды", "сарғаяды" сөздерін пайдалану

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, көркем сөз, жапырақтарды зерттеу, өздік іс-әрекет, оқу қызметін пысықтау, көрсету, қайталау, практикалық жұмыс, бақылау, рефлексия, ойын, "ассоциация" әдісі.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интерактивті тақта, аудиожазба, күз мезгілінің суреттері, бейнежазба, жаңбырдың суреті, бұлттың суреті, қолшатырдың суреті, бау-бақшаның суреті, күздің пейзажы, сарғайған жапырақтың суреті, себет.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына қарай түрлі-түсті жапырақтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қуаныш шеңбері. "Күннің нұрын көреміз".
Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады. Музыка ырғағымен балалар сөздерді бірге қайталайды.

- Балалар, ұйқыдан оянғанда даладан нені көресіңдер?
- Күнді, күннің нұрын көреміз.
- Күннің нұрын көргенде қалай қуанасыңдар?
- Алақай! - деп қуанамыз.
- Далаға шыққанда жоғарыдан нені көреміз?
- Жоғарыдан аспанды, бұлтты, күнді көреміз.
- Төменнен нені көреміз?
- Ағашты, үйді, жерді көреміз.
- Қасымызда кімдер бар?
- Достарымыз!
Балалар бір-бірімен құшақтасады.
Педагог балаларды жарты шеңберге орындықтарға отырғызады.

1.2. Жұмбақ-өлең айту.
- Балалар, мен жұмбақ - өлең оқимын, мұқият тыңдап, не туралы екенін айтып беріңдер:
Шөп сарғайып,
Өңі тайып,
Дала сұры қашады.
Бай жаза алмай,
Ойнай алмай,
Денең мұздап тоңады.
Айтыңдаршы, бөбектерім,
Бұл қай кезде болады?
Қай мезгіл, кім айтады?
- Күз мезгілі.
Педагог күзгі табиғатты тамашалауға шақырады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Бейнежазбаны көрсету.
Педагог балалардың назарын интербелсенді тақтадағы бейнежазбаға аударады.

- Күз мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады? Күн суытады. Жаңбыр жауады. Ағаштардың жапырақтары сарғайып, жерге түседі.
- Күзде балабақша ауласындағы жапырақтар, гүлдер қандай күйде болады? Жапырақтар сарғаяды.
- Күз мезгілін неге алтын күз дейміз? Айнала сап-сары болады.
- Құстар қай жаққа ұшып барады? Құстар жылы жаққа ұшады.
- Күзде жаз мезгіліндей күн ыстық болмайды, күн суытады, жаңбыр жауады, жапырақтар сарғайып жерге түсіп, құстар жылы жаққа ұша бастайды. Адамдар жылы киінеді.
2.2. Педагог балаларға "ассоциация" әдісі бойынша күзді сиппатауға ұсынады.
Тақтаға күздің пейзажы ілініп тұрады.

Керекті құралдар: төрт жыл мезгілдерінің ерекшеліктері.
Бұл әдісте берілген тақырып бойынша балаларда қандай ой туады, соның барлығы сол сөздің жан-жағына қойылады. Мысалы: жаңбырдың суреті, бұлттың суреті, қолшатырдың суреті, сарғайған жапырақтың суреті, бау-бақшаның суреті.
Әр бала өз ойын білдіреді. Дұрыс жауапты табады. Педагог балаларға қосымша сұрақтар қойып, балалардың жауаптарын толықтырады.

2.3. Ғажайып сәт.
Аудиожазбаны тыңдау.

Педагог балаларға себетті көрсетеді.
- Жел соғып, тобымызға не ұшып келді?
- Оны білу үшін мен сендерге жұмбақ жасырайын:
Ағайынды бәрі,
Шықса жасыл,
Түссе сары. Жапырақтар.
- Барлық ағаштардың түстері өзгерді ме? Жоқ, кейбіреулер әлі жасыл.
- Қай ағаш бірінші болып сарғаяды? Ең бірінші аққайың ағашы сарғаяды.
- Қай ағаштың жапырақтары әлі жасыл? Қарағай ағаштың жапырақтары әлі жасыл.
Себеттегі жапырақтарды жерге шашады.

2.4. Саусақ жаттығуы.
Жапырақтарды жинамас бұрын тұрып, саусақ жаттығуын жасауды ұсынады.

- Жапырақтар сияқты болғыларың келе ме?
Алтын сары, қызыл, көк, (саусақтарын санау)
Алуан-алуан жапырақ. (қолдарын жоғары көтеріп, дөңгелек жасау)
Күзгі бақта күлімдеп, (жүздерінде күлкі)
Көз тартады атырап. (қолдарын маңдайына сүйеп, айналып қарау)
Ой, алақай, тамаша, (аяғымен секіріп, қол шапалақтау)
Шашу шашты жапырақ. (қолдарымен шашу- шашу)
- Жерде нелер жатыр?
- Жапырақтардың түсі қандай?
- Жапырақтар неліктен көктемде шығып, күзде түседі?
Күзде өсімдік жапырақтары өзінің жарқын жасыл түсін жоғалтады. Мысалы, теректің жапырақтары алтын түске өзгерсе, үйеңкі ағашы қызыл түске бояла түседі. Жапырақтардың құрамында химиялық құбылыс пайда болады, яғни хлорофил өзгеріске ұшырайды. Күз келісімен өсімдіктер қысқа дайындығын бастайды. Қоректік заттар жапырақтардан бұтаққа, діңі мен тамырына баяу жылжиды да, қатал суыққа төтеп бере алатындай қор жинайды. Көктемнің келуімен өсімдіктер жаңа жасыл жапырақтардың пайда болуы үшін қорда жинақталған энергияны пайдаланады.
Педагог жапырақтарды жинауға ұсынады.

2.5. Көркем сөз.
Педагог балаларға күз туралы тақпақтарды айтуды ұсынады.
Мұзафар Әлімбаевтің "Күз келді" өлеңі.
Сарғайды тоғай,
Сап-сары маңай.
Соңғы әнін айтып,
Құс кетті қайтып.
Айнала жым-жырт,
Көк аспан сұрғылт.
Жер жыртқан тыңда
Трактор қырда.
Жапырақ ұшты,
Суық та түсті.
Сонда да бізге,
Қызық көп күзде.

- Ақын күзді қалай бейнелеген? Балалар өз ойларын айтады.

2.6. Жапырақтарды бақылау.
Педагог балаларды табиғат бұрышына шақырып, балаларға үйеңкі, емен, аққайын ағаштарының жапырақтарын бақылауға ұсынады.
Керекті құралдар: үйеңкі, емен, аққайын ағаштарының жапырақтары.

- Ағаштар үшін жапырақтың түсуі маңызды ма? Ағаштар қысқа дайындалады.
- Егер жапырақтар күзде түспесе, не болар еді? Жапырақтар қыста қатады, қар түскенде бұтақтарға ауыр болады, олар сынады.
- Ағаштар жапырақтың түсуімен де өліп қала ма? Жоқ, ағаштар өлмейді, қыс бойы тұрады, көктемде қайтадан бүршік жарып, жапырақ шығады.

2.7. Әңгімелесу.
Аудиожазба тыңдау.

- Балалар, бұл ненің дауысы? Жаңбырдың дауысы.
- Балалар, енді мен сендерге жұмбақ жасырайын, шеше аласыңдар ма?
Көтеріліп теңізден,
Аспанға биік барамын.
Биіктен қайта түскенде,
Өңі кірер даланың. Жаңбыр.
- Жаңбыр қайдан пайда болады? Балалар өз ойларын айтады.
- Көл, мұхит, өзен, қол сулары күн көзі жылуынан буға айналып, жаңбыр болып жауады екен. Жаңбырдың пайдасы көп. Жаңбыр көп жауса - жер көгереді, астық мол болады. Жаңбыр жауғанына байланысты қатты жауған жауынды нөсер дейді. Күн ашық тұрып жауған жаңбырды өткенші дейді. Жазда жауған жаңбыр жылы жаңбыр. Суық күндері күзде жауатын жаңбырды салқын жаңбыр дейді. Жауын жауғанда аспанда найзағай ойнайды.

2.8. Нүктелі уқалау.
Педагог балаларды шеңберге шақырады.
- Балалар, бір-бірімізге нүктелі уқалау жасайық. Денеміз сау, бұлшық еттеріміз мықты болу үшін жасаймыз.

Жел соқты, жел қатты-қатты соқты,
Жаңбыр жауды, жаңбыр қатты-қатты жауды,
Күн шықты, күн шықты,
Жел тына қалды.
Балалар 2 рет қайталайды.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Бүгін біз не туралы әңгімелестік? Алтын күз туралы.
- Күздің қандай ерекшеліктерін білесіңдер? Балалардың жауаптары.
- Жапырақтар неге сарғаяды? Балалардың жауаптары.
Оқу қызметін қорытындылау ретінде "Сөйлемді жалғастыр" ойыны ойнатылады:
- Күзде жапырақтар… (сарғаяды)
- Күзде күн … (суып, жаңбыр жауады)
- Күзде құстар…(жылы жаққа ұшады)
- Күзде түн…(ұзарады)
- Күн…(қысқарады)
- Күзде жеміс-жидек… (піседі)

Рефлексия "Қызыл және сары жапырақтар".
- Бүгінгі оқу қызметінде көңіл-күйлерін жақсы болса, сары жапырақты таңдап, ағашқа іліңдер. Егер көңіл-күйлерін болмаса, қызыл жапырақты таңдап, ағашқа іліңдер.

Ас атасы – нан

Оқу қызметінің мақсаты

Дән тұқымымен таныстыру, бидайдан нан жасалатынын айта отырып, дастарханға жеткенге дейінгі еңбек мазмұнымен, қолданылатын техникалардың аттарымен таныстыру; балалардың ақыл-ой белсенділігін арттыру; өлең, нақыл сөз, мақал - мәтел арқылы тіл байлығын дамыту; нанды қадірлеуге, қастерлеуге, еңбекке деген құрмет сезімдеріне тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөйлемде "диқан","наубайшы", "наубайхана", "комбайншы", "диірмен", "қырман", "арпа", "жүгері", "күріш", "бидай", "қара бидай", "тары", "сұлы" сөздерін пайдалану

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, бейнежазба көрсету, көркем сөз, түсіндіру, сергіту, ойын, әңгімелеу, сұрақ-жауап, өздік іс-әрекет, оқу қызметін пысықтау, көрсету, қайталау, практикалық жұмыс, бақылау, рефлексия

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

«Нан қайдан келеді?» сериялық суреттер, аудиожазба, бейнежазба, нан түрлерінің суреттері және піскен нан, ұн, масақ, смайликтер, нан өнімдері.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына қарай масақ.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қуаныш шеңбері. "Арайлап таң атты!"
Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады.

Арайлап таң атты!
Алтын сәуле таратты!
Жарқырайды күніміз!
Жарқырайды даламыз!
Қайырлы таң бақшамыз!
Қайырлы таң, достарым!
- Балалар, көңіл-күйлерің қалай?
- Олай болса, көңілді болғанда не істейсіңдер?
- Қол шапалақтаймыз!
- Ренжігенде, қабақ түйеміз. (балалар қабақтарын түйеді)
- Қорыққанда көзімізді жұмамыз (балалар көздерін жұмады)
- Қуанғанда, күлеміз.
- Ендеше, балалар, көңіл-күйлеріңді алдарыңдағы смайлик арқылы көрсетіңдер.
Педагог балаларға жарты шеңберге орындықтарға отыруды ұсынады.

1.2. Ғажайып сәт**.**
Педагог балалардың назарын әдемі дорбаға аударады.

- Балалар, қалай ойлайсыңдар, дорбаның ішінде не бар?
- Оны білу үшін жұмбақты тыңдап көрейік:

Ұзын мұртты сарылар,
Қойынында дәні бар.
- Бұл не? Бидай масақтары.
Педагог масақтарды балаларға ұсынады.
- Балалар, бидай масақтарын бір–бірімізге беру арқылы жылы лебіздерімізді білдірейік.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог балаларды жартылай шеңберге отыруды ұсынады.
- Бүгін, балалар, нан біздің дастарқанымызға қалай келеді? - деген сұраққа жауап іздеп көрейік.
- Балалар, айтыңдаршы күнделікті біздің дастарқанымызда қасиетті, қадірлі қандай тағам тұрады?
- Жұмбақтың шешуін табыңдар:
Асты тас, үсті тас,
Ортасында піскен ас.
- Бұл не? Нан.
- Олай болса, нанның дастарханға қалай келетінін бейнежазбадан тамашалайық.
Бейнежазба көрсету.
Педагог балалардың назарын интерактивті тақтаға аударады.

Балалар қызыға көріп, мультфильмді талқылайды.
- Балалар, көрдіңдер ме кейбір балалар нанмен ойнайды. Нанды тойғанынша жеп, қалғанын лақтырып тастайды. Бұл дұрыс емес. Нанды қадірлеуіміз керек.Нан дастарқанға келгенше қаншама адам еңбек етеді. Мұның бәрі – адам еңбегі.
- Бидай неден өсіп шығады? Дәннен шығады.
- Бидайды немен жинайды? Комбайынмен жинайды.
- Күзде дайын болған өнімді қалай атайды? Бидай.
- Бидайдан шыққан ұнды қайда әкеледі? Наубайханаға..
- Егін өсірушілердің мамандықтарын атаңдар. Диқаншы, комбайыншы, наубайханашы.

2.2. "Мақал-мәтелді жалғастыр" сөздік ойыны.
Педагог балаларға ойын ойнауды ұсынады.
- Тойдың сәні әнменен демекші, ендігі кезекте нан туралы мақал-мәтелді жалғастырыңдар:
1. Қоныс көркі – там,
Дастархан көркі – ... .

2. Дастарханында наны жоқтың
Тамағының .... жоқ.

3. Нан болса, .. болады.

4. Тістем нанның қадірін,
Тарыққанда ..... .
5. Нан қиқымын шашпаңдар,
Жерде жатса ..... .

6. Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның ..... .
7. Жалқаудың жаны тәтті, еңбектің наны .....
8. Ас адамның .....
9. Ас атасы – .....
- Жарайсыңдар, балалар! Нан туралы мақал-мәтелдерді жақсы білесіңдер екен.

2.3. Дәнді дақылдарды бақылау.
Педагог демонстрациялық материалмен жұмыс істеуді ұсынады. Балалар дәнді дақылдарды қолдарымен ұстап сипаттайды.

- Балалар, бәріміз үстел жанына жақындап тұрайық, не көріп тұрсыңдар? Арпа, жүгері, күріш, бидай, қара бидай, тары, сұлы.
- Бұларды бір сөзбен қалай атаймыз? Дәнді дақылдар.
- Дәнді дақылдардың ішінде қайсы түрінен бидай тартылып, нан пісіріледі? Бидай, қарабидай
- Қазіргі уақытта бұл дәнді дақылдардың ішінен бидай мен қара бидайды нан пісіруге көп қолданады.
Бейнежазба көрсету.
Педагог балалардың назарын интерактивті тақтаға аударады, наубайшының еңбегі туралы бейнежазбаны көрсетеді.

- Сендердің аналарың үйлеріңде ұннан тағы не пісіреді? Бауырсақ, шелпек, тоқаш.

2.4. "Бауырсақ" өлеңі бойынша сахналау..
Балалар өздері келісіп, рөлдерді бөліп алады.
Дастарханда шашылып,
Жатты қызыл бауырсақ.
Бауырсаққа қызығып
Қарап тұрып көзін сап:
Қайдан келдің, бауырсақ? – деп сұрады Қуыршақ.
Дүкеннен келдім нан сатқан.
Дүкеннен келдің қай жақтан?
Наубайдан келдім ұн жапқан.
Наубайға келдің қай жақтан?
Диірменнен келдім ұн жапқан.
Диірменге келдің қай жақтан?
Даладан келдім кең жатқан,
Жер анам менің көсілген.
Диқандар мені өсірген.
Педагог өлеңнің сапалы орындалуына көңіл аударады.

2.5. Сергіту сәті.
Педагог сергіту сәтін орындауды ұсынады.

Көлбең, көлбең, көлеңкем,
Көлбеңдеген көлеңкем.
Тасып піскен бидайды.
Айтшы қалай жинайды?
Комбайынмен бидайды,
Былай, былай жинайды.
Қаптап ұшқан торғайдан,
Оны қалай қорғайды?
Қаптап ұшқан торғайдан,
Оны былай қорғайды.
Кіш, кіш, кіш...
Қорғап қалған бидайды,
Қамбаға әкеп жинайды.

2.6. Бидай масағын бақылау.
Балалар қолдарына масақтарды алып, педагогтың сұрақтарына жауап береді.

- Балалар, мынау бидай масағы, қәне оны бәріміз ұстап көрейік. Масақтың бойында моншақтай тізілген сары бидай дәндері орналасқан және олардың арасынан мұртшалары шығып тұр. Түсі сары.
- Оны иіскеп көрейікші, не сездіңдер? Оның исі жоқ.
- Алақанымызбен сипап көрейік. Оның мұртшалары алақанымызға батады.
- Мынау бидай масағының бойындағы дәндері, оны алақанымызға салып ұстап көрейік.
- Ол қандай? Ол қатты.

- Исі бар ма? Исі жоқ, түсі қоңыр.
- Оны уатқышқа (кофемолка) салып көрейік.
- Не шықты? Түсі қандай? Исі бар ма?
- Дұрыс айтасыңдар, ұнның түсі ақ, исі жоқ, жұмсақ.
- Бидайдан алынған ұн үш түрлі болады.
1. Жоғары және бірінші сапалы ұндардың түстері ақ, ол ұндардан әр түрлі тәтті тоқаштар, дәмді нандар пісіріледі.

2. Ал екінші сапалы ұнның түсі кішкене қоңырлау болады, одан қара нан пісіреді, оның бойында көп дәрумендер бар, ол адам денсаулығына өте пайдалы.

3.Ал төменгі сапалы - кебек, онымен малды жемдейді; қазіргі уақытта одан да нан өнімдерін пісіретін болған.

Педагог балалардың жауаптарын толықтырып отырады.

2.7. Көркем сөз.
Педагог нан, бидай туралы өлеңдерді айтуды ұсынады.
Өтебай Тұрманжановтың "Нан қиқымын шашпаңдар" өлеңі.
Нан – ардақты адал ас
Кәрі, жас одан аттамас.
Ақ дастархан үстінде,
Қол жумай оны ұстамас.
Нандай жоқ қой асыл дәм,
Жеп үйренген жасыңнан.
Дастарханнан нан кетсе,
Береке кетер асыңнан.
Ей, балалар, балалар,
Болмаңдар, сірә, нанға тар.
Өмірдің алтын арқауы -
Нан қиқымын шашпаңдар,
Теріп алып, қастерлеп.
Торғайларға тастаңдар.
- Мына өлең жолдарында не туралы айтылған? Қалай ойлайсыңдар? Балалар өз ойларын білдіреді.
Педагог балалардың жауаптарын толықтырады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Не туралы әңгімелестік? Нан туралы.
- Нан қайдан келеді екен?
- Нанды қайдан алады?
- Ұнды кімдер дайындайды?
- Диірменнен шыққан ұнды қайда әкеледі?
- «Ас атасы - нан, нан атасы – дән» деген екен дана халқымыз.Сол дәннен бастап нан болғанға дейін қаншама адам маңдай терін төгеді. Ендеше, сол зор еңбекпен келген нанды қастерлеуіміз керек. Нанда аяқ асты етпей, ысырап қылмауымыз керек. Алдыңызға келген нанды таусып жеп, оның қоқысқа кетуіне жол бермеуіміз керек.
- Сонымен, «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», деп нан бізге үлкен еңбекпен келеді екен.

Жыл құстары

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға құстар туралы білім беру, құстардың адам өміріндегі пайдасы туралы түсініктерін кеңейту; құстар туралы тақпақтар мен жұмбақ шешу арқылы балалардың тілдік қорын жетілдіру; табиғатқа деген сүйіспеншілікке, қамқорлық қатынасқа, табиғатты сақтауға жауапкершілік сезімдерін тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөйлемде "жыл құстары", "сыбдырлап", "қызғылт-сары жапырақтар", "қауырсын" сөздерін пайдалану

Әдіс-тәсілдер

Көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, құстарды салыстыру, аудиожазбаны тыңдау, көркем сөз, сергіту, ойын, әңгімелеу, өздік іс-әрекет, оқу қызметін пысықтау, көрсету, қайталау, практикалық жұмыс, бақылау, рефлексия

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интерактивті тақта, аудиожазба, сиқырлы сандық, күз мезгілінің суреті, құстың қауырсыны, слайд «Жыл құстары», суреттер, әр түрлі құстардың суреттері.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына қарай құстардың бейнесі.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қуаныш шеңбер. "Табиғат біздің анамыз".
Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады.
Аудиожазба тыңдау.

Табиғат біздің анамыз,
Табиғатқа баламыз.
Иіліп сәлем береміз,
Біз әдепті баламыз.
Күлімде, күн күлімде,
Жер жасарып жайнасын.
Кешегідей бүгін де ,
Қанат қақсын көгершін.
Педагог балаларға жарты шеңберге орындықтарға отыруды ұсынады.

1.2. Ғажайып сәт.
Педагогтың қолында әдемі сандық болады.

- Балалар, қараңдаршы, бұл не?
- Балалар, бұл жай сандық емес, сиқырлы сандық. Ішінде не бар деп ойлайсындар? Балалардың жауаптары.
- Балалар, бізге сандықты ашу үшін мына жұмбақтың жауабын табу керек.
Жұмбақ жасыру.
Бұлттар төніп, жерге төгіліп,
Дымқыл тұман басады.
Шөп сарғайып, өңі тайып,
Дала нұры қашады.
Ойнай алмай,
Денең мұздап тоңады.
Бөбектерім, айтыңдаршы,
Бұл қай кезде болады?
- Күз мезгілінде.
- Дұрыс, балалар!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Сурет бойынша күз мезгілі туралы әңгімелесу. Балалардың назарын интерактивті тақтаға аударады.

- Мына суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген?
- Неліктен күз мезгілі деп ойлайсыңдар?
- Күзде қандай өзгерістер болады?
- Құстар қайда ұшты?
- Олар неге жылы жаққа ұшады?
- Құстардың күзде жылы жаққа ұшуының басты себебі – тамақ табу. Яғни, қыста тамақ табу қиын болғандықтан, жылы жаққа барып азықтануға тура келеді. Сондықтан ең алдымен құрт-құмырсқа, шыбын-шіркеймен қоректенетін құстар жолға шығады. Ал дәнді-дақылмен қоректенетіндері, көбінесе, «үйде қалады». Қарағай мен шыршаның дәнектерін жесе де, аш қалмайды. Орта Азиядағы, оның ішінде, Қазақстандағы құстардың көбі Оңтүстік-шығыс Азияға, тропикалық ормандарға қарай ұшып кетеді.
- Олай болса, сандықты ашайық. Ішінде не бар екен?

2.2. Аудиожазба тыңдау.

Педагог сандықты ашқанда, ішінен құстың қауырсыны шығады.
"Сұрақ-жауап" әдісі:
- Балалар, бұл не? Қауырсын.
- Қауырсын нелерде болады? Дұрыс айтасыңдар, құстарда.
- Құстар нешеге бөлінеді? Жыл құстары және қыстайтын құстар.
- Жылы жаққа ұшып кететін құстар қалай аталады? Жыл құстары.
- Жыл құстарын кім атап береді? Көкек, қарлығаш, ұзақ, тырна, аққу.
- Ал бізде қалатын құстар қалай аталады? Қыстайтын құстар.
- Біз құстарға қандай қамқорлық жасаймыз? Жемшашар жасап, ағашқа іліп қоюымыз керек. Жемшашарға құстарға арнап, тағам қалдықтарын тастау керек.
- Дұрыс балалар, құстар біздің досымыз, олар табиғатты қорғайды. Табиғатқа көрік береді. Құстарды қорғау керек.
- Балалар, біз бүгін күзде ұшып кететін құстар туралы айтамыз. Күзде жылы жаққа ұшып кететін құстарды "жыл

құстары" деп айтамыз.

2.3. "Жыл құстары" тақырыбында презентация көрсету.
Педагог балалардың назарын интербелсенді тақтадағы аударады.
Балалар өздеріне таныс құстарды таңдап алады. Құстарды сипаттайды.

Ұзақ - көктемде алғаш ұшып келетін құс. Бұл құсты көктем жаршысы дейміз.

Көкек - бұл өз атын шақыратын құс. Өзінің жұмыртқасын басқаға салып кетеді. Балапанын басқа құстар басып шығарады. Көкек улы құрттарды жейді.

Қарлығаш - қасиетті құс. Оған жамандық жасауға болмайды. Қарлығаш адамның досы. Бұл құстың ерекшелігі - ол жемін ауада ұшып жүріп қағып алып жейді.

Тырна - бұл құстың аяғы ұзын болып келеді. Тырналар үшбұрыштанып ұшады. Тырна келген соң жер жыртуға болады дейді ауыл адамдары.

Аққу - бұл киелі құс. Аққу көлде жүзеді. Аққу өте әдемі құс. Аққу тек екеу болып жүреді. «Аққуды атуға болмайды» деген мақал бар.
- Жарайсыңдар, балалар! Жыл құстары туралы қызықты мәлімет бердіңдер.

2.4. Сергіту сәті.
Педагог балаларға құстарға айналып, сергіп алуды ұсынады. Балалар құстардың қимылын көрсетеді.

Орнымыздан тұрамыз,
Екі қолды созамыз.
Құс қанатын қағамыз,
Бір отырып, бір тұрып,
Орнымызды табамыз.
Балалар 2 рет қайталайды.

2.5. Аудиожазба тыңдау.
Прослушивание аудиозаписи "Голоса птиц".

- Балалар, бұл ненің дауысы болды екен? Құстардың, тырналардың, қаздардың дауысы.
- Құстардың дауысы әр түрлі болады екен. Олар түрлеріне қарай әр түрлі сайрайды.
- Мен сендерге осы құстардың сайрауы туралы бір әңгіме айтып берейін. Сендер жақсылап тыңдаңдар.
- Әке құстар ана құстарға ән айтып береді екен.

- Құстардың да ата-аналары болады.

- Қауіп төнген кезде аналары шырылдап балапандарына ескертеді екен. Ал балапандары өздерінің тамақ жегісі келетінін шиқылдап аналарына білдіреді.

- Құстар құрт-құмырсқаға таласқанда айқайлап, шулап кетеді. Басқа дыбыстарды естіген құстар топталып жиналып, жат құстарды өздеріне тиіскізбей қуады.
- Міне, балалар, құстардың осындай керемет қасиеттері бар екен.

2.6. Қауырсынды бақылау.

Педагог балаларды табиғат бұрышына баруды ұсынады. Алдын ала бала санына қарай құстардың қауырсыны дайындалады.

- Балалар, жел соқса, қауырсындарға не болады? Қауырсын ұшады.
- Неге? Өйткені олар жеңіл.
- Енді бәріміз желге айналамыз. Алдымызда тұрған әр түрлі заттар мен қауырсындарға қатты үрлейміз.
- Нені байқадыңдар?
- Қауырсындарға не болды?
- Қауырсындар неге ұшады?
- Қорытынды: құстың денесін жабатын қауырсындар өте жеңіл. Содықтан құстар ұша алады.

Педагог балалардың арасынан жауапты кезекшілерді тағайындайды. Олар табиғат бұрышын ретке келтіреді.

2.7. "Құстарды топтастыру" қимылды ойыны.

Педагог балаларды қимылды ойын ойнауға шақырады.

Керекті құралдар: қыстайтын құстар мен жыл құстарының бейнесі (басқа киетін маскалар немесе қалташаларға суреттер).

Барысы:

- Балалар, алдарында қыстайтын құстар мен жыл құстарының бейнесі (басқа киетін маскалар).
- Музыка қосылған кезде өздеріне ұнаған масканы таңдап киіңдер. Содан кейін қыстап қалатын құстар жемсауыттың жанына орналасыңдар. Ал жылы жаққа ұшатын жыл құстары ағаштың жанына орналасыңдар.
- Балалар, сендерге ойын ұнады ма?
- Балалар, құстардың аттарын кезек-кезек атаңдар.

Ойын 2 рет ойналады.

2.8. Көркем сөз.

Педагог Серікбай Оспановтың "Құстар, қайтып келіңдер" өлеңін оқиды.

Қимас әнге салады,
Құстар қайтып барады.
«Қош болыңдар!» дегендей,
Қанаттарын қағады.
Сау-саламат болыңдар,

Жылы жаққа барыңдар.
Жылы ұяға қоныңдар,
Бейбіт құсқа орын бар.
Бізде туып едіңдер,
Әлі де өсіп-өніңдер.
Туған жерге не жетер,
Құстар, қайтып келіңдер!
- Мына өлең жолдарында не туралы айтылған? Балалар өз ойларын білдіреді. Педагог балалардың жауаптарын толықтырады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Оқу қызметі не туралы болды? Құстар туралы.
- Не істеу ұнады?
- Балалар, жыл құстары деп қандай құстарды атаймыз? Жылы жаққа ұшатын құстарды.
- Жыл құстарына қандай құстар жатады? Көкек, қарлығаш, тырна.
- Қауырсын деген не?
- Құстарға жемді қалай береміз? Бізде дайын жемсауытты бар, серуен кезінде оны ағашқа іліп, құстарға жем береміз.
- Құстар туралы тыйым сөздерді қайталайық:
Құстың ұясын бұзба.
Құсқа тас лақтырма.
Құстың жұмыртқасын жарма.
- Балалар, құстарды қорғайтын сендерсіңдер. Ел байлығы - жер байлығы. Осы байлығымызды аялайық.

Саңырауқұлақтар құпиясы

Оқу қызметінің мақсаты

Саңырауқұлақтардың табиғаттағы және адам өміріндегі маңызы туралы түсінік беру, улы саңырауқұлақтардың адам өміріне қауіпті екендігі туралы түсінік беру, балалардың күз туралы білімін қалыптастыру; күзгі табиғат ерекшеліктерін еске алу; балалардың есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту; табиғат әлеміне қамқорлықты, эмоционалды-жағымды қатынасты қалыптастыру.

Сөздік жұмыс

Сөйлеуде "күз", "жапырақтар", "жаңбыр", "саңырауқұлақтар", "ақ саңырауқұлақ", "боз арамқұлақ", "жомарт", "улы" сөздерін пайдалану

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, көркем сөз, оқу қызметін пысықтау, көрсету, қайталау, бақылау, ойын, түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, мадақтау, қорытындылау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интерактивті тақта, аудиожазба, күз мезгілінің суреттері, бейнежазба, себет, ақ саңырауқұлақ және боз арамқұлақтың суреттері.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына қарай саңырауқұлақтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қуаныш шеңбері. "Ағаш, бұта, жасыл шөп!"
Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады.

Ағаш, бұта, жасыл шөп!
Жайқалып өскен гүлдер көп!
Рахмет саған, қайырымды жер!
Бізге берген таза ауа көлеңкені
Жапырақ жидек пен жемістер!
Рахмет саған, ғажайып өсімдіктер!
Жапырақты жұлмаймыз!
Бұтақты біз сындырмаймыз,
Су құямыз, қараймыз!
Аялаймыз қорғаймыз!
Балалар бір-бірімен құшақтасады.
Педагог балаларды жарты шеңберге орындықтарға отырғызады.

1.2. Сурет бойынша жұмыс.
Педагог балалардың назарын интербелсенді тақтадағa аударады.

- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Күз мезгілі.
- Күз мезгілінде қандай өзгерістер болады? Балалардың жауаптары.
- Күзді неге "жомарт күз" дейді? Күзде жеміс- жидектер, көкөністер, бақша дақылдары, егістіктегі астық пісіп, қамбаларға жиналады. Сондықтан адамдар күзді «жомарт», «алтын» деп атайды. «Жомарт» сөзі молшылықты, дархандықты, мырзалықты білдіреді. Күз - жылдың берекелі мерзімі.
Жемісі мол теретін,
Күз дос екен бізбенен.
Бәрін тауып беретін
Жомарт екен күз деген.
Педагог балалардың жауаптарын толықтырады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ғажайып сәт:
Топқа тиін кіреді.

- Сәлеметсіңдер ме, балалар!
Мен кіммін?
Мен тиінмін тиінмін,
Қысқа жылы киіндім.
Қоймам толы жаңғаққа,
Іші жылы үйімнің.
- Мен орманда мекендеймін. Мен кешегі жаңбырдан кейін саңырауқұлақты жинай алмай қалдым, себебі суық тиіп, ауырып қалдым. Бүгін ормандағы саңырауқұлақтарды жинап алайын десем, саңырауқұлақтар жоқ. Маған көмектесесіздер ме?
Балалар көмектесуге келіседі.

2.2. Педагог балаларға тапсырмаларды ұсынады.

- Ормандағы саңырауқұлақтарды жинау үшін тапсырмаларды орындау керек.
Бірінші тапсырма "Саңырауқұлақ туралы жұмбақтар айт"
Балалар бір-біріне жұмбақ жасырады:
Бір аяғы, қалқиған қалпағы бар.
Ағаш түбінде тұрағы бар.
- Бұл не, балалар? Саңырауқұлақ.

Тіреумен тіреп ақырын,
Көтеріп тұр шатырын.
- Бұл не, балалар? Саңырауқұлақ.

2.3. Бейнежазба көрсету.
- Саңырауқұлақтар қайда өседі? Орманда өседі.
- Саңырауқұлақтарды қалай жинау керек?
- Олай болса, бейнежазбадан саңырауқұлақтарды қалай теру керек екенін біліп алайық.
Педагог балалардың назарын бейнежазбаға аударады.

Педагог балаларға келесі тапсырманы ұсынады.
Екінші тапсырма "Саңырауқұлақтардың түрлерін ата"
-Саңырауқұлақтар жеуге жарамды және жеуге жарамсыз - улы болып бөлінеді.
- Жеуге жарамсыз саңырауқұлақтарды неге жеуге болмайды? Өйткені олар улы.

- Саңырауқұлақтардың түрлері өте көп. Саңырауқұлақтарды тергенде жеуге жарамдысын улы түрінен ажырата білу керек. Біз бүгін саңырауқұлақтың екі түрімен танысамыз. Бұлар - ақ саңырауқұлақ және боз арамқұлақ. Ақ саңырауқұлақ қылқан жапырақты және аралас орманда өседі. Өсімдіктер мен жануарлардың қалдықтары топырақта жата берсе, әртүрлі жұқпалы аурулар тудырады. Боз арамқұлақтың қалпақшасының астыңғы жағы ақшыл жасыл түсті. Бұл улы саңырауқұлақ, сол себепті мұндай арамқұлақты жеуге болмайды. Боз саңырауқұлақ кейбіреуі жеуге жарамды саңырауқұлақтарға ұқсайды. Оларды айыру қиын. Сондықтан саңырауқұлақтарды жинаған кезде абай болу керек.

2.4. Сергіту жаттығуы.
Педагог балаларға Тиінмен бірге сергіп алуды ұсынады.

Орманда тиін келеді,
Саңырауқұлақ тереді.
Кездесті, міне, керегі,
Екеуі қайың астынан,
Біреуі терек астынан,
Қанша болды есепте,
Сал тоқылған себетке.
- Жарайсыңдар, балалар!

2.5. Үшінші тапсырма "Саңырауқұлақтар туралы тақпақ айт"
Педагог балаларға келесі тапсырманы ұсынады.

Саңырауқұлақ, саңырауқұлақ.
Басында қалпағы бар.
Ормандағы жәндіктерге
Жауын жауса пана болар.
Саңырауқұлақ болайық,
Тізе бүгіп отырайық.
Жаңбыр жауса көтеріліп,
Өсіп-өсіп алайық.
Шынашағым, орманға бар!
Шылдыр шүмек, саңырауқұлақ тап!
Ортан терек, тазалап ал!
Балаң үйрек, қуыра сал!

Бас бармағым, барлығын жеп,
Өсіп қапсың толып.
- Мына өлең жолдарында не туралы айтылған? Қалай ойлайсыңдар?
Балалар өз ойларын білдіреді. Педагог балалардың жауаптарын толықтырады.

2.6. Төртінші тапсырма "Саңырауқұлақ терміз"
Педагог балаларға келесі тапсырманы ұсынады.
Керекті құралдар: себет, саңырауқұлақтар.

Барысы:
Педагог балаларды топтың ортасына шақырады. Балалар шеңбер бойымен, музыка әуенімен көңілді билейді. Музыка тоқтаған кезде жердегі саңырауқұлақтарды тиіннің себетіне жинайды.
- Балалар, Тиін сендерге риза. Енді қыстың суық күндерінен қорықпайтын болады. Азығын толтырып алды.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Балалар, бізге бүгін не келді қонаққа? Тиін келді.
- Тиінге біз қалай көмектестік? Саңырауқұлақтар жинап бердік.
- Саңырауқұлақтар нешеге бөлінеді? Екіге бөлінеді?
- Саңырауқұлақтың қандай түрлері бар? Жеуге жарамды, улы саңырауқұлақтар.
- Саңырауқұлақ қайда өседі? Орманда өседі.
- Саңырауқұлақты не үшін пайдаланады? Жеу үшін. пайдаланамыз.
Тиін:
- Балалар, сіздерге көп-көп рахмет! Өркендеріңіз өссін, енді мен сендер берген тәтті саңырауқұлақ арқылы көп күш–қуат жинайтын болдым.
Табиғаттың арайлансын ажары,
Болмаса екен тартар оның азабы.
Табиғатқа тазалықты тарту ет,
Тарқамасын аң мен құстың базары.
- Табиғат-ананы қолымыздан келгенше аялап сақтасақ, болашағымыздың үлкен келешегі деп түсініп, бүгінгі оқу қызметімізді аяқтайық.

Желдің күші

Оқу қызметінің мақсаты.

Саңырауқұлақтардың табиғаттағы және адам өміріндегі маңызы туралы түсінік беру, улы саңырауқұлақтардың адам өміріне қауіпті екендігі туралы түсінік беру, балалардың күз туралы білімін қалыптастыру; күзгі табиғат ерекшеліктерін еске алу; балалардың есте сақтау, ойлау қабілетін дамыту; табиғат әлеміне қамқорлықты, эмоционалды-жағымды қатынасты қалыптастыру.

Сөздік жұмыс

Сөйлеуде "күз", "жапырақтар", "жаңбыр", "саңырауқұлақтар", "ақ саңырауқұлақ", "боз арамқұлақ", "жомарт", "улы" сөздерін пайдалану

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, көркем сөз, оқу қызметін пысықтау, көрсету, қайталау, бақылау, ойын, түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, мадақтау, қорытындылау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интерактивті тақта, аудиожазба, күз мезгілінің суреттері, бейнежазба, себет, ақ саңырауқұлақ және боз арамқұлақтың суреттері.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына қарай саңырауқұлақтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қуаныш шеңбері. "Ағаш, бұта, жасыл шөп!"
Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады.

Ағаш, бұта, жасыл шөп!
Жайқалып өскен гүлдер көп!
Рахмет саған, қайырымды жер!
Бізге берген таза ауа көлеңкені
Жапырақ жидек пен жемістер!
Рахмет саған, ғажайып өсімдіктер!
Жапырақты жұлмаймыз!
Бұтақты біз сындырмаймыз,
Су құямыз, қараймыз!
Аялаймыз қорғаймыз!
Балалар бір-бірімен құшақтасады.
Педагог балаларды жарты шеңберге орындықтарға отырғызады.

1.2. Сурет бойынша жұмыс.
Педагог балалардың назарын интербелсенді тақтадаға аударады.

- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Күз мезгілі.
- Күз мезгілінде қандай өзгерістер болады? Балалардың жауаптары.
- Күзді неге "жомарт күз" дейді? Күзде жеміс- жидектер, көкөністер, бақша дақылдары, егістіктегі астық пісіп, қамбаларға жиналады. Сондықтан адамдар күзді «жомарт», «алтын» деп атайды. «Жомарт» сөзі молшылықты, дархандықты, мырзалықты білдіреді. Күз - жылдың берекелі мерзімі.
Жемісі мол теретін,
Күз дос екен бізбенен.
Бәрін тауып беретін
Жомарт екен күз деген.
Педагог балалардың жауаптарын толықтырады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ғажайып сәт:
Топқа тиін кіреді.

- Сәлеметсіңдер ме, балалар!
Мен кіммін?
Мен тиінмін тиінмін,
Қысқа жылы киіндім.
Қоймам толы жаңғаққа,
Іші жылы үйімнің.
- Мен орманда мекендеймін. Мен кешегі жаңбырдан кейін саңырауқұлақты жинай алмай қалдым, себебі суық тиіп, ауырып қалдым. Бүгін ормандағы саңырауқұлақтарды жинап алайын десем, саңырауқұлақтар жоқ. Маған көмектесесіздер ме?
Балалар көмектесуге келіседі.

2.2. Педагог балаларға тапсырмаларды ұсынады.
- Ормандағы саңырауқұлақтарды жинау үшін тапсырмаларды орындау керек.
Бірінші тапсырма "Саңырауқұлақ туралы жұмбақтар айт"
Балалар бір-біріне жұмбақ жасырады:
Бір аяғы, қалқиған қалпағы бар.
Ағаш түбінде тұрағы бар.
- Бұл не, балалар? Саңырауқұлақ.

Тіреумен тіреп ақырын,
Көтеріп тұр шатырын.
- Бұл не, балалар? Саңырауқұлақ.

2.3. Бейнежазба көрсету.
- Саңырауқұлақтар қайда өседі? Орманда өседі.
- Саңырауқұлақтарды қалай жинау керек?
- Олай болса, бейнежазбадан саңырауқұлақтарды қалай теру керек екенін біліп алайық.
Педагог балалардың назарын бейнежазбаға аударады.

Педагог балаларға келесі тапсырманы ұсынады.
Екінші тапсырма "Саңырауқұлақтардың түрлерін ата"
-Саңырауқұлақтар жеуге жарамды және жеуге жарамсыз - улы болып бөлінеді.
- Жеуге жарамсыз саңырауқұлақтарды неге жеуге болмайды? Өйткені олар улы.

- Саңырауқұлақтардың түрлері өте көп. Саңырауқұлақтарды тергенде жеуге жарамдысын улы түрінен ажырата білу керек. Біз бүгін саңырауқұлақтың екі түрімен танысамыз. Бұлар - ақ саңырауқұлақ және боз арамқұлақ. Ақ саңырауқұлақ қылқан жапырақты және аралас орманда өседі. Өсімдіктер мен жануарлардың қалдықтары топырақта жата берсе, әртүрлі жұқпалы аурулар тудырады. Боз арамқұлақтың қалпақшасының астыңғы жағы ақшыл жасыл түсті. Бұл улы саңырауқұлақ, сол себепті мұндай арамқұлақты жеуге болмайды. Боз саңырауқұлақ кейбіреуі жеуге жарамды саңырауқұлақтарға ұқсайды. Оларды айыру қиын. Сондықтан саңырауқұлақтарды жинаған кезде абай болу керек.

2.4. Сергіту жаттығуы.
Педагог балаларға Тиінмен бірге сергіп алуды ұсынады.

Орманда тиін келеді,
Саңырауқұлақ тереді.
Кездесті, міне, керегі,
Екеуі қайың астынан,
Біреуі терек астынан,
Қанша болды есепте,
Сал тоқылған себетке.
- Жарайсыңдар, балалар!

2.5. Үшінші тапсырма "Саңырауқұлақтар туралы тақпақ айт"
Педагог балаларға келесі тапсырманы ұсынады.

Саңырауқұлақ, саңырауқұлақ.
Басында қалпағы бар.
Ормандағы жәндіктерге
Жауын жауса пана болар.
Саңырауқұлақ болайық,
Тізе бүгіп отырайық.
Жаңбыр жауса көтеріліп,
Өсіп-өсіп алайық.
Шынашағым, орманға бар!
Шылдыр шүмек, саңырауқұлақ тап!
Ортан терек, тазалап ал!
Балаң үйрек, қуыра сал!
Бас бармағым, барлығын жеп,
Өсіп қапсың толып.
- Мына өлең жолдарында не туралы айтылған? Қалай ойлайсыңдар?
Балалар өз ойларын білдіреді. Педагог балалардың жауаптарын толықтырады.

2.6. Төртінші тапсырма "Саңырауқұлақ терміз"

Педагог балаларға келесі тапсырманы ұсынады.
Керекті құралдар: себет, саңырауқұлақтар.

Барысы:
Педагог балаларды топтың ортасына шақырады. Балалар шеңбер бойымен, музыка әуенімен көңілді билейді. Музыка тоқтаған кезде жердегі саңырауқұлақтарды тиіннің себетіне жинайды.
- Балалар, Тиін сендерге риза. Енді қыстың суық күндерінен қорықпайтын болады. Азығын толтырып алды.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Балалар, бізге бүгін не келді қонаққа? Тиін келді.
- Тиінге біз қалай көмектестік? Саңырауқұлақтар жинап бердік.
- Саңырауқұлақтар нешеге бөлінеді? Екіге бөлінеді?
- Саңырауқұлақтың қандай түрлері бар? Жеуге жарамды, улы саңырауқұлақтар.
- Саңырауқұлақ қайда өседі? Орманда өседі.
- Саңырауқұлақты не үшін пайдаланады? Жеу үшін. пайдаланамыз.

Тиін:
- Балалар, сіздерге көп-көп рахмет! Өркендеріңіз өссін, енді мен сендер берген тәтті саңырауқұлақ арқылы көп күш–қуат жинайтын болдым.

Табиғаттың арайлансын ажары,
Болмаса екен тартар оның азабы.
Табиғатқа тазалықты тарту ет,
Тарқамасын аң мен құстың базары.

- Табиғат-ананы қолымыздан келгенше аялап сақтасақ, болашағымыздың үлкен келешегі деп түсініп, бүгінгі оқу қызметімізді аяқтайық.

Желдің күші

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың жел туралы түсініктерін қалыптастыру; желмен тәжірибелік жұмыс жасауға үйрету; баланың ойда сақтау қабілетін, тіл байлығын, белсенділігін, шеберлігін дамыту; балаларды табиғатты қорғауға және жаңашылыққа, сезімталдыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөйлеуде "желдеткіш", "желпуіш", "көлшік", "жасанды жел" сөздерін пайдалану

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, зерттеу, өздік іс-әрекет, рефлексия, оқу қызметін пысықтау, көрсету, қайталау, практикалық жұмыс, бақылау, рефлексия, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Желдеткіш, желпуіш, кеме, қайықтар, чашкелер, су, зырылдауықтар, бас киімдер (теңізшілер, ағаштар), сиқырлы таяқша.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына қарай бас киімдер.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қуаныш шеңбері. "Шақырамын сендерді".
Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады.

Шақырамын сендерді,
Жолдастарым, кел бері.
Толтырайық шаттыққа,
Дөңгеленген шеңберді.
- Балалар, сендер саяхатқа шыққанды ұнатасыңдар ма?
- Онда мына теңізшінің бас киімін киіңдер.
- Бүгін біз кememен теңізге саяхатқа шығамыз, кемеге отырыңдар.
- Саяхатымыз сәтті болсын, балалар!
(Теңіз шуы естілетін әуен қосылады.)
Аудиожазба тыңдау.

Педагог балаларды жарты шеңберге орындықтарға отырғызады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Сурет бойынша әңгімелесу.
- Балалар, кеме көліктің қай түріне жатады? Су көлігі.
- Тағы қандай суда жүретін көліктерді білесіңдер? Қайық.
- Балалар, біздің кememізге су бетінде жүзу үшін не қажет?
- Оны білу үшін мен сендерге жұмбақ жасырамын, сендер мұқият тыңдап, шешуін табыңдар.
Жұмбақтар:
Аяқсыз жетіп барады,
Қолсыз- есік ашады. Жел.
Жылт- жылт етеді,
Жылғалардан өтеді. Су.
Қанаты жоқ – ұшады.
Аяғы жоқ – қашады. Жел.
- Жел көздерімізге көрінбейді, бірақ бетке соққан желді сеземіз.
- Желді неге көрінбейтін құбылыс дейміз?
- Жел қандай болады? Серуенге шыққанда қандай желді байқадыңдар?
- Далада жел бар не жоғын қалай білеміз?
- Олай болса, тәжірибе жасап көрейік.

2.2. Тәжірибелік әрекет.
Керекті құралдар: түтікшелер, сумен стақан.

- Барлығымыз түтікшелерді қолға алып, ұрлейік.
- Не болды? Самал жел соқты.
- Ұрлеп, қолмен ұстап көріңдер. Қолға ұсталына ма?
- Көзбен көруге бола ма? Жоқ. Ұсталынбайды, көрінбейді, түсі жоқ.
- Түтікшелерді стақандағы суға салып ұрлеңдер.
- Не шықты? Су бүлкілдейді, шашырайды.
- Неге олай болды? Өйткені үрлегенде жел барды.
- Тағы қалай жел жасауға болады? Балалар өз ойларын айтады. Педагог балалардың жауаптарын толықтырады.

2.3. Шығармашылық әрекет.
Керекті құралдар: ақ парақтар А4 форматта, қайшы.
Балалар қағаздан желпуіштер жасап, өздеріне желпілдетеді.
- Не сездіңдер? Жел соқты.
- Көрдіңдер ме, біз желді өзіміз жасап шығардық, сондықтан жасанды жел дейміз.
- Ал мен бөлменің терезесін ашамын, нені сездіңдер? Таза ауа кірді, салқындады.
- Оны біз жасадық па? Жоқ ол өздігінен пайда болды, яғни табиғи жел дейміз.
- Жел затты қозғалтады, зат орнынан жылжыды, қозғалады.
- Айтыңдаршы, күн ыстықта бөлмені салқындату үшін не қосады? Желдеткіш.
- Шашты немен кептіреді? Шаш кептіргішпен кептіреді.
- Олай болса, жасанды жел болып, шаш кептіргіш арқылы жапырақтарды ұшырамыз.
Педагог шаш кептіргішті қосып, желдетеді. Балалар ұшқан жапырақтарды жинайды.

2.4. Аудиожазбаны тыңдау.

Желдің дауысы бар әуен естіледі.
- Балалар, ненің дауысы? Желдің дауысы.
- Яғни біз желді көрмейміз, ұстай алмаймыз, бірақ қатты жел болғанда, біз оны естиміз.
Артикуляциялық жаттығу.
- Қане, бәріміз бірге қайталайық:
Жел улейді у-у-у.
Құйын келіп билейді зу-зу-зу.
Қатты-қатты жел соқты гу-гу-гу.
Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду.
Балалар 2 рет қайталайды.

2.5. Тәжірибелік әрекет.
Керекті құралдар: қағаздан жасалған қайықтар, үлкен тегене.
Барысы:
Педагог балаларға қағаздан жасалған түрлі-түсті қайықтар ұсынады. Балалар өздеріне ұнаған қайықтарды таңдап алады.
- Енді қайықтарыңды судың бетіне қойыңдар, не байқадыңдар? Қайықтар жүзбейді.
- Қайық неге жүзбей тұр? Жел жоқ.
- Не істеуміз керек? Жел сияқты үрлеу керек.
- Онда, қайықтарға жақындап үрлейік, қайық не істейді? Суда жүзеді.
- Балалар, қатты желдің зияны да бар екенін білесіңдер ме?
- Олай боласа, бейнежазбаға назар аударыңдар.

2.6. Бейнежазба көрсету.

- Ал, балалар, біздің саяхатымыз да аяқталып қалды. Енді біз үйге балабақшамызға қайтуымыз керек. Ол үшін мен сиқырлы таяғымды аламын.
1, 2, 3 балабақшамызға келдік біз!

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Бүгін біз қайда бардық? Серуенге бардық.
- Немен бардық? Қайықпен жүздік.
- Көңіл-күйлерін қандай болды? Балалар өз ойларын айтады.
- Қандай тәжірибе жасадық? Балалардың жауаптары.
- Тәжірибе жасау барысында қиыншылықтар болды ма?
- Жел қандай болады? Қатты, самал жел.
- Желді көруге, ұстауға бола ма? Жоқ.
- Неге? Балалардың жауаптары.
- Балалар, қазақта жел туралы мынандай мақал-мәтелдер бар:
Жел дауыл шақырады,
Бұлт жауын шақырады.
Желмен жарыспа, көлеңкені қума.
Жазғытұрым жел жардай атанды жығар.

Рефлексия:
Кімнің көңіл-күйі көтеріңкі болды, сол балалар қызыл кемені таңдайды, ал кімнің көңілі болмаса, олар жасыл кемені таңдайды.

Жабайы аңдар

Оқу қызметінің мақсаты

Әрбір аңның атын дұрыс атауға жаттықтыру және олардың тіршілік ететін ортасы туралы түсініктерін бекіту; жабайы аңдарға байланысты көрнекіліктер пайдалана отырып, балалардың ой-өрісін, тілін дамыту; балалардың аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттырып, аңдардың түрлеріне көңіл аудартып, оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөйлеуде "қауіпті", "жыртқыш", "үлпілдек", "икемсіз", "бөлтірік", "маршай", "көжек", "абдан" сөздерін пайдалану

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, көркем сөз, оқу қызметін пысықтау, көрсету, қайталау, ойын, түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, мадақтау, жұмбақтар жасыру, ой қозғау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интерактивті тақта, аудиожазба, жабайы аңдардың суреті, орманның макеті, Луллий шеңбері, Глен Доман карточкалары, сиқырлы таяқша, аңдардың мүсіндері.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына қарай карточкалар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қуаныш шеңбері. "Алақанды ашайық".
Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады.

Алақанды ашайық,
Күннің нұрын салайық.
Таза ауаны жұтайық,
Жүрекке жылу сыйлайық.
Жиналған жылы шуақты
Достарымызға сыйлайық.
Балалар бір-бірімен құшақтасады.
Педагог балаларды жарты шеңберге орындықтарға отырғызады.

1.2. "Жабайы аңдар" презентациясы.
Педагог балалардың назарын интербелсенді тақтадаға аударады.
Педагог ойыннан бастайды.
Ал енді, балалар, айтыңдаршы:
Ең айлакер аң... (түлкі).

Ең қорқақ ... (қоян).

Балды жақсы көретін... (аю).

Аң патшасы... (арыстан).

Мысыққа ұқсайтын аң...(жолбарыс).

Ең ұзын мойын...(керік).

Қораға шабатын аң...(қасқыр).

Ең ірі жануар...(піл).

Үстінде тікенегі бар...(кірпі).

- Бұл жануарларды неге жабайы аңдар деп айтамыз?
- Жабайы аңдар елсіз далада, орманда болады. Өз азығын өзі тауып жиді. Олар күннің суығында да, ыстығында да далда жүріп өмір сүреді. Табиғатта жабайы аңдардың түрі көп. Олардың ішінде пайдалысы да, зияндысы да бар.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Саяхатқа шығу.
Педагог балаларды күзгі орманға саяхатқа шақырады.
- Балалар, күзгі орманға барғыларың келе ме?
- Орманда біз жабайы аңдармен кездесеміз. Олардың қысқа дайындығын көреміз. Азықтарын жинауға көмектесейік.
- Олай болса, көздеріңді жабыңдар. Орманға бару үшін сиқырлы таяқшамыз көмектеседі.
- 1,2,3!
Орманға ұш!
Аудиожазба тыңдау.

2.2. Жұмбақ жасыру.
Педагог орманда мекендейтін аңдарды жұмбақ арқылы табуды ұсынады.
- Балалар, орманға да келдік!
- Сендер орманды көрдіңдер ме? Орман – адамзаттың баға жетпес байлығы, қамқоршысы. Орман өсімдік, жануарлар және құстардың мекендейтін орны.
Жұмбақ жасыру:
Ит сияқты пішіні,
Ұнатпайды кісіні. Қасқыр.

Жазда қырады,
Қыста тыныгады. Аю.

Орғыған қорқақ көзі еді,
Қыс пен жазда тон киеді. Қоян.

Қу екен аңдардың бір сәтте алдадым. Түлкі.

- Жақсы, балалар, сендер жұмбақты да шеше білесіңдер.
Педагог аңдардың мүсіндерін ұсынады. Балалар оларды орман макетіне орналастырады. Өздері таңдаған аңды сипаттайды.

2.3. "Жабайы аңды сипатта" дидактикалық ойыны.
Глен Доманның карточкаларын пайдалана отырып, ойын ойналады.
Барысы: Ортаға бір бала шығады, карточканы таңдайды. Балалар аңдарды сипаттайды.
- Түлкінің денесі сопақша, түсі сарғыш,тұмсығы ұзын болады. Түлкінің терісі бағалы, жыртқыш аң. Оның

құлағы жай сыбдырды да тез естиді.Түлкінің қорегі құстардың жұмыртқасы, тышқандар.
- Аюдың түсі қоңыр, ақ болып келеді. Денесі ірі, үлкен. Аюдың қорегі судан балық аулап, жидектер теріп, құстармен қоректенеді. Ол қыс бойы ұйқыда жатады.
- Қоян қыста үйілген маялардың түбінде, не ағаш қуыстарында қыстайды. Қоянның құлағы ұзын, сопақша болады. Ол қорқақ болады. Ірі жануарлардан қорқып қашып жүреді. Қоянның қорегі түрлі шөптер, ағаш қабықтары. Сәбіз бен қырыққабатты жақсы көреді. Қоян жылы тонының арқасында суыққа тоңбайды. Қыста ақ тон киеді,жазда қоңыр тон киеді.
- Қасқыр сұр түсті, құлағының пішіні үшбұрышқа ұқсайды, аяқтары ұзын болады. Қасқыр күшті, батыр, ақылы да айласы да бар, өте қауіпті жыртқыш аң. Ол етті жақсы көреді.
Қасқырдың тамағы жан-жануарлар мен құстар.
Педагог тапсырманың сапалы орындалуына көңіл аударады. Тапсырма орындау барысында қосымша сұрақтар қояды.

2.4. "Күшіктерін тап" дидактикалық ойыны.
Педагог балаларға аңдардың күшіктері жоғалғаны туралы айтады.
- Жарайсыңдар, балалар! Сендер аңдар туралы көп мәлімет біледі екенсіңдер.
- Балалар, жабайы аңдардың төлдері адасып кетіпті.
- Мына жерге қараңдар, алдымыздағы аңдардың іздері сияқты. Сол ізбенен жүріп, аңдардың күшіктерін тауып көрейік!
Іздер алдын ала салынып тұрады.

2.5. "Луллий шеңбері" дидактикалық ойыны.
Педагог балаларға "Луллий шеңберін" пайдалана отырып, дидактикалық ойынды ұсынады.
- Сендер оларды қалай атайтынын білесіңдер ме?
Интерактивті тақтадан аңдардың күшіктерін көрсете отырып, жаңа сөздермен танысады.
Мынау аюдың күшігі - қонжық.

Мынау қоянның күшігі - көжек.

Мынау қасқырдың күшігі - бөлтірік.

Мынау түлкінің күшігі - жаутаң.

Мынау жолбарыстың күшігі - шөнжік.

Мынау арыстан күшігі - теңбілше, абдан деп аталады.

- Жарайсыңдар, балалар! Сендердің бірлесе жасаған әрекеттеріңнің нәтижесі - аңдардың күшіктерін дұрыс және жылдам таптыңдар. Аңдар сендерге риза!

2.6. Дыбыстық жаттығулар орындау.
- Ыр, ыр, ыр ырылдайды қасқыр,
- Кі, кі, кі бұлаңдайды түлкі,
- Ян, ян, ян жүгіріп жүр қоян,

- Ю, ю, ю қорбаңдайды аю.
Балалар 2 рет қайталайды.

2.7. Көркем сөз.
Педагог жабайы аңдар туралы тақпақтар айтуды ұсынады.
Ақ қоян ау, ақ қоян,
Үркек қоян, сақ қоян.
Қаша берсең қалыңға,
Қорқағым деп ат қоям.

Мен айлакер түлкімін,
Алдау менің өнерім.
Таба алмаймын бір тыным,
Күнде, түнде желемін.

Тәтті көрсе бас салар,
Айнымайды баладан.
Үп-үлкен боп жасқанар,
Кіп-кішкентай арадан.

Мен көкжал қасқырмын,
Малшыларды састырдым.
Аш болсам ұлимын,
Ауылды торимын.
- Мына өлең жолдарында не туралы айтылған? Балалар өз ойларын білдіреді. Педагог балалардың жауаптарын толықтырады.

2.8. Педагог балаларға топқа қайтуды ұсынады.
- Ал, балалар, біздің орманға саяхатымыз да аяқталып қалды. Енді біз балабақшамызға қайтуымыз керек. Ол үшін мен сиқырлы таяғымды аламын.
1, 2, 3 Балабақшамызға келдік біз!
3. ҚОРЫТЫНДЫ
- Балалар, бүгінгі саяхаттан алған әсерлерін қандай? Балалардың жауаптары.
- Көңіл-күйлерін қандай? Балалардың жауаптары.
- Балалар, біз бүгін не туралы әңгімелестік? Жабайы аңдар туралы.
- Оларды неге жабайы аңдар деп атайды? Балалардың жауаптары.
- Жабайы аңдар қайда мекендейді? Олар орманда өмір сүреді.
- Жабайы аңдардың уй жануарларынан айырмашылығы неде?
-Жануарлар орманда жақсы өмір сүреді деп ойлайсыңдар ба? Жақсы. Орман оларды тамақтандырады.
- Ал адамдар орманда өзін қалай ұстау керек? Орманда ештеңе бұзуға болмайды, сұлулықты сақтау керек. Орманды ластауға болмайды
- Бүгінгі оқу қызметіне белсене қатысқандарыңа рахмет.

Сиқырлы магнит елінде

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды магнитпен және оның қасиеттерімен таныстыру, заттарды бақылауды үйрету, білімдерін бекіту; ойлау қабілеттерін дамыту; қоршаған ортаның құпиясын табуға және қорғауға тәрбиелеу; бірігіп жұмыс жасауға, бір-бірін құрметтеуге және шыдамдылыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөйлеуде "магниттің күштері", "тартылады", "тартылмайды" сөздерін пайдалану

Әдіс-тәсілдер

Оқу қызметін пысықтау, көрсету, қайталау, ойын, түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, мадақтау, жұмбақтар жасыру, ой қозғау, зерттеушілік әрекет.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Магнит, қорап, қыстырғыштар, сым, шеге, қағаздан, картоннан, ермексаздан, пластмассадан жасалған балықтар, кітап, қағаз, ермексаз.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады. Қуаныш шеңбері:

Біздің күлкіміз көңілді,
Жеткізсін жылу мен шаттықты.
Достарымызды көргенде,
Күлкіменен қарсы аламыз.
Аудиожазба тыңдау.

Педагог балаларды жарты шеңберге орындықтарға отырғызады.

1.2. Ғажайып сәт.
- Балалар, айналаға қараңдаршы, бүгін тобымызда біреу болған сияқты.
- Қарандаршы, не өзгерді? Сандық пен флешка пайда бол- Ол кімнен болуы мүмкін, не үшін келді екен?
- Мүмкін жауап флешкада шығар?
Флешканы қосады.

Алан:
- Сәлеметсіндер ме, балалар! Мен мына сандықта сендерге тосынсый дайындап қойдым, бірақ алу үшін сендерге алдымен құлыпты ашу керек, ол үшін кілт керек. Ал оны табуға сендерге магнит көмек береді. Сәттілік тілеймін!
- Сыйлықтарды біз жақсы көреміз. Олай болса, құлыпты ашып көрейік.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Бейнежазба көрсету.
Педагог балалардың назарын интербелсенді тақтадаға бейнежазбаға аударады.

Педагог магниттер дайындайды, ұстап көруді ұсынады.
- Ал сендер магнит не екенін білесіндер ме?Сендердің әрбіреуіңде әртүрлі пішінді және көлемді магниттер бар.
- Оларды қолдарыңа алып, не сезетіндеріңді айтыңдаршы? Суық, қатты, темір, ауыр.
- Бұл тас қайдан шықты? Магнус деген қойшы қой бағып жүріп, қолындағы таяғының басы үшкір темір екен, тасқа жабысқан соң ол бірнеше тасты алып келіп, көршілерін таң қалдырған екен. Содан кейін магнит деп атай бастаған.
- Магниттің көптеген қасиеттері бар. Ол тек темірден жасалған заттарды ғана өзіне тартады.
- Енді біз магнит не екенін білеміз және кілтті іздеп табуға дайынбыз.
- Балалар, біз кілтті табу үшін қызықты магнит еліне саяхатқа барамыз.
Қызықты магнит еліне аттану үшін орындарында музыка әуенімен көздерін жұмып айналады.

2.2. 1-тапсырма : "Темір кілтті табындар!" ойыны.

Балалар бірінші тапсырманы орындауға үстелге жақындайды.
Керекті құралдар: қағаздан, ермексаздан, резинкадан, пластмассадан, ағаштан, картоннан, темірден жасалған кілттер, магнит.

- Міне сол жергеде келіп жеттік.
- Балалар, қарандаршы, қандай көп кілттер, осының ішінен бізге қажетті кілтті қалай табамыз?
- Қане, тағыда магнитпен жүргізіп көрейікші, мүмкін сендер дұрыс жүргізбей жатқан шығарсыңдар.
Балалар магнитті барлық кілттердің үстінен тигізбей өтіп шығады, темір кілт және темір заттар жабысады. Өйткені магнит тек қана темір заттарды тартады.

- Ал басқа кілттер қандай материалдардан жасалған? Басқа кілттер: қағаздан, ермексаздан, резинкадан, пластмассадан, ағаштан, картоннан жасалған.
Қорытынды: Тек қана темір кілт магнитке жабысты. Яғни, темір магнитке жабысады.

2.3. 2-тапсырма: "Қолдарынды суға батырмай скрепканы қалай алып шығуға болады?" ойыны.
Аудиожазба тыңдау.

Балалар көңілді әуенмен бағыт бойымен жүреді, екінші үстелге келеді.
Назарларын үстел үстінде тұрған заттарға аударады.
Керекті құралдар: сумен стақан, скрепка, магнит.

- Балалар, скрепканы қолымызды су қылмай қалай алып шығуға болады? Қасықпен, шанышқымен, таяқшамен, қармақпен т.ағы басқа заттармен алып шығуға болады
- Балалар, ал мен бір қызық тәсілді үйретемін: магнитті стақан бойымен жүргізгенде, скрепка магнитке тартылып, магнитпен бірге көтеріледі.

-Скрепканы судан шығарғыларын келе ме? Иә, скрепканы судан шығарғымыз келеді.
Балалар скрепканы алып шығады.
Қорытынды: Магнит күші өте көп, ол стақаннан және судан өтеді.
- Жарайсындар, балалар!!

2.4. 3-тапсырма: "Құмда не жасырылған?" ойыны
Аудиожазба тыңдау.

Балалар көңілді әуенмен бағыт бойынша ары қарай жүреді.
Керекті құралдар: магнит, ыдыстағы құм, шүберек.
- Магнитті алып, құмның үстінен жүргізіндер, қандай затты тапқандарынды айтындар.
- Жарайсындар, енді жұмысқа кірісуге болады.
- Жасырынған заттарды бәрінде таптындар ма? Әр бала өзінің тауып алған затын атайды.
- Менде ... болды.
- Ал сендерде не?
- Қандай қорытынды жасауға болады?
Қорытынды: Магнит құмнан өте алады. Құмнан темір заттарды тартады.

2.5. Сергіту сәті.

Педагог балаларға сергіту сәтін орындауды ұсынады:
Мынау менің жүрегім,
Бәрі осыдан басталған.
Мынау менің басым,
Бәрін осы басқарған.
Мынау менің оң қолым,
Мынау менің сол қолым,
Барлық істі атқарған.
Балалар 2 рет қайталайды.

2.6. "Балық аулау" ойыны.
Керекті құралдар: магнитпен қармақ, су құйылған ыдыс, балықтар.
Барысы:
Әр бала өзіне қармақ таңдап алады.
- Сендер көріп тұрғандай, алдымызда су құйылған ыдыста кішкентай балықтар жүзіп жүр. Қазір біз оларды аулаймыз. Магнитті ыдыста жүзіп жүрген балықтарға жақындатамыз.

Балық қозғалғанда магнитті ыдыстың сыртынан ақырын жоғары жүргіземіз. Балық магнитпен бірге су бетіне дейін жылжиды, осы әдіспен барлық балықтарды аулаймыз.
- Балықты немен ауладыңдар? Қармақпен.
- Магнит суда өз күшін жоя ма? Жоқ.
- Балық аулаған сендерге ұнады ма? Балалардың жауаптары.
- Қанша балық ұстадыңдар? Тамаша!

2.7. 4-тапсырма: "Лабиринт бойымен кілтті жүргізу" ойыны.
Аудиожазба тыңдау.

Балалар көңілді әуенмен бағыт бойынша ары қарай жүреді.
Керекті құралдар: лабиринт, магнит, темір кілт.
Барысы:
- Қарандар, бізде 3 кілт бар, ал мына жерде тағы біреуі жатыр. Берілген тапсырманы орындау үшін мына қағазды ұстап тұрып, магнитпен кілтті лабиринттің соңына дейін жүргізу керек.
Балалар кілтке назарларын аударады. Кілтті лабиринт бойынша жүргізеді.

- Сендер лабиринтті өте алдындар ма?
- Қиын болды ма? Балалардың жауаптары.
Қорытынды: Өйткені магниттің тартылыс күші қағаздан өтіп, кілтті қозғалта алады.

2.8. Аудиожазба тыңдау.

Балалар орындарында тұрып, көздерін жұмып, мізыка әуенімен балабақшаға оралады.
- Балалар, біз Білгіштің барлық тапсырмаларын орындадық, енді балабақшаға оралайық.
- Сандыққа ораламыз.
- Міне барлық тапсырмалар орындалды.
- Білесіндер ме неге? Өйткені біз барлығымыз бірігіп жасадық, бір – бірімізге көмектескік.
- Балалар, қараңдар, біз 4 кілт таптық, ал құлып біреу.
- Құлыпты ашатын кілтті қалай табамыз?
Балалар кілттерді құлыпқа салып көреді.
- Қане, балалар, кілттерді құлыпқа салып көрейік.
- Алақай! Біз құлыпты аша алдық, Білгіш бізге не дайындағанын көрейік. Сандықтың ішінде шынында ойыншықтар жәй емес, магнитті ойыншықтар екен.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Бүгін біз немен таныстық? Бүгін керемет тас магнитпен таныстық.
- Балалар, жан - жақтарыңа қарап, біздің топта қай жерде магнит барын айтыңдаршы. Суреттерді ұстап тұратын магниттер.
- Сендердің ойларыңша, магнит тағы қай жерде қолданылады? Үйде: наушникте, телефон тұтқасында, әшекей бұйымдарда.
Өнеркәсіпте: автакөліктерде, желдеткіштерде, жүк көтеру үшін.
Адам өмірінде үлкен рөл атқарады екен.
- Бүгінгі оқу қызметі сендердің естеріңде қалу үшін мен сендерге балаларға арналған кішкентай магниттерді сыйға тартқым келіп тұр. Сендер олармен ойнай аласыңдар. Егер өздерің тәжірибе жасағыларың келсе, сендер әр кез біздің зертханамызды пайдалана аласыңдар. Сендер онда көптеген әр түрлі магниттер таба аласыңдар.
Тәрбиеші балаларға магнит ойыншықтарын сыйлайды.

Қысқы тіршілік

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың қыс мезгілі туралы түсінігін кеңейту, қыс мезгіліне тән белгілерді білу және таба алуға үйрету; қыс мезгілінің сұлулығын тамашалай білуге, табиғаттың ерекшелігін сезіне білуге үйрету; қоршаған ортамен танысу арқылы баланың ой - өрісін дамыту; табиғатты қорғап, аялауға және әсемдігін бағалай білуге тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөйлемде "бұрқасын", "қыстап қалатын құстар", "жерге түседі", "қалқиды", "домалайды", "боран", "қырау" сөздерін пайдалану

Әдіс-тәсілдер

Шаттық шеңбері, ғажайып сәт, түсіндіру, көрсету, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, тәжірибелік әрекет, шығармашылық әрекет, бақылау, пысықтау, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Қыс мезгілінің суреттері, қар, мұз, қалыптар, стақандар, бояулар, құстардың суреттері, жабайы аңдардың суреті, мнемокесте.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына қарай ыдыстағы қар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қуаныш шеңбері. "Сәлем!".
Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады.

- Сәлем, Күн!
- Сәлем, Жел!
- Сәлем, Жер!
- Сәлем сағаң, туған ел!
- Балалар, бүгін біз не туралы әңгімелейтінімізді жұмбақ шешу арқылы білетін боламыз.

Жұмбақ жасырады:
Аяз қысып,
Өрнек сызып,
Терезені торлайды.
Қарға омбығып,
Бет домбығып, балдырғандар ойнайды.
Бұл қай кезде болады? Қыста.
- Қыс мезгілі неше айдан тұрады? 3 айдан.
- Қазір қай ай? Желтоқсан айы.

Педагог балаларды жарты шеңберге орындықтарға отырғызады.

1.2. Ғажайып сәт.
- Енді барлығымыз бір сәт көзімізді жұмып, қыс мезгілін елестетейікші.

Балалар көздерін жұмады, қыс мезгілін елестетеді.

"Ой қозғау" әдісі.
Педагог балалардан не елестеткендері туралы сұрайды.
Өздерінің ойларын айтады.
Мысалы: Мен қысқы желді елестеттім. Мен қар жауғанды елестеттім. Мен қыста шана тепкенімді елестеттім.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Аудиожазба тыңдау.

Осы кезде ұйытқыған боранның дыбысы естіледі.
- Бұл ненің дыбысы? Боранның дыбысы.
- Боран соққанда қардың қандай күйде болатынын білесіңдер ме? Қар ұшып жерге түседі, қалқиды, домалайды.
- Қане, олай болса, қардың қандай күйде болатынын көрейік.
Тыныс алу жаттығуы.
Керекті құралдар: бөтелке, түтікше.
Барысы:
Алдыларындағы бөтелкенің ішіндегі қағаз қиындысына түтікше салып, қатты үрлеуді ұсынады.
- Боран қатты соғып, мынандай ұлпа қарларды ұшырып әкеліпті. Бұл ұлпа қарлар сиқырлы екен, әр біреуінде тапсырмалар бар.
Педагог тапсырмаларды ұсынады.

2.2. Бірінші тапсырма: «Сиқырлы ұлпа қар» ойыны.
Керекті құралдар: ұлпа қарлар.

- Мына ұлпа қарды кім қолына алса, сол қыс мезгілінің бір ерекшелігін айтады.
- Қыс мезгілі неше айдан тұрады?
- Қыс мезгілінің ай аттары қалай аталады?
- Қыс мезгілінің ерекшелігі қандай?
- Қыс мезгілінде қандай мерекелер бар?
- Қыс мезгілінде қандай ойындар білесіңдер?
Қолдарына бір-бірден ұлпа қарды алып, қыс мезгілінің ерекшелігін айтады.
Мысалы: Қарлы боранмен, сықырлаған аязбен қыста келіп қалды. Қыста айналаның бәрі аппақ қар болады. Қыс күн суық, аяз болады. Боран соғады. Бірақ біз қыста қорықпаймыз, жылы киімдерімізді киеміз.

2.3. «Ормандағы аңдарды тап та, ата» дидактикалық ойыны.
Педагог келесі ұлпа қар қысқы сиқырлы шырша орманына саяхатқа шақыратынын айтады.
- Орманда не көп? Орманда қар көп, қалың.
Орманға іздер арқылы баруды ұсынады. Орындарынан тұрып, іздер арқылы орманға барады.
Сурет бойынша жұмыс.
Аңдардың суреттері жабулы. Балалар кезек-кезек ашып, аңдарды сипаттайды.

- Бұл орманда нелер өмір сүреді? Орманда жабайы аңдар
өмір сүреді.
- Дұрыс айтасыңдар. Бірақ аңдар тығылып қалған сияқты.
- Мынау ненің құлағы? Қоянның құлағы. Қоян-жабайы аң. Қоян жүнін аққа ауыстырады, ағаштардың бұтақтарының қабығын жейді. Басқа жыртқыш аңдар оны жеп қоймау үшін.
- Мынау ненің құйрығы? Түлкінің құйрығы. Түлкі-жабайы аң. Түлкі аң аулайды, мұрны иісшіл, көзі қырағы, құлағы жақсы естиді, інде тұрады.
- Ал қасқыр туралы кім біледі? Қасқыр итке ұқсайды. Қасқыр да аң аулайды, көшпенді өмір сүреді, тісі өткір, қорқынышты
Қасқырдың баласын бөлтірік дейді.
- Ал, мынау ұйықтап жатқан қай аң? Аю күз бойы жеген азығын денесіне май қылып жинап алады да ұйқыға кетеді.
- Ал мынау ненің мүйізі? Бұғы қыста қалай өмір сүреді? Ол бұғының мүйізі. Бұғы - ағаштың бұтақтарын жейді, тез жүгіреді, алдыңғы екі аяғымен қорғанады.
Педагог тапсырма орындау барысында қосымша сұрақтар қойады.

2.4. Сергіту сәті.
Балалар аңдардың қимыл-қозғалысын келтіріп, сергіту сәтін орындайды.

Біз орманға барайық,
Жан - жағымызға қарайық.
Аю шықты қорбаңдап,

Қасқыр шықты ырылдап.
Түлкі шықты майысып,
Қоян шықты секіріп,
Қорықпаңдар, балалар,
Қарап - қарап алыңдар!
Балалар 2 рет қайталайды.

2.5. Педагог балаларға топқа қайтуды ұсынады.
- Сендер аңдар туралы көп біледі екенсіңдер.
- Енді келген ізімізбен топқа қайтайық.
- Біз саяхатқа кеткенде бізге қонақтар келіпті.

Аудиожазба тыңдау.

- Нелер қонаққа келген? Құстар ұшып келді..
Келесі ұлпа қар сурет бойынша құстардың қысқы тіршілігі туралы айтуды ұсынады.

- Қандай құстар қонаққа келіпті? Қыстайтын құстар.
- Қане қандай құстар, кім атап бере алады? Қыстап қалатын құстар: көгершін, сауысқан, қарға, суық торғай, шымшық, торғай, тоқылдақ.
- Неге бұл құстарды қыстап қалатын құстар дейді? Өйткені олар суыққа шыдамды, өздеріне азық тауып жей алады.
- Қатты суық боран кезінде құстарға да қиын. Олар тамақ тауып жей алмайды.
- Оларға кімдер көмектеседі? Адамдар көмектеседі.
- Ал адамдар оларға қандай көмек көрсетеді? Адамдар оларға жемшашар жасап, оған нан қоқымын, жем шашып береді.
- Құстардың қандай пайдасы бар? Олар өсімдіктерді, ағаштарды зиянды жәндіктерден, құрттардан тазартады.
- Құстар қыста немен қоректенеді деп ойлайсыңдар? Ағаш бүршігін, кепкен жемістерді қорек етеді.

2.6. "Құстарды орналастыр" дидактикалық ойыны.
Педагог келесі ұлпа қарды ұсынады.
Керекті құралдар: скрепкаға қыстырылған жыл құстары мен қыстайтын құстардың суреті, 2 сурет: жемшашар мен күздің бейнесі.
Барысы: Берілген 2 суретке қарап, жыл құстары мен қыстап қалатын құстарды бөлек-бөлек орналастыруды ұсынады. Жыл құстарын бөлек, қыстап қалатын құстарды алып жіпке тізеді.
Әңгімелесу:
- Жыл құстарын атаңдар.
- Жыл құстары қашан ұшып кетеді?
- Олар неге ұшып кетеді?
- Қыстайтын құстарға қанадай көмек көрсетеміз?
Педагог тапсырманы дұрыс орындаған балаларды мадақтайды. Келесі тапсырманы ұсынады.

2.7. Жұмбақ жасыру.
- Ал, мына ұлпа қар жұмбақ жасырғысы келіп тұр. Жұмбақтың шешуін тапсаңдар, бізге қонақ келеді.
Өзі сондай аппақ,
Жердің бәрін жаппақ.
- Ол не? Қар.
Топқа тарелкамен қар кіргізеді.

- Қыс мезгілі несімен қызықты? Балалардың жауаптары.
- Қар қандай? Қар аппақ.
- Қалай ойлайсыңдар, қарды алақанымызға салсақ, қар қандай күйде болады? Қар ериді.

- Неге?
- Қардың түсі қандай? Неге ұқсайды? Балалар өз ойларын айтады.
- Қарды ұстағаннан кейін қолды жуу керек. Неге екенін білесіңдер ме? Балалар өз ойларын айтады.
Қолдарын дымқыл сүлгімен сүртуді ұсынады.
- Ал, енді қолымыз қар ұстағаннан кейін жылыды ма? Жоқ, қолымыз суық. Міне сондықтан, қарды көп ұстамау

керек.
- Неге? Ауырып қалмау үшін.
- Ауызға салып жеуге бола ма? Неге? Жоқ жеуге болмайды, кір қарда микроб көп болады.

2.8. Көркем сөз.
Педагог балаларға Абай Құнанбайұлының "Қыс" өлеңін айтуды ұсынады.
Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап, келіп қалды.
Дем алысы - үскірік, аяз бен қар,
Кәрі құдаң - қыс келіп, әлек салды.
Ұшпадай бөркін киген оқшырайтып,
Аязбенен қызарып ажарланды.
Бұлттай қасы жауып екі көзін,
Басын сіліксе, қар жауып, мазаңды алды.
Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда,
Алты қанат ақ орда үй шайқалды.
- Мына өлең жолдарында не туралы айтылған? Қалай ойлайсыңдар? Балалар өз ойларын білдіреді. Педагог балалардың жауаптарын толықтырады.

2.9. Педагог балаларға ақын Абдрахман Асылбековтың «Қыс» өлеңін мнемокесте арқылы мәнерлеп айтуды ұсынады.
Қандай суық қыс деген,
Қалтырайды құс деген.
Құлақшынды кимесең,

Құлағыңды тістеген.
Қандай қызық қыс деген,
Бәрін шебер істеген.
Бақша-бауды, тауды да
Бояған ақ түспенен.
Балалар тәрбиешінің айтқандарын зер сала тыңдайды. Өлеңнің мазмұнын түсінуге тырысады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Балалар, бүгінгі саяхатымыз сендерге ұнады ма?
- Көңіл-күйлерің қалай? Балалар өз ойларын білдіреді.
- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілі.
- Қыста не жауады? Қар жауады.
- Қардың түсі қандай? Қар тағы қандай болады?
- Балалар, біз қайда бардық? Орманға бардық.
- Орманда нелерді көрдік? Аңдарды, құстарды көрдік.
- Олар қыста қалай тіршілік етеді? Балалардың жауаптары.
- Жабайы аңдар мен құстарды қорғауымыз керек. Өйткені олар біздің орманымыздың байлығы.
- Балалар, табиғаттың бізге берері көп. Табиғаттың тыныштығын сақтап, жан-жағымызға мейірім сыйлап жүрейік.
Аюдың батырлығын,
Қоянның жүйріктігін,
Түлкінің әдемілігін,
Тиіннің ақкөңілдігін,
Қасқырдың қайсарлығын тілеймін.

Рефлексия:
Егерде көңіл-күйлері көтеріңкі болса, үлкен ұлпа қарлар алуды, көңіл-күйлері болмай тұрса, кішкене ұлпа қарларды алуды ұсынады.

Менің Отаным-Қазақстан. Еліміздің рәміздері

Оқу қызметінің мақсаты

Туған өлке туралы мәлімет беру, отбасында туған жерге деген сүйіспеншілік сезімдерін дамыту; туған жерінің табиғатын, қалаларын, өзендерін білуге жаттықтыру; суреттер бойынша сипаттау әңгімелерін құрастыруды үйрету; жай және күрделі сөйлемдерді қолдана алу біліктілігін дамыту; Отанға деген сүйіспеншілікке, Отанын сүюге тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөйлемде "туған өлке", "әнұран", "елтаңба", "ту", "желбірейді", "рәміздер", "туған жер" сөздерін пайдалану

Әдіс-тәсілдер

Интерактивті тақта, аудиожазбаны тыңдау, шаттық шеңбері, түсіндіру, көрсету, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, бақылау, пысықтау, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Туған жер туралы суреттер, альбомдар, күннің бейнесі, ватманға салынған Қазақстанның картасы.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына қарай сары ленталар, бояулар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қуаныш шеңбері. "Жайлауымдай жазықпын".
Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады.

Жайлауымдай жазықпын,
Өзенімдей өршілмін.
Гүлдерімдей нәзікпін,
Қуат алған өзіңнен.
Туған елдің ұлымын,
Бақытты етіп өсірген,
Отанымның гүлімін.
- Бұл өлең не туралы?
- Отан туралы, Қазақстан туралы, туған жер туралы.

Педагог балаларды жарты шеңберге орындықтарға отырғызады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Картамен жұмыс.
Педагог балалардың назарын интерактивті тақтадағы Қазақстанның картасына аударады.

Әңгімелесу:
- Балалар, біз қай елде тұрамыз?
Бейбіт таңдар арайланып атады,
Туған жерді аймалады шапағы,
Байтақ елім, Қазақстан!
Ең бақытты балалардың Отаны!
- Біздің Отанымыз - Қазақстан.
- Отанды тағы басқаша қалай атауға болады? Туған жер, туған өлке.
- Қандай қалада тұрамыз?

- Барлығымыз Қазақстан картасына назар аударайық. Мынау біздің байтақ жеріміз. Қазақстанның табиғаты алуан түрлі, жері кең, байтақ. Оны білу немесе түсіну үшін картаны пайдалану қажет. Сонда қай жерде қала, әдемі ормандар, биік таулар,теңіз, көл, қазына байлықтары бар екендігін картадан білеміз.
Педагог картадан Нұрсұлтан қаласын, Алматы қаласын, туған қалаларын, өзендерді, көлдерді көрсетеді.

2.2. Мемлекеттік рәміздер туралы әңгімелесу.
Педагог балалардың назарын интербелсенді тақтадағы бейнежазбаға аударады.
Видеофильм "Сіз білесіз бе?" (Мемлекеттік рәміздер туралы деректер).

- Әр елдің өз рәміздері болады. Атап шығыңдар.
Балалар Қазақстан Республикасының елтаңбасы мен туы туралы әңгімелейді.

- Мынау Қазақстан Республикасының туы. Тудың түсі аспанның түсіне ұқсайды – көк, ортасында күн шуағы. Астында қыран құс ұшып келе жатыр. Қазақстанда тұратын барлық халықтардың өмірі күндей жарқырап, қырандай самғай берсін дегені. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туының авторы: суретші Шәкен Ниязбеков.

- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы. Елтаңбаның орталық элементі – шаңырақ. Шаңырақ бастауы – отбасы ошағын бейнелейді. Қанатты тұлпар – мәңгілік өмір, болашақ үміт артар жас ұрпақтың арманы, самғау биігі. Елтаңба төбесінде бес бұрышты жұлдыз бар. Әр адамның өмірінде жол көрсетер өз жұлдызы болады. Мемлекеттің де осындай жұлдызы болуы керек. Елтаңбаның төменгі жағында «Қазақстан» деген жазу бар. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасының авторлары сәулетшілер: Шота Уалиханов пен Жандарбек Мәлибеков.
- Ал Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұранының сөзін жазғандар: Жұмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев, әнін жазған Шәмші Қалдаяқов.

Педагог балаларға Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұран орындауды ұсынады. Барлығы тұрып, әнұран орындайды.

2.3. "Нұрсұлтан - астана" альбомымен жұмыс.
Педагог балалармен Қазақстанның бас қаласы туралы әңгімелеседі.
- Балалар, біздің отанымыздың астанасы қай қала? Нұрсұлтан қаласы.
Ел бөбегі бүлдіршін жас баламыз.
Астанамыз Нұрсұлтан – бас қаламыз.
- Нұрсұлтан қаласында кім болды? Балалардың жауаптары.

- Ел ордасы болып Нұрсұлтан бой көтерді. Бұл қала өзінің әсем сәулет өнері үлгілерімен, сан-алуан тарихи және мәдени ескерткіштерімен, сұлулығымен әлем назарын өзіне қаратып отыр. Мұнда тамаша сәулет өнері туындылары, солардың ішінде «Ақорда”, «Бәйтерек”, «Бейбітшілік және келісім сарайы”, «Думан” орталығы секілді көптеген ғимараттар мен ескерткіштер орналасқан. Әсем қаламыз жылдан-жылға жаңарып келеді.
Педагог балалармен бірге альбомды қарайды, қосымша сұрақтар қояды.

2.4. Сергіту сәті: "Біз демалып алайық". Ғабдуллаева Э.
- Балалар, орнымыздан тұрып, бір сергіп алайық!
- Кел, балалар тұрмайық,
Алақанды соғайық.
Бір отырып, бір тұрып,
Біз демалып алайық.

Аяқта бос тұрмасын,
Алдыға бір қадам басайық
Жоғары төмен секіріп,
Сергіп бір алайық.

2.5. Көркем сөз.
- Біз картаға қарап, байтақ жеріміздің таныстық. Ендеше осы Отанымыз Қазақстан туралы Әбділдә Тәжібаевтың "Қазақстан" өлеңін айтып, еске түсірейік.
Қазақстан өлкесінің кеңдігін
Өлшеп жатпай өзгелерше мен бүгін,
Оңай ғана ұғындырып байқайын,
Болмашы бір белгілерін айтайын.
Қысты күні бөлмеңізде пеш қызып,

Көрінгенде сол қызудан кеш қызық.
Жанған отқа сүйсіне зер салыңыз.
Қазақстан көмірі деп таныңыз.
Туралғанда ақ мамықтай бөлкелер,
Түспей ме еске астық еккен өлкелер,
Соның бірі Қазақстан - таныңыз,
Соның наны жеген осы наныңыз.
- Мына өлең жолдарында не туралы айтылған? Қалай ойлайсыңдар? Балалар өз ойларын білдіреді. Педагог балалардың жауаптарын толықтырады.

2.6. "Күн сәулесі" сөздік ойыны.
Педагог балаларға сөздік ойынын ұсынады.
Керекті құралдар: сары ленталар, күннің бейнесі.

Барысы:
- Балалар, көк туымыз мәңгілікке асқақтап, желбірей берсін деген ниетпен, мына күн сәулелерін сендерге таратып беремін. Ал, сендер, өз тілектеріңді, Отанға деген сүйіспеншіліктеріңді айтып, күн сәулесін құрап жасаймыз.
Балалар өз сөздерімен тілектерін айтып, күнге сәулелерін әкеліп жапсырады.

- Аспанымыз ашық болсын!
- Еліміз тыныш болсын!
- Елбасымыз аман болсын!
- Ауылымыз көркейе берсін!
- Ата-аналарымыз аман болсын!
- Достарымыз көп болсын!.
- Жарайсыңдар, балалар!

2.7. Мақал-мәтелдер айту.
Педагог балаларға Отан туралы мақал-мәтелдерді айтуды ұсынады.

- Халқымызда «Отан отбасынан басталады» деген мақал бар. Сендер үлкен болып өскенде Отанымызды қорғайтын азамат боласыңдар.
- Тағы Отан туралы қандай мақал-мәтелдер білесіңдер?
Отан — елдің анасы
Ел - ердің анасы
Туған жердей жер болмас,
Туған елдей ел болмас.
Отанды сүю — отбасынан басталады.
Отан оттан да ыстық.
Ел іші — алтын бесік.
Пәлен жерде алтын бар,
Өз жеріндей кайда бар.
Ел-елдің бәрі жақсы,
Өз елің бәрінен де жақсы.
Педагог балаларды мадақтайды.

2.8. Шығармашылық әрекет.
Керекті құралдар: ватманға салынған Қазақстан картасы, бояу.

Барысы:
Педагог балаларға картаны көрсетеді.
- Қалай ойлайсыңдар, бұл не? Қазақстанның картасы.
- Қазақстаның әрі қарай бұданда жақсы көркейуі үшін сендер мына салынған картаға өз тілектеріңді тілеп, қолдарыңның ізін қалдырыңдар. Балалар дайын бояуға қолдарын батырып, карта ортасына алақандарын қойып тілектерін білдіреді.

- Балалар, сендердің кішентай ғана жүректеріңнен шыққан тілектерің қабыл болсын! Енді осы Отанымыздың адал азаматы болу үшін не істеуміз керек? Балалар өз ойларын айтады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Біз бүгін не туралы әңгімелестік? Туған жер туралы.
- Туған жер дегенді қалай түсінесіңдер?
- Біз қай қалада тұрамыз?
- Еліміздің бас қаласын атаңдар. Нұрсұлтан қаласы.
- Балалар, үлкен мерекелерде туымыз көтеріліп, әнұранымыз орындалады. Рәміздерді үлкен де, кіші де құрметпен жоғары ұстауы тиіс. Ал әнұранды біз білеміз. Сендер елтаңба мен туды әрқашан қастерлеуге тиістісіңдер. Өз туған жерлеріңді сүйіп, қорғай біліңдер.
- Міне, балалар, өміріміздің жалғасы, еліміздің қорғаны, тірегі болыңдар.

Сенде бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тапта , бар қалан» деп, бүгінгі бүлдіршін балаларымыз қорғанымызға кірпіш болып қалана берсін деген тілекпен оқу қызметімізді аяқтаймыз.
Отан туралы ән орындалады.

Көрікті шырша

Оқу қызметінің мақсаты

Қыс мезгіліндегі мерекелер жайлы білімдерін кеңейту; шырша туралы білімдерін толықтыру, табиғатта өзін ұстаудың қарапайым ережесін қалыптастыру; сурет бойынша әңгіме құрастыру арқылы ойлау қабілеттерін, тілін дамыту; өсімдіктер әлеміне сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөйлемде "безендіреміз", "қылқанды", "бұтақша", "бүдір" сөздерін пайдалану

Әдіс-тәсілдер

Бейнежазбаны, аудиожазбаны тыңдау, шаттық шеңбері, түсіндіру, көрсету, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, бақылау, пысықтау, ойын, тәжірибелік әрекет

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Шыршаның суреті, макеті, орманның суреті, орман, егістік, бау-бақша бейнеленген үлкен карталар, өсімдіктердің суреттері.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына қарай өсімдіктердің суреттері, жасыл орамалдар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қуаныш шеңбері. "Қоршаған өмір әлемі".
Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады.

- Менің қолымда ерекше жасыл түсті мойынға тағатын орамал. Өзін табиғаттың досы деп санайтын адам ғана оны ала алады.
- Маған көмекші болғыларың келе ме?
Сендерге мен жасыл түсті мойынға тағатын орамал дайындап қойдым. Кәне, бір-бірлеріңмен сәлемдесіңдер!
Қоршаған өмір әлемі,
Не деген көркем, әдемі!
Сол сұлулықты сақтайық,
Мадақтайық, мақтайық!
Балалар бір-бірімен, педагогпен амандасады.
Педагог балаларды жарты шеңберге орындықтарға отырғызады.

1.2. Жұмбақ жасыру.
- Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырғым келеді.
Аяз қысып,өрнек сызып,
Терезені торлайды
Кейде ұлып,кейде ысқырып,
Ұйытқып боран соғады.
Қарға омбығып,бет домбығып,
Сырғанап жастар ойнайды.
Бөбектерім, айтыңдаршы,
Бұл қай кезде болады? Қыс мезгілінде

Сурет бойынша әңгімелесу:
- Дұрыс, қыс мезгілі. Қалай ойлайсыңдар, неге «қыстың қамын жаз ойла», «мұрныңды аяздан сақта» деп айтады?
- Балалар, айтыңдаршы, қыста қандай өзгерістер болады? Суытады, қар жауады.
- Қыс қандай болады? Суық, боран соғады.
- Қыс мезгілі сендерге ұнайды ма? Балалар өз ойларын айтады.
- Неге ұнайды? Балалар өз ойларын айтады.
- Сонымен қатар, қыс мезгілі балалардың сүйікті қысқы ойындарының мезгілі.
- Қыста балалардың қандай сүйікті мерекелері болады? Балалар өз ойларын айтады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Бейнежазба көрсету.
Педагог балалардың назарын интерактивті тақтадағы аударады.

- Қыста қандай мереке болады? Жаңа жыл мерекесі.
- Сендер жаңа жыл мерекесін жақсы көресіңдер ме?
- Неге? Балалар өз жауаптарын айтады.
- Ал жаңа жыл мерекесінде не міндетті түрде болу керек? Шырша мен сыйлықтар.
- Оны білу үшін мен сендерге жұмбақ жасырамын:
Жасыл тонның бояуы,
Жыл он екі ай тозбайды.
Дің, бүршіктер, сояуы,
Қысқы аязға тоңбайды.
- Бұл не, балалар?
- Дұрыс, шырша.
Педагог балалардың назарын үстелдің үстіне орамалмен жабылып тұрған шыршаны.

2.2. Педагог балаларға ақын Есентай Ерботиннің «Шырша» өлеңін мәнерлеп оқиды.

Жасыл шырша төрдегі,
Дейді: «Бәрің көр мені!»
Кеткен әсем құлпырып,
Ойыншықтар тұр тұнып.
Түрлі – түсті шамдары,
Түнде ғажап жанғаны.
Көргендерді елітеді,
Керемет бір ертегі.
Педагог балаларға өлеңнің мазмұнын ашып түсіндіреді.

- Мына өлең не туралы?
- Шыршаның түсі қандай?
- Балалар, қалай ойлайсыңдар, неге "керемет бір ертегі" деген?
- Сендер үйлеріңде шыршаны безендіресіңдер ме? Балалардың жауаптары.
- Шыршалар қайда өседі? Орманда.
- Олай болса, мен сендерді орманға шақырамын. Әдемі шыршаларды тамашалайық.

2.3. Сурет бойынша жұмыс.
Педагог балалардың назарын интербелсенді тақтадағы суретке аударады.

- Ағаштар қайда өседі? Орманда өседі.
- Орман дегеніміз не? Орман - ағаш өсімдіктермен қапталған Жер бетінің бөлігі. Орман бүгінде Жер бетінің 9,4 пайызын (немесе құрлықтың 30 пайызын) алып жатыр. Дегенмен кезінде ол бұдан да көп жерді алып жататын (құрлық шамамен 50 пайызын).
- Шыршалар өсетін орманды қандай орман дейміз? Қарағайлы орман.
- Қарағайлы орман – қарағай өсетін мәңгі жасыл қылқан жапырақты орман алқабы. Балалар өз жауаптарын айтады. Педагог жауаптарын толықтырады.

2.4. Бақылау жұмысы.
Педагог балаларға шырша мен қарағай қылқан жапырақтарымен бақылау жұмысын жүргізуді ұсынады.
Керекті құралдар: шырша.

- Осы шыршаға ұқсас тағы қандай ағаш бар? Қарағай.
- Ұқсастығын қалай анықтауға болады? Оның ұқсастығын хош иісі арқылы анықтаймыз.
Педагог балаларға демалу гимнастикасын орындауды ұсынады.

- Бұтақшаларды қолдарымен ұстап көріңдер.
- Нені байқадыңдар?

- Шыршаның діңі бүдір ме, әлде жұмсақ па?

- Шыршада не көп?
- Шыршаның бұтақшаларында не бар?
- Инелер қандай?
- Шырша қылқан жапырақты ағаш. Шырша таулы аймақтарда, орманды үлкен қалаларда өседі. Шыршалар биік, орташа, аласа болады. Міне қарағайдың жапырағы қылқан деп аталады, жіңішке ине тәрізді .Тұқымын бүршік деп атаймыз, олар жерге түсіп-өніп өседі екен. Сонымен қатар қарағай ағашы өте ақырын жылдар бойы өседі, күзде оның бүршіктері үлкейген кезде жинап одан әр түрлі дәрі-дәрмек жасайды. Ағаштар біздің табиғатымызды тазартып турады. Шыршаларды кесуге болмайды. Олар ауамызды тазартып, табиғатымызға көрік беріп тұрады.

2.5. Сергіту сәті.
Педагог балаларға сергіту сәтін орындауды ұсынады.

Орнымыздан тұрайық,
Әдемі шырша болайық,
Балдырғандар билесе,
Шыр көбелек айналып,
Бой сергітіп алайық.
Балалар 2 рет орындайды.

2.6. Тыныштық сәті.

- Баяу музыка әуенімен көзімізді жұмамыз. Көз алдымызға жасыл шыршаны елестетеміз. Қолымызға түрлі ойыншықтарды алып, шыршаға іліп жатырмыз. Шыршамыз жарқырап кетті. Қандай әдемі шырша! Көзімізді ашайық.
Балалар өз ойларын айтады.

2.7. Көркем сөз.
Педагог Егеухан Мұқамәдиқызының "Шырша" өлеңін айтуды ұсынады.
Шыршаға
Топ-топ бала
Жеттік түгел асығып.
Әуен ойнап,
Әнші сайрап,
Күміс шашу шашылып.
- Өлең жолдарында не туралы айтылған? Балалар өз ойларын білдіреді. Педагог балалардың жауаптарын толықтырады.

2.8. "Қайда не өседі?" дидактикалық ойыны.
Керекті құралдар: пейзаждар салынған үлкен карта, өсімдіктердің суреттері.
Мақсаты: балалардың өсімдіктер жөніндегі білімін бекіту, заттардың арасында кеңістіктік байланыстарын қоя білу дағдыларын дамыту, өсімдіктерді өсетін жерлеріне байланысты топтастыру.
Мақсаты: Орман, егістік, бау-бақша бейнеленген үлкен карталардағы бос тор көздерді кім өсімдіктердің суреттерімен жылдам толықтыратыны бойынша жарысу.
Ойын барысы: Ойынға қатысушылардың әрқайсысына түрлі пейзаждар салынған үлкен карта таратып беру, кішкене карточкалар қорапта жатады. Жүргізуші белгі бергенде балалар үлкен карточкалардағы суреттерге сәйкес келетін кішкентай карточкаларды табады. Бос тор көздерді жылдам жауып, өсімдіктерді дұрыс атаған бала жеңеді. Балалар карталарын ауыстырып, кішкене карточкаларды араластырады да, ойынды жалғастырады. Ойынға қызығушылықты арттыра түсу үшін өсімдіктердің жаңа түрлері берілген карточкаларды қосып отыру керек.
Педагог тапсырманың сапалы орындалуына көңіл аударады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Бүгін біз не туралы әңгімелестік? Қыс туралы.
- Қыста қандай мереке болады? Жаңа жыл мерекесі.
- Жаңа жылда нені безендіреміз? Шыршаны безендіреміз.
- Шырша қандай ағаш? Шырша қылқан жапырақты ағаш.
- Шыршаның түсі қандай? Шыршаның түсі жасыл.
- Шырша қайда өседі? Шырша таулы аймақтарда, орманда, үлкен қалаларда өседі.
- Шыршаға ұқсас ағаштарды атап бере аласыңдар ма? Қарағай.
- Ағаштарды неге кесуге болмайды? Өйткені олар ауамызды тазартып, табиғатымызға көрік беріп тұрады.
- Ал Жаңа жыл мерекесіне қандай шыршаны қоюға болады?
Жаңа жылдық шырша - қыста тойланатын Жаңа жыл мейрамының негізгі нышаны. Мерекені шаршасыз елестету мүмкін емес. Қазіргі күні жасанды шыршалардың да түрі көп. Бір күндік мерекеге табиғи шыршаны кесіп акеліп, безендіргеннен біздің ұтарымыз жоқ. Сол себептен жасанды шаршаларды пайдаланғанымыз жақсы болар. Адамдардың көбі жаңа жылдық шыршаның жасанды не табиғи екеніне мән бермейді. Сондықтан табиғатқа зиян келтірмей, жасанды шыршамен де мерекені өткізуге болады.
- Келе жатқан Жаңа жылымыз құтты болсын!

Ғажайып сыйлықтар

Оқу қызметінің мақсаты

Кітап - сарқылмас рухани қазына дей келе, білімнің кітап арқылы берілетін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру; кітапқа деген қызығушылықтарын арттыру, балалардың қағаз туралы түсініктерін бекіту, қағаздың қасиеттерімен таныстыру; балалардың ойлау қабілетін дамыту; білімге деген құштарлығын арттыру, кітапты күтіп ұстауға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөйлемде "картон", "тегіс", "тығыз", "бұдыр", "жылтыр" сөздерді пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Бейнежазбаны, аудиожазбаны тыңдау, шаттық шеңбері, түсіндіру, көрсету, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, бақылау, пысықтау, ойын, тәжірибелік әрекет, сұрақ-жауап, әңгімелеу, ойын, көрнекілік.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интерактивті тақта, кітап көрмесі, Аяз атаның сыйлықтары салынған сурет, шыны, ойыншық, қағаз парағы, су құйылған екі стақан, қасық, сүрткіш, қағаздан жасалған лента, матадан жасалған лента, газеттер, ұзын сызғыш.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына қарай жұлдызшылар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қуаныш шеңбері. "Ғаламшар, қарсы ал сәлемді".
Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады.
Педагог бөлменің ортасына жұлдызшаларға толы себетті қояды.
- Ал бізді қазір ғажайып сыйлық күтіп тұр.

- Себеттің ішінен не көріп тұрсыңдар? Балалар педагогпен бірге себетке қарайды. Балалардың жауаптары.
- Шынымен де, бұл өте ерекше себет. Оның ішінде жатқан жұлдызшаларға қараңдаршы. Олардың пішіні, түр-түсі әр-алуан. Бұл біреудің бізге берген сыйлықтары.
- Енді бәріміз қосылып, дауыстап қайталайық:
Ғаламшар, қарсы ал сәлемді,
Самғаймыз кезіп әлемді.
Қабыл ал шын жүректен
Балалар менен қыздардың
Махаббатына толы сәлемді!
- Балалар, себеттен түрлі-түсті жұлдыздарды уыстап алып, «Шашу!» деп айтылғанда жұлдызшалардан шашу шашыңдар.
Балалар педагогтың айтқанымен жұлдыздардан шашу шашады.
Педагог балаларды жарты шеңберге орындықтарға отырғызады.

1.2. Жұмбақ жасыру.
- Балалар, сендерге жұлдызшалар ұнады ма?
- Қалай ойлайсыңдар, оларды бізге кім сыйға тартты? Балалар өз ойларын білдіреді.
- Жұлдызшаларды кім сыйлағанын білу үшін мен сендерге жұмбақ жасырамын:
Ақсақалды шал жылына
Бір-ақ рет келіп кетеді.
Қызы мен ұлына
Сыйлық алып келеді.

Ол кім, балалар? Аяз ата.

- Аяз ата қашан келеді? Жаңа жылда келеді.
- Аяз ата балаларға не береді? Сыйлықтар береді.
- Балалар, Аяз атаның сендерге дайындаған сыйлықтары көп. Оларды табу үшін Аяз атаның тапсырмасын орындайық.
Балалар қуана келіседі.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Бейнежазба көрсету.
Педагог балалардың назарын интерактивті тақтадағы аударады.

- Балалар Аяз Атамыз қабына салып түрлі сыйлықтарда дайындауда.
- Осы сыйлықтардың ішінде не болу мүмкін?
Балалардың болжамдарын тыңдау.
- Олай болса, Аяз атаның бірінші тапсырмасы - жұмбақтар шешу.
Педагог балаларға жұмбақтар жасырады.
Сансыз ойлар бетінде,
Сайрап жатыр бар тілде.
Қажетпін мен әр күнде,
Өшпейді бір әрпім де.
- Бұл не? Қағаз.
- Балалар, айнала топқа қараңдаршы, қағаздан не жасауға болады? Балалар өз ойларын айтады.
Қабат-қабат қатталған,
Асыл сөзбен апталған.
Парағы бар сөйлейтін,
Ол қазына өлмейтін. Кітап.
- Жақсы, балалар, Аяз атаның тапсырмасын да орындадық. Аяз атаның сыйлығы кітап болды.

2.2. Педагог балаларға "Ертегілер әлемінде" кітаптарын сыйға тартады.
- Балалар, Аяз атаның сыйлықтары ұнады ма? Балалар өз ойларын айтады.
Педагог балалардың назарын интербелсенді тақтадағы суреттерге аударады.

- Балалар, қазір біз кітапханаға саяхат жасаймыз.
- Суретте не көрдік?
- Білімді неден аламыз?
- Біздің топта да кітаптар бұрышы бар.
- Кітапты неге теңеуге болады?
- Қандай кітаптар сыйлауға болады?
- Балалар, мен Мұзафар Әлімбаев атамыздың мына сөзін айтқым келеді:
Кітап та алма ағашы,
Жемісін біздер теретін.
Тәтті алмаға балашы
Кітабыңның әр бетін.
- Сендерге сыйлық ұнады ма? Кітап – бағалы сыйлық.
Кітап - асыл қазына. Кітапты ең жақсы сыйлық ретінде қабылдайтын адамдар қазір де кездеседі. Кітапты туған күнге де, мерекеге де, балаға да, үлкенге де сыйлауға болады. Достарыңа энциклопедиялар, көркем әдеби кітаптар сыйлауға болады. Кітап қай заманда да болсын өте жақсы сыйлық болып қала бермек.

2.3. Бейнежазба көрсету.
Педагог балалардың назарын интербелсенді тақтадағы бейнежазбаға аударады.

- Балалар, бейнежазбадан не көрдіңдер?
- Кітап неден жасалынады? Қағаздан.
- Қағаз неден жасалынады? Ағаштан.
- Адам өмірін қағазсыз елестету мүмкін емес. Себебі, барлық жерде түгел дерлік қағаз түрі қолданылады. Жаңалықтарды түрлі қағаз беттерінен оқимыз. Сауда жасасақ қағаз ақшаны пайдаланамыз. Кез-келген мекемеге барсақ та, әр-түрлі қағаздарды кездестіреміз.

- "Кітап – бағалы сыйлық" дегенді қалай түсіңесіңдер?
- Кітап оқығанды жақсы көресіңдер ме?
- Үйде кітаптарың бар ма?
- Қандай кітаптар?
- Оларды сендерге кім оқып береді?
- Кітап оқу - білімге ұмтылысты, адамның өзін тануын білдіреді. Кітап оқитын адам ақыл-парасат, таным, білім, мәдениеттілігімен ерекшеленеді. Кітап – ең жақсы сыйлық. Кітапты кішкентай демеңдер, оның ішінде үлкен дүние жатқанын біліп жүріңдер.

2.4. Суретпен жұмыс.
Педагог балаларға ағаштардың суреттерін ұсынады.

- Ағаштар қайда өседі? Орманда өседі.
- Ағаштардың қандай маңызы бар? Жасыл ағаштар ауаны тазартады, табиғатқа көрік беріп тұрады, ағаштан жиһаздар, үй және қажетті заттар жасайды.
- Балалар, ағаштан қағаз жасалады. Ал қазір қағаз және оның қасиеттері туралы әңгімелесеміз. Сендердің алдарыңда қағаздың үлгілері жатыр, соған зер салып қараңдаршы, қағаз қандай болады екен? Жұқа, тығыз, тегіс, ақ қағаз, түрлі - түсті қағаз.
- Жарайсыңдар, балалар, Маша. Олай болса, тәжірибе арқылы қағаздың қасиеттерін білеміз

2.5. Тәжірибелік әрекет.
Педагог шынымен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасының жалпы ережелері туралы нұсқаулық береді.
Тәжірибе №1.
Керекті құралдар: шыны, ойыншық, қағаз парағы.

Барысы:
Педагог ашық түсті ойыншықты алып, оны үстел үстіне қояды. Алдымен педагог шынының алып, балалар сол арқылы ойыншықты қарайды.
- Біз ойыншықты неліктен көріп тұрмыз? Өйткені шыны мөлдір.
- Енді шынының орнына қағаз парағын аламыз.
- Қағаз арқылы ойыншық көрініп тұр ма? Жоқ. Өйткені қағаз мөлдір емес.
- Бұл қағаздың қасиеті.
- Балалар, қағаз қандай?
Қорытынды: Қағаз мөлдір емес.

2.6. Тәжірибе №2.
Керекті құралдар: су құйылған екі стақан, қасық, сүрткіш.

Барысы: Қазір екінші тәжірибені жүргіземіз. Үстел үстінде ішінде су құйылған екі стакан тұр.
- Бірінші стаканға металл қасықты, ал екінші стаканға қағаз сүрткішті (салфетка) саламын.
- Қасық салған стаканда не байқадыңдар? Ештеңе.
- Ал сүрткіш қағазымызға не болды? Ол толығымен ылғалданды.
- Балалар, сендер қалай ойлайсыңдар, жаңбырлы күні қағаздан жасалған қолшатырмен көшеге шыға аламыз ба? Жоқ.
- Неге? Өйткені қағаз қолшатырдан су өтіп кетеді. Бұл қағаздың екінші қасиеті. Балалар, қағаз қандай?
Қорытынды: Қағаз тез ылғалданады, яғни су өткізеді.

2.7. Тәжірибе №3.
Керекті құралдар: қағаздан жасалған лента, матадан жасалған лента.

Барысы:

Педагог балаларға ленталарды көрсетеді.
- Менің қолымда екі лента бар.
- Олар неден жасалған? Ұстап көріңдер. Біреуі қағаздан, ал екіншісі – матадан жасалған.
- Қазір екі қыз шығып, осы ленталарды қуыршақ Машаның шашына байлайды. (балалар шығып орындайды).
- Не болды? Мата лента байланады, ал қағаз лента байланбай, жыртылып қалады. Бұл қағаздың үшінші қасиеті.
- Қағаз қандай?
Қорытынды: Қағаз оңай жыртылады.

2.8. Тәжірибе №4.
Керекті құралдар: газеттер, ұзын сызғыш.

Барысы:
Үстелге сызғышты қоямыз, бірақ жарты сызғыш үстелден шығып тұруы керек.
- Газетті бірнеше рет орап, оны сызғышқа қоямыз, үстелден шығып тұрған сызғышпен қатты соғамыз. Газеттер үстелден ұшып кетеді.
- Ал енді газетті ашып, сызғыштың үстіне жауып, сызғышты соғамыз. Газет кішкене көтеріледі, бірақ ешқайда ұшпайды.
- Мұнда не сиқыр бар?
- Неге? Барлық заттар ауа қысымын сынайды. Заттың көлемі үлкен болған сайын оның қысымы да ауыр болады.
Қорытынды: Газеттің (қағаздың) енді неге сондай қатты болғаны анық.
Педагог тәжірибелік әрекет барысында қосымша сұрақтар қояды, балалардың жауаптарын толықтырады.
- Балалар, бүгін мен сендермен тәжірибе жасап, қағаздың кейбір қасиеттерімен таныстыңдар.
- Балалар, қағаздың тағы да қандай қасиеттерін білесіңдер? Қағаз отқа жақсы жанады, оның иісі жоқ, оған сурет салуға, жазуға болады.

2.9. Педагог балаларға кітап туралы тыйым сөздерді айтып, мағынасын түсіндіруді сұрайды.

Кітап - алтын қазына.
Кітап - көзі жұмыққа арзан,
Көзі ашыққа маржан.
Жақсы кітап - жан азығы.
Кітап оқығандікі,
Білім тоқығандікі.
Кітап — алтын сандық,
Іші толған қазына, құт.
Оқы, оқы, ойыңа тұт.
Педагог сөздердің мағынасын түсіндіреді.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Бүгінгі оқу қызметі ұнады ма? Балалар өз ойларын айтады.
- Не ұнады?
- Аяз ата қандай сыйлықтар берді? Жұлдызшалар, кітап.
- Қонаққа не келді? Қуыршақ Маша.
- Кітапты неден жасайды? Қағаздан жасайды.
- Қағаздың қандай қасиеттерімен таныстық?
- Неге кітапты бағалы сыйлық дейді?
- Кітапты қалай ұстау керек? Кітапты бүктеп, жыртып бүлдіруге болмайды. Өйткені әр кітап Отан байлығы, аға-апаларымыздың маңдай тері.
Кітапты құрметте,
Қаптап ұста кірлетпе.
Кішілерге табыс ет,
Дақ түсірмей бір бетке.
Кітап адам өмірінде аса маңызды рөл атқарады. Кітапты әрбір адам ұстап оқуға құқылы

Туған өлкедегі қыс

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін нақтылау, қыс мезгіліне тән белгілерді білу және таба алуға үйрету; қыс мезгіліндегі жануарлар өміріндегі өзгерістер туралы түсініктерін тиянақтау; адамның қысқы еңбегі туралы білімдерін бекіту; балалардың табиғатқа деген қамқорлық қарым-қатынасын ынталандыру және қолдау.

Сөздік жұмыс

Сөйлеуде "сықырлауық", "жалтыр", "шаңғы", "коньки", "хоккей" сөздерді пайдалану

Әдіс-тәсілдер

Шаттық шеңбері, ғажайып сәт, түсіндіру, көрсету, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, тәжірибелік әрекет бақылау, пысықтау, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Қыс мезгілі туралы суреттер, қиылған дайын дөңгелектер, желім, үлгі, интерактивті тақта, аудиожазба, мнемокесте.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қуаныш шеңбері. "Армысың!"
Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады.

Балаларға саусақ жаттығуларын айтуды ұсынады:
Армысың, ардақты Аспан-ата!
Армысың, мейірімді Жер-ана!
Армысың, шұғылалы алтын күн!
Күліп шықты күн бүгін.
Қайырлы таң қайырлы күн
Қуанатын күн бүгін!
Балалар бір-бірімен амандасады.
Педагог балаларды жарты шеңберге отырғызады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Әңгіме- жұмбақ айту.
Балалардың назарын интерактивті тақтаға аударады.
"Сықырлаған қыс" бейнежазбасы көрсетіледі.

«Аспанды сұр бұлт қаптап, жерді ақ ұлпа қар басты. Жолдар аппақ болып, өзендерге мұз қатып, айнала ертегідей тыныштыққа бөленді.Қарағайлар мен шыршалар қардан тон киді. Күннің суығына қарамастан балалар шана, коньки теуіп, қар атысып ойнап жүр».
- Қай мезгіл туралы айтылған? Қыс мезгілі.
- Оны қайдан білдіңдер? Қыстың ерекшеліктері көрсетілген.
- Ағаштар киген тон не деп ойлайсыңдар? Қар.
- Қыста ауа райында тағы қандай өзгерістер болады? Жерді қар басады. Өзенді мұз басады. Құстар ән салмайды. Ағаштар өспейді. Жәндіктер тығылып қалады. Адамдар қалың киінеді.
- Жарайсыңдар, балалар! Қыстың ерекшеліктерін жақсы айтып бердіңдер.
- Мен сендерді қысқы табағатты тамашалауға шақырамын.

2.2. Релаксация.

- Балалар, бір сәт өзімізді сыртта, таза ауада тұрғандай елестетейік. Көзімізді жұмайық.
- Айнала қандай?
- Қар қандай?
- Ал мұз ше?
- Ауа қандай?
- Терезелерде не бар?
- Қыс қандай болады?
- Қыста аулада қай құсты кездестіруге болады?
- Яғни, мұның барлығы қай кезде болады? Балалардың жауабы.
- Қазір қыстың нағыз ортасы. Бұл мезгілді "сықырлауық" қыс немесе "жалтыр" қыс деп те атайды. Айнала ақ көрпеге оранып, тап-таза күйге енеді. Ал біз болсақ, қыстан, аяздан қорықпаймыз. Жылы киініп, шанамен сырғанап, шаңғы тебеміз, аққала соғамыз.

2.3. Жұмбақ жасыру.
Педагог қонақ келгенін хабарлайды.
- Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр, шешесіңдер ме?
Шелек қалпақ басында,
Сәбіз екен танауы.
Қыста қардан туатын,
Тауып көрші сен оны.
- Бұл не? Аққала.
"Қыс қызығы" сурет бойынша жұмыс.

- Бұл суреттің аты "Қыс қызығы".
- Қалай ойлайсыңдар, неге осылай аталады?
- Басқа қандай ат қоюға болады? Балалар өз ойларын айтады.
- Суретте не бейнеленген? Балалар ойнап жүр.
- Аққала қандай геометриялық пішіндерден құралған? Дөңгелектерден.
- Аққаланың түсі қандай? Аппақ.
- Аққаланы неден жасаймыз? Қардан.
- Аққаланың көзі, мұрны, аузы қандай?
- Басында не бар? Басында шелегі бар.
Балалар әңгіме құрастырады.
- Күні бойы аппақ ұлпа қар жауды. Балалар аққала соғуды шешті. Ұлдар аққаланың денесін соқты. Қыздар қара көмірден көздерін, сәбізден мұрынын жасады. Аққаланың басына ескі шелек кигізді. Қолына сыбыртқы ұстатты. Тамаша аққала шықты!
- Аққала туралы кім өлең біледі?

2.4. "Балалар аққала соғады" мнемокестемен жұмыс.
Педагог балаларға мнемокесте бойынша аққала туралы өлең жаттауды ұсынады.
Қар жауғанда топ бала,

Соқты келіп аққала.

Мұрны сәбіз, үп үшкір.

Көзі көмір, қап қара.

Көне шелек басында,

Сыпырғышы қолында.

Мұз айдынға ойнауға

Келгендей ақ ол мұнда.

Балалар өлең сөздерін мнемокесте арқылы қайталайды, жаттайды.

2.5. Сергіту сәті.
Педагог балаларға сергіту сәтін орындауды ұсынады.

- Балалар, шаршадыңдар ма? Олай болса сергіту жаттығуын жасайық!
Боран соғар оң жақтан,
Боран соғар сол жақтан.
Қар лақтырып ойнасақ,
Су болады қолғаптар.
Балалар сергіту жаттығуын 2 рет орындайды.

2.6. Сөздік ойындар.
Педагог Аққаланың тапсырмаларын орындауды ұсынады.
1-тапсырма: «Ғажайып баспалдақ»
Мақсаты: Мына сөздері қатыстырып, екі жол өлең құрастыру.
1.Бар, қар.
2.Ойнады, тоңбады.
3.Мұз, біз.
Балалар педагогтың көмегімен өлең құрастырады.
2-тапсырма: ""Сөйлемді аяқта""
Мақсаты: Сөйлемдерді жалғастыру.
Қырау басқан .....(терезе, ағаштар).
Балалар аққала.....(соғады).
Қар жапалақтап .....(жауып тұр, жауады).
3 тапсырма: "Ұқсастығын тап"
Мақсаты: Сөздерге ұқсастығын табу.
Мұз не сияқты жылтыр?
Қар не сияқты ақ?
Педагог балаларды мадақтайды.

2.7. Көркем сөз.
Педагог балаларға Кәдірбек Құныпияұлының "Сырғанақ" өлеңін оқиды.
Айналаны әппақ қып,
Түнде қар мол жауыпты.
Қыр үстінде топ бала
Салды сайран-сауықты.
Сырғанаққа айналды
Төбе басы, тау үсті.
Шана тайып, құласа –
Дос құшақтар қауышты.
Сырғанаса бірақ та
Мәшинелер қауіпті!
- Мына өлең жолдарында не туралы айтылған?
Балалар өз ойларын білдіреді. Педагог балалардың жауаптарын толықтырады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Бүгінгі оқу қызметі сендерге ұнады ма? Балалар өз ойларын айтады.
- Қазір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілі.
- Қыстың қандай ерекшеліктерін білесіңдер? Балалардың жауаптары.
- Қыста қандай ойындар ойнайсыңдар? Сырғанақ тебеміз, аққала соғамыз.
- Аққаланы біз неден жасаймыз? Қардан жасаймыз.

- Аққаланың түсі қандай болады? АҚ түсті.
- Денесі қандай геометриялық пішіндерден құралған?
Аққала балаларға сұрақтар қойып, ойнайды:
-Көңіл-күйіміз қандай? Тамаша!
- Қыс мезгілі қандай? Тамаша!.
- Ауа райы қандай? Тамаша!
- Қысқы ойындар қандай? Тамаша.!
Аққала: Балалар, сендермен көңілді. Бірақ маған тез далаға шығу керек, әйтпесе мен еріп кетуім мүмкін.

Ақ ұлпа қар

Оқу қызметінің мақсаты

Қар жайлы білімдерін кеңейту, қардың қасиетін тәжірибе арқылы аша отырып, өзгеріске түсетінін түсіндіру; оның негізгі ерекшеліктерін нақтылай дәлелдей білуге үйрету; өз ойларын толық жеткізе білуге дағдыландыру, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту; табиғатқа қамқорлық қатынасты тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөйлеуде "қар", "суық", "ақ", "жұмсақ", "жылтыр" сөздерді пайдалану

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, бейнежазба көрсету, көркем сөз, қарды зерттеу, өздік іс-әрекет, оқу қызметін пысықтау, көрсету, қайталау, практикалық жұмыс, бақылау, рефлексия, ойын, шығармашылық әрекет

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интерактивті тақта, аудиожазба, күз мезгілінің суреттері, ұн, қар, мақта, қант, балмұздақ, қатық.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына қарай шыны ыдыстар, алжапқыштар, қалпақтар, қалыптар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қуаныш шеңбері. "Доспын енді сенімен".
Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады.

- Сәлеметсіңдер ме, балалар! Қандай керемет таң! Бір-бірімізді көңілді әрі үлкен қуанышпен қарсы алу үшін мен сендерді шаттық шеңберіне шақырамын. Өйткені біздің шеңберімізге әрқашан да нағыз шынайы достар жиналады. Қол ұстасып, айтайық:
Ән салуға барамыз,
Досымызды табамыз.
Сәлемет пе! Міне, мен!
Доспын енді сенімен.
Балалар бір-бірімен құшақтасады.
Педагог балаларды жарты шеңберге отырғызады.

1.2. Ғажайып сәт.
Педагог топқа алдын ала ұлпа қарларды іліп қояды.
- Балалар, жоғары қарайықшы, не көріп тұрмыз?
- Қалай ойлайсындыр, олар шың ұлпа қарлары ма?
- Ал шың қарды қай кезде, қайда көруге болады?
Педагог А.Асылбековтің қыс өлеңін оқып береді.
Қандай суық қыс деген?
Қалтырайды құс деген.
Құлақшынды кимесең,
Құлағыңды тістеген .
Қандай қызық қыс деген?
Бәрін шебер істеген.
Жерде, үйде, тауларда,
Боялған ақ түспенен.
Балалардың назарын интерактивті тақтаға аударады.
Балаларға қардың жерге түскен туралы бейнежазба көрсетіледі.

Қыс туралы әңгімелеу.
- Әр мезгілдің өзіне тән ерекшеліктері бар. Қыс мезгілі өзінің аппақ ұлпа қарымен өте әдемі. Қыс мезгілі басталмай ақ күз айларында мақта секілді аппақ қар жердің бетін жаба бастайды. Сол алғашқы қар адамға ерекше әсер етеді. Ең алғаш түскен қар қыстың басталу нышаны сияқты. Дегенмен тез ериді және жер бетінде ұзақ тұрмайды. Алғашқы қардың өзі бір мезгіл сияқты, қашан деген сұраққа алғаш қар жауғанда деген жауап алып жатамыз.
- Балалар, күн суытып, қар жауса да жүректеріңіздегі көктем мен жылулық өшпесін.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог балалардың қар туралы не білетіндігін анықтау, белсенділігін арттыру үшін "ой толғаныс" әдісі бойынша жұмыс ұйымдастырады.

"Ой толғаныс" әдісі.
Көлге жапқан қақпақ,
Сіресіп тұр, қатты-ақ.
Қолы жоқ, сурет салады,
Тісі жоқ, тістеп алады.
Өзі аппақ болады,
Ұстасаң қолың тоңады.
- Бұл не, балалар? Қар.
- Сендер далаға шыққанда, қарды қолдарыңмен ұстап көрдіңдер ме?
- Қар қандай екен? Қардың түсі ақ, суық, қолымызбен ұстасақ, ол еріп кетеді, демек ол жылыдан еріп суға айналады.
- Жауып тұрған қарға алақанымызды тоссақ, ол алақанымызда ақ ұлпа болып көрінеді.
- Балалар, бір-бірімізге қарайықшы, қандай өзгерістерді көріп тұрсындар?
- Бүгін біз сендермен жай алжапқышты киген жоқпыз, өйткені біз қар жайлы көптеген қызықты мағлұматтар білетін боламыз. Кеше біз сендермен бірге ыдыстарға қар салып қойдық, енді ол қармен не болды, соны барып көрейік. Мен сендерге менімен бірге зертханаға баруды ұсынамын.

2.2. "Неге ұқсайды?" дидактикалық ойыны.
Педагог "ассоциация" әдісі бойынша қардың неге ұқсайтынын анықтайды.
Керекті құралдар: мақта, ұн, қант, балмұздақ, шоколад, қатық.
Барысы:
Үстелде әртүрлі заттар жатады. Балалар бір-бірден үстелге келіп, өздерінің ойынша қарға ұқсас затты алып, не себептен қарға ұқсатқанын айтып береді. Және сол затты қардың жанына қояды.
- Қалай ойлайсыңдар, қар неге ұқсайды? Мақтаға, ұнға, қантқа ұқсайды.
- Ұқсастығын дәлелдеңдер. Балалар өз ойларын білдіреді.
Педагог тапсырманың сапалы орындалуына көңіл аударады.

2.3. Тәжірибелік әрекет.
Педагог балаларды табиғат бұрышына шақырады. Керекті құралдар: ыдысқа салынған қар.
Тәжірибе жасау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталайды.
Қауіпсіздік ережелері:
1. Мұздан сақ болу керек. Мұзды лақтыруға болмайдыі.

2. Мұзды ауызға салып жеуге немесе соруға болмайды. Ол кір әрі суық.

3. Мұзды жермен ақырын жүру керек.

Барысы:
Әр бала қармен ыдысты таңдап алады.
- Қардың түсі қандай?
- Қар неге ұқсайды?
- Біраз қарды қолдарыңа ұстап көріңдер.
- Не сездіңдер?
- Ендеше осы қармен тәжірибе жасап көрейік.
- Қарды қолға алғанда, оған не болды? Қар еріді.
- Енді, балалар, мен суды арнайы ыдысқа салып, тоңазытқышқа қойямын.
Педагог балаларға мұзды көрсетеді.

- Су неге айналды? Түрлі пішінді мұзға айналады.
- Мұзды немен салыстыруға болады? Неге ұқсайды?
- Мұз пішінің ауыстырады ма? Жоқ.
- Мұзды қалай ертуге болады? Балалар өз ойларын білдіреді.

Педагог қосымша сұрақтар қойып, жұмыс барысын реттейді.

2.4. Сергіту сәті.

Педагог балаларға сергіту сәтін орындауды ұсынады.

- Қолдарымыз тоңды, саусақтарымызға жаттығу жасайық.

Қар ұшады үлпілдеп,
Боран қатты соғады.
Желмен қарды үйеді,
Жолдың бәрін жабылды.
Бізді жолдарды ашамыз,
Қармен ойын ойнаймыз.
Айналаның бәрі қар,
Көз ашырмай аппақ.
Қолғаптарды біз киіп,
Әр саусаққа кигізіп,
Енді суықтанбіз қорықпай.
Ойын ойнайық, алақай.
Алақандарымен шапалақтайды.

2.5. Шығармашылық әрекет.

Педагог балалардың назарын интерактивті тақтадағы бейнежазбаға аударады.

- Балалар, мұздың қалай пайда болатынын бейнежазбадан бақыладық.

Педагог балалардың назарын шыны ыдыстағы суға аударады.

- Балалар, ыдыстарға не құйылған? Су.
- Су қандай? Мөлдірлігі соншалық, оның іші жақсы көрінеді.
- Кім мөлдір суды жақсы көреді?
- Суды қайда қолданамыз? Таза суды ішеміз, тамақ дайындаймыз, ыдыстарды жуамыз, өзіміз жуынамыз.
- Енді біз түрлі-түсті бояу қосып, суды араластырамыз. Енді түрлі-түсті судан түрлі-түсті мұз жасаймыз.
- Мына қалыптарға түрлі-түсті суды құйып, тоңазытқышқа саламыз. Не болғанын келесі күні көреміз.

Педагог балалардың арасынан жауапты кезекшілерді тағайындайды. Табиғат бұрышын реттейді

2.6. Көркем сөз.

Педагог балаларға Қадыр Мырза Әлидің "Қыс" өлеңін айтады.

Әдемі әнші құстар кеп қонатын,
Ауылдың айналасы бақ болатын.
Қыс өзі бүрсеңдеген бала талға
Кигізді үстіндегі ақ халатын.
Алқаптан бір де қара дақ көрінбей,
Ақша қар төңіректі жапты ерінбей.
Әлі де із түспеген әппақ дала
Басталмаған оқушы дәптеріндей.

- Мына өлең жолдарында не туралы айтылған? Балалар өз ойларын білдіреді. Педагог балалардың жауаптарын толықтырады.

2.7. «Салыстыр, неге ұқсайды» дидактикалық ойыны.

Педагог балаларға ойын ойнауды ұсынады.

Қар үлпілдек..... мақта сияқты, ұлпа сияқты.
Қар жұмсақ.... төсек сияқты, көрпе сияқты.
Қар нәзік ... жібектей.
Жел тікенекті.... мұздай.
Жел суық.... шыныдай.
Мұз жылтыр.... жұлдыздай, жалындай, жаңа сауған сүттей.
Ұлпакарлар айналады... мұз сүңгісіндей, балмұздақтай.
Қар ериді... баладай, бүлдіршіндей жылайды.

Педагог балардың жауаптарын толықтырады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Бүгін біз не туралы әңгімелестік? Қыс, қар туралы.
- Қар қай жыл мезгілінде болады? Қыста жауады.
- Қардың қандай қасиеттерін білесіңдер? Балалардың жауаптары.
- Қарға қандай заттар ұқсайды? Балалардың жауаптары.
- Балалар, сендерге бүгін қарды зерттеген ұнады ма? Балалар өз ойларын айтады.
- Бүгінгі оқу іс қызметінде нелерді үйрендік?
- "Ақ қар көп болса, ақ нан көп болады" деген мақалды қалай түсінесіңдер?
- Әрқашан қоршаған ортаны ластамай, оны күтіп, баптап, сүйіспеншілікпен қараңдар!

Жабайы аңдар

Оқу қызметінің мақсаты

Ормандағы аңдардың қысқы тіршілігі, олардың қысқы табиғатқа бейімделуі туралы түсінік беру; балаларды аңдарды сипаттауға, салыстыра білуге жаттықтыру, табиғатқа деген қызығушылықтарын туғызу; есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту; аңдарды қорғауға, оларға қамқор болуға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөйлеуде "жабайы", "апан", "секендеген", "қорбандап", "ырылдайды", "інінде" сөздерді пайдалану

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, суретпен жұмыс, көркем сөз, өздік іс-әрекет, оқу қызметін пысықтау, көрсету, қайталау, практикалық жұмыс, бақылау, ойын

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интерактивті тақта, аңдардың суреттері, қыстырғыштар, диск, қысқы орманның суреті, слайд "Ормандағы аңдар",

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына қарай тапсырмалар, қарындаштар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қуаныш шеңбері.
Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады.

- Балалар, күн суық болса да, біздің жүрегіміз ыстық мейірімге толы. Жылуымызды жан-жағымызға беріп, жылулық шеңберін құрып, бір-бірімізбен амандасайық.
Мейірімділік жүрекпен,

Ақ пейілді тілекпен,
Амандасып алайық.
Бір жадырап қалайық,
- Табиғатпен де амандасайық:
Қайырлы таң, құсқа, аңға да,
Қайырлы таң, жайдары жанға да.
Қайырлы таң алға ассын,
Кешке дейін жалғассын!
Балалар бір-бірімен құшақтасады.
Педагог балаларды жарты шеңберге отырғызады.

1.2. Жұмбақ жасыру:
Шанамен зырғып желетін,
Коньки, шаңғы тебетін,
Аққала жасап ойнайтын,
Қай мезгіл деп ойлайсыңдар, балалар? Қыс мезгілі.

"Сұрақ-жауап" әдісі:
- Қыстың қандай ерекшеліктерін білесіңдер?
- Қыс мезгілінде неше ай бар? Үш ай бар.
- Қандай айлар? Желтоқсан, қаңтар, ақпан.
- Қазір қыс мезгілінің нешінші айы? Қазір қыс мезгілінің екінші айы - қаңтар айы.
- Қыс айлары туралы біз не білеміз? Желтоқсан - жыл аяғы, қыстың басы, ол суық, ызғарлы болады. Қаңтар - жыл басы, қыстың ортасы, ол ең қарлы ай. Бұл айда қатты суық, үскірік аяз болады. Ақпан - жел мен боранның айы. Бұл айда ең ауыр, әрі суық дүлей борандар болады.
Жұмбақ жасыру:
Қыста ғана болады,
Ұстасаң қолың тонады.
- Бұл не? Қар.
- Балалар, айналаның бәрін ақ қар басты. Жерді, тауды, тасты, орманды бәрін қалың қар басты. Ормандағы ағаштардың бәрі ақ көрпеге оранғандай болды. Қысқы орманның, балалар, ауасы таза, табиғаты тамаша болады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. "Қысқы орман" өлеңін айту.

- Балалар, мен қазір сендерге "Қысқы орман" атты өлең оқимын:
Қалғиды қысқы орман,
Мүлгиді қысқы орман,
Айырылып қалған соң,
Жаздағы құстардан,
Ақ желек жамылып,
Көк моншақ тағынып,
Ұйықтайды қысқы орман,
Көктемді сағынып,
Аюы, қояны ұйқыға тояды,
Жел тұрса қысқы орман
Сілкініп қояды.
Педагог сөздік жұмысын жүргізеді: мүлгиді – ұйықтайды,
сілкініп қояды – жел тұрғанда ағаштардың басы қозғалып, басындағы қарлар жерге түседі.
- Міне, балалар өлеңде не туралы айтылып тұр екен?
- Дұрыс айтасыңдар, қысқы орман туралы, аңдары туралы айтылып тұр екен.
- Олай болса, аңдардың ормандағы қысқы тіршілігін бақылайық.

2.2. Педагог балаларға "Ормандағы аңдар" тақырыбында слайд көрсетеді**.**

- Нелерді көріп тұрсыңдар? Қане, кім әңгімелеп береді?
Балалар кезек-кезек ортаға шығып көргендерін әңгімелеп береді.
- Орманда ағаштар өте көп. Қар бәрін басып тастады.
Ақ қоян қардың үстімен жүгіреді. Тиін ағашта секіріп жүр.
Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді, қажетінше балаларға байланыстырып сөйлеуге көмек көрсетеді.

- Балалар, мына суретте қандай жабайы аңдарды көріп тұрсыңдар?
- Оларды неге жабайы аңдар дейміз? Өйткені олар елсіз далада, орман, тау, тоғайда жүреді. Өз азықтарын өздері тауып жейді
- Жабайы аңдардың тіршілігі қыста неге қиындау болады? Өйткені олар қыста тоңады, ашығады.
- Қыста қоянның түсі ақ болады. Ақ қарда қоянды байқау өте қиын, ол қорғаныш қызметін атқарады.
- Түлкі де қардың астынан тышқан іздейді, өтірік өлген болып, қулығын асырады.
- Қасқыр ет іздеп жорытады.
- Аю болса, жаз бойына жинаған майынан қорек алып, қыс бойына ұйқыға кетеді.
- Кірпі болса, күндіз ұйықтап, түнде қорегін аулауға шығады. Кірпі өте сақ, өзіне қауіп төнсе, домалана қалады.
- Кішкентай тиіндер ағаштан - ағашқа секіріп тыным таппайды. Құйрықтары ұзын, жүндері үлпілдек. Адамға бауырмал, оған қолыңмен нан ұсынсаң, ол төменге түсіп алады.
- Жарайсыңдар, балалар! Енді аңдар туралы өлең айтайық.

2.3. Аңдар туралы өлең айту.
1.Мен тиінмін, тиінмін.
Қысқа жылы киіндім,
Қоймам толы жаңғаққа,
Іші жылы үйімнің.

2. Ақ қоян - ау, ақ қоян,
Ұзын құлақ, сақ қоян,
Қаша берсең, орманға
«Қорқағым» деп ат қоям.

3. Түлкі, түлкі құтыңдайсың,
Айналаңнан тың тыңдайсың,
Қанша қулығыңды асырсаң да,
Қасқырдан сен құтылмайсың.

4. Қасқыр орманда жортады,
Аяздан ол қорқады,
Аспанға қарап ұлиды,
Малды ауылдыториды.

5. Кезген ішін орманның,
Мен аюмын қорбаңмын.
Қалың нудан бал таңдап,
Жүремін мен балпаңдап.
- Жарайсыңдар, балалар!

2.4. "Аңдар не жейді?" дидактикалық ойыны.
Педагогта балаларға қыстырғыштармен ойын ойнауды ұсынады.
Керекті құралдар: домалақ диск, қыстырғыштар
Ойынның мақсаты: аңдардың қорегі туралы мәлімет беру, жабайы аңдарды қорғауға тәрбиелеу.
Шарты: Домалақ дискіде аңдардың жейтін тамағы, қиылған аңдардың суреттері қыстырғыштармен жапсырылған. Қыстырғыштағы аңдардың сүретін жейтін тамақтарымен сәйкестендіруді ұсынады.
- Қандай аңдарды көріп тұрсыңдар? Аю, түлкі, қасқыр, тиін, кірпі, тышқан, қоян.
- Олар немен қоректенеді? Балалардың жауаптары.
Әр бала өздеріне ұнаған жануарды таңдап, тапсырманы орындайды. Педагог тапсырманың сапалы орындалуына көңіл аударады.

2.5. Сергіту сәті.
Педагог балаларға сергіту сәтін орындауды ұсынады. Балалар аңдардың қимылын салып, сергіту сәтін орындайды.

Біз орманға барамыз,
Жан - жағымызға қараймыз.
Аю шықты қорбаңдап,
Қасқыр шықты ырылдап,
Түлкі шықты майысып,
Қоян шықты секіріп,
Қорықпаңдар, балалар,

Өз орныңды табыңдар.
Балалар 2 рет қайталайды.

2.6. «Үйшігін тап» дидактикалық ойыны.
Керекті құралдар: аңдардың суреттері.
Барысы: қарындаштар, парақта жануарлар мен олардың үйшіктері.
Педагог аңдардың ормандағы мекендейтін жерлері туралы сұрайды.
- Мына жерде аңдардың үйшіктері, бірақ қай үйшік қайсынікі екен, өздері де шатасып қалыпты, кане көмектесіп тауып беріңдерші?
Тапсырманы әр бала жеке орындайды. Алдарындағы парақта аңдардың суретін үйшіктерімен қарындашпен қосады.
- Ал, енді атап кетейік:

Аю - апанда.

Түлкі - інінде.

Қасқыр - апанда.

Тиін - ағаш қуысында.

Кірпі - інінде.
Педагог қосымша сұрақтар қояды. Әр баланың жұмысына баға береді.

2.7. Жаңылтпаштарды айту.
Педагог балаларға тіл ұстарту жаттығуларды, жаңылтпаштарды айтуды ұсынады:
Ян-ян-ян секеңдеген ақ қоян,
Ю-ю-ю қорбаңдаған аю,
Кі-кі-кі бұл айлакер түлкі
Қыр-қыр-қыр бұл көкжал қасқыр.
Түлкі айлалы аң, айлалы аңға айла пайдалан.
Қыста суық түсті, құлағым үсті, үсті.
Мұз – тұз, тұз - мұз, бәріде тұз бен мұз.
Балалар жаңылтпаштарды жеке-жеке қайталайды.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Балалар, бүгін біз не туралы әңгімелестік? Жабайы аңдар туралы.
- Қандай жабайы аңдарды білесіңдер? Балалардың жауаптары.
- Оларды неге жабайы аңдар дейміз? Олар орманда өмір сүреді.
- Балалар, жануарларды қыстың қатты суық, аязынан не қорғайды? Балалардың жауаптары.
- Қыс мезгілінде жануарлардың тіршілігінде біраз қиындықтар туындайды. Сондықтан, кейбір жануарлар қыста түсін өзгертеді, жылы тон киеді. Кейбірлері қысқы ұйқыға кетеді.
- Балалар, жабайы аңдарға қамқорлық қажет па? Қалай ойлайсыңдар, жабайы аңдарды қорғау керек пе?
- Орманды бақылайтын орманшы болады, олар аңдарды аңшылар келіп, атып кетпесін деп бақылау жасайды.
Орманды мекендейтін қай аң болмасын, біз адамдар қамқоршы болуымыз керек.

Қыстайтын құстар

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардын қыстап қалатын құстар туралы түсініктерін кеңейту; құстардың тіршілігіндегі басты ерекшелігі: ең қажетті жағдайы және өлі табиғаттағы болатын өзгерістердің тірі табиғатқа әсері туралы мәлімет беру; ой-өрісін, дүниетанымын, көру, шығармашылық қабілеттерін дамыту; балалардың табиғатқа деген қамқорлық қарым-қатынасын ынталандыру және қолдау; құстар әлеміне сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөйлеуде "қыстайтын", "қауырсын", "шымшық", "жемшашар", "бейбітшілік құсы", "төзімді" сөздерді пайдалану

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, бейнежазба көрсету, көркем сөз, өздік іс-әрекет, оқу қызметін пысықтау, көрсету, қайталау, ойын, сөздік жұмыс

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интерактивті тақта, құстардың суреттері, жемшашардың суреті, дөңгелектегі күн, дөңгелектегі ұлпақар.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына қарай құстардың суреті.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қуаныш шеңбері.
Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады.

- Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен сендерді бүгін серуендеуге шақырамын. Біз пайдалы іспен айналысамыз – Табиғат-Анаға көмектесуді үйренеміз. Серуенімізді күндегідей қуаныш шеңберінен бастайық. Жан-жаққа қарап, табиғатқа сүйсініңдер, ол қандай керемет! Кәнеки, қуанышымызбен бөлісіп, ризашылық сөздерімен айналамызды қошеметтейік.
Күн, сәуле шашқаның үшін рақмет!
Ауа, таза аспаның үшін рақмет!
Бұлт, жаңбыр сепкенің үшін рақмет!
Ағаш, көлеңкең үшін рақмет!
Балалар бір-бірімен құшақтасады.
Педагог балаларды жарты шеңберге отырғызады.

1.2. "Сөйлемді жалғастыр" ойыны.
Педагог қыстың ерекшеліктерін еске алуды ұсынады.
- Қыстың ерекшеліктерін есімізге түсірейік:
- Қыста ... (күннің көзі шығады, бірақ жылытпайды.)
- Қыста.... (қатты аяз болады.)
- Қыста .....(қар тазалаймыз.)
- Қыста .....(қатты аяздар болады.)
- Қыста.....(қызықты ойындар ойнаймыз.)
- Қыста .....(жиі қар жауады.)
- Қыста .....(борандар соғады.)
- Дұрыс айтасыңдар, қар жауып, айналаның бәрі аппақ болады. Аяз қатайып кетті. Далада боран соғады. Жануарлар мен құстарға қиын болады.
- Қалай ойлайсыңдар, оларға қыста тіршілік ету үшін не керек? Құстарға тіршілік ету үшін ауа, су, қорек керек.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ғажайып сәт.
Аудиожазба "Құстардың дауысы"

Құстардың дауыстары тыңдалады.
- Балалар, естисіңдер ме, бұл нелердің дауысы? Құстардың дауысы.
- Олай болса, қалай ойлайсыңдар, бүгін не туралы әңгімелесеміз? Біз бүгін құстар туралы, құстардың тіршілігі туралы әңгімелесеміз.
- Балалар, далада жүргенде, серуенге шыққанда қандай құстарды кездестіресіңдер? Балалардың жауаптары.
- Торғай, көгершін, қарға, сауысқан, шымшық - қыстап қалатын құстар. Қыстап қалатын құстар – жылдың маусымдық өзгерістеріне төзімді, жергілікті бір жерде тіршілік ететін құстар.
- Олай болса:
Жылы жаққа ұшпайтын,
Біздің жақтта қыстайтын.
Құстар жүрсе жуықта
Жем шашуды ұмытпа.
- Құстарды ұстауға болмайтынын білесіңдер ме? Қыстайтын құстарға тиіспей, оларға қамқор болу керек. Қыста жемшашар жасап, жемдерін беру керек.

2.2. Жұмбақ жасыру.
Педагог топта қыстайтын құстардың суреттерін алдын ала іліп қояды. Балаларға қыстайтын құстар туралы жұмбақ шешуді ұсынады.
- Балалар, қыстайтын құстар туралы жұмбақ білесіңдер ме?
- Олай болса, тыңдаңдар. Шешуін тапсаңдар, сол құс ұшып келеді. Құстарды жемшашарға отырғызамыз.
Бір-ақ уыс көлемім,
Шыбын-шіркей қорегім,
Бау-бақшаны қорғаймын.
Ал атым ше? Торғай.
Ұшқаны қызық жалпылдап,
Өзі сондай қарқылдақ. Сауысқан.
Еркін самғап ұшсын деп,
Мәпелейміз баптаймыз
Бейбітшілік құсы, - деп,
Қай құсты біз мақтаймыз? Көгершін.
Орманда жоғары,
Ағашқа қонады,
Тұмсығын балға етіп,
Тоқ-тоқ соғады. Тоқылдақ.
Қара түсті қарқылдақ,
Ұшып-қонып жалпылдап.
Қоқыстарды шоқиды,
Жем іздейді там-тұмдап. Қарға.
- Жарайсыңдар, балалар! Құстар сендерге риза! Жемшашарда азықтарын тапты.

2.3. Құстарды сипаттау.
Педагог балалардың назарын интерактивті тақтаға бейнежазбаға аударады.

- Құстарды сипаттайық.
Балалардың жауаптары:
- Құстардың өз тіршілігі үшін тұмсығының пайдасы көп.
Тоқылдақтың тұмсығы өткір, мықты болады. Ағашты тесіп, құрттарды теріп жейді, ағаштың дінін тесіп, ұя жасайды.
Қарлығаш - құстың сүйкімдісі. Өте еңбекқор құс. Ұясын адамдар үйінің маңына салады.
Сауысқан - қыстап қалатын құстың бірі. Сауысқанның құйрығы ұзын, түсі қара ала. Қазақстанның барлық жерінде кездеседі.
Көгершін - көк,сұр, қоңыр, ақ түсті болады. Көгершіндер Қазақстанның барлық жерлерінде кездеседі. Ол Бейбітшілік құсы деп есептеледі.
- Құстардың ортақ қасиеті - олардың қауырсындары жылуды сақтауға және ұшуға көмектеседі. Құс қанаты, қауырсыны ұшу, қозғалу құралы ғана емес, денедегі жылылықтың бірқалыпты болуын қамтамасыз етеді.
- Қыстайтын құстар неге жылы жаққа ұшып кетпейді?
- Дұрыс айтасындар, балалар, бұл құстар суыққа өте төзімді екен. Сондықтан бұлар жылы жаққа ұшпай, қыстап қалады.

Педагог балалардың жауаптарын толықтырады.

2.4. "Қарғалар" қимылды ойыны.
Ойын барысы: Балалар бөлменің ортасында тұрып, өлең жолдарындағы айтылатын қимылдарды көрсетеді. «Кар-кар» дегенді барлық балалар айтады.
Жасыл шырша астында
Қарғалар көңілді шулайды:
Кар-кар-кар! (қатты)
Күні бойы қарқылдап,
Ешкімге ұйқы бермеді:
Кар-кар-кар! (қатты)
Түн уағы келгенде,
Қарғалар да ұйықтайды:
Кар-кар-кар! (ақырын)
Басында балалар бөлме ішінде жүгіріп, қолдарын семейді, ал соңына қарай қолдарын жастанып ұйықтайды.

2.5. "Құстарды тамақтандыр да, орындарына орналастыр" дидактикалық ойыны.
Педагог балаларға құстарды орындарына орналастыруды ұсынады.
Мақсаты: балалардың қыстайтын құстар және жыл құстары, олардың тамақтануы туралы білімдерін бекіту.
Барысы: Педагог құстардың суреттерін араластырады.
Құстардың тамақтануы туралы әңгімелеседі.
- Балалар, құстар немен қоректенеді?
Педагог құстарды тамақтану шеңберіне қоюға ұсынады.
Мысалы: қарлығаш тек жәндіктермен қоректенеді, сондықтан біз оны жәндіктердің орнына орналастырамыз. Тоқылдақ тек жәндіктерді ғана емес, сонымен қатар қылқан жапырақты ағаштардың тұқымын да жейді. Сондықтан оның суретін жаңғақ тұқымдары мен шегірткенің суреті бар орнына қоямыз.
- Балалар, барлық құстардың жылы жаққа ұшпайтынын білесіңдер. Жылы жаққа жәндіктермен, балдырлармен, бақалармен және балықтармен қоректенетін құстар ұшады. Шынында да, қыста су қоймалары мұзбен жабылып, кейбір құстар азығын таба алмайды.
- Балалар, жыл құстарын күн шеңберіне, ал ұлпа қар шеңберіне құстайтын құстарды орналастырыңдар.
Педагог тапсырманың сапалы орындалуына көңіл аударады.

2.6. Көркем сөз.
Педагог Серікбай Оспановтың "Құстар, қайтып келіңдер" өлеңін оқиды.
Қимас әнге салады,
Құстар қайтып барады.
«Қош болыңдар!» дегендей,
Қанаттарын қағады.
Сау-саламат болыңдар,
Жылы жаққа барыңдар.
Жылы ұяға қоныңдар,
Бейбіт құсқа орын бар.
Бізде туып едіңдер,
Әлі де өсіп-өніңдер.
Туған жерге не жетер,
Құстар, қайтып келіңдер!
- Мына өлең жолдарында не туралы айтылған? Балалар өз ойларын білдіреді. Педагог балалардың жауаптарын толықтырады.

2.7. Тыйым сөздер.
Педагог балаларға құстар туралы тыйым сөздерді айтуды ұсынады.
Құстардың ұясын бұзба.
Құсты атпа, өлтіруге болмайды.
Құстың жұмыртқасын жарма.
Құстың балапанына тиіспе.
- Жарайсыңдар, балалар! Осы ережелерді үнемі сақтап жүріңдер.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Балалар, көңіл-күйлерің қалай? Балалар өз ойларын айтады.
- Бүгін біз не туралы әңгімелестік? Қыстайтын құстар туралы.
- Қандай құстар туралы әңгімелестік?
- Қандай қыстайтын құстарды білесіңдер? Атап беріңдер.

- Қыстайтын құстар неге жылы жаққа ұшпайды?
- Балалар, еске алайықшы, жыл құстары неге жылы жаққа ұшып кетеді? Күннің суытып, жәндіктердің көпшілігі қырылып қалады, кейбір жәндіктер ағаштардың қуыстарына тығылып қалады.
- Осылайша құстардың жемі азаяды. Өзен-көлдерге су қатып қалады. Осыған байланысты құстар жылы жаққа ұшып кетеді.
- Балалар, құстарды біз неге досымыз дейміз? Құстар өсімдектерді, ағаштарды зиянды өсімдіктен қорғайды. Және сөйтіп өз қоректерін тауып жейді.
- Қыста сондай қорек бар ма? Неге жоқ?
- Құстардың жағдайы не болады? Біз не істеуіміз керек? Ұя, жемсауыт жасап, жем шашу керек.
- Сонда, балалар, құстарға суық қиын ба, әлде аштық қиын ба? Әрине, аштық.
- Ендеше біз әрқашан құстарға қамқор болуымыз керек.

Менің мысығым

Оқу қызметінің мақсаты

Мысыққа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру; мысықтың сыртқы түрі туралы білімін нақтылау; сөздік қорын байыту; тірі табиғатқа деген сүйіспеншілікке, оны қорғай білуге ынтасын тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөйлемде "жалайды", "мұрт", "қамқор", "күтім" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Шаттық шеңбері, ғажайып сәт, түсіндіру, көрсету, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, тәжірибелік әрекет, шығармашылық әрекет, бақылау, пысықтау, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, аудиожазба, мысық, мысықтың суреттері, бейнежазба, мнемокестелер.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына қарай жануарлардың суреттері.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қуаныш шеңбері. "Көңілденіп күлемін".

Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады. Музыка ырғағымен балалар сөздерді бірге қайталайды.

Көңілденіп күлемін,
Бақытты боп жүремін.
Бәрін біліп алатын,
Мен ақылды баламын.
Ата-анама күш беретін айбынымын.
Жымыңдаған аспандағы жұлдызымын.
Адам бол деп өсіріп, ер жеткізген,
Мен дағы ата - анамның ұл - қызымын.
Балалар бір-бірімен құшақтасады.
Педагог балаларды жарты шеңберге отырғызады.

1.2. Ғажайып сәт.

Педагогтың қасында үстел тұрады.
Есік қағылады.

Педагог топқа себет алып келеді.
- Балалар, қонаққа не келгенін білгілерін келе ме?
- Олай болса, жұмбақты тыңдап көрейік:
Мұртыменен туады,
Мұртын күнде жуады.
Қанаты бар ұшпайды,
Жұрт айламен ұстайды.
- Бұл не, балалар?
- Мысық. Ол бізге қонаққа келді.
Педагог мысықты балаларға көрсетеді, алдына отырғызады. Балалардың тынышталуын тосады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог балалардың назарын интербелсенді тақтаға аударады. Педагог балалармен суреттер бойынша әңгімелеседі.

"Сұрақ-жауап" әдісі.
- Мысық туралы әңгімелесейік.
- Кімнің үйінде мысық бар? Балалардың жауаптары.
- Балалар, сендерге мысық ұнайды ма?
- Неге? Балалар өз ойларын білдіреді.
- Мысықтың түрі қандай? Мысық әдімі, түсі сұр.
- Мысық немен қоректенеді? Сүт ішеді, ет жиді.
- Мысықты сипалауға болады. Өйткені жүні жұмсақ.
- Мысықтың тағы несі бар? Мысықтың басы, мұрты, екі көзі, мұрны, құйрығы, аяқтары бар.
- Мысықтың баласын қалай атайды? Мысықтың баласы - марғау.
- Мысықты неге үй жануары дейді? Өйткені мысық адамдармен өмір сүреді.
- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. Көркем сөз.
Қайрат Жұмағалиевтің "Біздің мысық" өлеңі.
Бір басуға ерініп,
Әзер-әзер ілбиді.
Күншуақта керіліп,
Күн ұзаққа мүлгиді.

Қонған шыбын-шіркейді
Қағады ол мұртымен.
Үркітеді кей-кейде
Құлағының сыртымен.

Жатады ылғи пырылдап,
Ұйқысы оның бір қанбай.
Кеудесінде дырылдап
Мотор жүріп тұрғандай!

- Балалар, мысық қалай дыбыстайды? Мяу-мяу.

2.3. "Даусыңа қарай ажырат" дыбыстық жаттығу.

Педагог үстел үстіне үй жануарларының суреттерін қояды. Балалар өздеріне ұнайтын жануарды таңдайды. Ойын ойнауды ұсынады.

Керекті құралдар: үй жануарларының суреттері

Мақсаты: Балалардың үй жануарларының дауыстары жөнінде білімдерін тексеру және жетілдіру.

- Балалар, алдарында жатқан суреттерді таңдап алыңдар. Сол суретте қандай жануар белгіленгенін айтып, дауыстарын салу керек. Ал достарың сол дауыс қай жануардың дауысы екенін тауып, қайталайды.
- Мияу – мияу? Мысық.
- Аф – аф – аф? Күшік.
- Ку – ка – ре – ку? Тауық.
- Мө- ө – ө – ө? Сиыр.
- Кәне, бәріміз мысықты шақырайықшы. Оны қалай шақырамыз?

«Кыс-кыс» деп шақырамыз.

Педагог тілдерінде кемістігі бар балалармен жеке 3-4 рет қайталайды.

2.4. Сергіту сәті.

- Балалар, мысық пен күшіктің жүрісін көрсете аласыңдар ма?

Көлбең, көлбең көлеңкем, көлбеңдеген көлеңкем,
«Мысық» қалай жүреді? Кім көрсете біледі?
«Мысық» былай жүреді, көлеңкем де біледі.
Көлбең, көлбең, көлеңкем, көлбеңдеген көлеңкем,
«Күшік» қалай үреді? Кім көрсете біледі?
«Күшік» былай үреді, көлеңкем де біледі.

2.5. Мысықты тамақтандыру.

- Балалар, сендер бүгін таңғы астарыңды іштіңдер ме?
- Ал мысық әлі қоректенген жоқ.
- Мысық немен қоректенеді? Сүт ішеді, ет жиді.
- Олай болса, мысыққа сүт, ет берейік.

Үстелідің үстінде алдын-ала ыдыстарға сүт құйылып, ет салынып тұрады. Педагог екі баланы шақырып, ыдыстарды кілемнің үстіне қояды, балалар мысықты қоректендіреді. Педагог балаларға қосымша сұрақтар қойып отырады.

- Жарайсыңдар, балалар! Мысық сендерге риза!

2.6. Мнемокестемен жұмыс.

Педагог тақтаға мнемокестелерді іледі. Балалар кесте арқылы мысық туралы білгендерін әігімелеп береді.

- Мысық қайда тұрады?
- Мысық немен тамақтанады?
- Мысық қалай дыбыстайды?

Педагог балаларға жұмыс барысында қосымша сұрақтар қойып, жұмыс барысын реттеп жүреді.

2.7. "Мысық пен тышқан" қимылды ойын.

Педагог балаларды топтың ортасына шығарып, қимылды ойын ойнауды ұсынады.

Бала санына қарай мысық пен тышқандардың маскаларын ұсынады. Санамақ арқылы тышқанды таңдайды.

Балалар келесі сөздерді қайталайды:
Мысық, мысық ұйықтайды,
Тышқан, тышқан жорғалайды: пи - пи.
Педагог балаларды мадақтайды.
Ойын 3-4 рет қайталынады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Бүгін бізге қонаққа не келді? Мысық келді.
- Мысықты неге үй жануары дейді?
- Сендерге мысықты бақылау ұнады ма? Балалар өз ойларын айтады.
- Мысық немен қоректенеді? Сут ішеді. Ет жейді.
- Мысықты көргенде, қандай әсерде болдыңдар? Балалардың жауаптары.
- Жануарларды азаптауға және жалықтырған кезде сыртқа лақтырып тастауға бола ма? Неге?
- Естеріңде болсын - біз қолға үйреткен жануарлар үшін жауаптымыз. Көптеген үй жануарлары өз бетінше өмір сүре алмайды, көбіне далада өліп қалады. Сондықтан адамдар оларға қамқор болу керек. Жануарларға тіршілік үшін жылу, тамақ, су және ауа керек. Жануарларды қорғау арқылы біз табиғатты қорғаймыз. Сондықтан жануарлар әлемін қорғау - біздің парызымыз.

Кішкентай зерттеушілер

Оқу қызметінің мақсаты

Әр түрлі мамандық түрлері туралы түсінік беру; мамандық иелерінің қызметі және олардың еңбегімен таныстыра отырып, олардың маңыздылығы туралы білім беру; балардың ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту; әр түрлі мамандық түрлеріне қызығушылығын тудыру және еңбек адамдарына құрмет сезіммен қарауға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөйлемде "тәжірибе", "зерттеуші", "түтікше", "көпіршік" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Шаттық шеңбері, бейнежазбаны көру, ғажайып сәт, түсіндіру, көрсету, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, тәжірибелік әрекет, бақылау, пысықтау, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, бейнежазба, мамандықтардың суреттері, қуыршақ Білгіш, сурет үлгілері, түрлі-түсті шарлар.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына қарай су құйылған шыны ыдыс, сабын ерітіндісі, түтікшелер, бояулар, ақ парақтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қуаныш шеңбері. "Достасайық бәріміз".
Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады.

Қол ұстасып кәне біз,
Достасайық бәріміз.
Айтарым бар сендерге,
Кел тұрындар шеңберге.
Қандай жақсы бір тұру,
Достарменен бір болу.
Қандай жақсы дос болу.
Балалар бір-бірімен құшақтасады.
Педагог балаларды жарты шеңберге отырғызады.

1.2. Өлең жолдарын оқиды:
Тәуелсіз мына заманда,
Сұраныс көп маманға.
Нағыз маман пайдалы,
Мемлекет, қоғам, адамға, – деп бүгінгі оқу қызметімізді бастаймыз.

Сурет бойынша жұмыс:
- Мен қазір өлең жолдарын оқимын, ал сендер сөйлемді жалғастырыңдар.
Аяқ киімді... жөндейді. (етікші)
Ұшақты... жүргізеді. (ұшқыш)
Өлеңді... жазады. (ақын)
Тамақты... дайындалады. (аспазшы)
Ауруды... емдейді.(дәрігер)
Өртті... сөндіреді.(өрт сөндіргіш)
Балаларды... оқытады.( )

Тамақты .... пісіреді. (аспазшы)
- Бұл адамдардың барлығын бір сөзбен айтқанда «мамандық иелері» дейміз. Мамандықты меңгеру үшін көп оқуды, көп ізденуді, қажымас қайратты, көп еңбекті талап етеді. Мамандық иесі болып шығу үшін арнайы оқу орындарында дайындалып оқытады. Сонда ғана өзің қалаған мамандық иесі болып шыға аласыңдар.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. "Мамандықтар" презентация бойынша әңгімелесу.
Педагог балалардың назарын интербелсенді тақтадағы аударады.
- Балалар, сендер қандай маманды таңдайсыңдар? Балалар өз ойларын білдіреді.
- Соңғы уақытта пайда болған мамандықтар туралы білесіңдер ме?
Web-программист, web-дизайнер – ғаламтор желісінде сайттар құру мамандары.
Аудитор - әртүрлі компаниялар жұмысында қаржы ісін тексеруші және олардың қызметінің тиімділігін, табыстылығын анықтаушы маман.
Бренд-менеджер – бренд ойлап табушы және оны нарықта ұсыну жолдарын ойластырушы маман.
Логистик – қойма, көлік, өндіріс жұмысын реттеуші маман. Көлік логистик маманы компанияның көліктерінің жүк тасымалдау схемасы ойластырады, ал қойма логистик маманы- қоймадағы заттардың, тағамдардың сақталуын ұйымдастырады.
Маркетолог - латын тілінен аударғанда «нарықты білетін» дегенді білдіреді. Нарық сұранысын, тұтынушылар талғамын зерттеуші маман.
- Міне, балалар, болашақта осындай мамандықтарды таңдауларыңа болады.

2.2. Педагог балаларға қонаққа Білгіш келгенін айтады.
Білгіш:
- Сәлеметсіңдер ме, балалар! Сендер мамандықтар туралы әңгімелесіп отырғандарыңды біліп келдім. Мен өскенде зерттеуші болғым келеді.
- Мен сендерді зертханаға шақырамын.
- Онда не істейтінімізді білу үшін жұмбақ жасырамын.
Жұмбақ жасырады:
Кір киімді қалайды
Өзі кірді жалайды.
Суға түссе шомылып.
Дақты жояр талайғы.
- Бұл не, балалар? Сабын.
- Дұрыс, сабын.
- Сабын қандай болады? Балалар өз жауаптарын айтады.
- Сабын не үшін керек? Жуынамыз, қолды жуамыз, кір жуамыз.
- Сабыннан не жасауға болады? Көпіршіктер жасаймыз, ойнаймыз.
- Олай болса, зертханаға барайық.
Педагог балаларды табиғат бұрышына баруды ұсынады.

2.3. Тәжірибелік әрекет.
Педагог алдын ала керекті құралдарды дайындайды.
Балалар алжапқыштырын киеді, өз орындарына тұрады. Педагог балаларды қауіпсіздік ережесімен таныстырады.
Құрал-жабдықтарды ұстауға болмайды.
Ауызға сабынды салуға болмайды.
Сабынды көзге тигізуге болмайды.
Тәжірибе №1.
Керекті құралдар: су құйылған шыны ыдыс, сабын, түтікшелер.
Барысы:
- Сабынды алып, оны суға саламыз. Жақсылап үйкейміз.
- Сабынмен не болды? (сабын қолға тұрмайды)
- Сумен не болды? (ол лай, көбіктенеді)
- Сабынды бөлек ыдысқа саламыз, қолымызды майлықпен сүртеміз.
- Сабын езілді, ал көпіршіктер жоқ! Неге?
- Көпіршіктер шығу үшін түтікшелерді пайдаланамыз. Түтікшелер арқылы үрлейміз.
- Ал енді түтікшені суға салып, ішіне үрлейміз.
- Балалар, естеріңде болсын! Суды ішуге болмайды.
- Қараңдаршы, қандай көпіршіктер пайда болды.
Балалар көпіршікпен ойнайды.
- Көптеген кішкентай сабын көпіршіктері пайда болды, яғни көбік.
- Олар бір-бірімен «тату». Ал біз бір-бірімізбен татумыз ба?

- Олай болса, дос болып, бірге ойнайық!

2.4. Көпіршіктермен ойнау.
Балалар педагогпен бірге шеңбер жасайды, қолдарын жұдырық жасап үрлейді. Әрбір дем шығару кезінде балалар артқа қадам жасайды, көпіршік өсіп жатқан секілді болып. Содан кейін барлық балалар қол ұстасып өлең жолдарын айтады.
Қызыл, сары, көк.
Қолымызда көп.
Әуеде қалқиды,
Әніміз шалқиды.
Қызыл, сары, көк
Қолымызда көп.
Айдаймыз, күндейміз,
Ойнаймыз, күлеміз!
Балалар шапалақтайды.

2.5. Педагог балаларға жұмыс орындарына отыруды ұсынады.
Тәжірибе №2.
Керекті құралдар: су құйылған шыны ыдыс, сабынды ерітінді, түтікшелер, бояулар.
Барысы:
- Балалар, сабын көпіршіктерін қолмен ұстап көрейік. Не болды? Көпіршіктер жарылды.
- Ал егер біз үрлесек не болады? Үрлеп көріңдер. Көпіршіктер үшады.
- Неге? Өйткені оның ішінде ауа бар
- Қалай ойлайсындар, біздің көпіршіктер әдемі болу үшін не істеу керек? Сабынды көбікке бояу қосамыз.
Педагог әрбір баланың ыдысына сабынды ерітіндісін құяды, ал балалар өздеріне ұнаған түсті тандап бояйды. Түтікшеніі алып, түрлі-түсті көпіршектер үрлейді.

2.6. Шығармашылық әрекет.
Педагог балаларға сабын көпіршіктерімен сурет салуды ұсынады.
Керекті құралдар: бояулар, түтікшелер.
- Сабын көпіршіктерімен тек ойын ойнау ғана емес, онымен суретте салуға болады.
- Сабын көпіршігімен сурет салғыларың келе ме?
- Көпіршіктер неге ұқсайды? Шарға ұқсайды.
Педагог сол кезде топқа шар алып келеді.
- Міне, ғажап, балалар, түрлі-түсті шарларды салайық.
- Шарлар қандай болады ? Шарлар түрлі-түсті болады.
- Мына шардың түсі қандай? Түсі көк.
- Олардың пішіні қандай болады? Шарлар шеңбер, сопақша болады.
- Шарларды біз қай уақытта пайдаланамыз? Шарларды мерекеде пайдаланамыз.
Сурет салу әдісі.
1. Көпіршіктерді қағаз бетіне түтікшенің көмегімен орналастырамыз..
2. Суретті кепкенше күтеміз. Кепкен соң фломастермен, қарындаштармен бөліктерін салу.
- Міне, сабын көпіршігімен қандай ғажайып сурет салуға болады.
Педагог сурет көрмесін ұйымдастырады. Балалардың жұмысын талдайды.

2.7. "Тазалық үшін не қажет?" дидактикалық ойыны.
Педагог дидактикалық ойын ойнауды ұсынады.
Керекті құралдар: қарындаштар, тапсырмалар.
Мақсаты: Балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін арттыру.
Барысы: Қажет құралдарды (айна, сабын, орамал, тарақ) қарындашпен дөңгелектеу және не үшін керек екенін түсіндіру.
Педагог тапсырманың сапалы орындалуына көңіл аударады. Қосымша сұрақтар қояды, балалардың жауаптарын толықтырады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Балалар, сендерге бүгінгі оқу қызметі ұнады ма? Балалардың жауаптары.
- Бүгін біз не білдік, не үйрендік? Біз зерттеуші болдық.
- Қандай мамандықтарды білесіңдер? Тәрбиеші, дәрігер, жүргізуші, ұшқыш.
- Ал сендер болашақта қандай маман иесі болғыларың келеді? Балалар өз ойларын білдіреді.
- Балалар, зерттеуші Білгіштің тәжірибелері ұнады ма?
- Біз немен тәжірибе жасадық? Сабынмен.
- Немен сурет салдық? Сабын көпіршіктерімен.

- Сонымен, балалар, қандай маман иесі болсын, ол адамның еңбегін бағалау керек. "Алуан-алуан кәсіп бар, таңдай біл де, талап қыл!" дегендей жақсы оқып, жақсы маман иесі болыңдар.

Үйдегі тұрмыстық техника

Оқу қызметінің мақсаты

Адам көмекшілері туралы білімдерін кеңейту, адам өміріне және еңбек етуінде көмекші болатын электртоғы, тұрмыстық техника туралы білімдерін арттыру; балалардың назарына заттардың адам үшін қызмет ететіндігіне және заттарға ұқыптылықпен қарауға үйрету; техниканы адам жасап шығарғанын түсіндіру; үлкендердің еңбегіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөйлеуде "тоңазытқыш", "үтік", "электр тоғы", "монитор", "компьютер", "қысқа толқынды пеш", "ет тұрайтын машина", "телефон" сөздерді пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, түсіндіру, ойын, жаттығу, көрсету, сұрақ-жауап, әңгімелеу, бой сергіту, қорытындылау, сұрақ-жауап, мадақтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, бейнежазба, техникалық бұйымдардың суреттері, "Естеріңде болсын!" тақырыбында суреттер, шар, мата, пластик таяқшасы, майлықтан жасалған гүл.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қуаныш шеңбері. "Достық".
Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады.

- Сәлеметсіңдер ме, достар! Ортаға шығып, бір-бірімізді көргенімізге, осы күнге шаттанайық. Және бәріміз бірге айтайық:
Достығымыз берік сол, (қолдар біріктірулі)
Бекітейік беріп қол. (алдымен бір қолын кейін екінші қолын көрсетеді)
Қайта кіріп шеңберге, (балалар ортаға тұрады)
Қандай жақсы қол берген. (балалар бір-бірінің қолдарынан ұстайды)
– Жарайсыңдар, балалар! Бәріміздің бірге екенімізді сезіну қандай тамаша! Ал енді бәріміз қолдарымыздан ұстап, мына орындықтарға отырыңдар.
Педагог балаларды жарты шеңберге орындықтарға отыруды ұсынады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. "Мен кіммін?" әңгімесі.
"Мен көзге көрінбейтін жұмыскермін, бірақ мені әрбір адам біледі. Мен барлығын жасай аламын: түскі тамақ әзірлеймін, шай қайнатамын, киімді үтіктеймін. Менсіз заводтар мен фабрикалар жұмыс істемейді. Үйде және көшеде мен барлығына көмектесемін, олар мен туралы: «Қолы жоқ болса да, он саусағынан өнер тамған» дейді. Мен кіммін?"
- Әңгімеде кім немесе не туралы айтылған? Әңгімеде электртоғы туралы айтылған.
- Электртоғы арқылы іске қосылатын үйлеріңде қандай құралдар бар? Шәугім, тоқ машина, телефон, теледидар, тоңазытқыш, мұздатқыш, желдеткіш, шаңсорғыш, шашкептіргіш.
Топта тығылған тұрмыстық техникалардың суреттерін тауып, сипаттауды ұсынады.
- Қазір мына әуен аяқталғанша әрбір үйге қажетті деген заттарды алып келіңдер.

2.2. "Не зат, не үшін керек?" дидактикалық ойыны.
Педагог балалардың тапқан суреттерін тақтаға ілуді ұсынады.
Барысы: Бірінші бала техника бұйымдарының атын атайды, ал екінші бала қажеттілігін, пайдасын айтады.
- Бұл не? Бұл - үтік.
- Үтікпен не істейміз? Оны алдымен тоққа қосамыз. Ол ысиды, содан кейін киім үтіктейміз. Онымен балаларға қолдануға болмайды.
- Неге? Үтік қауіпті, онымен қолымызды күйдіріп аламыз.
Үтік адам тұрмысына өте қажет. Егер үтік болмаса киімдеріміз мыжырылып, қыртыстанып тұрады.
Педагог ойын кезінде балаларға қосымша сұрақтар қойып, балалардың жауаптарын толықтырады.
- Осы заттардың барлығын тұрмыстық техника деп атаймыз. Техникаларды ойлап шығаратын адамдар, сондықтан үлкендердің еңбегіне құрметпен қараңдар.

- Бұл заттарды адамдар не үшін ойлап тапты? Ғалымдар қазіргі заман талабына сай жаңа технологияларды ойлап табуда.
- Техникалардың бәрі бізге керек, олар бізге қызмет етеді. Тек қана, пайдаланған кезде абай болу керек.
Педагог балаларға "Естеріңде болсын!" тақырыбында сурет бойынша қауіпсіздік ережелерін түсіндіреді:
- Сулы қолмен токты қосуға немесе ажыратуға болмайды.
- Балаларға ересектерсіз электр токтарын ұстауға болмайды.
- Ересектерсіз тұрмыстық техникаларды қолдануға болмайды.

2.3. Зерттеушілік әрекет.
Педагог балалардың назарын үстелдің үстінде тұрған компьютерге аударады.
- Осы тұрмыстық техниканың ішінде компьютерді зерттейік.
- Компьютерді не үшін қолданады? Балалар өз ойларын білдіреді.
Педагог компьютердің құрылғыларымен және оның атқаратын қызметтерін таныстырады.
- Негізгі құралдарына жүйелік блок, монитор, пернетақта, тышқан жатады. Олардың әрқайсысының өздерінің атқаратын қызметі бар. Жүйелік блок компьютердің ең негізгі құралы, барлық жұмысты атқарады. Монитор компьютердің экраны, яғни терезесі. Пернетақта компьютерге ақпарат енгізу және оның жұмысын басқару үшін пайдаланылады. Тышқан бейнебетте көрсетілген белгілі бір тілдесу элементтерін меңзеп, оларды бөлектеу үшін пайдаланушы қолданатын құрылғы.
Педагог балалардан компьютерін құрылғыларын көрсетуді және қызметін түсіндіруді сұрайды.

2.4. Педагог балаларға тұрмыстық техникалар туралы жұмбақтардың шешуін табуды ұсынады.
Жауаптары дұрыс болса, компьютерден слайд ашылады:
Қыстың қаңтар, ақпанын,
Кебежеме сақтадым. Тоңазытқыш.
Қызықтырым өзіме,
Көрсетемін көзіңе,
Сендіремін сөзіңе. Теледидар.
Алыстағы апаңмен,
Оқудағы ағаңмен,
Тілдестіріп тұратын,
Заттың атын табар ме ең? Телефон.
Жалғыз аяқ, тілік ерін,
Терезенің тесігі,
Таза ауаның есігі. Желдеткіш.
Кино менен концертті,
Үйде қойып беремін,
Жаңалығын бар елдің.
Өз көзіммен көремін. Теледидар.
Жай да үнсіз тұрады,
Біреу келсе тез жет деп,
Қоңырауын ұрады,
Дабыл қағып безектеп. Телефон.
Педагог балаларға компьютердің тағы бір қызметі - слайд көрсету туралы айтады.

2.5. Сергіту сәті.
Педагог балалармен сергіту сәтін орындауды ұсынады:

Тоқтар сымның бойымен
Жүгіреді тоқтаусыз. (денемізге саусақтарды жүгіртеміз)
Топқа жарық сыйлайды,
Барлығына ұнайды.
Балалар 2 рет қайталайды.

2.6. Педагог балалардың назарын интерактивті тақтадағы бейнежазбаға аударады.

- Техникалардың бәрі бізге керек, олар бізге қызмет етеді. Тек қана, пайдаланған кезде абай болу керек
Педагог балаларға "Естеріңде болсын!" тақырыбында сурет бойынша қауіпсіздік ережелерін түсіндіруді ұсынады. Балалар жеке-жеке ережелер туралы әңгімелейді:
- Заттарды, әсіресе металды, электр розеткасына салуға болмайды! Себебі, сізді ауыр жарақаттап, тіпті өлтіруі мүмкін.
- Жалаңаш сымдарды қолмен ұстауға болмайды! Электр тогы жалаңаш, оқшауланбаған сым арқылы өтеді, оның соққысы өлімге әкелуі мүмкін.
- Ылғал қолмен электрлік құрылғыларды қосуға болмайды! Су электр тогының өткізгіші болғандықтан, қатты электр тогына түсуге болады.
- Қосылған электр құрылғыларын қараусыз қалдыруға болмайды! Электр құрылғыларын қосу өртке әкелуі мүмкін.
- Үйден шыққан кезде әрдайым шамдар сөніп тұрғанын, теледидар, магнитофон, электр жылытқышы, үтік, пештің сөніп тұрғанын тексеру керек.

2.7. Тәжірибелік әрекет.
Педагог балаларға тәжірибе жасауды ұсынады.
- Біз электр қуаты туралы көп сөйлестік. Электр қуаты өте қауіпті болуы мүмкін екенін естеріде сақтадыңдар ма?
- Қалай ойлайсыңдар, қауіпсіз электр тогы бар ма?
- Бар екен! Электр қуаты да қауіпсіз. Ол өздігінен өмір сүреді, егер оны ұстап алсақ, онда онымен ойнай аламыз.
- Сіздерді тәжірибелерді өткізуге шақырамын!
Тәжірибе №1. "Қабырғадағы әуе шары"
Керекті құралдар: шар.
- Балалар, бұл не? Шар.
- Шарда электр тоғы бар ма?
- Енді шарда қауіпсіз электр тоғы бар екенін дәлелдейміз. Онымен тіпті ойнауға болады екен. Ол үшін шарды шашқа ысқылап, қабырғаға сол жағымен бекітіңдер. Шар электрге айналды, сондықтан қабырғаға жабысып қалды.
Қорытынды: Шарда электр бар.
Тәжірибе №2. "Сиқырлы гүлдер"
Керекті құралдар: пластик таяқшасы, жүннен жасалған шүберек, қағаз майлықтан жасалған гүл.
Жүннен жасалған шүберекпен пластик таяқшаны уқалап, қағаз майлықтан жасалған гүлге жақындатып, көтеріңіз. Гүлдер өседі.
Қорытынды: Балалар, сендер кереметсіңдер, сиқыр жасауды үйрендіңдер. Енді қауіпсіз электр шар, майлық сияқты қарапайым нысандарда бар екенін білесіңдер.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Бүгінгі оқу қызметі сендерге ұнады ма?
- Не ұнады? Балалар өз ойларын айтады.
- Көңіл-күйлерің қалай?
- Бүгін не туралы әңгімелестік? Тұрмыстық техникалар туралы.
- Қандай тұрмыстық техникалары білесіңдер? Телефон, теледидар, электр шәугім.
- Оларды қайда пайдаланамыз?
- Не үшін?
- Электр құралдарымен жұмыс істеу кезінде қандай қауіпсіз ережелерді сақтау керек? Балалардың жауаптары.

Дәрілік өсімдіктер

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың денсаулық, оны сақтау туралы түсініктерін кеңейту, өз денсаулығын күте білуге үйрету, салауатты өмір салтын қалыптастыру; дәрілік шөптердің емдік қасиеттеріне тоқталу; көру, есте сақтау қабілеттерін дамыту; балаларды өсімдіктерді қорғай, аялай білуге тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

сөйлемде "тұнба", "қайнатпа", "емдік шөптер", "қалақай", "өгейшөп" сөздерді пайдалану

Әдіс-тәсілдер

Шаттық шеңбері, бейнежазбаны көру, ғажайып сәт, түсіндіру, көрсету, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, тәжірибелік әрекет, бақылау, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Ыдыстар, өсімдіктер, слайд "Емдік шөптер", қораптағы дәрілік шөптер.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қуаныш шеңбері. "Денсаулық тілейміз!".
Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады.

Педагог тақтаға «Бақыт», «Денсаулық» деген сөздер жазылған екі алақанды іледі. Балалар саусақтарын жоғары қаратып, алақандарын біріктіреді. Педагог денсаулық пен бақыт екі алақан сияқты бір-біріне көмектесетінін түсіндіреді.

Шын жүректен,
Үлкен махаббатпен,
Бәріне денсаулық тілейміз!
- Мен қазір сендерге бір минут уақыт беремін, асыр салып, секіріп, еркін қимыл-қозғалыс жасауға мүмкіндіктерің бар. Бірақ, мен «Тоқта!» деген кезде, тоқтай қалуларың керек.
- Енді өздеріңнің демалыстарыңды тыңдап көріңдерші. Жүректерің қалай соғып тұр? Балалардың жауаптары.
- Ал, адамға шынығу не үшін керек?
- Денсаулық сақтау үшін не істеу керек? Балалардың жауаптары.
- Бүгін біз денсаулық туралы әңгімелесеміз.
Педагог балаларды жарты шеңберге орындықтарға отыруды ұсынады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Өлең айту.
Мынау менің жүрегім,
Бәрі осыдан басталған.
Мынау – басым ақылды,
Бәрін осы басқарған.
Мынау – менің оң қолым,
Мынау - менің сол қолым.
Барлық істі атқарған.
- Балалар, сендер бір–біріңе сәлеметсің бе, амансың ба, саумысың деген ғажап сөздерді айтып жатасыңдар.
- Ал, бұл сөздер неліктен ғажайып екенін білесіңдер ме? Амансың ба деген бұл адамдарға ұзақ өмір тілеу.
- Денсаулық деген не? Ауырмай, сырқамай, көңілі көтеріңкі болу.
- Ауырғанда біз не істейміз? Дәрі ішеміз.
- Дұрыс айтасыңдар, дәрі ішеміз. Дәрімен қатар біздің ата–бабаларымыз емдік шөптерді пайдаланған. Бүгін біз қасиеті бар көптеген өсімдіктермен танысамыз.
- Балалар, бүгін бізге қонақ келіп отыр. Бұл қонақ кім? Танисыңдар ма?
- Дәрігер Айболит.

2.2. Әңгімелеу.
Педагог балалардың назарын интербелсенді тақтадағы бейнежазбаға аударады.

- Қазақстанның өсімдік әлемі әр түрлі пайдалы өсімдіктерге бай, оның ішінде дәрілік өсімдіктердің алатын орны ерекше. Мал бағумен ерте заманнан айналысқан қазақ халқы өсімдіктердің емдік, дәрілік қасиеттерін ертеден білген. Сөйтіп ел арасында ауруға шалдыққан адамдарды дәрілік өсімдіктермен емдеген.
- Ертеде өмір сүрген әл-Фараби, Әбу Әли Ибн Сина, Баруни әл-Джуржани және орта ғасырларда өмір сүрген тағы да басқа Шығыс ғалымдарының қазақ халық медицинасының дамуына әсіресе дәрілік өсімдіктерді танып пайдалануына еткен ықпалдары зор болды.
- Бүгін біз оқу қызмет барысында елімізде өсетін дәрілік өсімдіктермен, олардың пайдасы туралы әңгімелесеміз.

2.3. Бақылау жұмысы.
Педагог балаларға қораптағы кептірілген шөптерді көрсетеді. Оларды қолдарына ұстап көруді ұсынады.
- Балалар, бұл не?
- Бұл - кептірілген шөптер.
- Олар қандай болады?

- Өсімдіктердің қандай пайдасы бар? Өсімдіктер жер бетіне көрік беріп қана қоймай, адамға жылу, тамақ, таза ауа сыйлайды, сонымен қатар емдік пайдасы мол. Мұндай өсімдіктермен емдеуді фитотерапия деп атайды. Бұл жөнінде бізге Дәрігер Айболит көмектеседі.

Педагог балалардың назарын интербелсенді тақтаға аударады.

Педагог слайд арқылы дәрілік шөптермен таныстырады.

- Дәрілік өсімдіктер екіге бөлінеді. Бөлме және дала өсімдіктері.
- Неге бөлме өсімдіктері дейміз? Бөлме өсімдіктері адамның көмегімен бөлмеде өседі, олар алуан түрлі.
- Неге дала өсімдіктері дейміз?
- Ал, қазір табиғат бұрышындағы емдік өсімдіктерді бақылайық..

Педагог балаларды табиғат бұрышына баруды ұсынады.

2.4. Өсімдіктерді бақылау.

Табиғат бұрышында кактус, алоэ өсімдіктері болады.

- Кактус – бойында емдік қасиетітері мол өсімдіктердің бірі болып табылады. Оның тікенектеріне қарап, адамдар суық қабылдайды, алайда кактусты үйдегі теледидар, компьютерлердің жанына қойсақ, олардан шығатын зиянды сәулелерді өзіне сіңіріп, жойып отырады да, адамның көз жанарын сақтауға септігін тигізеді.
- Алоэ – шырынды өсімдік. Ел іші «жүз жылдық» деп атайды. Оның шырыны сағақсыз жапырақтарына жиналады. Жапырағының пішіні сәл иілген қылышқа ұқсайды. Жиектері тікенектермен көмкерілген, өркенге кезектесіп орналасқан. Алоэ жапырағын кескенде, дәмі ашқылтым, сарғыш түсті шырын ағады. Осы шырынның емдік қасиеті зор.
- Медицинада түрлі дәрілер жасайды. Абайсызда қолыңды кесіп алсаң, алоэ жапырағының ортасын қақ жарып бөліп жараға таңса, қанның тезірек ұйып, тоқтауына көмектеседі және іріңді жараларды дененің күйген жерін, тері ауруларын емдеуге қолданады.

Педагог өсімдіктерді сипаттау кезінде қосымша сұрақтар қояды.

Педагог балалармен орындарына келеді.

2.5. "Қалың қалай?" сөздік ойыны.

- Менің әр сұрағыма бәрің бірге «Былай!» деп бірауыздан жауап қайтарып, қимылмен көрсетіңдер.
- Қалың қалай? (бас бармағын көрсету)
- Қалай жүресің?
- Қалай жүгіресің?
- Қалай жүзесің?
- Қалай тамақ ішесің ?
- Қоштасасың сен қалай?
- Ұйқыға қалай жатасың?
- Боласың ба сен бұзық?

Балалар 2-3 рет бұрынғыдан тездете жауап беріп қаталайды.

2.6. "Емдік шөптер" презентацияся.

Педагог слайд арқылы емдік шөптермен таныстыруды жалғастырады.

Түймедақ - біржылдық шөптесі өсімдік. Жапырағы кезектесіп орналасқан және жіңішке. Күлтелері ақ сопақша. Отасында сары түтікшелері бар. Суық тигенге, тұмауға пайдалы.

Бақ- бақ - көп жылды көктем гүлі. Сабағын сындырсаң, сүт тамшылары шығады. Жапырақтары түбінен орналасқан. Асқазан, ішек жұмыстарына көмектеседі.

Жолжелкен - біржылдық шөптесін өсімдік. Таулы аймақтарда өседі. Жапырағы тамыр түбінен шығады. Қанат тәрізді тілімделген. Жүйке және бүйрек ауруларына, ішек жолдарына пайдалы.

Жалбыз - бұта тәріздес сұрғұлт жасыл өсімдік. Сабағы 4 қырлы, жапырағы мен бұтақтары көп. Гүлдері көк, күлгін

түсті. Жемісі шар тәрізді 4 жаңғақ. Өт жолдарына, қабынуға пайдалы.
Жусан – түсі боз, иісі ащы, қышқыл емдік өсімдік. Бұл емдік өсімдік жусанның пайдасы өте зор. Оны "тазалықшы өсімдік" деп те атайды. Жусанды суға батырып, бөлмеге сепсе, оның иісіне бүрге жоламайды.

2.7. Демалу гимнастикасы.

Педагог балаларды топтың ортасына шеңберге тұрып, демалу гимнастикасын жасауды ұсынады. Әр бала өздеріне ұнаған таяқшаға ілінген гүлді таңдайды. Сөздерді айтып, қимылдарды қайталайды.
Қане, қане, балалар, (балалар тұрады)
Шаршағанда ырғалып, (тербеліп тұрады)
Гүлге ұқсап демалам. (отырады)
Жұпар иісін бір искеп, (мұрнымен демді ішіне тартып, шығарады)
Гүлдей болып жайқалам. (қолдарын жоғары көтереді)
Балалар 2 рет қайталайды.

2.8. Практикалық жұмыс.

Педагог шипалы емдік өсімдіктерді қалай жинап, сақтауға болатыны туралы мәлімет береді.
Керекті құралдар: ыдыстар, өсімдіктер.
- Дәрілік өсімдіктердің гүлі, жапырағы, сабағы, тамыры дәрі– дәрмек жасауға пайдаланылады. Кептірілген шөптерді, қағаз қаптамаларда, дорбашада, қораптарда не шыны ыдыста сақтайды. Егер шөп әбден кеппесе дорбаға ауа кірмейді де, шөп көгеріп, бұзылып кетеді.
- Кептірілген шөптерден тұнба жасауға болады. Кепкен шөпті ыстық суға салып, жылылап жауып, белгілі уақыттан соң суды сүзіп алса, ол тұнба деп аталынады.
Педагог түймедақ гүлінің тұнбасын жасап, сүзіп көрсетеді.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Бүгін біз не туралы әңгімелестік? Емдік шөптер туралы.
- Қандай дәрілік шөптерді білесіңдер? Алоэ, түймедақ, бақ-бақ.
- Дәрілік шөптер нешеге бөлінеді? Екіге бөлінеді.
- Тобымызда қандай дәрілік өсімдіктер бар?
- Оларды қалай күту керек?
- Дәрілік өсімдіктер не үшін қажет? Ем алу үшін.
- Өсімдіктер қайда өседі? Далада, орманда өседі.
Табиғат аясында өзін ұстай білу ережелерін пысықтау және есте сақтау:
- Гүлшоқтары үшін өсімдіктерді жұлуға болмайды.
- Дәрілік өсімдіктерді қалың өскен жерден жинау керек.
- Орманда шалғында, жалпы табиғатта соқпақ жолмен жүр, өсімдіктерді таптама.
- Сирек кездесетін дәрілік өсімдіктерді жинауға болмайды.
- Балалар, шеңберге тұрып, бір-бірімізге, туыстарымызға және жер бетіндегі барлық адамдарға шын жүректен зор денсаулық тілейік:
Өзімді-өзім жақтаймын,
Денсаулықты сақтаймын.
Жүректен жылы соншама,
Тілейміз саулық баршаға!

Құстар ұшып келгенде

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға құстардың пайдасы туралы мағлұмат беру; құстардың түрі, тіршілігі туралы білімдерін кеңейту; сөздік қорларын молайтып, есте сақтау қабілеттерін арттыру; құстарға қамқор болуға, қорғауға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөйлемде "сай-салада", "бүршік", "қарқылдайды", "быркылдайды", " шырылдайды" сөздерді пайдалану

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны, бейнежазбаны көрсету, шаттық шеңбері, түсіндіру, көрсету, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, пысықтау, үлгі ету, ойын, бақылау

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Көктемнің суреті, құстардың суреттері, қысқы ұяның суреті, көктемгі ұяның суреті.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қуаныш шеңбері. "Қуанатын келді күн".
Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады.

Қуан, шаттан, алақай,
Қуанатын келді күн.
Қайырлы таң,
Қайырлы күн.
Күліп шықты күн бүгін,
Амансыз ба, есенсіз ба.
Бәріміз күндей жарқырайық,
Бәріміз аман болайық.
Балалар өз көңіл-күйлерін білдіріп, бір-бірімен құшақтасады.
Педагог балаларды жарты шеңберге орындықтарға отырғызады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Сурет бойынша жұмбақ жасыру.

Қар, мұз еріп, су көбейіп,
Сай-салада ағады.
Бүршік шашып, жапырақ ашып,
Жер гүл шашақ тағады.
Айтыңдаршы, балалар,
Бұл қай кезде болады?
- Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген? Көктем мезгілі.
- Айтыңдаршы, көктем мезгілінде қандай өзгерістер болады?
Көктемде қар ериді, күн жылынады, ағаштар бүршік жарып алғашқы гүл – бәйшешек шығады. Көктемде табиғат жаңарады, барлық тіршілік иелері оянады. Құстар жылы жақтан ұшып келеді. Көктемде үлкендердің көмегімен балабақша ауласында гүл егеміз, ағаштардың түптерін қопсытамыз, құстарға ұя жасаймыз. Сондықтан да үлкендердің еңбегін бағалап, құрметтеуге тиіспіз.
Педагог балаларға қосымша сұрақтар қойып, әңгімелерін толықтырады.

2.2. Ғажайып сәт.

- Бұл ненің дауыстары? Құстардың дауысы.
- Көктемде қандай құстар ұшып келеді? Балалардың жауаптары.
Жыл құстары келді деп,
Балдырғандар мәз болды.
Қос қанаты желпілдеп,
Көлге үйрек-қаз қонды.
- Көктемде ең алғаш ұшып келетін құсты білесіңдер ме? Ұзақ.
- Ұзақты қандай құс деп атайды? Көктем жаршысы.
- Көкте ұшқан құстардың қиқуланған, тыраулаған, шиқылдаған дауыстары естілді.
- Құстар ұшқанда қандай дауыстар естиміз? Соны дұрыс айтайық:
Бұлбұл сайрайды.
Торғай шырылдайды.
Қарға қарқылдайды.
Үйрек бырқылдайды.
Қаз қаңқылдайды.
Сауысқан шықылықтайды.
Тырна тыраулайды.
Педагог балаларға құстардың дауысын дұрыс айтуын қадағалайды.

2.3. Педагог балаларға құстар туралы жұмбақ жасыруды ұсынады:
- Құстарға байланысты көптеген жұмбақтар да бар, соларды шешіп көрейік:
Түсі қара мақпалдай,
Төсі ақ сыр жаққандай.
Ұшса оқтай зулайды,
Көктем жұлдыз аққандай. (қарлығаш)

Орманда жоғары
Ағашқа қонады.
Тұмсығын балғағып,
Тоқ-тоқ соғады. (тоқылдақ)

Өзі сақ, өзі ұсақ,
Шықылықтап тұрмайды.
Құйрығы ұзын, өзі ала,
Бұл қандай құс? (сауысқан)

Заң жоқ еш уақытта,
Біздерді атуға.
Түсім де аппақ,
Атым..... (аққу)

- Жарайсыңдар, балалар!

2.4. "Құстарды ата" дидактикалық ойыны.
Педагог балаларға ойын ұсынады.
Мақсаты: балаларды құстарды тануға және атауға үйрету; көру, ойлау қабілетін дамыту; табиғатты сүюге тәрбиелеу.
Керекті құралдар: құстардың суреттері.

Барысы: Педагог құстардың суреттерін іледі, оларды атауға ұсынады. Бала құстың атын атайды, оны сипаттайды.
Қалған балалар келісімдерін белгімен көрсетеді (бас бармақтарын жоғары немесе төмен көрсетеді).
Педагог тапсырманың сапалы орындалуына көңіл аударады**.**

2.5. Сергіту сәті.
Педагог балаларға сергіту сәтін орындауды ұсынады.

Келді көктем жағаға,
Келді сұлу шағала.
Аспандағы ақ құстар,
Ауылымды арала.
Көктем, көктем, көктемде,
Құстар келіп жеткенде.
Қуанып бір қаламыз.
Әнмен қарсы аламыз.
Балалар 2 рет қайталайды.

2.6. Әңгімелесу.
Педагог балалардың назарын интерактивті тақтадағы бейнежазбаға аударады.
Бейнежазба "Көктемдегі құстардың тіршілігі".

- Нелер ұшып келді? Ұзақтар ұшып келді.
- Көктемде құстар не істейді? Құстар ұя салуға кіріседі. Көптеген құстар ұясында оған бір нәрсе жақпаса, ол ұяны бірден тастап кетеді. екен. Алдымен ұзақтар келген соң, 2 аптадан кейін қараторғайлар мен бозторғайлар келе бастайды. Олардың қайсысы болмасын адамды қуанышқа бөлейді. Ұзақсыз, қараторғайсыз, бозторғайсыз көктем көктем емес.

Көктемде құстар ұяларын салуға ынғайлы жер іздейді.
- Құстар балапандарына не іздейді? Балапандарын қоректендіру үшін жем іздейді. Оны ұяға тасып, күні бойы дамыл таппайды.
- Қалай ойлайсыңдар, құстар неге балапандарын қанатымен бүркеп алады? Кейбір құстар балапандарын бауырына алып, қанатымен бүркеп, суықтан қорғайды.
Педагог қосымша сұрақтар қойып, жұмыс барысын реттейді.

2.7. "Өз ұясына қондыр" дидактикалық ойыны.
Педагог жыл құстары мен қыстайтын құстар орындарын ауыстырып алғанын айтады.
Керекті құралдар: көктемгі ұяның суреті, қысқы ұяның суреті, жыл құстары мен қыстайтын құстардың суреттері.

Барысы:
Кілемнің үстінде екі ұя бар: көктемгі ұя, қысқы ұя. Педагогтың белгісімен балалар құстардың суреттерін орындарына орналастырады. Қыстайтын құстарды көктемгі ұяға, жыл құстарын қысқы ұяға орналастыру керек.
Педагог тапсырманы дұрыс орындауын қадағалайды. Ойын 2 рет ойналады.

2.8. Артикуляциялық жаттығу.
Педагог балаларға жаттығу жасауды ұсынады.

Қарға біздің қар, қар,
Сауысқаны саңқ, саңқ.
Торғайларым шиқ, шиқ,
Жапалағым ух, ух.
Көкек көкек, көкек деп,
Ұшады екен желпілдеп.
Балалар 2 рет қайталайды.

2.9. Педагог балаларға халық болжамдарын айтуды ұсынады.
- Балалар, халқымыз құсқа қарап, ауа райын болжаған:

- Құс жүнін үрпитсе, жаңбыр жауады, ауа райы өзгереді.
- Сары шымшық ысқырса, шынымен күз болғаны.

- Шымшық ұя салса, қыс қатты болады.

- Қарға қаркылдаса, қар жауады.

- Торғай шаңға аунаса, жаңбыр жауады.
- Торғай терезеге қонса, күн суытады.

- Әтеш қыстыгүні бір аяғын көтеріп тұрса, аяз болады.

- Қыста қаздар қаңқылдаса, күн жылы болады. Аяқтарын бауырына тығып жатса, күн суытады.
- Торғай ерте су ішсе, көктем ерте шығады.
- Балалар, халық болжамдарын естеріңде сақтап жүріңдер.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Балалар, бүгін біз не туралы айттық? Көктем, құстар туралы.
- Қазір жылдың қай мезгілі? Көктем мезгілі.
- Көктемнің қандай ерекшеліктері бар? Балалардың жауаптары.
- Қыстайтын құстарға қандай құстар жатады? Торғай, көгершін, шымшық, қарға, тоқылдақ.
- Балалар, көктемнің тағы бір ерекшелігі – жыл құстарының ұшып келуі.
- Жыл құстарың атаңдар. Бозторғай, қарлығаш, су құстары, ұзақ, қараторғай, қарлығаш, бұлбұл.
- Осы құстарға қандай көмек көрсетеміз? Балалар өз ойларын айтады.
- Құстарды қалай қорғаймыз?
- Ал ендеше, балалар, далаға шығып, өзіміздің ауламыздағы ата–анамыздың көмегімен жасалған ұямызды орналастырайық. Құстарға жем шашайық.
- Балалар, құстарды, аңдарды қорғайтын сендерсіңдер. Осы байлығымызды аялайық.

Сиқырлы су
Оқу қызметінің мақсаты

Жер бетіндегі барлық тіршілік иелеріне судың маңызы туралы түсініктерін қалыптастыру; балаларды судың қасиеттерімен таныстыру; судың қасиеттерін бақылау жүргізу арқылы түсіндіру; сана-сезімін, ақыл-ойларын, зейінін көру, есту, қабылдау қабілеттерін дамыту; өлі табиғатқа деген сүйіспеншілікке, табиғатты қорғауға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөйлемде "тәтті", "ащы", "мөлдір", "сарқырама", "түссіз" сөздердің пайдалану

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны, бейнежазбаны көрсету, шаттық шеңбері, түсіндіру, көрсету, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, пысықтау, үлгі ету, ойын, бақылау, тәжірибе

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Үлкен ыдыстағы су, суреттер.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына қарай қарындаштар, түрлі-түсті қағаздар, қайшы, су құйылған стақандар, сүт құйылған стақандар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қуаныш шеңбері. "Қоңырау біздің сиқырлы".
Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады.

Қоңырау біздің сиқырлы,
Сыңғырлап тағы ән салды.
Шақырды түріп ұйқыңды,
Шеңберге тұр, – деп баршаңды!
Педагог балаларға қоңыраудың көмегімен амандасуды ұсынады:
– Мен Алмасқа күлімдеп қараймын да, қоңыраумен: «Сәлеметсің бе, Алмас», – деп шылдырлатамын, содан кейін қоңырауды оған беремін. Осылайша біздің қоңырауымыз бәрін айналып шығуы керек.
Педагог балаларды жарты шеңберге орындықтарға отырғызады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ғажайып сәт.

- Балалар, сендер қонақ келгенді ұнатасыңдар ма?
- Ендеше, мына дауысты естейік. Үнтаспаға жазылған судың дауысы естіледі.
- Ненің дауысы? Судың дауысы.
- Бүгін бізге қонаққа Сиқырлы су келді. Сендер таңысқыларың келе ме?
- Ендеше, сендер көздеріңді жұмыңдар. Осы кезде педагог айналып, Сиқырлы судың киімін киіп отырады.
- Мен - Сиқырлы сумын. Бүгін сендер мен туралы қызықты мағұлматтар білесіңдер.
- Су бізге не үшін қажет? Балалар өз ойларын білдіреді.
- "Су - өмірдің көзі", – деген сөз бекер емес. Су – өсімдіктер мен жануарлар ағзаларының құрамының негізгі бөлігі. Егер қарбыздың 1 киллограмын кептірсек, 20 грамм құрғақ зат шығады. Демек, қарбыздың 98% - су. Адамның ағзасында да су көп. Су - қан, сілекей, асқазан шырынының құрамына кіреді. Сонымен қатар, су – жас, тер түрінде болады. Адамның ағзасы ауа жұтқанда, күніне 2 стақанға дейін суды бу түрінде шығады. Судың қатысуымен ағзадан зиянды заттар бөлінеді.

2.2. Көркем сөз.
Педагог Н.Малдыбаеваның "Су – өмірдің бұлағы" өлеңін оқиды.
Су – өмірдің бұлағы
Су – өмірдің бұлағы, тасып-толған,
Тіршіліктің нәрі бұл, еріп-тоңған.
Су болмаса болмайды табиғат та
Ол әр заттың қуаты боп қалыптасқан.
Судың да сұрауы бар, тыңдай білсең,
Судың да шектігі бар, ұстай білсең.
Ластанған жаңа ғасыр заманында
Үнемдей біл күмістейін суыңды да
Үнемдей біл күмістейін суыңды да
Ысырап болған әр тамшының артын ойла.
Жүрсеңдағы сен шалқып мына жақта,
Балалар бар зар болған бір тамшыға.
- Су – өмір, адам үшін де, барлық тірі жандар үшін де керек. Адам тамақсыз 30 күн өмір сүре алады, ал сусыз 3 күн ғана. Ендеше, су - адам үшін өте қажет.

2.3. Әңгімелесу.
Педагог балалардың назарын интерактивті тақтадағы Қазақстанның физикалық картасына аударады.

- Айналамызда тағы қайда су бар? Оны білу үшін картаға назар аударыңдар.
- Мына картада қаншама көгілдір түс бар?
- Бұл ненің белгісі, білесіңдер ме? Бұл теңіз, мұхит, өзен, көлдер, олар картада көгілдір түспен белгіленеді.
- Сендер қалай ойлайсыңдар, жер бетіндегі судың бәрін ішуге жарай ма? Мұхиттардың, теңіздердің, кейбір өзендердің суы өте ащы болғандықтан, олар ішуге жарамайды. Бірақ онда да тіршілік етуге болады.
- Суда нелер тіршілік етеді? Әр түрлі балықтар, су асты жәндіктері өмір сүреді.
- Су туралы тағы не білесіңдер? Балалар өз ойларын білдіреді.
-Балалар, су туралы көп біледі екенсіңдер, бірақ судың қасиеттерін дәлелдеу үшін тәжірибе жасайық.
Педагог балаларды табиғат бұрышына шақырады.

2.4. Тәжірибелік әрекет.
Педагог алдын ала тәжірибеге арналған керекті құралдар дайындайды. Әр бала тәжірибелерді жеке орындайды. Балалар алжапқыштар, қалпақтарын киеді.
Тәжірибе №1. "Су мөлдір"
Барысы: Балалардың алдына бір стақан су, бір стақан сүт қойылады. Екі стақанға да таяқша салынады. Стақанның біреунде таяқша көрінеді, біреуінде көрінбейді.
- Неге?
Қорытынды: Су мөлдір, сүт мөлдір емес. Су мөлдір болу керек. Жануарлар ішуге, адамдар қолдануға мөлдір су қажет. Мөлдір емес су таза емес, пайдасыз.
Тәжірибе №2. "Суда иіс те, дәм де жоқ"
Барысы: Балаларға судың дәмін татып көргізу, суды иіскету.
- Ненің иісі шығады? Иісі жоқ.
Қорытынды: Егер су таза болса иісі де, дәмі де болмайды. Дәмі ащы суды қолдануға жарамайды.
Тәжірибе №3. "Су сұйық"
Барысы: Балаларға бір бос стақан, бір сумен стақан беріледі. Суды бос стақанға асықпай құюды ұсынады. Су тез құйылады.
- Неге? Өткені су сұйық. Ол сұйық болмаса ақпайды, бізге жетпейді, бұлақтан өзенге бара алмайды, сарқылдап аға алмайды.
Қорытынды: Су сүйық, ағады, сондықтан да су - сүйықтық.
Педагог балалардың арасынан жауапты кезекшілерді тағайындайды. Пайдаланған ыдыстар жиналынады.

2.5. Сергіту сәті.
Педагог балаларға сергіту сәтін орындап, тынығып алуды ұсынады.

Сылдырлайды мөлдір су,
Мөлдір суға қолыңды жу.
Жусан егер әрдайым.
Аппақ бетін маңдайын.
Тазалықтың досы,
Су дегенін осы.

Балалар 2 рет қайталайды.

2.6. Сарқырама туралы әңгімелеу.
Педагог балалардың назарын интерактивті тақтадағы бейнежазбаға аударады.
Бейнежазба "Анхель сарқырамасы".

Сарқыраған, арқыраған өзеннің,
Сәл құлама түсін бар ма көргенің?
Сол болады құлап аққан биіктен,
Сарқырама - құлама су дегенің.
Педагог сарқырама туралы түсінік береді.
Сарқырама деген таудан құлап ағатын су екені түсіндіреді.
- Анхель сарқырамасы – Оңтүстік Америка материгіндегі Ориноко өзенінің бір саласында орналасқан. Әлемдегі ең биік сарқырама, судың үздіксіз түсу биіктігі 807 метр. 1935 жылы сарқырамадан ұшып өткен Эйнджел Джеймс (ағылш. Angel) ұшқыш атымен аталған.

2.7. Тәжірибе №4. "Лотос гүлі"
Педагог балаларға сумен сиқыр көрсетуді ұсынады.
Керекті құралдар: үлкен ыдыстағы су, қарындаштар, түрлі-түсті қағаздар, қайшы.

Барысы: Түрлі-түсті қағаздан үлкен жапырақтары бар гүлді қиыңдар. Қарандаштың көмегімен жапырақтарды ортаға ораңдар. Ал енді ыдыстағы суға әр түрлі лотостарды түсіріңдер. Осы кезде сіздің алдыңызда гүлдің жапырақтары ашылады.
- Неге?
Қорытынды: Бұл дегеніміз, қағаз суланған сайын біртіндеп ауырлай бастайды. Содан соң жапырақтар ашыла басайды.

2.8. Педагог су туралы мақал-мәтелдер айтуды ұсынады.

Су бергеннің сауабы бар,
Су төккеннің жауабы бар.
Су бермегенге сүтіңді бер - ақ ниетінді білсін.
Су болмай балық аулауға болмас,
Жүз жыртпай дау даулауға болмас.
Су - күмістен де бағалы, су - алтынан да бағалы.
Су - асыл тастан асқан мөлдір.
Сусыз – тіршілік жоқ.
- Жарайсыңдар, балалар!

2.9. Педагог сурет бойынша су туралы тыйым сөздерді айтуды ұсынады.

Суға қоқыс тастама.
Суды ластама.
Суға түкірме.
Суды бекер шашпа.
Суды босқа ағызба.
Судың бұрандасын жауып жүр.
- Өзен, көлдерді таза ұстаңдар, ластамаңдар!

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Балалар, бүгін біз не туралы әңгімелестік? Су туралы.
- Су не үшін керек? Балалардың жауаптары.
- Су қандай болады? Балалардың жауаптары.
- Егерде су болмаса, не болады? Суды іздеген - берекелі іс жасайды, суды бекер төккен - күнә жасайды,- деген бір мақалда.
- Қалай ойлайсыңдар, неге бұлай айтылған? Жыл сайын таза, тұщы судың азаюымен байланысты. Көптеген Еуропалық елдер таза, тұщы суды көп ақшаға сатып алады екен. Біздің Қазақстан Республикасында да ауыз суының сатылуы әдеттегі құбылысқа айналды. Бұл - Тұран, Сарыағаш ауыз сулары, Құлагер - Арасан минералды сулары.
- Таза, тұщы суға артық ақша төлемеу үшін не істеуіміз керек? Суды үнемді пайдалану керек.
- Егер су шүмектен, су бағанасынан қажетсіз ағып жатса, не істеу керек? Шүмекті жабу керек.
- Жуынғанда суды қалай жұмсау керек? Судың көп ағып кетпеуі үшін су ағысын азайту керек.
- Сондықтан да, таза, тұщы су – байлығымыз. Оны үнемдеп, сақтауымыз керек екендігін есімізден шығармауымыз керек.

Ағаштан не жасайды?

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға құстардың пайдасы туралы мағлұмат беру; құстардың түрі, тіршілігі туралы білімдерін кеңейту; сөздік қорларын молайтып, есте сақтау қабілеттерін арттыру; құстарға қамқор болуға, қорғауға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөйлемде "сай-салада", "бүршік", "қарқылдайды", "быркылдайды", " шырылдайды" сөздерді пайдалану

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны, бейнежазбаны көрсету, шаттық шеңбері, түсіндіру, көрсету, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, пысықтау, үлгі ету, ойын, бақылау

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Көктемнің суреті, құстардың суреттері, қысқы ұяның суреті, көктемгі ұяның суреті.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қуаныш шеңбері. "Қуанатын келді күн".
Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады.

Қуан, шаттан, алақай,
Қуанатын келді күн.
Қайырлы таң,
Қайырлы күн.
Күліп шықты күн бүгін,
Амансыз ба, есенсіз ба.
Бәріміз күндей жарқырайық,
Бәріміз аман болайық.
Балалар өз көңіл-күйлерін білдіріп, бір-бірімен құшақтасады.
Педагог балаларды жарты шеңберге орындықтарға отырғызады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Сурет бойынша жұмбақ жасыру.
Қар, мұз еріп, су көбейіп,
Сай-салада ағады.
Бүршік шашып, жапырақ ашып,
Жер гүл шашақ тағады.
Айтыңдаршы, балалар,
Бұл қай кезде болады?
- Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген? Көктем мезгілі.
- Айтыңдаршы, көктем мезгілінде қандай өзгерістер болады?
Көктемде қар ериді, күн жылынады, ағаштар бүршік жарып алғашқы гүл – бәйшешек шығады. Көктемде табиғат жаңарады, барлық тіршілік иелері оянады. Құстар жылы жақтан ұшып келеді. Көктемде үлкендердің көмегімен балабақша ауласында гүл егеміз, ағаштардың түптерін қопсытамыз, құстарға ұя жасаймыз. Сондықтан да үлкендердің еңбегін бағалап, құрметтеуге тиіспіз.
Педагог балаларға қосымша сұрақтар қойып, әңгімелерін толықтырады.

2.2. Ғажайып сәт.

- Бұл ненің дауыстары? Құстардың дауысы.
- Көктемде қандай құстар ұшып келеді? Балалардың жауаптары.
Жыл құстары келді деп,
Балдырғандар мәз болды.
Қос қанаты желпілдеп,
Көлге үйрек-қаз қонды.
- Көктемде ең алғаш ұшып келетін құсты білесіңдер ме? Ұзақ.
- Ұзақты қандай құс деп атайды? Көктем жаршысы.
- Көкте ұшқан құстардың қиқуланған, тыраулаған, шиқылдаған дауыстары естілді.
- Құстар ұшқанда қандай дауыстар естиміз? Соны дұрыс айтайық:
Бұлбұл сайрайды.

Торғай шырылдайды.
Қарға қарқылдайды.
Үйрек бырқылдайды.
Қаз қаңқылдайды.
Сауысқан шықылықтайды.
Тырна тыраулайды.
Педагог балаларға құстардың дауысын дұрыс айтуын қадағалайды.

2.3. Педагог балаларға құстар туралы жұмбақ жасыруды ұсынады:
- Құстарға байланысты көптеген жұмбақтар да бар, соларды шешіп көрейік:
Түсі қара мақпалдай,
Төсі ақ сыр жаққандай.
Ұшса оқтай зулайды,
Көктем жұлдыз аққандай. (қарлығаш)

Орманда жоғары
Ағашқа қонады.
Тұмсығын балғағып,
Тоқ-тоқ соғады. (тоқылдақ)

Өзі сақ, өзі ұсақ,
Шықылықтап тұрмайды.
Құйрығы ұзын, өзі ала,
Бұл қандай құс? (сауысқан)

Заң жоқ еш уақытта,
Біздерді атуға.
Түсім де аппақ,
Атым..... (аққу)

- Жарайсыңдар, балалар!

2.4. "Құстарды ата" дидактикалық ойыны.
Педагог балаларға ойын ұсынады.
Мақсаты: балаларды құстарды тануға және атауға үйрету; көру, ойлау қабілетін дамыту; табиғатты сүюге тәрбиелеу.
Керекті құралдар: құстардың суреттері.

Барысы: Педагог құстардың суреттерін іледі, оларды атауға ұсынады. Бала құстың атын атайды, оны сипаттайды.
Қалған балалар келісімдерін белгімен көрсетеді (бас бармақтарын жоғары немесе төмен көрсетеді).
Педагог тапсырманың сапалы орындалуына көңіл аударады**.**

2.5. Сергіту сәті.
Педагог балаларға сергіту сәтін орындауды ұсынады.

Келді көктем жағаға,
Келді сұлу шағала.
Аспандағы ақ құстар,
Ауылымды арала.
Көктем, көктем, көктемде,
Құстар келіп жеткенде.
Қуанып бір қаламыз.
Әнмен қарсы аламыз.
Балалар 2 рет қайталайды.

2.6. Әңгімелесу.
Педагог балалардың назарын интерактивті тақтадағы бейнежазбаға аударады.
Бейнежазба "Көктемдегі құстардың тіршілігі".

- Нелер ұшып келді? Ұзақтар ұшып келді.
- Көктемде құстар не істейді? Құстар ұя салуға кіріседі. Көптеген құстар ұясында оған бір нәрсе жақпаса, ол ұяны бірден тастап кетеді. екен. Алдымен ұзақтар келген соң, 2 аптадан кейін қараторғайлар мен бозторғайлар келе бастайды. Олардың қайсысы болмасын адамды қуанышқа бөлейді. Ұзақсыз, қараторғайсыз, бозторғайсыз көктем көктем емес. Көктемде құстар ұяларын салуға ынғайлы жер іздейді.
- Құстар балапандарына не іздейді? Балапандарын қоректендіру үшін жем іздейді. Оны ұяға тасып, күні бойы дамыл таппайды.
- Қалай ойлайсыңдар, құстар неге балапандарын қанатымен бүркеп алады? Кейбір құстар балапандарын бауырына алып, қанатымен бүркеп, суықтан қорғайды.
Педагог қосымша сұрақтар қойып, жұмыс барысын реттейді.

2.7. "Өз ұясына қондыр" дидактикалық ойыны.
Педагог жыл құстары мен қыстайтын құстар орындарын ауыстырып алғанын айтады.
Керекті құралдар: көктемгі ұяның суреті, қысқы ұяның суреті, жыл құстары мен қыстайтын құстардың суреттері.
Барысы:
Кілемнің үстінде екі ұя бар: көктемгі ұя, қысқы ұя. Педагогтың белгісімен балалар құстардың суреттерін орындарына орналастырады. Қыстайтын құстарды көктемгі ұяға, жыл құстарын қысқы ұяға орналастыру керек.
Педагог тапсырманы дұрыс орындауын қадағалайды. Ойын 2 рет ойналады.

2.8. Артикуляциялық жаттығу.
Педагог балаларға жаттығу жасауды ұсынады.

Қарға біздің қар, қар,
Сауысқаны саңқ, саңқ.
Торғайларым шық, шық,
Жапалағым ух, ух.
Көкек көкек, көкек деп,
Ұшады екен желпілдеп.
Балалар 2 рет қайталайды.

2.9. Педагог балаларға халық болжамдарын айтуды ұсынады.

- Балалар, халқымыз құсқа қарап, ауа райын болжаған:

- Құс жүнін үрпитсе, жаңбыр жауады, ауа райы өзгереді.
- Сары шымшық ысқырса, шынымен күз болғаны.

- Шымшық ұя салса, қыс қатты болады.

- Қарға қарқылдаса, қар жауады.

- Торғай шаңға аунаса, жаңбыр жауады.
- Торғай терезеге қонса, күн суытады.

- Әтеш қыстыгүні бір аяғын көтеріп тұрса, аяз болады.

- Қыста қаздар қаңқылдаса, күн жылы болады. Аяқтарын бауырына тығып жатса, күн суытады.
- Торғай ерте су ішсе, көктем ерте шығады.
- Балалар, халық болжамдарын естеріңде сақтап жүріңдер.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Балалар, бүгін біз не туралы айттық? Көктем, құстар туралы.
- Қазір жылдың қай мезгілі? Көктем мезгілі.
- Көктемнің қандай ерекшеліктері бар? Балалардың жауаптары.
- Қыстайтын құстарға қандай құстар жатады? Торғай, көгершін, шымшық, қарға, тоқылдақ.
- Балалар, көктемнің тағы бір ерекшелігі – жыл құстарының ұшып келуі.
- Жыл құстарың атаңдар. Бозторғай, қарлығаш, су құстары, ұзақ, қараторғай, қарлығаш, бұлбұл.
- Осы құстарға қандай көмек көрсетеміз? Балалар өз ойларын айтады.
- Құстарды қалай қорғаймыз?
- Ал ендеше, балалар, далаға шығып, өзіміздің ауламыздағы ата–анамыздың көмегімен жасалған ұямызды орналастырайық. Құстарға жем шашайық.
- Балалар, құстарды, аңдарды қорғайтын сендерсіңдер. Осы байлығымызды аялайық.

Зергерлік бұйымдар

Оқу қызметінің мақсаты

Жер бетіндегі барлық тіршілік иелеріне судың маңызы туралы түсініктерін қалыптастыру; балаларды судың қасиеттерімен таныстыру; судың қасиеттерін бақылау жүргізу арқылы түсіндіру; сана-сезімін, ақыл-ойларын, зейінін көру, есту, қабылдау қабілеттерін дамыту; өлі табиғатқа деген сүйіспеншілікке, табиғатты қорғауға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөйлемде "тәтті", "ащы", "мөлдір", "сарқырама", "түссіз" сөздердің пайдалану

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны, бейнежазбаны көрсету, шаттық шеңбері, түсіндіру, көрсету, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, пысықтау, үлгі ету, ойын, бақылау, тәжірибе

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Үлкен ыдыстағы су, суреттер.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына қарай қарындаштар, түрлі-түсті қағаздар, қайшы, су құйылған стақандар, сүт құйылған стақандар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қуаныш шеңбері. "Қоңырау біздің сиқырлы".
Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады.

Қоңырау біздің сиқырлы,
Сыңғырлап тағы ән салды.
Шақырды түріп ұйқыңды,
Шеңберге тұр, – деп баршаңды!
Педагог балаларға қоңыраудың көмегімен амандасуды ұсынады:
– Мен Алмасқа күлімдеп қараймын да, қоңыраумен: «Сәлеметсің бе, Алмас», – деп шылдырлатамын, содан кейін қоңырауды оған беремін. Осылайша біздің қоңырауымыз бәрін айналып шығуы керек.
Педагог балаларды жарты шеңберге орындықтарға отырғызады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ғажайып сәт.

- Балалар, сендер қонақ келгенді ұнатасыңдар ма?
- Ендеше, мына дауысты естейік. Үнтаспаға жазылған судың дауысы естіледі.
- Ненің дауысы? Судың дауысы.
- Бүгін бізге қонаққа Сиқырлы су келді. Сендер таңысқыларың келе ме?
- Ендеше, сендер көздеріңді жұмыңдар. Осы кезде педагог айналып, Сиқырлы судың киімін киіп отырады.
- Мен - Сиқырлы сумын. Бүгін сендер мен туралы қызықты мағұлматтар білесіңдер.
- Су бізге не үшін қажет? Балалар өз ойларын білдіреді.
- "Су - өмірдің көзі", – деген сөз бекер емес. Су – өсімдіктер мен жануарлар ағзаларының құрамының негізгі бөлігі. Егер қарбыздың 1 киллограмын кептірсек, 20 грамм құрғақ зат шығады. Демек, қарбыздың 98% - су. Адамның ағзасында да су көп. Су - қан, сілекей, асқазан шырынының құрамына кіреді. Сонымен қатар, су – жас, тер түрінде болады. Адамның ағзасы ауа жұтқанда, күніне 2 стақанға дейін суды бу түрінде шығады. Судың қатысуымен ағзадан зиянды заттар бөлінеді.

2.2. Көркем сөз.
Педагог Н.Малдыбаеваның "Су – өмірдің бұлағы" өлеңін оқиды.
Су – өмірдің бұлағы
Су – өмірдің бұлағы, тасып-толған,
Тіршіліктің нәрі бұл, еріп-тоңған.
Су болмаса болмайды табиғат та
Ол әр заттың қуаты боп қалыптасқан.
Судың да сұрауы бар, тыңдай білсең,
Судың да шектігі бар, ұстай білсең.
Ластанған жаңа ғасыр заманында
Үнемдей біл күмістейін суыңды да
Үнемдей біл күмістейін суыңды да
Ысырап болған әр тамшының артын ойла.
Жүрсеңдағы сен шалқып мына жақта,
Балалар бар зар болған бір тамшыға.

- Су – өмір, адам үшін де, барлық тірі жандар үшін де керек. Адам тамақсыз 30 күн өмір сүре алады, ал сусыз 3 күн ғана. Ендеше, су - адам үшін өте қажет.

2.3. Әңгімелесу.

Педагог балалардың назарын интерактивті тақтадағы Қазақстанның физикалық картасына аударады.

- Айналамызда тағы қайда су бар? Оны білу үшін картаға назар аударыңдар.
- Мына картада қаншама көгілдір түс бар?
- Бұл нені белгісі, білесіңдер ме? Бұл теңіз, мүхит, өзен, көлдер, олар картада көгілдір түспен белгіленеді.
- Сендер қалай ойлайсыңдар, жер бетіндегі судың бәрін ішуге жарай ма? Мүхиттардың, теңіздердің, кейбір өзендердің суы өте ащы болғандықтан, олар ішуге жарамайды. Бірақ онда да тіршілік етуге болады.
- Суда нелер тіршілік етеді? Әр түрлі балықтар, су асты жәндіктері өмір сүреді.
- Су туралы тағы не білесіңдер? Балалар өз ойларын білдіреді.
-Балалар, су туралы көп біледі екенсіңдер, бірақ судың қасиеттерін дәлелдеу үшін тәжірибе жасайық.
Педагог балаларды табиғат бұрышына шақырады.

2.4. Тәжірибелік әрекет.

Педагог алдын ала тәжірибеге арналған керекті құралдар дайындайды. Әр бала тәжірибелерді жеке орындайды. Балалар алжапқыштар, қалпақтарын киеді.

Тәжірибе №1. "Су мөлдір"

Барысы: Балалардың алдына бір стақан су, бір стақан сүт қойылады. Екі стақанға да таяқша салынады. Стақанның біреунде таяқша көрінеді, біреуінде көрінбейді.

- Неге?

Қорытынды: Су мөлдір, сүт мөлдір емес. Су мөлдір болу керек. Жануарлар ішуге, адамдар қолдануға мөлдір су қажет. Мөлдір емес су таза емес, пайдасыз.

Тәжірибе №2. "Суда иіс те, дәм де жоқ"

Барысы: Балаларға судың дәмін татып көргізу, суды иіскету.

- Ненің иісі шығады? Иісі жоқ.

Қорытынды: Егер су таза болса иісі де, дәмі де болмайды. Дәмі ащы суды қолдануға жарамайды.

Тәжірибе №3. "Су сұйық"

Барысы: Балаларға бір бос стақан, бір сумен стақан беріледі. Суды бос стақанға асықпай құюды ұсынады. Су тез құйылады.

- Неге? Өткені су сұйық. Ол сұйық болмаса ақпайды, бізге жетпейді, бұлақтан өзенге бара алмайды, сарқылдап аға алмайды.

Қорытынды: Су сүйық, ағады, сондықтан да су - сүйықтық.

Педагог балалардың арасынан жауапты кезекшілерді тағайындайды. Пайдаланған ыдыстар жиналынады.

2.5. Сергіту сәті.

Педагог балаларға сергіту сәтін орындап, тынығып алуды ұсынады.

Сылдырлайды мөлдір су,
Мөлдір суға қолыңды жу.
Жусан егер әрдайым.
Аппақ бетін маңдайын.
Тазалықтың досы,
Су дегенін осы.

Балалар 2 рет қайталайды.

2.6. Сарқырама туралы әңгімелеу.
Педагог балалардың назарын интерактивті тақтадағы бейнежазбаға аударады.
Бейнежазба "Анхель сарқырамасы".

Сарқыраған, арқыраған өзеннің,
Сәл құлама түсін бар ма көргенің?
Сол болады құлап аққан биіктен,
Сарқырама - құлама су дегенің.
Педагог сарқырама туралы түсінік береді.
Сарқырама деген таудан құлап ағатын су екені түсіндіреді.
- Анхель сарқырамасы – Оңтүстік Америка материгіндегі Ориноко өзенінің бір саласында орналасқан. Әлемдегі ең биік сарқырама, судың үздіксіз түсу биіктігі 807 метр. 1935 жылы сарқырамадан ұшып өткен Эйнджел Джеймс (ағылш. Angel) ұшқыш атымен аталған.

2.7. Тәжірибе №4. "Лотос гүлі"
Педагог балаларға сумен сиқыр көрсетуді ұсынады.
Керекті құралдар: үлкен ыдыстағы су, қарындаштар, түрлі-түсті қағаздар, қайшы.

Барысы: Түрлі-түсті қағаздан үлкен жапырақтары бар гүлді қиыңдар. Қарандаштың көмегімен жапырақтарды ортаға ораңдар. Ал енді ыдыстағы суға әр түрлі лотостарды түсіріңдер. Осы кезде сіздің алдыңызда гүлдің жапырақтары ашылады.
- Неге?
Қорытынды: Бұл дегеніміз, қағаз суланған сайын біртіндеп ауырлай бастайды. Содан соң жапырақтар ашыла басайды.

2.8. Педагог су туралы мақал-мәтелдер айтуды ұсынады.

Су бергеннің сауабы бар,
Су төккеннің жауабы бар.
Су бермегенге сүтіңді бер - ақ ниетінді білсін.
Су болмай балық аулауға болмас,
Жүз жыртпай дау даулауға болмас.
Су - күмістен де бағалы, су - алтынан да бағалы.
Су - асыл тастан асқан мөлдір.
Сусыз – тіршілік жоқ.
- Жарайсыңдар, балалар!

2.9. Педагог сурет бойынша су туралы тыйым сөздерді айтуды ұсынады.
Суға қоқыс тастама.
Суды ластама.
Суға түкірме.
Суды бекер шашпа.

Суды босқа ағызба.
Судың бұрандасын жауып жүр.
- Өзен, көлдерді таза ұстаңдар, ластамаңдар!

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Балалар, бүгін біз не туралы әңгімелестік? Су туралы.
- Су не үшін керек? Балалардың жауаптары.
- Су қандай болады? Балалардың жауаптары.
- Егерде су болмаса, не болады? Суды іздеген - берекелі іс жасайды, суды бекер төккен - күнә жасайды,- деген бір мақалда.
- Қалай ойлайсыңдар, неге бұлай айтылған? Жыл сайын таза, тұщы судың азаюымен байланысты. Көптеген Еуропалық елдер таза, тұщы суды көп ақшаға сатып алады екен. Біздің Қазақстан Республикасында да ауыз суының сатылуы әдеттегі құбылысқа айналды. Бұл - Тұран, Сарыағаш ауыз сулары, Құлагер - Арасан минералды сулары.
- Таза, тұщы суға артық ақша төлемеу үшін не істеуіміз керек? Суды үнемді пайдалану керек.
- Егер су шүмектен, су бағанасынан қажетсіз ағып жатса, не істеу керек? Шүмекті жабу керек.
- Жуынғанда суды қалай жұмсау керек? Судың көп ағып кетпеуі үшін су ағысын азайту керек.
- Сондықтан да, таза, тұщы су – байлығымыз. Оны үнемдеп, сақтауымыз керек екендігін есімізден шығармауымыз керек.

Жұлдыздар әлемі
Оқу қызметінің мақсаты

Ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып жайында қарапайым түсінік беру; ата-бабаларымыздың кейінгі ұрпаққа мирас еткен асыл мұрасын қадірлеп, қастерлеуге, қасиетін түсінуге баулу; балаларға ұлттық ыдыстары туралы түсінік беру; тәжірибе арқылы ағаштардың қасиеттерін анықтау; балалардың ой-қиялының, шығармашылық белсенділігінің дамуына ықпал ету; балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөйлемде "тостаған", "торсық", "ағаш қасық", "кесе", "сіңіреді", "батады" сөздерін пайдалану

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны, бейнежазбаны көрсету, шаттық шеңбері, түсіндіру, көрсету, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, пысықтау, үлгі ету, ойын, бақылау, тәжірибе

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Киіз үй, ұлттық ыдыстар, асықтар, 2 ыдыс, 2 дорба, шегелер, сіріңкенің шиі, орташа көлемдегі тастар, ағаштар кесегі.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына қарай асықтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қуаныш шеңбері. "Айналаға гүл шашылды".
Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады.

- Балалар, мен сендерді көргеніме өте қуаныштымын. Сендерді шын көңілмен қуаныш шеңберіне шақырамын. Барлығымыз, қыздар мен ұлдар араласып тұрайық та, бір-бірімізбен амандасайық:
Жарқырап күнде ашылды,
Айналаға гүл шашылды.
Қайырлы күн!
Біз нәзік қыздармыз!
Қайырлы күн!
Біз ержүрек ұлдармыз!
Педагог шеңбердің ішімен жүреді, бірде ұлға, бірде қызға кезек-кезек қарап айтады.
Қолдарын бір-біріне ұстатады.
Балалар бір-бірінің көздеріне қарайды да, күлімдейді.
Педагог балаларды жарты шеңберге орындықтарға отырғызады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Көркем сөз.
Педагог Несіпбек Айтовтың «Көктем» өлеңін айтады.

Қаусыратып қар боранды,
Көктем қайтып оралды.
Таулар тастап ақ тонын,

Сарқырады бұлақтар,
Құлпырды сай-қыраттар.
Сағым ойнап, көзді алып,
Жақын тартты жырақтар.
Көрсең енді қояндар,
Көкшіл түске боянды.
Аюлар мен аралар,
Ұйқысынан оянды.
Өлең мазмұны бойынша әңгімелесу:
- Өлеңде қай мезгіл туралы айтылған? Көктем мезгілі туралы.
- Орманда, далада қандай өзгерістер болады? Балалар өз ойларын айтады.

2.2.

Балаларды әже қарсы алады. Балаларды дастарқанға шақырады.
- Тойларың құтты болсын! Тойларың тойға ұласа берсін! Наурыз мейрамы құтты болсын!
- Қонақжайлылық – қазақтың ең ерекше қасиеттерінің бірі. Олар келген қонақты үнемі көңілді қарсы алып, көңілінен шығуға тырысады. Сосын кең жайылған дастархан басына шақырады.
- Үстелде қандай ыдыстарды көріп тұрсыңдар? Балалар білген ыдыстарын атайды: тостаған, кесе, астау, ожау.
- Ыдыстарды қолдарыңмен ұстап көріңдер. Ыдыстар неден жасалған? Ағаштан жасалған.
- Сендерге ұнады ма?
Педагог үстелдің үстіндегі ұлттық ыдыстарымен таныстырады.

2.3. Педагогтар ыдыстарды бір-бірден алып, сипаттайды.
- "Ыдысын көріп, асын іш" деген мақалды қалай түсіңесіңдер? Бұл қазақ мақаласында терең мағына, үлкен тәрбиелік мәні бар. Әдемі ыдыста тіпті ең қарапайым тағам тәбетті көрінеді. Ежелгі халық шеберлері емен, қайың және басқа да күшті ағашты пайдалана отырып, экологиялық таза табиғи материалдан ыдыс жасады. Сол ыдыстармен таныстырайын.

Тостаған пішіні ежелгі көшпенділердің көшпелі өмір салтына байланысты. Қаламсыз дөңгелек пішін мұндай ыдысты әсіресе жинақы, біреуі екіншісіне жинауға мүмкіндік берді, бұл көшпенді жағдайларда маңызды болды.

Астау - қазақтың көне ағаш ыдысы, бешбармақ, палау, ет, қой басын беретін ыдыс. Экологиялық артықшылығы - мұндай тағамда бешбармақ суытпайды, ал ағаш мерекелік үстелге әдемі көрініс береді.
Астау тек қана қатты ағаштан – қайың мен талдан жасалады.

Ожау - ұзын сабы бар ожау ағаштың тұтас бөлігінен жасалады және өрнектермен безендіріледі. Тұтқада ыңғайлы болу үшін шұңқырды егеді. Ожау бірдей және екі есе болады.

Қасық ожаудан кіші, ағаштың тұтас кесектерінен жасалады, сондықтан ағашқасық деп аталады, жарқын бояулармен боялады. Балалар үшін де, ересектер үшін де жасайды.
- Тағы осындай ыдыстар болады: келі-келсап, зерең, тегене, күбі, саптаяқ.
- Қандай ыдыстармен таныстық?
- Ыдыстар неден жасалған? Ағаштан жасалған.

2.4. "Асық жинау" қозғалмалы ойыны.
Педагог балаларға ойын ойнауды ұсынады.
Керекті құралдар: асықтар, 2 ыдыс, 2 дорба.

Ойынның шарты: Балалар екі топқа бөлінеді. Ортада екі үстел тұрады. Үстінде ыдыста асықтар тұрады. Бірінші үстелде тұрған асықтарды екінші үстелдегі бос дорбаға жинайды. Балалар асықтарды санайды. Қай

топ көп асық жинаса, сол топ жеңіске жетеді.
Әже балаларды мақтап, сыйлыққа асықтарды тартады.

2.5. Көркем сөз.
Педагог Шәкәрім Құдайбердіұлының өлеңін оқиды.
Ұлыстың ұлы күнінде,
Бай шығады балбырап.
Қасында жас жеткіншек,
Тұлымшағы салбырап.
Келіншек шығар керіліп,
Сәукелесі саудырап.
Қыз шығады қылмиып,
Екі көзі жаудырап.
Бозбала шығар бұрқырап,
Ақбөкендей сырқырап.
Құл құтылар құрықтан,
Күң құтылар сырықтан.
Кетік ыдыс, шөміштің,
Түтіні шығар бұрқырап.
- Мына өлең жолдарында не туралы айтылған? Қалай ойлайсыңдар?
Балалар өз ойларын білдіреді. Педагог балалардың жауаптарын толықтырады.

2.6. Тәжірибелік әрекет.
Педагог балаларды табиғат бұрышына шақырады. Тәжірибеге керекті құралдарды алдын ала дайындайды.
- Балалар, айналаға қараңдаршы, ағаштан тағы қандай заттар жасалған? Балалар өз жауаптарын айтады.
- Ағаштың қандай сиқырлы қасиеттері бар екенін білгілерің келе ме? Ағаш - адамның мыңдаған жылдардан бері отын үшін де және құрылыс материалы ретінде қолданған шикізаты. Отын мен құрылыстан басқа да мақсаттарда: еңбек аспаптарын, музыка аспаптарын, қару, жиһаз, өнер туындыларын, қағаз жасау үшін қолданады. Ағаш материалы өсімдіктерінің діңінен немесе жаңқасынан, кейде талшықтарынан алынады.
Тәжірибе №1 "Сынады, сынбайды"
Керекті құралдар: шегелер, сіріңкенің шиі.
Барысы:
-Қолымызға шегені аламыз, оны сындырып көрейік. Шеге сынбайды.
- Шеге қандай? Шеге қатты.
- Енді сіріңкенінің шиін сындырып көрейік. Не айтуға болады? Сіріңкенің шиі сынды, демек ағашты сындыруға болады.
Қорытынды: ағаш және ағаштан жасалған заттар сынады, демек оларға ұқыпты қарап, сындырмау керек.
Ағаш темірден иілгіштеу, өңдеуге тез келеді. Сондықтан адамдар ағаштан көп заттар жасауды ойлап тапқан.

2.7. Тәжірибе №2 "Батады - батпайды"
Керекті құралдар: орташа көлемдегі тастар, ағаштар кесегі.
Барысы:
- Балалар, сендер қалай ойлайсыңдар, ағаш суда батады ма, батпайды ма? Балалар өз ойларын айтады.
- Осыны анықтау үшін тәжірибе жасап көрейік. Қолдарыңа тасты алып, суға салыңдар.
- Не байқадыңдар? Тас батып кетті.
- Енді қолдарыңа ағаш кесегін алып, суға салыңдар.
- Ағаш жайында не айтуға болады? Ағашқа не болды? Ағаш батпайды.
Қорытынды: ағаш жеңіл, су бетінде қалқып жүреді. Ағаш суда батпайды.
- Осы ағаштың қасиетін адамдар қайда пайдаланады? Адамдар ағаштан қайық, кеме жасайды. Өйткені олар суға батпайды.

2.8. Тәжірибе №3 "Ағаш суды сіңіреді"
Керекті құралдар: судағы ағаш кесегі.

Барысы:
- Судан ағаш кесегін алайық. Қараңдаршы, не болды? Ол қарайып, ісініп кетіпті.
Қорытынды: ағаш суды бойына сіңіреді, сондықтан ол ісініп, өз қасиетін жоғалтады. Ағаштан жасалған заттары бұзылмау үшін бояймыз.
Педагог балалардың арасынан кезекшілерді тағайындайды. Балалар табиғат бұрышын реттейді.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Біз бүгінгі оқу қызметінде не туралы әңгімелестік? Көктем, Наурыз мерекесі, ұлттық ыдыстар туралы.
- Көктемнің қандай ерекшеліктерін білесіңдер? Балалар өз жауаптарын айтады.
- Көктемде қандай мерекелерді тойлаймыз? Наурыз мерекесін.
- Наурыз мерекесі сендерге ұнайды ма? Не ұнайды?
- Наурыз мерекесінде қонақтарға не жайамыз? Дастарқан жаямыз.
- Қандай ұлттық ыдыстарды білесіңдер? Балалардың жауаптары.
- Олар неден жасалған? Ағаштан жасалған.
- Тәжірибе кезінде ағаштың қасиеті жайында нені білдік? Ағаш жеңіл, суда қалқып жүзеді, ағаш сынады.
- Әже, сіздің келгеніңізге көп-көп рахмет! Келген Наурыз құтты болсын! Наурызда жылдан жылға аман-есен жете берейік Бүгінгі күнге рахмет!

Күніміз жарық болсын!
Аспанымыз ашық болсын!
Күніміз сәтті болсын!
Деніміз сау болсын!

Жер — ортақ үйіміз!

Оқу қызметінің мақсаты

Ұлттық қолданбалы өнер туралы, алған түсінігі мен әсерлерін түрлі жолдармен жеткізу, балалардың ұлттық бұйымға деген қызығушылығын, сана-сезімін, ынта-жігерін арттыру, зергерлік бұйымдармен таныстыру;.сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілетін дамыту; өнердің бәрі адам баласына қажет дүние екендігін түсініп, білуге тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөйлемде "білезік", "сақина", "қобдиша", "әшекей", "алқа", "сырға", "зергер", "асыл тастар", "күміс" сөздерін пайдалану

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны, бейнежазбаны көрсету, шаттық шеңбері, түсіндіру, көрсету, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, пысықтау, үлгі ету, ойын, бақылау

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Қобдиша, күмістен жасалған бұйымдар - сақина, сырға, алқа, білезік.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына қарай тапсырмалар парағы.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қуаныш шеңбері. "Үлкен шеңбер құрайық!"
Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады.

Кел, балалар, ортаға,
Үлкен шеңбер құрайық!
Тереземді ашамын,
Салем деймін күнге мен!
Достарымды көргенде,
Қуана қарсы аламын.
Қолымыздан ұстасып,
Жылулықты алайын!
Кел, балалар күлейік!
Күлкіменен түлейік.
Қабақ шытқан не керек?
Көңілді болып жүрейік!
Балалар бір-біріне қарайды да, күлімдейді.
Педагог балаларды жарты шеңберге орындықтарға отырғызады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ертегі айту.

"Ерте-ерте ертеде бір қыз болыпты. Ол өзін өте жақсы көріпті. Әрбір таңда ол өзінің бұйымдарымен әдеміленіп отырған. Ешкімге көмектеспеген.
Соны көрген Сиқыршы ашуланды. Қыз ұйқыдан тұрса, бұйымдары жоқ. Бәрі жоғалып кетіпті.

- Менің бұйымдарым қайда кеткен? Оны кім алып кетті? Мен енді қалай әдемі боламын. Мені ешкім жақсы көрмейді ғой?"
- Балалар, Ханзадаға біз қандай көмек көрсете аламыз?
- Әшекейлерін тауып береміз бе? Балалар өз ойларын айтады.
Педагог балалардың назарын әдемі қобдишаға аударады.

2.2. Ғажайып сәт.

Педагог балаларға қобдишаны көрсетеді.
- Бұл не, балалар? Қобдиша.
- Қобдиша не үшін қажет? Қобдиша - әшекей салуға арналған бұйым.
- Қалай ойлайсыңдар, біздің қобдишада не бар? Балалар өз ойларын айтады.
- Олай болса, ашып көрейік.
Алқа - қыз баланы сыпайы, сәнмен әсем жүруге үйрету үшін тағылады.
Жүзік - оны қолымызға күніміз ашық болсын деген тілекпен салған.
Білезік - ол халықтың қастерлі дүниесі.
Қапсырма - әйел қамзолына тағылатын жалпақ күміс бұйым.
Сырға - құлаққа тағатын сәнді асыл бұйым.
Шекелік - сәукеле, тақия, бас киімге тағылатын тағым.
Педагог қобдишаның ішінен әшекелерді алуды ұсынады.
- Қалай ойлайсыңдар, бұл әшекей бұйымдары неден жасалған? Күмістен жасалған.
- Әшекейлерді жасау өнері зергерлік өнер деп аталады. Ал оларды дайындайтын шеберді зергер деп атайды.
- Олай болса, зергер туралы өлең тыңдайық.

2.3. Көркем сөз.
Фариза Оңғарсынованың "Зергер" өлеңі.
Білесің бе бұл істі –
зергерлікке кім дайын?
Балқытып ап күмісті,
сапырады судайын.
Сиқыршыдай жырдағы:
білезік пен алқаны,
сақинаны, сырғаны
күміс сымнан тартады.
Көрсең, қайран боласың –
мақтанышы ол бір елдің.
Күмістейді тоғасын
таралғы мен жүгеннің.
Тобылғы сап күмсанды
қамшыға бір қарашы.
Кім жасайды бұл сәнді
табылмастай бағасы?!
Демеңіздер: «Бұл қалай
күмісті де илеген?»
Осы өнерді мұрадай
зергерлерден үйренем!
- Өлеңде не туралы айтылған? Балалардың жауаптары тыңдалады.
- Бұйымдарды немен әшекейлеген? Әдемі тастармен , оюлармен көмкеріп әшекейлеген.

2.4. Күміс туралы әңгімелеу.
Педагог балалардың назарын интерактивті тақтадағы бейнежазбаға аударады.

- Күміс – адам денсаулығына өте пайдалы. Иммунитетті нығайтады, микробтардан тазартады, жүректің қызметін жақсартады, қан қысымын төмендетеді, ісіктің жойылуына көмектеседі, сондай-ақ оны тері аурулары

бар адам тағып жүруі керек. Сондықтан оны медицинада да қолданады, кейбір құрал-жабдықтардың құрамына күміс қосылған.
- Қазақтың ұғымында күміс тазалықтың, адалдықтың белгісі. Тек әшекей бұйымдар ғана емес, тұрмыс заттары, жиһаз, ер-тұрмандар да күміспен күптелген. Қазіргі кезде де әрбір үйде күмістен жасалған бұйымдар бар. Кішкентай сәбиді қырқынан шығарарда дені сау болсын деген ниетпен күміс салынған суға шомылдырады.
- Осы күміс бұйымдар уақыт өте келе қарайып кетіп жатады.
- Ол неліктен? Күміске су, иіс май, тамақ, кір жуғыш құралдар тигенде, кейде сөреде жатып-ақ өзінен-өзі күңгірттеніп кетеді.
- Әшекейлерді тазартып көреміз бе?
Педагог балаларды табиғат бұрышында жұмыс жасауды
ұсынады.

2.5. Практикалық жұмыс.
Керекті құралдар: күмістен жасалған әшекей бұйымдары, тіс ыскыш, тіс пастасы, ас содасы, киіз.
Барысы:
- Балалар, біз күмістен жасалған бұйымдарды тазалаймыз. Ол үшін кәдімгі тіс пастасымен не ас содасымен ысқылап, кейін сумен шайып жібереміз. Кәдімгі киізге де үйкелеп, тазартуға болады. Алайда қатты ысқылап, бұйымды бүлдіріп алмаңыз.
Балалар өз бетімен жұмыс істейді.
- Өздеріңе ұнаған тәсілмен бұйымдарды тазартып көріңдер.
- Не байқадыңдар? Сақина жарқырап шыға келеді.

2.6. Сергіту сәті.
Педагог балаларға сергіту сәтін орындауға ұсынады.
Сыңғыр-сыңғыр сырғалар,
Құлағымда ырғалар.
Оң қолымда - білезік,
Сол қолымда - білезік,
Саусақтарда сақина,
Санап қане көрсетші:
1, 2, 3, 4, 5.
Сыңғырлайды сырғалар.
Балалар 2 рет қайталайды.

2.7. Шығармашылық әрекет.
Педагог балаларға әшекейлер туралы өлеңдерін айтуды ұсынады.

Сылдыр – сылдыр, сырғалым,
Құлағыма тағар кім?
Сұлу болып әрдайым,
Сырғалы қыз атандым.

Он қолымда білезік,
Сол қолымда білезік.

Сәнді көйлек киелік,
Бәріміз бірге билейік.

Балқытып ол күмісті
Сапырады судайын.
Білезік пен алқаны,
Сақинаны, сырғаны.
- Балалар, өлеңдерде не туралы айтылған?
- Қандай әшекейлер туралы айттық?

2.8. Жұмбақтың шешуін шешу арқылы үзік сызықтарды бастырту.
Керекті құралдар: тапсырмалар парағы, қарындаштар.
Қолға көрік береді.
Жалт-жұлт етеді.
Бұл не? Сақина.
Білеу-білеу білегім
Білегіме киемін.
Ал, кәнекей, балалар,
Шешуін кім таба алар? Білезік.
Сыңғыр-сыңғыр етеді,
Құлаққа ілсе, әдемі боп кетеді.
Бұл не? Сырға.
Балалар жұмбақтарды шешіп, үзік сызықтарды бастырады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Бүгін қандай бұйымдармен таныстық? Сақина, сырға, білезік, алқа.
- Олар неден жасалады? Күмістен, алтыннан жасалынады.
- Зергерлік бұйымдарды кімдер жасайды? Зергерлер жасайды.
- Қазақтың әшекей бұйымдары – бүкіл ұлттық мәдениетіміздің асыл қазынасы. Зергерлер алтын мен күміс, жез бен мысты кеңінен қолданған екен. Солардың арасында көбірек қолданғаны – күміс. Мысалы: күміс сақиналар, сырғалар, білезіктер, шашбау жасаған екен. Қазақша бұйымды әшекейлеу үшін асыл тастар да қолданылады.
- Ер қадірін ер білер,
Зер қадірін зергер білер, деген мақалды қалай түсінесіңдер? Балалар өз ойларын айтады.
- Көңіліміз әрдайым күмістей жарқырап жүре берсін!

Көктемгі ағаштар

Оқу қызметінің мақсаты

Ұлттық қолданбалы өнер туралы, алған түсінігі мен әсерлерін түрлі жолдармен жеткізу, балалардың ұлттық бұйымға деген қызығушылығын, сана-сезімін, ынта-жігерін арттыру, зергерлік бұйымдармен таныстыру;.сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілетін дамыту; өнердің бәрі адам баласына қажет дүние екендігін түсініп, білуге тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөйлемде "білезік", "сақина", "қобдиша", "әшекей", "алқа", "сырға", "зергер", "асыл тастар", "күміс" сөздерін пайдалану

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны, бейнежазбаны көрсету, шаттық шеңбері, түсіндіру, көрсету, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, пысықтау, үлгі ету, ойын, бақылау

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Қобдиша, күмістен жасалған бұйымдар - сақина, сырға, алқа, білезік.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына қарай тапсырмалар парағы.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қуаныш шеңбері. "Үлкен шеңбер құрайық!"
Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады.

Кел, балалар, ортаға,
Үлкен шеңбер құрайық!
Тереземді ашамын,
Салем деймін күнге мен!
Достарымды көргенде,
Қуана қарсы аламын.
Қолымыздан ұстасып,
Жылулықты алайын!
Кел, балалар күлейік!
Күлкіменен түлейік.
Қабақ шытқан не керек?
Көңілді болып жүрейік!

Балалар бір-біріне қарайды да, күлімдейді.
Педагог балаларды жарты шеңберге орындықтарға отырғызады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ертегі айту.

"Ерте-ерте ертеде бір қыз болыпты. Ол өзін өте жақсы көріпті. Әрбір таңда ол өзінің бұйымдарымен әдеміленіп отырған. Ешкімге көмектеспеген.
Соны көрген Сиқыршы ашуланды. Қыз ұйқыдан тұрса, бұйымдары жоқ. Бәрі жоғалып кетіпті.

- Менің бұйымдарым қайда кеткен? Оны кім алып кетті? Мен енді қалай әдімі боламын. Мені ешкім жақсы көрмейді ғой?"
- Балалар, Ханзадаға біз қандай көмек көрсете аламыз?
- Әшекейлерін тауып береміз бе? Балалар өз ойларын айтады.
Педагог балалардың назарын әдемі қобдишаға аударады.

2.2. Ғажайып сәт.

Педагог балаларға қобдишаны көрсетеді.
- Бұл не, балалар? Қобдиша.
- Қобдиша не үшін қажет? Қобдиша - әшекей салуға арналған бұйым.
- Қалай ойлайсыңдар, біздің қобдишада не бар? Балалар өз ойларын айтады.
- Олай болса, ашып көрейік.
Алқа - қыз баланы сыпайы, сәнмен әсем жүруге үйрету үшін тағылады.
Жүзік - оны қолымызға күніміз ашық болсын деген тілекпен салған.
Білезік - ол халықтың қастерлі дүниесі.
Қапсырма - әйел қамзолына тағылатын жалпақ күміс бұйым.
Сырға - құлаққа тағатын сәнді асыл бұйым.
Шекелік - сәукеле, тақия, бас киімге тағылатын тағым.
Педагог қобдишаның ішінен әшекелерді алуды ұсынады.
- Қалай ойлайсыңдар, бұл әшекей бұйымдары неден жасалған? Күмістен жасалған.
- Әшекейлерді жасау өнері зергерлік өнер деп аталады. Ал оларды дайындайтын шеберді зергер деп атайды.
- Олай болса, зергер туралы өлең тыңдайық.

2.3. Көркем сөз.
Фариза Оңғарсынованың "Зергер" өлеңі.
Білесің бе бұл істі –
зергерлікке кім дайын?
Балқытып ап күмісті,
сапырады судайын.
Сиқыршыдай жырдағы:
білезік пен алқаны,
сақинаны, сырғаны
күміс сымнан тартады.
Көрсең, қайран боласың –

мақтанышы ол бір елдің.
Күмістейді тоғасын
таралғы мен жүгеннің.
Тобылғы сап күмсанды
қамшыға бір қарашы.
Кім жасайды бұл сәнді
табылмастай бағасы?!
Демеңіздер: «Бұл қалай
күмісті де илеген?»
Осы өнерді мұрадай
зергерлерден үйренем!
- Өлеңде не туралы айтылған? Балалардың жауаптары тыңдалады.
- Бұйымдарды немен әшекейлеген? Әдемі тастармен , оюлармен көмкеріп әшекейлеген.

2.4. Күміс туралы әңгімелеу.
Педагог балалардың назарын интерактивті тақтадағы бейнежазбаға аударады.

- Күміс – адам денсаулығына өте пайдалы. Иммунитетті нығайтады, микробтардан тазартады, жүректің қызметін жақсартады, қан қысымын төмендетеді, ісіктің жойылуына көмектеседі, сондай-ақ оны тері аурулары бар адам тағып жүруі керек. Сондықтан оны медицинада да қолданады, кейбір құрал-жабдықтардың құрамына күміс қосылған.
- Қазақтың ұғымында күміс тазалықтың, адалдықтың белгісі. Тек әшекей бұйымдар ғана емес, тұрмыс заттары, жиһаз, ер-тұрмандар да күміспен күптелген. Қазіргі кезде де әрбір үйде күмістен жасалған бұйымдар бар. Кішкентай сәбиді қырқынан шығарарда дені сау болсын деген ниетпен күміс салынған суға шомылдырады.
- Осы күміс бұйымдар уақыт өте келе қарайып кетіп жатады.
- Ол неліктен? Күміске су, иісмай, тамақ, кір жуғыш құралдар тигенде, кейде сөреде жатып-ақ өзінен-өзі күңгірттеніп кетеді.
- Әшекейлерді тазартып көреміз бе?
Педагог балаларды табиғат бұрышында жұмыс жасауды
ұсынады.

2.5. Практикалық жұмыс.
Керекті құралдар: күмістен жасалған әшекей бұйымдары, тіс ысқыш, тіс пастасы, ас содасы,
Барысы:
- Балалар, біз күмістен жасалған бұйымдарды тазалаймыз. Ол үшін кәдімгі тіс пастасымен не ас содасымен ысқылап, кейін сумен шайып жібереміз. Кәдімгі киізге де үйкелеп, тазартуға болады. Алайда қатты ысқылап, бұйымды бүлдіріп алмаңыз.
Балалар өз бетімен жұмыс істейді.
- Өздеріңе ұнаған тәсілмен бұйымдарды тазартып көріңдер.
- Не байқадыңдар? Сақина жарқырап шыға келеді.

2.6. Сергіту сәті.
Педагог балаларға сергіту сәтін орындауға ұсынады.
Сыңғыр-сыңғыр сырғалар,
Құлағымда ырғалар.

Оң қолымда - білезік,
Сол қолымда - білезік,
Саусақтарда сақина,
Санап қане көрсетші:
1, 2, 3, 4, 5.
Сыңғырлайды сырғалар.
Балалар 2 рет қайталайды.

2.7. Шығармашылық әрекет.
Педагог балаларға әшекейлер туралы өлеңдерін айтуды ұсынады.

Сылдыр – сылдыр, сырғалым,
Құлағыма тағар кім?
Сұлу болып әрдайым,
Сырғалы қыз атандым.

Он қолымда білезік,
Сол қолымда білезік.
Сәнді көйлек киелік,
Бәріміз бірге билейік.

Балқытып ол күмісті
Сапырады судайын.
Білезік пен алқаны,
Сақинаны, сырғаны.
- Балалар, өлеңдерде не туралы айтылған?
- Қандай әшекейлер туралы айттық?

2.8. Жұмбақтың шешуін шешу арқылы үзік сызықтарды бастырту.
Керекті құралдар: тапсырмалар парағы, қарындаштар.
Қолға көрік береді.
Жалт-жұлт етеді.
Бұл не? Сақина.
Білеу-білеу білегім
Білегіме киемін.
Ал, кәнекей, балалар,
Шешуін кім таба алар? Білезік.
Сыңғыр-сыңғыр етеді,
Құлаққа ілсе, әдемі боп кетеді.
Бұл не? Сырға.
Балалар жұмбақтарды шешіп, үзік сызықтарды бастырады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Бүгін қандай бұйымдармен таныстық? Сақина, сырға, білезік, алқа.
- Олар неден жасалады? Күмістен, алтыннан жасалынады.

- Зергерлік бұйымдарды кімдер жасайды? Зергерлер жасайды.
- Қазақтың әшекей бұйымдары – бүкіл ұлттық мәдениетіміздің асыл қазынасы. Зергерлер алтын мен күміс, жез бен мысты кеңінен қолданған екен. Солардың арасында көбірек қолданғаны – күміс. Мысалы: күміс сақиналар, сырғалар, білезіктер, шашбау жасаған екен. Қазақша бұйымды әшекейлеу үшін асыл тастар да қолданылады.
- Ер қадірін ер білер,
Зер қадірін зергер білер, деген мақалды қалай түсінесіңдер? Балалар өз ойларын айтады.
- Көңіліміз әрдайым күмістей жарқырап жүре берсін!

Тірі және өлі табиғат

Оқу қызметінің мақсаты

Өлі табиғаттың түрлі нысандарын бақылау; балаларға жұлдыздар әлемі туралы жалпы түсінік беру; сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету; ойлау қабілетін, қызығушылығын арттыру; еңбекке деген құштарлығын ояту, үлкендердің еңбегін сыйлауға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

сөйлемде "темірқазық", "жетіқарақшы", "үлкен аю", "кіші аю", "құсжолы" сөздерді пайдалану

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, түсіндіру, ойын, жаттығу, көрсету, сұрақ-жауап, әңгімелеу, бой сергіту, қорытындылау, сұрақ-жауап, мадақтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

ғаламшар суреті, "Аспан әлемі" презентациясы, шам

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

бала санына қарай жұлдызшалар, қарындаштар, тапсырмалар парағы.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады.
Қуаныш шеңбері:
Шеңберге тұрайық, достарымызбен қол ұстасайық! Барлығымыз жақсы көңіл-күйде бір-бірімізге тілегімізді айтайық! Бір-бірімізге қарап, күлкімізді сыйлайық!
Қол алысып, қәне, біз,
Достасайық бәріміз.
Айтарым бар сендерге,
Тез тұрыңдар шеңберге.
Қандай жақсы бір тұру,
Достарменен бір жүру!
Қандай жақсы дос болу!
- Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алақан арқылы жүректің жылуын сезінейік!
- Балалар, менің қолымда не бар? Сандық.
- Сандықта Білгіш досымыздың тапсырмалары бар. Тапсырмаларды орындасақ, сыйлыққа ие боласыңдар.
Педагог балаларды жарты шеңберге орындықтарға отыруды ұсынады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. "Ой қозғау" әдісі.
Тақиям толған сөк,
Ерте тұрсам дымда жоқ. (жұлдыз)
Бірде арық, бірде толық,
Үстіне көйлек сыймайды.
Тігінші іздеп өзіне,
Аспанды кезіп жүреді. (ай)
Педагог "Аспан әлемі" презентация арқылы әңгімелейді.
- Балалар, бүгінгі оқу қызметі өте қызықты болмақ, өйткені біз аспан әлемі туралы әңгімелесеміз.
- Жерді қоршаған бүкіл дүние - Ғарыш деп аталады, Ғарыш әлемі кең байтақ!
- Оны адамзат әлі толығымен зерттеп болған жоқ. Ғарыш әлемінде көптеген ғаламшарлар бар: Меркурий,

Венера, Жер, Марс, Юпитер, Сатурн, Уран, Нептун, Плутон.
- Аспан әлемінде көптеген жұлдыздар да бар. Мына жұлдыз Жетіқарақшы деп аталады.
- Ал мына жұлдыз - Темірқазық.
- Ал ең үлкен жұлдыз - Күн. Күн - ғарыштың жүрегі, біздің планетамыздың жылу көзі.
- Балалар, сендерге жұлдызшаларды сыйға тартамын!

2.2. Әңгімелесу.
Педагог балалардың назарын интерактивті тақтаға аударады.
- Балалар, біз қай ғаламшарда өмір сүріп жатырмыз? Жер - біздің тұрып жатқан мекеніміз, ортақ үйіміз.
- Ал жоғарыда, біздің үстімізде не бар? Аспан, жұлдыздар, күн, ай.
- Ай мен жұлдыздарды қай уақытта көреміз түнде ме, күндіз бе? Түнде көреміз.
- Түнде аспан бізге қандай болып көрінеді?
- Маған да ұнайды. Түнгі аспан әдемі, сиқырлы сияқты.
- Қалай ойлайсыңдар, жұлдыз деген не?
- Олар неге ұқсайды? Балалардың жауаптары.
- Дұрыс, балалар, біз жұлдыздарға қарағанда олар кішкентай ұсақ болып көрінеді. Өйткені олар өте биік жоғарыда орналасқан.
Педагог тапсырма соңында жұлдызшаларды сыйға тартады.

2.3. Көркем сөз.
Педагог балаларға Әбділдә Тәжібаевтің "Жұлдыз" өлеңін оқиды.
Өрмекшідей қыбырлап,
Аяқтары жыбырлап,
Түнде жұлдыз жүреді.
Тозған жерін көгінің,
Көкшіл торғын жібімен
Кайта торлап тігеді.
Күн шашырап бір кезде,
Көтерілер ілезде,
Жұрт ұйқысы қанғасын.
Тіледі ол жұлдыздың
Жүруі үшін күндіз күн,
Түнде тыным алмасын.
- Мына өлең жолдарында не туралы айтылған?
- Қалай ойлайсыңдар? Балалар өз ойларын білдіреді.
Педагог балалардың жауаптарын толықтырады.

2.4. Жұмбақ жасыру.
Педагог балаларға жұмбақ жасырады.
Ортасында өзі тұрады,
Жан-жағына күлімдеп
Сан мыңдаған көзі тұрады. Ай мен жұлдыздар.
- Балалар, ай мен жұлдыз туралы білгілерің келе ме?
- Жұлдыздар – өте күшті қызған газдан (плазмадан) тұратын, өзінен жарық шығаратын және табиғаты жағынан Күнге ұқсас аспан денелері. Жұлдыздар Жерден өте қашық орналасқандықтан, телескоппен қарағанның өзінде де нүктедей ғана болып көрінеді. Айсыз түнде жай көзбен қарағанда 5 мыңға жуық жұлдызды, ал күшті телескоп арқылы миллиардтаған жұлдызды көруге болады.
- Сендер қандай жұлдыздар білесіңдер? Темірқазық, жетіқарақшы, Үлкен аю, Кіші аю.
- Жұлдыздар бізге не үшін керек? Жол бағдарлау үшін.
- Ай - Жердің табиғи серігі, өзінен жарық шығармайтын Жерге ең жақын аспан денесі.
Педагог тапсырма соңында жұлдызшаларды сыйға тартады.

2.5. Сергіту сәті.
Педагог балаларға сергіту сәтін орындауды ұсынады.
Шаршасаңдар, балалар,
Қолдарыңды созыңдар.
Саусақтармен ойнаңдар,
Қолдарыңды сермеңдер.
Денелерің шынықсын,
Саналарың тынықсын.
Балалар 2 рет кайталайды.

2.6. Тәжірибелік әрекет.

Педагог шаммен тәжірибе жасауды ұсынады.
Керекті құралдар: шам, жұлдыздардың суреттері.
Барысы:
- Жұлдыздарға мұқият қараңдаршы. Біз олардың түстері бірдей емес екенін байқаймыз. Көк, ақ, сары, қызғылт, қызыл түсті жұлдыздар.
- Қалай ойлайсызар, неге олай болады? Балалар өз ойларын білдіреді.
- Жұлдыздар - қызған газдардан тұрады. Ең ыстықтары көгілдір жарықпен жарқырайды. Біраз суықтауы ақ түсті, тіпті суығы сары түсті болады. Содан кейін сарғыш, қызыл болып жарқырайды. Ақыры олар сөнеді.
- Енді қолдарыңа шамдарыңды алыңдар.
- Шамды қосыңдар. Нені байқадыңдар? Шамды қоссақ, ол ақ түсті болып жарқырайды.
- Егер батареясы ескі болса, не болады екен? Онда жарығы әлсіз болады. Содан жарық сары түсті болады, содан кейін қызғылт түсті болады. Содан кейін ол сөніп қалады.
- Балалар, сендерге тәжірибе ұнады ма? Балалар өз ойларын білдіреді.

2.7. Шығармашылық әрекет.
Педагог «Нүктелерді қос» графикалық жаттығуды орындауды ұсынады.
Керекті құралдар: қарындаштар, тапсырмалар парағы.
Барысы:
Осы шоқжұлдыздардағы жұлдыздарды сандар арқылы қосып көрейік.
- Нүктелерді қосқаннан кейін не шықты? Шоқжұлдыздар пайда болды.
- Кімде қандай шоқжұлдыз пайда болды? Балалар жауаптарын айтады.
Педагог балаларға көмектеседі.

2.8. Жұмбақ жасыру.
Педагог балаларға жұмбақ жасырады.
- Балалар, қараңдаршы, сандықта хат бар. Оқып көрейін, ішінде не жазылған екен?
- Міне, қызық хаттың ішінде жұмбақтар бар екен, жұмбақтың жауабын тауып көреміз бе?
Таңмен көзін ашады,
Әлемге нұрын шашады. (Күн)
Күндіз бәрі қашады,
Түнде аспанды басады. (Жұлдыз)
Ұшады қанатсыз,
Зырлайды аяқсыз. (Зымыран)
Көлде жүрген ақ үйрек,
Түнде бар да, күндіз жоқ. (Ай)
- Жарайсыңдар, балалар!
Педагог дұрыс жауап үшін жұлдызшаларды сыйға тартады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Бүгін біз не туралы әңгімелестік? Аспан әлемі, жұлдыздар, ай туралы.
- Жұлдыздар қай кезде көрінеді? Түнде көрінеді.
- Қандай жұлдыздарды білесіңдер? Темірқазық, жетіқарақшы, үлкен аю, кіші аю.
- Жұлдыздар күндіз неге көрінбейді? Балалар өз ойларын білдіреді.
- Балалар, сендер түнгі аспанды көрдіңдер ме?
- Сендерге ұнай ма? Балалардың жауаптары.
- Күндіз аспанда нені көруге болады? Күнді. Күн - ғарыштың жүрегі, біздің планетамыздың жылу көзі.Көзімізге күн сары секілді болып көрінгенімен, шындығында олай емес. Күннің түсі - ақ. Атмосфераның әсерінен ғана бізде күннің түсі сары болып көрінеді.
Мына сұлу әлемде,
Адам өмір сүреді.
Үлкен менен кішіге,
Күн сәулесін төгеді.
- Күнге қол бұлғайық! Әрбір адам күннің көзіне қарап қуанады. Ол бізді өзінің нұрымен жылытады, біздің тезірек өсуімізге көмектеседі.

Асқар таулар

Оқу қызметінің мақсаты

Өлі табиғаттың түрлі нысандарын бақылау; балаларға жұлдыздар әлемі туралы жалпы түсінік беру; сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету; ойлау қабілетін, қызығушылығын арттыру; еңбекке деген құштарлығын ояту, үлкендердің еңбегін сыйлауға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

сөйлемде "темірқазық", "жетіқарақшы", "үлкен аю", "кіші аю", "құсжолы" сөздерді пайдалану

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, түсіндіру, ойын, жаттығу, көрсету, сұрақ-жауап, әңгімелеу, бой сергіту, қорытындылау, сұрақ-жауап, мадақтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

ғаламшар суреті, "Аспан әлемі" презентациясы, шам

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

бала санына қарай жұлдызшалар, қарындаштар, тапсырмалар парағы.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады.
Қуаныш шеңбері:
Шеңберге тұрайық, достарымызбен қол ұстасайық! Барлығымыз жақсы көңіл-күйде бір-бірімізге тілегімізді айтайық! Бір-бірімізге қарап, күлкімізді сыйлайық!
Қол алысып, қәне, біз,
Достасайық бәріміз.
Айтарым бар сендерге,
Тез тұрыңдар шеңберге.
Қандай жақсы бір тұру,
Достарменен бір жүру!
Қандай жақсы дос болу!
- Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алақан арқылы жүректің жылуын сезінейік!
- Балалар, менің қолымда не бар? Сандық.
- Сандықта Білгіш досымыздың тапсырмалары бар. Тапсырмаларды орындасақ, сыйлыққа ие боласыңдар.
Педагог балаларды жарты шеңберге орындықтарға отыруды ұсынады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. "Ой қозғау" әдісі.
Тақиям толған сөк,
Ерте тұрсам дымда жоқ. (жұлдыз)
Бірде арық, бірде толық,
Үстіне көйлек сыймайды.
Тігінші іздеп өзіне,
Аспанды кезіп жүреді. (ай)
Педагог "Аспан әлемі" презентация арқылы әңгімелейді.
- Балалар, бүгінгі оқу қызметі өте қызықты болмақ, өйткені біз аспан әлемі туралы әңгімелесеміз.
- Жерді қоршаған бүкіл дүние - Ғарыш деп аталады, Ғарыш әлемі кең байтақ!
- Оны адамзат әлі толығымен зерттеп болған жоқ. Ғарыш әлемінде көптеген ғаламшарлар бар: Меркурий, Венера, Жер, Марс, Юпитер, Сатурн, Уран, Нептун, Плутон.

- Аспан әлемінде көптеген жұлдыздар да бар. Мына жұлдыз Жетіқарақшы деп аталады.
- Ал мына жұлдыз - Темірқазық.
- Ал ең үлкен жұлдыз - Күн. Күн - ғарыштың жүрегі, біздің планетамыздың жылу көзі.
- Балалар, сендерге жұлдызшаларды сыйға тартамын!

2.2. Әңгімелесу.
Педагог балалардың назарын интерактивті тақтаға аударады.

- Балалар, біз қай ғаламшарда өмір сүріп жатырмыз? Жер - біздің тұрып жатқан мекеніміз, ортақ үйіміз.
- Ал жоғарыда, біздің үстімізде не бар? Аспан, жұлдыздар, күн, ай.
- Ай мен жұлдыздарды қай уақытта көреміз түнде ме, күндіз бе? Түнде көреміз.
- Түнде аспан бізге қандай болып көрінеді?
- Маған да ұнайды. Түнгі аспан әдемі, сиқырлы сияқты.
- Қалай ойлайсыңдар, жұлдыз деген не?
- Олар неге ұқсайды? Балалардың жауаптары.
- Дұрыс, балалар, біз жұлдыздарға қарағанда олар кішкентай ұсақ болып көрінеді. Өйткені олар өте биік жоғарыда орналасқан.
Педагог тапсырма соңында жұлдызшаларды сыйға тартады.

2.3. Көркем сөз.
Педагог балаларға Әбділдә Тәжібаевтің "Жұлдыз" өлеңін оқиды.
Өрмекшідей қыбырлап,
Аяқтары жыбырлап,
Түнде жұлдыз жүреді.
Тозған жерін көгінің,
Көкшіл торғын жібімен
Кайта торлап тігеді.
Күн шашырап бір кезде,
Көтерілер ілезде,
Жұрт ұйқысы қанғасын.
Тіледі ол жұлдыздың
Жүруі үшін күндіз күн,
Түнде тыным алмасын.
- Мына өлең жолдарында не туралы айтылған?
- Қалай ойлайсыңдар? Балалар өз ойларын білдіреді.
Педагог балалардың жауаптарын толықтырады.

2.4. Жұмбақ жасыру.
Педагог балаларға жұмбақ жасырады.
Ортасында өзі тұрады,
Жан-жағына күлімдеп
Сан мыңдаған көзі тұрады. Ай мен жұлдыздар.
- Балалар, ай мен жұлдыз туралы білгілерің келе ме?
- Жұлдыздар – өте күшті қызған газдан (плазмадан) тұратын, өзінен жарық шығаратын және табиғаты жағынан Күнге ұқсас аспан денелері. Жұлдыздар Жерден өте қашық орналасқандықтан, телескоппен қарағанның өзінде де нүктедей ғана болып көрінеді. Айсыз түнде жай көзбен қарағанда 5 мыңға жуық жұлдызды, ал күшті телескоп арқылы миллиардтаған жұлдызды көруге болады.
- Сендер қандай жұлдыздар білесіңдер? Темірқазық, жетіқарақшы, Үлкен аю, Кіші аю.
- Жұлдыздар бізге не үшін керек? Жол бағдарлау үшін.
- Ай - Жердің табиғи серігі, өзінен жарық шығармайтын Жерге ең жақын аспан денесі.
Педагог тапсырма соңында жұлдызшаларды сыйға тартады.

2.5. Сергіту сәті.
Педагог балаларға сергіту сәтін орындауды ұсынады.
Шаршасаңдар, балалар,
Қолдарыңды созыңдар.
Саусақтармен ойнаңдар,
Қолдарыңды сермеңдер.
Денелерің шынықсын,
Саналарың тынықсын.
Балалар 2 рет кайталайды.

2.6. Тәжірибелік әрекет.

Педагог шаммен тәжірибе жасауды ұсынады.
Керекті құралдар: шам, жұлдыздардың суреттері.
Барысы:
- Жұлдыздарға мұқият қараңдаршы. Біз олардың түстері бірдей емес екенін байқаймыз. Көк, ақ, сары, қызғылт, қызыл түсті жұлдыздар.
- Қалай ойлайсызар, неге олай болады? Балалар өз ойларын білдіреді.
- Жұлдыздар - қызған газдардан тұрады. Ең ыстықтары көгілдір жарықпен жарқырайды. Біраз суықтауы ақ түсті, тіпті суығы сары түсті болады. Содан кейін сарғыш, қызыл болып жарқырайды. Ақыры олар сөнеді.
- Енді қолдарыңа шамдарыңды алыңдар.
- Шамды қосыңдар. Нені байқадыңдар? Шамды қоссақ, ол ақ түсті болып жарқырайды.
- Егер батареясы ескі болса, не болады екен? Онда жарығы әлсіз болады. Содан жарық сары түсті болады, содан кейін қызғылт түсті болады. Содан кейін ол сөніп қалады.
- Балалар, сендерге тәжірибе ұнады ма? Балалар өз ойларын білдіреді.

2.7. Шығармашылық әрекет.
Педагог «Нүктелерді қос» графикалық жаттығуды орындауды ұсынады.
Керекті құралдар: қарындаштар, тапсырмалар парағы.
Барысы:
Осы шоқжұлдыздардағы жұлдыздарды сандар арқылы қосып көрейік.
- Нүктелерді қосқаннан кейін не шықты? Шоқжұлдыздар пайда болды.
- Кімде қандай шоқжұлдыз пайда болды? Балалар жауаптарын айтады.
Педагог балаларға көмектеседі.

2.8. Жұмбақ жасыру.
Педагог балаларға жұмбақ жасырады.
- Балалар, қараңдаршы, сандықта хат бар. Оқып көрейін, ішінде не жазылған екен?
- Міне, қызық хаттың ішінде жұмбақтар бар екен, жұмбақтың жауабын тауып көреміз бе?
Таңмен көзін ашады,
Әлемге нұрын шашады. (Күн)
Күндіз бәрі қашады,
Түнде аспанды басады. (Жұлдыз)
Ұшады қанатсыз,
Зырлайды аяқсыз. (Зымыран)
Көлде жүрген ақ үйрек,
Түнде бар да, күндіз жоқ. (Ай)
- Жарайсыңдар, балалар!
Педагог дұрыс жауап үшін жұлдызшаларды сыйға тартады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Бүгін біз не туралы әңгімелестік? Аспан әлемі, жұлдыздар, ай туралы.
- Жұлдыздар қай кезде көрінеді? Түнде көрінеді.
- Қандай жұлдыздарды білесіңдер? Темірқазық, жетіқарақшы, үлкен аю, кіші аю.
- Жұлдыздар күндіз неге көрінбейді? Балалар өз ойларын білдіреді.
- Балалар, сендер түнгі аспанды көрдіңдер ме?
- Сендерге ұнай ма? Балалардың жауаптары.
- Күндіз аспанда нені көруге болады? Күнді. Күн - ғарыштың жүрегі, біздің планетамыздың жылу көзі.Көзімізге күн сары секілді болып көрінгенімен, шындығында олай емес. Күннің түсі - ақ. Атмосфераның әсерінен ғана бізде күннің түсі сары болып көрінеді.
Мына сұлу әлемде,
Адам өмір сүреді.
Үлкен менен кішіге,
Күн сәулесін төгеді.
- Күнге қол бұлғайық! Әрбір адам күннің көзіне қарап қуанады. Ол бізді өзінің нұрымен жылытады, біздің тезірек өсуімізге көмектеседі.

Әсемдік әлемі
Оқу қызметінің мақсаты.

Жер планетасы және ғаламшардағы адамдардың өмірі туралы түсініктерін қалыптастыру, әртүрлі елдер мен ұлттарға қызығушылық пен құрмет сезімін ояту; балалардың сөздік қорын кеңейту; шығармашылығын дамыту; әлемнің мәдениеттерінің бай алуандығын құрметтеуге, қабылдауға және дұрыс түсінуге тәрбиелеу; достыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөйлемде "глобус", "ғаламшар", "карта", "саяси карта", "ұлттар" сөздерді пайдалану

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, оқу қызметін пысықтау, көрсету, қайталау, ойын, түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, мадақтау, жұмбақтар жасыру, ой қозғау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Саяси карта, глобус, жердің сызбасы.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына қарай қарындаштар, түрлі-түсті қағаз, қайшы, желім

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қуаныш шеңбері. "Қайырлы таң".
Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады.

Қайырлы таң! Кім ойланып тапты екен?
Кім тапса да жақсы екен.
Қайырлы таң – жарқыраған күнге де,
Қайырлы таң – жайнап тұрған гүлге де.
Қайырлы таң – бақшаға да, талға да,
Қайырлы таң – күлімдеген жанға да.
Қайырымды таңның нұры тараған,
Қайырымды болып кетер бар адам.
Қайырлы таң кешке дейін созылсын,
Түнде ғана тыныс алып, көз ілсін.
Педагог балаларды жарты шеңберге орындықтарға отыруды ұсынады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Көркем сөз.
Педагог Абдрахман Асылбектің "Туған жер" өлеңін оқиды.

Туған жердей жер болмас,
Туған елдей ел болмас.
Атам қазақ айтқандай,
Елін сүйген қор болмас.
Құдіретіңе қайранмын,
Келбетіңнен айналдым.
Сені жырлап қанша жан
Бұлбұлыңа айналды.
- Өлең жолдарында не туралы айтылған?
Балалар өз ойларын айтады.

2.2. Саяхатқа шығу.
Педагог балаларды саяхатқа шақырады.
- Балалар, сендер саяхаттауды ұнатасыңдар ма? Мен сендерді бүгін біздің үлкен және әдемі Жер ғаламшарының әр түрлі тұрғындарын көруге шақырамын. Осы ерекше сапарға шығу үшін бізге көмекші қажет. Оны білу үшін жұмбақты шешіп көрейік.
Жұмбақ жасыру:
Бір нәрсе бетінде жоқ ой менен қыр,
Өзінің кіндігінен айналып жүр.
Өзіне назар салып қарасаңыз,
Келбеті жер жүзінің көрініп тұр.
- Бұл не, балалар? Глобус.
Педагог глобусты көрсетеді.

- Дұрыс, бұл глобус - жер шарының моделі. Ол бізге саяхатта көмектеседі.
Педагог глобусты айналдырады.
- Бір, екі, үш, саяхатымызды баста!

2.3. Педагог глобус туралы әңгімелеседі.

- Балалар, жолға шықпас бұрын көмекшімізге - глобусқа назар аударайық. Глобусқа қарап, Жер ғаламшары туралы не айта аласыңдар? Балалардың жауаптары.
- Балалар, қалай ойлайсыңдар, глобуста көк түсті не? Су. Бұл -теңіздер мен мұхиттар.
- Глобуста мұхит мен теңіздерді кім көрсеткісі келеді? Балалар көрсетеді.
- Жер қандай түсті? Жасыл және қоңыр түсті. Жасыл түсті ғаламшардағы өсімдіктер, ал қоңыр - таулар мен жазықтар.
- Глобуста қандай түс көбірек - жасыл ма, әлде қоңыр? Бұл нені білдіреді? Жер ғаламшарында ормандарды, өсімдіктерді, жануарлар әлемін қорғау қажет.

2.4. Карта туралы әңгімелесу.
- Балалар, глобусқа қараңдаршы, әртүрлі елдердің қайда екенін көре аласыңдар ма? Балалардың жауаптары.

- Оларды көру үшін бізге не көмектеседі? Олай болса жұмбақтың шешуін табайық:
Жер көрдім қаласы бар,
Үйлері жоқ мекендейтін.
Көп көрдім, өзен көрдім,
Сулары жоқ тереңдейтін.
- Бұл не, балалар? Карта.
Педагог саяси картаны көрсетеді.
- Дұрыс, бұл әлемнің барлық елдерін көрсететін карта - саяси карта. Басқа елдер мен континенттерге бармас бұрын Отанымыз - Қазақстанды табайық. Картадан біздің елдің қайда екенін көрсетіңдер.
Балалар Қазақстанды картадан тауып көрсетеді.
Педагог балалардың назарын интерактивті тақтадағы Қазақстанның виртуалды 3D-турларының картасына аударады. Қазақстанды табады.

- Қалай ойлайсыңдар, неге карта әртүрлі түстермен боялған? Әр түрлі елдер түрлі түстермен ерекшеленеді.
- Ойын ойнайық! Сендер маған картадағы кез-келген түстерді көрсетіңдер, оны атайсыңдар, ал мен сендерге қай ел екенін айтамын.

2.5. "Әлем елдері" дидактикалық ойыны.
Балалар түстерді көрсетеді және атайды, педагог елдің және оның тұрғындарының атын айтады. Балалар көмектесе алады.
Мысалы: Қазақстан - қазақтар, Ресей - орыстар, Франция - француздар, Бразилия - бразилиялықтар, Қытай - қытай.
- Қалай ойлайсыңдар, әр түрлі елдердің тұрғындары бір-бірінен немен ерекшеленеді? Терісінің түсі, тілі, салт-дәстүрлері.
- Бізді біріктіретін нәрсе бар ма? Адамдар сыртқы келбеті жағынан ұқсас (қолдары, аяқтары, көздері, құлақтары бар), бірдей әрекеттерді жасайды (спорт, музыка, кітап оқу, сурет салу, балабақшаға, мектепке бару), біз бір ғаламшарда тұрамыз.
Сары, ақпыз, қарамыз,
Бәрімізде баламыз.
Бір қалада тұрамыз,
Бір мектепке барамыз.
Ақ, қара деп бөлмейміз,
Бір жыл туған төлдейміз,
Туысқанбыз татумыз,
Биіктерге өрлейміз.

2.6. "Қол шапалақтау" ойыны.
- Бәрімізді біріктіретін нәрселер бар. Оларды ойын арқылы білейік. Мен сендерге белгілі бір қасиетті айтамын. Қасиеті барлар орындарынан тұрып, қолдарын жоғары көтереді, ал басқалары оларға қол шапалақтайды. Егер бәрі тұрса, бәріміз бірге қол шапалақтаймыз. Тұрыңдар:
- оқи алады,
- карусельдерге мінуді ұнатады,
- мультфильмдерді көруді ұнатады,
- балмұздақты жақсы көреді,
- ойнағанды ұнатады,
- ғарышқа ұшуды армандайды,

- жануарларды ұнатады,
- дәмді тамақтанғанды ұнатады.
- Кім ауырғанды ұнатады? Рас, ешкім ауырғанды ұнатпайды, бәрі сау болғысы келеді!
- Мүмкін, әлемдегі барлық балалар шарларды жақсы көреді, иә? Енді бәріміз бірге үлкен шарды үрлейік.

2.7. Сергіту сәті.

Педагог балаларды топтың ортасына шеңберге шақырып, сергіту сәтін орындауды ұсынады.
Біз тез шарды үрлейміз, (балалар шашырайды, қолдарын ұстап, шеңбер құрады.)

Ол үлкен болады.
Міне! (Қолымызбен көрсетеміз.)
Кенеттен шар жарылды - сссссс (шеңберді ортасына қарай тарылтамыз).
Ауа шықты, (қолымызды алға созамыз)
Ол жіп- жіңішке болды. (шар қандай болғанын қолдарымен көрсетеміз.)
Біз қайғырмаймыз (Басымызды шайқаймыз.)
Біз қайтадан үрлейміз.
Біз шарды тез арада үрлейміз (шеңбер құрамыз).
Ол үлкен болады!
Міне!
Балалар шапалақтайды.

2.8. Ұжымдық шығармашылық қызмет.

"Достық картасын" жапсыру.
Керекті құралдар: қарындаштар, қайшылар, түрлі-түсті қағаздар, ватманға салынған жер шары.
Барысы:
Балалар қарындашпен алақандарының силуэттерін түрлі-түсті қағаз парақтарына салады, оны қайшымен қияды. Содан кейін «алақандарын» жер шарына жапсырады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Бізде қандай керемет карта шықты!
- Сендер оны қандай көңіл-күймен жасадыңдар?
- Қалай ойлайсыңдар, бұл картадан не көруге болады? Біздің ғаламшарды, әр түрлі елдерді, барлық адамдар арасындағы достықты.
- Бұл картаны сақтап қояйық. Және біз әрқашан бір-бірімізге ұқсамайтын әдемі ғаламшардың тұрғындары екенімізді әрдайым есімізде сақтайық.
- Балалар, бүгінгі саяхат сендерге ұнады ма?
- Не ұнады?

Шөліркемей гүл тұрсын,
Жерім жайнап құлпырсын.
Нұрын сыйлап біздерге,
Көкте мәңгі күн тұрсын.
Ортақ бізге туыстық,
Нұр сыйлаған күн ыстық,

Ыстық бізге кең өлке,
Ыстық бізге тыныштық.

Бөлме гүлдері.

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға гүлдер туралы, соның ішінде дала, бөлме, емдік қасиеті бар гүлдері туралы түсінік беру; суреттерін көрсете отырып, құрылысымен таныстыру; балалардың қиялын, ой-өрісін, зейінін дамыту: ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөйлемде "бәйшешек", "түймедақ", "күлтелері", "дала гүлдері", "бөлме гүлдері", "қызғалдақ" сөздерін пайдалану

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, түсіндіру, көрсету, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, тәжірибелік әрекет, бақылау, пысықтау, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Вазадағы гүлдер, гүлдің құрылысының суреті, "Ә.Қастеевтің "Гүлденген алма ағаштар" суреті, гүлдің өскіні, шелек, құралдар.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына қарай гүлдер.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қуаныш шеңбері. "Сурет салсам".
Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады.

«Сурет салсам - гүл саламын,
Гүлге толып тұрса алаңым»- деймін мен.
«Сурет салсам – күн саламын,
Күндей күліп тұрса маңым»- деймін мен.
«Сурет салсам - қала салам,
Болсын барлық баласы аман»- деймін мен.
«Сурет салсам - Адам салам,
Қорған болсын, маған, саған»- деймін мен.

Педагог балаларды жарты шеңберге орындықтарға отырғызады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Аудиожазба тыңдау.

Ғажайып сәт.
- Балалар, бүгін тіпті құлпырып, әдемі болып кетіпсіңдер. Гүлдей жайнап, өсе беріңдер! Мен сендерге жұмбақ айтамын, оның шешуін тапсаңдар, бүгінгі оқу қызметтің тақырыбын білесіңдер.

Жұмбақ жасыру.

Құлпырса қадірлейді, аялайды,
Қураса сыпырғышқа жарамайды.

- Бұл не, балалар? Оның шешуі гүл.

Педагог балалардың назарын вазада тұрған гүлдерге аударады.
- Балалар, қараңдаршы, қандай әдемі гүлдер!
- Сендердің үйлеріңде гүлдер бар ма? Қандай гүлдер бар? Балалар өз жауаптарын айтады.
- Гүл дегеніміз - өсімдік, олар өмір сәні, табиғат көркі. Гүлдер терезелердің алдына сән бергенімен қоймай, бөлме ауасын тазартады, адамдарға жақсы көңіл-күй сыйлайды. Гүлдердің де жаны бар, адамдармен сөйлескендей олармен де сөйлесіп, өз ілтипатыңды білдіріп, баптап, күтіп, сүйіспеншілікпен қарап, еркелетіп тұру қажет.
- Ендеше бүгін мен сендерді «Гүлдер әлеміне» шақырамын. Гүлдердің түрлерімен танысамыз, пайдасы туралы әңгімелесеміз..

2.2. Гүлдер түрлері презентациясы..

Педагог балалардың назарын интерактивті тақтадағы аударады.

Слайд №1. Гүлдер үшке бөлінеді. Дала, бөлме гүлдері, емдік қасиеті бар гүлдер.

Слайд №2. Гүлдер: бәйшешек, раушан, қызғалдақ, бақбақ, түймедақ. Бұл гүлдер көктемде, жазда өседі. Дала гүлдері күтімді қажет етпейді. Раушан гүлі – әлемдегі ең әдемі гүлдердің бірі. Қызғалдақ - дүние жүзіне кең таралған әдемі гүлдердің бірі. Қызғалдақтың Отаны туралы пікір таластар өте көп. Бірақ Қызғалдақтың Отаны – Қазақстан!

Слайд №3. Бөлме гүлдері тек қана үйде өседі, ыдысқа топырақ салып отырғызады. Топтағы гүлдерге су құйып, жапырақтарын сүртіп күтуіміз керек. Бөлме гүлдері: спатифиллум (әйел бақыты), майлы өсімдік, кактус, фикус, пальма.

Слайд №4. Емдік қасиеті бар гүлдер. Каланхоэ өсімдігі бөлме гүлдері қатарына жатқызылады. Бұл әдемі әрі шипалы өсімдікке көп күтімнің қажеті жоқ. Тек күннің көзі түсетін терезенің алдына қойып, топырағы құрғай бастаған кезде бір суарып қойсаңыз болды.

Слайд №5. Жылыжайдағы гүлдер. Жылыжай - жылу сүйетін гүлдерді жыл бойы өсіруге мүмкіндік беретін, қорғалған, жылытылатын, кендігі әр алуан құрылыс.

Слайд №6. Баубақшада гүлдейтін ағаштар өседі: алма, өрік ағаштары.
- Сонымен, біз қандай гүлдер жайында айттық, есімізге түсірейік.

2.3. Бейнежазба көрсету.
Балалардың назарын интерактивті тақтаға аударады.
Педагог гүлді көрсете отырып, балаларды гүлдің құрылысымен таныстырады.

- Гүлдердің құрлысы: тамыры, сабағы, жапырағы, тостағаншасы, күлтешелері, аталығы мен аналығы.
- Гүл дегеніміз - көбеюге қажетті, жыныс мүшелері бар, бұтақтанбайтын, түрі өзгерген, қысқарған өркен.
Гүлсіз бұлбұл сайрамас,
Гүлсіз дала жайнамас
Бізге нұрын шашады
Көздің жауын алады.
- Балалар, сендер гүл туралы қандай өлеңдер білесіңдер?

2.4. Көркем сөз.
Педагог балаларға Өтебай Тұрманжановтың "Көктем келді гүл алып" өлеңін оқиды.
Балалар-ау, балалар!
Шақырады далалар.
Көктем келді гүл алып,
Құстар келді жыр алып.
Қос білекті сыбанып,
Жүгірейік қуанып.
Қыр басына шығайық,
Көктем тілін ұғайық.
Қызғалдақты терейік,
Теріп үйге келейік.
Көбелектей киінген,
Гүлді көріп сүйінген,
Алақайлап жүгірген,
Қып – қызыл бет – бүлдірген,
Қарындасқа қаршадай,
Жас балапан аршадай,
Гүлдің шоғын берейік,
Қуанғанын көрейік.
- Өлең не туралы? Гүлдер қандай болады? Балалар өз ойларын айтады.

2.5. Сергіту сәті.
Педагог балаларға сергіту сәтін орындауды ұсынады.

Гүл өсірем үйде, (жоғары қол көтереді)
Су құямын гүлге. (қолмен су құяды)
Гүл күткенді біледі, (тербеледі)
Бойын сылап күледі, (бойын қолымен сыйпайды)

Күнде гүлін ашады,
Жұпарын маған шашады.(қолын желпейді)
Балалар 2 рет қайталайды.

2.6. Ертегі айту.

Бір күні гүлден тұрған бау-бақшаның қасынан ұшып бара жатқан жел бір жағымды жұпар иісті сезеді, Бақшадан аңқып тұрған бұл қандай жұпар иіс?- деген оймен гүлдеп тұрған ағаштың біріне жақындайды. Ағаштың бұтақтарында жайқалып тұрған нәзік гүлдерге таңырқай қарайды, "Неткен ғажап, әдемі еді!" - деп таңданады. Біраз уақыт өткен соң ол тағы сол бақтың қасынан ұшып бара жатып, гүлдерді тамашаламақ болып тоқталады. Бірақ жұпар иісті нәзік гүлдердің орнына хош иісті алмалардың өсіп тұрғанын көреді. Ол тағы да таңырқап, "Айнала қалай өзгерген, мынау бір ғажап екен!" - дейді.

Педагог балаларға қандай жеміс ағаштарын және қандай жемісті ұнататындарын сұрап, жұмбақ жасырады:

Көктемде ақ гүл оранады,
Күзде қолға доп оралады. (алма)

Педагог Е.Елубаевтың «Апорт» өлеңін оқиды.

Апорт деген алма бар,
Алматы оның Отаны.
Ондай алма қайда бар?
Жерді жарған атағы.
Күзде жайнап ашыла,
Күннің нұры көшкендей.
Алма ағаштың басында,
Қызыл қарбыз өскендей.

- Балалар, сендер алманы жақсы көресіңдер ме? Алманың қандай пайдасы бар? Балалардың жауаптары.

2.7. Тәжірибелік әрекет.

Педагог балаларды табиғат бұрышына шақырады.
Керекті құралдар: гүлдің өскіні, шелек, құралдар.

Барысы:

- Балалар, мен сендерге тәжірибе жүзінде гүлді қалай отырғызып, қалай күтіп баптау керектігін көрсетемін.
- Алдымен, гүлдің өскінін қиып алып, оның тамыры шыққанша суға салып қоямыз. Алдында дайындап қойды.
- Шелекке құнарлы топырақ салып, тамыры шыққан өскінді сол топыраққа отырғызамыз.
- Тамыры топырақтың астында болады, олар көрінбейді, гүлдердің су ішуіне көмектеседі, сондықтан да оларға су құйып тұру қажет. Гүлдердің тамыры дем алу үшін топырағын қопсытамыз.

Педагог балаларға гүлге су құйғызып, топырағын қопсытқызады.

- Балалар, гүлдер өздерінше қуана да, мұңая да алады екен

Педагог балалардың арасынан жауапты кезекшілерді тағайындайды. Кезекшілер табиғат бұрышын реттейді.

2.8. "Бағбан" сөздік ойыны.

Мақсаты: гүлдердің атын атау.
Барысы:
Балалар шеңберге отырады, педагог оларды «Бағбан» ойынын ойнауға шақырады. Педагог ойынды бастайды:

- Мен Бағбан болып дүниеге келдім, қатты ашуландым, басқа гүлдерден шаршадым, сол гүлден басқа...»

Содан кейін балалар бірінен соң бірі ойынға қосылып, өздерінің жауаптарын айтады. Ойын нәтижесінде

балалар өздеріне таныс гүлдердің аттарын атайды.
- Балалар, сендермен өте көңілді, өте қызықты! Мен сендерге тосын сый жасағым келеді. Көздеріңді жұмып, 5-ке дейін санаймыз! 1, 2, 3, 4, 5!
Бағбан балаларға гүлдерді сыйға таратады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Балалар, бүгін біз не туралы әңгімелестік? Гүлдер туралы.
- Гүлдер нешеге бөлінеді? Гүлдер үшке бөлінеді.
- Дала гүлдерін атаңдар. Раушан гүлі, қызғалдақ, бақ-бақ.
- Бөлме гүлдерін атаңдар. Әйел бақыты, доллар гүлі, кактус, фикус, пальма.
- Емдік қасиеті бар гүлдерді атаңдар. Алоэ, түймедақ, каланхоэ.
- Гүлдер әдемі болып өсу үшін не істеуіміз керек? Суару керек, қопсыту керек.
- Гүлдерді қандай мақсатта қолданамыз? Балалар өз ойларын айтады.
- Сендерге не ұнады? Балалар өз ойларын айтады.
- Тыйым сөздер айтайық:
Көкті жұлма.
Гүлді жұлма.
Шөпті таптама.
- Табиғатты, өсімдіктерді қорғау - біздің міндетіміз. Ағаш, гүл отырғызып, күту керек. Олар ауаны тазартады. Айналаға әдемілік, әсемдік береді. Жақсы көңіл–күй, қуаныш сыйлайды.

Жаз мезгілі.

Оқу қызметінің мақсаты

Жаз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру; байланыстырып сөйлеуге, сурет бойынша әңгіме құрастыра білуге үйрету, саусақ жаттығуын жасату арқылы қолдарының ұсақ моторикасын жетілдіру; есте сақтау қабілеттерін дамыту; туған жер табиғатын сүйе білуге тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөйлемде "кемпірқосақ", "жаңбыр", "көбелек", "қанқыз", "ыстық", "қапырық" сөздерін пайдалану

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, түсіндіру, көрсету, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, тәжірибелік әрекет, бақылау, пысықтау, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Конверт, 4 жыл мезгілінің суреттері, жәндіктердің суреттері, гүлбағы макеті, фланелеграф, гүлдердің, көбелектердің суреттері

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына қарай таяқшаға жіппен байланған түрлі-түсті көбелектер

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қуаныш шеңбері.
Педагог балаларды қуаныш шеңберіне шақырады. Балалар топтың ортасына шеңбер құрып тұрады.

Бақшамызға барғанда,
Жолыққан бар жандарға,
Ертемен, ақ пейілмен,
«Қайырлы таң!» - деймін мен.
Күндіз де елді елеймін:
«Қайырлы күн!» - тілеймін.
Үйге кешке келемін,
Не дерімді білемін:
«Кеш жарық!» - деп кіремін.
Балалар бір-бірімен құшақтасады.
Педагог балаларды жарты шеңберге орындықтарға отырғызады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог балаларға әдемі конверт көрсетеді.
- Балалар, бізге хат келіпті. Жай хат емес, дауысты. Кәне, тыңдайық!
- Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен жыл атасымын. Маған көмек қажет. Ұл-қыздарым кезекпен қонаққа келетін. Сыйлықтарын әкелетін. Ашулы Сықыршы оларды сықырлап, бәрін шатастырып тастады. Көмектесіңдерші. Жыл мезгілдерінің суреттерін жіберіп отырмын.
Педагог тақтаға суреттерін іліп қояды, суреттердің реттері бұзылған.
- Балалар, жыл атаға көмектесеміз бе? Ол үшін дайындық жаттығуын жасайық:
Барлығымыз табиғатты сүйеміз,
Үлкендердің сөзін ойға түйеміз.
Денсаулықты әрқашан да сақтаймыз,
Бейбіт өмір баршамызға тілейміз!
- Балалар, дайынсыңдар ма? Олай болса, суреттерге назар аударайық.

2.2. "Жыл мезгілдері" суреттері бойынша әңгімелесу.
Педагог балаларға суреттерді көрсетеді.
- Балалар, егер жұмбақтардың жауабын дұрыс тапсаңдар, жыл мезгілдері ретімен тұра қалады:
Бұлттар төніп, жерге төгіліп,
Дымқыл тұман басады.
Шөп сарғайып, өңі тайып,
Дала нұры қашады.
Ойнай алмай,
Денең мұздап тоңады.
Бөбектерім, айтыңдаршы, бұл қай кезде болады? Күзде.

Аяз қысып,өрнек сызып,
Терезені торлайды
Кейде ұлып,кейде ысқырып,
Ұйытқып боран соғады.
Қарға омбығып,бет домбығып,
Сырғанап жастар ойнайды.
Бөбектерім, айтыңдаршы, бұл қай кезде болады? Қыста.

Ақ қар еріп, су көбейіп,
Сай – салаға толады.
Ағаш басы бүршік шашып,
Гүл, бәйшешек толады.
Бөбектерім, айтыңдаршы, бұл қай кезде болады? Көктемде.

- Балалар, суреттерді ретімен дұрыс қойдық. Ал мына суретке мұқият қараңдаршы. Қандай әдемі сурет.
- Бұл қай мезгіл екен? Жұмбағымды шешуге дайынсыңдар ма?

2.3. Педагог жаз туралы жұмбақ жасырады.
Өрік алма,
Жидек жүзім піседі.
Қауын қарбыз,
Қияр, сәбіз дүкендерге түседі.
Астық пісіп, орақ түсіп,
Қырман дәнге толады.
Бөбектерім, айтыңдаршы, бұл қай кезде болады? Жазда.
- Дұрыс, балалар, көктем мезгілінен кейін жаз да келеді.
Балалардың назарын интерактивті тақтаға аударады.

- Балалар, бір сәт өзімізді сыртта, таза ауада тұрғандай елестетейік.
- Айнала қандай?
- Ауа қандай?
- Терезеге не түсіп тұр?
- Жаз қандай болады? Балалар өз ойларын айтады.
- Жаз мезгілі сендерге ұнайды ма?
- Неге? Балалар өз ойларын айтады.
- Көктем мезгілінен кейін жаз келеді. Жаз айлары - маусым, шілде, тамыз. Жаз – жылдың ең ыстық мезгілі. Жазда күн ұзақ, түн қысқа болады. Жаз айында табиғат қысқы ұйқысынан оянып, бақтарда әр түрлі құстар ән салады. Жаз айының ауасы да ерекше. Жазда жазғы демалыс болады. Демалыста біз демаламыз. Жаз айында адамдар ерте тұрып, кеш жатады. Өйткені бұл кезде жұмыс көп болады.

2.4. Педагог балалардың назарын интерактивті тақтаға аударады. Жәндіктердің суреттерін көрсетеді.

- Күн жылығанда шөптің арасында нелер пайда болады? Шыбын, құмырсқа, маса, ара, инелік, қанқызы, құрт, өрмекші, қоңыз, көбелек.
- Ал олардың бәрін бір сөзбен қалай айтамыз? Жәндіктер.

Жәндіктер жер шарында кеңінен тараған, олардың көптеген түрлері бар. Зиянды, жыртқыш және пайдалы жәндіктер болады. Ара бал жинайды, құмырсқа мен көбелек гүлдер мен ағаштардың көбеюіне көмектеседі. Маса, шыбын, жұлдызқұрт - зиянды жәндіктер, өйткені гүлдердің, ағаштардың жапырақтарын жейді. Шегіртке, инелік, қанқызы - жыртқыш жәндіктер, өйткені басқа жәндіктерді жейді.
Педагог балаларға қағаздан жасалған әдемі көбелектерді көрсетеді.

- Балалар, қараңдаршы, көбелектер қандай әдемі? Енді, балалар, біз көбелекке сияқты ұша аламыз ба?
- Олай болса, қанатымызды жайып, аяқтың ұшымен ұшамыз.
Сөздік қимылды ойын. Балалар сөздерді айтып, қимылдарды қайталайды.
Гүлдер, гүлдер көктесін,
Көбелектер көп келсін.
Ақ қанатты көбелек,
Бақшамыздан кетпесін.

2.5."Көбелектер ұшты" демалу гимнастикасы.
Балалар орындарына отырады.

- Көбелектер не істей алады? Ұшады, қонады, қалықтайды. Олармен ойнап көрейік, көбелектерге қарап бәріміз үрлейік.
Мұрнымызбен дем алайық,
Аузымызбен дем шығарайық.
Терең дем алып, жаймен үрлейміз.
- Әлемде көбелектің 160 мыңнан астам түрі бар . Бір қызығы қанатын қағып ұшқанда көздің жауын алатын көбелектер не бәрі бір апта ғана өмір сүреді екен.
- Көбелек бізді өзі тұратын, жәндіктер мекендейтін гүл бақшаға шақырады.
Педагог балаларды гүлдер гүлбағына баруды ұсынады.
Алдарына гүлбағы макетін қояды.

- Балалар, қараңдаршы, қандай керемет, көбелектің мекендейтін гүлбағы өте әдемі. Көбелектің мекендейтін гүлбағында әдемі гүлдер көп. Енді осы әдемі гүлдерді барлығымыз иіскейікші! Әдемі жұпар иіс шығады.
Гүлім, гүлім, өсе бер,
Әдемі боп, асыл боп.
Күндей жайнап кете бер,
Қызыл, сары, жасыл боп.
- Біз гүлді не үшін өсіреміз? Әдемілік үшін, әдемі көбелектер қонуы үшін.
- Гүлдер әдемі болып өсу үшін не қажет? Су, жарық, ауа қажет.
- Гүлдерді жұлуға бола ма? Гүлдерді жұлмаймыз. Гүлдерді аялап, баптап, күнде су құйып, күту керек.
Педагог балалардан гүлдердің түстерін сұрайды.

2.6. Педагог «Көбелектер гүлге қонды» ойынын ойнауды ұсынады.
Керекті құралдар: фланелеграф, гүлдердің, көбелектердің суреттері.
Мақсаты: фланелеграфтың төменгі бөлігіндегі гүлдерге көбелектің ұшып келіп қонғанын бейнелеу, гүлдердің және көбелектердің түстерін ажыратып, атай білуге үйрету, "төмен", "жоғары", "астында", "үстінде", "сол жаққа", "оң жаққа" ұғымын үйрету.

Барысы: Педагог фланелеграфта орналасқан гүлдерді көрсетіп, өлең оқиды:
Өзім еккен былтырғы
Ауламызда гүл тұрды.
Мен күн сайын суардым,
Ол күн сайын құлпырды.
Гүлдердің түстерін сұрайды. Көбелектерді "төмен", "жоғары", "астында", "үстінде", сол жаққа", "оң жаққа"

орналастыруды ұсынады.
- Ұшып жүрген көбелектер де гүлдерге қызығып, қонғысы келеді.
Педагог көбелектердің ұшып жүргенін бейнелеп, біреуін фланелеграфтың жоғарғы жағына орналастырады. Қалған көбелектерді олардың қолдарына беріп, ұшып жүргенін бейнелетіп орналастырады.
Балалар көбелектерді алып, гүлдердің үстіне қонғанын бейнелейді. Педагог көбелектердің, гүлдердің түстерін сұрайды. Балалардың іс-әрекетіне талдау жасайды.

2.7. Сергіту сәті.
Педагог балаларға сергіту сәтін орындауды ұсынады.

- Кәне, балалар, шаршаған боларсыздар. Сергіту жаттығуын жасайық:
Жаңбыр бітті, алақай!
Далаға шық, балақай!
Кемпірқосаққа қара,
Әрбір түстерін сана!
Бірінші түсі оның – Қызыл қызғалдақтай.
Екінші түсі оның – Қызғылт - сары балдай.
Үшінші түсі оның – Сап - сары тарыдай.
Төртінші түсі оның – Көгілдір аспандай.
Бесінші түсі оның – Жасыл жапырақтай.
Алтыншы түсі оның – Көк көлдің суындай.
Жетінші түсі оның – Күлгін орамалдай.
Педагог балалардың назарын интерактивті тақтаға аударады.

- Жаңбырдан кейін балалар аспанда кемпірқосақ болады.
- Кемпірқосақ қалай пайда болады? Кемпірқосақ – аспан күмбезінде түрлі түсті доға түрінде көрінетін атмосферадағы оптикалық құбылыс. Ол аспанның бір жағында торлаған бұлттан жаңбыр жауып, қарсы жағында жарқырап күн шығып тұрған кезде көрінеді.
- Балалар, сендерге қызықты болды ма?

2.8. Көркем сөз.
Педагог Т.Молдағалиевтің «Жаз келіпті» өлеңін айтады.
Жаз келіпті дегенше,
Алма пісті дегейсің.
Бағымызда ендеше,
Алма теру көбейсін.
Жаз келіпті дегенше,
Қарбыз пісті дегейсің,
Бақшамызда ендеше,
Қарбыз жинау көбейсін.
- Өлең жолдарында не туралы айтылған? Балалар өз ойларын айтады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Біз бүгін не туралы әңгімелестік? Жаз мезгілі туралы.
- Сендерге ұнады ма? Не ұнады? Балалар өз ойларын айтады.
- Жаз мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады? Жаз – жылдың ең ыстық мезгілі. Жазда күн ұзақ, түн қысқа болады. Жаз айында табиғат қысқы ұйқысынан оянып, бақтарда әр түрлі құстар ән салады. Жаз айының ауасы да ерекше.
- Қандай жәндіктермен таныстық? Атап беріңдер.
- Кемпірқосақ көрдіңдер ме? Балалар өз жауаптарын айтады.
Көңіл-күйіміз қандай? Тамаша!
Жаз мезгілі қандай? Тамаша!.
Ауа райы қандай? Тамаша!
Жазғы демалыс қандай? Тамаша.!

МАД«Гүлдер»тобының 2022-2023оқу жылына арналған

варативтік компаненті.

Шебер қолдар.

№		Мақсат міндеттері.	Сағат саны.
		Қыркүйек айы	
1	**«Қағаздан не құрастырылады?»**	Балаларды қағаз түрлерімен, қасиетімен, олардан не жасауға болатынымен таныстыру.	**1**
2	**«Мысық пен тышқан»**	Балаларды кепкен жапырақтармен ұқыпты, таза жұмыс жасауға жаттықтыру.	**1**
3	**«Саңырауқұлақ» оригами»**	Қағаз, оның пайдалануы туралы түсінік беру. Шаршыны тең екіге және қиғашынан бүктеуге үйрету. Баланың ой-қиялын, кеңістікте орналастыра білу дағдысын дамыту.	**1**
4	**«Тасбақа»**	Балаларды пайдалануға жарамсыз заттармен: жаңғақ қабығы мен ермексазды біріктіре отырып жұмыс жасауға жаттықтыру.	**1**
5	**«Досыма арналған альбом»**	Қағазбен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру.Тіктөртбұрышты қағазды тең екіге бүктеу және бір-біріне желімдеу тәсілдерін меңгерту.Альбомды әшекейлету арқылы көркемдік талғамдарын дамыту.Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу.	
		Қазан айы	
6	**«Гүлдер. Қағаздан біріктіру»**	Өз қолдарымен қағаздан әр түрлі гүлдер жасауға үйрету. Шаршы қағазды теңестіре, тігінен, көлденеңнен бүктеу дағдыларын жетілдіру.	**1**
7	**«Күзгі өнімді жинауға арналған себет» Оригами**	Өз қолдарымен қағаздан ір-түрлі бұйымдар жасауға үйрету.Шаршы қағазды теңестіре,тігінен, көлденеңнен бүктеу дағдыларын жетілдіру.Сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру.	**1**
8	**«Жұлдызқұрт»**	Балаларға жер жаңғақты, ағаш жапырағын,бояуларды пайдаланып, жұмыс жасауға үйрету.	**1**
9	**«Кірпі»**	Балаларды пайдалануға жарамсыз заттармен: шишкалар мен ермексазды біріктіре отырып жұмыс жасауға жаттықтыру.	**1**
		Қараша	
10	**«Балық»**	Балаларды қағазды екі бүктеп, арнайы сызылған жолдармен пішінді қиып алуға үйрету.	**1**
11	**«Шырпы қораптарынан машина жасау»**	Пайдалануға жарамсыз заттардан машина жасауды үйрету.Баланың ой-қиялын дамыту, шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру.	**1**
12	**«Сандықша»**	Пайдалануға жарамсыз заттардан, қорапшалардан сандықша жасап, әшекейлеуге үйрету.	**1**
13	**«Жол белгілері»** Пайдалануға жарамсыз заттармен жұмыс	Балалардың құрастыруға деген қызығушылықтарын арттыра отырып, ой-қиялдары мен шығармашылықтарын дамыту және алдарына мақсат қоя білуге үйрету.	**1**
		Желтоқсан	

14	**«Шырша»**	Пайдалануға жарамсыз заттардан шырша жасауға үйрету. Балаланың ой-қиялын дамыту, шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру.	**1**
15	**«Аққала»**	Балаларға қағазды умаждау арқылы домалатып, бір-біріне желімдеп, аққала жасату.	**1**
16	**«Жаңа жылдық безендіру»** (Түрлі-түсті қағаздармен жұмыс)	Қағаз, желім, қайшымен жұмыс істеу дағдыларын бекіту. Қиылған дайын үлгі қалыптар бойынша пішінді қиып, бір-біріне таза, ұқыпты желімдеуге үйрету. Бір-біріне қуаныш сыйлауға жұмылдыру.	**1**
17	**«Қуыршақ театры»** (Қолтырауын Гена, Чебурашка)	Пайдалануға жарамсыз заттардан ойыншықтар жасауды үйрету. Баланың ой-қиялын дамыту,шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру.	**1**
		Қаңтар	
18	**«Пингвин»**	Балаларға пластикалық бөтелке мен ермексаздан пингвин жасауды үйрету.	**1**
19	**«Өз бетінше жұмыс»**	Балалардың өз қалауы бойынша жұмыс жасау.	**1**
20	**«Үй»**	Балаларға пластикалық ыдыстардан, пенопластан әр түрлі заттар жасауға үйрету.	**1**
21	**«Көңілді шеберхана»**	Қағаздан әр түрлі ойыншық жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру. Дөңгелектеу арқылы конус жасауға үйрету. Дайын жұмыстарды өздері бағалай алуға үйрену.	**1**
		Ақпан	
22	**«Көгершін».** Оригами	Қағазбен жұмыс істеудің әр түрлі тәсілдерін үйретуді жалғастыру; Саусақ бұлшық еттерін жетілдіру.	**1**
23	**«Рамкалар жасау»**	Балаларға жарамсыз заттарды, дәндерді рамкаға ұқыпты жапсыра білуге	**1**
24	**«Желкенді қайық»**	Жаңғақ қабығына ермексазды толтыра отырып, дайын таяқша жапырақты қадап бекіту.	**1**
25	**«Аналарға сыйлық»** (Құттықтау ашық хат)	Қалың қағаз бетіне жұмсақ мочалканы (губка) алма пішініне ұқсатып киып, желімдеп, бетіне ине қадағыш жасау.	**1**
		Наурыз	
26	**«Құстар ұясы»**	Балаларға пластикалық ыдыстан ұя жасауды үйрету.	**1**
27	**«Қамшы өру»**	Әр түсті үш жіпті өруді және оның ұштарын бекітіп, таяқшаға байлауды үйрету. Өз қолдарымен бұйым жасауға деген қызығушылықтарын арттыру. Еңбек нәтижесіне жетуге тәрбиелеу.	**1**
28	**«Пайдалануға жарамсыз материалдармен өз бетінше жұмыс»**	Қалдық заттардан ойыншықтар (тышқан) жасауды үйрету. Баланың ой қиялын дамыту. Шығармашылықпен әрекет етуге баулу. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру.	**1**
29	**«Табиғи материалдармен жұмыс»**	Балалардың өз қалаулары бойынша жұмыс жасау.	
		Сәуір	
30	**Ит** (Табиғи материалдармен жұмыс)	Жануарлардың бейнесіне сәйкес табиғи материалдар таңдай алуға үйрену. Бастаған істерін аяқтауға дағдыландыру.	**1**

31	**«Үйрек»** (Оригами)	Саусақ бұлшық еттерін және баланың ой-қиялын дамыту, Қағазды әр түрлі әдіспен бүктеуге жаттықтыру.	**1**
32	**«Мимоза тармақшалары»**	Дөңгелек түрдегі заттарды қия білуге, бөліктерден құрастыра білуге үйрету. Саусақтарының бұлшық еттерін жетілдіру.	**1**
33	**«Ұшақ»**	Балаларды қағазды бекітудің қарапайым әдістермен таныстыруды жалғастыру. Бүктеу кезінде қарама-қарсы қабырғалары мен бұрыштарынаң сәйкес келуін қадағалап отыруға үйрету	**1**
		Мамыр	
34	**«Кеме»** (Оригами)	Балаларды қағаздан бұйымдар жасауға үйретуді жалластыру.Қағазды бүктеу, жазу арқылы саусақтарды әр түрлі ұсақ қимылдарды жасауға үйрету.Балалардың байқағыштығын, зейінін дамыту.	**1**
35	**«Көбелек»** (Табиғи материалмен жұмыс)	Балаларды табиғи материалдармен таныстыру. Жұмыс істеудің алғашқы дағдыларын қалыптастыру.Ойыншық жасау барысында дене бөліктерін салыстыра білуге үйрету. Әдемілікке баулу.	**1**
36	**«Шығармашылық көрме ұйымдастыру»**	Балалардың жыл бойы жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастыру.	**1**

№1

Білім беру саласы: «Вариатив»
Білім бөлімі: «Шебер қолдар»
Тақырыбы: «Қағаздан не құрастырылады?»
Мақсаты: Балаларды қағаз түрлерімен, қасиетімен, олардан не жасауға болатынымен таныстыру.
Қажетті құрал-жабдықтар: түрлі-түсті қағаздан қиылған жолақтар (ені 5см),ақ қағаз (А4), желім, қайшы, қолорамал, қылқаламдар.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушылық	**«Шаттық шеңбері»** ойыны Шеңберге тұрып,бір-біріне жылы сөздер айтуды ұсынады.	Шеңберге тұрып,бір – біріне жылы лебіздер айтады.
Ұйымдастыру-іздестіру	«**Кім шапшаң?» ойыны** Тақтайшаның үстіне геометриялық пішіндерден бүтін бейне құрастыруды (түлкі,пирамида,кітап) ұсынады. «Сүйікті ойыншығым» тақырыбында балалармен әңгімелеседі. **Үлгі суретпен жұмыс** Жапсыру арқылы әртүрлі ойыншықтардың (арасында пирамида) үлгі суреттерін көрсетіп,балаларға сипаттатады. Пирамида ойыншығын жапсыруды ұсынады. **Жапсыру жолын** көрсетеді: ● қайшыны дұрыс ұстап ,қағаздан түрлі көлемдегі сопақшалар қию; ● үлкенінен бастап, реттілікті сақтай отырып, сопақшаларға желім жаққызып, қағаз бетінің ортасына жапсырту; **Сергіту сәті** Қане, кімнің бойы ұзын? Паравозы ол пойыздың. Қатар-қатар тұрайық, Пойызды біз құрайық. ● дайын бейнені сүлгімен басу.	Ойынға қызыға қатысады. Сүйікті ойыншықтарын атап, сипаттайды. Үлгі суретті қызыға тамашалайды. Қағаздан түрлі көлемдегі сопақшаларды қияды. Сопақшаларға желім жағып, үлкенінен бастап, реттілікті сатай отырып, қағаздың ортасына жапсырады. Пойыз болып,топты айналып,дыбыстап жүреді. Дайын бейнені сүлгімен басады.
Рефлексивті түзетушілік	Бүгінгі сабақта не туралы білгендерін,ненің ерекше естерінде қалғанын сұрап, жақсы қатысқандары үшін мадақтап, оқу іс-әрекетін аяқтайды.	Сұрақтарға жауап береді

Күтілетін нәтиже:
Нені білу керек? Қағаздың қасиетін.
Нені игереді? Түрлі көлемдегі сопақшалардан пирамида жапсыруды.
Нені біледі? Таңдаған жұмыстарын толық аяқтап,оны беруді.

№2
Білім беру саласы:«Вариатив»
Білім бөлімі: «Шебер қолдар»
Тақырыбы: «Мысық пен тышқан»
Мақсаты: Балаларды кепкен жапырақтармен ұқыпты, таза жұмыс жасауға жаттықтыру.
Қажетті құрал-жабдықтар: қағаз, кепкен жапырақтар, кілей.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	«Шаттық шеңбері» ойыны Шеңберге тұрып,бір-біріне жылы сөздер айтуды ұсынады.	Шеңберге тұрып,бір – біріне жылы лебіздер айтады.
Ұйымдастыру-іздестіру	**Жұмбақ** Ортасында қазығы, Бұтағында азығы. (Алма ағашы) **«Мен мықтымын!» ойыны** Бөлшектерден мысықты құрастыруды ұсынады. **Үлгі суретпен жұмыс** Алма, ақ қайың,терек,жүзім ағаштарының суретіне қарап әңімелеу. Күз айында жапырақтар сарғаятынын.жерге түсетіні жайлы мағлұмат беру. **Кепкен жапырақтардан «Мысық пен тышқанды» жасау.** **Жасалу реті:** ● бірінші кепкен жапырақтардан керегін таңдап алу. ●жапырақтардан мысық пен тышқанның бейнесін жасау. ●бейнені таза ұқыпты етіп желімдеу. **Сергіту сәті** Бір саусағым тіпті де, Ұстай алмас жіпті де. Барлық саусақ бірікті, Жұмысымыз тез бітті.	Балалар жұмбақты шешеді. Ойынды қызыға ойнайды. Суретке қарап әңгілеседі. Мұқият тыңдап, жұмыстың жасалу ретімен танысады. Мысық пен тышқанның бейнесін жасайды. Сергіту сәтін тәрбиешімен бірге

	●дайын бейнені сүлгімен басу.	жасайды.
Рефлексивті-түзетушілік	Бүгінгі сабақта не туралы білгендерін, ненің ерекше естерінде қалғанын сұрап, жақсы қатысқандары үшін мадақтап, оқу іс-әрекетін аяқтайды.	Сұрақтарға жауап береді

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек? Ағаш түрлерін.

Нені игереді? Кепкен жапырақтардан мысық пен тышқан жасауды.

Нені біледі? Таңдаған жұмыстарын толық аяқтап,оны беруді.

№3

Білім беру саласы: «Вариатив»

Білім бөлімі: «Шебер қолдар»

Тақырыбы: «Саңырауқұлақ» оригами

Мақсаты: Қағаз, оның пайдалануы туралы түсінік беру. Шаршыны тең екіге және қиғашынан бүктеуге үйрету. Баланың ой-қиялын, кеңістікте орналастыра білу дағдысын дамыту.

Көрнекі құралдар:Қағаз түрлері,желім,қайшы.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері** Амансыз ба, күн! Амансыз ба,дос! Амансыз ба,шеңбер! Әнге қос! Амансыз ба ,ғасыр! Балалармен мақал- мәтел айту. 1. Қыз өссе – елдің көркі. Гүл өссе – жердің көркі. 2. Атадан мал қалғанша,тал қалсын. - Бұл мақалды не жайында айтылған.	Балалар шаттық шеңберін жасайды. - гүл
Ізденуші-ұйымдастырушы	Бүгінгі оқу іс – әрекетімізде – саңырауқұлақпен танысамыз. Саңырауқұлақ орманда өседі.Саңырауқұлақтың көптеген түрлері бар.Саңырауқұлақтың адам	

	жеуге болтын және болмайтын улы түрлері бар. Белсенділік орталықтарымен жұмыс: Саңырауқұлықты жасап үйренеміз. Шаршыны тең екіге және қиғашынан бүктеу арқылы саңырауқұлық жасау. Қиып дайындаған жұмысты жапсыру. **Сергіту сәті** **Дидактикалық ойын:** «Ойлан тап» **Мақсаты**:Балаларды гүл түрлерін ажырата білуге үйрету. **Шарты**: Тақтада жартылай тұрған гүлдердің қалған бөлшегін партадан табу арқылы гүлдерді сәйкестендіріп құрастыру. Жақсы қатысқандары үшін мадақтап, оқу іс-әрекетін аяқтайды.	Қағаздан саңырауқұлақ жасайды. Дидактикалық ойынды қызыға ойнайды.
Рефлексивті-түзетуші		

Күтілетін нәтиже

Не білді: Гүл түрлерін білді.

Не меңгерді: Саңырауқұлақ туралы мәліметті меңгерді.

Не істей алады: Қағаздан саңырауқұлақ жасай алады.

№4

Білім беру саласы: «Вариатив»
Білім бөлімі: «Шебер қолдар»

Тақырыбы: «Тасбақа»

Мақсаты:Балаларды пайдалануға жарамсыз заттармен: жаңғақ қабығы мен ермексазды біріктіре отырып жұмыс жасауға жаттықтыру.

Әдіс-тәсілі: түсіндіру, көрсету, сұрақ- жауап.

Көрнекілігі: жаңғақтан, ермексаздан жасалған тасбақа.

Билингвизм: тасбақа – черепаха.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері**	

Ізденуші-ұйымдастырушы	Балалар жарты шеңберге тұрып, бір –біріне жылы лебіз білдіреді. Балаларға теледидардан тасбақа жайында деректі фильм көрсетемін. Балаларға тасбақа қосмекенділер тұқымына жататынын ,оның суда да, құрлықта да тіршілік ететінін әңгімелеп,түсіндіремін. Тасбақа – жұмыртқа арқылы көбейеді. Тасбақаның сауыты болтынын, қауіп туғанда сауытына жасырынады. Балаларға ермексаз жаңғақ қодану арқылы тасбақаны мүсіндейтінімізді айтамын. Мүсіндеудің әдіс-тәсілін көрсетемін. Балалар жұмыс жасайды.	Жылы лебіз білдірді. Мұқият тыңдайды. Қызыға тамашалады.
Рефлексивті-түзетуші	**Қорытындылау.** Балаларды мадақтау.	

Күтілетін нәтиже

Балалар ұқыпты жұмыс жасай білді.

№5

Білім беру саласы: «Вариатив»

Білім бөлімі: «Шебер қолдар»

Тақырыбы: «Досыма арналған альбом»

Мақсаты: Қағазбен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру.Тіктөртбұрышты қағазды тең екіге бүктеу және бір-біріне желімдеу тәсілдерін меңгерту. Альбомды әшекейлету арқылы көркемдік талғамдарын дамыту.Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Альбом түрлері. Үлгі.
Көрнекі құралдар мен материалдар: Әр балаға бірнеше ақ парақ қағаз, түрлі-түсті қағаз, жіңішке лента, қайшы.
Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап,әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері** Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар Қайырлы таң апайлар! - Тәрбиеші балаларға альбомның жасалу жолын түсіндіреді. - Балаларға парақ қағазды алып,біреуін дәл ортасынан бүктеп көрсетеді. - Балалар қайталайды,қалған бірнеше парақты алып,біріктіре ұстап,оларды ортасынан бүктейді. - Бүктелген қағаздарды бірінің үстіне бірін қойып,түптерін желімдейді. - Түрлі-түсті қағаздан альбом беттерінің төлшемімен бірдей мұқаба жасайды. - Альбомның мұқабасының шилене бір-біріне желімделген беттерді салады. - Лента байлайтын орынды тесу құралымен теседі. - Лентаны тесілген орыннан өткізіп,сәндеп байлайды. - Альбомның мұқабасын балалар қалауы бойынша немесе көрсетілген үлгі ге сәйкес безендіреді. - Балаларға жұмыс барысында көмек	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі. Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.

	көрсетіліп ,жұмысты ұқыпты жасауы бақылыанды. Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап, жетістіктерін атап, бұл альбомдарға бос уақыттарында сурет салып, түрлі-түсті қағазбен қиып жапсыру жұмыстарын орындау ұсынылады.	
Рефлексивті-түзетуші	**Қорытындылау.** Бүгінгі сабақта не туралы білгендерін, ненің ерекше естерінде қалғанын сұрап, жақсы қатысқандары үшін мадақтап, оқу іс-әрекетін аяқтайды. Балаларды мадақтау.	

Күтілетін нәтиже

1. Балалар қағазды бір –біріне желімдей білуге үйренеді.
2. Балалар шыдамдылыққа, еңбексүйгіштікке үйренеді.

№6

Білім беру саласы: «Вариатив»

Білім бөлімі: «Шебер қолдар»

Тақырыбы: «Гүлдер. Қағаздан біріктіру»

Мақсаты: Өз қолдарымен қағаздан әр түрлі гүлдер жасауға үйрету.

Шаршы қағазды теңестіре, тігінен, көлденеңнен бүктеу дағдыларын жетілдіру.

Көрнекілігі: Дайын үлгідегі күнбағыс,жіптер.

Көрнекі құралдар: Қағаз түрлері, жіптер.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері** Амансыз ба, күн! Амансыз ба,дос! Амансыз ба,шеңбер! Әнге қос! Амансыз ба ,ғасыр! Балалармен мақал- мәтел айту. 3. Қыз өссе – елдің көркі. Гүл өссе – жердің көркі. 4. Атадан мал қалғанша,тал қалсын. - Бұл мақалды не жайында айтылған.	Балалар шаттық шеңберін жасайды. - гүл
Ізденуші-ұйымдастырушы	Бүгінгі оқу іс – әрекетімізде – күнбағыс гүлімен танысамыз. Күнбағыс күнді өте сүйеді және өскенде күн шығатын жаққа бетін бұрып тұрады.Ол өскенде бетіне шемішке өседі.Ол басқа гүлдерден ірі болады. Белсенділік орталықтарымен жұмыс: Өнер орталығы:Түрлі-түсті қағазды қиып,желімдеу арқылы үлгідегі суретке қарап күнбағыс жасау. Мақсаты:Шығармашылық қабілеттерін арттыру, ұқыптылыққа үйрету. **Сергіту сәті**	Қағаздан күнбағыс жасайды.

Рефлексивті-түзетуші	**Дидактикалық ойын:** «Ойлан тап» **Мақсаты**:Балаларды гүл түрлерін ажырата білуге үйрету. **Шарты**: Тақтада жартылай тұрған гүлдердің қалған бөлшегін партадан табу арқылы гүлдерді сәйкестендіріп құрастыру. Бүгінгі сабақта не туралы білгендерін, ненің ерекше естерінде қалғанын сұрап, жақсы қатысқандары үшін мадақтап, оқу іс-әрекетін аяқтайды. Балаларды мақтау	Дидактикалық ойынды қызыға ойнайды.

Күтілетін нәтиже

Не білді: Гүл түрлерін білді.

Не меңгерді: Күнбағыс туралы мәліметті меңгерді.

Не істей алады: Қағаздан күнбағыс жасай алады.

№7

Білім беру саласы: «Вариатив»

Білім бөлімі: «Шебер қолдар»

Тақырыбы: «Күзгі өнімді жинауға арналған себет» Оригами

Мақсаты:Өз қолдарымен қағаздан ір-түрлі бұйымдар жасауға үйрету. Шаршы қағазды теңестіре, тігінен, көлденеңнен бүктеу дағдыларын жетілдіру. Сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру.

Көрнекілігі:Себет, слайд.

Көрнекі құралдар:ермексаз,тұзды қамыр,сазбалшық,себет.

Билингвизм:Себет-корзина.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері** Балалар жылы лебіз білдіреді.	
Ізденуші-ұйымдастырушы	**Әңгімелесу.** - Балалармен күз мезгілінің ерекшелігі ,күзгі еңбек жайында әңгімелесемін. - Піскен жемісті,көкөністі себетке жинап жатқан балаларды көрсетіп әңгімелеймін. - Балалар бүгінгі оқу іс-әркетімізде біз ермексазбен себет жасаймыз.	Балалар мұқият тыңдайды.

	- Балаларға себет жасау әдісін көрсетіп,түсіндіремін. - Балалар жұмыс жасайды. **Сергіту сәті** **Мақал-мәтел** 1.Еңбек түбі зейнет. 2.Еңбекпен тапқан нан тәтті. **Қорытындылау.**	Жұмыс жасайды. Мақалды жаттау.
Рефлексивті-түзетуші	Балаларды мақтау.	

Күтілетін нәтиже

Не білді: Күз мезгілінің ерекшеліктерін.

Не меңгерді: Күзгі өнімдерді.

Не істей алады: Қағаздан себет жасауды.

№8

Білім беру саласы: «Вариатив»

Білім бөлімі: «Шебер қолдар»

Тақырыбы: «Жұлдызқұрт»

Мақсаты: Балаларға жер жаңғақты, ағаш жапырағын,бояуларды пайдаланып, жұмыс жасауға үйрету.

Қажетті құрал-жабдықтар: жер жаңғақ,ағаш жапырақтары, бояулар.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері:** Үлкенге де Сіз Кішіге де Сіз Сәлем бердік сіздерге Құрметпенен біз.	
Ізденуші-ұйымдастырушы	- Балалар менің қолымда ненің суреті бар - Дұрыс айтасыңдар.	

Рефлексивті-түзетуші	Балалар біз жұлдызқұрт жасап үйренеміз. ● Алдымен өзімізге қажетті ағаш жапырағын аламыз. ● жапырақ бетіне жер жаңғақты қойып құртты жасаймыз. ● бояумен көзін салу. **Сергіту сәті** Тербеледі ағаштар Алдымнан жел еседі Кіп-кішкентай ағаштар Үп-үлкен боп өседі. **Қорытындылау.** Балаларды мақтау.	

Күтілетін нәтиже

Не білді: Жұлдызқұртты жасауды.

Не меңгерді: Жер жаңғақты ағаш жапырақтарын пайдалану арқылы жұлдызқұрт жасауды.

Не істей алады: Бастаған істерін аяқтауды.

№9

Білім беру саласы: «Вариатив»

Білім бөлімі: «Шебер қолдар»

Тақырыбы: «Кірпі»

Мақсаты: Балаларды пайдалануға жарамсыз заттармен: шишкалар мен ермексазды біріктіре отырып жұмыс жасауға жаттықтыру.

Көрнекі құралдар мен материалдар: шишкалар, ермексаз.

Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап,әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті

Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері** Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар Қайырлы таң апайлар! - Тәрбиеші балаларға кірпінің жасалу ретін көрсетіп, түсіндіреді. - Балаларға шишкалар мен ермексазды үлестіріп беру. Шишка мен ермексазды біріктіре отырып кірпі жасайды. Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп, жұмысты ұқыпты жасауы бақыланады. Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап, жетістіктерін атап, жасаған жұмыстарын көрмеге қою ұсынылады.	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі. Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.
Рефлексивті-түзетуші	**Қорытындылау.** Балаларды мақтау.	

Күтілетін нәтиже

Не білді: Пайдалуға жарамсыз заттарды қолдануды.

Не меңгерді: Шишкалар мен ермексазды біріктіре отырып жұмыс жасауды.

Не істей алады: Пайдалуға жарамсыз жаттардан кірпі жасай алады

№10

Білім беру саласы: «Вариатив»

Білім бөлімі: «Шебер қолдар»

Тақырыбы: «Балық»

Мақсаты: Балаларды қағазды екі бүктеп, арнайы сызылған жолдармен пішінді қиып алуға үйрету.
Көрнекі құралдар мен материалдар: Түрлі-түсті қағаз, желім, қайшы.
Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап,әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш	Жылулық шеңбері Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар Қайырлы таң апайлар!	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.
	-Тәрбиеші балаларға су -тіршілік көзі, сусыз өмір жоқ екенін түсіндіре отырып, судың қасиеттерімен, оның пайдасымен таныстырады. -Суда өмір сүретін жануарлармен соның ішінде балықпен таныстырады. Балықтың түрлері өте көп екенін және олардың немен қоректенетінін түсіндіріп өтеді.	Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды.
	Суретпен жұмыс. -Көлдің, теңіздің суреттері. Онда өмір сүретін балықтар, ерекше балықтардың суреттерін көрсетеді. - Қағазды екі бүктеп, арнайы сызылған жолдармен пішіндерді қиып алу арқылы балықты жасау. Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетілі, жұмысты ұқыпты жасауы бақыланады.	Балалар суретке қарап әңгіме құрайды. Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.
Рефлексивті-түзетуші	Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап, жетістіктерін атап, жасаған жұмыстарын көрмеге қою ұсынылады.	

Күтілетін нәтиже
Не білді: Бүктеу тәсілін.
Не меңгерді: Бүктеу тәсілі арқылы балық жасау.
Не істей алады: Бастаған жұмыстарын тыянақты аяқтау.

№11

Білім беру саласы: «Вариатив»

Білім бөлімі: «Шебер қолдар

Тақырыбы: «Шырпы қораптарынан машина жасау»

Мақсаты: Пайдалануға жарамсыз заттардан машина жасауды үйрету.Баланың ой-қиялын дамыту, шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру.

Көрнекі құралдар мен материалдар: шырпы қораптары,желім,қайшы.

Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап,әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері** Амансыз ба, күн! Амансыз ба,дос! Амансыз ба,шеңбер! Әнге қос! Амансыз ба ,ғасыр!	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.
	Машина түрлерімен танысу. Су көліктері, әуе көліктері, құрлық көліктерімен танысу. Шырпы қораптарынан машина жасауды үйрену.	Көлік түрлерімен танысады.
	Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп, жұмысты ұқыпты жасауы бақыланады.	Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.
	Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап, жетістіктерін атап ,жасаған жұмыстарын көрмеге қою ұсынылады.	
Рефлексивті-түзетуші		

Күтілетін нәтиже

Не білді: Көлік түрлерін.
Не меңгерді:Пайдалануға жарамсыз заттардан машина жасауды.
Не істей алады: Бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдылану.

№12
Білім беру саласы: «Вариатив»
Білім бөлімі: «Шебер қолдар
Тақырыбы: «Сандықша»
Мақсаты: Пайдалануға жарамсыз заттардан, қорапшалардан сандықша жасап, әшекейлеуге үйрету.
Қажетті құрал-жабдықтар: қағаз, қорапша, кілей, қайшы.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушылық	«Шаттық шенбері» ойыны Шеңберге тұрып,бір-біріне жылы сөздер айтуды ұсынады.	Шеңберге тұрып,бір – біріне жылы лебіздер айтады.
Ұйымдастыру-іздестіру	**«Мен мықтымын!» ойыны** Бөлшектерден сандықша құрастыруды ұсынады. **Үлгі суретпен жұмыс** Балаларға бұймдарды қайда салатыны жайлы әңгіме қозғау.Әжелеріміздің сандық түрлерімен танысу. Қыз баланың бұймдары сырға, білезік, алқа,шашбау, сағат сияқты бұйымдарын сақтау үшін кішкене сандықша керектігін айту. Сол себепті қыз балаларға, мамамызға арнап сандықша дайындайық. **Қорапшалардан сандықша дайындау.** **Жасалу реті:** ● дайын қорапшаларды пайдаланып сандықша жасау. **Сергіту сәті** Бір саусағым тіпті де, Ұстай алмас жіпті де. Барлық саусақ бірікті, Жұмысымыз тез бітті.	Ойынды қызыға ойнайды. Суретке қарап әңгілеседі. Мұқият тыңдап, жұмыстың жасалу ретімен танысады. Сандықша жасауға кіріседі. Сергіту сәтін тәрбиешімен бірге жасайды.

	●дайын сандықшаны әшекейлеу.	Сандықшаны әшекейлейді.
Рефлексивті-түзетушілік	Бүгінгі сабақта не туралы білгендерін, ненің ерекше естерінде қалғанын сұрап,жақсы қатысқандары үшін мадақтап, оқу іс-әрекетін аяқтайды.	Сұрақтарға жауап береді

Күтілетін нәтиже:
Нені білу керек? Бұйымдарды.
Нені игереді? Қорапшалардан сандықша жасауды.
Нені біледі? Таңдаған жұмыстарын толық аяқтап, оны беруді

№13
Білім беру саласы: «Вариатив»
Білім бөлімі: «Шебер қолдар
Тақырыбы: «Жол белгілері» Пайдалануға жарамсыз заттармен жұмыс
Мақсаты: Балалардың құрастыруға деген қызығушылықтарын арттыра отырып, ой-қиялдары мен шығармашылықтарын дамыту және алдарына мақсат қоя білуге үйрету.
Қажетті құрал-жабдықтар: түрлі-түсті қағаз, қорапша, кілей, қайшы.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушылық	**«Шаттық шенбері»** ойыны Шеңберге тұрып,бір-біріне жылы сөздер айтуды ұсынады.	Шеңберге тұрып, бір – біріне жылы лебіздер айтады.
Ұйымдастыру-іздестіру	**«Пойыз ойыны** Балаларды пойыздың басы етіп бір баланы алып, вагондары етіп қалған балаларды тіркеп кедергілерден жүргізу. Кім үзіліп қалса сол ойыннан шығады. Балаларға жол белгілерінің суреттерін көрсетіп балаларға таныстыру. Жол белгілерін жасау реттілігі. Жарамсыз заттарды пайдаланып жол белгілерін жасау. ●Алдымен түрлі-түсті қағазды қию арқылы бағдаршамның қызыл, жасыл, сары түстерін дөңгелек етіп қиып алу.	Балалар ойынға қызығушылықпен қатысады

	● қиылған дөңгелектерді қорапшаға жапсыру.	
Рефлексивті-түзетушілік	Бүгінгі сабақта не туралы білгендерін, ненің ерекше естерінде қалғанын сұрап, жақсы қатысқандары үшін мадақтап, оқу іс-әрекетін аяқтайды.	Сұрақтарға жауап береді

Күтілетін нәтиже:
Нені білу керек? Жол белгілерін.
Нені игереді? Бағдаршам жасау.
Нені біледі? Таңдаған жұмыстарын толық аяқтап,оны беруді.

№14
Білім беру саласы: «Вариатив»
Білім бөлімі: «Шебер қолдар
Тақырыбы: «Шырша»
Мақсаты: Пайдалануға жарамсыз заттардан шырша жасауға үйрету.Балаланың ой-қиялын дамыту, шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру.
Көрнекі құралдар мен материалдар:Суреттер, шырша үлгісі,қалдық материалдар.
Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап,әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш	Жылулық шеңбері Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар.	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.

Ұйымдастыру-іздестіру

	Амансыз ба, күн! Амансыз ба,дос! Амансыз ба,шеңбер! Әнге қос! Амансыз ба, ғасыр!	Балалар шаттық шеңберін жасайды.
Ізденуші-ұйымдастырушы	Бүгінгі оқу іс – әрекетімізде – қыс мезгілімен танысамыз. Қыс мезгілінің ерекшеліктері жайлы балалармен әңгімелесу. - Қыс мезгілі неше айдан тұрады?	-Үш айдан тұрады. Желтоқсан, қаңтар, ақпан.
	- Қыста не жауады?	- Қар.
	- Қардан не жасаймыз?	- Аққала.
	Белсенділік орталықтарымен жұмыс: Аққала жасап үйренеміз. Қағазды умаждау арқылы домалатып, бір –біріне желімдеп, аққала жасайды.	Қағаздан аққала жасайды.
	Сергіту сәті	
	Дидактикалық ойын: «Кім жылдам?» **Мақсаты**: Сұрақтарға тез, әрі дұрыс жауап беру. **Шарты**: Суреттерге қарап Мезгілдерді ажырату.	Дидактикалық ойынды қызыға ойнайды.
	Жақсы қатысқандары үшін мадақтап, оқу іс-әрекетін аяқтайды.	
Рефлексивті-түзетуші		

Күтілетін нәтиже

Не білді: Қыс айларын.

Не меңгерді: Қағаздан аққала жасауды.

Не істей алады: Жұмысты толық аяқтап үйренеді.

№16

Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»

Білім беру бөлімі: «Шебер қолдар»

Тақырыбы: «Жаңа жылдық безендіру» (Түрлі-түсті қағаздармен жұмыс)

Мақсаты: Қағаз, желім, қайшымен жұмыс істеу дағдыларын бекіту. Қиылған дайын үлгі қалыптар бойынша пішінді қиып, бір-біріне таза, ұқыпты желімдеуге үйрету. Бір-біріне қуаныш сыйлауға жұмылдыру.
Көрнекі құралдар мен материалдар: Суреттер, түрл-түсті қағаздар, желім, қайшы.
Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап,әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері** Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар.	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.
Ізденуші-ұйымдастырушы	- Тәрбиеші балаларға жаңа жылдық безендіру үшін қажетті бұйымдар дайындау ретін түсіндіреді. - Қиылған дайын үлгі қалыптар бойынша пішінді қию. - Пішіндерді бір-біріне таза, ұқыпты етіп желімдеу. Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп, жұмысты ұқыпты жасауы бақыланады. Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап, жетістіктерін атап, түрлі-түсті қағазбен қиып жапсыру жұмыстарын орындау ұсынылады. Жақсы қатысқандары үшін мадақтап, оқу іс-әрекетін аяқтайды.	Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.
Рефлексивті-түзетуші		

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек? Қағаз, желім, қайшымен жұмыс істеу.
Нені игереді? Қиылған дайын үлгі бойынша пішінді қию.
Нені біледі? Бір-біріне қуаныш сайлауға жұмылдару.

№17

Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»

Білім беру бөлімі: «Шебер қолдар»

Тақырыбы: «Қуыршақ театры» (Қолтырауын Гена, Чебурашка)

Мақсаты: Пайдалануға жарамсыз заттардан ойыншықтар жасауды үйрету. Баланың ой-қиялын дамыту,шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру.

Көрнекі құралдар: Қағаз түрлері,пайдалануға жарамсыз заттар, желім, қайшы.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері** Амансыз ба, күн! Амансыз ба,дос! Амансыз ба,шеңбер! Әнге қос! Амансыз ба ,ғасыр!	Балалар шаттық шеңберін жасайды.
Ізденуші-ұйымдастырушы	- Балалар біз қуыршақты білемізба? - Қандай мультфильм кейіпкерлерін білеміз? - Қолтырауын Гена, Чебурашка білемізба? Олай болса пайдалануға жарамсыз заттардан қуыршақ театрына қажетті кейіпкерлер жасайық. Қолтырауын Гена, Чебурашка жасау реттілігі. Пайдалануға жарамсыз заттарды пайдаланып қуыршақ жасау. **Сергіту сәті** **Дидактикалық ойын:** «Ойлан тап» **Мақсаты**: Балаларды гүл түрлерін ажырата білуге үйрету. **Шарты**: Тақтада жартылай тұрған гүлдердің қалған бөлшегін партадан табу арқылы гүлдерді сәйкестендіріп құрастыру.	- Ия Балалардың жауабы - Ия Балалар тапсырманы орындайды Дидактикалық ойынды қызыға ойнайды.
Рефлексивті-түзетуші	Жақсы қатысқандары үшін мадақтап, оқу іс-әрекетін аяқтайды.	

Күтілетін нәтиже

Не білді: Қуыршақ театры жайлы.
Не меңгерді: Қолтырауын Гена мен Чебурашки жасауды.
Не істей алады: Бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуді.

№18

Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»
Білім беру бөлімі: «Шебер қолдар»
Тақырыбы: «Пингвин»
Мақсаты:Балаларға пластикалық бөтелке мен ермексаздан пингвин жасауды үйрету.
Әдіс-тәсілі: түсіндіру, көрсету, сұрақ- жауап.
Қажетті-құрал жабдықтар: пластикалық бөтелке, ермексаз.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері** Балалар жарты шеңберге тұрып, бір –біріне жылы лебіз білдіреді.	Жылы лебіз білдірді.
Ізденуші-ұйымдастырушы	Балаларға теледидардан пингвин жайында деректі фильм көрсетемін. Балаларға пингвин бірмекенді тұқымына жататынын, оның суда да тіршілік ететінін әңгімелеп, түсіндіремін. Пингвин-антарктидада өмір сүреді. Ақ қара аралас түсті болады. Балаларға пластикалық бөтелке мен ермексаздан пингвин жасауды үйренеміз. Мүсіндеудің әдіс-тәсілін көрсетемін. Балалар жұмыс жасайды.	Мұқият тыңдайды. Қызыға тамашалады.
Рефлексивті-түзетуші	**Қорытындылау.** Балаларды мадақтау.	

Күтілетін нәтиже

Балалар ұқыпты жұмыс жасай білді.

№19

Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»

Білім беру бөлімі: «Шебер қолдар»

Тақырыбы: «Өз бетінше жұмыс»

Мақсаты:Балалардың өз қалауы бойынша жұмыс жасау.

Әдіс-тәсілі: түсіндіру, көрсету, сұрақ- жауап.

Қажетті-құрал жабдықтар: түрлі түсті қағаз,ж елім, пластикалық бөтелкелер, ермексаз.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш **Ізденуші-ұйымдастырушы**	**Жылулық шеңбері** Балалар жарты шеңберге тұрып, бір –біріне жылы лебіз білдіреді. Балалармен әңгемелесу арқылы не ұнайтынын, қандай зат жасағысы келетінін сұрау. Балалар өз ойларында жүрген жұмыстарын айтып жасату. Мысалы: қорапша, ойыншық салатын қалта, доп. Балалар жұмыс жасайды. **Сергіту сәті** Бір саусағым тіпті де, Ұстай алмас жіпті де.	Жылы лебіз білдірді. Мұқият тыңдайды. Қызыға тамашалады.

	Барлық саусақ бірікті, Жұмысымыз тез бітті. Балалардың жұмысын бақылап, жсасй алмаған жерлерін айтып түсіндіру.	Сергіту сәтін орындайды
Рефлексивті-түзетуші	**Қорытындылау.** Балаларды мадақтау.	

Күтілетін нәтиже

Балалар ұқыпты жұмыс жасай білді.

№20

Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»

Білім беру бөлімі: «Шебер қолдар»

Тақырыбы: «Үй»

Мақсаты: Балаларға пластикалық ыдыстардан, пенопластан әр түрлі заттар жасауға үйрету.

Қажетті-құрал жабдықтар: пластикалық ыдыстар **,** пенопласт.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері** Балалар жарты шеңберге тұрып, бір –біріне жылы лебіз білдіреді.	Жылы лебіз білдірді.
Ізденуші-ұйымдастырушы	Балаларға әр түрлі үйлерді көрсету. Мысалы адамның үйі, күшіктің үйі, мысықтың үйі. Балаларға өз үйлерін жасауды үйрету. Пластикалық ыдыстарды, пенопласты пайдалану арқылы үй жасауды үйрету.	Мұқият тыңдайды.

Рефлексивті-түзетуші	Қауіпсіздігіне баса назар аудару. **Дидактикалық ойын:** **«Тышқан мен мысық»** **Шарты:** Мысық өз үйінде ұйықтап жатады.Оны пайдаланған тышқандар мысықтың үйін шашуға шығады. Мысық оянып, тышқандарды қуғанда олар өз індеріне кіріп кетеді. Жасаған жұмыстарын көрмеге қою. Балалар жұмыс жасайды. **Қорытындылау.** Балаларды мадақтау.	Қызыға тамашалады. Дидактикалық ойынды қызыға ойнайды.

Күтілетін нәтиже

Балалар ұқыпты жұмыс жасай білді.

№21

Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»

Білім беру бөлімі: «Шебер қолдар»

Тақырыбы: «Көңілді шеберхана»

Мақсаты: Қағаздан әр түрлі ойыншық жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру. Дөңгелектеу арқылы конус жасауға үйрету. Дайын жұмыстарды өздері бағалай алуға үйрену.

Әдіс-тәсілі: түсіндіру, көрсету, сұрақ- жауап.

Қажетті-құрал жабдықтар: түрлі-түсті қағаздар, желім, қайшы.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**

Мотивациялық-қозғаушы күш **Ізденуші-ұйымдастырушы** **Рефлексивті-түзетуші**	**Жылулық шеңбері** Балалар жарты шеңберге тұрып, бір –біріне жылы лебіз білдіреді. Балалармен ойын ұйымдастыру арқылы көңілді шеберхана жасау. Балаларға қажетті құрал-жабдықтарды беріп қағаздан әр түрлі ойыншық жасауға үйрету. Дөңгелектеу арқылы конус жасауға үйрету. **Сергіту сәті** Бір саусағым тіпті де, Ұстай алмас жіпті де. Барлық саусақ бірікті, Жұмысымыз тез бітті. Балалар жұмыс жасайды. **Қорытындылау.** Балаларды мадақтау.	Жылы лебіз білдірді. Мұқият тыңдайды. Балалар тапсырманы орындайды.

Күтілетін нәтиже

Балалар ұқыпты жұмыс жасай білді.

№22

Білім беру саласы:«Вариатив»

Білім бөлімі: «Шебер қолдар»

ҰОҚ тақырыбы: «Көгершін». Оригами

ҰОҚ мақсаты: Қағазбен жұмыс істеудің әр түрлі тәсілдерін үйретуді жалғастыру; Саусақ бұлшық еттерін жетілдіру.

Қажетті-құрал жабдықтар: Суреттер, құстардың макеті.

Іс-әрекет кезендері	**Тәрбиеші әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Психологиялық ахуалды қалыптастыру	**Жылулық шеңбері** Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар.	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.
Ұйымдастыру іздестіру **Жаңа сабақ**	Балаларға құстар туралы түсінік беру. Теледидардан құстар туралы деректі фильм көрсету. Құстардың мекен ету ортасы жайлы түсінік беру. Көгершін туралы мағлұмат беру. «Ақ көгершін» әнін айту. Тәрбиеші балаларға көгершіннің жасалу ретін түсіндіреді. Түрлі түсті қағазды қию арқылы көгершінің пішінін жасау. Жасаған пішінді желімдеу. Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп, жұмысты ұқыпты жасауы бақыланады. Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап, жетістіктерін атап , түрлі-түсті қағазбен қиып жапсыру жұмыстарын орындау ұсынылады.	Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.
Рефлексивті - түзетушілік	**Қорытындылау.** Балаларды мадақтау.	

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек? Құстар туралы толық мағлұмат.

Нені игереді? Қағаздан көгершін жасау.

Нені біледі? Алдарына мақсат қоя білуді.

№23
Білім беру саласы:«Вариатив»
Білім бөлімі: «Шебер қолдар»
ҰОҚ тақырыбы: Рамкалар жасау
ҰОҚ мақсаты: Балаларға жарамсыз заттарды, дәндерді рамкаға ұқыпты жапсыра білуге жаттықтыру.
Көрнекіліктер: Суреттер, дәндер, рама.

Іс-әрекет кезендері	**Тәрбиеші әрекеті**	**Балалардың іс- әрекеті**
Психологиялық ахуалды қалыптастыру	**Жылулық шеңбері** Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар.	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.
Ұйымдастыру іздестіру **Жаңа сабақ**	Тәрбиеші балаларға рамканың жасау ретін түсіндіреді.. Балаларға сурет беріп, суретті рамкілеу ұсынылады. Балалар рамкаға дәндерді жапсыру арқылы рамка жасайды. Ұсынылған суретті рамкаға салу. Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп, жұмысты ұқыпты жасауы бақыланады	Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.
	Сергіту сәті Бала-бала-балақай Қане қайсы алақан? Саусақтарың әйбат Былай-былай ойнап. Топ-топ ,топ-топ басайық, Жалаудан күн жасайық. Жаса-жаса Алтын күн! Жаса-жаса Алтын күн! Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап, жетістіктерін атап, жапсыру жұмыстарын орындау ұсынылады.	Балалар барлық қимылдарды тәрбиешіге қарап, қайталайды. Тапсырмаларды әр бала өз алдына ерекше орындады.
Рефлексивті - түзетушілік	жақсы қатысқандары үшін мадақтап, оқу іс-әрекетін аяқтайды. Балаларды мақтау	

Күтілетін нәтиже:
Білу: Алдарына мақсат қоя біледі.
Өзіне үйренгені: Дәндерді рамаға ұқыпты жапсыра алады.
Үйрену: Жарамсыз заттарды пайдалана алады.

№24

Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»

Білім беру бөлімі: «Шебер қолдар»

Тақырыбы: «Желкенді қайық»

Мақсаты: Жаңғақ қабығына ермексазды толтыра отырып, дайын таяқша жапырақты қадап бекіту.

Көрнекі құралдар мен материалдар: Суреттер, жаңғақ қабығы, ермексаз.

Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап,әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері** Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар.	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.
Ізденуші-ұйымдастырушы	Тәрбиеші балаларға су көліктері туралы мәлімет беру. Кеме, қайық, желкенді қайық суреттерін көрсетіп әңгімелесу. - Тәрбиеші балаларға желкенді қайықты жасалу ретін түсіндіреді. - Жаңғақ қабығына ермексазды толтыру. - Дайын таяқша жапырақты қадап бекіту. Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп, жұмысты ұқыпты жасауы бақыланады.	Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Қайық туралы қызыға тыңдайды. Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.
Рефлексивті-түзетуші	Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап, жетістіктерін атап, түрлі-түсті қағазбен қиып жапсыру жұмыстарын орындау ұсынылады. Бүгінгі оқу қызметінде не туралы білгендерін, ненің ерекше естерінде қалғанын сұрап, жақсы қатысқандары үшін мадақтап, оқу іс-әрекетін аяқтайды.	

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек? Қайық туралы.
Нені игереді? Жаңғақ қабығынан желкенді қайық жасау.
Нені біледі? Алдарына мақсат қоя білуді.

№25
Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»
Білім беру бөлімі: «Шебер қолдар»
Тақырыбы: «Құстар ұясы»
Мақсаты: Балаларға пластикалық ыдыстан ұя жасауды үйрету.
Көрнекі құралдар мен материалдар:пластикалық ыдыс.
Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап, әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері** Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар.	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.
Ізденуші-ұйымдастырушы	Балаларға құстар туралы түсінік беру. Теледидардан құстар туралы деректи фильм көрсету. Құстардың мекен ету ортасы жайлы түсінік беру. - Тәрбиеші балаларға құстың ұясын жасалу ретін түсіндіреді. Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп, жұмысты ұқыпты жасауы бақыланады. Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап,жетістіктерін атап, түрлі-түсті қағазбен	Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Құстар туралы қызықты мәлімет алады. Балалар жұмысты

	қиып жапсыру жұмыстарын орындау ұсынылады.	мұғалімнің көмегімен орындайды.
Рефлексивті-түзетуші	Бүгінгі оқу қызметінде не туралы білгендерін, ненің ерекше естерінде қалғанын сұрап, жақсы қатысқандары үшін мадақтап, оқу іс-әрекетін аяқтайды.	

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек? Құстар туралы толық мағлұмат.
Нені игереді? Пластикалық ыдыстан ұя жасауды.
Нені біледі? Алдарына мақсат қоя білуді.

№26
Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»
Білім беру бөлімі: «Шебер қолдар»
Тақырыбы: «Аналарға сыйлық (Құттықтау ашық хат)
Мақсаты: Қалың қағаз бетіне жұмсақ мочалканы (губка) алма пішініне ұқсатып киып, желімдеп, бетіне ине қадағыш жасау.
Көрнекі құралдар мен материалдар: мочалка (губка), желім, қайшы.
Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап, әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері** Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар.	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.
Ізденуші-ұйымдастырушы	Балаларға аналары жайлы айтуын ұсынады. - Аналарымызды жақсы көремізба? - Аналарымызға көмектесемізба?	Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Және Аналарын өте жақсы көретінін, оларға үнемі қолғабыс ететінін

	- Олай болса анамызға сыйлық жасайық. - Тәрбиеші балаларға жұмсақ мочалканы (губканы) алма пішінінде қиып алу. - Қиылған пішінді желімдеу арқылы бетіне ине қадағыш жасау. Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп, жұмысты ұқыпты жасауы бақыланады. Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап, жетістіктерін атап, түрлі-түсті қағазбен қиып жапсыру жұмыстарын орындау ұсынылады. Жақсы қатысқандары үшін мадақтап, оқу іс-әрекетін аяқтайды.	айтады. Сыйлық жасауға қуана келіседі. Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.
Рефлексивті-түзетуші		

Күтілетін нәтиже
Нені білу керек? Аналарға қолғабыс етуді.
Нені игереді? Ине қадағыш жасауды.
Нені біледі? Алдарына мақсат қоя білуді.

№27
Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»
Білім беру бөлімі: «Шебер қолдар»
Тақырыбы: «Қамшы өру»
Мақсаты: Әр түсті үш жіпті өруді және оның ұштарын бекітіп, таяқшаға байлауды үйрету. Өз қолдарымен бұйым жасауға деген қызығушылықтарын арттыру. Еңбек нәтижесіне жетуге тәрбиелеу.
Көрнекі құралдар мен материалдар: Түрлі түсті жіптер.
Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап, әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері** Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз,	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.

Ізденуші-ұйымдастырушы **Рефлексивті-түзетуші**	Қайырлы таң балалар. Балаларға қамшының түрлерін сурет арқылы көрсету. Қамшыны атқа мінерде қолданатынын түсіндіру. Ата-бабаларымыз ертеде атты көлік қылған, ал қамшы көмекші құрал екенін түсіндіру. Балаларға қамшы өруді үйрету. - әр түсті үш жіпті өру және оның ұштарын бекіту. - және оны таяқшаға байлауды үйрету. Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп, жұмысты ұқыпты жасауы бақыланады. Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап, жетістіктерін атап, түрлі-түсті қағазбен қиып жапсыру жұмыстарын орындау ұсынылады. Жақсы қатысқандары үшін мадақтап, оқу іс-әрекетін аяқтайды.	Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек? Әр түсті үш жіпті өруді үйрену.
Нені игереді? Өз қолдарымен бұйым жасауды.
Нені біледі? Еңбек нәтижесіне жетуге тәрбиелеу.

№28

Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»
Білім беру бөлімі: «Шебер қолдар»
Тақырыбы: «Пайдалануға жарамсыз материалдармен өз бетінше жұмыс»
Мақсаты: Қалдық заттардан ойыншықтар (тышқан) жасауды үйрету. Баланың ой қиялын дамыту. Шығармашылықпен әрекет етуге баулу. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-	**Жылулық шеңбері:**	

қозғаушы күш	Үлкенге де Сіз Кішіге де Сіз Сәлем бердік сіздерге Құрметпенен біз.	Балалар жылулық шеңберіне жиналады.
Ізденуші-ұйымдастырушы	- Балалар менің қолымда ненің суреті бар - Дұрыс айтасыңдар.Бірінші оқу іс-әрекетінде біз қалдық материалдардан тышқанды жасаймыз. Тәрбиеші оңай салынатын тышқан үлгісін көрсетіп, талдау жасайды. **Сергіту сәті** Тербеледі ағаштар Алдымнан жел еседі Кіп-кішкентай ағаштар Үп-үлкен боп өседі.	Тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді. Тышқанды жасайды. Тәрбиешімен бірге талдау жасайды. Сергіту сәтін бірге жасайды.
Рефлексивті-түзетуші	Балаларды мақтау	

Күтілетін нәтиже

Не білді: Пайдалануға жарамсыз заттардың пайдасы тиетінін.

Не меңгерді: Қалдық заттардан тышқан жасауды.

Не істей алады: Тышқан жасай алады

№29

Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»

Білім беру бөлімі: «Шебер қолдар»

Тақырыбы: «Табиғи материалдармен жұмыс»

Мақсаты: Балалардың өз қалаулары бойынша жұмыс жасау.

Көрнекі құралдар мен материалдар: Суреттер, табиғи материалдар, жүн, желім, қайшы.

Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап, әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш	Жылулық шеңбері Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар.	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.
Ізденуші-ұйымдастырушы	Табиғи материалдар туралы жалпы түсінік беру. Ағаштан алынатын қағаз, қойдан алынатын жүн туралы түсініктерін қалыптастыру. Олай болса балалар біз табиғи материал жүннен қой жасап үйренеміз. - Тәрбиеші балаларға қойдың жасалу ретін түсіндіреді. - Қойдың бейнесін қағазға салып алу. - қойдың денесіне жүнді жапсыру. - басын, көзін карандашпен салу. Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп, жұмысты ұқыпты жасауы бақыланады. Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап, жетістіктерін атап, түрлі-түсті қағазбен қиып жапсыру жұмыстарын орындау ұсынылады.	Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.
Рефлексивті-түзетуші	**Қорытындылау** Балаларды мақтап, мадақтау	

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек? Табиғи материал туралы толық мағлұмат.

Нені игереді? Табиғи жүннен қой жасауды.

Нені біледі? Алдарына мақсат қоя білуді.

№30

Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»

Білім беру бөлімі: «Шебер қолдар»

Тақырыбы: **Тақырыбы:** Ит (Табиғи материалдармен жұмыс)

Мақсаты: Жануарлардың бейнесіне сәйкес табиғи материалдар таңдай алуға үйрену. Бастаған істерін аяқтауға дағдыландыру.

Көрнекіліктер: Әртүрлі табиғи материалдар, желім, қайшы, жіп, түрлі-түсті қағаз, қылқалам.

Іс-әрекет кезендері	**Тәрбиеші әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Психологиялық ахуалды қалыптастыру	**Шаттық шеңбер:** «Жылы сөздер» **Шарты:** Балалар шеңбер бойымен тұрып, өз аналарының еркелететін сөздерін айтып шығады.	Мені анам ботақан дейді. Мені анам қошақан дейді.т.с.с
Ұйымдастыру іздестіру	Мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіру Қарға баласын «аппағым», Кірпі баласын «жұмсағым» дейді. Жануар да баласын жақсы көреді, емренеді. Ал, адамдар балаларын еркелетіп «күнім», «алтыным» деген сияқты көптеген сөздерді айтады. **«Жыл басына таласқан жануарлар»** ертегісіндегі кейіпкерлерді естеріне түсіреді. Балаларды екі-үш баладан шағын топқа бөліп әр топтың балаларынан не жасағысы келетінін сұраймын. Жануарларды жасау үшін үлгі суретті пайдаланамын. Әтеш пен тауықты талшық, сіріңке қорабы, таяқшалар, қауырсын, үйіңкінің жапырағы, буркерден жасауға болады. Балалар қолында бар табиғи материалдардан басқада жануар түрлерін жасайды. Сазбалшық, ермексаз, тұзды қамырдан да жануарлар жасалады. Еңбек іс-әрекеті кезінде тәрбиеші әр балаға жекелей көмек көрсетеді, (бізбен) қауіпті заттармен жасалатын жұмыстарды өзім атқарам. **Сергіту сәті**	Қарғаның түсі қара болады. Бірақ қарға өз баласын «аппағым» деп еркелетеді.
	Жаңылтпаш жаңылмай айтамыз. 1.Ақ тай ақ па? Қара тай ақ па? 2. Қай тай сақтай, Қай лақ маймақтай.	Жаңылтпашты жылдам айтуға тырысады.

ҰОҚ қорытындысы	Ұ.О.Қ-і ұнады ма? Ой бөлісу. Балаларды мақтау	Ой бөліседі

Күтілетін нәтиже:

Білу Иттің қасиетін.

Не меңгерді Табиғи материалдармен жұмыс жасауды.

Не істей алады Жыл басына таласқан жануарларды жасай алады.

№31

Білім беру саласы: «Вариатив»

Білім бөлімі: «Шебер қолдар» «Үйрек» (Оригами)

Мақсаты: Саусақ бұлшық еттерін және баланың ой-қиялын дамыту, Қағазды әр түрлі әдіспен бүктеуге жаттықтыру.

Көрнекі құралдар мен материалдар:Үйрек суреттері, қағаз, желім, қайшы.

Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап, әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері** Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар.	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.
Ізденуші-ұйымдастырушы	Балаларға құстар туралы түсінік беру. Теледидардан құстар туралы деректи фильм көрсету. Құсардың мекен ету ортасы жайлы түсінік беру. Құстардың ішінде үйрек туралы толық мағлұмат беру. - Тәрбиеші балаларға үйректің жасалу ретін түсіндіреді. - Қағазды бүктеу арқылы үйрек жасау. Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп,жұмысты ұқыпты жасауы бақыланады. Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап,жетістіктерін атап, түрлі-түсті қағазбен қиып жапсыру жұмыстарын орындау ұсынылады.	Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Құстар туралы қызықты мәлімет алады. Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.
Рефлексивті-	**Қорытындылау** Балаларды мақтап, мадақтау	

түзетуші		

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек? Құстар туралы толық мағлұмат.
Нені игереді? Бүктеу әдісі арқылы үйрек жасау.
Нені біледі? Алдарына мақсат қоя білуді.

№32
Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»
Білім беру бөлімі: «Шебер қолдар»
Тақырыбы: «Мимоза тармақшалары»
Мақсаты: Дөңгелек түрдегі заттарды қия білуге, бөліктерден құрастыра білуге үйрету. Саусақтарының бұлшық еттерін жетілдіру.
Көрнекі құралдар мен материалдар:Суреттер, дөңгелек заттар.
Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап, әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері** Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар.	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.
Ізденуші-ұйымдастырушы	Тәрбиеші балаларға түрлі гүлдердің суреттерін көрсетеді. Гүлдердің қасиеттері, қайда өсетіні жайлы мағлұмат беру. Мимоза гүлімен танысу. - Тәрбиеші балаларға мимозаның таяқшаларының жасалу ретін түсіндіреді. - Дөңгелек түрдегі заттарды қия білу. Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп, жұмысты ұқыпты жасауы бақыланады.	Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды.

Рефлексивті-түзетуші	Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап, жетістіктерін атап, түрлі-түсті қағазбен қиып жапсыру жұмыстарын орындау ұсынылады. **Қорытындылау** Балаларды мақтап, мадақтау	Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек? Гүлдер туралы толық мағлұмат.
Нені игереді? Мимоза таяқшаларын жасауды.
Нені біледі? Алдарына мақсат қоя білуді.

№33
Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»
Білім беру бөлімі: «Шебер қолдар»
Тақырыбы: «Ұшақ»
Мақсаты: Балаларды қағазды бекітудің қарапайым әдістермен таныстыруды жалғастыру. Бүктеу кезінде қарама-қарсы қабырғалары мен бұрыштарынаң сәйкес келуін қадағалап отыруға үйрету.
Көрнекі құралдар мен материалдар: Түрлі-түсті қағаз,желім, қайшы.
Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап,әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері** Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар.	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.
Ізденуші-ұйымдастырушы	Тәрбиеші балаларға әуе көліктері жайлы наутбуктан слайд көрсетеді.Әуе көліктері жайлы толық мағлұмат беру.	Балалар тәрбиешіні

	- Тәрбиеші балаларғаұшақ жасалу ретін түсіндіреді. Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп, жұмысты ұқыпты жасауы бақылыанды. Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап, жетістіктерін атап, түрлі-түсті қағазбен қиып жапсыру жұмыстарын орындау ұсынылады. Бүгінгі оқу қызметінде не туралы білгендерін, ненің ерекше естерінде қалғанын сұрап, жақсы қатысқандары үшін мадақтап, оқу іс-әрекетін аяқтайды.	мұқият тыңдайды. Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.
Рефлексивті-түзетуші		

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек? Ұшақ туралы толық мағлұмат.

Нені игереді? Қағазды бекітудің қарапайым әдістерімен танысады.

Нені біледі? Бүктеу кезінде қарама-қарсы қабырғалары мен бұрыштарынаң сәйкес келуін қадағалап отырады.

№34

Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»

Білім беру бөлімі: «Шебер қолдар»

Тақырыбы: «Кеме» (Оригами)

Мақсаты: Балаларды қағаздан бұйымдар жасауға үйретуді жалластыру. Қағазды бүктеу, жазу арқылы саусақтарды әр түрлі ұсақ қимылдарды жасауға үйрету. Балалардың байқағыштығын, зейінін дамыту.

Көрнекі құралдар мен материалдар:Суреттер, қағаз, желім, қайшы.

Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап, әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері** Арайлып таң атты,	

	Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар.	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.
Ізденуші-ұйымдастырушы	Тәрбиеші балаларға кеме түрлерін слайд арқылы көрсету.Су көліктері жайлы толық мәлімет беру. - Тәрбиеші балаларға кеменің жасалу ретін түсіндіреді. Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп, жұмысты ұқыпты жасауы бақылыанды. Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап,жетістіктерін атап, түрлі-түсті қағазбен қиып жапсыру жұмыстарын орындау ұсынылады.	Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.
Рефлексивті-түзетуші	**Қорытындылау** Балаларды мақтап, мадақтау	

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек? Кеме туралы толық мағлұмат.

Нені игереді? Саусақтарды ұсақ қимылдарды жасауға үйрету.

Нені біледі? Алдарына мақсат қоя білуді.

№35

Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»

Білім беру бөлімі: «Шебер қолдар»

Тақырыбы: «Көбелек» (Табиғи материалмен жұмыс)

Мақсаты: Балаларды табиғи материалдармен таныстыру. Жұмыс істеудің алғашқы дағдыларын қалыптастыру.Ойыншық жасау барысында дене бөліктерін салыстыра білуге үйрету. Әдемілікке баулу.

Көрнекі құралдар мен материалдар:Табиғи материалдар, қайшы, желім.

Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап, әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері** Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар.	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.
Ізденуші-ұйымдастырушы	Балаларға түрлі гүлдер, оларға қонатын көбелектер жайлы суреттер көрсету. Және сурет бойынша әңгімелесу. - Тәрбиеші балаларға көбелектің жасалу ретін түсіндіреді. Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп, жұмысты ұқыпты жасауы бақыланады. Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап, жетістіктерін атап, түрлі-түсті қағазбен қиып жапсыру жұмыстарын орындау ұсынылады.	Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Көбелек түрлерімен танысады.
Рефлексивті-түзетуші	Жақсы қатысқандары үшін мадақтап, оқу іс-әрекетін аяқтайды.	Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек? табиғи заттарды пайдалану.
Нені игереді? Ойыншық жасау барысында дене бөліктерін салыстыра білуді.
Нені біледі? Әдемілікке баулу.

№36
Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»
Білім беру бөлімі: «Шебер қолдар»

Тақырыбы: «Шығармашылық көрме ұйымдастыру»
Мақсаты: Балалардың жыл бойы жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастыру.
Көрнекі құралдар мен материалдар: Суреттер, жасаған жұмыстар.
Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап,әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері** Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар.	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.
Ізденуші-ұйымдастырушы	- Балалар біз жыл бойғы жасаған жұмыстарымыздан көрме жасадық. Жануарлар, ит жасадық. Қысқы көрініс аққала, жаңа жылдық безендірдік. Құстардың көптеген түрлері үйрек, көгершін, пингвин жасауды үйрендік. Досымызға арнап альбом жасадық. Мамаларымызға арнап ине қадағыш жасадық. - Балалар, жасаған жұмыстарын өте керемет біз жыл бойы көптеген заттарды жасауды үйрендік. - Ата-аналарымызға да ұнады. Жыл бойы жасаған жұмыстарымен көрме жасау	Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды.
Рефлексивті-түзетуші	**Қорытынды:** Бүгінгі оқу қызметінде, ненің ерекше естерінде қалғанын сұрап, жақсы қатысқандары үшін мадақтап, оқу іс-әрекетін аяқтайды. Балаларды мақтап, мадақтау	

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек? Өздері жасаған жұмыстарын көрмеге қою.
Нені игереді? Өз-өздерін мадақтауды.
Нені біледі? Алдарына мақсат қоя білуді.

« БЕКІТЕМІН»

№13 "Гүлдер" бөбекжай балабақшасының меңгерушісі:

_____Бибосынова М.А.

Ересек «Күн шуақ» тобының 2022-2023 оқу жылына арналған Вариативтік компоненті.

Тексерілді:

Әдіскер: Мусирепова С

2022-2023 оқу жылы

Ересек «Күншуақ»тобының .Варативті компаненті Шығармашылық,

Таным қызықты Математика

2022-2023 Оқу жылы.

№	Ай аттары	Тақырыптары.	Сағат саны
1	Қыркүйек.	Әжемнің қалта орамалы.	0.5
2		Зообаққа барамыз.	0,5
3		Хат .	0,5
4		Цирк әртістері.	0.5
5	Қазан	«Күзгі жапырақтар».	0.5
6		Үш марғау.	0.5
7		«Құстың ұясы».	0.5
8		Көңілді саяхат.	0.5
9	Қараша	Желкенді қайық.	0.5
10		Томпақ аю.	0.5
11		Алан мен Дана қонақта.	0.5
12		Аю циркте қандай өнер көрсетеді.	0.5
13	Желтоқсан	Менің отаным.	0.5
14		Еркежан әже қонақта.	0.5
15		Ғажайып сәт.	0.5
16		Үш бұрыш пен дөңгелек бір үйшікте тұрады.	0.5
17	Қаңтар	Әдемі пима.	0.5
18		Үлпа қарлар.	0.5
19		Торғай.	0.5
20		Қамшы өру.	0.5
21	Ақпан	Кел салыстырайық.	0.5
22		Жедел жәрдем көлігі.	0,5
23		Көктемгі шалғын.	0.5
24		Қанқыз үстіндегі нүктелер.	0.5
25	Наурыз	Ұлттық кесе.	0.5
26		Алан мен Дананың сүйікті кейіпкерлері.	0.5
27		Ғаламшар.	0.5
28		Шаңырақ.	0.5
29	Сәуір	Дала гүлдері.	0,5

30		Күннің көзі.	0.5
31		Ғажайып сандық.	0.5
32		Қызыл телпекке көмектесейік.	0.5
33	Мамыр	Алан ертеңге сапарға шығады.	0.5
34		Қоян балабақшаға барады.	0.5
35		Кеңістікте бағдарлауды үйренеміз.	0.5
36		Математика еліне саяхат.	0,5

Тәрбиеші:Сұлтанова Оразкүл.

2022-2023 Оқу жылы.

Варативті компанент Шығармашылық

Ересек «Күншуақ» тобы

Әжемнің қалта орамалы

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды ақ қағазды үшбұрыштап бүктеу тәсілімен таныстыру; түрлі-түсті жолақшалармен әшекейлеу арқылы орамал жасауға үйрету; жапсыруға деген қызығушылықтары мен жағымды қарым-қатынасын қалыптастыру.

Сөздік жұмыс

"Үшбұрыштау", "бүктеу", "шаршы", "майдалап қию", "жолақшалар", "әшекейлеу", "шашақ" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Шаттық шеңбері, түсіндіру, көрсету, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, тәжірибелік әрекет, шығармашылық әрекет, пысықтау, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, ақ қағаз, қайшы, түрлі-түсті қағаз, желім-қарындаш, тақтайша, майлық, ұзын және қысқа жолақтар

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға ақ қағаз, қайшы, түрлі-түсті қағаз, желім-қарындаш, тақтайша, майлық, ұзын және қысқа жолақтар

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері

Педагог балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, бәріміз үлкен әдемі шеңбер жасайықшы?!
- Балалар, көңіл-күйлерің қалай? Өз отбасыларыңда қалай дем алдыңдар?
- Олай болса, өз отбасымызға шаттанып, ризашылығымызды білдірейікші!
- Отбасымнан арайлы (қолдарын жоғары көтереді),
- Күн сәулесі тарайды (қол білезіктерін айналдырады)
- Бақыт сыйлап біздерге (алақандарын жанына жіберіп жаяды),
- Мейіріммен қарайды! (орындарында тұрып, айналады)
- Әкем-анам ардақты (қолдарын жоғары көтереді),
- Ата-әжем салмақты (қолдарымен ирек жасайды).
- Отбасыма жетпейді (қолдармен күн бейнесін көрсетеді),
- Барлық байлық салмақты! (иіліп, тәжім етеді)
- Жарайсыңдар, балалар!

1.2. Педагог:

- Балалар, біз өз отбасымызды жақсы көргендіктен сол отбасы мүшелеріне арнап жақсы сыйлықтар бергіміз келеді, солай ма?
- Олай болса, бүгін біз қалта орамалын жасап, сол отбасы мүшелеріне тарту етсек, қалай қарайсыңдар?

- Балалар, отбасы мүшелерінің барлығына бірдей қалта орамалын тарту етіп, үлгере алмаймыз.
- Сондықтан қалта орамалын қай отбасы мүшесіне арнап жасасақ болады?
- Балалар, қалта орамалы бәрімізге керек, солай ма? Әлде, алдымен өзімізге жасап аламыз ба?
- Жарайсыңдар, қалта орамалын әжемізге арнап жасаймыз.
- Балалар, неге қалта орамалын алдымен әжемізге жасайық деп шештіңдер?
- Себебі, әжемізге қалта орамалы көп керек болады, әжеміз қалта орамалын жиі жууға шамасы келмейді, солай ма?

- Балалар, тақтаға қараңдаршы? Кімнің суретін көріп тұрсыңдар?
- Әже қандай мейірімді! Осындай әжеге арнап қалта орамалын қалай жасамайсың?!
- Олай болса, балалар, әжемізге арналған қалта орамалын жасайық.

1.3. Педагог балалардың назарын тақтаға аударады:
- Балалар, тақтадағы суретке қарайықшы?

- Балалар, ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Балалар, біз әжемізге арнап, осындай қалта орамалын жасап үйренуіміз керек!
- Қалта орамалының айналасы қалай әрленген екен?
- Шашақпен әрленген екен.
- Балалар, енді алдымыздағы заттарымызды тексеріп алайық, бәрің де керекті құралдар түгел ме?
- Олай болса, ақ қағазды аламыз, ақ қағазды үшбұрыштап бүктейміз, үшбұрыштан артылған жолақшаны қайшымен қиып тастаймыз, енді үшбұрышымызды жазамыз.
- Балалар, қолымыздағы қағазда қандай пішін пайда болды? Шаршы пайда болды.
- Енді, балалар, жапсыруға кіріспес бұрын саусақтарымызды біраз қимылдатып алайықшы?!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Сергіту сәті "Саусақтар"
- Балалар, орындарымыздан тұрып, біраз сергіп алайық!
- Саусақтарым салалы (саусақтарының басын қимылдатады),
- Қағаз қия алады (саусақтарын қайшылайды).
- Жапсырады желіммен (саусақтарының басын желімдей ұштайды),
- Түрлі-түсті қағазды (қол білезіктерін айналдырады).
- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. Тәжірибелік әрекет
- Балалар, енді қолымызға қайшыны алып, жаңағы шаршының айналасын шашақтап қиып шығамыз.
- Ол үшін, балалар, қалай шашақ жасап қиямыз, маған қараңдар!
- Қағазды сол қолымызбен, ал қайшыны оң қолымызбен ұстап, мүмкіндігінше жиі шашақ жасауға тырысамыз.
- Дұрыс қиып жатырсыңдар, бар ынтамыз қолымыздағы қайшы мен қағазда болады.
- Жарайсыңдар, шашақтарың әдемі болды!
- Балалар, арасында тақтадағы қалта орамалының суретіне де қарап қойыңдар.

- Енді, балалар, шашақталған шаршыны жоғары, бөлек қойыңдар, енді алдымыздағы түрлі-түсті қағаздан жолақша қиямыз.
- Балалар, алдарыңда қандай түсті қағаздар бар? Қызыл, сары, жасыл.
- Енді өздерің жолақшаны қай түстен жасағыларың келеді, сол қағаздан жолақша қиямыз.

- Балалар, жолақшаны қалай қиямыз, маған қараймыз?
- Түрлі-түсті қағаздарыңның боялмаған келесі бетінде қарындашпен сызылған жолақша іздер бар, сол ізбен жолақшаны ұқыптап қиямыз.
- Балалар, сендер ересек болдыңдар, сондықтан әдемі қиюға тырысамыз.
- Жарайсыңдар, жолақшалар дайын болды!
- Енді, балалар, бізге не дайындау керек?
- Қалта орамалының ортасын әрлейтін түрлі-түсті кішкентай шаршылар мен төртбұрыштар керек екен.
- Ол үшін тағы да өзімізге ұнаған түстен жолақша қиямыз, енді сол жолақшаларды шаршы мен төртбұрышқа ұқсатып, майдалап қиямыз.
- Тамаша, балалар!

2.3. Шығармашылық әрекет
- Балалар, қайшымен жұмыс жасап болдық, қайшыны орнына қоямыз.
- Енді, біз желім-қарындашпен қалта орамалын әрлейміз.
- Алдымен дайын шашақты шаршыға нені жапсырамыз?
- Дайындаған жолақшаларымызды жапсырамыз.
- Ол үшін тақтайшаның үстіне жолақшаларымызды түсті жағымен жатқызып, түссіз жағына желім жағамыз.

- Балалар, жолақшаларды қалай жапсыру үшін тақтадағы суретке қараймыз.
- Жолақшаларды шаршыдағы шашақтың ішкі жағына ұзыннан және көлденеңнен жапсырамыз.
- Балалар, тақтадағы суретке және менің көрсетіп жатқан жапсыру тәсіліме мұқият қарап алыңдар. Жолақшаларды ұзыннан және көлденең жапсырғанда бұрыш жақтарының дұрыс қиылысуына көңіл бөлеміз.
- Жолақшалар жапсырылып бітті, енді жолақшалардың ішіндегі бос жерлерді әшекейлейміз.
- Ол үшін өздерің дайындаған әртүрлі қағаз қиындылары бар, соларды пайдаланамыз.
- Балалар, майда қиындыларға желімді қою жақпаймыз, сәл ғана жұқалап жақсаңдар жетеді.
- Міне, балалар, әжемізге арналған қалта орамалы да дайын болды.
- Кәне, қалта орамалдарыңды жоғары көтеріп, көрсетіңдерші?
- Қандай әдемі қалта орамалдарың! Әжелерің риза болатын болды.

2.4. «Ұзын-қысқа» дидактикалық ойыны
Ойынның мақсаты: балаларды заттарды салыстыра отырып, заттардың қысқасын табуға және ұзының атауға үйрету.
Ойынның құрал-жабдықтары: ұзын және қысқа жолақтар
Ойынның барысы: балаларға ұзын және қысқа жолақтар беріледі. Балалар жолақтарды салыстырады. Үстіне қою әдісін қолданады. Ұзын жолақты атайды. Үстелдің үстіне жолақтардың ішінен ұқсас жолақтарды табуға тырысады.

2.5. Пысықтау сұрақтары
- Балалар, бүгін біз әжемізге арнап не дайындадық?
- Қалта орамалын неден дайындадық?
- Қалта орамалын жасау үшін қандай пішін дайындадық?
- Ол пішінді қандай тәсілмен дайындадық?
- Қалта орамалының шетін қалай әрледік?
- Шашақ дегеніміз не?
- Шашақты қалай жасадық?
- Немен жасадық?

- Шашақтың ортасына не жапсырдық?
- Жолақшаларды қалай жапсырдық?
- Жолақшалардың ортасын қалай әшекейледік?
- Немен әшекейледік?
- Соңында не пайда болды?

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балаларға ризашылығын білдіріп:
- Балалар, әжемізге арналған қалта орамалын керемет жасадыңдар!
- Үйге барғанда әжелеріңе апарып берсеңдер, қатты қуанатын болды.
- Айдос пен Жанардың әжесі ауылда ма? Кешке әжелеріңе хабарласып айтыңдар, сізге арнап қалта орамалын дайындап қойдық, ауылға барғанда апарамыз деп, әжелерің сендер барғанша қуанып күтіп жүреді.
- Жақсы, балалар, бүгінгі шығармашылықтарыңа көп рақмет, сау болыңдар.

Вариативті компонентҚызықты Математика.

Ересек «Күншуақ» тобы

Зообаққа барамыз.

Оқу қызметінің мақсаты
Балаларды 1 саны және цифрымен таныстыру; 1 цифрын дұрыс жазуға үйрету, математика оқу қызметіне қызығушылықтарын арттыру; ой-өрісін, зейінін дамыту; табиғатты қорғауға, аңдарға қамқор болуға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс
"1 саны", "1 цифры", "Зообақ" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер
Миға шабуыл, ғажайып сәт, әңгімелесу, "Аңдарды қоректендір,"Орнын тап" дидактикалық ойындары, сергіту сәті, дәптермен жұмыс, оқу қызметін пысықтау, "Жүректен жүрекке" шеңбері.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР
Күз мезгіліне байланысты суреттер, зообақ, билеттер, піл, аю, тырна суреттері, ұлыған қасқыр, 1 цифрі, "Зообақ" бейнежазбасы.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР
Жұмыс дәптері, 1 цифрі, дидактикалық ойындарға арналған үлестірмелі материалдар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Миға шабуыл.
- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Қазір жылдың күз мезгілі. - Күз мезгілінде неше ай бар? Күз мезгілінде үш ай бар.
- Күз мезгілінің айларын атап беріңдерші. Қыркүйек, қазан, қараша.
- Қазір күз мезгілінің қай айы? Қазір күз мезгілінің қараша айы.
- Қараша айында ауа-райы қандай болады? Қараша айында ауа-райы суық болады. Біртіндеп қар жауа бастайды.

1.2. Ғажайып сәт.
- Балалар, зообаққа баруға қалай қарайсыңдар? Балалар қуана келіседі. Қызығушылық танытады.

- Бірақ, балалар зообаққа кіру үшін билет керек. Педагог балаларға билеттер таратып береді

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Әңгімелесу.
Педагог интербелсенді тақтадан піл, аю және тырнаның суреттерін көрсетеді.

- Балалар, тақтадан не көріп тұрсыңдар? Піл, аю, тырна.
- Аю, піл, тырна нешеу? Үшеу.
- Неше аю? Бір аю.
- Неше піл? Бір піл.
- Неше тырна? Бір тырна.
Осы кезде қасқырдың ұлыған дауысы естіледі.

- Бұл не? Бір нәрсе ұлиды? Ол не? Бұл қасқыр.
Интербелсенді тақтада қасқырдың суреті пайда болады.

Қасқыр нешеу? Қасқыр біреу.
- Ол неге жалғыз? Оның достары жоқ, ешкім онымен дос болмайды.
- Балалар, сендер білесіңдер ме, қасқырды басқа жануарлармен достастыру үшін 1 цифры керек.
Интербелсенді тақтада 1 цифры пайда болады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Бүгін қандай санмен және цифрмен таныстық? 1 санымен, цифрымен таныстық.
- Бұл цифр неге ұқсайды? 1 саны тырнаға ұқсайтынын айтады.
- Жарайсыңдар, балалар. Бүгінгі оқу қызметіне белсенді қатыстыңдар.

"Жүректен жүрекке" шеңбері
- Бір-бірлеріңнің қолдарыңнан ұстап, ризашылық әнімізді айтайық.
Ризамын, ризамын, ризамын бүгінге!
Ризамын, ризамын, ризамын қазірге!

Шеңберге тұрып, бәрі бірге айтады.

Хат

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды ақ қағаз парағының бұрыштарын симметриялы бүктеуге үйрету; әртүрлі бүктеу тәсілдері арқылы хат салатын конверт жасау икемділіктерін қалыптастыру; қағазбен жұмыс жасауға қызығушылықтарын ояту.

Сөздік жұмыс

"Симметрия", "бүктеу", "теңестіру", "конверт", "хат", "қалта" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Релаксация, түсіндіру, көрсету, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, тәжірибелік әрекет, шығармашылық әрекет, пысықтау, үлгі ету, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, ақ қағаз, түрлі-түсті қағаз, тақтайша, майлық, желім-қарындаш, картоннан жасалған пошта жәшігі, хат

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға ақ қағаз, түрлі-түсті қағаз, желім-қарындаш, тақтайша, майлық, хат

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Релаксация "Күн дидарлы өлкем"

Педагог:
- Балалар, бәріміз үлкен күн сияқты әдемі шеңбер жасайықшы?!
- Балалар, біз қандай мемлекетте өмір сүріп жатырмыз? Қазақстан мемлекетінде өмір сүріп жатырмыз.

- Балалар, мына суретке қараңдаршы, біздің өлкеміздің күндей жарқырап тұр!
- Олай болса, шуақ нұрын сепкен өз мемлекетімізге ризашылығымызды бідірейікші!
- Күлімдейді көкте күнім (қолдарын жоғары көтереді).
- Шашып жерге шуақ нұрын (алақандарын жанына жіберіп жаяды).
- Жарқырады күн сәулесі (орындарында тұрып, айналады),
- Сары алтынға бөлеп бүгін (қолдарын жоғары көтереді).
- Жарқырады күн сәулесі (қолдарымен ирек жасайды),
- Сары алтынға бөлеп бүгін (қолдармен күн бейнесін көрсетеді).

- Жарайсыңдар, балалар!

1.2. Педагог балаларды қызықтыру мақсатында:

- Балалар, сендер біздің Қазақстан туралы Президентімізге арнап, хат жазғыларың келе ме?

- Не деп жазамыз дейсіңдер ме? Біз осындай қазақтың кең байтақ жерінде өмірге келгенімізге қуаныштымыз деп жазуға болады.
- Балалар, әлде, Президентімізге айтатын басқа да тілектерің бар ма?
- Сондықтан алдымен хат салатын конверт жасап алуымыз керек.
- Балалар, Президентімізге хат жолдау үшін конверт бәрімізге керек, солай ма?
- Ол үшін, конвертті қалай жасау керектігін үйренуіміз керек.
- Балалар, неге хатты конвертке салады?
- Себебі, конверттің көлеміне қарай хатты да үлкен параққа немесе кішкентай параққа жазып салуға болады, конвертті ешкім ашып оқымайды.

- Балалар, тақтаға қараңдаршы? Ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Хат салатын конверт екен.
- Балалар, онда бәріміз хат салуға арналған конверт жасауға кірісейік.

1.3. Педагог:

- Балалар, тақтадағы суретке тағы да қарайықшы?

- Балалар, енді осы конверттің қалай жасалатынын үйреніп алайық.
- Конверттің көлемі де сендерге арналған кішкентай екен.
- Балалар, конвертті түрлі-түсті қағаздан да жасауға болады. Бірақ, біз хатты Президентімізге жолдайтын болғандықтан ақ парақтан жасағанымыз дұрыс, солай ма, балалар?
- Балалар, енді алдымыздағы заттарымызды тексеріп алайық, бәрің де керекті құралдар түгел ме?
- Олай болса, ақ қағазды аламыз, ол қағазды үшбұрыштап бүктейміз, үшбұрыштан артылған жолақшаны қайшымен қиып тастаймыз, енді үшбұрышымызды жазамыз.
- Балалар, қолымыздағы қағазда қандай пішін пайда болды? Шаршы пайда болды.
- Енді, балалар, әрі қарай бүктеуге кіріспес бұрын саусақтарымызды біраз қимылдатып алайықшы?! Себебі, бүктеген кезде саусақтарымыз бен қолдарымыз шаршап қалуы мүмкін.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Сергіту сәті "Хат"

- Балалар, орындарымыздан тұрып, біраз сергіп алайық!
- Хат жазамыз, арнаймыз (саусақтарының басын қимылдатады),
- Туған жерді жырлаймыз (қолдарын жанына жібереді).
- Мақтан тұтып елімді (қолдарын жоғары көтереді),
- Айдын шалқар көлімді! (қол білезіктерін айналдырады)
- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. Тәжірибелік әрекет

- Балалар, енді қолымызға ақ қағазды аламыз, жаңағы үшбұрышты бүктелген күйінде қайтадан ұстаймыз.

- Енді сол бүктелген үшбұрышты тағы да қатты майыстырмай, екі бұрышын қосып теңестіреміз де қағаздың дәл орта тұсын майыстырып, белгілеп аламыз.
- Енді қағазды жазамыз, шаршы бейнесі қайта пайда болды, солай ма?
- Шаршының өзі майысқан екі үшбұрыштан тұратыны көрініп тұр.
- Сол бөлінген үшбұрыштың астыңғы үшбұрыш бөлігін тағы да бүктейміз.
- Балалар, енді сол жерді тағы да бүктейміз.

- Тақтадағы конвертке де қарап отырамыз.
- Енді, балалар, қолымыздағы қағаздың екі жаны үшбұрыш болып тұр, сол үшбұрыштарды қағаздағы белгілеп алған орта нүктеден сәл асырып, екі жағын кезек ішке қарай бүктейміз.
- Сол бүктелген бұрышты бір-біріне кигіземіз, жарайсыңдар.
- Балалар, менімен бірге бәріміз қайталап отырмыз ба, қазір тексеріп шығамын бәріңді?
- Енді жаңағы бір-біріне қиылыстырылған екі бұрыштың арасына жұқалап желім жағамыз.
- Балалар, конвертіміз дайын болды.
- Енді, балалар, конвертімізге қарайықшы, неше қалтасы бар екен?
- Конвертімізде үш қалта бар екен, бір үлкен, екі кішкентай.
- Балалар, енді Президентімізге арналған хатты осы конвертке сала берсек те болады.

2.3. Шығармашылық әрекет

- Балалар, конверт жасап болдық, енді Президентімізге не деп хат жолдаймыз?
- Балалар, алдарыңда бәріңе бірдей жазылған хат жатыр, мен сендерге хаттың мағынасын оқып берейінші, егер, келіссеңдер сол хатты жібереміз
- Алдымен хатты мұқият тыңдаймыз:
- "Құрметті Президент! Біз балабақша балалары Қазақстан жерінде дүниеге келгенімізге шексіз бақыттымыз! Біздің еліміз кең, ұлан-байтақ өлке! Біздің мемлекетімізді басқару үшін сіз де аман болыңыз! Біз сізді жақсы көреміз, әрі мақтан тұтамыз!"
- Қалай, балалар, сендердің аттарыңнан Президентімізге жазған хат ұнады ма?
- Олай болса, балалар, алдарыңдағы хатты бәрің өз қолдарыңмен конверттегі үлкен қалтаға салыңдар. Жарайсыңдар!
- Балалар, конверттің енді екі кішкентай қалтасы қалды, оған өздерің не салғыларың келеді?
- Олай болса, балалар, алдарыңдағы түрлі-түсті қағаздың бояусыз бетінде әртүрлі бейнелер мен формалар бар, солардан өз қалауларыңмен ұнағанын қиып, бос қалтаға салуларыңа болады.
- Балалар, менің балаларым Президентімізге не сыйға тартқысы келеді екен, білгім келеді.
- Ұқыпты және әдемі қиямыз, балалар.
- Міне, балалар, Президентімізге арналған сендердің сыйлықтарың да дайын болды.
- Кәне, бәріміз конверттің қалтасына салайық?!
- Қандай әдемі конверт болды! Енді, балалар, хаттарыңды менің алдымдағы

пошта жәшігіне саламыз, бүгін кешке қарай пошташыдан беріп жібереміз.
- Жарайсыңдар, балалар!"

2.4. «Пішінді құрастыр» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балаларды түстер мен пішіндерді ажыратып, құрастыра білуге үйрету; есте сақтау, көру, ажырату қабілеттерін дамыту.
Ойынның шарты: балалардың алдына әр түрлі пішіндер беріледі. Ол пішіндерден суреттегі көрсетілген заттарды құрастырады. Түсі мен пішінін дұрыс ажыратулары керек.

2.5. Пысықтау сұрақтары

- Балалар, бүгін не дайындадық?
- Конвертті неден дайындадық?
- Конвертті жасау үшін қандай пішін дайындадық?
- Ол пішінді қандай тәсілмен дайындадық?
- Конверттің неше қалтасы бар?
- Бүктеу тәсілі дегеніміз не?
- Конвертті қалай бүктедік?
- Жапсыру тәсілін пайдаландық па?
- Желімді неше рет пайдаландық?
- Конвертке не салдық?
- Хат кімге арналды?
- Хатта не туралы жаздық?
- Конвертті қайда салдық?

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балаларды мақтай отырып:
- Балалар, хатқа арналған конвертті керемет жасадыңдар!
- Бәрің де Президентімізге жалауша мен алма жасап жіберіпсіңдер ғой!
- Енді түсіндім, балалар, не үшін Президентімізге жалауша мен алма жасап жібергендеріңді Ата Заң мерекесімен құттықтап, жалауша жасадыңдар және алманың отаны - Алматы қаласынан деген тілекпен алма жіберген екенсіңдер ғой, менің балаларым қандай ақылды еді, жарайсыңдар!
- Тамаша, балалар, бүгінгі шығармашылықтарыңа көп рақмет

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды түрлі-түсті қағазды умаждау тәсіліне үйрету; түрлі-түсті қағаздарды умаждау арқылы жапырақ жасауға дағдыландыру; умаждау тәсіліне деген қызығушылықтарын арттыру.

Сөздік жұмыс

"Умаждау", "түрлі-түсті", "жапырақ", "алақанмен умаждау", "қалпына келтіру", "бейнені қию", "күзгі жапырақ" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Релаксация, түсіндіру, көрсету, умаждау, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, тәжірибелік әрекет, шығармашылық әрекет, пысықтау, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, ақ қағаз, қайшы, түрлі-түсті су бояқ, түрлі-түсті қарындаштар, үйеңкі жапырағының үлгісі, фломастер, су құйылған ыдыс, қылқалам, желім-қарындаш, тақтайша, майлық

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға ақ қағаз, қайшы, түрлі-түсті су бояқ, түрлі-түсті қарындаштар, үйеңкі жапырағының үлгісі, фломастер, су құйылған ыдыс, қылқалам, желім-қарындаш, тақтайша, майлық

Цирк әртісттері

Оқу қызметінің мақсаты
Балаларды 2 саны және цифрымен таныстыру; 2 санының жасалу жолын көрсету; 1 және 2 цифрының бейнесін айыра білуге үйрету; 2 санын дұрыс жазуға жаттықтыру; балалардың зейінін дамыту.

Сөздік жұмыс
"2 саны", "2 цифры", "Цирк әртістері" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер
Шаттық шеңбері, әңгімелесу, "Цирктің әртістері" дидактикалық ойыны, сергіту сәті, дәптермен жұмыс, оқу қызметін пысықтау, рефлексия.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР
Цирк өнері, цирк әртістеріне байланысты суреттер, 2 цифры.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР
Жұмыс дәптері, 2 цифрі, билеттер.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері.
"Біз әдепті баламыз"
Әдеп сақтап аманда,
Әрбір адал адамға.
Жасасаң бір қамқорлық,
Қайтарады саған да.

1.2. Педагог:
- Балалар, сендер циркке барғанды ұнатасыңдар ма? Балалардың еркін жауаптары. Педагог балаларға кім билеттерді дұрыс алса солар ғана циркке бара алатындарын айтады. Қазір күз мезгілі болғандықтан 2 жапырақ салынған билеттерді алуды өтінеді.

. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Әңгімелесу.
- Циркте кім барлық жұртты көңілдендіреді?

- Бұл сайқымазақтың аты-Бим. Бимде неше скрипка бар? Бір скрипка бар. Балалар 1 цифрын көрсетеді.

- Қараңдаршы, алаңға тағы бір сайқымазақ шықты. Оның аты-Бом.
- Неше сайқымазақ болды? Екі сайқымазақ болды.
- Оларда неше скрипка бар? Бір және бір, 2 болатынын айтады.

Балалар 2 санымен танысады, ауада жазады.
- Бим және Бом фокус көрсете бастады. Балалар қызығушылық танытады.

2.показать как клоун поднимает платок.
- Бим екі қорапты орамалмен жауып тұрып, сиқырлы сөздер айтып еді, сол жерде екі құс пайда болды.

- Қандай құстар пайда болды? Тауық пен аққу.

- Ал, Бом екінші қорапшаны ашып, сиқырлы сөздер айтып еді, ол жерде суреттер пайда болды. Бұл суреттер осы екі құстың қайсысына ұқсайды? 2 цифры аққуға ұқсайды, өйткені аққудың да иілген мойны, құйрығы бар.
- Дұрыс айтасыңдар!

2.2. Дидактикалық ойын: "Цирктің әртістері"

Педагог тақтаға цирк қызметкерлері бейнелеген суреттер орналыстырады.
- Бүгін циркте әртістер жұп болып өнер көрсетеді. Яғни тек 2-ден ғана әртістер өнер көрсетеді.
Балалар жұп болып өнер көрсететін цирк қызметкерлері бейнеленген суреттерді іріктеп алады да, жанына екі цифрлерін қояды.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Бүгін циркте қандай әртістер өнер көрсетті? Балалардың еркін жауаптары.
- Олар нешеден болды? Екіден болды.
- Бүгін біз қандай санмен және цифрамен таныстық? Екі санымен және цифрімен танысты

«Күзгі жапырақтар»

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Релаксация "Күзгі жел"

Педагог балалардың назарын аударып:
- Балалар, сендер күзде жапырақтардың желден қалай шуылдайтынын білесіңдер ме?
- Балалар, "Күзгі жел" туралы өлеңде жапырақтардың қалай шуылдайтыны туралы айтылады.
- Олай болса, күзгі желдегі жапырақ болайықшы!
- Шеңберге тұрамыз (қолдарынан ұстайды),
- Жапырақтай шулаймыз (қол білезіктерін айналдырады)
- Шық, шық, шық! (алақандарын жанына жіберіп жаяды),
- Шық, шық, шық! (орындарында тұрып, айналады)
- Жерге түсе бастаймыз (қолдарын төмен түсіреді),
- Ағашты айтып тұрамыз (қолдарымен ирек жасайды).
- Сол сияқты тербелеміз (екі жаққа тербеледі),
- Күзгі жел боп әндетеміз! (алақандарын жанына жіберіп жаяды)
- Ооо-ооо-ооо! (орындарында тұрып, айналады)
- Ооо-ооо-ооо! (қол білезіктерін айналдырады)

1.2. Педагог:

- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?
- Күз мезгілі болса, қандай ай?
- Балалар, терезеден айналаға қарайықшы? Ағаштардан қандай өзгерістер көріп тұрсыңдар?
- Ағаштардың жапырақтары түсіп жатыр, солай ма?
- Балалар, күзде ағаштың жапырағы неге түсетінін білесіңдер ме? Иә, күн сәулесінің жылуды аз беруінен ағаштың жапырақтары сарғайып, түсе бастайды.
- Балалар, күзде ағаштың жапырақтары тек сары түске бояла ма?
- Күзде ағаштың жапырақтары әртүрлі түске боялады екен, солай ма, балалар?

- Балалар, тақтаға қараңдаршы? Ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Түрлі-түсті жапырақтар, қандай әдемі!
- Балалар, осындай түрлі-түсті жапырақтар жасағыларың келе ме?
- Олай болса, балалар, жапырақтар жасауға кірісейік!

1.3. Педагог балалардың назарын тақтаға аударады:

- Балалар, тақтадағы суретке қарайықшы?

- Балалар, ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Балалар, біз осындай түрлі-түсті жапырақтарды жасап үйренуіміз керек!
- Түрлі-түсті жапырақтар неден жасалған екен?
- Умаждалған қағаздан жасалған екен.
- Балалар, енді алдымыздағы заттарымызды тексеріп алайық, бәрің де керекті құралдар түгел ме?
- Олай болса, ақ қағазды аламыз, алдымыздағы ыдыстағы суға маламыз, қағаздың суын

сығып, алақан арасына салып, умаждаймыз

- Тақтаға қараңдаршы, балалар, қағазымыз қандай болуы керек?
- Балалар, қолымыздағы ақ қағазды қайтадан жазамыз, қағазымыз әбден умаждалған екен, енді қағазды кебу үшін қалың кітап арасына салып қоямыз.
- Енді, балалар, жұмысымызды әрі қарай жалғастырмас бұрын саусақтарымыз бен қолдарымызды біраз қимылдатып алайықшы?!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Сергіту сәті "Жапырақтар"

- Балалар, орындарымыздан тұрып, біраз сергіп алайық!
- Сарғаяды жапырақ (қолдарын жанына жібереді),
- Сары барлық атырап (қолдарын жоғары көтереді).
- Желмен бірге билейді (орындарында тұрып, айналады),
- Биші сары жапырақ (қол білезіктерін айналдырады).
- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. Тәжірибелік әрекет

- Балалар, енді кітап арасындағы кепкен қағазды қолымызға алып, қараймыз.

- Балалар, қолдарыңдағы қағаздарың тақтадағы қағазға ұқсай ма?
- Қағазды сол қағазды қолымызға қылқаламды алып, сары, қызғылт, қызыл, ашық қоңыр, жасыл-сары түстерді араластырып, субояқпен бояймыз.

- Балалар, тақтаға қараңдаршы, бояған қағаздарыңда осындай түстер пайда болуы керек.
- Дұрыс бояп жатырсыңдар, бар ынтамыз қолымыздағы қылқалам мен субояқта болады.
- Жарайсыңдар, бояғандарың әдемі болды!
- Енді, балалар, алдарыңда үйеңкі жапырағының үлгісі бар, сол үлгіні боялған қағаздың үстіне қойып, фломастермен немесе қарындашпен айналасын сызып шығамыз.

- Балалар, тақтадағыдай жапырақты қағаздың үстіне ұқыптап қоямыз және айналасын қарындашпен ұқыпты сызып шығамыз.

- Балалар, тақтадағыдай жапырақ шықты ма?
- Енді сол жапырақты қайшымен ұқыптап қиямыз.

- Балалар, бәріңде тақтадағыдай жапырақтар пайда болды ма?
- Енді, түрлі-түсті қарындаштармен жапырақтардың тамыр сызықтарын саламыз.

- Балалар, тақтаға қараңдаршы, жапырақтарың қандай әдемі шықты!
- Енді, балалар, бізге не дайындау керек?
- Осы дайын жапырақтарды ағашқа іліп, үйеңкі ағашын безендіруіміз керек.
- Ол үшін, балалар маған сендердің шығармашылықтарың керек!

2.3. Шығармашылық әрекет.

- Балалар, тақтаға қарайықшы, ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Бұл, жапырақсыз үйеңкі ағашы.
- Балалар, жаңағы жасаған жапырақтарымызды осы ағашқа жапсырып, безендіруіміз керек.
- Ол үшін әр команданың балалары жасаған жапырақтарын менімен бірге ағашқа түрлі-түсті түйреуіштермен бекітеміз.
- Балалар, қараңдаршы, біздің ағашымыз әдемі безендіріліп жатыр ма?
- Жақсы, енді, келесі команданың балалары жапырақтарын алып келеді.
- Балалар, сендердің жапырақтарың үйеңкі ағашын әдемі безендіріп жатыр!
- Келесі команда балалары жапырақтарыңды алып келіңдер.
- Жапырақтар жапсырылып бітті, енді ағашты тағы немен безендірсек болады?
- Ол үшін ағашқа тиінді отырғызамын.
- Балалар, ағашты безендіруде тағы қосар ойларың бар ма?

- Міне, балалар, қараңдаршы, үйеңкі ағашы да дайын болды.

2.4. «Ұқсайды – ұқсамайды» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балаларды заттардың түрі мен түсін, формасы мен көлемін және қандай материалдан жасалғанын салыстыру бойынша ұқсастықтарын байқауға үйрету; байқағыштығын, ойлауын, тілін дамыту.
Ойынның барысы. Педагог алдын-ала әртүрлі заттарды даярлап, оларды бөлмеге балаларға байқатпай орналастырады.
Педагог балаларға бөлмеде көптеген заттардың бар екенін, олардың бірдей және әртүрлі, ұқсас немесе мүлдем ұқсамайтындарын айтып, естеріне түсіреді:
- Балалар, біз бүгін бір-біріне ұқсас заттарды табамыз. Олар түсі, формасы, көлемі, материалы бойынша ұқсас болуы мүмкін. Енді ойын ережесін тыңдаңдар, әрқайсың бөлмені аралап, екі ұқсас затты алыңдар да, орындарыңа отырыңдар. Мен кімді көрсетсем, сол бала қолындағы затты неге алғанын және олардың ұқсастықтары қандай екенін айтып беруі керек.
- Мысалы, қасық пен машина қалай ұқсас? Әрине, олар ұқсас емес.
- Ал, оларды ұқсас деген бала өз таңдауының дұрыс екендігін дәлелдеуге талпынады.

2.5. Пысықтау сұрақтары

- Балалар, біз бүгін не дайындадық?
- Жапырақтарды неден дайындадық?
- Жапырақтарды қандай тәсілмен дайындадық?
- Қағазды қалай умаждадық?
- Қағазды қалай кептірдік?
- Қағазды немен боядық?
- Қандай түстермен боядық?
- Жапырақтың пішінін қалай жасадық?
- Жапырақтарды қайда жапсырдық?
- Жапырақтарды қалай жапсырдық?
- Жапырақтарды қандай ағашқа жапсырдық?

- Ағашты тағы немен әшекейледік?
- Соңында не пайда болды?

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балаларға:
- Балалар, тобымызға арналған керемет күзгі үйеңкі ағашын жасадыңдар!
- Тобымызға қонақтар келсе, қатты таңғалатын болды.
- Өзіміз де күнде осы ағашқа қарап, еңбегіміздің жемісін көріп, қуанып жүретін болдық, солай ма, балалар?
- Жақсы, балалар, бүгінгі шығармашылықтарыңа көп рақмет, сау болыңдар.

Үш Марғау

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды 3 санының жасалуымен және 3 цифрымен таныстыру; бірнеше заттар

тобын салыстыра білуге, үлкен санды атай алуға жаттықтыру; "Барлығы қанша?" сұрағына жауап беруге үйрету; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

Сөздік жұмыс
"Барлығы қанша?", "Үш марғау" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер
Шаттық шеңбері, миға шабуыл, түсіндіру, дидактикалық ойын: "Балық аулау", логикалық есептер, сергіту сәті, дәптермен жұмыс, оқу қызметін пысықтау, "Жүректен жүрекке" шеңбері.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР
Үштүрлі үйшік, ақ, сұр және қара түсті мысықтар, үштүрлі цифрлар бар үйшіктер, "Тез отырамыз!" бейнежазбасы.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР
Бала санына байланысты балықтар, 1,2,3 сандар, жұмыс дәптері.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері:
"Достық" шеңбері
Достарменен бір жолда,
Иықтасып жүреміз.
Қиындықта қол ұшын,
Береріне сенеміз.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог тақтаға 3 үйшік және 2 марғаудың (ақ және сұр) суретін іледі.

- Қараңдаршы, мына үйшіктерді үш марғау өмір сүріпті.
- Біріншісі - ақ, екіншісі - сұр екен. Ал үшіншісі.. Бірақ ол қайда? Мүмкін мен дұрыс санамаған шығармын?

Балалар педагогпен бірге тексереді, қорытынды санды айтып, 2 санын көрсетеді.
- Ол мында жасырынып қалыпты (педагог үшінші марғауды алып шығады).

- 2 марғау болған еді, тағы біреу жүгіріп келді. Неше марғау болды? 3.
- Үшінші марғаудың түсі қандай? Қара.

- Қара марғау не үшін тығылып қалғанын мен білетін сияқтымын. Екі марғаудың үйшігінде сандар бар, ал онда жоқ.
- Қане, біз оған көмектесейік, үйшіктерді санайық. Марғауларды санайды.
- Қара марғаудың үйшігінде қандай сан тұру керек? 3 саны тұру керек.
Педагог қара марғаудың үйшігіне 3 санын қояды.

- Барлығы қанша үйшік? Барлығы 3 үйшік.
Педагог балаларға саусақпен ауада 3 санын жазып көрсетеді. Балалар педагогтің соңынан қайталайды.

2.2. Дидактикалық ойын: "Балық аулау"
Марғаулар балық аулауға баруды ұйғарды.
- Ақ марғау 1 балық ұстады.
Балалардан тақтаға 1 марғауды қоюды өтінеді. Оң қолмен сол жаққа қоюды ескертеді. Тақтаға 1 балықты қояды, оң жаққа 1 санын қояды.
- Сұр марғау бір балық және тағы бір балық ұстады. Тақтаға қою әдісін пайдаланып, 2 балықты қояды, оң жағына керекті санды қояды.
- Сұр марғау неше балық ұстады? Сұр марғау көп балық ұстады.
- Қай сан артық: 1 немесе 2? 2 саны артық.
- Қара марғау 2 балық және тағы 1 балық ұстайды. Қара марғау неше балық ұстады? Санайды және оң жағына 3 санын қояды.
- Марғаулардың қайсысы ең көп балық ұстады? Қара марғау ең көп балық ұстады**3. ҚОРЫТЫНДЫ**

- Бүгін бізге неше Марғау келді? Бүгін бізге үш марғау келді.
- Біз бүгін қандай санмен және цифрмен таныстық? 3 санымен таныстық.
- Дұрыс айтасыңдар!
- 3 саны неге ұқсайды? Балалардың еркін жауаптары.
- Балалар, жарайсыңдар! Тапсырмаларды жақсы орындадыңдар!

"Жүректен жүрекке" шеңбері.
"Жақсылыққа құмармыз"
Жақсылыққа құмармыз,
Жақсы адам боп шығамыз.
Таза сәби жүректен,
Қабылдаңыз мың алғыс!
Шеңберге тұрып, бәрі бірге айтады.

«Құстың ұясы»

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды ермексаздан шиыршықтау тәсілі арқылы құстың ұясын жасауға үйрету; шиыршықтау кезінде алақанмен жұмыс жасау икемділігіне баулу; ұя жасауға деген қызығушылықтарын қалыптастыру.

Сөздік жұмыс

"Шиыршықтау", "алақан арасына салу", "үзбей шиыршықтау", "есу", "өру", "майыстыру" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Шаттық шеңбері, түсіндіру, көрсету, шиыршықтау, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, тәжірибелік әрекет, шығармашылық әрекет, пысықтау, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, құстардың үйшігінің макеті, құстардың суреттері, түрлі-түсті ермексаз, кескіш, тақтайша, майлық

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға түрлі-түсті ермексаз, кескіш, тақтайша, майлық

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері

Педагог балалардың назарын өзіне аударып:
- Балалар, бәріміз үлкен әдемі шеңбер жасайықшы?!
- Балалар, терезеден далаға қараңдаршы? Қандай құстарды көріп тұрсыңдар?
- Балалар, қарлығашты осы айда көргендерің бар ма?
- Сонда қарлығаш қайда ұшып кетті деп ойлайсыңдар?
- Балалар, жыл құстарының көбі тамыз айында жылы жаққа ұшып кетеді екен.
- Балалар, құстарға деген қайырымды ниетімізді білдірейікші!
- Сағындырып көктемде (қолдарын жоғары көтереді),
- Қиқулап ұшып келетін (қол білезіктерін айналдырады)
- Торала сары күзде (алақандарын жанына жіберіп жаяды),
- Көкте қатар түзетін! (орындарында тұрып, айналады)
- Аялайық құстарды (қолдарын жоғары көтереді),
- Қамқор болып әрдайым (қолдарымен ирек жасайды).
- Құсқа ұя жасауға (қолдармен ұя бейнесін жасайды),

- Отырамыз біз дайын! (иіліп, тәжім етеді)
- Жарайсыңдар, балалар!

1.2. Педагог балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, құстар біздің досымыз, солай ма?
- Олай болса, осы күзден бастап құстарға ұя дайындап қойсақ, қалай қарайсыңдар?
- Балалар, құстардың барлығына бірдей ұя жасай алмаймыз.
- Сондықтан әрқайсымыз біреуден ұя жасап қойсақ та болады емес пе?
- Балалар, сендерге қай құстың ұясы ұнайды?
- Жарайсыңдар, қарлығаштың ұясы ұнайды екен.
- Балалар, жыл құстарының ішінде қай құс ұя салмайды?
- Дұрыс айтасыңдар, көкек ұя салмайды екен.
- Себебі, көкек әр құстың ұясына жұмыртқасын тастап кете береді екен, оның балапанын басқа құстар басып шығарады, солай ма?

- Балалар, тақтаға қараңдаршы? Ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Көкектің түрі сүйкімді! Тек балапандарын өзі баспайтыны болмаса, түрі сүйкімді көкекке ұя жасап берсек, қалай қарайсыңдар, балалар?
- Олай болса, балалар, көкекке арнап ұя жасайық.

1.3. Педагог балалардың назарын тақтаға аударады:

- Балалар, тақтадағы суретке қарайықшы?

- Балалар, ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Көкек басқа құстың ұясының қасында отыр.
- Көкек ұядағы құстың ұшып кетуін күтіп отыр екен, солай ма?
- Балалар, ұя жасап, көкекті сол ұяға жұмыртқа салуға қалай үйретсек болады?
- Онда алдымен ұя жасап алайық, көктемде көкек келгенше ойланып көреміз, солай ма?
- Балалар, енді алдымыздағы заттарымызды тексеріп алайық, бәрің де керекті құралдар түгел ме?
- Олай болса, тақтайдың үстіне қоңыр түсті ермексазды аламыз, ол ермексазды үш бөлікке бөлеміз.
- Балалар, қолдарыңдағы ермексаздың түсі қандай? Қоңыр екен.
- Енді, балалар, ұя жасауға кіріспес бұрын саусақтарымыз бен қолдарымызды біраз қимылдатып алайықшы?!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Сергіту сәті "Құстар"

- Балалар, орындарымыздан тұрып, біраз сергіп алайық!
- Қанаттарын жаяды (қолдарын жанына жібереді),
- Желпіп-желпіп қағады (қолдарын қанат сияқты сермейді).
- Жаңбыр болса, су болып (саусақтарының басын қимылдатады),
- Кептіріліп алады (қол білезіктерін айналдырады).

- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. Тәжірибелік әрекет

- Балалар, енді қолымызға қоңыр түсті ермексазды алып, үш бөлікке бөлеміз.
- Ол үшін, балалар, ермексаз кесетін кескішпен қалай кесеміз? Ермексазды тақтайға салып, керек бөлшегімізді кесіп аламыз.

- Балалар, тақтадағы суретке назар салып, қараңдаршы?
- Біздің жұмысымыз алты этаптан тұрады.
- Дұрыс кесіп жатырсыңдар, бар ынтамыз қолымыздағы ермексаз бен кескіште болады.
- Жарайсыңдар, бөліктерің әдемі болды!
- Енді, балалар, тақтаға қарай отырып, ұяның астына төсеніш жасаймыз, домалақ ермексазды екі алақан арасына салып, дөңгелектеп аламыз да алақан арасында ұстап, жалпайтамыз.
- Балалар, енді қалған екі бөлікті бірдей қылып, екі алақан арасына салып, шиыршықтаймыз және ермексаз ұзарғанша есеміз.
- Енді екі ұзын ермексазды бір-біріне өреміз.
- Балалар, қолымыздағы өрілген ермексазды майыстырып, дайын тақтайша дөңгелектің үстіне орналастырамыз.
- Соңында өрілген ермексаздың екі ұшын біріктіріп, ұя жасаймыз.
- Балалар, ұямыз дайын болды!
- Жарайсыңдар, балалар!

2.3. Шығармашылық әрекет

- Балалар, құстың ұясын жасап болдық.
- Енді, ұяға не жасасақ болады?
- Әрине, балапан керек қой?
- Ол үшін тақтайшаның үстіне сары ермексазды қойып, тағы да үшке бөлеміз.

- Балалар, тақтадағы суретке қарайықшы?!
- Ұяда үш балапан жатыр, ол үшін сары ермексазды алақан арасына салып домалақтап, бір ұшын сәл созамыз.
- Балалар, осылай үш балапанның пішінін жасап аламыз.
- Балапанның денесі жасалып бітті, енді бізге не қалды? Көздері мен тұмсығы қалды.
- Ол үшін қызыл және қара ермексазды пайдаланамыз.
- Балалар, қызыл және қара ермексаздан сәл ғана алсақ жетеді.
- Мынау балапанның тұмсығы, енді көзін жапсырамыз.
- Міне, балалар, көкекке арналған ұя да балапанымен дайын болды.
- Тамаша ұя жасадыңдар! Көкек көктемде келгенде риза болатын болды.

2.4. «Әр құсқа өз орнын тап» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балаларға әр құстың өзі мекендейтін орны туралы түсінік беру; ойлау қабілеттерін дамыту.

Ойынның мазмұны: үйшік етіп дайындалған макет ішінде құстардың мекен ететін суреттері көрсетілген, сол суретке сәйкестендіріп, құстардың суреттерін орналастырады.

2.5. Пысықтау сұрақтары

- Балалар, бүгін біз көкекке арнап не дайындадық?
- Ұяны неден дайындадық?
- Ұяны жасау үшін қанша этап бойынша жұмыс жасадық?
- Ұяны қандай тәсілмен дайындадық?
- Ермексазды неше бөлікке бөлдік?
- Есу дегеніміз не?
- Өруді қалай жасадық?
- Ұяға не жасадық?
- Неше балапан жасадық?
- Көкекке ұя ұнайды деп ойлайсыңдар ма?

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балаларға ризашылығын білдіріп:
- Балалар, көкекке арналған ұяны керемет жасадыңдар!
- Көкек көктемде келгенде қатты қуанатын болды.
- Балалар, біз көкекке ұяны балапандарымен қосып, дайындап қойдық, солай ма?
- Тамаша, балалар, бүгінгі шығармашылықтарыңа көп рақмет, сау болыңдар.

Көңілді саяхат

Оқу қызметінің мақсаты
Балаларды 4 санымен және цифрымен таныстыру; заттардың екі жиынтығын салыстыру негізінде 4 санының құрылуымен таныстыру; 1-3 дейінгі сандар мен цифрлар туралы білімдерін, ұғымдарын бекіту; ойлау қабілеттерін дамыту.

Сөздік жұмыс
"4 саны", "4 цифры", "Тиындарды тамақтандыр", "жаңғақ", "станция", "саяхат", "төңкерілген орындық" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер
Шаттық шеңбері, ғажайып сәт, жұмбақ жасыру, дидактикалық ойындар "Тиындарды тамақтандыр", сергіту сәті, дәптермен жұмыс, оқу қызметін пысықтау, рефлексия.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР
Паравоз, станция "Жаттығу", тиындар, жаңғақтар, 1 ден 4-ке дейінгі сандар суреттері, 4 санына байланысты суреттер, себет, "Апта күндері" бейнежазбасы.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР
Бала санына байланысты жұмыс дәптері, саңырауқұлақтар, жаңғақтар суреттері, дидактикалық ойынға байланысты үлестірмелі материалдар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері.
"Ақ тілек"
Педагог балаларды шеңберге жинап, бір-біріне тілек айтуды өтінеді. Балалар бір-біріне тілектер айтады. Жағымды көңіл-күй сыйлайды. Үстелді жағалай отырады.

1.2. Ғажайып сәт.
- Балалар, менімен бірге саяхатқа шыққыларын келеді ме? Иә. Олай болса бәріміз менің соңымнан қатар болып тұрамыз.
- Енді, паровоз болып, саяхатқа кеттік.

Станция "Жаттығу"
- Біраз математикаға байланысты жаттығулар орындап алайық.
- Балалар, өткен оқу қызметтерінде қандай сандармен таныстық?
- 2 санының алдында қандай сан бар? Ал, 3 санының соңында қандай сан бар?
- Ал, 3 санынан кейін қандай сан бар? Иә, дұрыс айтасыңдар, 4 саны.

- Жарайсыңдар!
- Ал, енді паравозға отырамыз. Әрі қарай жолға шығамыз.

Педагог балалардың назарын өзіне аударып:
- Міне, балалар. Екінші станциға келдік.
- Екінші станцияда бізге тиындарды қоректендіру керек.
Дидактикалық ойын: "Тиындарды тамақтандыр"
Педагог тақтаға 3 тиын қойылады (әрбіреуінде 1-3-ке дейінгі цифрлар қойылған)

Педагог баланы тақтаның жанына шақырып, тиынға жаңғақ беруді ұсынады.
- Балалар, тақтада барлығы неше тиын, неше жаңғақ? Барлығы 3 тиын, 3 жаңғақ.
Педагог тақтаға тағы бір тиынды іледі.
- Тақтада неше тиын болды? 4 тиын болды. Дұрыс айтасыңдар!

Балалар педагогпен бірге ауада 4 цифрын жазады.

2.2. Жұмбақ жасыру.
Орындықты төңкердік,
Оны "бестен" кем көрдік.
Ол қай сан?
- Иә, 4 саны.
Педагог балаларға интербелсенді тақтадан сурет көрсетеді.
- Балалар, осы сурет ішінде қандай заттар 4 санына ұқсайды.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Балалар, жарайсыңдар! Тапсырмаларды жақсы орындадыңдар! Саяхатымыз қызықты болды.
- Бүгін біз қай санмен және цифрмен таныстық? 4 санымен және цифрымен таныстық.
- 4 саны неге ұқсайды? 4 саны орындыққа, жалауға ұқсайтынын айтты.

«Желкенді қайық»

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды қағазды қос бүктеу тәсілімен таныстыру; ақ қағазды қос бүктеу арқылы желкенді қайық жасауға үйрету; жапсыруға деген қызығушылықтары мен жағымды қарым-қатынасын қалыптастыру.

Сөздік жұмыс

"Бүктеу", "қос бүктеу", "қайық", "желкенді", "ақ желкен" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Шаттық шеңбері, түсіндіру, көрсету, бүктеу, қос бүктеу, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, тәжірибелік әрекет, шығармашылық әрекет, пысықтау, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, ақ қағаз, қайшы, түрлі-түсті қағаз, желім-қарындаш, тақтайша, майлық, көгілдір түсті картон

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға ақ қағаз, қайшы, түрлі-түсті қағаз, желім-қарындаш, тақтайша, майлық, көгілдір түсті картон

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері

Педагог балалардың назарын өзіне аударып:
- Балалар, бәріміз үлкен әдемі шеңбер жасайықшы?!
- Балалар, көңіл-күйлерің қалай? Балабақшаға таңертең қандай көлікпен келдіңдер?
- Қандай кереметсіңдер, әрқайсың әртүрлі көлікпен келіпсіңдер ғой!
- Балалар, егер көлік болмаса, біз бақшаға жете алмай, әлі жолда келе жатушы едік, солай ма?
- Олай болса, көліктер туралы айтып шаттанайықшы!
- Төрт аяғы дөңгелек (қолдарын сермеп, дөңгелек жасайды),
- Көлік керек адамға (қол білезіктерін айналдырады).
- Зыр еткізіп, дөңгелеп (орындарында тұрып, айналады),
- Жеткізетін қалаға (алақандарын жанына жіберіп жаяды).
- Құстарды озып ұшатын (қолдарын жоғары көтереді),
- Мен зымыран боламын (қолдарымен ирек жасайды).

- Қанат қақпай ұшатын (қолдарын жанына тік ұстайды),
- Мен қайықтай боламын! (қолдарын алдына тік ұстайды)
- Жарайсыңдар, балалар!

1.2. Педагог:

- Балалар, біз бәріміз көлікпен жүргенді жақсы көреміз, солай ма?
- Бірақ көбіне, жер бетінде жүретін көліктерді көп пайдаланамыз.
- Балалар, тағы қандай көлік түрлерін білесіңдер?
- Дұрыс, әуе, жер, су көлік түрлері бар екен.
- Балалар, сендер желкенді қайыққа мініп көрдіңдер ме?

- Балалар, тақтаға қараңдаршы, бұл желкенді қайық, солай ма?
- Балалар, желкен дегеніміз - қайықты суда батырмай ұстап тұратын ақ қалың матаның бірнеше кесегінен тігілген кенеп.
- Балалар, осындай желкенді қайық жасағыларың келе ме?

- Балалар, тақтаға қараңдаршы? Ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Бұл, балалар қағаздан бүктеу тәсілі арқылы жасалған желкенді қайық, жасаймыз ба, қайықты?!
- Олай болса, балалар, өзімізге арнап желкенді қайық жасайық.

1.3. Педагог балалардың назарын тақтаға аударады:

- Балалар, тақтадағы суретке қарайықшы?

- Балалар, біз жасайтын желкенді қайықтың суреті, солай ма?
- Балалар, біз осындай желкенді қайықты жасап үйренуіміз керек!
- Желкенді қайық неден жасалған екен?
- Ақ қағаздан жасалған екен.
- Балалар, енді алдымыздағы заттарымызды тексеріп алайық, бәрің де керекті құралдар түгел ме?
- Олай болса, ақ қағазды қолымызға аламыз, алдымызға ұқыптап қоямыз, бүктеу және қос бүктеу тәсілдері арқылы желкенді қайық жасауға дайындаламыз.
- Енді, балалар, жұмысымызды бастамас бұрын саусақтарымыз бен қолдарымызды біраз қимылдатып алайықшы?!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Сергіту сәті "Қайық"

- Балалар, орнымыздан тұрайық, біраз сергіп алайық!
- Көлде жүзем қайықтай (қолдарын алдына тік ұстап еседі),
- Ақ шағала балықтай (денелерін балық сияқты қозғайды).
- Желмен желкен тербеліп (орындарында тұрып, айналады),
- Қалықтап тұр қорықпай (қол білезіктерін айналдырады).
- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. Тәжірибелік әрекет

- Балалар, енді қолымызға ақ қағазды алып, партаның бетіне көлденең жатқызамыз.
- Енді, балалар, ақ қағаздың екі жақ бұрышын бір-біріне беттестіріп, бүктейміз.

- Балалар, енді тақтаға қараймыз, тақтада желкенді қайықты қалай жасау керектігі көрсетілген.
- Дұрыс бүктеп жатырмыз ба?
- Жарайсыңдар, әдемі бүктедіңдер!
- Балалар, арасында тақтадағы желкенді қайықты қалай жасау тәсілінің суретіне де қарап қойыңдар.
- Балалар, тақтадағы желкенді қайық сендерге дұрыс көрінуі үшін қызыл қағаздан жасалған.
- Енді, балалар, беттестіріп бүктелген қағаздың екі бұрышын тағы да бүктейміз.
- Балалар, қағаздың төменгі жағында артық жолақшаны жоғары бүктейміз.
- Енді оның бұрыштарын ішке қарай бүктеп, жымдастырамыз.
- Балалар, енді қайық бейнесі шығып тұрған қағазды жазып, қайта айналдырып, бүктейміз.
- Төртбұрышты қағаздың бұрыш жақтарын жоғары қарай тағы да бүктейміз.
- Балалар, қолымызда үшбұрыш қағаз пайда болды.
- Енді, балалар, сол үшбұрыштың жоғары жағын ақырын кері тартып, ашамыз.
- Міне, балалар, желкенді қайығымыз дайын болды!
- Тамаша, балалар!

2.3. Шығармашылық әрекет

- Балалар, желкенді қайығымыз дайын болды.
- Енді, желкенді қайыққа жүзу үшін су жасайық.
- Балалар, суды қандай түстен жасасақ болады?
- Көгілдір түстен жасаймыз.
- Ол үшін көгілдір түсті картон қағазды алып, желкенді қайықты соның үстіне орналастырамыз.
- Балалар, суда желкенді қайық құлап кетпес үшін, қайықтың астына желім-қарындаштан жұқалап жағып, картон қағазға қайтадан жапсырамыз.
- Балалар, желкенді қайық суда жүзіп келе жатыр.
- Енді, қайығымыздың желкені бар, тағы не жетіспей тұр?
- Судың айналасына қоңыр түсті қағаздан жер жасаймыз, ал жасыл түсті қағаздан шөптер жасаймыз.
- Балалар, майда қиындыларға желімді қою жақпаймыз, сәл ғана жұқалап жақсаңдар жетеді.
- Міне, балалар, желкенді қайығымыз да жағаға жақындап қалды.
- Кәне, желкенді қайықтарыңды көрсетіңдерші?
- Қандай әдемі желкенді қайықтарың!

2.4. «Тез жауап бер» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балаларды заттардың түстері мен пішіндерін және сапасын дұрыс атай білуге дағдыландыру.

Ойынның шарты: балалар шеңберде тұрады, педагог балаларға допты лақтырады, допты кім қағып алады, сол бала заттың аты мен түсін айтып, допты келесі балаға лақтырады. «Жасыл»- жапырақ, «көк»- аспан, «сары»- күн, «қызыл»- гүл, «ағаш»- отырғыш, «тас»- үй, «темір»- қасық. Балалар ойын ережесін түсінген соң, тапсырманы күрделендіруге болады. Бір сөзбен жауап бермей екі, үш сөзбен жауап беру арқылы балалардың сөздік қорын дамытуға болады.

2.5. Пысықтау сұрақтары

- Балалар, бүгін біз қағаздан не дайындадық?
- Желкенді қайықты неден дайындадық?
- Желкенді қайықты дайындау үшін қандай тәсіл түрлерін пайдаландық?
- Неге желкенді қайықты ақ қағаздан дайындадық?
- Желкенді қайық жүзетін суды қандай түстен алдық?
- Бүктеу дегеніміз не?
- Қос бүктеуді қалай жасадық?
- Немен жасадық?
- Көлдің айналасына не жапсырдық?

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балалардың көңіл-күйін көтеру мақсатында:
- Балалар, желкенді қайықты керемет жасадыңдар!
- Енді желкенді қайықпен ата-аналарыңды алып, суда жүзсеңдер де болады.
- Балалар, үйге барғанда ата-аналарың мен бауырларыңа желкенді қайықты қалай жасау керектігін үйретсеңдер, олар да қуанып жүреді.
- Тамаша, балалар, бүгінгі шығармашылықтарыңа көп рақмет, сау болыңдар.

«Томпақ аю »

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды дайын үлгідегі аюды қағаздан конус жасап, жапсыруға үйрету; конусты жасау тәсілдерімен таныстыру; аюды жапсыруға деген қызығушылықтарын ояту.

Сөздік жұмыс

"Конус", "үшбұрыштау", "орау", "қию", "жапсыру", "теңестіру"сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Релаксация, түсіндіру, көрсету, бүктеу, орау, теңестіру, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, тәжірибелік әрекет, шығармашылық әрекет, пысықтау, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, аюдың дайын бейнесі, қайшы, қоңыр түсті қалың қағаз, желім-қарындаш, тақтайша, қарындаш, майлық, жабайы аңдар ойыншықтары

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға аюдың дайын бейнесі, қайшы, қоңыр түсті қалың қағаз, желім-қарындаш, тақтайша, қарындаш, майлық

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Релаксация

Педагог балалардың назарын өзіне аударып:
- Балалар, бәріміз үлкен әдемі шеңбер жасайықшы?!
- Балалар, көңіл-күйлерің қалай, көңілдісіңдер ғой? Ғажайыптар әлемінде болғыларың келе ме?
- Олай болса, өзімізді ғажайыптар әлемінде жүргендей сезініп, аю болып жүрейікші!

- Қонжықтардай қорбаңдап жүреміз (қолдарын иіп жанына жібереді),
- Асықпай, аяқты жәй басып (орындарында тұрып, маймаңдайды).
- Аюларша маймаңдап келеміз (шеңбер бойымен маймаңдап жүреді),
- Бөшкемізге бал жинап, тасып (оң қолдарын бөшке ұстағандай иеді).
- Томпаңдап жүріп, біздер келеміз (қолдарымен денелерін томпайтып көрсетеді),
- Орманнан жаңғақ көп тереміз (жерге еңкейеді).

- Теңселеміз оңға бір, солға бір (орындарында тұрып, екі жаққа теңселеді),
- Жан-жаққа қарап біз келеміз (бастарын оң және сол жаққа бұрады)
- Жарайсыңдар, балалар!

1.2. Педагог:

- Балалар, бізде уақыт көп болса, ғажайыптар әлемінде жүре бергіміз келеді, солай ма?
- Бүгін біз тамаша аю болып биледік.
- Олай болса, бүгін біз қағаздан аю бейнесін жасасақ, қалай қарайсыңдар?
- Балалар, аю бейнесін бүгін басқаша жасаймыз.
- Сондықтан аю бейнесін жасай береміз бе деп ашулана бермеңдер, жарай ма?
- Қазір ғажайып аю бейнесін жасағанда өздерің таңғалатын боласыңдар!
- Жарайсыңдар, олай болса, тобымызға арнап көп аю жасаймыз.
- Балалар, енді аюды қалай жасаймыз?
- Алдарыңда қоңыр қалың қағаз жатыр, солай ма?

- Балалар, тақтаға қараңдаршы? Ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Бұл, балалар, конус деп аталады, қайталаймыз бәріміз!
- Олай болса, балалар, алдымен конус жасап алайық.

1.3. Педагог балалардың назарын тақтаға аударады:

- Балалар, тақтадағы суретке қарайықшы?

- Балалар, ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Балалар, бейнебаянға мұқият қарап алайық, біз конусты жасап үйренуіміз керек!
- Конус неден жасалған екен?
- Қағаздан жасалған екен.
- Балалар, енді алдымыздағы заттарымызды тексеріп алайық, бәрің де керекті құралдар түгел ме?
- Олай болса, қалың қоңыр түсті қағазды аламыз, алдымызға көлденең қоямыз.
- Тақтаға қараңдаршы, балалар, қағазымыз қалай орналасуы керек?
- Балалар, алдымен конус жасамас бұрын қолымыздағы қағазды қатты майыстырмай, ақырын орап үйренейікші?!
- Енді, дұрыс болды, балалар, қолымызды біраз жаттықтырып алдық.
- Енді, жұмысымызды әрі қарай жалғастырмас бұрын саусақтарымыз бен қолдарымызды біраз қимылдатып алайықшы?!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Сергіту сәті "Томпақ аю"

- Балалар, орындарымыздан тұрып, біраз сергіп алайық!
- Томпаңдайсың, талмайсың (қолдарымен денесін томпайтып көрсетеді),
- Менен сірә, қалмайсың (қолдарымен сес көрсетеді).
- Екі жаққа теңселіп (орындарында тұрып, теңселеді),
- Маймаңдауды қоймайсың! (маймақ жүріспен жүреді)

- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. Тәжірибелік әрекет

- Балалар, қағазды орамас бұрын желім-қарындашымыздың қақпағын ашып, дайындап қояйық.
- Енді қолымызға қағазды алып, менімен бірге бір бұрышынан бастап ораймыз.
- Ол үшін, балалар, конустың ұшы үшкір болуына мұқият қараңдар!
- Қағазды қолымызбен орадық, енді орау қағазы бітейін дегенде қолымызға желім-қарындашты алып, сол жерге ұқыптап желім жағамыз және қағаздың үстінен басып, жабысуын қадағалаймыз.
- Конусымыз пайда болды, енді қолымызға қайшы алып, конустағы қағаздың артығын мұқият қиямыз.
- Дұрыс қиып жатырсыңдар, бар ынтамыз қолымыздағы қайшы мен қағазда болады.
- Жарайсыңдар, конустарың әдемі болды!
- Балалар, арасында бейнебаянға да қарап қойыңдар.

- Енді, балалар, екінші қоңыр қағазды аламыз.
- Балалар, қағаздың түссіз жағына конусты қойып, қарындашпен айналдыра белгілеп аламыз.
- Енді конустың астыңғы жағына желім жағып, өздерің белгілеген жапсырамыз.
- Балалар, конус сәл жабыссын, қолдарыңды қимылдатып алуларыңа болады.
- Енді қолымызға қайшыны алып, конустың астыңғы айналасын ұқыптап қиямыз.
- Балалар, сендер ересек болдыңдар, сондықтан әдемі қиюға тырысамыз.
- Конусқа жабысатын жердегі қағазды ұқыптап қиямыз, енді қолымызға желім-қарындашты алып, сол жерге ұқыптап жағып, жапсырамыз.
- Жарайсыңдар, конустар дайын болды!
- Енді, балалар, бізге не дайындау керек?
- Осы конусқа аюдың бейнесін жапсыру керек.
- Ол үшін конусымызды әрірек қоямыз, енді қолымызға аюдың бейнесін аламыз.

2.3. Шығармашылық әрекет

- Балалар, конусымыз дайын, енді аюдың бейнесін әдемілеп жапсыруымыз керек.
- Енді, біз аю бейнесін конусқа қалай жапсырамыз?
- Дайындаған конусызды қолымызға аламыз.

- Балалар, аюды конусқа жапсыру үшін тақтадағы суретке қараймыз.
- Мына суреттегі аюлар сияқты әдемі жапсыруымыз керек.
- Балалар, тақтадағы суретке және менің көрсетіп жатқан жапсыру тәсіліме мұқият қарап алыңдар. Конусқа аю бейнесін жапсырғанда бірден жабысуына көңіл бөлеміз.
- Енді, аюдың бейнесін сол қолымызға ұстап, оң қолымызбен аю бейнесінің жабысатын жағына желім жағамыз.
- Оң қолымызға конусты ұстап, сол қолымызбен аюдың бейнесін конусқа жапсырамыз.

- Балалар, енді аю бейнесі конусқа жабысқанша күтеміз.
- Міне, балалар, конустағы аюымыз да дайын болды.
- Кәне, аюларыңды жоғары көтеріп, көрсетіңдерші?
- Қандай әдемі аю пайда болды!

2.4. «Ненің төлі жоқ?» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балаларды жабайы аңдарды ажырата білуге және олардың төлдерін атай білуге үйрету; жабайы аңдарға қамқор бола білуге тәрбиелеу.
Ойынның ережесі: жабайы аңдар ойыншықтары үстел үстінде тұрады. Балалар ойыншықтарды мұқият қарап алады.Педагогтің белгісі бойынша көздерін жұмады, сол кезде педагог жабайы бір аңның төлін тығып тастайды. Педагог ненің төлі жоқ деп сұрайды? Балалар жауап беру керек. Ойын бірнеше рет жалғастырылады.

2.5. Пысықтау сұрақтары

- Балалар, бүгін біз ненің бейнесін жасадық?
- Аюдың бейнесін неден дайындадық?
- Аюдың бейнесін жапсыру үшін қандай пішін дайындадық?
- Ол пішінді қандай тәсілмен дайындадық?
- Аюдың бейнесін конусқа қалай жапсырдық?
- Конус дегеніміз не?
- Конусты қалай жасадық?
- Немен жасадық?
- Конус қалай пайда болды?

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балаларға:
- Балалар, біз әлі ғажайыптар әлемінде отырмыз ғой!
- Жасаған аюымызға ойыншықтар қатты қуанатын болды.
- Балалар, конус дегеніміз не?
- Конустан не пайда болды?
- Керемет, балалар, бүгінгі шығармашылықтарыңа көп рақмет, са

Алан мен Дана қонақта.

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды 5 санының жасалуымен және 5 цифрымен таныстыру; цифрларды суреттермен сәйкестендіру; 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту; ойлау қабілеттерін жетілдіру.

Сөздік жұмыс

"Сәйкестендірдім", "5 саны", "5 цифры", "Ілмек", "Марғаулар" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Шаттық шеңбері, ғажайып сәт, әңгімелесу, "Марғауларды жоғалтып алдық", "Сәйкестендір" дидактикалық ойындары, сергіту сәті, дәптермен жұмыс, оқу қызметін пысықтау, "Жүректен жүрекке" шеңбері.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Кейіпкерлер: Алан мен Дана, конструкторлар, 4,5 сандары, ілмек суреттері.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына байланысты жұмыс дәптері, дидактикалық ойындарда қолданылатын үлестірмелі материалдар, қызыл түсті жұлдызшалар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері.

"Біз әдепті баламыз"
Әдеп сақтап аманда,
Әрбір адал адамға.
Жасасаң бір қамқорлық,
Қайтарады саған да.

1.2. Ғажайып сәт.

Педагог балаларға топқа Алан мен Дана келгенін айтады.
- Балалар, тобымызға қонаққа келген Алан және Данамен амандасайық.
- Олар бізбен бірге оқу қызметіне қатысқысы келеді екен. Келісеміз бе балалар?
Балалар қуана келіседі.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Әңгімелесу.
Педагог конструктор текшелерін тұрғызады, бір мұнара бір текшеге қарағанда төмен.

- Қараңдаршы, неше мұнара көріп тұрсыңдар? Екі мұнара. Бұл Аланның мұнарасы. Ал бұл, Дананың мұнарасы.
- Кімнің мұнарасы кіші? Дананың мұнарасы кіші.
- Кімнің мұнарасы биік? Аланның мұнарасы биік.
- Кімнің құрылысына текше аз кетті? Дананың құрылысына аз кетті.
- Аласа мұнара неше текшеден тұрады? 4 текшеден тұрады, 4 санын көрсетеді.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Бүгін бізге қонаққа кімдер келді? Алан мен Дана келді.
- Біз бүгін қандай санмен және цифрмен таныстық? 5 саны және цифрымен таныстық.
- Балалар, Алан мен Дана сендерді бүгінгі оқу қызметіне белсене қатысқандарынды, ақылды балалар екендерінді айтты.
- Жарайсыңдар!
- Оқу қызметіне белсене қатысқандарын үшін сендерге жұлдызшалар беремін.

Аю циркте қандай өнер көрсетеді.

Оқу қызметінің мақсаты
Балалармен 1-5-ке дейінгі сандарды қайталау; цилиндр және оның қасиеттерімен таныстыру; қоршаған ортадан цилиндр пішінді заттарды көре білуге үйрету; реттік санау, теңдіктерден теңсіздіктер жасай алу дағдыларын нақтылау.

Сөздік жұмыс
"Геометриялық дене", "Шар", "Текше", "Цилиндр" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер
Шаттық шеңбері, ғажайып сәт, дидактикалық ойындар "Не артық?", "Ұқсас затты тап", "Көршілер", сергіту сәті, үлестірмелі материалдармен жұмыс, оқу қызметін

пысықтау, кейіпкермен қоштасу, рефлексия.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Кейіпкер: Аю, цирк аюының суреті, цилиндрлер, цилиндр пішінді заттар, екі жолағы бар карточкалар, геометриялық денелер, төрт аю, төрт цилиндр суреттері.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына байланысты екі жолағы бар карточкалар, 4 цилиндр, 4 аю суреті, цилиндр, текше, шар денелері, 1,2,3,4,5 сандары.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері.

"Қоңырау"
Қоңырау біздің сиқырлы,
Сыңғырлап тағы ән салды.
Шақырды түріп ұйқыңды,
Шеңберге тұр, - деп баршаңды!
Шеңберге тұрып, бәрі бірге айтады.

1.2. Ғажайып сәт.

Педагог балаларға қонаққа Аю келгенін хабарлайды.
- Балалар, қонаққа келген Аюмен амандасып алайық. Сәлеметсің бе! Аюды қуана қарсы алады, қызығушылық білдіреді.
- Аю циркте өнер көрсетеді екен. Бір күні аюдың табанына кішкене бөрен ілінді. Оған бөренемен ойнаған ұнады. Ол бөренемен циркте қандай өнер көрсетуі мүмкін?
Балалардың жауаптары.
- Иә, балалар. Ол бөренені айналдырады, артқы аяғымен бөренемен жүреді екен.

2.3. Сергіту сәті.

Орнымыздан тұрайық,
Қолды белге қояйық.
Бұрыламыз оңға бір,
Бұрыламыз солға бір,
1,2,3 демімізді алайық.

2.4. Үлестірмелі материалдармен жұмыс.

Екі жолақты карточкалар ұсынады.
Мысалы, мынандай тапсырмалар ұсынылады:
Жоғарғы жолаққа 3 аю, астыңғы жолаққа 4 цилиндр қойып, қайсысы кем, неге, толық жауап беруді айтады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Бүгін не туралы айттық? Цилиндрмен таныстық.
- Цилиндр дегеніміз не? Қандай геометриялық дене? Бұрыштары жоқ, бөренеге ұқсас геометриялық дене.
- Қандай ойындар ойнадық? "Не артық?", "Көршілер" ойындарын ойнадық

Менің, отаным

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды түрлі-түсті қарындаштарды пайдаланып, коллаж бояуға үйрету; Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыру; командамен жұмыс жасауға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

"Менің Отаным", "коллаж", "команда", "бояу"сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Релаксация, түсіндіру, көрсету, бояу, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, тәжірибелік әрекет, шығармашылық әрекет, пысықтау, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, суреттің бояусыз дайын бейнесі, түрлі-түсті қарындаштар, өшіргіш, ұштағыш

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға түрлі-түсті қарындаштар, өшіргіш, ұштағыш

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Релаксация

Педагог балалардың назарын өзіне аударып:
- Балалар, бәріміз үлкен әдемі шеңбер жасайықшы?!
- Балалар, біздің мемлекетіміз қалай аталады?
- Қазақстан Республикасы деп аталады!

- Балалар, мына суретке қараңдаршы, біздің өлкеміздің табиғаты қандай керемет!
- Олай болса, мемлекетіміздің тәуелсіздігіне арнап, ризашылығымызды бідірейікші!
- Тәуелсіздік күні көкте (қолдарын жоғары көтереді).
- Күлімдейді нұрын шашып (алақандарын жанына жіберіп жаяды).
- Жайна мәңгі, өрлеп көкке (орындарында тұрып, айналады),
- Есігіңді айқара ашып! (қолдарын жоғары көтереді)
- Енді, балалар, қазір ойналатын музыка әуенімен шеңбер бойымен жүре отырып, қуанышты көңіл-күйімізді білдірейік!

- Жарайсыңдар, балалар!

1.2. Педагог:

- Балалар, біз өз мемлекетіміз үшін мақтанамыз, солай ма?
- Бүгін біз өз мемлекетімізді тәуелсіздігімен құттықтап, би биледік.
- Олай болса, балалар, бүгін біз өз мемлекетімізге арнап, коллаж жасасақ, қалай қарайсыңдар?
- Балалар, коллаж дегеніміз не?
- Коллаж - бірнеше адамдардың бірлесе отырып, бір үлкен шығарманы дайындауы.
- Коллажды балалар, көбіне жапсыру тәсілдері арқылы орындайды.
- Бірақ, біз алғаш рет жасағалы отырғандықтан, коллажды түрлі-түсті қарындаштармен жасаймыз.
- Балалар, енді коллажды қалай жасаймыз?
- Алдымен тақтаға назар аударайық.
- Балалар, ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Бұл, балалар, өздерің сияқты балалардың жасаған коллажы.
- Балалар, біз бүгін осындай коллажды бәріміз біріге отырып, жасауымыз керек.

1.3. Педагог балалардың назарын тақтаға аударады:

- Балалар, тақтадағы суретке қарайықшы?

- Балалар, ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Балалар, мына суретке мұқият қарап алайық, біз осы суреттің боялмаған түрін бояп, жасауымыз керек.
- Тақтада қандай сурет көріп тұрсыңдар, сол суреттегі бояу түрлерін пайдаланамыз.
- Балалар, енді алдымыздағы заттарымызды тексеріп алайық, бәрің де керекті құралдар түгел ме?
- Олай болса, коллаждың төрт бөлігіне төрт команда келеді.
- Тақтаға қараңдаршы, балалар, коллаж қағазымыз қалай орналасуы керек?
- Балалар, коллажға әркім өз бояуларымен келеді.
- Енді, дұрыс болды, балалар.

- Енді, жұмысымызды әрі қарай жалғастырмас бұрын саусақтарымыз бен қолдарымызды біраз қимылдатып алайықшы?! "

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Сергіту сәті "Отаным"

- Балалар, орнымыздан тұрайық, біраз сергіп алайық!
- Оттан ыстық Отаным (қолдарын жоғары көтереді),
- Биік сенің мәңгі атың! (қолдарын жүрек тұстарына қояды).
- Отаным деп мақтанам (қолдарын жоғары көтереді),
- Асыр салып шаттанам! (орындарында тұрып айналады)
- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. Тәжірибелік әрекет

- Балалар, коллажда қандай бейнелерді көріп тұрсыңдар?
- Иә, коллаждың ортасында еліміздің Елтаңбасы мен Туы және Бәйтеректің суреті бар екен.
- Бұл жерге балалар, бір команда екіге бөлініп, екі жақтан келіп, бояуға кіріседі.
- Келесі команда коллаждың сол жағындағы төменгі бөлікке келеді, ол жерде атты құсбегінің, қыранның және иттің суретін бояйсыңдар.
- Келесі команда коллаждың сол жақ бөлігінің жоғары жағына келесіңдер, ол жерде таудың бөктері, киіз үй, қазан-ошақ бар, сол жерді бояйсыңдар.
- Енді, келесі команда коллаждың оң жақ бөлігіне келесіңдер. Ол жерде Ақорданың бейнесі бар, соны ұқыптап бояйсыңдар.
- Балалар, арасында тақтадағы коллажға да қарап қойыңдар.

- Енді, балалар, жұмыс басталды.
- Балалар, бір-бірімізге кедергі жасамай, әдемі, әрі ұқыпты бояймыз.
- Мен барлық командалардың жұмысын қадағалап отырамын.
- Балалар, тақтадан қандай бояумен бояу керектігін қарап алуларыңа болады.
- Балалар, сендер ересек болдыңдар, сондықтан әдемі бояуға тырысамыз.
- Бірінші команданың жұмысы жақсы боялып жатыр.
- Екінші команда да жарайсыңдар, жұмыстарың тамаша болып келе жатыр!
- Енді, үшінші команда не істеп жатыр екен? Жақсы.
- Ал, төртінші команда ше? Жарайсыңдар!
- Балалар, жұмыстарың жақсы боялып жатыр.

2.3. Шығармашылық әрекет

- Балалар, жұмысымыз дайын болып қалды.
- Енді, әр команда боялмай қалған жерлер жоқ па, ұқыптап тексеріп отырамыз.

- Балалар, тағы да тақтадағы коллажға қараймыз.
- Коллаждағы әрбір боялатын бөлік пен бөлшекті мұқият қадағалауымыз керек.
- Балалар, тақтадағы коллажға және өздерің бояп жатқан коллажға мұқият қарап алыңдар.
- Екі коллажды салыстырамыз.

- Ештеңе боялмай қалып қойған жоқ па?
- Әр команда өздерің бояған жерді тақтадағы коллажбен мұқият салыстырып, тексереміз.
- Балалар, бәрі дұрыс па, тексеріп болдыңдар ма?
- Міне, балалар, коллажымыз да дайын болды.
- Кәне, төрт команда төрт жағынан ұстап, жоғары көтеріп, көрсетіңдерші?
- Қандай әдемі коллаж болды!

2.4. "Қай қолымда көп?" дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балаларды заттың екі жиынтығын салыстыра білуге үйрету; көз мөлшерін дамыту және ұқыптылыққа тәрбиелеу.
Ойынға қажетті құралдар: ұсақ заттар
Ойынның барысы: балалар екі командаға бөлінеді, оның әрқайсысы алма кезек педагогтің үстеліне өз топ басшысын жібереді. Үстел басына келген бала қолын артына ұстайды. Алдымен педагог, одан соң балалардың бірі оның қолына кубик, түйме, шарик секілді әртүрлі ұсақ заттарды ұстатады, бірақ, ұсақ заттар, олар бір қолда көп, екіншісінде аз болуы тиіс. Бала алдымен көз мөлшерімен заттың қай қолында көп екенін анықтауы, одан кейін заттарды бірінің артына бірін қойып, қайсысының қатарында көп, қай қатарда аз екенін салыстыруы тиіс.
Педагог екі қатардағы заттардың санын теңестіру үшін не істеу керектігін айтуы (екі тәсілмен орындалатынын) керек.

2.5. Пысықтау сұрақтары

- Балалар, бүгін біз нені боядық?
- Коллажды неден дайындадық?
- Коллаж дегеніміз не?
- Қанша командамен жұмыс жасадыңдар?
- Ненің бейнесін боядыңдар?
- Коллажды не үшін дайындадық?
- Коллаж қалай аталды?
- Коллажбен жұмыс жасаған ұнады ма?
- Қандай әсер алдыңдар?

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балалардың көңіл-күйін көтеру мақсатында:
- Балалар, ""Менің Отаным"" тақырыбындағы коллажды керемет жасадыңдар!
- Өз мемлекетімізді қалай жақсы көретіндеріңді коллаж арқылы көрсеттіңдер, жарайсыңдар!
- Балалар, енді бұл коллаж сендердің тамаша еңбектеріңнің бірі ретінде тобымызда ілулі тұрады.
- Тамаша, балалар, бүгінгі шығармашылықтарыңа көп рақмет, сау болыңдар.

Еркежан әже қонаққа келді.

Оқу қызметінің мақсаты
Балаларды заттарды бірінің үстіне бірін қою, жұптастыру арқылы салыстыру, тәсілдерін меңгерту; "жоғарыда -төменде", "біреу - көп" ұғымдарын бекіту; әр түрлі белгілері бойынша заттарды топтастыру; логикалық ойлауларын дамыту.

Сөздік жұмыс
"Артық - кем", "қанша болса сонша", "тең", "жоғарыда - төменде", "оң - сол жақта" "бірдей" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер
Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, әңгімелеу, "Заттарды топта", "Жеміс жинау", "Жоғарыда-төменде" дидактикалық ойындары, сергіту сәті, кейіпкермен қоштасу, оқу қызметін пысықтау, рефлексия.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР
Кейіпкер: Еркежан әже, көкөністер мен жемістер, себет, көк аспан, жасыл шалғын, өзен суреттері.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР
Бала санына байланысты дидактикалық ойында қолданылатын алмалар мен сәбіздер, рефлексияда қолданылатын қызыл және жасыл алмалар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Аудиожазбаны тыңдау.
Ғажайыптар әлемін білдіретін әуенжазбасы қосылады

- Балалар, Еркежан әже біздің тобымызға қонаққа келіп қалыпты.
- Қане, әжемен амандасайықшы. Сәлеметсізбе!

1.2. Әңгімелеу.

- Балалар, Еркежан әже базарға барып, жемістер мен көкөністер әкеліпті. Бірақ олардың бәрі араласып кетіпті.
Педагог балаларға әжеге көкөністер мен жемістерді ажыратып беруді ұсынады. Балалар қуана келіседі.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Дидактикалық ойын: "Заттарды топта"

Педагог интербелсенді тақтадан немесе тақтаға жемістер мен көкөністерді араластырып қойып, балалардан олардың аттарын атап, ажыратуды сұрайды. Балалар жемістер мен көкөністерді ажыратады

- Иә, алма, апельсин, анар, банан, лимон жемістерге, ал сәбіз, қызанақ, картоп, қияр, пияз көкөністерге жатады.
- Балалар, жемістер қайда өседі? Ағаштың басында өседі.
- Ал, көкөністер ше? Бақшада, жерде өседі. Иә, дұрыс айтасыңдар.
Педагог екі баланы шақырып, тақтаға оң қолымен солдан оңға қарай төрт жемісті жоғары, бес көкөністі төменге орналастыруды сұрайды. Балалар тапсырманы орындайды. Оң қолымен солдан оңға қарай төрт жемісті жоғары, бес көкөністі төменге орналастырады.
- Не артық, жемістер ме көкөністер ме? Көкөністер артық екенін айтады.
- Оны қалай білуге болады? Көкөніс пен жемістерді беттестіреді.
- Жемістер мен көкөністер тең болу үшін не істеу керек? Тағы бір жемісті қосу керек екенін айтады.
- Енді жемістер мен көкөністер қанша болды? Тең болды.
- Жемістер қанша? Көкөніс қанша болса сонша.
- Тамаша! Жарайсыңдар!

Себетке үш алма, екі сәбіз салады, санап, жемістер көкөністерден артық екенін айтады.
- Жақсы, жарайсыңдар балалар! Енді, біраз сергіп алайық.

2.3. Сергіту сәті.

Оңға, оңға түзу тұр,
Солға, солға түзу тұр.
Алға қарай бір адым,
Артқа қарай бір адым.

Жоғары - төмен қарайық,
Орнымызды табайық.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Кейіпкермен қоштасу.
- Балалар, жарайсыңдар! Еркежан әженің тапсырмаларын өте жақсы орындап шықтыңдар!
- Еркежан әже сендерге сонымен қатар тәттілер де алып келіпті.
- Қазір оқу қызметінің соңында сендерге үлестіріп беремін. Қане, әжемен қоштасайық.
Балалар кейіпкермен қоштасады.
- Балалар, бүгінгі оқу қызметінде біз не істедік? Балалардың жауаптары.
Педагог балалардың жауаптарын талдайды

Үш бұрыш пен дөңгелек бір үйде тұрады.

Оқу қызметінің мақсаты
Балаларды геометриалық пішіндер (дөңгелек, үшбұрыш) жайлы балалардың білім деңгейін анықтау; "бір" және "көп" деген ұғымдарды ажырату дағдыларын дамыту; тапсырмаларды дұрыс орындауға, пішіндерді бір-бірімен салыстыруға, қорытынды жасауға ынталандыру.

Сөздік жұмыс
"Бөлік", "Бөлшек", "Қабырға", "Бұрыш" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер
Шаттық шеңбері, әңгімелеу, дидактикалық ойындар "Біреу және көп", "Көршілер", бейнежазбану көрсету, сергіту сәті, оқу қызметін пысықтау, "Жүректен жүрекке" шеңбері.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР
Үйшік суреті, үшбұрыш және дөңгелек, "Дөңгелек дөңгелейді", "Сергіту сәті" бейнежазбасы.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына байланысты "Біреу және көп" дидактикалық ойынына байланысты үлестірмелі суреттер, 1,2,3,4,5 сандары, үшбұрыш, дөңгелек, текше, цилиндр суреттері.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері.

"Қоңырау"
Қоңырау біздің сиқырлы,
Сыңғырлап тағы ән салды.
Шақырды түріп ұйқыңды,
Шеңберге тұр, - деп баршаңды!

Шеңберге тұрып, бәрі бірге айтады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. - Балалар, қызық ертегі тыңдағыларын келеді ме? Балалар қызығушылық танытады.
Әңгімелеу.
- Балалар, қазір сендерге "Үйшік" ертегісін айтып беремін. Бұл-ерекше ертегі

Жазық далада орналасқан үйшік. Ол аласа да, қысқа, биік те емес. Ерекше бір үйшік. Үйшікке бір үшбұрыш келеді. Қақпаның жабық екенін көреді де, "Ей, құлып, ашыл жылдам!" дейді.

- Міне, үшбұрыш үйшікке кіргісі келеді екен.
- Балалар, қалай ойлайсыңдар? Егер де үшбұрыш сөйлей алған болса өзі жайлы не айтар еді? "Менің үш қабырғам, үш бұрышым бар, менің түсім қызыл"- деп айтар еді.
- Үшбұрыш үйшікке кіргісі келеді, бірақ сиқырлы дауыс оған: "Балалармен ойна, сонда кіргіземін",-деді.

Педагог балаларға суреттер таратады. Балалар суреттердің арасынан бір және көп заттар бейнеленген суреттерді табады. Педагог балалардың жұмыстарына талдау жүргізеді.
Мысалы:
- Амира, мына суретте не бейнеленген екен? Иә, бұл суреттің бір жағында бір кірпі, ал екінші жағында бес кірпі бейнеленген екен.
- Қайсы көп? Иә, бес кірпі көп. Дұрыс айтасың. Жарайсың!

- Балалар, үйшікте қандай пішіндер тұрады? Үйшікте үшбұрыш пен дөңгелек тұрады.
- Үшбұрыш пен дөңгелектің қандай айырмашылығы бар екен? Үшбұрыштың үш бұрышы бар, өткір бұрыштары бар. Дөңгелек домалақ, бұрыштары жоқ.
- Жарайсыңдар! Жақсы, балалар.

"Жүректен жүрекке" шеңбері
"Жақсылыққа құмармыз"
Жақсылыққа құмармыз,
Жақсы адам боп шығамыз.
Таза сәби жүректен,
Қабылдаңыз мың алғыс!

Уақыт түсінігі.

Оқу қызметінің мақсаты
Балаларды уақыттың бөліктері туралы (таңертең, күндіз, кеш, түн) түсінік беру; тәулік бөліктерінің атауын; табиғат құбылыстарымен байланыстыруға үйрету; аптадағы күндердің атауын жаттау; балалардың бойында уақыт туралы түсінік қалыптастыруды жалғастыру.

Сөздік жұмыс
"Таңертең", "Күндіз", "Кеш", "Түн", "Кеше", "Бүгін" сөздерін пайалану.

Әдіс-тәсілдер
Шаттық шеңбері, жұмбақ жасыру, дидактикалық ойындар "Жалғастыр", "Өз орнына қой", сұрақ-жаттығу ойыны, сергіту сәті, "Апта күндері" тапсырма жаттығуы, оқу қызметін пысықтау, "Жүректен жүрекке" шеңбері.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР
Жыл мезгілдеріне байланысты суреттер, доп, "Көңіл-күй" бейнежазбасы, "Апта күндері" тапсырма жаттығуына байланысты сурет.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР
Бала санына байланысты ұйықтап жатқан, қол жуған, тамақ ішкен, теледидар көрген бала суреттері, әртүрлі түсті дөңгелектер, тәулік бөліктеріне қатысты әртүрлі іс-әрекеттер көрсетілген суреттер.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Педагог балаларды шаттық шеңберіне шақырады.
Шаттық шеңбері.
Күнім күліп арайлы,
Тереземнен қарайды.
Достарыммен шеңберге,
Тұрғанымды қалайд

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Балалар, бүгін не туралы айттық? Кеше, бүгін, таңертең, күндіз, кешке, түн ұғымдарымен таныстық.
- Кеше, бүгін, таңертең, күндіз, кешке, түн ұғымдарын бір сөзбен қалай айтамыз? Тәулік бөліктері деп айтамыз.
- Балалар, сендер тапсырмаларды жақсы орындап шықтыңдар!
- Жарайсыңдар!

"Жүректен жүрекке" шеңбері

"Өзімді-өзім сақтаймын".
Кәнеки, шеңберге тұрып, бір-бірімізге, туыстарымызға және жер бетіндегі барлық адамдарға шын жүректен зор денсаулық тілейік.
Өзімді-өзім жақтаймын,
Денсаулықты сақтаймын.
Жүректен жылы соншама,
Тілейміз саулық баршаға!

Шеңберге тұрып, бәрі бірге айтады

«Әдемі Пима »

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды дайын үлгідегі пиманы әшекейлеуге үйрету; бүктеу тәсілі арқылы әшекейлеу түрлерімен таныстыру; әдемі пиманы жапсыруға деген қызығушылықтарын арттыру.

Сөздік жұмыс

"Пима", "жылы", "әдемі", "әшекейлеу", "жапсыру" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Психологиялық ахуал, түсіндіру, көрсету, бүктеу, әшекейлеу, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, тәжірибелік әрекет, шығармашылық әрекет, пысықтау, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, пиманың дайын бейнесі, қайшы, түрлі-түсті қағаз, желім-қарындаш, тақтайша, қарындаш, майлық, әртүрлі мимикадағы балалардың суреттері

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға пиманың дайын бейнесі, қайшы, түрлі-түсті қағаз, желім-қарындаш, тақтайша, қарындаш, майлық

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Психологиялық ахуал

– Балалар, Жаңа жыл алдындағы көңіл-күйіміз жақсы, солай ма? Айналамызда көңіл-күйі көтеріңкі, жақсы адамдардың болғанын бәріміз ұнатамыз. Ендеше қол ұстасып, бір-бірімізге Жаңа жыл алдында жақсы көңіл-күй мен саулық тілейік!
- Кел, балалар, күлейік!
- Күлкіменен түлейік!
- Күлкі- көңіл ажары !
- Күліп өмір сүрейік!
- Жаңа жылда жаңарып,
- Жаңа сыйлық алайық!
- Күлкіменен халайық,
- Көңіл ашып алайық!
- Жарайсыңдар, балалар!

1.2. Педагог:

- Балалар, Жаңа жыл жақындап қалды, солай ма?
- Олай болса, балалар, сендер Жаңа жылда кімге қандай сыйлық беретіндерің жөнінде ойландыңдар ма?
- Балалар, бәріміз бірігіп, Жаңа жылға арналған сыйлық жасасақ, қалай қарайсыңдар?
- Содан кейін сол сыйлықтарыңды үйге апарып бересіңдер, үйде сыйлықтарың кімге ұнайды, сол адамға сыйға бересіңдер, жарай ма?
- Балалар, қазір қыс айында қандай сыйлық жасасақ болады?
- Жарайсыңдар, олай болса, бәріміз әдемі пима жасаймыз.
- Балалар, енді пиманы қалай жасаймыз?
- Пиманың не екенін білесіңдер ме?

- Балалар, тақтаға қараңдаршы? Ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Бұл, балалар, пима, қайталаймыз бәріміз!
- Олай болса, балалар, осындай әдемі пиманы әшекейлеуіміз керек.

1.3. Педагог балалардың назарын тақтаға аударады:

- Балалар, тақтадағы суретке қарайықшы?

- Балалар, ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Балалар, бұл әшекейленбеген пима.
- Балалар, пима неден жасалған екен?
- Пима жүннен жасалған екен.
- Балалар, жүннен жасалған пима аяққа өте жылы болады.
- Балалар, енді алдымыздағы заттарымызды тексеріп алайық, бәрің де керекті құралдар түгел ме?

- Олай болса, балалар, бәріңнің алдында пиманың осындай үлгісі бар.

- Тақтаға қараңдаршы, балалар, пималар әсем әшекейленген, солай ма?
- Балалар, алдарыңда түрлі-түсті қағаздар бар, пиманы әшекейлеу үшін алдымен

қандай пішіндер дайындасақ болады, соларды дайындап үйренейікші?!
- Балалар, пиманы қандай пішіндермен әшекейлейміз?
- Әдемі қар пішіндерімен әшекейлегілерің келе ме?
- Олай болса, жұмысымызды әрі қарай жалғастырмас бұрын денеміз бен қолдарымызды біраз қимылдатып алайықшы?!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Сергіту сәті "Пима"

- Балалар, орындарымыздан тұрып, біраз сергіп алайық!
- Әшекейлеп пиманы (қол білезіктерін айналдырады),
- Киіп алдым аяққа (аяқтарын көрсетеді).
- Мұндай жылы пиманы (орындарында тұрып айналады),
- Тек киеді аяққа! (аяқтарын өкшеге қояды)
- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. Тәжірибелік әрекет

- Балалар, алдымыздағы қағаздан көгілдір түсті қағазды алып, ортасынан екі бөлікке бөлеміз.
- Енді бір бөлігін қолымызға алып, екі қарама-қарсы бұрышын бір-біріне қосып, бүктейміз.
- Енді, балалар, бүктелген қағаздан артығын қиып тастаймыз.
- Қолымыздағы қағазды тағы да бүктейміз, енді қолымызға қайшыны алып, бұрышынан сол қолымызбен ұстап, оң қолымызға қайшыны алып, өзімізге ұнайтын қар пішіндерін қиямыз.
- Міне, әдемі қарымыз да пайда болды, енді тағы да осындай тәсілмен көгілдір түсті қағаздың екінші жартысынан қардың екінші түрін дайындаймыз.
- Дұрыс қиып жатырсыңдар, бар ынтамыз қолымыздағы қайшы мен қағазда болады.
- Жарайсыңдар, қарларың әдемі болды!
- Енді, балалар, тағы қандай пішін дайындаймыз?
- Жарайсыңдар, балалар, шырша дайындап аламыз.
- Енді жасыл қағазды аламыз.
- Тағы да бүктеу тәсілімен қағазды екі бөлікке бөлеміз.
- Жасыл қағаздың бірінші бөлігін екіге бүктеп, қолымызға қайшыны алып, жасыл қағаздың айналасын шырша сабақтары шығатындай ұқыптап қиямыз.
- Балалар, сендер ересек болдыңдар, сондықтан әдемі қиюға тырысамыз.
- Енді қағазымызды ашып қараймыз, қандай шырша шықты екен?
- Жарайсыңдар, шыршаларың дайын болды!
- Енді, балалар, бізге не дайындау керек?
- Осы қиындылармен пиманы әшекейлеу керек.
- Балалар, ойланыңдаршы, бізге тағы да қосымша пішіндер керек пе?

2.3. Шығармашылық әрекет

- Балалар, пимамыз дайын, енді пиманы әдемілеп әшекейлеуіміз керек.
- Бізде әшекейлеу үшін көгілдір түсті қар, жасыл түсті шырша бар, басқа

түстерден тағы не дайындасақ болады?
- Балалар, қызыл және сары түстен шыршаға ілетін ойыншықтар дайындайық.
- Балалар, қызыл және сары түсті қағаздан өздерің ойыншықты қия аласыңдар, кәне, маған өздерің ойыншықтарды қалай қиятындарыңды көрсетіңдерші?!
- Тамаша, міне, өздерің менің көмегімсіз ойыншықтарды қидыңдар!

- Балалар, енді тақтаға қарайықшы?!
- Мына суреттегі пима сияқты дайындаған пішіндерімізді әдемі жапсыруымыз керек.
- Балалар, қолымызға пиманың пішінін аламыз.
- Енді, пиманың пішінін алдымызға қойып, өзіміз дайындаған шыршаның боясыз жағына желім жағамыз, пиманың пішініне жапсырамыз.
- Жапсырған шыршаны өздерің дайындаған ойыншықтармен әшекейлейсіңдер.
- Балалар, енді шыршаның айналасына дайын қарларды жапсырамыз.
- Міне, балалар, әшекейлі пимамыз да дайын болды.
- Кәне, пималарыңды жоғары көтеріп, көрсетіңдерші?
- Қандай әдемі пималар пайда болды!

2.4. «Біздің көңіл-күйіміз» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балаларды сурет бойынша бет әлпет ымы мен мимикаға байланысты көңіл-күйді ажырата білуге үйрету. Көңіл-күйді бейнелейтін сөздерді дұрыс айтқызу. Сол көңіл-күйді мимикамен өздері сала білуге жаттықтыру.
Ойынның көрнекілігі: әртүрлі мимикадағы балалардың суреттері
Ойынның барысы: Балалар суреттегі бет-әлпеттің мимикасына қарап, сөйлем құрастырады. Оның ішінен бет-әлпеттің мимикасын білдіретін сөздерді бөліп айтады. Әртүрлі көңіл-күйді білдіретін сәттерді салу.
- Күліп тұрған бала
- Ренжіп тұрған бала
- Аузын ашып тұрған бала

2.5. Пысықтау сұрақтары

- Балалар, бүгін біз нені әшекейледік?
- Пиманы әшекейлеу үшін не дайындадық?
- Пиманы әшекейлеу үшін қандай пішін дайындадық?
- Ол пішінді қандай тәсілмен дайындадық?
- Әшекейлеуге арналған пішіндерді қандай түстерден дайындадық?
- Пима дегеніміз не?
- Пима неден жасалады?
- Қазір пиманы кие ме?
- Қазір пиманы неге кимейді?

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балалардың көңіл-күйін көтеру мақсатында:
- Балалар, Жаңа жылға арналған пиманы керемет жасадыңдар!
- Енді әшекейлі пиманы үйлеріңе сыйлық ретінде ұялмай апарсаңдар да болады.

- Балалар, өздерің жасаған пимаға қараңдаршы, шынымен әдемі емес пе?
- Тамаша, балалар, бүгінгі шығармашылықтарыңа көп рақмет, сау болыңдар.

«Ұлпа қарлар »

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды жұмсақ қағазды шашақтау тәсілімен таныстыру; шашақтау тәсілі арқылы ұлпа қарлар жасауға үйрету; ұлпа қарларды жапсыруға деген қызығушылықтарын ояту.

Сөздік жұмыс

"Үшбұрыштау", "бүктеу", "шашақтау", "майдалап шашақтау" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Релаксация, түсіндіру, көрсету, шашақтау, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, тәжірибелік әрекет, шығармашылық әрекет, пысықтау, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, көгілдір түсті картон қағаз, ақ жұмсақ майлық қағазы, қайшы, желім-қарындаш, тақтайша, майлық

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға көгілдір түсті картон қағаз, ақ жұмсақ майлық қағазы, қайшы, желім-қарындаш, тақтайша, майлық

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Релаксация

Педагог балалардың назарын өзіне аударып:
- Балалар, бәріміз үлкен әдемі шеңбер жасайықшы?!
- Балалар, көңіл-күйлерің қалай? Демалыс күндері қармен ойнадыңдар ма?
- Қардың пайдасы көп, солай ма, балалар? Бірақ, қардың зиянды жақтары бар екенін де естен шығармауымыз керек.
- Олай болса, қар туралы әуенге тербелейікші!

- Қар жауды, қар жауды (қолдарын жоғары көтереді),
- Бақытты бала-шаға (қол білезіктерін айналдырады)
- Қар қызы, қар қызы (алақандарын жанына жіберіп жаяды),
- Ақшақарды жасайды! (орындарында тұрып, айналады)
- Алтын шашты сүйкімді (қолдарын жоғары көтереді),
- Ақша қар күн секілді (қолдармен күн бейнесін көрсетеді).
- Алтын шашты сүйкімді (қол білезіктерін айналдырады),
- Ақша қар күн секілді! (қолдармен күн бейнесін көрсетеді)
- Жарайсыңдар, балалар!

1.2. Педагог:

- Балалар, сендер бәрің қармен ойнағанды жақсы көресіңдер, солай ма?
- Олай болса, бүгін біз ұлпа қарлар жасасақ, қалай қарайсыңдар?
- Балалар, қардан басқа не жасайсыңдар?
- Барлық бала аққала жасағанды жақсы көреді.
- Балалар, қар лақтырысып ойнағанды да жақсы көресіңдер, солай ма?
- Жарайсыңдар, онда балалар, жауып тұрған ұлпа қардың бейнесін жасаймыз.
- Балалар, неге аққала жасамаймыз дейсіңдер ме?
- Себебі, қар жаумаса, аққаланы қалай жасар едіңдер?

- Балалар, тақтаға қараңдаршы? Кімнің суретін көріп тұрсыңдар?
- Балалар қармен ойнап жатыр!
- Суреттегі жауып жатқан қарға назар аударыңдаршы?!
- Ұлпа, әдемі қарлар жауып жатыр, солай ма?
- Олай болса, балалар, ұлпа, әдемі қарлардың жауғанын біз де бейнелеп берейік.

1.3. Педагог балалардың назарын тақтаға аударады:

- Балалар, тақтадағы суретке қарайықшы?

- Балалар, ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Міне, балалар, біз ақ жұмсақ майлық қағаздан осындай ұлпа қарлардың жауғанын көрсетуіміз керек!
- Ұлпа қарлардың өрнектері бір-біріне ұқсамайды екен, солай ма, балалар?
- Балалар, енді алдымыздағы заттарымызды тексеріп алайық, бәрің де керекті құралдар түгел ме?
- Олай болса, ақ жұмсақ майлық қағазды аламыз, ақ жұмсақ майлық қағаздың бүктелген жерін ашамыз, енді сол бүктелген жерден қайшымен қиямыз, ақ

жұмсақ қағаз төрт бөлікке бөлінді.
- Балалар, қолымыздағы ақ жұмсақ майлық қағазда қандай пішін пайда болды? Шаршы пайда болды.
- Енді, балалар, ұлпа қарды жасауға кіріспес бұрын саусақтарымыз бен қолдарымызды біраз қимылдатып алайықшы?!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Сергіту сәті "Ұлпа қарлар"

- Балалар, орнымыздан тұрайық, біраз сергіп алайық!
- Ұлпа қарлар жауады (саусақтарының басын қимылдатады),
- Әдемі өрнек салады (саусақ бастарын дөңгелектейді).
- Ақ көбелек ұшқандай (қолдарымен қанат жасайды),
- Әдемі әсер қалады (қол білезіктерін айналдырады).
- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. Тәжірибелік әрекет

- Балалар, енді қолымызға жаңағы ақ жұмсақ майлық қағаздың бөліктерін алып, тағы да бүктейміз.
- Ол үшін, балалар, қалай бүктейміз, маған қараңдар!
- Бүктелген қағазды жазамыз, бүктеген жердің ізін көріп тұрсыңдар ма?
- Қағазды сол қолымызбен ұстаймыз, ал қайшыны оң қолымызбен ұстап, бүктеу түскен жерді мұқият қиюға тырысамыз.
- Дұрыс қиып жатырсыңдар, бар ынтамыз қолымыздағы қайшы мен қағазда болады.
- Жарайсыңдар, бөлшектерің әдемі болды!
- Балалар, арасында тақтадағы қардың суретіне де қарап қойыңдар.

- Балалар, тақтаға қарасаңдар, ұлпа қарларды түрлі-түсті ақ жұмсақ майлық қағаздан да жасауға болады екен.
- Бірақ, балалар, бізге аппақ ұлпа қар керек, солай ма?
- Енді, балалар, өзіміз бөлген ақ жұмсақ майлық қағазды тағы да біреуден бүктеп, сол қағазды шашақтап қиямыз.
- Балалар, қағазды қалай шашақтап қиямыз, маған қараймыз?
- Үшбұрыштап бүктелген қағаздың бұрыш жағынан сол қолымызбен ұстап, оң қолымызбен ақ жұмсақ қағазды ұқыптап, шашақтап қиямыз.
- Балалар, сендер ересек болдыңдар, сондықтан әдемі қиюға тырысамыз. Барлық қағазды осындай шашақтау тәсілімен қиып шығамыз.
- Жарайсыңдар, ұлпа қарлар дайын болды!
- Енді, балалар, бізге не дайындау керек?
- Бәріңде көгілдір түсті картон қағаз бар, енді дайын ұлпа қарларымызды сол картон қағазға мұқият жапсыруымыз керек.
- Ол үшін желім-қарындаштың қақпағын ашып, дайындап қоямыз.

2.3. Шығармашылық әрекет

- Балалар, қайшымен жұмыс жасап болдық, қайшыны орнына қоямыз.

- Енді, біз желім-қарындашпен картон қағазға ұлпа қарларды жапсырамыз.
- Балалар, шашақталған қарларымыздың орта тұсына желімді жұқалап жағамыз, содан кейін картонға ұқыптап жапсырамыз.
- Дайындаған ұлпа қарларымыздың бәрін жапсырамыз.

- Балалар, барлығыңның қарларың тақтадағыдай болды ма?
- Картон қағаз бетінің барлық жеріне бірдей ұлпа қарларды жапсырамыз, барлық қарды бір жерге жабыстырмаңдар.
- Балалар, далада қар жауған кезде барлық жерге тегістей жауады, солай ма?
- Ұлпа қарлар жапсырылып бітті, қазір мен жұмыстарыңды тексеремін.
- Міне, балалар, ұлпа қарлар да дайын болды.
- Кәне, ұлпа қар жапсырылған қағаздарыңды жоғары көтеріп, көрсетіңдерші?
- Қандай әдемі ұлпа қарлар!

2.4. «Табиғат құбылыстарын ажыратып, олардың қасиеттерін ата» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балаларды қасиетіне қарай қар мен жаңбырды ажырата білуге үйрету және табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін кеңейту.
Ойынның көрнекіліігі: қар мен жаңбыр бейнеленген суреттер
Ойынның барысы: балаларға қар мен жаңбырдың суреттерін көрсетіп, олардың бір-бірінен айырмашылығын айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында балалар табиғат құбылыстарының қасиеттерін айтып берулері керек.

2.5. Пысықтау сұрақтары

- Балалар, біз бүгін не жасадық?
- Ұлпа қарларды неден дайындадық?
- Ұлпа қарларды жасау үшін қандай пішін дайындадық?
- Ол пішінді қандай тәсілмен дайындадық?
- Ақ жұмсақ қағаздың шетін қалай қидық?
- Қалай шашақтадық?
- Шашақты қалай жасадық?
- Немен жасадық?
- Ұлпа қарды қайда жапсырдық?
- Ұлпа қарды қалай жапсырдық?

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балаларға:
- Балалар, қармен ойнағанды қалай жақсы көретіндеріңді дәлелдедіңдер!
- Ұлпа қарларың өте әдемі шықты, өздерің жұмыстарыңа қараңдаршы, кім айтады менің қарларым әдемі емес деп?
- Жарайсыңдар, балалар, кешке ата-аналарың келгенде сендерді мақтайтын болдым.
- Жақсы, балалар, бүгінгі шығармашылықтарыңа көп рақмет, сау болыңдар.

«Торғай »

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды түрлі-түсті қағазды жұлмалау тәсілімен таныстыру; қатты қағазға жұлмалау тәсілі арқылы торғайдың бейнесін жасауға үйрету; жұлмалау тәсіліне деген қызығушылықтарын арттыру.

Сөздік жұмыс

"Жұлмалау", "жұлу", "майдалау", "майдалап жұлу", "дөңгелек", "сопақша", "таяқша" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Қамқорлық шеңбері, түсіндіру, көрсету, жұлмалау, жұлу, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, тәжірибелік әрекет, шығармашылық әрекет, пысықтау, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, құс бейнесі салынған картон қағаз, түрлі-түсті қағаз, желім-қарындаш, тақтайша, майлық, зообақ макеті, жабайы аңдар мен үй жануарлары суреттері

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға құс бейнесі салынған картон қағаз, түрлі-түсті қағаз, желім-қарындаш, тақтайша, майлық

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қамқорлық шеңбері

Педагог балалардың назарын өзіне аударып:
- Балалар, бәріміз үлкен әдемі шеңбер жасайықшы?!
- Бәріміз құстар сияқты қанатымызды кеңінен жаяйықшы?!
- Балалар, қыс кезінде далада құстарды көргендерің бар ма?
- Күн қатты суық болғанда құстар да жылы жер іздеп, суыққа шықпауға тырысады.
- Балалар, қыстың суығында тоңып, азық іздейтін кішкентай достарымызға біз де қамқорлығымызды білдірейікші?!
- Суық қыстан қорқатын (қолдарын жоғары көтереді),
- Тек абайлап ұшатын (қол білезіктерін айналдырады)
- Нәзік біздің құстарға (алақандарын жанына жіберіп жаяды),
- Біз қамқоршы болатын! (орындарында тұрып, айналады)
- Аялайық құстарды (қолдарын жоғары көтереді),
- Қос қанатты құстарды (қолдарымен қанат жасайды).
- Бүгін суық болды да (қолдармен суық бейне көрсетеді),
- Ешқандай құс ұшпады! (орындарында тұрып, айналады)
- Жарайсыңдар, балалар!

1.2. Педагог:

- Балалар, біз құстарға әсіресе, қыста қамқоршы болуымыз керек, солай ма?
- Қандай қыстайтын құстарды білесіңдер?
- Балалар, қыстайтын құстар саны да көп, бірақ, қатты суық кезінде құстардың ешқайсысын кездестіре алмаймыз.
- Сондықтан балалар, қыстайтын құстарға да арнап, торғайдың бейнесін жасасақ, қалай қарайсыңдар?
- Балалар, қыста торғайларды күн жылы болса, көп кездестіруге болады.

- Балалар, тақтаға қарайықшы?
- Тақтадан ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Қардың үстінде тұрған торғайдың суреті, солай ма?

- Балалар, тақтаға қараңдаршы? Ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Балалар, мейірімді адамдар қыста құстарға арнап, осындай жемшашар дайындайды?!
- Олай болса, балалар, біз де торғайдың бейнесін жасайық.

1.3. Педагог балалардың назарын тақтаға аударады:

- Балалар, тақтадағы суретке қарайықшы?

- Балалар, ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Балалар, бұл біз бүгін бейнесін жасайтын торғайдың суреті.
- Торғайдың суреті түрлі-түсті бояумен әдемі салынған, солай ма, балалар?

- Торғайдың суретінде қандай түстер қолданылған, тура сондай түсті қағаздан торғайдың бейнесін жасауымыз қажет.
- Балалар, енді алдымыздағы заттарымызды тексеріп алайық, бәрің де керекті құралдар түгел ме?
- Олай болса, қатты қағазды аламыз, бәріңнің қолыңдағы қатты қағазда торғайдың бейнесі бар.
- Балалар, тақтада торғайдың суреті қалай тұр, қолымыздағы қатты қағазды сондай жағдайда алдарыңа қоясыңдар.
- Енді, балалар, жұмысқа кіріспес бұрын саусақтарымыз бен қолдарымызды біраз қимылдатып алайықшы?!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Сергіту сәті "Торғайлар"

- Балалар, орындарымыздан тұрып, біраз сергіп алайық!
- Томпақ торғай ұшады (қолдарын қанатша сермейді),
- Жемшашарды айналып (саусақ бастарын айналдырады).
- Суық күннен қашады (орындарында тұрып, айналады),
- Тығылады жайланып (жерге отырады).
- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. Тәжірибелік әрекет

- Балалар, енді тақтадағы суретке қарай отырып, алдымыздағы торғайдың бейнесін түрлі-түсті қағазды жұлу немесе жұлмалау тәсілі арқылы безендіреміз.
- Ол үшін, балалар, жұлмалау тәсілін қалай жасаймыз, маған қараңдар!
- Өздеріңе қажетті түрлі-түсті қағазды сол қолымызға ұстап, оң қолымызбен қағазды ұсақтап немесе үлкенірек көлемде жұламыз.
- Кәне, бәріміз менімен бірге қолымыздағы қағазды жұлмалайық.
- Дұрыс, жақсы жұлмалап жатырсыңдар, бар ынтамыз қолымыздағы қағазда болады.
- Жарайсыңдар, жұлмаларың әдемі болды!
- Балалар, арасында тақтадағы торғайдың суретіне де қарап қойыңдар.

- Енді, балалар, алдымен торғай тұрған аяның (фонның) түсі қандай, соны анықтап аламыз.
- Балалар, торғай тұрған аяның (фонның) түсі қандай? Сары, ақшыл сары екен.
- Енді қолымызға сары қағазды алып, жұлмалай бастаймыз, жарайсыңдар.
- Балалар, енді жұлмаланған қағазды қатты қағазға қалай жапсырамыз, маған қараймыз?
- Жұлмаланған сары қағазға желімді ұқыптап жағамыз.
- Балалар, сендер ересек болдыңдар, сондықтан әдемі жапсыруға тырысамыз.
- Жарайсыңдар, торғай тұрған ая (фон) дайын болды!
- Енді, балалар, бізге не дайындау керек?
- Торғай қонақтап тұрған ағашты безендіріп аламыз.
- Ол үшін қоңыр түсті қағазды алып, ұсақтап жұлмалаймыз, енді сол жұлмаларды ағашқа мұқият жапсырамыз.

- Тамаша, балалар!

2.3. Шығармашылық әрекет

- Балалар, енді біз торғайды безендіреміз.
- Торғайды безендіру үшін сұр, ашық қоңыр, қоңыр, ақшыл сары, қара түсті қағаздарды пайдаланамыз.
- Алдымен ақшыл сары түсті қағазды жұлмалап алайық.
- Дайындаған ақшыл сары түсті қағазды торғай бейнесіне жапсырамыз.
- Енді сұр түсті қағазды жұлмалап аламыз.

- Балалар, жұлмаланған қағаздарды жапсыру үшін тақтадағы суретке қараймыз.
- Келесі кезекте ақшыл қоңыр түсті қағазды алып, үлкенірек етіп жұлмалаймыз.
- Бұл торғайдың қанаты болады. Осы жерде торғайдың құйрығын да жапсырайық.
- Торғайдың денесі жапсырылып бітті, енді торғайдың басы мен тұмсығы және аяғы қалды.
- Ол үшін өздерің дайындап отырған әртүрлі қағаз жұлмалары бар, соларды пайдаланамыз.
- Балалар, майда жұлмаларға желімді қою жақпаймыз, сәл ғана жұқалап жақсаңдар жетеді.
- Міне, балалар, сүйкімді торғайымыз да дайын болды.
- Кәне, сүйкімді торғайларыңды жоғары көтеріп, көрсетіңдерші?
- Қандай әдемі торғай болды! Қыстайтын құстар сендерге риза болатын болды.

2.4. «Зоологиялық фриздер» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балаларда антоним сөздері туралы түсінік қалыптастыру; заттың көлеміне қарап салыстырып, талдау жасауға үйрету; жабайы аңдар мен үй жануарлары және құстардың дене бітіміне қарап, зообаққа орналастыру тәртібіне баулу; оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу.
Ойынның көрнекіліктері: жабайы аңдар мен үй жануарлары
Ойынның барысы: зообаққа әкелінген аңдар мен құстар және үй жануарларын көлеміне қарай торларға орналастыру қажет. Балалар пілді, түйені үлкен торға, қоян мен тиінді кіші торға орналастыруы қажет. Бала неліктен олай орналастырғанын, яғни, піл үлкен, қоян кіші сондықтан үлкен торға пілді, қоянды кіші торға орналастырдым деп әрекетін сөзбен дәлелдеуі керек.

2.5. Пысықтау сұрақтары

- Балалар, бүгін біз ненің бейнесін жасадық?
- Торғайдың бейнесін неден жасадық?
- Торғайдың бейнесін қандай тәсіл арқылы дайындадық?
- Алдымен торғайдың қай дене мүшесін дайындадық?
- Қандай түстерді пайдаландық?
- Жұлмалау дегеніміз не?
- Жұлмалауды қалай жасадық?
- Жұлмалауды немен жасадық?
- Жұлмаланған қағазды қайда жапсырдық?

- Жұлмаланған қағазды жапсырғанда ненің бейнесі пайда болды?
- Жұлмалау тәсілі ұнады ма?

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог:
- Балалар, қыстайтын құстар сендерге қатты риза болатын болды!
- Жасаған торғайларың өте әдемі!
- Далаға серуенге шыққанда торғайдың бейнесін алып шығып, басқа торғайларға көрсетеміз.
- Жарайсыңдар, балалар, бүгінгі шығармашылықтарыңа көп рақмет, сау болыңдар.

«Қамшы өру »

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды қамшымен таныстыру; таяқша мен үш түсті жіпті пайдалана отырып, қамшы өруге үйрету; өруге деген қызығушылықтары мен қазақтың ұлттық қамшысына жағымды қарым-қатынасын қалыптастыру.

Сөздік жұмыс

"Қамшы", "таяқша", "үш түсті жіп", "өру" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу, түсіндіру, көрсету, өру, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, тәжірибелік әрекет, шығармашылық әрекет, пысықтау, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, қыстырғыш, өруге арналған тақтайша, таяқша, қамшы, үш түсті жіп, әртүрлі мамандықтар суреттері, қамшы туралы суреттер

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға өруге арналған тақтайша, қыстырғыш, таяқша, үш түсті жіп

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу

Педагог балалардың назарын өзіне аударып:
- Балалар, бәріміз үлкен әдемі шеңбер жасайықшы?!
- Балалар, көңіл-күйлерің қалай? Топтағы қамшыны көріп таңғалып жатырсыңдар ма?
- Қамшының не екенін білесіңдер ме? Қамшы да қасиетті ұлттық құралдың бірі болып табылады.
- Қамшы жасайтын кәсіп иелері де оның қасиетін білетіндіктен осы кәсіппен айналысады.
- Олай болса, осындай кәсіп иелеріне де бас иіп, ризашылығымызды білдірейікші!
- Кәсіп қылсаң, талаптан (қолдарын жоғары көтереді),
- Келсе өнер, қанаттан! (қол білезіктерін айналдырады)
- Барлық кәсіп иесі (алақандарын жанына жіберіп жаяды),
- Жаралған жоқ ғайыптан! (орындарында тұрып, айналады)
- Қамшы жасау өнер ме? (қолдарын жоғары көтереді),
- Барлық ынта өнерде (қолдарымен ирек жасайды).
- Бас иеміз кәсіпке (иіліп, тәжім етеді),
- Жасаған қамшы өмірде! (қолдарын жоғары көтереді)
- Жарайсыңдар, балалар!

1.2. Педагог:

- Балалар, кәсіп дегенді қалай түсінесіңдер?
- Белгілі бір сала бойынша қызмет ететін маман екен, солай ма?
- Балалар, қандай кәсіп иелерін білесіңдер?
- Атай берсек, кәсіп түрлері өте көп екен, солай ма?
- Балалар, сендер қамшы жасайтын кәсіп иесі туралы естідіңдер ме?
- Қамшы жасайтын адамды шебер деп атайды.
- Қамшы — атқа мінген адам ұстайтын, бірнеше таспа қайыстармен көмкеріліп, өрілген, сабы тобылғыдан, ырғайдан, аңдардың тұяғы, мүйіздерінен жасалған атты айдап жүргізетін құрал. Қамшының өрімі сабынан бір жарым еседей ұзын болады. Қамшы құрал болумен қатар қару ретінде қолданылған.
- Балалар, сендердің үйлеріңде қамшы бар ма?
- Қамшы қазақтың ырымы бойынша кез-келген үйде болуы керек, солай ма, балалар?

- Балалар, тақтаға қараңдаршы? Ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Бұл қамшы! Осындай қамшыны жасағыларың келе ме?
- Олай болса, балалар, шебер болмасақ та қамшы жасап көрейік.

1.3. Педагог балалардың назарын тақтаға аударады:

- Балалар, тақтадағы суре

- Балалар, ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Шебер қамшыны өріп жатыр, бұл қамшыны өрудің ең қарапайым түрі, осындай қамшыны өріп үйренуіміз керек!

- Қамшыны неден өріп жатыр екен?
- Теріден өріп жатыр екен, теріден өрілген қамшы мықты болады, әрі ұзаққа шыдайды.
- Балалар, мына менің қолымдағы қамшыны бәрің ұстап көрулеріңе де болады, қалай ұнады ма?

- Бұл қамшының суреті тақтада да бар.
- Балалар, енді алдымыздағы заттарымызды тексеріп алайық, бәрің де керекті құралдар түгел ме?
- Олай болса, қолымызға қыстырғышты аламыз

қыстырғыш партаның бас жағына бекітіледі, жіңішке таяқшамыздың басына үш түрлі жіпті

берік байлап, қыстырғышпен қыстырамыз.
- Балалар, қолымызды абайлаймыз, қыстырғышты сақ болып, пайдаланыңдар?
- Енді, балалар, қамшыны өруге кіріспес бұрын саусақтарымыз бен қолдарымызды біраз қимылдатып алайықшы?!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Сергіту сәті "Шебер"
- Балалар, орындарымыздан тұрып, біраз сергіп алайық!
- Шебер болам атақты (саусақтарының басын қимылдатады),
- Қамшы өретін теріден (саусақтарын қайшылайды).
- Менің атам атақты (саусақтарының басын желімдей ұштайды),
- Шыққан осы өңірден (қол білезіктерін айналдырады).
- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. Тәжірибелік әрекет
- Балалар, енді қолымызға өруге арналған тақтайшаны аламыз.

- Тақтайшадағы жіптерді қалай өреміз, балалар, маған қараңдар!
- Балалар, біз алдымен қамшыны өрмес бұрын, тақтайшадағы жіптерді өруді үйреніп алуымыз керек.
- Тақтайшада бес түрлі жіп бар, сол жіптердің қай түсі сендерге ұнайды, сол түстерден өруді бастайсыңдар.

- Балалар, тақтаға қарайықшы, жіптер қалай өріліп жатыр екен!?
- Дұрыс өріп жатырсыңдар, бар ынтамыз қолымыздағы тақтайда болады.
- Жарайсыңдар, өрімдерің әдемі болды!
- Енді, балалар, тағы да өрілген жіптердің өруін жазып, жіптерді тағы да өреміз.
- Балалар, алдарыңда қандай түсті жіптер бар? Қызыл, сары, жасыл.
- Енді өздерің қамшыны қай түстен өргілерің келеді, сол жіпті пайдалануға болады.

- Балалар, жіпті қалай өреміз, маған қараймыз?
- Түрлі-түсті жіптерің бар, сол жіптермен өру тақтайшасының түгел бетін алып, өрсеңдер де болады.
- Балалар, сендер ересек болдыңдар, сондықтан әдемі өруге тырысамыз.
- Жарайсыңдар, тақтайшадағы өрімдер дайын болды!
- Енді, балалар, бізге не дайындау керек?
- Қамшы өруді бастауымыз керек.
- Ол үшін қыстырғыштағы үш түсті жіпті аламыз, енді сол жіптерді өре бастаймыз.
- Тамаша, балалар!

2.3. Шығармашылық әрекет

- Балалар, өруді қалай жалғастырамыз, қолымыздағы таяқшаны орай отырып, үш түрлі жіпті кезек кезек айналдырып, өреміз.
- Алдымен таяқшаға бір жіпті ораймыз, содан кейін екінші жіпті ораймыз, екінші жіптен кейін үшінші жіпті ораймыз.
- Таяқша бойымен жүрген сайын жіптерді кезек орап отырамыз.
- Балалар, таяқшаның үстінен жүріп өттік, бұл қамшының сабы, енді бізге құр жіптерден қамшының басын өруіміз керек.

- Балалар, жіптерді өру үшін тақтадағы суретке қараймыз.
- Үш түрлі жіпті саусақтарымызбен алмастыра отырып, өреміз.
- Балалар, тақтадағы суретке және менің көрсетіп жатқан өру тәсіліме мұқият қарап алыңдар. Жіптерді ұзыннан ұстай отырып, тегіс өрілуіне көңіл бөлеміз.
- Жіптер өріліп бітті, енді жіптердің басын ажырап кетпес үшін түйеміз.
- Ол үшін екі жіпті қатар ұстап отырып, үшінші жіпті сол жіптердің арасымен көлденең жүргізіп, бекітеміз.
- Міне, балалар, өрілген қамшы да дайын болды.
- Кәне, қамшыларыңды жоғары көтеріп, көрсетіңдерші?
- Қандай әдемі қамшы болды!

2.4. «Мамандықтың бәрі жақсы» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру; еңбекті құрметтеуге дағдыландыру; өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.
Ойынның көрнекілігі: әртүрлі мамандықтар суреттері
Ойынның барысы: әртүрлі мамандықтар суреттері тақтаға ілінеді. Бала өзі қалаған мамандығын қарап алады да, сол мамандық туралы әңгімелейді. Мамандықты неге ұнататынын, қандай жақсылығы мен пайдасы бар екенін әңгімелейді.

2.5. Пысықтау сұрақтары

- Балалар, бүгін біз не өрдік?
- Өруді қалай үйрендік?
- Қамшы дегеніміз не?
- Өруді қандай тәсілмен дайындадық?
- Қамшыны неден өрдік?

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балаларға:
- Балалар, біз өрген қамшының қандай ұлттық маңызы бар?
- Қамшыны өргенде қандай тәсілді пайдаландық?
- Бүгінгі еңбектерің өздеріңе ұнады ма?
- Балалар, бүгін тамаша шығармашылық таныттыңдар!
- Жарайды, балалар, еңбектеріңе көп рақмет, сау болыңдар.

Ұшбұрыш пен дөңгелек бір үйшікте тұрады.

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды жедел жәрдем көлігімен таныстыру; қорапшаларды қағазбен қаптап сан мен жолақшаны қағаздан қиып жапсыруға үйрету; жапсыруға деген қызығушылықтарын арттыру.

Сөздік жұмыс

"Жедел жәрдем көлігі", "қорапша", "сан", "жолақша", "қаптау" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Шаттық шеңбері, түсіндіру, көрсету, қаптау, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, тәжірибелік әрекет, шығармашылық әрекет, пысықтау, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, бір үлкен және төрт кішкентай қорапшалар, картон қағаз, қатты қағаздан дайындалған төрт дөңгелек, ақ қағаз, қайшы, түрлі-түсті қағаз, желім-қарындаш, тақтайша, майлық, сандар, мұғалім, дәрігер, құрылысшы, спортшы суреттері мен құралдары

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға бір үлкен және төрт кішкентай қорапшалар, картон қағаз, қатты қағаздан дайындалған төрт дөңгелек, ақ қағаз, қайшы, түрлі-түсті қағаз, желім-қарындаш, тақтайша, майлық, сандар

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері
Педагог:
- Балалар, бәріміз үлкен әдемі шеңбер жасайықшы?!
- Балалар, денсаулықтарың қалай? "Дені саудың жаны сау" дегенді қалай түсінесіңдер?
- Дені сау болса, адамның жаны да ауырмайды екен, солай ма, балалар?
- Олай болса, өз денсаулығымызға шаттанып, ризашылығымызды білдірейікші!
- Ауырмаса денеміз (қолдарын жоғары көтереді),
- Ауырмайды жанымыз (қол білезіктерін айналдырады)
- Болашаққа сенеміз (алақандарын жанына жіберіп жаяды),

- Таза біздің жанымыз! (орындарында тұрып, айналады)
- Ауырмаймыз, күлеміз (қолдарын жоғары көтереді),
- Денсаулықты білеміз (қолдарымен ирек жасайды).
- Денсаулыққа бас иіп (иіліп, тәжім етеді),
- Біз қадірлеп жүреміз! (қолдармен күн бейнесін көрсетеді)
- Жарайсыңдар, балалар!

1.2. Педагог:
- Балалар, "Дені саудың жаны сау" деп дұрыс айтылған, солай ма?
- Олай болса, өз денсаулығымызды күту және сақтау кімге байланысты екен?
- Балалар, адам ауырып қалғанда алдымен кімнен көмек сұрайды?
- Дәрігерден көмек сұрайды, ал егер, адам түнде ауырып қалса ше, түнде дәрігер жұмыс жасай ма екен?
- Жедел жәрдем шақырады екен, солай ма?
- Сондықтан адамдар ауырып қалған жағдайда жедел жәрдем көліктері көп болсын деп, жедел жәрдем көлігін жасасақ қалай қарайсыңдар?
- Балалар, жедел жәрдем көлігі бәрімізге керек, солай ма? Ауырмайық, дегенмен де сақтанғанымыз дұрыс емес пе?
- Жарайсыңдар, адамдарға арнап жедел жәрдем көлігін жасаймыз.
- Балалар, неге жедел жәрдем көлігін адамдарға арнап жасайық деп шештіңдер?
- Себебі, адамдар ауырып қалғанда жедел жәрдем көлігі тез келуі үшін, солай ма?

- Балалар, тақтаға қараңдаршы? Ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Жедел жәрдем көлігі екен. Осындай жедел жәрдем көлігін жасауымыз керек, балалар!
- Олай болса, балалар, адамдарға арналған жедел жәрдем көлігін жасайық.

1.3. Педагог балалардың назарын тақтаға аударады:
- Балалар, тақтадағы суретке қарайықшы?

- Балалар, ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Жедел жәрдем көлігінің ойыншық түріндегі нұсқасы екен.
- Балалар, мына ойыншық шын өмірдегі жедел жәрдем көлігіне қатты ұқсайды екен, солай ма?
- Бізге осындай жедел жәрдем көлігі ойыншығын қорапшалардан жасау керек болады.
- Балалар, енді алдымыздағы заттарымызды тексеріп алайық, бәрің де керекті құралдар түгел ме?
- Олай болса, қорапшаларды аламыз, ішіндегі ең үлкен қорапшаны алып, сыртын ақ қағазбен қаптаймыз, желімді жұқалап, өте ұқыпты жағамыз.
- Балалар, қолымыздағы қорапшада қандай пішін пайда болды? Төртбұрыш пайда болды.
- Енді, балалар, жапсыруға кіріспес бұрын саусақтарымыз бен қолдарымызды біраз қимылдатып алайықшы?!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Сергіту сәті "Жедел жәрдем"
- Балалар, орнымыздан тұрайық, біраз сергіп алайық!
- Жедел жәрдем көлігі (саусақтарының басын қайшылайды),
- Жедел жәрдем береді (қолдарын жанына жібереді).
- Ауырып қалса адамдар (бастарын ұстайды),
- Тез-ақ жетіп келеді (қол білезіктерін айналдырады).
- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. Тәжірибелік әрекет

- Балалар, енді қолымызға төрт кішкентай қорапшаны алып, екеу-екеуден жалпақ күйінде беттестіріп, арасына желім жағып, кепкенше қойып қоямыз.
- Енді екеуден желімделген қорапшаларды бір-біріне желімдеп, жапсырамыз.
- Бұл, балалар, жедел жәрдем көлігінің алдыңғы жағы болады.
- Кепкен қорапшаларды ақ қағазбен ұқыпты қаптаймыз.
- Дұрыс қаптап жатырсыңдар, бар ынтамыз қолымыздағы желім мен қорапшаларда болады.
- Жарайсыңдар, қаптауларың әдемі болды!
- Балалар, енді тақтадағы суретке қараймыз.

- Енді, балалар, қазір желімделген кішкене қорапшаларымыздан бұрыш жасаймыз.
- Балалар, бұрышты қалай жасаймыз?
- Картон қағазды аламыз, ортасынан бүктей отырып, қиямыз.
- Балалар, енді картоннан бұрышты қалай жасаймыз, маған қараймыз?
- Екіге бөлінген картон қағазымыздың бір бөлігін аламыз.
- Оны дайындалған кішкентай қорапшалардың көлемімен мөлшерлеп алып, артығын қиып тастаймыз.
- Балалар, сендер ересек болдыңдар, сондықтан әдемі қиюға тырысамыз.
- Енді картон қағазды майыстыра бүктеп, бұрыш жасаймыз.
- Жарайсыңдар, бұрыштарың дайын болды! Жасалған бұрышты ақ қағазбен қаптаймыз.
- Енді, балалар, бізге не дайындау керек?
- Үлкен қорапша мен кішкентай қорапшаны бір-біріне желімдеп, бекітеміз.
- Жедел жәрдем көлігінің корпусы дайын болды.
- Тамаша, балалар!

2.3. Шығармашылық әрекет

- Балалар, енді қайшымен көгілдір түсті қағаздың артқы жағында жедел жәрдем көлігінің терезелері бар, соларды қиямыз.
- Енді, желім-қарындашпен ол терезелерді жапсырамыз.
- Жедел жәрдем көлігінің терезелері де дайын болды.
- Енді біздің жедел жәрдем көлігімізге сан керек, қызыл түсті қағаздың артында сандар бар, соларды мұқият қиып, жедел жәрдем көлігімізге жапсырамыз.
- Жедел жәрдем көлігімізге қызыл жолақша мен кірес керек, қызыл қағаздан дайын жолақшалар мен кіресті қиып аламыз да желім жағып, жедел жәрдем көлігімізге жапсырамыз.

- Балалар, тағы да тақтадағы суретке қараймыз.
- Ештеңе ұмыт қалдырған жоқпыз ба?
- Балалар, жедел жәрдем көлігіне дөңгелектер керек.
- Дөңгелектер жапсырылып бітті, енді жедел жәрдем көлігімізге жарық беретін фонар керек.
- Ол үшін өздерің сары қағаздың келесі бетінен дайын тұрған дөңгелекшені қиып аламыз.
- Балалар, майда қиындыларға желімді қою жақпаймыз, сәл ғана жұқалап жақсаңдар жетеді.
- Міне, балалар, жедел жәрдем көлігі де дайын болды.
- Кәне, жедел жәрдем көліктеріңді жоғары көтеріп, көрсетіңдерші?
- Қандай көп жедел жәрдем көліктері! Адамдар сендерге риза болатын болды.

2.4. «Кімге не керек?» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балаларға мұғалім, дәрігер, құрылысшы, спортшыға қажет құралдарды көрсетіп, қай мамандық иесіне қай құралдың жататындығын сұрау, сол арқылы балаларды тапқырлыққа үйрету.

Ойынның шарты: суреттегі мамандықтарды атау және оларға жұмыс барысында қандай құралдар керек екенін табу.

2.5. Пысықтау сұрақтары
- Балалар, бүгін біз адамдарға арнап не дайындадық?
- Жедел жәрдем көлігін неден дайындадық?
- Жедел жәрдем көлігін дайындау үшін неше қорапша пайдаландық?
- Ол қорапшаларды қалай дайындадық?
- Қорапшаларды немен қаптадық?
- Жедел жәрдем көлігі не үшін қажет?
- Жедел жәрдем көлігінің тағы қандай бөліктерін дайындадық?
- Ол бөліктерді неден жасадық?
- Жедел жәрдем көлігіне қандай сандар жапсырдық?
- Жедел жәрдем көлігіне жолақшаларды қалай жапсырдық?
- Жедел жәрдем көлігіне арналған жолақшалар мен сандарды қандай түстерден жапсырдық?

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балаларға ризашылығын білдіріп:
- Балалар, адамдарға арналған жедел жәрдем көліктерін керемет жасадыңдар!
- Адамдар ауырып қалған кезде жедел жәрдем көлігі тез келетін болды деп, қатты қуанатын болды.
- Балалар, ауылдық жерлерде жедел жәрдем көлігі бола ма? Кешке ауылдағы туысқандарыңмен хабарласып, сұрап көріңдерші, ауылда жедел жәрдем көлігі жоқ болса, ауылға да арнап жасап береміз, солай ма, балалар?
- Жарайсыңдар, балалар, бүгінгі шығармашылықтарыңа көп рақмет, сау болыңдар.

.Кел,салыстырайық!

Оқу қызметінің мақсаты
Балаларда заттардың қасиеттері-пішіні, шамасы туралы түсінік қалыптастыру; заттарды биіктігі, ұзындығы, ені, қалыңдығы бойынша салыстырып, олардың арасындағы айырмашылықты түсіндіруге үйрету; шамасын көз мөлшермен анықтауға, ұзындығы, ені, биіктігі әртүрлі көрсеткіштері өсе беретін тәртіппен орналастыруға жаттықтыру; геометриялық пішіндер туралы

білімдерін пысықтау.

Сөздік жұмыс
"Биік-аласа", "Кең-тар","Жуан-жіңішке", "Ұзын-қысқа" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер
Шаттық шеңбері, ғажайып сәт, қайталау, дидактикалық ойындар "Зат неге ұқсайды?", "Жасырынбақ", сұрақ-жаттығу ойыны, сергіту сәті, "Салыстыр" тапсырма-жаттығуы, "Жайып қой" тапсырма жаттығу, оқу қызметін пысықтау, "Жүректен жүрекке" жылулық шеңбері.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР
"Биік-аласа", "кең-тар", "жуан-жіңішке", "ұзын-қысқа" ұғымдарына байланысты суреттер, "Хоки-поки" бейнежазбасы.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР
Бала санына байланысты әр түрлі заттар салынған сурет, қарындаш, матрешкалар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері.
"Балабақша"
Дастарымен бір жолда,
Иықтасып жүреміз.
Қиындықта қол ұшын,
Береріне сенеміз.

Ғажайып сәт.
- Балалар, Математика деген елде, Шама деген қалада бір қиын жағдай болды. Бұл қала тұрғындарына көмек керек екен. Балалар қызығушылық танытады.
- Шама деген қалаға барып, оның тұрғындарына тапсырмаларды орындау арқылы көмек көрсетеміз бе? Балалар көмек беруге ынталанады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Дидактикалық ойын: "Зат неге ұқсайды?"
Педагог балаларға сопақша, дөңгелек, шаршы және үшбұрыш пішіндерін көрсетеді.

- Балалар, қандай пішіндерді көріп тұрсыңдар? Балалардың жауаптары.
- Олай болса, балаларға бөлме ішінде сопақша (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) пішіндес заттарды тауып айтуды ұсынамын. Балалар есіктің тіктөртбұрышқа ұқсайтындығын, сағаттың дөңгелекке ұқсайтындығын, терезенің шаршыға ұқсайтындығын және т.б. айтады.

Педагог балаларға әр түрлі заттар салынған сурет таратып береді. Балалар әр заттың қандай геометриялық пішінге ұқсайтынын айтады және геометриялық пішіннің суретін салады. Мысалы: теледидардың астына-шаршыны салады, жұмыртқаның астына-сопақшаны салады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Балалар, қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер? Балалардың жауаптары.
- Бүгін не туралы айттық? Заттарды ені, биіктігі, ұзындығы бойынша салыстырдық.
- Тапсырмаларды жақсы орындағандары үшін Шама қаласының тұрғындарының атынан рақмет.Тұрғындарға көмек көрсеткендеріне қуаныш сезім білдіреді.

«Көктемгі шалғын »

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды ұжымдық коллаж жұмысымен таныстыру; түрлі-түсті қағаздармен әшекейлеу арқылы көктемгі шалғын жасауға үйрету; ұжымдық жапсыруға деген қызығушылықтары мен жағымды қарым-қатынасын қалыптастыру.

Сөздік жұмыс

"Коллаж", "ұжым", "көктемгі шалғын", "ұжыммен жапсыру" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Релаксация, түсіндіру, көрсету, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, тәжірибелік әрекет, шығармашылық әрекет, пысықтау, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, жыл мезгілдеріне арналған суреттер мен карточкалар, түрлі-түсті қима қағаздар, желім-қарындаш, майлық

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға түрлі-түсті қима қағаздар, желім-қарындаш, майлық

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Релаксация "Жаңбыр әуені"

Педагог балалардың назарын өзіне аударып:
- Балалар, бәріміз үлкен әдемі шеңбер жасайықшы?!
- Балалар, көңіл-күйлерің қалай? Көктем келіп, жылғалардан су ағып қуанып жатырсыңдар ма?
- Олай болса, жаңбыр әуенімен бірге біз де шаттанайықшы!
- Балалар, тақтадағы бейнебаяннан қандай сурет көресіңдер, сол бейнені музыка әуенімен бірге бейнелеуге тырысамыз.

- Жаңбыр жауып тұр (қолдарымен тамшы жасайды),
- Жаңбыр басылды (қол білезіктерін айналдырады)
- Жапырақтарға тамшы тұрды (алақандарын жанына жіберіп жаяды),
- Айнала түгел жап-жасыл! (орындарында тұрып, айналады)
- Жаңбыр ақырын жауып тұр (саусақ бастарын қимылдатады),

- Саңырауқұлақ тұр жауынның астында (қолдарымен бастарын айналдырып, дөңгелек жасайды).
- Жауын құрты пайда болды (денелерін ирелеңдетеді),
- Жаңбыр тағы жауа бастады (қолдарымен тамшы жасайды).
- Жарайсыңдар, балалар!

1.2. Педагог:

- Балалар, көктем келіп, бәріміз де қуанып қалдық, солай ма?
- Олай болса, бүгін біз көктемге арнап коллаж жасасақ, қалай қарайсыңдар?
- Балалар, көктемге арналған коллажды бәріміз ұжыммен жасаймыз.
- Сондықтан алдарыңда түрлі-түсті қағаздан қималар бар, сол қималарды үлкен қағазға жапсыру арқылы коллаж жасаймыз.
- Балалар, коллаж дегеніміз не?
- Коллаж - бірнеше адамдардың бірлесе отырып, бір үлкен шығарманы дайындауы.
- Коллажды балалар, көбіне жапсыру тәсілдері арқылы орындайды.
- Біз бүгін коллажды түрлі-түсті қима қағаздармен жасаймыз.
- Балалар, енді коллажды қалай жасаймыз?
- Алдымен тақтаға назар аударайық.

- Балалар, ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Бұл, балалар, өздерің сияқты балалардың жасаған коллажы.
- Балалар, біз бүгін осындай коллажды бәріміз біріге отырып, жасауымыз керек.

1.3. Педагог балалардың назарын тақтаға аударады:

- Балалар, тақтадағы суретке қарайықшы?

- Балалар, ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Балалар, мына суретке мұқият қарап алайық, біз осы суретті жапсыру тәсілі арқылы жасауымыз керек.
- Тақтадан қандай сурет көріп тұрсыңдар?
- Балалар, бұл көктемгі шалғынның суреті.
- Балалар, енді алдымыздағы заттарымызды тексеріп алайық, бәрің де керекті құралдар түгел ме?
- Олай болса, коллаждың төрт бөлігіне төрт команда келеді.
- Тақтаға қараңдаршы, балалар, коллаж қағазымыз қалай орналасуы керек?
- Балалар, коллажға әркім өзінің түрлі-түсті қима қағаздарымен келеді.
- Енді, дұрыс болды, балалар.
- Енді, жұмысымызды әрі қарай жалғастырмас бұрын саусақтарымыз бен қолдарымызды біраз қимылдатып алайықшы?!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Сергіту сәті "Көктем"

- Балалар, орындарымыздан тұрып, біраз сергіп алайық!
- Көктем келді көңілді (қолдарын жоғары көтереді),
- Нұр жайнатып өмірді (қол білезіктерін айналдырады).
- Жылғалардан су ағып (саусақтарымен ирек жасайды),
- Тамылжытты өңірді (қолдарын жанына жібереді).

- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. Тәжірибелік әрекет

- Балалар, коллажда қандай бейнелерді көріп тұрсыңдар?
- Иә, коллаждың жоғары оң жағында күн мен сол жағында бұлттардың суреті бар екен.
- Бұл жерге балалар, бір команда екіге бөлініп, екі жақтан келіп, бояуға кіріседі.
- Келесі команда коллаждың сол жағындағы төменгі бөлікке келеді, ол жерде тау етегіндегі шыршаның, саңырауқұлақтың және дөңнің суретін бояйсыңдар.
- Келесі команда коллаждың сол жақ бөлігінің жоғары жағына келесіңдер, ол жерде таудың, тау басындағы шыршаның суреті бар, сол жерді бояйсыңдар.
- Енді, келесі команда коллаждың оң жақ бөлігіне келесіңдер. Ол жерде ағаштар мен саңырауқұлақтар бар, соны ұқыптап бояйсыңдар.
- Балалар, арасында тақтадағы коллажға да қарап қойыңдар.

- Енді, балалар, жұмыс басталды.
- Балалар, бір-бірімізге кедергі жасамай, әдемі, әрі ұқыпты бояймыз.
- Мен барлық командалардың жұмысын қадағалап отырамын.
- Балалар, алдарыңдағы түрлі-түсті қима қағаздарды дұрыс пайдалана біліңдер.
- Балалар, сендер ересек болдыңдар, сондықтан әдемі жапсыруға тырысамыз.
- Бірінші команданың жұмысы жақсы жапсырылып жатыр.
- Екінші команда да жарайсыңдар, жұмыстарың тамаша болып келе жатыр!
- Енді, үшінші команда не істеп жатыр екен? Жақсы.
- Ал, төртінші команда ше? Жарайсыңдар!
- Балалар, жұмыстарың жақсы шығып жатыр.

2.3. Шығармашылық әрекет

- Балалар, жұмысымыз дайын болып қалды.
- Енді, әр команда жапсылырмай қалған жерлер жоқ па, ұқыптап тексеріп отырамыз.

- Балалар, тағы да тақтадағы коллажға қараймыз.
- Коллаждағы әрбір жапсырылатын бөлік пен бөлшекті мұқият қадағалауымыз керек.
- Балалар, тақтадағы коллажға және өздерің жапсырып жатқан коллажға мұқият қарап алыңдар.
- Ештеңе жапсырылмай қалып қойған жоқ па?
- Балалар, бәрі дұрыс па, тексеріп болдыңдар ма?
- Міне, балалар, коллажымыз да дайын болды.
- Кәне, төрт команда төрт жағынан ұстап, жоғары көтеріп, көрсетіңдерші?
- Қандай әдемі коллаж болды!

2.4. «Жыл мезгілдері» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін кеңейту; жыл мезгілдері атауларын дұрыс атауға жаттықтыру; жыл мезгілдері өзгерістерін талқылай білуге дағдыландыру.
Ойынның көрнекілігі: жыл мезгілдеріне арналған суреттер мен карточкалар
Ойынның барысы: педагог балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілінің төрт бөліктен тұратынын және әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкалары бар екенін айтады. Балалар жыл мезгілдерінің өзгерістері туралы карточкаларды алып, сәйкес келетін мезгілдерге қойып шығады (мысалы: қыс мезгіліне қар, шырша, аққала).

2.5. Пысықтау сұрақтары

- Балалар, бүгін біз нені жапсырдық?
- Коллажды немен жапсырдық?
- Коллаж дегеніміз не?
- Қанша командамен жұмыс жасадыңдар?
- Ненің бейнесін жапсырдыңдар?
- Коллажды не үшін дайындадық?
- Коллаж қалай аталды?
- Коллажбен жұмыс жасаған ұнады ма?
- Қандай әсер алдыңдар?

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балалардың көңіл-күйін көтеру мақсатында:

- Балалар, "Көктемгі шалған" тақырыбындағы коллажды керемет жасадыңдар!
- Көктемді қалай жақсы көретіндеріңді коллаж арқылы көрсеттіңдер, жарайсыңдар!
- Балалар, енді бұл коллаж сендердің тамаша еңбектеріңнің бірі ретінде тобымызда ілулі тұрады.
- Тамаша, балалар, бүгінгі шығармашылықтарыңа көп рақмет, сау болыңдар.

Қанқыз

"Жүректен жүрекке" шеңбері.
"Әдеп сақта әманда"
Әдеп сақтап әманда,
Әрбір адал адамға.
Жасасаң бір қамқорлық,
Қайтарады саған да.
Шеңберге тұрып, бәрі бірге айтады.

Оқу қызметінің мақсаты
Балаларды 5-ке дейін тура және кері санау; сан мен цифрларды сәйкестендіру дағдыларын жетілдіру; тәуліктің қарама-қарсы бөліктерін анықтау және тану дағдыларын дамыту; танымдық қабілеттерін арттыру; оқу қызметіне қызығушылықтарын ояту.

Сөздік жұмыс
"Тура санаймыз", "Кері санаймыз", "Сан мен цифрды сәйкестендір", "Тәулік бөліктер", "Таң", "Күн", "Кеш", "Түн" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер
Ғажайып сәт, "Сәйкестендір", "Қаңқыз үстіндегі нүктелер", "Тәулік бөліктері" дидактикалық ойындары, сергіту сәті, интербелсенді тақтадан сурет көрсету, хатты оқу, оқу қызметін пысықтау, "Жүректен жүрекке" шеңбері.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР
Себет, тапсырмалар жазылған ұлпақарлар, нүктелері бар қаңқыз суреттері, 1,2,3,4,5 сандары, "Көңіл-күй" бейнежазбасы, хат.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР
Бала санына байланысты тіктөртбұрыштағы кеселер салынған суреттер, қаламдар, тәулік бөліктері және сол уақытта жасалатын іс-әрекеттер көрсетілген карточкалар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Педагог:
- Балалар, бес саусағымызды көрсетеміз.
- Қане, бес саусақтың атын атайық. Бас бармақ, балаң үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек.
- Иә, сендердің бүгінгі көңіл-күйлерінде осы бес саусақтай болу керек.
1.2. Ғажайып сәт.Педагог кенеттен үстелдің астынан себет алып шығады.- Балалар, бұл себет қайдан шықты екен?
- Себеттің ішінде ұлпа қарлар бар екен.
Педагог ұлпақарларды алып қарайды да, балаларға:
- Қараңдаршы, әр ұлпа қарларда тапсырмалар жасырынып тұр. Балалар қызығушылық танытады.
ҚОРЫТЫНДЫ
- Балалар, бүгінгі оқу қызметінде біз не істедік? Дидактикалық ойындар ойнадық.

- Маржан, 1-ден 5-ке дейін санап берші.
- Ал, кім маған 5-тен 1-ге дейін санап береді? Руслан санай ғой. Жақсы. Жарайсың!

"Жүректен жүрекке" шеңбері.
- Бір-бірлеріңнің қолдарыңнан ұстап, ризашылық әнімізді айтайық.
Ризамын, ризамын, ризамын бүгінге!
Ризамын, ризамын, ризамын қазірге! Шеңберге тұрып, бәрі бірге айтады.

«Ұлттық кесе »

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды «Папье-маше» әдісімен таныстыру; газеттен «Папье-маше» әдісі арқылы жасалған кесені оюлап сәндеуге үйрету; «Папье-маше» әдісіне деген қызығушылықтарын қалыптастыру.

Сөздік жұмыс

"Папье-маше", "кесе", "ақ гуашь", "әдемі бояу", "жылтыр сыр", "әшекейлеу" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Психологиялық ахуал, түсіндіру, көрсету, Папье-маше әдісі, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, тәжірибелік әрекет, шығармашылық әрекет, пысықтау, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, «Папье-маше» әдісі арқылы жасалған кесе, түрлі-түсті гуашь, екі қылқалам, су құйылған ыдыс, жылтыр сыр, тақтайша, майлық, ыдыс, көкөністер мен жемістер суреттері, көкөністер мен жемістер муляждары, қоржын

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға «Папье-маше» әдісі арқылы жасалған кесе, түрлі-түсті гуашь, екі қылқалам, су құйылған ыдыс, жылтыр сыр, тақтайша, майлық

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Психологиялық ахуал
- Балалар, бәріміздің көңіл-күйіміз көтеріңкі, айналамызда және халқымызда өнерлі де жақсы адамдардың көп болғанын ұнатамыз. Ендеше қол ұстасып, бір-бірімізге жақсы көңіл-күй мен саулық тілейік!
- Кел, балалар, ойнайық!
- Ойнайық та ойлайық!
- Қандай реніш болса да!
- Күлкімізге тоймайық!
- Өнер көзі - халықта,
- Өнерді ұштап қалықта!
- Жалғастырып дәстүрді,
- Өнеріңмен шарықта!
- Жарайсыңдар, балалар!

1.2. Педагог:

- Балалар,"Өнер көзі - халықта" дегенді қалай түсінесіңдер?
- Өнері бар адамдардың көбі халық арасынан шығады деген мағынаны білдіреді екен.
- Балалар, сендер өнерлі болғыларың келе ме?
- Олай болса, біз де өз өнерімізді байқап көрсек, қалай қарайсыңдар?
- Балалар, кесе шәй немесе сусын ішу үшін бәрімізге де керек, солай ма?
- Жарайсыңдар, кесені өзімізге арнап жасаймыз.
- Балалар, бізде кесе дайын тұр, біз оны ұлттық нақышта безендіруіміз керек.
- Себебі, кесе бізге де көп керек болады, үйде қонақтар келгенде де кесені көп пайдаланамыз, солай ма?

- Балалар, тақтаға қараңдаршы? Ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Қандай әдемі кесе! Осындай кесені өзімізге арнап, қалай жасамайсың?!
- Олай болса, балалар, өзімізге арналған кесені жасайық.

1.3. Педагог балалардың назарын тақтаға аударады:
- Балалар, тақтадағы суретке қарайықшы?
- Балалар, ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Балалар, біз өзімізге арнап, осындай кесені әшекейлеп, үйренуіміз керек!
- Кесенің айналасы қалай әрленген екен?
- Оюлармен әрленген екен.
- Балалар, енді алдымыздағы заттарымызды тексеріп алайық, бәрің де керекті құралдар түгел ме?
- Олай болса, кесені аламыз, алдымыздағы тақтайға төңкереміз, түрлі-түсті қағаздан жасалған қималарды дайындап аламыз.
- Балалар, қолымыздағы кесені "Папье-маше" әдісі бойынша оқу қызметінде дайындағанбыз.
- "Папье-маше" әдісі дегеніміз не?
- "Папье-маше" дегеніміз - талшықты материалдардан дайындалған қоспадан жасалған бұйым.
- Балалар, қолымыздағы кесені немен бояймыз?
- Енді, балалар, кесені безендіруге кіріспес бұрын саусақтарымыз бен қолдарымызды біраз қимылдатып алайықшы?!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Сергіту сәті "Кесе"
- Балалар, орындарымыздан тұрып, біраз сергіп алайық!
- Әшекейлеп кесені (саусақтарының басын қимылдатады),
- Сусын ғана ішеді (сусын ішкендей қимыл жасайды).
- Ұлттық әрлі кесемен (саусақтарының басын желімдей ұштайды),
- Қымызды да ішеді (қол білезіктерін айналдырады).
- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. Тәжірибелік әрекет
- Балалар, енді қолымызға кесені алып, алдымыздағы тақтайшаның үстіне жатқызамыз.
- Енді, балалар, өздеріңе ұнаған гуашпен кесені қалай бояймыз, маған қараңдар!
- Кесені тақтайшаға жатқызамыз, оң қолымызбен кесені ақырын айналдыра отырып, сол қолымызға қылқалам алып, мұқият бояуға тырысамыз.
- Дұрыс бояп жатырсыңдар, бар ынтамыз қолымыздағы кесе мен қылқаламда болады.
- Жарайсыңдар, кеселерің тегіс боялып жатыр!
- Балалар, тақтадағы суретке қараңдаршы, басқа балалар қалай бояп жатыр екен?!

- Енді, балалар, гуашпен боялған кесені кепкенше қойып қоямыз.
- Балалар, алдарыңда қандай түсті гуашь бар? Қызыл, сары, көк, жасыл.
- Енді өздеріңе қандай түс ұнайды, сол түстен өрнек саламыз.
- Балалар, өрнекті қалай саламыз, маған қараймыз?
- Тағы да кесені жатқызамыз. Басқа қылқалам мен қажетті түсті таңдаймыз.
- Балалар, сендер ересек болдыңдар, сондықтан әдемі бояуға тырысамыз.
- Жарайсыңдар, кеселер боялып, дайын болды!
- Енді, балалар, бізге не дайындау керек?
- Кесеміз кепкенше тағы да қойып қою керек екен.
- Кесеміз кепкенде сыртын жылтыр сырмен әрлейміз.
- Тамаша, балалар!

2.3. Шығармашылық әрекет
- Балалар, кесеміз кепті, енді сыртын жылтыр сырмен бояймыз.
- Балалар, біздің кесеміз қандай кесеге ұқсап келе жатыр?
- Ұлттық кесеге ұқсап келе жатыр екен.
- Жылтыр сырмен бояу үшін кесені тақтайшаның үстіне жатқызып, түссіз жылтыр сырмен бояймыз.

- Балалар, тақтадағы суретке қараймыз, сендер де кесенің сыртын қызыл түспен әрлепсіңдер ғой!
- Балалар, тақтадағы суретке және менің көрсетіп жатқан әрлеу тәсіліме мұқият қарап алыңдар. Кесені бояғанда тегіс боялуына көңіл бөлеміз.
- Кеселер жылтыр сырмен әрленіп бітті, енді кепкенше қойып қоямыз.
- Балалар, жасаған ұлттық кеселерің өздеріне ұнады ма?
- Міне, балалар, ұлттық кесеміз де дайын болды.
- Кәне, кеселеріңді жоғары көтеріп, көрсетіңдерші?
- Қандай әдемі кеселер! Өзімізге өзіміз сыйлық жасадық.

2.4. «Заттық фриздер» дидактикалық ойыны
Ойынның мақсаты: заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту; қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту; сөздік қорын молайту.
Ойынның көрнекілігі: ыдыс, көкөністер мен жемістер суреттері, көкөністер мен жемістер муляждары, қоржын.
Ойынның шарты: әртүрлі жемістер немесе көкөністер муляждары салынған ыдыстан бір затты алады. Содан соң сол затты жан-жақты сипаттайды және заттың атын атап, түр-түсін ажыратады. Бала ыдыстан немесе қоржыннан алманы алып пішінін, түсін, дәмін және қасиеттерін айтады. Көзін байлап қойып, қоржыннан бір затты алғызады. Ол оны сипалап, не екенін ажыратады да сипаттайды, атын айтады.

2.5. Пысықтау сұрақтары
- Балалар, бүгін біз не дайындадық?
- Ұлттық кесе неден дайындалған?
- Ұлттық кесе алдын-ала қандай әдіс арқылы дайындалған?
- "Папье-маше" әдісі дегеніміз не?
- Ұлттық кесенің сыртын қалай әрледік?
- Неге кесеміз ұлттық кесе деп аталды?
- Қандай түстерді пайдаландық?
- Кесе не үшін қажет?
- Кесемен не ішуге болады?
- Кесеге қандай оюлар салдық?
- Кесе жылтыр болуы үшін немен әрледік?

- Қалай әрледік?
- Соңында не пайда болды?

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балаларға ризашылығын білдіріп:
- Балалар, ұлттық кесені керемет жасадыңдар!
- Үйге барғанда отбасына көрсетсеңдер, біздің баламыз өнерлі екен ғой деп қатты қуанатын болды.
- Балалар, өздеріңе жасаған кеселерің ұнады ма?
- Тамаша, балалар, бүгінгі шығармашылықтарыңа көп рақмет, сау болыңдар.

Алан мен Дананың сүйікті кейіпкерлері

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды көрші сандар ұғымымен таныстыру; 5 көлеміндегі сандардың көршілерін дұрыс тауып, оларды атауға үйрету; реттік санаудың мағынасын ашу және бес көлемдегі реттік санау дағдыларын қалыптастыру; 1-5 сандар мен олардың сандар қатарындағы орны туралы білімдерін бекіту.

Сөздік жұмыс
"Көрші сандар", "Көршілерін тап", "Көршілерін ата"сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер
Шаттық шеңбері, ғажайып сәт, интербелсенді тақтадан үйлердің суреттерін көрсету, "Көршілерін ата", "Сандарды ретімен қой","Кезекке тұр" дидактикалық ойындары, сергіту сәті, жұмбақ жасыру, оқу қызметін пысықтау, кейіпкерлермен қоштасу, "Жүректен жүрекке" шеңбері.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР
Кейіпкерлер: Алан мен Дана, үйлер, цифрлармен белгіленген үйлер, ертегі кейіпкерлері, дәрігер Айболит, аңдар.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР
Бала санына байланысты "Жарайсың!" белгілері.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері.
Жарқырап күнде ашылды,
Айналаға гүл шашылды.
Қайырлы күн!
Біз нәзік қыздармыз,
Қайырлы күн!
Біз ержүрек ұлдармыз.

1.2. Ғажайып сәт.
Педагог топқа Алан мен Дананың келгенін хабарлайды. Балалар кейіпкерлермен амандасады.

- Балалар, Алан мен Дана ертегі оқығанды ұнатады екен. Олар сүйікті ертегі кейіпкерлелерін қатар орналастыруды ұйғарыпты.
- Біз оларға көм

2.2. Дидактикалық ойын: "Көршілерін ата"
- Балалар, әр үйдің өз көршілері бар.
- Бірінші мен соңғысында бірден, ал қалғандарында екіден.
Педагог балаларға кейіпкерлердің көршілерін атауды ұсынады. Балалар интербелсенді тақтаға қарап, кейіпкерлердің көршілерін атайды. Мысалы: Мақта қыздың көршілері- Нуф-Нуф пен Алдар көсе.
- Балалар, Алдар көсе үйі Мақта қыз үйінің қай жағында орналасқан? Алдар көсе үйі Мақта қыз үйінің оң жағында орналасқан.
- Ал, Нуф-Нуф үйі ше? Ал, Нуф-Нуф үйі Мақта қыз үйінің сол жағында орналасқан. Иә. Жақсы.ектесеміз бе? Балалар қуана келіседі.

2.4. Сергіту сәті.
- Балалар, тапсырмаларды орындап біраз шаршаған боларсыңдар.
- Қане, сергіп алайық.
Қырау қатып жағаға,
Аяз беттен өбеді.
Бірі мініп шанаға,
Бірі шаңғы тебеді.

2.5. Жұмбақ жасыру.

- Балалар, Алан мен Дана тағы қандай ертегі кейіпкерлерін ұнатады екен? Қалай ойлайсыңдар? Балалардың еркін жауаптары.
- Балалар, олай болса мен сендерге жұмбақ жасырамын. Балалар қызығушылық танытады.

Көзілдірігінің астымен қарай отырып,
Үлкенді де, кішіні де,
Құстарды да, аңдарды емдейтін кім? (Дәрігер Айболит)

3. ҚОРЫТЫНДЫ

"Жүректен жүрекке" шеңбері.
"Жылы сөз"

- Кімнің есінде, біз неге шеңберімізді "Жүректен жүрекке" деп атадық? Балалардың еркін жауаптары.

Жүректен шыққан жылы сөз,
Жүрекке барып жетеді.
Жылы сөзден дос жүрегі,
Мейірімге толып кетеді.
Балалар шеңберге тұрып, бәрі бірге айтады.

«Ғаламшар»

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың ғаламшар туралы білімдерін кеңейту; түрлі-түсті ермексаздан ғаламшар жасауға үйрету; жапсыруға деген қызығушылықтары мен жағымды қарым-қатынасын қалыптастыру.

Сөздік жұмыс

"Ермексаз", "ғаламшар", "түстер сәйкестігі", "майдалап жаю" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу, түсіндіру, көрсету, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, тәжірибелік әрекет, шығармашылық әрекет, пысықтау, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, ғаламшар, бау мен бақшаның, жеміс пен көкөністердің суреті, түрлі-түсті ермексаз, кескіш, кішкентай таяқшалар, тақтайша, майлы.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға түрлі-түсті ермексаз, кішкентай таяқшалар, кескіш, тақтайша, майлық

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу

Педагог балалардың назарын өзіне аударып:
- Балалар, бәріміз үлкен әдемі шеңбер жасайықшы?!
- Балалар, көңіл-күйлерің қалай?
- Балалар, бәріміз Жер-Ананың құшағында тұрғандай құшағымызды кең ашайықшы, жарайсыңдар!
- Енді, Жер-Анамызға шаттанып, ризашылығымызды білдірейікші!
- Ғаламшардай дөңгелек (қолдарын жоғары көтереді),
- Жер айналар дөңгелеп (қол білезіктерін айналдырады)
- Құшағында билейді (алақандарын жанына жіберіп жаяды),
- Барлық бала дөңгелеп! (орындарында тұрып, айналады)
- Әкем-анам ардақты (қолдарын жоғары көтереді),
- Ата-әжем салмақты (қолдарымен ирек жасайды).
- Отбасыма жетпейді (қолдармен күн бейнесін көрсетеді),
- Барлық байлық салмақты! (иіліп, тәжім етеді)
- Жарайсыңдар, балалар!

1.2. Педагог:

- Балалар, біз өз Жер-Анамызды жақсы көргендіктен сол жерде бақытты өмір сүргіміз келеді, солай ма?
- Балалар, сендер білесіңдер ме, жердің ғаламшар сияқты айналып тұратынын?

- Сондықтан біз де жермен бірге айналып жүреміз.
- Балалар, Жер-Ана бәрімізге керек, солай ма? Олай болса, өзімізге жер сияқты ғаламшар жасап алсақ қайтеді?
- Жарайсыңдар, тобымызға арнап жасаймыз.

- Балалар, ғаламшарды неден жасап алсақ болады?
- Неден жасайтынымызды алдарыңда тұрған ермексаздан біліп қойдыңдар, солай ма?

- Балалар, тақтаға қараңдаршы? Ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Ғаламшардың суреті екен! Осындай ғаламшарды ермексаздан жасап үйренуіміз керек, балалар!
- Олай болса, балалар, тобымызға арнап ғаламшар жасайық.

1.3. Педагог балалардың назарын тақтаға аударады:

- Балалар, тақтадағы суретке қарайықшы?

- Балалар, ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Балалар, бұл ермексаздан жасалған ғаламшар, біз де ермексаздан осындай ғаламшарды жасап үйренуіміз керек!
- Ғаламшар аясы (фоны) көбіне қандай түстен тұрады?
- Көгілдір түстен тұрады екен.
- Балалар, енді алдымыздағы заттарымызды тексеріп алайық, бәрің де керекті құралдар түгел ме?
- Олай болса, тақтайшаны аламыз, алдымен алақанға сиып тұратындай көгілдір түсті ермексаздан кесіп аламыз, енді екі алақан арасына салып, дөңгелектей бастаймыз.
- Балалар, қолымыздағы ермексазда қандай пішін пайда болды? Дөңгелек пайда болды.
- Енді, балалар, мүсіндеуге кіріспес бұрын саусақтарымыз бен қолдарымызды біраз қимылдатып алайықшы?!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Сергіту сәті "Ғаламшар"

- Балалар, орындарымыздан тұрып, біраз сергіп алайық!
- Жермен бірге айналып (саусақтарының басын қимылдатады),
- Тұра берер дөңгелеп (саусақтарымен дөңгелек жасайды).
- Ғаламшар да айналып (саусақтарының басын желімдей ұштайды),
- Жатыр міне, дөңгелеп (қол білезіктерін айналдырады).
- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. Тәжірибелік әрекет

- Балалар, енді қолымызға көгілдір түсті ермексазды алып, алақанымызбен жұмсартып шығамыз.
- Ол үшін, балалар, қалай жұмсартамыз, маған қараңдар!
- Ермексазды екі қолымызбен алақан арасына қыса отырып, барынша әдемі дөңгелек жасауға тырысамыз.
- Дұрыс жасап жатырсыңдар, бар ынтамыз қолымыздағы ермексазда болады.
- Жарайсыңдар, дөңгелектерің әдемі болды!
- Балалар, арасында тақтадағы ғаламшардың суретіне де қарап қойыңдар.

- Енді, балалар, домалақ ғаламшарды тақтаға қарай отырып, басқа түрлі-түсті ермексаздан аздан алып жапсырамыз.
- Балалар, алдарыңдағы ғаламшарда қандай түстер бар? Қызыл, сары, жасыл.
- Ғаламшарда көп түстер бар екен.
- Тақтадағы ғаламшарға қарай отырып, сондай түстерден аздан алып, жапсырамыз.

- Балалар, сендер ересек болдыңдар, сондықтан ғаламшарды әдемі жасауға тырысамыз.
- Жарайсыңдар, ғаламшар дайын болды!
- Енді, балалар, бізге не дайындау керек?
- Ғаламшарды әрлейтін түрлі-түсті кішкентай ермексазды дайындауымыз керек екен.
- Ол үшін тағы да ғаламшарға керек түстен кесіп аламыз, енді сол түстерді ғаламшар бояуына ұқсатып, майдалап жағамыз.
- Тамаша, балалар!

2.3. Шығармашылық әрекет

- Балалар, ғаламшардың домалағын жасап болдық.
- Енді, біз кішкентай таяқшалармен теңіздер мен мемлекетті әрлейміз.
- Алдымен дайын домалаққа нені жапсырамыз?
- Дайындаған түрлі-түсті ермексазымызды жапсырамыз.
- Ол үшін тақтайшаның үстіне ғаламшарды жатқызып, түрлі-түсті ермексазымызды жағамыз.

- Балалар, ғаламшарды әрлеу үшін тақтадағы суретке қараймыз.
- Балалар, тақтадағы суретке және менің көрсетіп жатқан жапсыру тәсіліме мұқият қарап алыңдар. Ғаламшардың ермексазының дұрыс қиылысуына көңіл бөлеміз.
- Жалпы ғаламшар жасалып бітті, енді ғаламшардың сыртындағы бос жерлерді тексеріп, әшекейлейміз.
- Ол үшін өздерің дайындаған түрлі-түсті ермексаз бар, соларды пайдаланамыз.
- Балалар, майда ермексазды назардан қалдырмаймыз, сәл ғана жұқалап жақсаңдар жетеді.
- Міне, балалар, ғаламшар да дайын болды.
- Кәне, ғаламшарларыңды жоғары көтеріп, көрсетіңдерші?
- Қандай әдемі ғаламшар! Тобымыз риза болатын болды.

2.4. «Не қайда өседі» дидақтикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін кеңейту; заттар арасындағы кеңістік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту; өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру. Балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту.
Ойын көрнекілігі: бау мен бақшаның, жеміс пен көкөністердің суреті
Ойынның шарты: бау мен бақша салынған суреттерге жеміс пен көкөністердің суретін ретімен орналастыру.

2.5. Пысықтау сұрақтары

- Балалар, бүгін біз не дайындадық?
- Ғаламшарды неден дайындадық?
- Ғаламшарды дайындау үшін қандай пішін дайындадық?
- Ол пішінді қандай тәсілмен дайындадық?
- Ғаламшардың бөліктерін қалай әрледік?
- Ғаламшар дегеніміз не?
- Ғаламшар неге айналады?
- Ғаламшарды немен жасадық?
- Майда жағу тәсілі қалай орындалады?
- Ермексаздан түрлі түстерді қалай жасадық?

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балаларға ризашылығын білдіріп:
- Балалар, ғаламшарды керемет жасадыңдар!
- Сендердің ғаламшарларыңды топқа қойып қоятын болдық, басқа балалар да көріп, қатты қуанатын болды.
- Жақсы, балалар, бүгінгі шығармашылықтарыңа көп рақмет, сау болыңдар.

«Шаңырақ»

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды түрлі-түсті қағаздарды әртүрлі түспен бөліктеп қию арқылы шаңырақ жасауға үйрету; жапсыруға деген қызығушылықтары мен жағымды қарым-қатынасын қалыптастыру.

Сөздік жұмыс

"Бөліктеп қию", "майдалап қию", "шаңырақ", "таяқшалар", "жолақшалар", "әшекейлеу" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Шаттық шеңбері, түсіндіру, көрсету, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, тәжірибелік әрекет, шығармашылық әрекет, пысықтау, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, картоннан жасалған дөңгелек, қайшы, түрлі-түсті қағаз, желім-қарындаш, тақтайша, майлық, ұзын жолақтар, отбасы суреттері

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға картоннан жасалған дөңгелек, қайшы, түрлі-түсті қағаз, желім-қарындаш, тақтайша, майлық, ұзын жолақтар

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері
Педагог балалардың назарын өзіне аударып:
- Балалар, бәріміз үлкен әдемі шеңбер жасайықшы?!
- Балалар, көңіл-күйлерің қалай? Өз отбасы, өз шаңырақтарыңда қалай дем алдыңдар?
- Олай болса, өз шаңырағымызға шаттанып, ризашылығымызды білдірейікші!
- Шаңырақтан арайлы (қолдарын жоғары көтереді),

- Күн сәулесі тарайды (қол білезіктерін айналдырады)
- Бақыт сыйлап біздерге (алақандарын жанына жіберіп жаяды),
- Мейіріммен қарайды! (орындарында тұрып, айналады)
- Бір шаңырақ астында (қолдарын жоғары көтереді),
- Қол ұстасып жүреміз (қолдарымен ирек жасайды).
- Отбасыма жетпейді (қолдармен күн бейнесін көрсетеді),
- Барлық байлық салмақты! (иіліп, тәжім етеді)
- Жарайсыңдар, балалар!

1.2. Педагог:
- Балалар, біз өз шаңырағымызды жақсы көргендіктен сол отбасы мүшелеріне арнап жақсы сыйлықтар бергіміз келеді, солай ма?
- Олай болса, бүгін біз шаңырақ жасап, сол отбасы мүшелеріне тарту етсек, қалай қарайсыңдар?
- Балалар, отбасы мүшелерінің барлығына бірдей шаңырақ тарту етіп, үлгере алмаймыз.
- Сондықтан шаңырақты әркім өз отбасына арнап жасасақ болады?
- Балалар, шаңырақ бәрімізге керек, солай ма?
- Жарайсыңдар, шаңырақты отбасына арнап жасаймыз.
- Балалар, неге шаңырақты отбасына жасайық деп шештіңдер?
- Себебі, әр отбасы бір қара шаңырақ болады, солай ма?

- Балалар, тақтаға қараңдаршы? Ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Шаңырақ екен. Өз отбасың үшін осындай шаңырақты қалай жасамайсың?!
- Олай болса, балалар, отбасымызға арналған шаңырақ жасайық.

1.3. Педагог балалардың назарын тақтаға аударады:
- Балалар, тақтадағы суретке қарайықшы?

- Балалар, ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Балалар, біз отбасымызға арнап, осындай шаңырақ жасап үйренуіміз керек!
- Шаңырақтың айналасы қалай әрленген екен?
- Әдемі шашақтармен әрленген екен.
- Балалар, енді алдымыздағы заттарымызды тексеріп алайық, бәрің де керекті құралдар түгел ме?
- Олай болса, алдарымыздағы картоннан жасалған дөңгелек пен жолақтарды аламыз, шаңыраққа ұқсайтын дөңгелектің айналасына ұқыптап, жолақшаларды біртіндеп жапсырамыз.
- Балалар, қолымыздағы шаңырақ қандай пішінге ұқсайды?
- Енді, балалар, жапсыруға кіріспес бұрын саусақтарымыз бен қолдарымызды біраз қимылдатып алайықшы?!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Сергіту сәті "Шаңырақ"
- Балалар, орнымыздан тұрайық, біраз сергіп алайық!
- Бір шаңырақ астында (саусақтарының басын дөңгелектейді),
- Өмір сүріп жатырмыз (қол білезіктерін айналдырады).
- Ашық аспан астында (қолдарын жоғары көтереді),
- Бақыттымыз бәріміз (қол білезіктерін айналдырады).
- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. Тәжірибелік әрекет

- Балалар, енді қолымызға дөңгелекті алып, жаңағы жолақшаларды жапсырып шығамыз.
- Ол үшін, балалар, жолақшаларды қалай жапсырамыз, маған қараңдар!
- Шаңырақтың дөңгелегі төрт бөлікке бөлінеді, сол төрт бөлікке тең болатындай жолақшаларды санап аламыз.
- Дұрыс санап жатырсыңдар, бар ынтамыз қолымыздағы дөңгелекте болады.
- Жарайсыңдар, санап болдыңдар ма?
- Балалар, арасында тақтадағы шаңырақтың суретіне де қарап қойыңдар.

- Енді, балалар, қолдарыңдағы жолақшаларың жетпей қалса, алдымыздағы түрлі-түсті қағаздан жолақша қиямыз.
- Балалар, алдарыңда қандай түсті қағаздар бар? Қызыл, сары, жасыл.
- Енді өздерің жолақшаны қай түстен жасағыларың келеді, сол қағаздан жолақша қиямыз.
- Балалар, жолақшаны қалай қиямыз, маған қараймыз?
- Түрлі-түсті қағаздарыңның боялмаған келесі бетінде қарындашпен сызылған жолақша іздер бар, сол ізбен жолақшаны ұқыптап қиямыз.
- Балалар, сендер ересек болдыңдар, сондықтан әдемі қиюға тырысамыз.
- Жарайсыңдар, жолақшалар дайын болды!
- Енді, балалар, бізге не дайындау керек?
- Шаңырақтың дөңгелегін жолақшалармен толықтыру керек.
- Ол үшін тағы да өзімізге ұнаған түстен жолақша қиямыз, енді сол жолақшаларды дөңгелекке жапсырамыз.
- Тамаша, балалар!

2.4. "Өзі және отбасы" дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балаларға отбасындағы қарым-қатынас мәдениеті туралы түсінік беру; бақытты жанұяның қандай болу керектігін кеңірек түсіндіру; жанұядағы сыйластыққа, адамгершілікке, инабаттылыққа, ынтымақ пен бірлікке, татулық пен ұйымшылдыққа тәрбиелеу; үлкенді үлгі, кішіні мақтан етуге, отбасының бірлігін сақтап, жанұяның мақтаны болу сезімін қалыптастыру.

Ойынның шарты: отбасы суреттері бойынша әңгіме жүргізу.

- Бір үйде біз нешеуміз?
- Бір үйде біз бесеуміз.
- Бір үйде біз нешеуміз?
- Бір үйде біз бесеуміз.
- Анам, әкем, апам, атам және мен.
- Бір үйде біз нешеуміз?

Бір үйде біз бесеуміз. Балалар санамақты тыңдап, педагогтің артынан қайталайды. Саусақтарымен санап көрсету арқылы санамақты қайталайды.

Санамақта ата, апа, аға, әпке, бауыр туралы айтылған. Осы айтылғандардың бәрін отбасы деп атаймыз.

Отбасындағы ата мен әже, ата-баба болып келеді, әкең мен шешең, ата-ана. Ал әпке, аға, ата-ана, балалар отбасының мүшелері болады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балаларға ризашылығын білдіріп:

- Балалар, отбасымызға арналған шаңырақты керемет жасадыңдар!

- Үйге барғанда отбасыларыңа апарып берсеңдер, қатты қуанатын болды.
- Тамаша, балалар, бүгінгі шығармашылықтарыңа көп рақмет, сау болыңдар.

«Дала гүлдері»

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды дала гүлдерімен таныстыру; түрлі-түсті қағаз арқылы дала гүлдерін құрастырып жапсыруға үйрету; дала гүлдерін жапсыруға деген қызығушылықтарын қалыптастыру.

Сөздік жұмыс

"Жолақша", "бүктеу", "бүгу", "сары дөңгелек" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Шаттық шеңбері, түсіндіру, көрсету, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, тәжірибелік әрекет, шығармашылық әрекет, пысықтау, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, ақ қағаз, қайшы, түрлі-түсті қағаз, желім-қарындаш, тақтайша, майлық, дала және бөлме гүлдері суреттері

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға ақ қағаз, қайшы, түрлі-түсті қағаз, желім-қарындаш, тақтайша, майлық

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері
Педагог балалардың назарын өзіне аударып:
- Балалар, бәріміз үлкен әдемі шеңбер жасайықшы?!
- Балалар, көңіл-күйлерің қалай? Табиғатпен бірге сендер де гүлдей жайнап тұрсыңдар ғой!
- Олай болса, көктемге шаттанып, ризашылығымызды білдірейікші!
- Гүлденеді табиғат (қолдарын жоғары көтереді),
- Төгіп нұрын шапағат (қол білезіктерін айналдырады)
- Көздің жауын алады (алақандарын жанына жіберіп жаяды),
- Гүлдей жайнап атырап! (орындарында тұрып, айналады)
- Жайнап дала гүлдері (қолдарын жоғары көтереді),
- Биыл ерте гүлдеді (қолдарымен ирек жасайды).
- Жұлуға да қимайсың (қолдармен күн бейнесін көрсетеді),
- Сұлу, әсем гүлдерді! (иіліп, тәжім етеді)
- Жарайсыңдар, балалар!

1.2. Педагог:
- Балалар, біз табиғатты жақсы көреміз, солай ма?
- Олай болса, бүгін біз табиғатқа арнап, гүл жасасақ, қалай қарайсыңдар?
- Балалар, гүлді кімге сыйға бергілерің келеді?
- Сондықтан гүлді кімге арнап жасасақ болады?
- Жарайсыңдар, гүлді өзімізге арнап жасаймыз.
- Балалар, неге гүлді алдымен өзімізге жасайық деп шештіңдер?
- Себебі, адамдар алдымен өзін жақсы көруі керек, солай ма?

- Балалар, тақтаға қараңдаршы? Ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Қандай тамаша гүлдер! Осындай гүлді өзімізге арнап жасайықшы?!
- Олай болса, балалар, гүл жасауға кірісеміз.

1.3. Педагог балалардың назарын тақтаға аударады:
- Балалар, тақтадағы суретке қарайықшы?

- Балалар, ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Балалар, біз өзімізге арнап, осындай гүлдер жасап үйренуіміз керек!
- Гүлдер неден жасалған екен?
- Қағаздан жасалған екен.
- Балалар, енді алдымыздағы заттарымызды тексеріп алайық, бәрің де керекті құралдар түгел ме?
- Олай болса, ақ қағазды аламыз, ол жерге қағаздан қиып, дайындаған гүлдерімізді жапсырамыз.
- Балалар, гүлдердің пішіні қандай? Әртүрлі болады екен.
- Енді, балалар, жапсыруға кіріспес бұрын саусақтарымыз бен қолдарымызды біраз қимылдатып алайықшы?!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Сергіту сәті "Гүлдер"
- Балалар, орындарымыздан тұрып, біраз сергіп алайық!
- Жайнап дала гүлдері (қол білезіктерін айналдырады),
- Биыл ерте гүлдеді (саусақ бастарын қимылдатады).
- Қырға шығып қайтайық (орындарында тұрып, адымдайды),
- Жұлмай, әсем гүлдерді (қол білезіктерін айналдырады).
- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. Тәжірибелік әрекет
- Балалар, енді қолымызға қайшыны алып, түрлі-түсті қағаздан гүл жасайтын жіңішке жолақшаларды қолымыз үйренгенше қиямыз.
- Ол үшін, балалар, жолақшаны қалай қиямыз, маған қараңдар!
- Қағазды сол қолымызбен, ал қайшыны оң қолымызбен ұстап, мүмкіндігінше жиі жолақша жасауға тырысамыз.
- Дұрыс қиып жатырсыңдар, бар ынтамыз қолымыздағы қайшы мен қағазда болады.
- Жарайсыңдар, жолақшаларың әдемі болды!
- Балалар, арасында тақтадағы гүлдердің суретіне де қарап қойыңдар.

- Енді, балалар, жаңағы жолақшаны жоғары, бөлек қойыңдар, мүмкін керек болып қалады, енді алдымыздағы түрлі-түсті қағаздан тағы да жолақша қиямыз.
- Балалар, алдарыңда қандай түсті қағаздар бар? Қызыл, сары, жасыл.
- Енді өздерің жолақшаны қай түстен жасағыларың келеді, сол қағаздан жолақша қиямыз.
- Балалар, жолақшаны қалай қиямыз, маған қараймыз?
- Түрлі-түсті қағаздарыңның боялмаған келесі бетінде қарындашпен сызылған жолақша іздер бар, сол ізбен жолақшаны ұқыптап қиямыз.
- Балалар, сендер ересек болдыңдар, сондықтан әдемі қиюға тырысамыз.
- Жарайсыңдар, жолақшалар дайын болды!
- Енді, балалар, бізге не дайындау керек?
- Гүлдің ортасына жапсыратын сары түсті кішкентай дөңгелектер керек екен.
- Ол үшін тағы да сары түстен дөңгелек қиямыз, қағаздың боялмаған жағында дөңгелектің суреті бар, соны қиямыз.
- Тамаша, балалар!

2.3. Шығармашылық әрекет
- Балалар, қайшымен жұмыс жасап болдық, қайшыны орнына қоямыз.
- Енді, біз желім-қарындашпен жұмыс істейміз.
- Алдымен дайын жолақшаны қалай жапсырамыз?

- Дайындаған жолақшаларымызды сары дөңгелекке екі жағынан қосып, жапсырамыз.
- Ол үшін тақтайшаның үстіндегі жолақшаларымыздың шет жағына желім жағамыз.

- Балалар, жолақшаларды қалай жапсыру үшін тақтадағы суретке қараймыз.
- Жолақшаларды сары дөңгелекке екі жағынан қосып, ұзыннан жапсырамыз.
- Балалар, тақтадағы суретке және менің көрсетіп жатқан жапсыру тәсіліме мұқият қарап алыңдар. Жолақшаларды сары дөңгелекке ұзыннан жапсырғанда бұрыш жақтарының дұрыс қиылысуына көңіл бөлеміз.
- Жолақшалар жапсырылып бітті, енді жолақшалардың біріккен жеріне әдемі болу үшін үстінен сары дөңгелекті жапсырамыз.
- Ол үшін өздерің дайындаған сары дөңгелек бар, соларды пайдаланамыз.
- Балалар, сары дөңгелекке желімді қою жақпаймыз, сәл ғана жұқалап жақсаңдар жетеді.
- Міне, балалар, өзімізге арналған гүлдер дайын болды.
- Кәне, гүлдеріңді жоғары көтеріп, көрсетіңдерші?
- Тамаша гүлдер! Жарайсыңдар!

2.4. «Гүлдерді күтеміз» дидактикалық ойыны
Ойынның мақсаты: балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни, суару, қопсыту дағдыларын қалыптастыру; гүлдердің түрлерін (көпжылдық, біржылдық, пияз тұқымдас, шөптекті, тұқымдас гүлдерді) ажырата білуге үйрету; гүлдер сұлулық белгісі екенін, оларды күтіп-баптап, қамқорлыққа алу керектігін түсіндіру.
Ойынның шарты: гүлдерді екіге бөлу, дала гүлдерін газонның қасына іліп, ал бөлме гүлдерін үйдің қасына қою, суреттер бойынша әңгіме құрастыру.

2.5. Пысықтау сұрақтары
- Балалар, бүгін біз өзімізге арнап не дайындадық?
- Гүлді неден дайындадық?
- Гүл жасау үшін қандай пішін дайындадық?
- Ол пішінді қандай тәсілмен дайындадық?
- Гүлдің ортасын қалай әрледік?
- Жолақшаларды қалай жапсырдық?
- Жолақшаларды немен жапсырдық?
- Жолақшаларды гүл жасау үшін қалай жасадық?
- Жолақшалардың ортасына не жапсырдық?
- Дөңгелектерді қалай жапсырдық?

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балаларға ризашылығын білдіріп:
- Балалар, өзімізге арналған гүлдерді керемет жасадыңдар!
- Өздеріңе жасаған гүлдерің ұнады ма?
- Жарайсыңдар, балалар, бүгінгі шығармашылықтарыңа көп рақмет, сау болыңдар.

«Күннің көзі»

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды сары түсті қағазды түйіршіктеу әдісімен таныстыру; сары түсті қағазды түйіршіктеу арқылы күннің көзін жасауға үйрету; жапсыруға деген қызығушылықтары мен жағымды қарым-қатынасын қалыптастыру.

Сөздік жұмыс

"Жұлу", "түйіршіктеу", "майдалау", "жапсыру" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Психологиялық ахуал, түсіндіру, көрсету, түйіршіктеу, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, тәжірибелік әрекет, шығармашылық әрекет, пысықтау, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, ақ қағаз, қайшы, түрлі-түсті қағаз, желім-қарындаш, тақтайша, майлық, сандық, түрлі-тісті асықтар, тапсырмалар жазылған конверт

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға ақ қағаз, қайшы, түрлі-түсті қағаз, желім-қарындаш, тақтайша, майлық

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Психологиялық ахуал
- Балалар, бәріміздің көңіл-күйіміз көтеріңкі, жайдары жаз келді. Ендеше қол ұстасып, бір-бірімізге жақсы көңіл-күй мен саулық тілейік!
- Кел, балалар, ойнайық!
- Ойнайық та ойлайық!
- Қандай реніш болса да!
- Күлкімізге тоймайық!
- Жайдары біздің жанымыз,
- Көңілді көкте әніміз!
- Жайнап жазбен жалғасты,
- Кіріп біздің сәніміз!
- Жарайсыңдар, балалар!

1.2. Педагог:
- Балалар, жадырап жаз да келді, солай ма?
- Жазда дем алуға, қыдыруға көп мүмкіндіктер бар.
- Олай болса, бүгін біз жайдары жазға арнап, күн жасасақ, қалай қарайсыңдар?
- Балалар, аспандағы күн бәрімізге ортақ, солай ма?
- Сондықтан күнді өзімізге арнап жасасақ та болады?
- Балалар, күн бәрімізге керек, солай ма?
- Жарайсыңдар, әрқашан күн сөнбесін деп, өзімізге арнап жасаймыз.

- Балалар, тақтаға қараңдаршы? Ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Тамаша күн! Осындай күн мәңгілік жарқырап тұрсын деп, күн жасайық?!

1.3. Педагог балалардың назарын тақтаға аударады:
- Балалар, тақтадағы суретке қарайықшы?

- Балалар, ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Балалар, біз осындай әдемі күнді жасап үйренуіміз керек!
- Әдемі күнді қалай жасаймыз?
- Сары қағазды түйіршіктеп жасаймыз.
- Балалар, енді алдымыздағы заттарымызды тексеріп алайық, бәрің де керекті құралдар түгел ме?
- Олай болса, ақ қағазды аламыз, енді сары қағазды түйіршіктеуге дайындаймыз.
- Енді, балалар, түйіршіктеуге кіріспес бұрын саусақтарымыз бен қолдарымызды біраз қимылдатып алайықшы?!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Сергіту сәті "Күн"
- Балалар, орындарымыздан тұрып, біраз сергіп алайық!
- Жарқыраса күніміз (қолдарын жоғары көтереді),
- Жарқын біздің үніміз! (қол білезіктерін айналдырады)
- Тек сөнбесін ешқашан (қолдарын жанына жібереді),
- Мәңгі жансын күніміз! (қол білезіктерін айналдырады).
- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. Тәжірибелік әрекет
- Балалар, енді қолымызға сары қағазды алып, екі саусағымыздың басымен жұлып шығамыз.
- Ол үшін, балалар, қалай жұламыз, маған қараңдар!
- Енді сол және оң қолымызбен жұлынған қағазды түйіршіктейміз.
- Дұрыс түйіршіктеп жатырсыңдар, бар ынтамыз қолымыздағы қағазда болады.
- Жарайсыңдар, түйіршіктерің әдемі болды!
- Балалар, арасында тақтадағы күннің суретіне де қарап қойыңдар.

- Енді, балалар, түйіршіктелген қағазды бөлек қойыңдар, енді алдымыздағы түрлі-түсті қағазды аламыз.
- Балалар, күннің артындағы аяның (фонның) түсі қандай?
- Енді өздерің аяның түсіне сәйкес қағаздан ірек қиямыз.
- Балалар, иректі қалай қиямыз, маған қараймыз?
- Түрлі-түсті қағаздарыңның боялмаған келесі бетінде қарындашпен сызылған ирек іздер бар, сол ізбен иректі ұқыптап қиямыз.
- Балалар, сендер ересек болдыңдар, сондықтан әдемі қиюға тырысамыз.
- Жарайсыңдар, иректер дайын болды!
- Енді, балалар, бізге не дайындау керек?
- Қолдарыңдағы гүлдерді ақ қағазға жапсырамыз, суретке қараңдар, қалай жапсыру керек екенін қараңдар.
- Балалар, жасыл қағаздан шалғын қиямыз, енді сол шалғынды ақ қағазға жапсырамыз.
- Тамаша, балалар!

2.3. Шығармашылық әрекет
- Балалар, қайшымен жұмыс жасап болдық, қайшыны орнына қоямыз.
- Енді, біз желім-қарындашпен жаңағы дайындағандарымызды жапсырамыз.
- Алдымен дайын ирек пен шалғынды жапсырамыз, содан кейін гүлдерді жапсырамыз.
- Бұлар дайын болды, енді күн жасауға кірісеміз.

- Балалар, күнге түйіршіктерді жапсыру үшін тақтадағы суретке қараймыз.
- Түйіршіктерді жапсыру үшін күннің орнына желім-қарындашты жағып аламыз, енді

түйіршіктерді біртіндеп желімнің үстіне жапсырамыз.
- Балалар, тақтадағы суретке және менің көрсетіп жатқан жапсыру тәсіліме мұқият қарап алыңдар. Түйіршіктерді ұзына бойы жапсырғанда бұрыш жақтарының дұрыс қиылысуына көңіл бөлеміз.
- Түйіршіктер жапсырылып бітті, енді тексереміз, бос жерлер қалып қойған жоқ па екен.
- Балалар, түйіршіктерге желімді жақпаймыз, сол жабыстыратын жерге ғана жұқалап жақсаңдар жетеді.
- Міне, балалар, күніміз де дайын болды.
- Кәне, күндеріңді жоғары көтеріп, көрсетіңдерші?
- Қандай әдемі күн болды!

2.4. «Сандық» дидактикалық ойын
Ойынның мақсаты: балаларды берілген тапсырманы ойлана отырып шешуге баулу; ойын шартын түсініп, ондағы мақал-мәтел, жұмбақты дұрыс, анық айтуға үйрету; балалардың сөздік қорын молайтып, тапсырманы орындауда достық, жолдастыққа тәрбиелеу.
Ойынның көрнекілігі: сандық, түрлі-тісті асықтар, тапсырмалар жазылған конверт.
Ойынның барысы: сандық ішіне салынған түрлі-түсті асықтар. Асықтар қызыл, жасыл, сары түске боялған. Әр түске берілетін тапсырмалар әртүрлі. Ол тапсырмалар конвертке салынады: жасыл асық алған бала - жұмбақ жасырады, сары түсті алған бала - мақал-мәтел айтады, қызыл түсті алған бала тақпақ айтады.

2.5. Пысықтау сұрақтары
- Балалар, бүгін біз не дайындадық?
- Күнді неден дайындадық?
- Күннің аясын жасау үшін қандай пішіндер дайындадық?
- Ол пішінді қандай тәсілмен дайындадық?
- Күннің ішін қалай әрледік?
- Түйіршіктеу дегеніміз не?
- Түйіршіктерді қалай жасадық?
- Немен жасадық?
- Түйіршіктерді қалай жапсырдық?

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балаларға:
- Балалар, жасаған күндерің тамаша болды!
- Енді осындай күннің астында бақытты өмір сүрейік деп тілейік!
- Жазда қайда барып дем аласыңдар?
- Жақсылап тынығып, шынығып, күзге дейін күш жинап келіңдер!
- Балалар, бүгінгі шығармашылықтарыңа көп рақмет, сау болыңдар.

Ғажайып сандық

Оқу қызметінің мақсаты
Балаларда геометриялық пішіндерді: дөңгелек, шаршы және үшбұрышты тану және атау; геометриялық пішіндерді бір-бірінен ажырата білу дағдыларын дамыту; пішіндерді сипап-сезу және

көру тәсілдерімен зерттеу; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын ояту.

Сөздік жұмыс
"Дөңгелек", "Шаршы", "Үшбұрыш", "Геометриялық пішіндер" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер
Шаттық шеңбері, ғажайып сәт, геометриялық пішіндердің моделін көрсету, сұрақ-жауап, "Ғажайып қап", "Геометриялық мозаика" дидактикалық ойыны, сергіту сәті, оқу қызметін пысықтау, "Жүректен жүрекке" шеңбері.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР
Сандық, қағаздан жасалған геометриялық пішіндер: дөңгелек, үшбұрыш, шаршы модельдері, "Сәлем" бейнежазбасы, геометриялық пішіндерден құралған суреттер.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР
Бала санына байланысты қағаздан жасалған геометриялық пішіндері бар қап, геометриялық пішіндер, пішіндер салынған қағаз, қалам.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері.
Шақырамын сендерді,
Жолдастарым кел бері
Толтырайық шаттыққа,
Дөгеленген шеңберді.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог балалардың назарын өзіне аударып:
- Балалар, бұл қандай пішін?

- Дөңгелек неге ұқсайды? Допқа ұқсайды және көліктің дөңгелектеріне ұқсайды. Солай емес пе? Иә.
Педагог қасына бір баланы шақырып:
- Арман, келе ғой. Қарашы дөңгелек домалайды ма? Иә, дөңгелек домалайды. Дұрыс айтасың.
Бала қолына қағаздан жасалған дөңгелектің моделін алып домалатады.
- Жақсы, орнына барып отыра ғой.
- Ал, бұл қандай пішін? Бұл үшбұрыш.

- Майра, үшбұрыштың неше бұрышы бар? Санайықшы. 1,2,3. Иә, үшбұрыштың үш бұрышы бар.
- Балалар, үшбұрыш домалай алады ма? Үшбұрыш домалай алмайды.
- Майра, үшбұрышты қолына алып сипап, сезіп көрші.
- Үшбұрыштың бұрыштары қандай? Өткір.
- Үшбұрышты неге домалата алмаймыз? Себебі үшбұрыштың бұрыштары домалауға бөгет жасайды.
- Жақсы. Жарайсың! Орнына барып отыра ғой.

- Менің қасыма Аслан келеді. Келе ғой.
- Аслан бұл қандай пішін? Шаршы.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Балалар, бүгін қандай геометриялық пішіндер туралы сөйлестік? Дөңгелек, үшбұрыш, шаршы.
- Дөңгелек неге ұқсайды? Допқа ұқсайды және көліктің дөңгелектеріне ұқсайды.
- Дөңгелек домалайды ма? Иә, дөңгелек домалайды.
- Үшбұрыштың неше бұрышы бар? Үш бұрышы бар.
- Үшбұрышты неге домалата алмаймыз? Себебі үшбұрыштың бұрыштары домалауға бөгет жасайды.
- Тағы қандай пішін туралы сөйлестік? Шаршы туралы сөйлестік.
- Жақсы. Шаршы неге ұқсайды? Терезеге, үйге ұқсайды. Дұрыс.
- Жарайсыңдар, балалар! Бүгінгі оқу қызметіне де белсенді қатыстыңдар!

"Жүректен жүрекке" шеңбері.
- Бір-бірлеріңнің қолдарыңнан ұстап, ризашылық әнімізді айтайық.
Ризамын, ризамын, ризамын бүгінге!
Ризамын, ризамын, ризамын қазірге!

Шеңберге тұрып, бәрі бірге айтады.

Қызыл телпекке көмектесейік.

Оқу қызметінің мақсаты
Балаларда геометриялық пішіндер туралы білімдерін толықтыру; 1-ден 5-ке дейінгі сандарды тура және кері санау дағдыларын дамыту; логикалық ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін, қол моторикасын жетілдіру; адамгершілікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс
"Қасқыр", "Аю", "Түлкі", "Геометриялық пішіндер", "Дөңгелек", "Шаршы", "Үшбұрыш", "Сандар", "Тура санаймыз", "Кері санаймыз" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер
Шаттық шеңбері, ғажайып сәт, әңгімелесу, "Ғажайып қап", "Дәл осындай пішінді тап", "Санды санау", "Сиқырлы пішіндер" дидактикалық ойындары, сергіту сәті, кейіпкермен қоштасу, оқу қызметін пысықтау, "Жүректен жүрекке" шеңбері.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР
Кейіпкер: Қызыл телпек, қасқыр, аю, түлкі, геометриялық пішіндер бейнеленген карточкалар, 1-ден 5-ке дейінгі сандар.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР
Бала санына байланысты қағаздан жасалған геометриялық пішіндері бар қап, геометриялық пішіндер бейнеленген карточкалар, геометриялық пішіндер.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері.
Арайлап таң атты,
Алтын сәуле таратты.
Жарқырады күніміз.
Жарқырайды даламыз.
Қайырлы таң,
Қайырлы күн, балалар!

Педагог қонаққа Қызыл телпектің келгенін айтады.
- Балалар, Қызыл телпекпен амандасайық. Сәлеметсің бе, Қызыл телпек!
- Қызыл телпекпен бірге саяхатқа шығуға қалай қарайсыңдар? Балалар қызығушылық танытады.
- Балалар, Қызыл телпек апасына өзі пісірген бәліштерін апару керектігін айтып жатыр.
- Ал, Қызыл телпектің апасы қайда тұрады? Орманның екінші жағында тұрады. Иә.
- Ал, орманда жануарлар мекен етеді.
- Біз, Қызыл телпекке жолдағы кедергілерден өтуге көмектесеміз бе? Балалар қуана келіседі.
Педагог балаларға әрбір ормандағы ағаштың түбінде аңдардың отырғанын ескертіп, тапсырманы орындағанда кедергіден өтетінін айтады.

2.3. Сергіту сәті.
Сыңғыр, сыңғыр, сыңғырлар,
Құлағымда сырғалар.
Оң қолымда білезік,
Сол қолымда білезік.
Саусақтарда сақина,
1, 2, 3, 4, 5.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Қызыл телпек кедергілерден өтіп, апасына жетеді.

- Міне, балалар Қызыл телпек өзінің апасымен кездесті.
- Қызыл Телпек кедергілерден сендердің көмегімен өткеніне, сендерге алғыс білдіріп жатыр.
- Қане, балалар. Қызыл телпекпен қоштасайық. Сау бол, Қызыл телпек!
- Бүгінгі оқу қызметінде біз не істедік? Қызыл телпекпен бірге жануарлардың тапсырмаларын орындадық.
- Қандай тапсырмаларды орындадық? Балалардың еркін жауаптары.
- Жақсы, жарайсыңдар, балалар!

"Жүректен жүрекке" шеңбері.
"Жылы сөз"
Жүректен шыққан жылы сөз,
Жүрекке барып жетеді.
Жылы сөзден дос жүрегі,
Мейірімге толып кетеді.

Алан ертең сапарға шығады.

Оқу қызметінің мақсаты
Балаларда уақытты бағдарлай алу; "кеше", "бүгін", "ертең" ұғымдарын түсіндіре отырып, оларды ажырата білу дағдыларын дамыту; тәулік бөліктері туралы білімдерін жетілдіре отырып, оқу қызметіне деген қызығушылықтарын ояту; логикалық ойлау қабілеттерін, зейіндерін жетілдіру.

Сөздік жұмыс
"Скафандр", "Ғарышкерлер мерекесі", "Кеше", "Бүгін", "Ертең", "Дүйсенбі", "Сейсенбі", "Сәрсенбі", "Бейсенбі", "Жұма", "Сенбі", "Жексенбі", "Таңертең", "Күндіз", "Кеш", "Түн" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер
Көркем сөз, ғажайып сәт, интербелсенді тақтадан сюжетті суреттер көрсету, дидактикалық ойындар "Бұл қай кезде болады?", "Сиқырлы доп", суретпен жұмыс, сергіту сәті, кейіпкермен қоштасу, оқу қызметін пысықтау, "Жүректен жүрекке" шеңбері.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР
Кейіпкер: скафандр киген Алан, ғарыш туралы сурет, сурет салып тұрған, балабақшаға және зообаққа бара жатқан Алан суреттері, "Апта күндері" бейнежазбасы, доп.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР
Бала санына байланысты төрт бөлікке бөлінген, тәулік бөліктерін білдіретін дөңгелектер, тәулік бөліктерін білдіретін сюжетті суреттер, ағаштың суретін салынған қағаздар, қарындаштар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Көркем сөз.
Көкке ұшамын -
Ұшқыш болар баламын.

Соңына ерем
Ер ғарышкер ағаның.
(Тұманбай Молдағалиев

- Балалар, қазір көктем мезгілінің нешінші айы? Екінші айы.
- Осы ай қалай аталады? Сәуір айы деп аталады.
- Балалар, сәуір айында бір мереке бар. Ол-ғарышкерлер мерекесі.

2 Ғажайып сәт.
Педагог балаларға топқа қонақ келгенін айтады.
- Қараңдаршы, топқа Алан келіпті.
- Ол не киіп алған? Скафандр киіп алыпты.
- Балалар, не себепті Алан скафандр киіп алды деп ойлайсыңдар? Балалардың еркін жауаптары.
Педагог балалардың жауабын толықтыра келе:
- Иә, балалар. Алан ғарышкер болғысы келеді екен.
- Бірақ, ең бірінші ғарышқа ұшу үшін Алан балабақшада алған білімін толықтыру керек.
- Балалар, Аланға білімін толықтыру үшін, сонымен қатар өзіміздің де білімімізді толықтыруға көмектесеміз бе? Балалар қуана келіседі.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Балалар, бүгінгі оқу қызметіне барлықтарын белсене қатыстыңдар! Жарайсыңдар!
- Алан сендерге алғыс білдіріп жатыр. Қане, барлығымыз Аланмен қоштасайық. Сау бол!
- Балалар, бүгінгі оқу қызметіміз қандай тақырыпта болды? Уақыт туралы болды.
- Сендер қандай ұғымдарды білесіңдер? "Кеше", "бүгін", "ертең" ұғымдарын білесіңдер. Иә. Тамаша!
- Қане, барлығымыз шеңберге тұрайық.

Қоян балабақшаға барамыз

"Жүректен жүрекке" шеңбері.
"Достар"
Достар бірге жүреміз,
Бірге ойнаймыз,күлеміз.
Бірге балық аулаймыз,
Міне,біздер қандаймыз!

Оқу қызметінің мақсаты
Балаларды заттарды қалындығы, ұзындығы, ені бойынша салыстра білуге және салыструда "кең-тар", "ұзын-қысқа", "қалың-жұқа" сөздерін пайдалана білуге үйрету; логикалық ойлау қабілеттерін, зейіндерін дамыту; өз беттерінше жұмыс істеуге, адамгершілікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

"Қалың", "Жұқа", "Қысқа" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер
Жұмбақ жасыру, ғажайып сәт, дидактикалық ойындар "Қоянға көмек", "Өз орнына орналастыр", "Гүлдер алаңы", кейіпкермен қоштасу, оқу қызметін пысықтау, "Жүректен жүрекке" шеңбері.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР
Кейіпкер: қоян, папка, көктем мезгіліне байланысты суреттер, "қалың-жұқа" ұғымына байланысты суреттер, қысқа, ұзын қарындаштар, көліктер, жолдың суреті, кең және тар гүл сауыттары, ұзын және қысқа сағақты гүлдер, "Көңіл-күй" бейнежазбасы.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР
Бала санына байланысты әр балаға қысқа, ұзын қарындаштар,"қалың-жұқа" ұғымына байланысты суреттер, қысқа, ұзын қарындаштар, көліктер, жолдың суреті, кең және тар гүл сауыттары, ұзын және қысқа сағақты гүлдер.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Жұмбақ жасыру.
Қар мұз еріп, су көбейіп,
Сай салаға толады.
Бүршік жарып, жарық ашып,
Гүл бәйшешек басады.
Бұл қай мезгілде болдады? (Көктем)

- Қараңдаршы, біздің топқа қоян келіп қалыпты.
- Қане, қоянмен амандасайық. Сәлеметсің бе! Балалар қоянды қуана қарсы алады, амандасады.
- Балалар, қоянда балабақшаға келгісі келеді екен. Бірақ көп нәрсені білмейді.
- Қоян сендерден көмек сұрай келіпті.
- Қоянға көмектесеміз бе? Балалар қоянға көмектесуге дайын екендерін айтады.

- Сендердің алдарында екі қарындаштың айырмашылығы неде? Түсі мен өлшемінде.
- Қай қарындаш ұзындау екенін қалай білуге болады? Қарындаштарды бір-бірімен салыстырады, ұзын-қысқа анықтайды, көк қарындаш жасыл қарындаштан ұзын, жасыл қарындаш қысқа екенін анықтайды.
Педагог балалардың жауаптарын талдайды.

2.2. - Балалар, қоянның қолындағы папкаға назар аударайықшы.
- Оның ішінде не бар екен? Балалар қызығушылық танытады.
Қоян:
- Балалар, менің қолымдағы папканың ішінде көп суреттер бар. Сол суреттерге ұзақ қарадым. Бірақ суреттегі заттардың қайсы "қалың" , қайсы "жұқа" екенін ажырата алмадым.
Педагог:
- Балалар, қоянға суреттердегі заттардың "қалың-жұқа" екенін ажыратып береміз бе? Балалар қуана келіседі.

Дидактикалық ойын: "Қоянға көмек".
Педагог әр балаға "қалың-жұқа" ұғымына байланысты суреттерді таратады. Балалар үстелдің бір жағына тек "қалың" заттар бейнеленген суреттерді, ал екінші жағына тек "жұқа" заттар бейнеленген суреттерді орналастырады. Педагог балалардың жауаптарын талдайды.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Бүгін біз не туралы айттық? Тар, кең, ұзын, қысқа, қалың, жұқа ұғымдары туралы айттық.
- Балалар, қоянның сендерге алғысы шексіз екен. Сендердің көмектерімен көп білім алғанын айтады.
- Балалар, қоянмен қоштасайық. Сау бол! Балалар қоянмен қоштасады.

"Жүректен жүрекке" шеңбері.
"Өзімді-өзім сақтаймын".
Кәнеки, шеңберге тұрып, бір-бірімізге, туыстарымызға және жер бетіндегі барлық адамдарға шын жүректен зор денсаулық тілейік.
Өзімді-өзім жақтаймын,
Денсаулықты сақтаймын.
Жүректен жылы соншама,
Тілейміз саулық баршаға!

Шеңберге тұрып, бәрі бірге айтады

Кеңістікте бағдарлауды үйренеміз

Оқу қызметінің мақсаты
Балаларда кеңістікте бағдарлай алу; өзіне тікелей жақын кеңістік бағыттарын анықтау дағдыларын дамыту; "жоғарыда", "төменде", "алыс", "жақын", "сол жақ", "оң жақ" ұғымдарын бекіту; оқу қызметіне қызығушылықтарын оята отырып, достыққа, көмек беруге тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс
"Жоғары", "Төмен", "Алыс", "Жақын", "Сол жақ", "Оң жақ" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер
Көркем сөз, ғажайып сәт, сурет көрсету, "Дала гүлдері", "Алыс-жақын" дидактикалық ойындары, сергіту сәті, суретпен жұмыс, оқу қызметін пысықтау, "Жүректен жүрекке" шеңбері.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР
Кейіпкер: Қоян, Отан қорғаушылар күніне арналған сурет, карта, сергіту сәтіне

арналған бейнежазбасы.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына байланысты карточкалар мен бақбақ және түймедақ гүлдер жиынтығы.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Көркем сөз.

"Солдат боламын"
Қаймықпаймын суықтан,
Ыстыққа мен төзімді.
Бәріне де шыныққан
Солдат болам кезінде.
(Әнуарбек Дүйсенбиев)

- Балалар, көркем сөзде не туралы айтылған? Балалардың еркін жауаптары.
- Иә, балалар. Қазір көктем мезгілінің соңғы мамыр айы.
- Мамыр айында атап өтетін бірнеше мерекелер бар. Солардың бірі- 7 мамыр Отан қорғаушылар күні.

- Балалар, біздің топқа қонақ келген секілді. Балалар қызығушылық танытады.
- Бұл Қоян екен.
- Қане, қоянмен амандасайық. Сәлеметсің бе!
- Балалар, Қоян ормандағы досына барамын деп адасып қалыпты.
- Қоянға досына баруға көмектесеміз бе? Балалар қуана келіседі.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог балаларға интербелсенді тақтадан немесе тақтадан картаның суретін көрсетеді. Қоянның досын көріп тұрсыңдар ма? Ол картаның қай жағында орналасқан? Жоғарғы жағында.
- Оң жағында ма, әлде сол жағында ма? Иә, дұрыс айтасыңдар. Сол жағында орналасқан.
- Балалар, Қоян досына бару үшін бірнеше тапсырмаларды орындау керек екен.
- Тапсырмаларды орындап, Қоянға көмектесуге дайынбыз ба? Иә! Олай болса кеттік!"

2.2. Дидактикалық ойын: "Дала гүлдері"

Педагог әр балаға карточкалар мен бақбақ және түймедақ гүлдер жиынтығын

үлестіріп береді. Педагог бақбақ гүлдерін "жоғары" және түймедақ гүлдерін "төмен" орналастыру керектігін айтады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

- Балалар, жарайсыңдар! Қоян сендерге досымен кездесуге көмектескендерін үшін алғыс білдіріп жатыр.
- Біз Қоянға не деп айтамыз? Оқасы жоқ! Тамаша!
- Балалар, қандай тапсырмаларды орындадыңдар?

Математика еліне саяхат

Жүректен жүрекке" шеңбері.

- Бір-бірлеріңнің қолдарыңнан ұстап, ризашылық әнімізді айтайық.
Ризамын, ризамын, ризамын бүгінге!
Ризамын, ризамын, ризамын қазірге!

Шеңберге тұрып, бәрі бірге айтады.

Оқу қызметінің мақсаты
Балалармен 1-5-ке дейінгі сандарды қайталау; геометриялық пішіндерді бір-бірінен ажырата білу дағдыларын дамыту; заттардың қасиеттері-пішіні, шамасы туралы түсінік қалыптастыру; заттарды биіктігі, ұзындығы, ені, қалыңдығы бойынша салыстыру іскерліктерін жетілдіру; оқу қызметін пысықтау.

Сөздік жұмыс
"Геометриялық пішіндер", "Дөңгелек", "Үшбұрыш", "Шаршы", "Ойыншықтар дүкені", "Ғажайып қап", "Кезек" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Интербелсенді тақтадан сурет көрсету, психогимнастика, әңгімелесу, "Көршілер", "Ғажайып қап", "Геометриялық мозаика" дидактикалық ойындары, "Салыстыр" тапсырма-жаттығуы, сергіту сәті, оқу қызметін пысықтау, "Жүректен жүрекке" шеңбері.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР
Көктемгі егістік, дүкен, дүкен сөрелеріндегі ойыншықтар, дүкенде кезекте тұрған балалар суреттері, қағаздан жасалған геометриялық пішіндері бар қап.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР
Бала санына байланысты 1-ден 5-ке дейінгі цифрлар, геометриялық пішіндер, қарындаштар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Педагог интербелсенді тақтадан көктемде егістікпен айналысып жүрген адамдардың еңбегін көрсетеді.

- Балалар, қараңдаршы, көктемде адамдар трактормен жер жыртып, еңбектеніп жатыр, көріп тұрсыңдар ма? Қандай керемет!
Балаларға жарты минуттық психогимнастика өткізу мақсатында педагог:
- Күліп көкте күніміз (балалар қолдарын жоғары көтереді),
- Жарасады үніміз (балалар қол білезіктерін айналдырады),
- Қуат берсін баршаға (балалар қолдарын жанына жібереді).
- Ашық болсын күніміз (балалар қол білезіктерін айналдырады).

2.4. Сергіту сәті.
Бір үйде біз нешеуміз?
Кел санайық екеуіміз.
Бас бармағым - әкем,
Балаң үйрек – шешем,
Ортан терек – ағам,
Шылдыр шүмек – мен,
Кішкантай бөек – сен.
Бір үйде біз нешеуміз?
Бір үйде біз бесеуміз.

Балалар қимылдарын келтіре отырып, сергіп алады.

ҚОРЫТЫНДЫ

- Балалар, бүгінгі оқу қызметінде не істедік? Иә, сандарды, геометриялық пішіндерді қайталадық.
- Оқу қызметінде біз қандай сандармен таныстық? 1-ден 5-ке дейінгі сандармен таныстық.
- Аймара, 4 санының көршілерін атап берші? Иә, 4 санының көршілері 3 пен 5.
- Ал, 2 санының көршісін кім атайды? 2 санының көршісі 1 мен 3. Жақсы.
- Марғұлан, қандай геометриялық пішіндерді білесін? Үшбұрыш, шаршы, дөңгелек.
- Балалар, жарайсыңдар! Оқу қызметіне белсене қатыстыңдар. Тамаша!

"Жүректен жүрекке" шеңбері.

"Жақсылыққа құмармыз"
Жақсылыққа құмармыз,
Жақсы адам боп шығамыз.
Таза сәби жүректен,
Қабылдаңыз мың алғыс!
Шеңберге тұрып, бәрі бірге айтады

« БЕКІТЕМІН»

№13 "Гүлдер" бөбекжай балабақшасының меңгерушісі:

_____Бибосынова М.А.

Ересек «Күн шуақ» тобының 2022-2023 оқу жылына арналған Вариативтік компоненті.

Тексерілді:

Әдіскер: Мусирепова С

2022-2023 оқу жылы

«Күншуақ»тобының 2023-2024 оқу жылына арналған

варативтік компаненті.

Шебер қолдар.

№		Мақсат міндеттері.	Сағат саны.
		Қыркүйек айы	
1	**«Қағаздан не құрастырылады?»**	Балаларды қағаз түрлерімен, қасиетімен, олардан не жасауға болатынымен таныстыру.	**1**
2	**«Мысық пен тышқан»**	Балаларды кепкен жапырақтармен ұқыпты, таза жұмыс жасауға жаттықтыру.	**1**
3	**«Саңырауқұлақ» оригами»**	Қағаз, оның пайдалануы туралы түсінік беру. Шаршыны тең екіге және қиғашынан бүктеуге үйрету. Баланың ой-қиялын, кеңістікте орналастыра білу дағдысын дамыту.	**1**
4	**«Тасбақа»**	Балаларды пайдалануға жарамсыз заттармен: жаңғақ қабығы мен ермексазды біріктіре отырып жұмыс жасауға жаттықтыру.	**1**
5	**«Досыма арналған альбом»**	Қағазбен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру.Тіктөртбұрышты қағазды тең екіге бүктеу және бір-біріне желімдеу тәсілдерін меңгерту.Альбомды әшекейлету арқылы көркемдік талғамдарын дамыту.Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу.	
		Қазан айы	
6	**«Гүлдер. Қағаздан біріктіру»**	Өз қолдарымен қағаздан әр түрлі гүлдер жасауға үйрету. Шаршы қағазды теңестіре, тігінен, көлденеңнен бүктеу дағдыларын жетілдіру.	**1**
7	**«Күзгі өнімді жинауға арналған себет» Оригами**	Өз қолдарымен қағаздан ір-түрлі бұйымдар жасауға үйрету.Шаршы қағазды теңестіре,тігінен, көлденеңнен бүктеу дағдыларын жетілдіру.Сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру.	**1**
8	**«Жұлдызқұрт»**	Балаларға жер жаңғақты, ағаш жапырағын,бояуларды пайдаланып, жұмыс жасауға үйрету.	**1**
9	**«Кірпі»**	Балаларды пайдалануға жарамсыз заттармен: шишкалар мен ермексазды біріктіре отырып жұмыс жасауға жаттықтыру.	**1**
		Қараша	
10	**«Балық»**	Балаларды қағазды екі бүктеп, арнайы сызылған жолдармен пішінді қиып алуға үйрету.	**1**
11	**«Шырпы қораптарынан машина жасау»**	Пайдалануға жарамсыз заттардан машина жасауды үйрету.Баланың ой-қиялын дамыту, шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру.	**1**
12	**«Сандықша»**	Пайдалануға жарамсыз заттардан, қорапшалардан сандықша жасап, әшекейлеуге үйрету.	**1**
13	**«Жол белгілері»** Пайдалануға жарамсыз заттармен жұмыс	Балалардың құрастыруға деген қызығушылықтарын арттыра отырып, ой-қиялдары мен шығармашылықтарын дамыту және алдарына мақсат қоя білуге үйрету.	**1**
		Желтоқсан	

14	**«Шырша»**	Пайдалануға жарамсыз заттардан шырша жасауға үйрету. Балаланың ой-қиялын дамыту, шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру.	**1**
15	**«Аққала»**	Балаларға қағазды умаждау арқылы домалатып, бір-біріне желімдеп, аққала жасату.	**1**
16	**«Жаңа жылдық безендіру»** (Түрлі-түсті қағаздармен жұмыс)	Қағаз, желім, қайшымен жұмыс істеу дағдыларын бекіту. Қиылған дайын үлгі қалыптар бойынша пішінді қиып, бір-біріне таза, ұқыпты желімдеуге үйрету. Бір-біріне қуаныш сыйлауға жұмылдыру.	**1**
17	**«Қуыршақ театры»** (Қолтырауын Гена, Чебурашка)	Пайдалануға жарамсыз заттардан ойыншықтар жасауды үйрету. Баланың ой-қиялын дамыту,шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру.	**1**
		Қаңтар	
18	**«Пингвин»**	Балаларға пластикалық бөтелке мен ермексаздан пингвин жасауды үйрету.	**1**
19	**«Өз бетінше жұмыс»**	Балалардың өз қалауы бойынша жұмыс жасау.	**1**
20	**«Үй»**	Балаларға пластикалық ыдыстардан, пенопластан әр түрлі заттар жасауға үйрету.	**1**
21	**«Көңілді шеберхана»**	Қағаздан әр түрлі ойыншық жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру. Дөңгелектеу арқылы конус жасауға үйрету. Дайын жұмыстарды өздері бағалай алуға үйрену.	**1**
		Ақпан	
22	**«Көгершін».** Оригами	Қағазбен жұмыс істеудің әр түрлі тәсілдерін үйретуді жалғастыру; Саусақ бұлшық еттерін жетілдіру.	**1**
23	**«Рамкалар жасау»**	Балаларға жарамсыз заттарды, дәндерді рамкаға ұқыпты жапсыра білуге	**1**
24	**«Желкенді қайық»**	Жаңғақ қабығына ермексазды толтыра отырып, дайын таяқша жапырақты қадап бекіту.	**1**
25	**«Аналарға сыйлық»** (Құттықтау ашық хат)	Қалың қағаз бетіне жұмсақ мочалканы (губка) алма пішініне ұқсатып киып, желімдеп, бетіне ине қадағыш жасау.	**1**
		Наурыз	
26	**«Құстар ұясы»**	Балаларға пластикалық ыдыстан ұя жасауды үйрету.	**1**
27	**«Қамшы өру»**	Әр түсті үш жіпті өруді және оның ұштарын бекітіп, таяқшаға байлауды үйрету. Өз қолдарымен бұйым жасауға деген қызығушылықтарын арттыру. Еңбек нәтижесіне жетуге тәрбиелеу.	**1**
28	**«Пайдалануға жарамсыз материалдармен өз бетінше жұмыс»**	Қалдық заттардан ойыншықтар (тышқан) жасауды үйрету. Баланың ой қиялын дамыту. Шығармашылықпен әрекет етуге баулу. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру.	**1**
29	**«Табиғи материалдармен жұмыс»**	Балалардың өз қалаулары бойынша жұмыс жасау.	
		Сәуір	
30	**Ит** (Табиғи материалдармен жұмыс)	Жануарлардың бейнесіне сәйкес табиғи материалдар таңдай алуға үйрену. Бастаған істерін аяқтауға дағдыландыру.	**1**

31	**«Үйрек»** (Оригами)	Саусақ бұлшық еттерін және баланың ой-қиялын дамыту, Қағазды әр түрлі әдіспен бүктеуге жаттықтыру.	**1**
32	**«Мимоза тармақшалары»**	Дөңгелек түрдегі заттарды қия білуге, бөліктерден құрастыра білуге үйрету. Саусақтарының бұлшық еттерін жетілдіру.	**1**
33	**«Ұшақ»**	Балаларды қағазды бекітудің қарапайым әдістермен таныстыруды жалғастыру. Бүктеу кезінде қарама-қарсы қабырғалары мен бұрыштарынаң сәйкес келуін қадағалап отыруға үйрету	**1**
		Мамыр	
34	**«Кеме»** (Оригами)	Балаларды қағаздан бұйымдар жасауға үйретуді жалластыру.Қағазды бүктеу, жазу арқылы саусақтарды әр түрлі ұсақ қимылдарды жасауға үйрету.Балалардың байқағыштығын, зейінін дамыту.	**1**
35	**«Көбелек»** (Табиғи материалмен жұмыс)	Балаларды табиғи материалдармен таныстыру. Жұмыс істеудің алғашқы дағдыларын қалыптастыру.Ойыншық жасау барысында дене бөліктерін салыстыра білуге үйрету. Әдемілікке баулу.	**1**
36	**«Шығармашылық көрме ұйымдастыру»**	Балалардың жыл бойы жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастыру.	**1**

№1

Білім беру саласы: «Вариатив»
Білім бөлімі: «Шебер қолдар»
Тақырыбы: «Қағаздан не құрастырылады?»
Мақсаты: Балаларды қағаз түрлерімен, қасиетімен, олардан не жасауға болатынымен таныстыру.
Қажетті құрал-жабдықтар: түрлі-түсті қағаздан қиылған жолақтар (ені 5см),ақ қағаз (А4), желім, қайшы, қолорамал, қылқаламдар.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушылық	**«Шаттық шеңбері»** ойыны Шеңберге тұрып,бір-біріне жылы сөздер айтуды ұсынады.	Шеңберге тұрып,бір – біріне жылы лебіздер айтады.
Ұйымдастыру-іздестіру	«**Кім шапшаң?» ойыны** Тақтайшаның үстіне геометриялық пішіндерден бүтін бейне құрастыруды (түлкі,пирамида,кітап) ұсынады. «Сүйікті ойыншығым» тақырыбында балалармен әңгімелеседі. **Үлгі суретпен жұмыс** Жапсыру арқылы әртүрлі ойыншықтардың (арасында пирамида) үлгі суреттерін көрсетіп,балаларға сипаттатады. Пирамида ойыншығын жапсыруды ұсынады. **Жапсыру жолын** көрсетеді: ● қайшыны дұрыс ұстап ,қағаздан түрлі көлемдегі сопақшалар қию; ● үлкенінен бастап, реттілікті сақтай отырып, сопақшаларға желім жаққызып, қағаз бетінің ортасына жапсырту; **Сергіту сәті** Қане, кімнің бойы ұзын? Паравозы ол пойыздың. Қатар-қатар тұрайық, Пойызды біз құрайық. ● дайын бейнені сүлгімен басу.	Ойынға қызыға қатысады. Сүйікті ойыншықтарын атап, сипаттайды. Үлгі суретті қызыға тамашалайды. Қағаздан түрлі көлемдегі сопақшаларды қияды. Сопақшаларға желім жағып, үлкенінен бастап, реттілікті сатай отырып, қағаздың ортасына жапсырады. Пойыз болып,топты айналып,дыбыстап жүреді. Дайын бейнені сүлгімен басады.
Рефлексивті түзетушілік	Бүгінгі сабақта не туралы білгендерін,ненің ерекше естерінде қалғанын сұрап, жақсы қатысқандары үшін мадақтап, оқу іс-әрекетін аяқтайды.	Сұрақтарға жауап береді

Күтілетін нәтиже:
Нені білу керек? Қағаздың қасиетін.
Нені игереді? Түрлі көлемдегі сопақшалардан пирамида жапсыруды.
Нені біледі? Таңдаған жұмыстарын толық аяқтап,оны беруді.

№2
Білім беру саласы:«Вариатив»
Білім бөлімі: «Шебер қолдар»
Тақырыбы: «Мысық пен тышқан»
Мақсаты: Балаларды кепкен жапырақтармен ұқыпты, таза жұмыс жасауға жаттықтыру.
Қажетті құрал-жабдықтар: қағаз, кепкен жапырақтар, кілей.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	«Шаттық шеңбері» ойыны Шеңберге тұрып,бір-біріне жылы сөздер айтуды ұсынады.	Шеңберге тұрып,бір – біріне жылы лебіздер айтады.
Ұйымдастыру-іздестіру	**Жұмбақ** Ортасында қазығы, Бұтағында азығы. (Алма ағашы) **«Мен мықтымын!» ойыны** Бөлшектерден мысықты құрастыруды ұсынады. **Үлгі суретпен жұмыс** Алма, ақ қайың,терек,жүзім ағаштарының суретіне қарап әңімелеу. Күз айында жапырақтар сарғаятынын.жерге түсетіні жайлы мағлұмат беру. **Кепкен жапырақтардан «Мысық пен тышқанды» жасау.** **Жасалу реті:** ● бірінші кепкен жапырақтардан керегін таңдап алу. ●жапырақтардан мысық пен тышқанның бейнесін жасау. ●бейнені таза ұқыпты етіп желімдеу. **Сергіту сәті** Бір саусағым тіпті де, Ұстай алмас жіпті де. Барлық саусақ бірікті, Жұмысымыз тез бітті.	Балалар жұмбақты шешеді. Ойынды қызыға ойнайды. Суретке қарап әңгілеседі. Мұқият тыңдап, жұмыстың жасалу ретімен танысады. Мысық пен тышқанның бейнесін жасайды. Сергіту сәтін тәрбиешімен бірге

	●дайын бейнені сүлгімен басу.	жасайды.
Рефлексивті-түзетушілік	Бүгінгі сабақта не туралы білгендерін, ненің ерекше естерінде қалғанын сұрап, жақсы қатысқандары үшін мадақтап, оқу іс-әрекетін аяқтайды.	Сұрақтарға жауап береді

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек? Ағаш түрлерін.

Нені игереді? Кепкен жапырақтардан мысық пен тышқан жасауды.

Нені біледі? Таңдаған жұмыстарын толық аяқтап,оны беруді.

№3

Білім беру саласы: «Вариатив»

Білім бөлімі: «Шебер қолдар»

Тақырыбы: «Саңырауқұлақ» оригами

Мақсаты: Қағаз, оның пайдалануы туралы түсінік беру. Шаршыны тең екіге және қиғашынан бүктеуге үйрету. Баланың ой-қиялын, кеңістікте орналастыра білу дағдысын дамыту.

Көрнекі құралдар:Қағаз түрлері,желім,қайшы.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері** Амансыз ба, күн! Амансыз ба,дос! Амансыз ба,шеңбер! Әнге қос! Амансыз ба ,ғасыр! Балалармен мақал- мәтел айту. 1. Қыз өссе – елдің көркі. Гүл өссе – жердің көркі. 2. Атадан мал қалғанша,тал қалсын. - Бұл мақалды не жайында айтылған.	Балалар шаттық шеңберін жасайды. - гүл
Ізденуші-ұйымдастырушы	Бүгінгі оқу іс – әрекетімізде – саңырауқұлақпен танысамыз. Саңырауқұлақ орманда өседі.Саңырауқұлақтың көптеген түрлері бар.Саңырауқұлақтың адам	

	жеуге болтын және болмайтын улы түрлері бар. Белсенділік орталықтарымен жұмыс: Саңырауқұлықты жасап үйренеміз. Шаршыны тең екіге және қиғашынан бүктеу арқылы саңырауқұлық жасау. Қиып дайындаған жұмысты жапсыру. **Сергіту сәті** **Дидактикалық ойын:** «Ойлан тап» **Мақсаты**:Балаларды гүл түрлерін ажырата білуге үйрету. **Шарты**: Тақтада жартылай тұрған гүлдердің қалған бөлшегін партадан табу арқылы гүлдерді сәйкестендіріп құрастыру. Жақсы қатысқандары үшін мадақтап, оқу іс-әрекетін аяқтайды.	Қағаздан саңырауқұлақ жасайды. Дидактикалық ойынды қызыға ойнайды.
Рефлексивті-түзетуші		

Күтілетін нәтиже

Не білді: Гүл түрлерін білді.

Не меңгерді: Саңырауқұлақ туралы мәліметті меңгерді.

Не істей алады: Қағаздан саңырауқұлақ жасай алады.

№4

Білім беру саласы: «Вариатив»
Білім бөлімі: «Шебер қолдар»

Тақырыбы: «Тасбақа»

Мақсаты:Балаларды пайдалануға жарамсыз заттармен: жаңғақ қабығы мен ермексазды біріктіре отырып жұмыс жасауға жаттықтыру.

Әдіс-тәсілі: түсіндіру, көрсету, сұрақ- жауап.

Көрнекілігі: жаңғақтан, ермексаздан жасалған тасбақа.

Билингвизм: тасбақа – черепаха.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері**	

Ізденуші-ұйымдастырушы	Балалар жарты шеңберге тұрып, бір –біріне жылы лебіз білдіреді. Балаларға теледидардан тасбақа жайында деректі фильм көрсетемін. Балаларға тасбақа қосмекенділер тұқымына жататынын ,оның суда да, құрлықта да тіршілік ететінін әңгімелеп,түсіндіремін. Тасбақа – жұмыртқа арқылы көбейеді. Тасбақаның сауыты болтынын, қауіп туғанда сауытына жасырынады. Балаларға ермексаз жаңғақ қодану арқылы тасбақаны мүсіндейтінімізді айтамын. Мүсіндеудің әдіс-тәсілін көрсетемін. Балалар жұмыс жасайды.	Жылы лебіз білдірді. Мұқият тыңдайды. Қызыға тамашалады.
Рефлексивті-түзетуші	**Қорытындылау.** Балаларды мадақтау.	

Күтілетін нәтиже

Балалар ұқыпты жұмыс жасай білді.

№5

Білім беру саласы: «Вариатив»

Білім бөлімі: «Шебер қолдар»

Тақырыбы: «Досыма арналған альбом»

Мақсаты: Қағазбен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру.Тіктөртбұрышты қағазды тең екіге бүктеу және бір-біріне желімдеу тәсілдерін меңгерту. Альбомды әшекейлету арқылы көркемдік талғамдарын дамыту.Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Альбом түрлері. Үлгі.
Көрнекі құралдар мен материалдар: Әр балаға бірнеше ақ парақ қағаз, түрлі-түсті қағаз, жіңішке лента, қайшы.
Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап,әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері** Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар Қайырлы таң апайлар! - Тәрбиеші балаларға альбомның жасалу жолын түсіндіреді. - Балаларға парақ қағазды алып,біреуін дәл ортасынан бүктеп көрсетеді. - Балалар қайталайды,қалған бірнеше парақты алып,біріктіре ұстап,оларды ортасынан бүктейді. - Бүктелген қағаздарды бірінің үстіне бірін қойып,түптерін желімдейді. - Түрлі-түсті қағаздан альбом беттерінің төлшемімен бірдей мұқаба жасайды. - Альбомның мұқабасының шилене бір-біріне желімделген беттерді салады. - Лента байлайтын орынды тесу құралымен теседі. - Лентаны тесілген орыннан өткізіп,сәндеп байлайды. - Альбомның мұқабасын балалар қалауы бойынша немесе көрсетілген үлгі ге сәйкес безендіреді. - Балаларға жұмыс барысында көмек	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі. Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.

	көрсетіліп ,жұмысты ұқыпты жасауы бақылыанды. Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап, жетістіктерін атап, бұл альбомдарға бос уақыттарында сурет салып, түрлі-түсті қағазбен қиып жапсыру жұмыстарын орындау ұсынылады.	
Рефлексивті-түзетуші	**Қорытындылау.** Бүгінгі сабақта не туралы білгендерін, ненің ерекше естерінде қалғанын сұрап, жақсы қатысқандары үшін мадақтап, оқу іс-әрекетін аяқтайды. Балаларды мадақтау.	

Күтілетін нәтиже

1. Балалар қағазды бір –біріне желімдей білуге үйренеді.
2. Балалар шыдамдылыққа, еңбексүйгіштікке үйренеді.

№6

Білім беру саласы: «Вариатив»

Білім бөлімі: «Шебер қолдар»

Тақырыбы: «Гүлдер. Қағаздан біріктіру»

Мақсаты: Өз қолдарымен қағаздан әр түрлі гүлдер жасауға үйрету.

Шаршы қағазды теңестіре, тігінен, көлденеңнен бүктеу дағдыларын жетілдіру.

Көрнекілігі: Дайын үлгідегі күнбағыс,жіптер.

Көрнекі құралдар: Қағаз түрлері, жіптер.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері** Амансыз ба, күн! Амансыз ба,дос! Амансыз ба,шеңбер! Әнге қос! Амансыз ба ,ғасыр! Балалармен мақал- мәтел айту. 3. Қыз өссе – елдің көркі. Гүл өссе – жердің көркі. 4. Атадан мал қалғанша,тал қалсын. - Бұл мақалды не жайында айтылған.	Балалар шаттық шеңберін жасайды. - гүл
Ізденуші-ұйымдастырушы	Бүгінгі оқу іс – әрекетімізде – күнбағыс гүлімен танысамыз. Күнбағыс күнді өте сүйеді және өскенде күн шығатын жаққа бетін бұрып тұрады.Ол өскенде бетіне шемішке өседі.Ол басқа гүлдерден ірі болады. Белсенділік орталықтарымен жұмыс: Өнер орталығы:Түрлі-түсті қағазды қиып,желімдеу арқылы үлгідегі суретке қарап күнбағыс жасау. Мақсаты:Шығармашылық қабілеттерін арттыру, ұқыптылыққа үйрету. **Сергіту сәті**	Қағаздан күнбағыс жасайды.

Рефлексивті-түзетуші	**Дидактикалық ойын:** «Ойлан тап» **Мақсаты**:Балаларды гүл түрлерін ажырата білуге үйрету. **Шарты**: Тақтада жартылай тұрған гүлдердің қалған бөлшегін партадан табу арқылы гүлдерді сәйкестендіріп құрастыру. Бүгінгі сабақта не туралы білгендерін, ненің ерекше естерінде қалғанын сұрап, жақсы қатысқандары үшін мадақтап, оқу іс-әрекетін аяқтайды. Балаларды мақтау	Дидактикалық ойынды қызыға ойнайды.

Күтілетін нәтиже

Не білді: Гүл түрлерін білді.

Не меңгерді: Күнбағыс туралы мәліметті меңгерді.

Не істей алады: Қағаздан күнбағыс жасай алады.

№7

Білім беру саласы: «Вариатив»

Білім бөлімі: «Шебер қолдар»

Тақырыбы: «Күзгі өнімді жинауға арналған себет» Оригами

Мақсаты:Өз қолдарымен қағаздан ір-түрлі бұйымдар жасауға үйрету. Шаршы қағазды теңестіре, тігінен, көлденеңнен бүктеу дағдыларын жетілдіру. Сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру.

Көрнекілігі:Себет, слайд.

Көрнекі құралдар:ермексаз,тұзды қамыр,сазбалшық,себет.

Билингвизм:Себет-корзина.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері** Балалар жылы лебіз білдіреді.	
Ізденуші-ұйымдастырушы	**Әңгімелесу.** - Балалармен күз мезгілінің ерекшелігі ,күзгі еңбек жайында әңгімелесемін. - Піскен жемісті,көкөністі себетке жинап жатқан балаларды көрсетіп әңгімелеймін. - Балалар бүгінгі оқу іс-әркетімізде біз ермексазбен себет жасаймыз.	Балалар мұқият тыңдайды.

	- Балаларға себет жасау әдісін көрсетіп,түсіндіремін. - Балалар жұмыс жасайды. **Сергіту сәті** **Мақал-мәтел** 1.Еңбек түбі зейнет. 2.Еңбекпен тапқан нан тәтті. **Қорытындылау.**	Жұмыс жасайды. Мақалды жаттау.
Рефлексивті-түзетуші	Балаларды мақтау.	

Күтілетін нәтиже

Не білді: Күз мезгілінің ерекшеліктерін.

Не меңгерді: Күзгі өнімдерді.

Не істей алады: Қағаздан себет жасауды.

№8

Білім беру саласы: «Вариатив»

Білім бөлімі: «Шебер қолдар»

Тақырыбы: «Жұлдызқұрт»

Мақсаты: Балаларға жер жаңғақты, ағаш жапырағын,бояуларды пайдаланып, жұмыс жасауға үйрету.

Қажетті құрал-жабдықтар: жер жаңғақ,ағаш жапырақтары, бояулар.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері:** Үлкенге де Сіз Кішіге де Сіз Сәлем бердік сіздерге Құрметпенен біз.	
Ізденуші-ұйымдастырушы	- Балалар менің қолымда ненің суреті бар - Дұрыс айтасыңдар.	

Рефлексивті-түзетуші	Балалар біз жұлдызқұрт жасап үйренеміз. ● Алдымен өзімізге қажетті ағаш жапырағын аламыз. ● жапырақ бетіне жер жаңғақты қойып құртты жасаймыз. ● бояумен көзін салу. **Сергіту сәті** Тербеледі ағаштар Алдымнан жел еседі Кіп-кішкентай ағаштар Үп-үлкен боп өседі. **Қорытындылау.** Балаларды мақтау.	

Күтілетін нәтиже

Не білді: Жұлдызқұртты жасауды.

Не меңгерді: Жер жаңғақты ағаш жапырақтарын пайдалану арқылы жұлдызқұрт жасауды.

Не істей алады: Бастаған істерін аяқтауды.

№9

Білім беру саласы: «Вариатив»

Білім бөлімі: «Шебер қолдар»

Тақырыбы: «Кірпі»

Мақсаты: Балаларды пайдалануға жарамсыз заттармен: шишкалар мен ермексазды біріктіре отырып жұмыс жасауға жаттықтыру.

Көрнекі құралдар мен материалдар: шишкалар, ермексаз.

Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап,әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті

Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері** Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар Қайырлы таң апайлар! - Тәрбиеші балаларға кірпінің жасалу ретін көрсетіп, түсіндіреді. - Балаларға шишкалар мен ермексазды үлестіріп беру. Шишка мен ермексазды біріктіре отырып кірпі жасайды. Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп, жұмысты ұқыпты жасауы бақыланады. Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап, жетістіктерін атап, жасаған жұмыстарын көрмеге қою ұсынылады.	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі. Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.
Рефлексивті-түзетуші	**Қорытындылау.** Балаларды мақтау.	

Күтілетін нәтиже

Не білді: Пайдалуға жарамсыз заттарды қолдануды.

Не меңгерді: Шишкалар мен ермексазды біріктіре отырып жұмыс жасауды.

Не істей алады: Пайдалуға жарамсыз жаттардан кірпі жасай алады

№10

Білім беру саласы: «Вариатив»

Білім бөлімі: «Шебер қолдар»

Тақырыбы: «Балық»

Мақсаты: Балаларды қағазды екі бүктеп, арнайы сызылған жолдармен пішінді қиып алуға үйрету.
Көрнекі құралдар мен материалдар: Түрлі-түсті қағаз, желім, қайшы.
Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап,әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш	Жылулық шеңбері Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар Қайырлы таң апайлар!	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.
	-Тәрбиеші балаларға су -тіршілік көзі, сусыз өмір жоқ екенін түсіндіре отырып, судың қасиеттерімен, оның пайдасымен таныстырады. -Суда өмір сүретін жануарлармен соның ішінде балықпен таныстырады. Балықтың түрлері өте көп екенін және олардың немен қоректенетінін түсіндіріп өтеді.	Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды.
	Суретпен жұмыс. -Көлдің, теңіздің суреттері. Онда өмір сүретін балықтар, ерекше балықтардың суреттерін көрсетеді. - Қағазды екі бүктеп, арнайы сызылған жолдармен пішіндерді қиып алу арқылы балықты жасау. Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетілі, жұмысты ұқыпты жасауы бақыланады.	Балалар суретке қарап әңгіме құрайды. Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.
Рефлексивті-түзетуші	Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап, жетістіктерін атап, жасаған жұмыстарын көрмеге қою ұсынылады.	

Күтілетін нәтиже
Не білді: Бүктеу тәсілін.
Не меңгерді: Бүктеу тәсілі арқылы балық жасау.
Не істей алады: Бастаған жұмыстарын тыянақты аяқтау.

№11

Білім беру саласы: «Вариатив»

Білім бөлімі: «Шебер қолдар

Тақырыбы: «Шырпы қораптарынан машина жасау»

Мақсаты: Пайдалануға жарамсыз заттардан машина жасауды үйрету.Баланың ой-қиялын дамыту, шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру.

Көрнекі құралдар мен материалдар: шырпы қораптары,желім,қайшы.

Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап,әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері** Амансыз ба, күн! Амансыз ба,дос! Амансыз ба,шеңбер! Әнге қос! Амансыз ба ,ғасыр!	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.
	Машина түрлерімен танысу. Су көліктері, әуе көліктері, құрлық көліктерімен танысу. Шырпы қораптарынан машина жасауды үйрену.	Көлік түрлерімен танысады.
	Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп, жұмысты ұқыпты жасауы бақыланады.	Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.
	Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап, жетістіктерін атап ,жасаған жұмыстарын көрмеге қою ұсынылады.	
Рефлексивті-түзетуші		

Күтілетін нәтиже

Не білді: Көлік түрлерін.
Не меңгерді:Пайдалануға жарамсыз заттардан машина жасауды.
Не істей алады: Бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдылану.

№12
Білім беру саласы: «Вариатив»
Білім бөлімі: «Шебер қолдар
Тақырыбы: «Сандықша»
Мақсаты: Пайдалануға жарамсыз заттардан, қорапшалардан сандықша жасап, әшекейлеуге үйрету.
Қажетті құрал-жабдықтар: қағаз, қорапша, кілей, қайшы.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушылық	«Шаттық шенбері» ойыны Шеңберге тұрып,бір-біріне жылы сөздер айтуды ұсынады.	Шеңберге тұрып,бір – біріне жылы лебіздер айтады.
Ұйымдастыру-іздестіру	**«Мен мықтымын!» ойыны** Бөлшектерден сандықша құрастыруды ұсынады. **Үлгі суретпен жұмыс** Балаларға бұймдарды қайда салатыны жайлы әңгіме қозғау.Әжелеріміздің сандық түрлерімен танысу. Қыз баланың бұймдары сырға, білезік, алқа,шашбау, сағат сияқты бұйымдарын сақтау үшін кішкене сандықша керектігін айту. Сол себепті қыз балаларға, мамамызға арнап сандықша дайындайық. **Қорапшалардан сандықша дайындау.** **Жасалу реті:** ● дайын қорапшаларды пайдаланып сандықша жасау. **Сергіту сәті** Бір саусағым тіпті де, Ұстай алмас жіпті де. Барлық саусақ бірікті, Жұмысымыз тез бітті.	Ойынды қызыға ойнайды. Суретке қарап әңгілеседі. Мұқият тыңдап, жұмыстың жасалу ретімен танысады. Сандықша жасауға кіріседі. Сергіту сәтін тәрбиешімен бірге жасайды.

	●дайын сандықшаны әшекейлеу.	Сандықшаны әшекейлейді.
Рефлексивті-түзетушілік	Бүгінгі сабақта не туралы білгендерін, ненің ерекше естерінде қалғанын сұрап,жақсы қатысқандары үшін мадақтап, оқу іс-әрекетін аяқтайды.	Сұрақтарға жауап береді

Күтілетін нәтиже:
Нені білу керек? Бұйымдарды.
Нені игереді? Қорапшалардан сандықша жасауды.
Нені біледі? Таңдаған жұмыстарын толық аяқтап, оны беруді

№13
Білім беру саласы: «Вариатив»
Білім бөлімі: «Шебер қолдар
Тақырыбы: «Жол белгілері» Пайдалануға жарамсыз заттармен жұмыс
Мақсаты: Балалардың құрастыруға деген қызығушылықтарын арттыра отырып, ой-қиялдары мен шығармашылықтарын дамыту және алдарына мақсат қоя білуге үйрету.
Қажетті құрал-жабдықтар: түрлі-түсті қағаз, қорапша, кілей, қайшы.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушылық	**«Шаттық шенбері»** ойыны Шеңберге тұрып,бір-біріне жылы сөздер айтуды ұсынады.	Шеңберге тұрып, бір – біріне жылы лебіздер айтады.
Ұйымдастыру-іздестіру	**«Пойыз ойыны** Балаларды пойыздың басы етіп бір баланы алып, вагондары етіп қалған балаларды тіркеп кедергілерден жүргізу. Кім үзіліп қалса сол ойыннан шығады. Балаларға жол белгілерінің суреттерін көрсетіп балаларға таныстыру. Жол белгілерін жасау реттілігі. Жарамсыз заттарды пайдаланып жол белгілерін жасау. ●Алдымен түрлі-түсті қағазды қию арқылы бағдаршамның қызыл, жасыл, сары түстерін дөңгелек етіп қиып алу.	Балалар ойынға қызығушылықпен қатысады

	● қиылған дөңгелектерді қорапшаға жапсыру.	
Рефлексивті-түзетушілік	Бүгінгі сабақта не туралы білгендерін, ненің ерекше естерінде қалғанын сұрап, жақсы қатысқандары үшін мадақтап, оқу іс-әрекетін аяқтайды.	Сұрақтарға жауап береді

Күтілетін нәтиже:
Нені білу керек? Жол белгілерін.
Нені игереді? Бағдаршам жасау.
Нені біледі? Таңдаған жұмыстарын толық аяқтап,оны беруді.

№14
Білім беру саласы: «Вариатив»
Білім бөлімі: «Шебер қолдар
Тақырыбы: «Шырша»
Мақсаты: Пайдалануға жарамсыз заттардан шырша жасауға үйрету.Балаланың ой-қиялын дамыту, шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру.
Көрнекі құралдар мен материалдар:Суреттер, шырша үлгісі,қалдық материалдар.
Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап,әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш	Жылулық шеңбері Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар.	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.

Ұйымдастыру-іздестіру

	Амансыз ба, күн! Амансыз ба,дос! Амансыз ба,шеңбер! Әнге қос! Амансыз ба, ғасыр!	Балалар шаттық шеңберін жасайды.
Ізденуші-ұйымдастырушы	Бүгінгі оқу іс – әрекетімізде – қыс мезгілімен танысамыз. Қыс мезгілінің ерекшеліктері жайлы балалармен әңгімелесу. - Қыс мезгілі неше айдан тұрады?	-Үш айдан тұрады. Желтоқсан, қаңтар, ақпан.
	- Қыста не жауады?	- Қар.
	- Қардан не жасаймыз?	- Аққала.
	Белсенділік орталықтарымен жұмыс: Аққала жасап үйренеміз. Қағазды умаждау арқылы домалатып, бір –біріне желімдеп, аққала жасайды.	Қағаздан аққала жасайды.
	Сергіту сәті	
	Дидактикалық ойын: «Кім жылдам?» **Мақсаты**: Сұрақтарға тез, әрі дұрыс жауап беру. **Шарты**: Суреттерге қарап Мезгілдерді ажырату.	Дидактикалық ойынды қызыға ойнайды.
	Жақсы қатысқандары үшін мадақтап, оқу іс-әрекетін аяқтайды.	
Рефлексивті-түзетуші		

Күтілетін нәтиже

Не білді: Қыс айларын.

Не меңгерді: Қағаздан аққала жасауды.

Не істей алады: Жұмысты толық аяқтап үйренеді.

№16

Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»

Білім беру бөлімі: «Шебер қолдар»

Тақырыбы: «Жаңа жылдық безендіру» (Түрлі-түсті қағаздармен жұмыс)

Мақсаты: Қағаз, желім, қайшымен жұмыс істеу дағдыларын бекіту. Қиылған дайын үлгі қалыптар бойынша пішінді қиып, бір-біріне таза, ұқыпты желімдеуге үйрету. Бір-біріне қуаныш сыйлауға жұмылдыру.
Көрнекі құралдар мен материалдар: Суреттер, түрл-түсті қағаздар, желім, қайшы.
Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап,әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері** Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар.	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.
Ізденуші-ұйымдастырушы	- Тәрбиеші балаларға жаңа жылдық безендіру үшін қажетті бұйымдар дайындау ретін түсіндіреді. - Қиылған дайын үлгі қалыптар бойынша пішінді қию. - Пішіндерді бір-біріне таза, ұқыпты етіп желімдеу. Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп, жұмысты ұқыпты жасауы бақыланады. Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап, жетістіктерін атап, түрлі-түсті қағазбен қиып жапсыру жұмыстарын орындау ұсынылады. Жақсы қатысқандары үшін мадақтап, оқу іс-әрекетін аяқтайды.	Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.
Рефлексивті-түзетуші		

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек? Қағаз, желім, қайшымен жұмыс істеу.
Нені игереді? Қиылған дайын үлгі бойынша пішінді қию.
Нені біледі? Бір-біріне қуаныш сайлауға жұмылдару.

№17

Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»

Білім беру бөлімі: «Шебер қолдар»

Тақырыбы: «Қуыршақ театры» (Қолтырауын Гена, Чебурашка)

Мақсаты: Пайдалануға жарамсыз заттардан ойыншықтар жасауды үйрету. Баланың ой-қиялын дамыту,шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру.

Көрнекі құралдар: Қағаз түрлері,пайдалануға жарамсыз заттар, желім, қайшы.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері** Амансыз ба, күн! Амансыз ба,дос! Амансыз ба,шеңбер! Әнге қос! Амансыз ба ,ғасыр!	Балалар шаттық шеңберін жасайды.
Ізденуші-ұйымдастырушы	- Балалар біз қуыршақты білемізба? - Қандай мультфильм кейіпкерлерін білеміз? - Қолтырауын Гена, Чебурашка білемізба? Олай болса пайдалануға жарамсыз заттардан қуыршақ театрына қажетті кейіпкерлер жасайық. Қолтырауын Гена, Чебурашка жасау реттілігі. Пайдалануға жарамсыз заттарды пайдаланып қуыршақ жасау. **Сергіту сәті** **Дидактикалық ойын:** «Ойлан тап» **Мақсаты**: Балаларды гүл түрлерін ажырата білуге үйрету. **Шарты**: Тақтада жартылай тұрған гүлдердің қалған бөлшегін партадан табу арқылы гүлдерді сәйкестендіріп құрастыру.	- Ия Балалардың жауабы - Ия Балалар тапсырманы орындайды Дидактикалық ойынды қызыға ойнайды.
Рефлексивті-түзетуші	Жақсы қатысқандары үшін мадақтап, оқу іс-әрекетін аяқтайды.	

Күтілетін нәтиже

Не білді: Қуыршақ театры жайлы.
Не меңгерді: Қолтырауын Гена мен Чебурашки жасауды.
Не істей алады: Бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуді.

№18

Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»
Білім беру бөлімі: «Шебер қолдар»
Тақырыбы: «Пингвин»
Мақсаты:Балаларға пластикалық бөтелке мен ермексаздан пингвин жасауды үйрету.
Әдіс-тәсілі: түсіндіру, көрсету, сұрақ- жауап.
Қажетті-құрал жабдықтар: пластикалық бөтелке, ермексаз.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері** Балалар жарты шеңберге тұрып, бір –біріне жылы лебіз білдіреді.	Жылы лебіз білдірді.
Ізденуші-ұйымдастырушы	Балаларға теледидардан пингвин жайында деректі фильм көрсетемін. Балаларға пингвин бірмекенді тұқымына жататынын, оның суда да тіршілік ететінін әңгімелеп, түсіндіремін. Пингвин-антарктидада өмір сүреді. Ақ қара аралас түсті болады. Балаларға пластикалық бөтелке мен ермексаздан пингвин жасауды үйренеміз. Мүсіндеудің әдіс-тәсілін көрсетемін. Балалар жұмыс жасайды.	Мұқият тыңдайды. Қызыға тамашалады.
Рефлексивті-түзетуші	**Қорытындылау.** Балаларды мадақтау.	

Күтілетін нәтиже

Балалар ұқыпты жұмыс жасай білді.

№19

Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»

Білім беру бөлімі: «Шебер қолдар»

Тақырыбы: «Өз бетінше жұмыс»

Мақсаты:Балалардың өз қалауы бойынша жұмыс жасау.

Әдіс-тәсілі: түсіндіру, көрсету, сұрақ- жауап.

Қажетті-құрал жабдықтар: түрлі түсті қағаз,ж елім, пластикалық бөтелкелер, ермексаз.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш **Ізденуші-ұйымдастырушы**	**Жылулық шеңбері** Балалар жарты шеңберге тұрып, бір –біріне жылы лебіз білдіреді. Балалармен әңгемелесу арқылы не ұнайтынын, қандай зат жасағысы келетінін сұрау. Балалар өз ойларында жүрген жұмыстарын айтып жасату. Мысалы: қорапша, ойыншық салатын қалта, доп. Балалар жұмыс жасайды. **Сергіту сәті** Бір саусағым тіпті де, Ұстай алмас жіпті де.	Жылы лебіз білдірді. Мұқият тыңдайды. Қызыға тамашалады.

	Барлық саусақ бірікті, Жұмысымыз тез бітті. Балалардың жұмысын бақылап, жсасй алмаған жерлерін айтып түсіндіру.	Сергіту сәтін орындайды
Рефлексивті-түзетуші	**Қорытындылау.** Балаларды мадақтау.	

Күтілетін нәтиже

Балалар ұқыпты жұмыс жасай білді.

№20

Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»

Білім беру бөлімі: «Шебер қолдар»

Тақырыбы: «Үй»

Мақсаты: Балаларға пластикалық ыдыстардан, пенопластан әр түрлі заттар жасауға үйрету.

Қажетті-құрал жабдықтар: пластикалық ыдыстар **,** пенопласт.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері** Балалар жарты шеңберге тұрып, бір –біріне жылы лебіз білдіреді.	Жылы лебіз білдірді.
Ізденуші-ұйымдастырушы	Балаларға әр түрлі үйлерді көрсету. Мысалы адамның үйі, күшіктің үйі, мысықтың үйі. Балаларға өз үйлерін жасауды үйрету. Пластикалық ыдыстарды, пенопласты пайдалану арқылы үй жасауды үйрету.	Мұқият тыңдайды.

Рефлексивті-түзетуші	Қауіпсіздігіне баса назар аудару. **Дидактикалық ойын:** **«Тышқан мен мысық»** **Шарты:** Мысық өз үйінде ұйықтап жатады.Оны пайдаланған тышқандар мысықтың үйін шашуға шығады. Мысық оянып, тышқандарды қуғанда олар өз індеріне кіріп кетеді. Жасаған жұмыстарын көрмеге қою. Балалар жұмыс жасайды. **Қорытындылау.** Балаларды мадақтау.	Қызыға тамашалады. Дидактикалық ойынды қызыға ойнайды.

Күтілетін нәтиже

Балалар ұқыпты жұмыс жасай білді.

№21

Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»

Білім беру бөлімі: «Шебер қолдар»

Тақырыбы: «Көңілді шеберхана»

Мақсаты: Қағаздан әр түрлі ойыншық жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру. Дөңгелектеу арқылы конус жасауға үйрету. Дайын жұмыстарды өздері бағалай алуға үйрену.

Әдіс-тәсілі: түсіндіру, көрсету, сұрақ- жауап.

Қажетті-құрал жабдықтар: түрлі-түсті қағаздар, желім, қайшы.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**

Мотивациялық-қозғаушы күш **Ізденуші-ұйымдастырушы** **Рефлексивті-түзетуші**	**Жылулық шеңбері** Балалар жарты шеңберге тұрып, бір –біріне жылы лебіз білдіреді. Балалармен ойын ұйымдастыру арқылы көңілді шеберхана жасау. Балаларға қажетті құрал-жабдықтарды беріп қағаздан әр түрлі ойыншық жасауға үйрету. Дөңгелектеу арқылы конус жасауға үйрету. **Сергіту сәті** Бір саусағым тіпті де, Ұстай алмас жіпті де. Барлық саусақ бірікті, Жұмысымыз тез бітті. Балалар жұмыс жасайды. **Қорытындылау.** Балаларды мадақтау.	Жылы лебіз білдірді. Мұқият тыңдайды. Балалар тапсырманы орындайды.

Күтілетін нәтиже

Балалар ұқыпты жұмыс жасай білді.

№22

Білім беру саласы:«Вариатив»

Білім бөлімі: «Шебер қолдар»

ҰОҚ тақырыбы: «Көгершін». Оригами

ҰОҚ мақсаты: Қағазбен жұмыс істеудің әр түрлі тәсілдерін үйретуді жалғастыру; Саусақ бұлшық еттерін жетілдіру.

Қажетті-құрал жабдықтар: Суреттер, құстардың макеті.

Іс-әрекет кезендері	**Тәрбиеші әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Психологиялық ахуалды қалыптастыру	**Жылулық шеңбері** Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар.	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.
Ұйымдастыру іздестіру **Жаңа сабақ**	Балаларға құстар туралы түсінік беру. Теледидардан құстар туралы деректі фильм көрсету. Құстардың мекен ету ортасы жайлы түсінік беру. Көгершін туралы мағлұмат беру. «Ақ көгершін» әнін айту. Тәрбиеші балаларға көгершіннің жасалу ретін түсіндіреді. Түрлі түсті қағазды қию арқылы көгершінің пішінін жасау. Жасаған пішінді желімдеу. Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп, жұмысты ұқыпты жасауы бақыланады. Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап, жетістіктерін атап , түрлі-түсті қағазбен қиып жапсыру жұмыстарын орындау ұсынылады.	Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.
Рефлексивті - түзетушілік	**Қорытындылау.** Балаларды мадақтау.	

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек? Құстар туралы толық мағлұмат.

Нені игереді? Қағаздан көгершін жасау.

Нені біледі? Алдарына мақсат қоя білуді.

№23
Білім беру саласы:«Вариатив»
Білім бөлімі: «Шебер қолдар»
ҰОҚ тақырыбы: Рамкалар жасау
ҰОҚ мақсаты: Балаларға жарамсыз заттарды, дәндерді рамкаға ұқыпты жапсыра білуге жаттықтыру.
Көрнекіліктер: Суреттер, дәндер, рама.

Іс-әрекет кезендері	**Тәрбиеші әрекеті**	**Балалардың іс- әрекеті**
Психологиялық ахуалды қалыптастыру	**Жылулық шеңбері** Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар.	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.
Ұйымдастыру іздестіру **Жаңа сабақ**	Тәрбиеші балаларға рамканың жасау ретін түсіндіреді.. Балаларға сурет беріп, суретті рамкілеу ұсынылады. Балалар рамкаға дәндерді жапсыру арқылы рамка жасайды. Ұсынылған суретті рамкаға салу. Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп, жұмысты ұқыпты жасауы бақыланады	Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.
	Сергіту сәті Бала-бала-балақай Қане қайсы алақан? Саусақтарың әйбат Былай-былай ойнап. Топ-топ ,топ-топ басайық, Жалаудан күн жасайық. Жаса-жаса Алтын күн! Жаса-жаса Алтын күн! Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап, жетістіктерін атап, жапсыру жұмыстарын орындау ұсынылады.	Балалар барлық қимылдарды тәрбиешіге қарап, қайталайды. Тапсырмаларды әр бала өз алдына ерекше орындады.
Рефлексивті - түзетушілік	жақсы қатысқандары үшін мадақтап, оқу іс-әрекетін аяқтайды. Балаларды мақтау	

Күтілетін нәтиже:
Білу: Алдарына мақсат қоя біледі.
Өзіне үйренгені: Дәндерді рамаға ұқыпты жапсыра алады.
Үйрену: Жарамсыз заттарды пайдалана алады.

№24

Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»

Білім беру бөлімі: «Шебер қолдар»

Тақырыбы: «Желкенді қайық»

Мақсаты: Жаңғақ қабығына ермексазды толтыра отырып, дайын таяқша жапырақты қадап бекіту.

Көрнекі құралдар мен материалдар: Суреттер, жаңғақ қабығы, ермексаз.

Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап,әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері** Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар.	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.
Ізденуші-ұйымдастырушы	Тәрбиеші балаларға су көліктері туралы мәлімет беру. Кеме, қайық, желкенді қайық суреттерін көрсетіп әңгімелесу. - Тәрбиеші балаларға желкенді қайықты жасалу ретін түсіндіреді. - Жаңғақ қабығына ермексазды толтыру. - Дайын таяқша жапырақты қадап бекіту. Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп, жұмысты ұқыпты жасауы бақыланады.	Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Қайық туралы қызыға тыңдайды. Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.
Рефлексивті-түзетуші	Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап, жетістіктерін атап, түрлі-түсті қағазбен қиып жапсыру жұмыстарын орындау ұсынылады. Бүгінгі оқу қызметінде не туралы білгендерін, ненің ерекше естерінде қалғанын сұрап, жақсы қатысқандары үшін мадақтап, оқу іс-әрекетін аяқтайды.	

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек? Қайық туралы.
Нені игереді? Жаңғақ қабығынан желкенді қайық жасау.
Нені біледі? Алдарына мақсат қоя білуді.

№25
Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»
Білім беру бөлімі: «Шебер қолдар»
Тақырыбы: «Құстар ұясы»
Мақсаты: Балаларға пластикалық ыдыстан ұя жасауды үйрету.
Көрнекі құралдар мен материалдар:пластикалық ыдыс.
Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап, әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері** Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар.	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.
Ізденуші-ұйымдастырушы	Балаларға құстар туралы түсінік беру. Теледидардан құстар туралы деректи фильм көрсету. Құстардың мекен ету ортасы жайлы түсінік беру. - Тәрбиеші балаларға құстың ұясын жасалу ретін түсіндіреді. Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп, жұмысты ұқыпты жасауы бақыланады. Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап,жетістіктерін атап, түрлі-түсті қағазбен	Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Құстар туралы қызықты мәлімет алады. Балалар жұмысты

	қиып жапсыру жұмыстарын орындау ұсынылады.	мұғалімнің көмегімен орындайды.
Рефлексивті-түзетуші	Бүгінгі оқу қызметінде не туралы білгендерін, ненің ерекше естерінде қалғанын сұрап, жақсы қатысқандары үшін мадақтап, оқу іс-әрекетін аяқтайды.	

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек? Құстар туралы толық мағлұмат.
Нені игереді? Пластикалық ыдыстан ұя жасауды.
Нені біледі? Алдарына мақсат қоя білуді.

№26
Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»
Білім беру бөлімі: «Шебер қолдар»
Тақырыбы: «Аналарға сыйлық (Құттықтау ашық хат)
Мақсаты: Қалың қағаз бетіне жұмсақ мочалканы (губка) алма пішініне ұқсатып киып, желімдеп, бетіне ине қадағыш жасау.
Көрнекі құралдар мен материалдар: мочалка (губка), желім, қайшы.
Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап, әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері** Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар.	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.
Ізденуші-ұйымдастырушы	Балаларға аналары жайлы айтуын ұсынады. - Аналарымызды жақсы көремізба? - Аналарымызға көмектесемізба?	Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Және Аналарын өте жақсы көретінін, оларға үнемі қолғабыс ететінін

	- Олай болса анамызға сыйлық жасайық. - Тәрбиеші балаларға жұмсақ мочалканы (губканы) алма пішінінде қиып алу. - Қиылған пішінді желімдеу арқылы бетіне ине қадағыш жасау. Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп, жұмысты ұқыпты жасауы бақыланады. Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап, жетістіктерін атап, түрлі-түсті қағазбен қиып жапсыру жұмыстарын орындау ұсынылады. Жақсы қатысқандары үшін мадақтап, оқу іс-әрекетін аяқтайды.	айтады. Сыйлық жасауға қуана келіседі. Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.
Рефлексивті-түзетуші		

Күтілетін нәтиже
Нені білу керек? Аналарға қолғабыс етуді.
Нені игереді? Ине қадағыш жасауды.
Нені біледі? Алдарына мақсат қоя білуді.

№27
Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»
Білім беру бөлімі: «Шебер қолдар»
Тақырыбы: «Қамшы өру»
Мақсаты: Әр түсті үш жіпті өруді және оның ұштарын бекітіп, таяқшаға байлауды үйрету. Өз қолдарымен бұйым жасауға деген қызығушылықтарын арттыру. Еңбек нәтижесіне жетуге тәрбиелеу.
Көрнекі құралдар мен материалдар: Түрлі түсті жіптер.
Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап, әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері** Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз,	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.

Ізденуші-ұйымдастырушы **Рефлексивті-түзетуші**	Қайырлы таң балалар. Балаларға қамшының түрлерін сурет арқылы көрсету. Қамшыны атқа мінерде қолданатынын түсіндіру. Ата-бабаларымыз ертеде атты көлік қылған, ал қамшы көмекші құрал екенін түсіндіру. Балаларға қамшы өруді үйрету. - әр түсті үш жіпті өру және оның ұштарын бекіту. - және оны таяқшаға байлауды үйрету. Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп, жұмысты ұқыпты жасауы бақыланады. Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап, жетістіктерін атап, түрлі-түсті қағазбен қиып жапсыру жұмыстарын орындау ұсынылады. Жақсы қатысқандары үшін мадақтап, оқу іс-әрекетін аяқтайды.	Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек? Әр түсті үш жіпті өруді үйрену.
Нені игереді? Өз қолдарымен бұйым жасауды.
Нені біледі? Еңбек нәтижесіне жетуге тәрбиелеу.

№28

Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»
Білім беру бөлімі: «Шебер қолдар»
Тақырыбы: «Пайдалануға жарамсыз материалдармен өз бетінше жұмыс»
Мақсаты: Қалдық заттардан ойыншықтар (тышқан) жасауды үйрету. Баланың ой қиялын дамыту. Шығармашылықпен әрекет етуге баулу. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-	**Жылулық шеңбері:**	

қозғаушы күш	Үлкенге де Сіз Кішіге де Сіз Сәлем бердік сіздерге Құрметпенен біз.	Балалар жылулық шеңберіне жиналады.
Ізденуші-ұйымдастырушы	- Балалар менің қолымда ненің суреті бар - Дұрыс айтасыңдар.Бірінші оқу іс-әрекетінде біз қалдық материалдардан тышқанды жасаймыз. Тәрбиеші оңай салынатын тышқан үлгісін көрсетіп, талдау жасайды. **Сергіту сәті** Тербеледі ағаштар Алдымнан жел еседі Кіп-кішкентай ағаштар Үп-үлкен боп өседі.	Тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді. Тышқанды жасайды. Тәрбиешімен бірге талдау жасайды. Сергіту сәтін бірге жасайды.
Рефлексивті-түзетуші	Балаларды мақтау	

Күтілетін нәтиже

Не білді: Пайдалануға жарамсыз заттардың пайдасы тиетінін.

Не меңгерді: Қалдық заттардан тышқан жасауды.

Не істей алады: Тышқан жасай алады

№29

Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»

Білім беру бөлімі: «Шебер қолдар»

Тақырыбы: «Табиғи материалдармен жұмыс»

Мақсаты: Балалардың өз қалаулары бойынша жұмыс жасау.

Көрнекі құралдар мен материалдар: Суреттер, табиғи материалдар, жүн, желім, қайшы.

Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап, әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш	Жылулық шеңбері Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар.	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.
Ізденуші-ұйымдастырушы	Табиғи материалдар туралы жалпы түсінік беру. Ағаштан алынатын қағаз, қойдан алынатын жүн туралы түсініктерін қалыптастыру. Олай болса балалар біз табиғи материал жүннен қой жасап үйренеміз. - Тәрбиеші балаларға қойдың жасалу ретін түсіндіреді. - Қойдың бейнесін қағазға салып алу. - қойдың денесіне жүнді жапсыру. - басын, көзін карандашпен салу. Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп, жұмысты ұқыпты жасауы бақыланады. Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап, жетістіктерін атап, түрлі-түсті қағазбен қиып жапсыру жұмыстарын орындау ұсынылады.	Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.
Рефлексивті-түзетуші	**Қорытындылау** Балаларды мақтап, мадақтау	

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек? Табиғи материал туралы толық мағлұмат.

Нені игереді? Табиғи жүннен қой жасауды.

Нені біледі? Алдарына мақсат қоя білуді.

№30

Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»

Білім беру бөлімі: «Шебер қолдар»

Тақырыбы: **Тақырыбы:** Ит (Табиғи материалдармен жұмыс)

Мақсаты: Жануарлардың бейнесіне сәйкес табиғи материалдар таңдай алуға үйрену. Бастаған істерін аяқтауға дағдыландыру.

Көрнекіліктер: Әртүрлі табиғи материалдар, желім, қайшы, жіп, түрлі-түсті қағаз, қылқалам.

Іс-әрекет кезендері	**Тәрбиеші әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Психологиялық ахуалды қалыптастыру	**Шаттық шеңбер:** «Жылы сөздер» **Шарты:** Балалар шеңбер бойымен тұрып, өз аналарының еркелететін сөздерін айтып шығады.	Мені анам ботақан дейді. Мені анам қошақан дейді.т.с.с
Ұйымдастыру іздестіру	Мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіру Қарға баласын «аппағым», Кірпі баласын «жұмсағым» дейді. Жануар да баласын жақсы көреді, емренеді. Ал, адамдар балаларын еркелетіп «күнім», «алтыным» деген сияқты көптеген сөздерді айтады. **«Жыл басына таласқан жануарлар»** ертегісіндегі кейіпкерлерді естеріне түсіреді. Балаларды екі-үш баладан шағын топқа бөліп әр топтың балаларынан не жасағысы келетінін сұраймын. Жануарларды жасау үшін үлгі суретті пайдаланамын. Әтеш пен тауықты талшық, сіріңке қорабы, таяқшалар, қауырсын, үйіңкінің жапырағы, буркерден жасауға болады. Балалар қолында бар табиғи материалдардан басқада жануар түрлерін жасайды. Сазбалшық, ермексаз, тұзды қамырдан да жануарлар жасалады. Еңбек іс-әрекеті кезінде тәрбиеші әр балаға жекелей көмек көрсетеді, (бізбен) қауіпті заттармен жасалатын жұмыстарды өзім атқарам. **Сергіту сәті**	Қарғаның түсі қара болады. Бірақ қарға өз баласын «аппағым» деп еркелетеді.
	Жаңылтпаш жаңылмай айтамыз. 1.Ақ тай ақ па? Қара тай ақ па? 2. Қай тай сақтай, Қай лақ маймақтай.	Жаңылтпашты жылдам айтуға тырысады.

ҰОҚ қорытындысы	Ұ.О.Қ-і ұнады ма? Ой бөлісу. Балаларды мақтау	Ой бөліседі

Күтілетін нәтиже:

Білу Иттің қасиетін.

Не меңгерді Табиғи материалдармен жұмыс жасауды.

Не істей алады Жыл басына таласқан жануарларды жасай алады.

№31

Білім беру саласы: «Вариатив»

Білім бөлімі: «Шебер қолдар» «Үйрек» (Оригами)

Мақсаты: Саусақ бұлшық еттерін және баланың ой-қиялын дамыту, Қағазды әр түрлі әдіспен бүктеуге жаттықтыру.

Көрнекі құралдар мен материалдар:Үйрек суреттері, қағаз, желім, қайшы.

Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап, әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері** Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар.	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.
Ізденуші-ұйымдастырушы	Балаларға құстар туралы түсінік беру. Теледидардан құстар туралы деректи фильм көрсету. Құсардың мекен ету ортасы жайлы түсінік беру. Құстардың ішінде үйрек туралы толық мағлұмат беру. - Тәрбиеші балаларға үйректің жасалу ретін түсіндіреді. - Қағазды бүктеу арқылы үйрек жасау. Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп,жұмысты ұқыпты жасауы бақыланады. Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап,жетістіктерін атап, түрлі-түсті қағазбен қиып жапсыру жұмыстарын орындау ұсынылады.	Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Құстар туралы қызықты мәлімет алады. Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.
Рефлексивті-	**Қорытындылау** Балаларды мақтап, мадақтау	

түзетуші		

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек? Құстар туралы толық мағлұмат.
Нені игереді? Бүктеу әдісі арқылы үйрек жасау.
Нені біледі? Алдарына мақсат қоя білуді.

№32
Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»
Білім беру бөлімі: «Шебер қолдар»
Тақырыбы: «Мимоза тармақшалары»
Мақсаты: Дөңгелек түрдегі заттарды қия білуге, бөліктерден құрастыра білуге үйрету. Саусақтарының бұлшық еттерін жетілдіру.
Көрнекі құралдар мен материалдар:Суреттер, дөңгелек заттар.
Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап, әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері** Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар.	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.
Ізденуші-ұйымдастырушы	Тәрбиеші балаларға түрлі гүлдердің суреттерін көрсетеді. Гүлдердің қасиеттері, қайда өсетіні жайлы мағлұмат беру. Мимоза гүлімен танысу. - Тәрбиеші балаларға мимозаның таяқшаларының жасалу ретін түсіндіреді. - Дөңгелек түрдегі заттарды қия білу. Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп, жұмысты ұқыпты жасауы бақыланады.	Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды.

Рефлексивті-түзетуші	Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап, жетістіктерін атап, түрлі-түсті қағазбен қиып жапсыру жұмыстарын орындау ұсынылады. **Қорытындылау** Балаларды мақтап, мадақтау	Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек? Гүлдер туралы толық мағлұмат.
Нені игереді? Мимоза таяқшаларын жасауды.
Нені біледі? Алдарына мақсат қоя білуді.

№33
Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»
Білім беру бөлімі: «Шебер қолдар»
Тақырыбы: «Ұшақ»
Мақсаты: Балаларды қағазды бекітудің қарапайым әдістермен таныстыруды жалғастыру. Бүктеу кезінде қарама-қарсы қабырғалары мен бұрыштарынаң сәйкес келуін қадағалап отыруға үйрету.
Көрнекі құралдар мен материалдар: Түрлі-түсті қағаз,желім, қайшы.
Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап,әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері** Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар.	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.
Ізденуші-ұйымдастырушы	Тәрбиеші балаларға әуе көліктері жайлы наутбуктан слайд көрсетеді.Әуе көліктері жайлы толық мағлұмат беру.	Балалар тәрбиешіні

	- Тәрбиеші балаларғаұшақ жасалу ретін түсіндіреді. Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп, жұмысты ұқыпты жасауы бақылыанды. Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап, жетістіктерін атап, түрлі-түсті қағазбен қиып жапсыру жұмыстарын орындау ұсынылады. Бүгінгі оқу қызметінде не туралы білгендерін, ненің ерекше естерінде қалғанын сұрап, жақсы қатысқандары үшін мадақтап, оқу іс-әрекетін аяқтайды.	мұқият тыңдайды. Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.
Рефлексивті-түзетуші		

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек? Ұшақ туралы толық мағлұмат.

Нені игереді? Қағазды бекітудің қарапайым әдістерімен танысады.

Нені біледі? Бүктеу кезінде қарама-қарсы қабырғалары мен бұрыштарынаң сәйкес келуін қадағалап отырады.

№34

Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»

Білім беру бөлімі: «Шебер қолдар»

Тақырыбы: «Кеме» (Оригами)

Мақсаты: Балаларды қағаздан бұйымдар жасауға үйретуді жалластыру. Қағазды бүктеу, жазу арқылы саусақтарды әр түрлі ұсақ қимылдарды жасауға үйрету. Балалардың байқағыштығын, зейінін дамыту.

Көрнекі құралдар мен материалдар:Суреттер, қағаз, желім, қайшы.

Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап, әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері** Арайлып таң атты,	

	Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар.	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.
Ізденуші-ұйымдастырушы	Тәрбиеші балаларға кеме түрлерін слайд арқылы көрсету.Су көліктері жайлы толық мәлімет беру. - Тәрбиеші балаларға кеменің жасалу ретін түсіндіреді. Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп, жұмысты ұқыпты жасауы бақылыанды. Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап,жетістіктерін атап, түрлі-түсті қағазбен қиып жапсыру жұмыстарын орындау ұсынылады.	Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.
Рефлексивті-түзетуші	**Қорытындылау** Балаларды мақтап, мадақтау	

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек? Кеме туралы толық мағлұмат.

Нені игереді? Саусақтарды ұсақ қимылдарды жасауға үйрету.

Нені біледі? Алдарына мақсат қоя білуді.

№35

Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»

Білім беру бөлімі: «Шебер қолдар»

Тақырыбы: «Көбелек» (Табиғи материалмен жұмыс)

Мақсаты: Балаларды табиғи материалдармен таныстыру. Жұмыс істеудің алғашқы дағдыларын қалыптастыру.Ойыншық жасау барысында дене бөліктерін салыстыра білуге үйрету. Әдемілікке баулу.

Көрнекі құралдар мен материалдар:Табиғи материалдар, қайшы, желім.

Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап, әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері** Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар.	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.
Ізденуші-ұйымдастырушы	Балаларға түрлі гүлдер, оларға қонатын көбелектер жайлы суреттер көрсету. Және сурет бойынша әңгімелесу. - Тәрбиеші балаларға көбелектің жасалу ретін түсіндіреді. Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп, жұмысты ұқыпты жасауы бақыланады. Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап, жетістіктерін атап, түрлі-түсті қағазбен қиып жапсыру жұмыстарын орындау ұсынылады.	Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Көбелек түрлерімен танысады.
Рефлексивті-түзетуші	Жақсы қатысқандары үшін мадақтап, оқу іс-әрекетін аяқтайды.	Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек? табиғи заттарды пайдалану.
Нені игереді? Ойыншық жасау барысында дене бөліктерін салыстыра білуді.
Нені біледі? Әдемілікке баулу.

№36
Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»
Білім беру бөлімі: «Шебер қолдар»

Тақырыбы: «Шығармашылық көрме ұйымдастыру»
Мақсаты: Балалардың жыл бойы жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастыру.
Көрнекі құралдар мен материалдар: Суреттер, жасаған жұмыстар.
Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап,әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы күш	**Жылулық шеңбері** Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар.	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.
Ізденуші-ұйымдастырушы	- Балалар біз жыл бойғы жасаған жұмыстарымыздан көрме жасадық. Жануарлар, ит жасадық. Қысқы көрініс аққала, жаңа жылдық безендірдік. Құстардың көптеген түрлері үйрек, көгершін, пингвин жасауды үйрендік. Досымызға арнап альбом жасадық. Мамаларымызға арнап ине қадағыш жасадық. - Балалар, жасаған жұмыстарын өте керемет біз жыл бойы көптеген заттарды жасауды үйрендік. - Ата-аналарымызға да ұнады. Жыл бойы жасаған жұмыстарымен көрме жасау	Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды.
Рефлексивті-түзетуші	**Қорытынды:** Бүгінгі оқу қызметінде, ненің ерекше естерінде қалғанын сұрап, жақсы қатысқандары үшін мадақтап, оқу іс-әрекетін аяқтайды. Балаларды мақтап, мадақтау	

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек? Өздері жасаған жұмыстарын көрмеге қою.
Нені игереді? Өз-өздерін мадақтауды.
Нені біледі? Алдарына мақсат қоя білуді.

« БЕКІТЕМІН»

№13 "Гүлдер" бөбекжай балабақшасының меңгерушісі:

_____Бибосынова М.А.

Ересек «Қарлығаш» тобының 2022-2023 оқу жылына арналған Вариативтік компоненті.

Тексерілді:

Әдіскер: Мусирепова С

2022-2023 оқу жылы

Вариативті компонент
Шығармашылық және Әлеумет

2022-2023 оқу жылы

№	Ай аттары	Тақырыптары	Сағат саны
	Қыркүйек		
1		«Отбасы» ойыны	0,5
2		Бақа	0,5
3		«Наубайхана» ойыны	0,5
4		Жапырақтар түсіп жатыр	0,5
	Қазан		
5		«Жемістер мен көкөністер дүкені» ойыны	0,5
6		Пеште тандыр нан пісіреміз	0,5
7		«Құстар фермасы» ойыны	0,5
8		Қарбыздың бөлігі	0,5
	Қараша		
9		Қоянның жаңа тоны	0,5
10		«Кітапхана» ойыны	0,5
11		Алақай, қыс келді!	0,5
12		«Үй құрылысы» ойыны	0,5
	Желтоқсан		
13		Шыршаны безендірейік	0,5
14		«Ойыншықтар дүкені» ойыны	0,5
15		Жылы бөкебай	0,5
16		«Аурухана» ойыны	0,5
	Қаңтар		
17		Аңдарға қысқы үйшік	0,5
18		«Жануарлар фермасы» ойыны	0,5
19		Түрлі балықтар жүзіп жүр	0,5
20		«Шаштараз» ойыны	0,5
	Ақпан		
21		Құстың балапаны	0,5
22		«Техника дүкені» ойыны	0,5
23		Піспенан	0,5
24		«Киімдер дүкені» ойыны	0,5
	Наурыз		
25		Ғарыш аспаны әдемі	0,5
26		«Жиһаздар дүкені» ойыны	0,5
27		Үш аюдың шелектері	0,5
28		«Жанармай құю станциясы» ойыны	0,5
	Сәуір		
29		Танк	0,5
30		«Ас әзірлеу» ойыны	0,5
31		Көк қанатты көбелек	0,5
32		«Бақшаны егеміз» ойыны	0,5
	Мамыр		
33		«Жол қозғалысы» ойыны	0,5
34		Кір жуу машинасы	0,5
35		«Автобус» ойыны	0,5
36		Доппен жаттығу	0,5

Тақырыбы: «Отбасы» ойыны

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға отбасы ұғымын түсіндіру, отбасы мүшелерінің отбасы құрамындағы атқаратын әрекеттерін пысықтау, отбасыда құралдарды қолдану қажеттіліктерімен таныстыру; ойын ережелерін түсіндіру. Балалардың ойын желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, қатынастарда қарапайым сұрақ қою, жауап беру үлгілерін игерту, шағын және топтық арақатынастарға түсе білу, ойын шартын ұстану дағдыларын қалыптастыру, ой-қиялын жетілдіру. Балалардың отбасына деген сүйіспеншіліктерін қалыптастыру, үлкенге құрмет қағидаларының негіздерін қалау, әдептілікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

"Отбасы" сөзінің мағынасын түсіндіру, белсенді сөздік қорға "үйретіңізші", "көрсетіңізші", "ойнайықшы", "кім ата-ананы тыңдап, оларға бағыну керек" сияқты сөздер мен фразаларды енгізіп, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Суретті көрсету, көркем сөз, кіріспе әңгімелесу, пантомима ойын-жаттығу, сөздік жаттығу, сергіту сәті, өздік ойын әрекеттері, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Отбасы суреті.
Заттық суреттер: балға мен шеге, теледидар, нан дүкені, жіптер мен біздер, кастрөл мен ожау, торт, балмұздақ, шаңсорғыш, сыпырғыш, су құйғыш пен үй өсімдігі, шәйнек пен кесе, су құбырының астына қойылған ыдыстағы алмалар, сөредегі ойыншықтар, шамды бұрап жатқан қолғаптағы қолдар.
Отбасы мүшелерінің жеке суреттері.
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Отбасы мүшелерінің шынайы өмірде қолданатын заттары: тақия, бас орамалы, көзілдірік, кепкі, алжапқыш, желетке; қорапшаларда ойыншық күйінде пластиктен жасалған жеке заттар немесе нақпішіндер: балға мен шеге, қысқыш, жеміс-көгөністер, торқапшық, жіптер мен біздер, кастрөл мен ожау, торт, балмұздақ, шаңсорғыш, сыпырғыш, су құйғыш, шәйнек пен кесе, корапшадағы ойыншықтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Суретті көрсету.
Отбасының суреті көрсетіледі.
– Балалар, бұл кімдер? Иә, бір сөзбен айтқанда, бұл – отбасы. Қайталаймыз.
Көркем сөз. "Отбасы деген ..."
Отбасы деген жылы ошақ,
Жылы құшақтарымен баурайды.
Үнемі жанында, сені қоршап,
Жүрекке махаббат сыйлайды.

Отбасы деген атаң, әжең,
Ата-анаң. Оларға сен өте ұқсайсың.
Отбасыда ағаң сенің және әпкең,
Іні-бауырың да бар, онымен ойнайсың.

1.2. Кіріспе әңгімелесу.
– Балалар, сендердің отбасыларыңда кімдер бар?
Балалар өз отбасыларының адамдарын айтады.
Педагог балалардың айтулары бойынша отбасы мүшелерінің суреттерін панноға, бір қатарға тізіп жатады.
– Бір сөзбен мына адамдар бірге қалай айтылады? Иә. Мынау – отбасы. Жарайсың, Еркебұлан.
– Балалар, отбасында кім ең құрметті адам? Иә. Ата – ең құрметті адам.
– Егер ата болмаса, кім ең құрметті адам болады? Әке – ең құрметті адам. Жарайсыңдар.
– Кім ата-ананы тыңдап, оларға бағыну керек? Балалар ата-ананы тыңдап, оларға бағыну керек. Жарайсыңдар.
– Кішкентайлар үлкенді неге тыңдайды? Үлкендердің ақылы көп. Үлкендердің қолынан көп іс келеді. Кішкентайлар олардан үйренеді. Жарайсыңдар.
Балалар ойларын айтады. Педагог қысқа түйіндеме жасап отырады.
– Үлкендерден нені үйренуге болады екен? Көрейік. Бүгін біз "Отбасы" ойынын ойнамыз.
Әңгімелесу мазмұны қысқа және қарапайым формада құрастырылуы мүмкін, бұл жағдай педагогтің шеберлігіне, балалардың дайындығына байналысты.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. "Не үшін?" пантомима жаттығуы.
Балалар ортағашақырылады.
Отбасы мүшелерінің әрекеттеріне қатысты суреттер топтамасы қолданылады: балға мен шеге, теледидар, нан дүкені, жіптер мен біздер, кастрөл мен ожау, торт, балмұздақ, шаңсорғыш, сыпырғыш, су құйғыш пен үй өсімдік, шәйнек пен кесе, су құбыры астына қойылған ыдыстағы алмалар, сөредегі ойыншықтар, шамды бұрап жатқан қолғаптағы қолдар.

Кез келген сурет көрсетілгенде балалар оған қарап, белгілі қимылдар жасайды. Мысалы, кітап көрсетілсе қолдарды жайып, оқып отыру қимылы көрсетіледі.
Суреттердегі заттардың керектігі айтылған сайын, әрқайсысы тағы бір панноға бөлек тізіліп жатады.
– Балалар, мен көрсеткен суретке қарап, онымен не істейтінімізді көрсетіп көрейік. Көрсеткеннен кейін, қимылдарды сөзбен айтамыз.
Жалпы, суреттер саны балалардың дайындығына сәйкес қолданылады.

2.2. "Кім не істейді?" ойыны.
Мақсаты. Отбасы мүшелерінің өзара сөздік қатынасқа түсу негізгі принциптерін игерту, қарапайым фразаларды айтқызу.
Шарты. Балалар ата, әже, әке, ана, бала сияқты отбасы мүшелерінің атрибуттарын қолданып, белгілі әрекеттерді жасауы шарт.
Барысы.
– Балалар, ал енді отбасы мүшелерінің қолынан не келеді, түсініп алайық.
Балалардың алдына екі паннода екі бөлек суреттердің топтамалары ілінеді. Сол жақ паннода отбасы мүшелері, оң жақта отбасы мүшесінің әрекеттеріне қатысты суреттер қайта ілінеді.
– Балалар, қойылған сұрақты мұқият тыңдаңдар. Осы суреттердің бірін алып, қай отбасы мүшесіне келсе, соның суретінің астына қоясыңдар.
– Кім шығып айтады?
– Асылбек, ата үйде не істейді?
– Ата шеге қағады. Ата кітап оқиды. Ата теледидар көреді. Ата дүкенге барады. Осы суреттерді тауып, атаның суретінің астына тізе ғой. Жарайсың.
Педагог суреттердің тиянақты орналасуын өзі қамтамасыз етеді.
Балалар кезекпен айтып, отбасы мүшелері суреттерінің астына, өздерінің қалауларына қарай кез келген белгілі бір әрекетті білдіретін суретті орналастырады.

2.3. Сергіту сәті. "Отбасымда кім бар?"
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.

Отбасымда атам бар, топ-топ-топ, мені ойнатар (сап түзеп бір орында тұру).
Отбасымда әжем бар, ол тәп-тәтті нан жабар (алақандарды кеуде алдында ішке қарай айналдыру).
Отбасымда әкем бар, тоқ-тоқ-тоқ кілем қағар (жұдырықпен кеудені соққылау)

Отбасымда анам бар, тап-таза еден жуар (алдыға еңкею).
Отбасымда мен де бармын, тәртіпті бала болармын (алақандарды кеудеге қойып, оң-солға еңкею).

Жаттығу оқу қызметінен тыс уақытта өткізіліп, балалар үшін таныс болу шарт. Сонда жаттығу белгілі уақыт мерзімін алып, балалардың көңілдері көтеріңкі болуына септігін тигізеді.

2.4. Ойынды іске асыру.
"Кім боламын?" жаттығуы.
Балаларға әрбір отбасы мүшесі болу мүмкіндігі беріледі. Ол үшін жеке тұрған үстелге бөлек бірнеше атрибуттар дайындалады: тақия, бас орамалы, көзілдірік, кепкі, алжапқыш, желетке. Сонымен қоса, қорапшаларда ойыншық күйінде жеке заттар немесе нақпішіндер ұсынылады: балға мен шеге, қысқыш, жеміс-көгөністер, торқапшық, жіптер мен біздер, кастрөл мен ожау, торт, балмұздақ, шаңсорғыш, сыпырғыш, су құйғыш, шәйнек пен кесе, корапшадағы ойыншықтар. Балалардың жастары кішкентай болуына байланысты, рольдерді таңдауларына көмек жасау үшін, педагог басты кейіпкерлерді өзі үлестіреді. Балалардың іскерліктеріне, арақатынастық қабілеттерінің дамуына сай, педагог мына сияқты сұрақ-өтінімдерді айтуы мүмкін: "Қамбар, сен ата бола ғой ... Не таңдайсың? Дария, сен әже боласың ба? Басыңа не байлайсың?"
Белгілі рольдерге таңдалған балаларға ойын алаңындағы орындары көрсетіледі.
Егер балалар саны көп болса, топты екі отбасы топтамаларына бөліп ұйымдастыруға болады. Егер кейбір балалар ойынға қатысқылары келмесе, ойынды бақылап отыруға мүмкіндік беріледі.
Балалар киініп алғаннан кейін, мына сияқты сөздерді айтып, рольдің сипатын тануға серпіліс алады.
"Қандай болайын?" жаттығуы.
Әкем менің, Сіз сияқты мықты болайын,
Анам менің, Сіз сияқты білгір болайын.
Атам менің, Сіз сияқты шебер болайын,
Әжем менің, Сіз сияқты ісмер болайын.
Ақылға ақыл қосып, күнде өсіп тұрайын,
Отбасыма өскенде үлкен үй салайын.

2.5. Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Отбасы".
– Балалар, мынау біздің үйіміз, Қамбар – атасы, Дария – әжесі, Сырым – әкесі, Самал – анасы ... Міне, отбасыда қаншама балалар бар екен ...
– Балалар, өз ойыншықтарың мен заттарыңды алып, әрекеттер жасауға болады.
Педагог ойын барысында балаларға сұрақтар қойып, жауаптарын тыңдап жүреді.
"Сен, кімсің? "Сен істеп жатырсың?", "Жасағаныңды кімге көрсетесің?" сияқты сұрақтар қойылады. Егер, кез келген бала өз қимылын түсіндіре алмаса, жанындағы баладан: "Самал не істеді?"– деп сұрауға болады.
Педагогтің өзі отбасы мүшелерінің бірі болып, кез келген баланың қасына барып, кейіпкер тарапынан сүйемелдеуші сұрақтар қояды. Мысалы: "Ата, Сіз не істеп жатырсыз?", "Ана, Сіз маған (балаларға) не пісіріп бересіз?", "Әмір, мен де сенімен ойнайыншы ... Маған қандай ойыншық бересің?"
Отбасы мүшелерін сомдаған балаларға, мына сияқты өтінімдерді айтып, әрекеттер жасатуға болады: "Дария әжей, маған бөкебайды тоқуды үйретіңізші", "Сырым әке, маған шегені қалай қағуды көрсетіңізші", "Қайрат, ойыншықпен қалай ойнайсың, көрсетші."
Әрбір баланың қимылдарын, сұрақ қойғандарын, жауап бергендерін мақтап, қолдау керек.
Ойынның соңында балаларға заттар мен ойыншықтарды өз орындарына салып қоюға уақыт беріледі. Құралдар мен ойыншықтардың тез жиналуы үшін, бірнеше қорапшалар үлестіріледі.

3. ҚОРЫТЫНДЫ
Мақтау және оқу қызметін пысықтау.
– Балалар, қандай тамаша ойын ойнадық! Солай ма?
– Қандай ойын ойнадық? Иә. "Отбасы" ойынын ойнадық.
– Қарлығаш, балалар неге үлкендердің тілін алу керек? Иә. Үлкендер көп біледі. Үлкендер кішкентайларды үйретеді. Жақсы.
– Балалар, бүгін сендер белсенді, ұйымшыл болдыңдар. Үлкендердің тілін алдыңдар, көпке үйрендіңдер. Жарайсыңдар. Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Тақырыбы: Бақа

Оқу қызметінің мақсаты
Балаларды бақа денесінің негізгі құрылымымен таныстыру, бақаның мезгілге сай тіршілігі туралы мағлұматтар беру. Көлемі және орналасуы түрлі сопақша пішіндерін бір тұтас бақа бейнесіне біріктіріп, жапсыру амалдарына үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшерін, зейінді, ақыл-ой қабілеттерін дамыту. Табиғат құбылыстарын бақылауға деген қызығушылықтарын ояту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс
Сөздік қорды "бақаның көзі бадырақ", "беті жалпақ", "сопақша" сияқты сөздер арқылы жетілдіру.
Әдіс-тәсілдер
Аудиожазбаны тыңдау, көркем сөз, сергіту сәті, суретті көрсету, затты зерттеу, мүсіндеу тәсілдерін көрсету, ауада көрсету, өздік жұмыс, мақтау, оқу қызметін пысықтау.
Құрал-жабдықтар
1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР
Аудиожазбаны тыңдау.
Бақа дыбысының аудиожазбасы.
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.
Бақаның суреті.
Тіке жатқан қағаз бетіне жапсырылған бақаның үлгісі. Бақаның денесі сопақша, басы сопақша (көлденең), қол-аяқтары да сопақша, көлемі шағын.
Тіке жатқан қағазда бір-біріне перпендикуляр тиістіріліп салынған екі сопақшаның сызбасы.
Жапсыруға ыдыста екі көлемі бірдей, үлкен сопақша, төрт кішкентай сопақша, екі кішкентай дөңгелек жасыл түсті пішіндер жинақтамасы.
Жапсыруға қажетті құралдар: ыдыста желім, қылқалам, қылқаламға тіреуше, жайма (төсеніш), майлық (сүлгі).
2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР
Тіке жатқан қағазда бір-біріне перпендикуляр тиістіріліп салынған екі сопақшаның сызбалары.
Ыдыстарда екі көлемі бірдей, үлкен сопақша, төрт кішкентай сопақша, екі кішкентай дөңгелек жасыл түсті пішіндер жинақтамалары.
Жапсыруға қажетті құралдар: ыдыста желімдер, қылқаламдар, қылқаламға тіреушелер, жаймалар (төсеніш), майлықтар (сүлгі).
Оқу қызметінің барысы
1. КІРІСПЕ БӨЛІМ
1.1. Аудиожазбаны тыңдау.
Бақаның дыбысы естіледі.
– Балалар, естіп отырсыңдар ма? Бұл не?
Көрейікші.
Суретті көрсету.
Бақаның суреті көрсетіледі.
– Бақа, сен бұнда не істеп жүрсің? Қайдан келдің?
1.2. Көркем сөз.
Мына сөздерді жұмбақ ретінде де қолдануға болады.
Бақа:
– Менің мекенім – батпақ,
Басым үлкен, жалпақ.
Мен ешқашан да жатпаймын,
Отырамын да бақылдаймын.
Ытқып секіремін, жүрмеймін,
Аузым үлкен болса да күлмеймін.
– Балалар, қыста мен ұйқыға кетемін. Қазір күз болса да, ешкім менімен бірге ән айтыспайды. Сендердің ойындарыңды көрейінші.
Педагог:
– Балалар, біз мына бақа сияқты көп бақа жасап берсек, олар бақылдап, ән айтысады. Бақаға достар жасаймыз ба? Ендеше бастайық.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу. "Бақа".

Балаларға тіке жатқан қағаз бетіне жапсырылған бақаның үлгісі көрсетіледі: денесі сопақша, басы сопақша (көлденең), қол-аяқтары да сопақша, көлемі шағын.

– Балалар, бақада не бар? Алтынай, айта ғой. (Көрсеткішпен көрсету). Басы, денесі, аяқтары, көздері. Жарайсың.

– Құндыз, бақаның түсі қандай? Иә. Түсі жасыл. Бақаға жасыл болу не үшін керек? Иә. Шөптің арасына жасырынып отыру үшін. Шөптің арасында бақа көрінбейді.

– Балалар, бақаның суретіне қараса, қандай пішіндерді көруге болады? Иә. Сопақшаларды көреміз. Жарайсың, Шырын.

Көрсеткішті қолданып отыру.

– Сопақшалардың көлемі бірдей ме? Бірдей емес. Қандай сонда? Үлкен және кішкентай. Жарайсыңдар.

2.2. Жапсыру амалдарын көрсету.

Балаларға тіке жатқан қағазда бір-біріне перпендикуляр тиістіріліп салынған екі сопақшаның сызбасы көрсетіледі.

Жапсыруға екі көлемі бірдей, үлкен сопақша, төрт кішкентай сопақша, екі кішкентай жасыл түсті дөңгелек пішіндер қажет болады.

– Балалар, мынау бақаның сызбасы.

– Абылай, мынау не болуы мүмкін? Бұл бақаның денесі мен басы.

– Осы дене бөлшектерін бірінші тәртіпте жапсырамын.

Уақытты үнемдеу мақсатында, бөлшектің барлығы желімденіп дайын жатуы керек.

– Пішінді желімдеу үшін, оны арғы жаққа аудару керек. Желімді пішіннің шеттеріне жағамын. Сызбаның үстінен тура салып жапсырамын, майлықпен сүртемін.

– Басында осы тәртіпте желімдеп, сызбаның суретіне қарап жапсырамын.

– Дариға, тағы жапсыратын не қалды? Иә. Бақаның аяқтары. (Көрсету).

– Балалар, міне, бақаның жанына тағы бір бақа келді. Сендер де осындай сүйкімді достарды жапсырып, жасап көріңдер.

2.3. Саусақ жаттығуы. "Бақалар".

Біз көңілді баламыз, (алақандарды алға ашып көрсету)
Біз бақалар боламыз, (төрт саусақты біріктіріп, бас бармаққа соққылау)
Саусақтарды тікірейтіп, (саусақтарды созу)
Шапалақты соғамыз. (шапалақтау)

Біз көңілді баламыз, (алақандарды алға ашып көрсету)
Біз бақалар боламыз, (төрт саусақты біріктіріп, бас бармаққа соққылау)
Алақандарды көрсетіп, (алақандарды алға ашып көрсету)
Оңға, солға бұлғаймыз. (алақандарды синхронды шайқау)

Педагог саусақ жаттығуын ұйымдастыру кезінде сөйлеудің мәнерлі оқу құралдарын қолдануға міндетті.

Балалар қимылдарды орындай отырып, сөздерді педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай айтып отырады.

2.4. Жапсыру амалдары тәртібін қайталау.

– Балалар, бақаны жапсырғанда жұмысты неден бастаймыз? Үлкен сопақшалардан бастаймыз. Жарайсыңдар.

– Кішкентай сопақшалар не болады? Иә. Аяқтары болады.

– Балалар, артық желімді немен сүртеміз? Иә. Майлықпен сүртеміз. Жарайсыңдар.

2.5. Өздік жұмыс.

Әрбір баланың алдына тіке жатқан қағазда бір-біріне перпендикуляр тиістіріліп салынған екі сопақшаның сызбасы, жапсыруға ыдыста екі көлемі бірдей, үлкен сопақша, төрт кішкентай сопақша, екі кішкентай жасыл түсті дөңгелек пішіндер жинақтамалары беріледі.

Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға "Сен не істеп отырсың?", "Оны қалай

жасадың?", "Қайда орналастырдың?" сияқты сұрақтар қойылады.
Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптарды алып отыру керек: "бақаның көзі бадырақ", "беті жалпақ", "сопақша", "желімді жағамын", "сүртіп аламын".
Балалардың жұмысты орындау техникалары, тазалықты сақтау әдебі бақыланады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

– Балалар, сендер бүгін не жапсырдыңдар? Иә. Бақаны жапсырдыңдар. Жарайсыңдар.
– Балалар, қаншама көп бақаның шыққанын көріп отырсыңдар? Біздің бақа өзімен бірге ән айтысатын достардың табылғанына қуанышты.
– Қорлан, сен бақаның басын жапсырғанда нені байқадың? Бақаның басы жалпақ, сопақша сияқты.
– Бүгінгі оқу қызметінде сендер өте ұғымтал, байқағыш және зерек болдыңдар. Бақалар өте әдемі болып шықты. Жарайсыңдар. Сау болыңдар.

Тақырыбы: «Наубайхана» ойыны

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға наубайхана жөнінде түсінік беру, наубайшы мамандығымен таныстыру, нан өнімдері туралы ұғымдарды пысықтау, ойын ережелерін түсіндіру. Балалардың "Наубайхана" ойыны желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, қатынастарда қарапайым сұрақ қою, жауап беру үлгілерін игерту, шағын және топтық арақатынастарға түсе білу, ойын шартын ұстану дағдыларын қалыптастыру, ой-өрісі қабілетін жетілдіру. Балаларды ересектің еңбегін құрметтеуге баулу, ұқыптылыққа, әдептілікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

"Наубайхана" сөзінің мағынасын түсіндіру, белсенді сөздік қорға нан өнімдерінің атауларын, "наубайшы" сөзін, "ұннан нан илейді" сөз тіркестерін енгізіп, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Суретті көрсету, көркем сөз, кіріспе әңгімелесу, дамытушы жаттығу, сергіту сәті, тәжірибе жаттығуы, өздік ойын әрекеттері, қарым-қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Еркежан әжейдің нан пісіргені туралы суреттер сериясы.
Заттық суреттер: сүт құйылған шыны ыдыс, ағаш қасық, қамырды илеу үшін шұңғыл ыдыс, ұн, жұмыртқа, тұз, тоқаш, нан, тандыр нан, нан пісіретін пеш.
Наубайханада нанды пісіріп, басына ақ қалпақ, ақ алжапқыш киіп, тұрған наубайшының суреті.
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.
Қалпақ, алжапқыш, қамыр кесегі, тақтайша, майлық.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Қалпақтар мен алжапқыштар.
Нан өнімдері түрлерінің заттық суреттері: тоқаш, қалаш, піспенан (печенье), батон.
Табақшаға салынған тұздалған қамыр кесектері, тақтайшалар, майлықтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Суреттер серияларын көрсету.
Балаларды жарты шеңберге шақырып, тақпақты еске түсіру, барлығына бірге айтқызу.

Көркем сөз.
1-сурет.

Еркежан Әжей сүт құйылған мөлдір ыдысты ұстап тұр. Көгалда, әжейдің ағы жағында сиыр тұр.
Еркежан әжей
Таң атпай тұрды,
Таң атпай тұрды,
Сиырын сауды.

2-сурет.

Еркежан Әжей ұнға жұмыртқа жарып, қамыр илегелі жатыр. Үстел үстінде ұн, жұмыртқа, тұз тұр.
Еркежан әжей
Нан қамырын иледі,

Нан қамырын иледі,
Ыдысқа салды.

3-сурет.

Еркежан Әжей тоқаштар салынған табақшаны ұстап тұр. Үстел үстінде шәйнек, кеселер, қант, кәмпиттер тұр.
Еркежан әжей
Тоқаш пісірді,
Тоқаш пісірді,
Ұнтақты септі.

1.2. Кіріспе әңгімелесу.
– Балалар, біз кім туралы тақпақты оқыдық? Қандай қимылдар жасадық?
Балалар өз жауаптарын айтады.
Педагог балалардың айтулары бойынша тақпақта кездескен бейнелердің суреттерін панноға, бір қатарға тізіп жатады.
Суреттер тізбегі: сүт құйылған шыны ыдыс, ағаш қасық, қамырды илеу үшін шұңғыл ыдыс, ұн, жұмыртқа, тұз, тоқаш, нан, тандыр нан, нан пісіретін пеш.

– Балалар, бұл заттардың барлығы не үшін керек екен? Кімге керек?

Суретті көрсету.
Наубайханада нанды пісіріп, басына ақ қалпақ, ақ алжапқыш киіп, тұрған наубайшының суреті көрсетіледі.

– Балалар, мына суретте нені танып тұрсыңдар?
Балалар суреттегі адам және нан туралы ойларын айтады.
– Балалар, бұл – наубайшы. Қайталаймыз. Наубайшы нан пісіреді. қайталаймыз. Жарайсыңдар.
– Ал, бұл жерді наубайхана деп айтамыз. Наубайхана. Жарайсыңдар.
– Балалар, наубайшы нені киіп алды? Иә. Ақ қалпақ, ақ алжапқыш киіп алды.
– Ал, мына тұрған не? Иә. Бұл нан пісіретін пеш. Пештің іші ыстық, оған иленген қамырды салады.
– Біз де, балалар, бүгін біз "Наубайхана" ойынын ойнаймыз. Қамырды илеп, наубайшы боламыз.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ойын мазмұны туралы келісу, рөлдерді бөлу.
– Балалар, "Наубайхана" ойынын ойнау үшін, біз осы ойында нені жасайтынымызды есте сақтауымыз керек.
– Біріншіден, кім наубайшы болғысы келеді?
– Наубайшы болу үшін біз алжапқыш пен қалпақты киіп алуымыз керек.
Балаларға атрибуттарды киіп алуға мүмкіндік беріледі.
– Тағы да біз не істеуміз керек? Қандай нан өнімдерін пісіретінімізді ойлауымыз керек.

2.2. "Ұннан не жасалады?" дамытушы жаттығу.
Балалардың алдына бір үстелге нан өнімдері түрлерінің суреттері жайылады (немесе панноға тізіледі): тоқаш, қалаш, піспенани (печенье), батон.
Суреттер саны балалардың санына сай және бала санынан артық болуы тиіс. Бір үлгіні бірнеше бала қаласа, тиісті сурет болуы қажет.

– Балалар, өздеріңе ұнайтын нан өнімдерінің бірін таңдап алыңдар.
– Томирис (Әлия, Ақбар, Арсен), сен нені таңдадың? Жарайсың.
– Балалар, бұндай пішіндегі қамырларды жасау үшін біз, біріншіден, не істейміз?
– Нан (қамыр) илейміз.
–Олай болса, ұннан нанды илеп көрейік.

Жаттығу аяқталғанда әрбір бала өзі таңдаған суретін орнына апарып қояды, орнында жаттығу жасайды.

2.3. Сергіту сәті. "Нан илейік".

Жеңімізді түрейік (ашық алақандарды бір-біріне үйкеу),
Нан илейік, нан илейік (алақандар төмен, қолдарды алға созу, кеудеге жинау).
Домалатып, орайық (қолдарды кеуде алдында шынтақ бүгіп, өзара айналдыру),
Ыстық пешке саламыз (қолдар белде, сап түзеу).
Тазалықты сақтаймыз (шапалақтау),
Аппақ ұнды қағамыз (еңкейіп, алақанды тізеге қағу).
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.
Балалар педагогтің соңынан қимылдармен көрсетіп отырады.

2.4. Ойынды іске асыру.
"Наубайшы қамырдан не жасайды?" тәжірибе жаттығуы.
Жаттығу мүсіндеудің бірнеше тәсілдерін қайталау болып табылады.
Балалардың әрқайсысы үшін үстелдерде табақшаға салынған тұздалған қамыр кесектері, тақтайша, майлық (алдын-ала) үлестіріледі.
– Балалар, алдарыңдағы қамырларды илеу алдында тәсілдерді есімізге түсіріп көрейік.
– Тоқаш илесек, не істеміз? Иә. Бөлікті алақандардың арасында дөңгелектейміз. Жарайсың, Арман.
– Піспенанды (печенье) илесек? Иә. Дөңгелектелген пішінді, екі жақтан басып жалпайтамыз. Дұрыс, Әмина.
– Батонды жасау үшін не істейміз? Иә. Дөңгелектейміз, есеміз.
– Жарайсыңдар, балалар! Сендер наубайшы болуға дайынсыңдар екен.

2.5. Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Наубайхана".
– Балалар, мынау біздің наубайханамыз.
– Балалар, сендер кімсіңдер? Иә. Наубайшысыңдар. Жақсы.
– Алдарыңда өзерің таңдаған суреттерге қарап, иленіп қойылған қамырлардан, ұнататын нан өнімін илеп көресіңдер.
– Қанекей, наубайшы ағамызға көптеген нан өнімдерін жасасып, пешке салайық.
Педагог ойын барысында балаларға сұрақ қойып, жауаптарын тыңдайды. Балаларды бір-біріне сұрақ қоюға және жауаптарын тыңдауға үйретеді.
"Сен, кімсің? "Сен істеп жатырсың?", "Жасағаныңды қайда саласың?" сияқты сұрақтар қойылады.
Егер, кез келген бала өз қимылын түсіндіре алмаса, жанындағы баладан: "Аслан не істеді?"– деп сұрауға болады.
Педагог алжапқыш пен қалпақ киіп алып, наубайшы болғысы келгені туралы ниетін білдіреді, кез келген балаға көмекшіі сұрақтар қояды. Мысалы: "Наубайшы, Сіз не істеп жатырсыз?", "Наубайшы, осы тоқашты Сіз қалай иледіңіз? Көрсетіңізші", "Құсни, мен де сенімен ойнайыншы ... Мен қандай өнімді жасайын?"
Әрбір баланың қимылдарын, сұрақ қойғандарын, жауап бергендерін мақтап, қолдау керек.
Өнімдер үлгілері жасалғаннан кейін балаларға жайпақ табақша немесе тақтайша ұсынылады.
– Балалар, қамырларыңнан нан өнімдерін жасапсыңдар, қанекей, барлығымыз осы табақшаға тізейік.
– Балалар, табақшаға не үшін салып, тізіп жатырмыз? Иә. Пешке салу үшін. Жақсы.
– Пеште мына қамырларға не болады? Иә. Олар піседі. Жарайсыңдар.
Ойын аяқталғанда өз жұмыс орындарын тазалауға мүмкіндік беріледі.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау және оқу қызметін пысықтау.
– Балалар, сендер қандай тамаша өнімдер жасап шықтыңдар!
– Бүгін сендер кім болдыңдар? Наубайшы болдық.
– Наубайшы болып, не істедіңдер? Айтыңдаршы. Жарайсыңдар.
– Осы өнімдерді жеуге бола ма? Неге? Өнімдерді қайда пісіреді?
– Шолпан, сен кімге көмектестің? Жарайсың.
– Балалар, бүгін сендер еңбекқор, ұқыпты болдыңдар. Көптеген адамдар сендердің өнімдеріңді сатып алып жейді, алғыстарын айтады. Жарайсыңдар. Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Тақырыбы: Жапырақтар түсіп жатыр
Оқу қызметінің мақсаты
Балаларға күз мезгілінде жапырақтардың түсуі туралы мағлұматтар беру, ағаштардың жапырақтарсыз қалуын түсіндіру; ермексаздың бір бөлігін үзіп немесе жұлып алу дағдысын жетілдіру. Сары және қызыл сары, қызыл ермексаз кесектерінен жұлынған бөліктерді қағаз бетіне салынған ағаштардың ұшар бастарына, ағаш түбіне жапсыруға жаттықтыру; қолдың ұсақ моторикасын, қағаз бетін бағдарлау қабілеттерін, зейінді, көз мөлшерін дамыту. Балалардың әсемдікті түсіну сезімдерін қалыптастыру, тиянақтылыққа, төзімділікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс
Балаларға "үземін, жұламын", "ұшарына жапсырамын", "ағаштың түбіне жапсырамын" сияқты сөздерді айтқызып, тілдің белсенді сөздік қорын жетілдіру.
Әдіс-тәсілдер
Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, кіріспе әңгімелесу, үлгіні зерттеу, мүсіндеу тәсілдерін көрсету, саусақ жаттығуы, ауада жаттығу, өздік жұмыс, мақтау, оқу қызметін пысықтау, кейіпкермен қоштасу.
Құрал-жабдықтар
1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР
Ақтөс күшік.
Түрлі-түсті жапырақтар салынған қорапша.
Қатырма қағаздың (картон) бетіне салынған ағаш ұшар басына, ағаштың түбіне ермексаздан жапсырылған "жапырақтардың" сурет үлгісі, "жапырақтар", үлкен кесектен үзіліп жұлынған бөліктер қызыл, қызы сары, сары түсті.
Қатырма қағаздың (картон) бетіне салынған жапырақтарсыз ағаш бейнесі.
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.
Вальс ырғағындағы әуенжазбасы.
Ермексаз жинақтамасы, тақтайша, майлық.
Көрсеткіш.
2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР
Жапырақтарсыз ағаш бейнесі салынған қатырма қағаз (картон) беттері, ермексаз жинақтамалары, тақтайшалар, майлықтар.
Оқу қызметінің барысы
1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Аудиожазбаны тыңдау.
Күздің келгенін білдіретін вальс әуенжазбасы.
– Балалар, қандай тамаша әуен! Бұл не болуы мүмкін? Иә. Күз келді.

Ғажайып сәт.
Қорапты көрсету.
– Балалар, Алтын күз бізге қорапшада ерекше сыйлықтар жіберіпті.
– Балалар, мына қорапта не бар екен? Көрейік.
Педагог қолдарын қорапқа салып, көптеген түрлі-түсті жапырақтарды алып, қорапқа қайтадан тастайды.

Көркем сөз. "Жапырақтар".
Үзіліп, ұшып барады,
Сары жаңбырдай жауады
Жапырақтар, жапырақтар,
Қағаздай болып шашылады.
1.2. Кіріспе әңгімелесу.
– Балалар, жапырақ деп мен неге айтамын? Иә. Жапырақтар ағашта өскен, енді түсіп жатыр.
– Жапырақтардың түсі бірдей ме? Қандай? Жарайсың, Лаура, сары, қызыл сары, қызыл.
Қолды төмен түсіріп, қораптың ішінен Ақтөсті алып шығу.

– Ақтөс, сәлеметсің бе! Сен бұнда не істеп жүрсің?

– Балалар, амандасайық, бізге Ақтөс күшік те келіп қалыпты.
– Балалар, Ақтөс үйілген жапырақтардың арасына кіріп ойнауды жақсы көреді.
– Мына жапырақтар қайдан жиналған? Иә. Ағаштардан жиналған.
– Иә. Ағаштардың жапырақтары күзде түсіп қалады, себебі қыс келіп қар жауады, бұталар сынып қалуы мүмкін.
– Қанекей, біз де Ақтөсті қуантып, ермексаздан түсіп жатқан жапырақтарды жасап көрейік.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу.

Балаларға қатырма қағаздың (картон) бетіне салынған ағаштың ұшар басына, ағаштың түбіне ермексаздан жапсырылған "жапырақтардың" сурет үлгісі көрсетіледі. "Жапырақтар", үлкен кесектен үзіліп, жұлынған бөліктер қызыл, қызы сары, сары түсті.
– Балалар, бұл не? Иә. Ағаш пен жапырақтар.
– Мына ағаш қай жыл мезгілінде тұр? Жазда тұр ма? Күзде тұр. Дұрыс.
– Күзде тұрғанын қалай білдіңдер? Жапырақтары сары, қызыл сары, қызыл түсті. Жарайсың, Жайна.
– Жапырақтар қайда бар? Ағаштың ұшар басында. Қайталаймыз. Жақсы.
– Жапырақтар тағы қай жерде бар? Иә. Ағаштың түбінде бар. Жарайсыңдар.

2.2. Мүсіндеу тәсілдерін көрсету.

Балаларға қатырма қағаз (картон) бетіне салынған ағаш бейнесі көрсетіледі.
– Балалар, мен үлкен, сары түсті кесекті аламын да кішкентай бөліктерді кезекпен үзіп немесе жұлып аламын.
– Осы бөліктер жапырақтар, оларды ағаштың ұшар басына, ағаштың астына, түбіне саусақпен басып, жағып жапсырамын.
Уақытты үнемдеу мақсатында аяқталмаған үлгіні әрі қарай қойып, дайын үлгіні көрсетуге болады.
– Қараңдар, балалар, мен қызыл сары, қызыл ермексаздардан жапырақтарды жапсырып қойдым.
– Балалар, менің қолым былғанып қалды, майлықпен тазалап сүртемін. Ермексаздар кесектерін орнына, қорапшаға саламын. Кезек сендерде.

2.3. Саусақ жаттығуы. "Жапырақтар ұшты".

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.
Қолдар жапырақ екен, (алақандарды жайып, саусақтарды тікірейтіп, ары-бері айналдыру)
Бұтада отыр екен. (саусақтарды жұдырықтарға қысып алу)
Жел соғып жұлып алса, (алақандарды ашу)
Ұшады жеке-жеке. (саусақтармен еркін қимылдау)

Балалар қимылдарды педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай жасайды.
Педагог өз дауысын барынша естілетіндей шығарып, көркем сөзді нақтылы, тартымды мәнерде айтуға міндетті.
Көркем сөз жолдары және жаттығуларды орындау тәртібі, оқу қызметінен тыс уақытта өткізіліп, балалар үшін таныс болуы тиіс.

2.4. Ауада жаттығу.

– Балалар, үлкен кесектен екі саусақтардың ұштарымен үзген болайық. Жарайсыңдар.
– Енді қағаз бетіне жағып жапсырайық. Жарайсыңдар.
Педагог балалардың саусақтарын белгілі мүсіндеу тәсіліне сай қойып, үстел бетіне жақпалаумен тигізіп, сипалау қимылдарына көңіл аударады.
– Балалар, жұмысымыздың соңында біз не істейміз? Иә. Саусағымызды майлықпен сүртеміз.

2.5. Өздік жұмыс.

Балалардың мүсіндеу тәсілдерін бақылау қажет.
Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға "Сен не істеп отырсың?", "Оны қалай жасадың?", "Қайда орналастырдың?" сияқты сұрақтар қойылады.
Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптар алып отыру керек: "кесектен үзіп алдым, жұлып алдым", "жағып жапсырдым", "ағаштың ұшар басына", "ағаштың түбіне".
Шығармашылық жұмыс аяқталғанда балаларға саусақтарын, өз орнын майлықпен сүрту әдебін айтып отыру шарт.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Жасалған жұмыс мақтау, оқу қызметін пысықтау.
– Мінекей, балалар, қандай тамаша жұмыстар жасалды!
– Бүгін сендер не істедіңдер? Иә. Ағаштан түскен жапырақтарды қағазға жағып жапсырдық. Тамаша.
– Жапырақтардың барлығы түсіп қалды ма? Дұрыс айтасың, Сәбира, жапырақтар ағаштың ұшар басында бар. Жарайсың.
– Қырмызы, сен қандай түстерді қолдандың? Тамаша.

Кейіпкермен қоштасу.
– Балалар, Ақтөс күшік те сендердің жұмыстарыңа қарап, таңқалып отыр. Өте әдемі шықты. Енді ол сендердің жапырақтарыңмен ойнайды. "Сау болыңдар!"– деп айтады.
– Балалар маған да сендердің жұмыстарың өте ұнап тұр. Сендер бүгін шыдамды, тиянақты балалар болдыңдар. Жарайсыңдар. Демалайық.

Тақырыбы: «Жемістер мен көгөністер дүкені» ойыны

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды дүкендегі сатушының қызметімен таныстыру, жемістер мен көгөністердің атауларын бекіту, ойын және сыпайылық ережелерін түсіндіру. Балалардың "сатушы" мен "сатып алушы" рөлінде ойын желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, ересек арқылы қарапайым қатынастарға түсу үлгілерін игерту, шағын және топтық арақатынастарға түсе білу, ойын шартын ұстану дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. Балаларды сыпайылыққа, ұйымшылдыққа, еңбекті құрметтеу негіздеріне тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

"Таразы", "әмиян" сөздерінің мағынасын түсіндіру, белсенді сөздік қорға "Сәлеметсіз бе!", Сізге не керек?", "Рақмет", "Сау болыңыз", "Маған алма керек!" сияқты сөздер мен фразаларды енгізіп, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, көркем сөз, суретті көрсету, сурет бойынша әңгімелесу, ойын-жаттығу, сергіту сәті, іс-тәжірибе жаттығуы, өздік ойын әрекеттері, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Жеңіл, көңілді әуенжазбасы.
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.
Жеміс пен көгөністі сатып жатқан сатушының және сатып алушының суреті.
Сатушының алжапқышы, касса аппараты, калькулятор, "Жеміс-көгөніс" дүкені жазуы, қорапшаларда жеміс пен көгөністердің нақпішіндері.
Заттық суреттер: таразы, калькулятор, жеке ұяшықтар мен дорбаларға салынған жеміс пен көгөністер, алжапқыш.
Жеміс пен көгөністердің жеке суреттері.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Заттық суреттер: таразы, калькулятор, жеке ұяшықтар мен дорбаларға салынған жеміс пен көгөністер, алжапқыш.
Жеміс пен көгөністердің жеке суреттері (нақпішіндері).

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Аудиожазбаны тыңдау.
Жеңіл, көңілді әуенжазбасы бәсең дыбыста қосылады.

Ғажайып сәт.
Педагог сатушының киімін (алжапқыш) киіп алып, үстелге касса аппаратын, калькуляторды, "Жеміс-көкөніс" дүкені жазуын қойып, қорапшаларға жеміс пен көкөністердің нақпішіндерін салып қояды.
Балаларға көркем сөзді оқып береді.

Көркем сөз.
Міне, дәмді көкөністер,
Күзге дейін пісіп өскен:
Картоп, пияз, қызанақ,
Қияр, орамжапырақ.

Бау-бақшада жемістер -
Қызарып, толып піскен:
Алхоры, өрік, алма,
Алмұрт, апельсин, құрма.
– Сәлемсетсіңдер ме, балалар! Сендер мені таныдыңдар ма? Мен бүгін сатушымын. Мен кіммін?
– Мынау – дүкен.
– Балалар, қалай ойлайсыңдар, мен не сатамын? Жарайсың, Ажар, жеміс пен көкөністерді сатамын.
– Бүгін біз "Жеміс-көкөніс дүкені" ойынын ойнауды үйренеміз. Ойын алдында кім болатынымызды анықтап алайық.

1.2. Суретті көрсету.
Жеміс пен көкөністі сатып жатқан сатушының және сатып алушының суреті көрсетіледі.

Сурет бойынша әңгімелесу.
– Балалар, бұл кім? Иә. Бұл – сатушы.
– Сатушы екенін қалай біліп қойдыңдар? Иә. Ол дүкенде жеміс пен көкөністер сатып жатыр. Қайталаймыз.
– Ал сатушының алдында кім тұр?
– Балалар, бұл сатып алушылар. Қайталайық. Жарайсыңдар.
– Сатып алушы не істейді? Иә, сатып алушы жеміс пен көкөністі сатып алады. Жарайсың, Ерғали.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. "Сатушыға не керек?" ойын-жаттығуы.
Мақсаты. Сатушыға қажет құралдардың атауларын пысықтау.
Шарты. Сатушыға қажет құралдарды, тауарларды атап, құралдардың не үшін керектігін айту керек.
Барысы. Ойынды өткізгенде құралдардың ойыншық нысандары қолданылады.
Заттық суреттер: таразы, калькулятор, жеке ұяшықтар мен дорбаларға салынған жеміс пен көкөністер, алжапқыш. Осы суреттер тізімінің жанына әмиян, азық-түліктер салатын сөмкенің суреттері қосылады.

– Жеміс пен көкөністі сататын сатушыға қандай құралдардың керектігін "Сатушыға не қажет?" атты ойынынан білеміз.
– Балалар, әрқайсысың, мына құралдардың бірін қолға алып атап, не үшін қолданылатынын айтасыңдар. Мысалы, "Бағлан, мынау не? Ол не үшін керек?" сияқты сұрақтар қойылады.
– Мынау – таразы. Таразыға жеміс пен көгөністі салып, салмағын өлшейді. Салмақты өлшейді. Қайталаймыз.
– Мынау – калькулятор. Калькулятормен ақша мөлшерін санайды. Қайталаймыз.
– Мынау – ұяшық. Ұяшықта жеміс пен көкөністі сақтайды. Қайталаймыз.
Ойын жүйесі жылдам өткізілуі үшін, ойынды бұдан бұрынғы уақытта өткізуге болады.
– Жарайсыңдар, балалар.
– Балалар, ал мынау нелер? (Артық суреттерді көрсету). Мынау – әмиян, мынау – сөмке. Қайталаймыз.
– Сөмке мен әмиян не үшін қажет? Әмияннан ақша алады. Сөмкеге жеміс пен көкөніс салады.
– Сатушыға мына заттар керек пе? Кімге керек? Сатып алушыға керек? Сатып алушы.

2.2. Сергіту сәті. "Сатып алушы".
Балалар алаң ортасына шеңберге тұрғызылып жиналады.
Жеміс пен көкөністердің бір түрлерінен үлестіріледі.
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.
– Біз дүкендерге барамыз,
Сатып алушы боламыз.
– Сатып алушы! Қалыңыз қалай?
Не аласыз, не қалайсыз?
– Алманы сатып аламын.
– Сәбізді сатып аламын.

– Лимонды сатып аламын.
– Пиязды сатып аламын ...
(Балалардың әрқайсысы өз суретіне немесе жеміс-көкөніс нақпішініне қарап, сөздерді жалғастырады)
– Барлығын сатып алдық,
Сөмкемізді толтырдық.
Сау болыңыз, сатушы,
Тағы да көріскенше!

2.3. Ойынды іске асыру.

"Маған не керек?" іс-тәжірибе жаттығуы.

Балалардың кіші жаста болуына байланысты, сатушының рөлін алғашында педагог өзі атқарады. Балалардың қолына шағын қолташалар немесе сөмкелер беріледі.
- Балалар, мен сатушы болып көрейін, ал сендер сатып алушы болып, сөмкелеріңді алып, кезекпен қалағанды сатып аласыңдар.
- Балалар, сатушы мен сатып алушы бір-бірімен сыпайы сөйледі.
- Сатушы сұрайды: "Сәлеметсіз бе! Сізге не керек?!".
- Сендердің әрқайсысың сатушыға былай дейсіңдер: "Сәлеметсіз бе! Маған алма керек!" Сау болыңыз!".

Егер балалар саны көп болса, екі баладан жұптарға бөліп, сатушының алына шақырып отыруға болады. Немесе барлық баланы жарты шеңберге отырғызып, өз алдына шақырып отырып, зат "сатылынып" алғаннан кейін, өз орнына жіберуге болады.
Егер кейбір балалар ойынға қатысқылары келмесе, ойынды бақылап, сұрақтарға жауап беріп, сүйемелдеп отыруға мүмкіндік алады.
Кейбір балалар тек негізгі фразаны айтады, бұл да нәтиже болып саналады.
Балалар педагогпен жеке қатынасқа ойын желесінде түскеннен кейін, өз қалауын іске асырылғанынан кейін, сатушы рөлінің сипатын тануға серпіліс алады.
Ойынға қаражаттың бейнесін білдіретін карточкалар қолданылмайды. Балалар үшін сатушы мен сатып алушы арасында белгілі қарапайым диалогты алып жүруге үйрету - басты міндет.

2.4. Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Жеміс-көкөніс" дүкені.

Балалардың арасынан бір-екі бала сатушы болып, алаңнын екі жеріне тұрғызылады.
Ойынның жылдамдығын қамтамасыз ету үшін, "сатушылардың" аттарына балалардағы жеміс пен көгөністерді екі бөлек ұяшыққа төккізіп, алдарына шағын тақталарды қою керек.
– Балалар, қазір Маржан мен Абылай сатушы болады (киім үлігісін кигізу).
– Маржан, сен сатушысың. Абылай, сен де сатушысың.
– Біз сатып алушылармыз.
– Келіңдер, балалар, кезекке тізіліп тұрайық, сатушылардан тәтті жеміс пен көгөністерді сатып алайық.
Кезекте бірнеше бала толық диалог құрып сөйлессе ғана, осы көріністер қалған балаларға келесі ойындарға қатынасудың үлгісі болады.
Кезектер біткеннен кейін, балаларды орындарына отыруға шақыру керек.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау және оқу қызметін пысықтау.

– Балалар, біз бүгін қандай ойын ойнадық?
– "Жеміс пен көкөніс дүкені" ойынын ойнадық. Жарайсыңдар.
– Дүкенде қандай рөлдерді ойнадық? Кім болдық? Сатушы болдық, жарайсың, Қымбат. Сатып алушы болдық. Жарайсың, Дариға.
– Балалар, бүгін өте ұйымшыл, әдепті болдыңдар. Сатушы бізбен сыпайы болды. Біз сатып алушы болып, үйге жеміс пен көкөністерді сатып алдық. Жарайсыңдар. Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Тақырыбы: Пеште тандыр нан пісіреміз. Ұжымдық жұмыс

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды нан өнімдерінің бірі, тандыр нанды пісіру амалымен таныстыру, нан өнімдері туралы ұғымдарды тиянақтау; дөңгелек пішіннің қасиеттері жөнінде білімдерді пысықтау. Дөңгелек пішінді тандыр нан кескіндеріне желімді жағып, барлық балаға ортақ пеш сұлбасының ішіне қатарларға жапсыру техникасына үйрету, қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру, майлықпен жапсырылған пішінді басып отыру техникасын пысықтау; зейінді, көз мөлшерін дамыту, көпшілікпен бірге әрекет жасау білігін қалыптастыру. Балаларды нанды қадірлеуге, ұқыптылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Балаларға "тандыр нан", "пешке жапсырамын", "майлықпен сүртемін" сияқты сөздерді айтқызып, тілдің белсенді сөздік қорын жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, суретті көрсету, суретті зерттеу, жапсыру тәсілдерін көрсету, саусақ жаттығуы, жапсыру амалдарын қайталау, өздік жұмыс, мақтау, оқу қызметін пысықтау, кейіпкермен қоштасу.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Аланның суреті, ойыншығы.
Тандыр нан пісіретін пештің суреті.
Тандыр нан пісіретін пештің кескінінің іші тандыр нанның қатарларымен толтырылған.
Тандыр нанның екі суреті: дөңгелек, сопақша.
Тандыр нан пісіретін пештің нансыз кескіні, жапсыруға негіз үлгісі.
Ырғақты, көңілді әуенжазбалары.
Көрсеткіш.
Тандыр нанның екі түрлі пішінді дайын кескіндері, ыдысқа құйылған желім, қылқалам, жайма, тіреуше, майлық,.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Тандыр нанның екі түрлі пішінді дайын кескіндерінің ыдыстардағы жинақтамалары, желім құйылған ыдыстар, қылқаламдар, тіреушелер, жаймалар, майлықтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Аудиожазбаны тыңдау.

Көңілді, ырғақты әуен естіледі.
– Балалар, бүгін біз табиғатқа саяхатқа шығамыз.
Саяхатымыз ұзақ болады, қарнымыз ашып қалуы мүмкін. Балалар, қарнымыз ашып қалмас үшін не істеуге болады екен? Жарайсыңдар. Азықтанып алу керек.

Ғажайып сәт.

Аланның келгені көрсетіледі.
Алан:
– Балалар, сәлеметсіңдер ме?
– Мен де сендермен табиғатқа саяхатқа шыққым келеді. Ал азықты менің әжем пісіріп береді. Ол азық – тандыр нан.

1.2. Суретті көрсету.

– Бірақ менің әжем қонақта. Ал тандырды пеште пісіруге болады.
Тандыр нан пісіретін пештің суреті көрсетіледі.
Педагог
– Алақай! Балалар, мен таптым. Бәріміз осы тандыр нанды бірігіп пісірейік.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Суретті зерттеу.

Балаларға тандыр нанды пісіретін пештің суреті тағы да көрсетіледі.
– Балалар, мынау тандыр нанды пісіретін пеш. Шалқар, мынау не? Тандыр нанды пісіретін пеш. Жақсы.

– Пештің ішінде не бар? Иә. Тандыр нан бар.
– Тандыр біреу ме? Тандырлар көп. Жарайсыңдар.
– Тандырдың пішіндері неге ұқсайды? Иә. Дөңгелекке ұқсайды. Сопақшаға ұқсайды. Тамаша.
– Балалар, тандырдың түстері әртүрлі ме? Олар бірдей. Қандай түс екен? Иә. Сары, қоңыр. Жарайсыңдар.

2.2. Жапсыру амалдарын көрсету.

Балалардың алдына тандырды пісіретін пештің тандырсыз кескіні ілінеді.
– Балалар, мына пешке көптеген тандырдың дөңгелек және сопақша қамырлары дайын.
– Мен бір тандыр пішінін жаймаға аударып, шетінің бойына желімді жағамын, қылқалам тереушеге.
– Пішінді аударып, пештің бір бұрышына жапсырамын. Майлықпен үстінен басып, шетін сүртемін.
– Тағы да бір сопақша тандырды екінші қатардың басына жапсырамын, майлықпен артық шыққан желімді сүртемін.
– Балалар, ары қарай менің күшім үлкен пешті толтыруға жетпейді, сендердің көмектерің керек.

2.3. Саусақ жаттығуы. "Нан илейді Нұрай".

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.
Нан илейді Нұрай, (саусақтарды жұдырыққа қайта-қайта жинап, қысу)
Дөңгелектеп, былай, (жұдырықтарды айналдыру)
Томпаң-томпаң, (қос қолды жұдырыққа, "құлыпқа", қысу)
Томпақтап, (қос жұдырықты айналдыру)
Жалпақ-жалпақ, (алақандарды ашып, бірін-біріне айқастырып салу)
Жалпақтап.

Балалар қимылдарды педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай жасайды.
Педагог өз дауысын барынша естілетіндей шығарып, көркем сөзді нақтылы, тартымды мәнерде айтуға міндетті.
Көркем сөз жолдары және жаттығуларды орындау тәртібі, оқу қызметінен тыс уақытта өткізіліп, балалар үшін таныс болуы тиіс.

2.4. Жапсыру амалдары тәртібін қайталау.

– Балалар, біз тандырдың қамырына желімді қалай жағамыз?
– Иә, қылқаламды желімге маламыз. Пішінді аударып, жаймаға саламыз.
– Бір саусақпен шетін басып тұру керек.
– Қылқалам тіреушеге.
– Пішінді қайта аударып, көздеген жерге жапсырамыз.
– Майлықпен үстінен басып, шығып кеткен желімді сүртеміз. Жарайсыңдар.

2.5. Өздігінен жапсыру.

Ұжымдық жұмыс болуына байланысты, әрбір баланың өз пішініне желімді жағып, кезекпен келіп, ешкімге кедергі болмай, пештің сұлбасына жапсыру тәртібі қадағаланады.
Балаға "Сен нені жапсырасың?", "Пішіні қандай?", "Майлықты не үшін алдың?" сияқты сұрақтарды қойып отырған дұрыс.
Балаға "тандыр нан"," пешке жапсырамын", "майлықпен сүртемін" деген сөздер мен фразаларды айтқызу маңызды.
Педагог баланың жұмысын қолдап, мақтауға міндетті.
Балаға көмек қажет болса, педагог жапсыру, желімдеу тәсілдерін өз қағаз үлгісінде орындауы қажет.
Көмектің тағы бір түрі баланың қимылдарына нұсқаулар беріп отыру. Мысалы, "кескінді аудара ғой", "қылқаламды тіреушеге қой", "майлықпен үстінен бас".

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

– Балалар, бүгін біз немен айналыстық? Иә. Тандыр нанды пісірдік. Жарайсыңдар.
– Бөлек жапсырдық па, бірге жапсырдық па? Бірге жапсырдық. Не үшін жапсырдық?

Кейіпкермен қоштасу.

– Алан өте қуанышты, себебі барлығымызға тандыр нан пісіп тұр, саяхатқа шығуға болады. Алан сендердің ұйымшыл, ұқыпты болғандарыңды көріп, әжесіне мақтап барады. "Сау болыңдар!" – дейді.

– Иә, балалар, бүгін көптеген тандыр нан пісірілді. Саяхатқа шыққанда қарнымыз тоқ болып жүреді. Жарайсыңдар! Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Тақырыбы: «Құстар фермасы» ойыны

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға құс фермасы жөнінде мағлұматтар беру, құс күтушісінің еңбегімен таныстыру, үй құстарының атауларын пысықтау, ойын ережелерін түсіндіру. Балалардың құс фермасына қатысты ойын желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, қатынастарда қарапайым өтінімдерді орындау, жауап беру үлгілерін игерту, тілдік және эмоционалдық қарым-қатынастарға түсе білу, ойын шартын ұстану дағдыларын қалыптастыру, ойлау қабілеттерін жетілдіру. Балалардың үй құстарын аялау сезімдерін қалыптастыру, адам еңбегін құрметтеуге, ұйымшылдыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

"Құстар фермасы" сөзінің мағынасын түсіндіру, белсенді сөздік қорға "құс күтуші", "үй құстарын күтеді", "жем шашады", "жұмыртқалар әкеледі" сияқты сөз тіркестерін енгізіп, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, көркем сөз, суретті көрсету, сурет бойынша әңгімелесу, көркем сөз, кіріспе әңгімелесу, дамытушы жаттығу, сергіту сәті, тәжірибе жаттығуы, өздік ойын әрекеттері, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Үй құстары дыбыстарының аудиожазбасы.
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.
Үй құстары фермасының суреті. Құстар жемді шоқып жатыр. Балапандар табақшаны айналып жүріп, бөлек қоректенеді. Тауықтар сөрелерде отыр. Құс күтуші алжапқыш және бас орамал байлаған, жерде жүрген тауықтарға жем шашып жүр.
Заттық суреттер: тауықтың балапаны, қораз, тауық, аққу, торғай, алжапқыш, бас орамал, жұмыртқа, табақшада жем, мөлдір табақшада су, балмұздақ, ит, мөлдір ыдыста су.
Қатты, көлемі үлкен қағаздан қиылған дөңгелек пішінді жайма.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Үш жайпақ пластик табақша.
Үш алжапқыш.
Балапандар, тауықтар, қораздардың маскалары.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Аудиожазбаны тыңдау.
Үй құстарының дыбыстары естіледі.

– Бұл ненің дыбыстары?
– Жыл құстарының барлығы жылы жаққа ұшып кетті ... Бұл қандай құстар?

Көркем сөз. Жұмбақ жасыру.
Басында қызыл айдары бар,
Өзі сондай мазасыз.
Таң атпай ерте тұрады,
Ұйқы бермей, оятады:
Ку-ка-ре-ку!
– Иә. Бұл – қораз.Қораздың жанында тауық пен балапандары жүреді. Жақсы.

1.2. Суретті көрсету.
Үй құстары фермасының суреті көрсетіледі. Құстар жемді шоқып жатыр. Балапандар табақшаны

айналып жүріп, бөлек қоректенеді. Тауықтар сөрелерде отыр. Құс күтуші алжапқыш және бас орамал байлаған, жерде жүрген тауықтарға жем шашып жүр.

Сурет бойынша әңгімелесу.

– Балалар, бұл жерді білесіңдер ме?

– Балалар, бұл – құс фермасы. Қайталаймыз. Жарайсыңдар.

– Неге құс фермасы деп айтамыз? Иә. Үй құстарын көріп отырмыз.

– Балалар, құс фермасында адамдар үй құстарын өсіреді. Үй құстарын өсіреді. Жарайсыңдар.

– Не істейді екен? Иә. Тауықтарға жем шашады? Балапандарға жем шашады, су береді. Арғы жағында отырған нелер? Иә.

– Тауықтар сөреде неге отырады? Олар жұмыртқа басады. Қайталаймыз. Жарайсыңдар.

– Адамдар тауықтардың жұмытқаларын жинап алады. Үй құстары пайда әкеледі. Ұмытпаңдар.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. "Ойынға қажеттіні таңдайық" ойын-жаттығуы.

Мақсаты. Құстар фермасына қажет құралдар мен атрибуттарды өзге заттардың арасынан бөліп алуға үйрету.

Шарты. Фермада қажет құралдарды, атрибуттарды атап, не үшін қажет болғанын айту шарт. Барысы.

Ойынды өткізгенде құралдардың ойыншық және жасанды нысандары қолданылады.

Заттық суреттер: тауықтың балапаны, қораз, тауық, аққу, торғай, алжапқыш, бас орамалы, жұмыртқа, табақшада жем, мөлдір табақшада су, балмұздақ, ит, мөлдір ыдыста су.

– Балалар, біз, "Құс фермасы" ойынын ойнамас бұрын, осы ойында қандай құралдарды қолдану қажетін және қандай құстарды күтетінімізді анықтап алайық.

– Ол үшін мен паннода тізіп қойған суреттер арасынан артық суреттерді алып тастаймыз. Ойынға қажеті бар суреттерді ғана алып қалайық.

Тақтаға кезекпен шыққан кез келген бала ойынға қажеті жоқ суретті тауып, алып тастап жатады.

– Темірбек, сен неге иттің (т.б.) суретін алып тастадың? Итті біз құс фермасында күтеміз бе? Жоқ. Ит құс емес.

– Зарина, аққу мен торғайды неге алып тастадың? Иә. Олар үй құстары емес.

– Асылбек, неге балмұздақты, сүтті бермейміз? Иә. Құстар сүт ішпейді. Жарайсыңдар, балалар.

2.2. Сергіту сәті. "Құстар, құстар, келіңдер".

– Құстар, құстар, келіңдер,
Жемді шоқып, теріңдер.
Жемді шоқып, тойсаңдар,
Бізге ән салып беріңдер.

Балалар педагогтің шақыруымен ортаға шығады да қолдарын екі жаққа сермеп жүріп, алаң ортасындағы кілемге отырып жемді "шоқиды", саусақтарымен жерді соққылап, "тоқ-тоқ-тоқ" деп орындарынан тұрып, қолдарын бұлғайды да қайта орындарына отырады.

– Балалар, біз тағы бір жаттығуға дайындалып алдық.

2.3. Ойынды іске асыру.

"Құстар қалай қимылдайды" іс-тәжірибе жаттығуы.

Балалардың жастары кішкентай болуына байланысты, құс күтушісінің рөлін алғашында педагог өзі атқарады.

Балалар өз қалаулары бойынша балапандар мен тауықтардың, қораздардың маскаларын киіп алады.

Барлық бала алаң ортасына шақырылады.

– Балапандар, сендер қалай қимылдайсыңдар? Көрсетіңдерші.

"Балапандар" (педагогтің көмегімен) табақшаны (қатты, көлемі үлкен қағаздан қиылып, жерге жайылады) айнала шоқайып отырып, құстардың жем шоқығанын көрсетеді.

– Тауықтар, сендер қалай қимылдайсыңдар? Көрсете қойыңдар.

"Тауықтар" (педагогтің немесе белсенді баланың көрсетуімен) кілем үстінде еркін жүріп, жем шоқығанын көрсетеді.

– Қораздар, сендер қалай қимылдайсыңдар? Көрсете қойыңдар.

"Қораздар" (педагогтің көмегімен) аяқтарын жоғары көтеріп, қанаттарын қағып, дыбыстарын шығарып жүргендерін көрсетеді.
– Үй құстары қалай дыбыстайды екен? Иә. Қоқ-қоқ, қоқ-қоқ ... Құт-құт-құт ... Ку-ка-ре-ку!
– Жарайсыңдар! Үй құстарына ұқсап кеттіңдер!
– Орындарыңа бары мені тыңдап отырыңдар.
Егер кейбір балалар ойынға қатысқылары келмесе, ойынды бақылауға мүмкіндік алады.
Кейбір балалар өзге балаларды қайталайды, бұл да нәтиже болып саналады.
Балалар осы ойында сөздік қатынастарға көп түспесе де, топта өздерін белгілі рольде болғандарын сезініп, өз ролінің сипатын тануға мүмкіндік алады.

2.4. Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Құс фермасы".
Балалардың арасынан бір-екі бала, құс күтуші киімін киіп, педагогтің жанында өз ролін атқарады. Ойынның жылдамдығын, балалардың ойында қауіпсіздікте болуын қамтамасыз ету үшін, педагог "құс күтушілерге" қолдарына жайпақ табақшаларды беріп қояды.
Әрбір "күтуші" өзіне тиісті құстың түріне "жем шашады".
– Балалар, қазір менімен бірге, Нұргүл мен Төлеген құс күтушілер болады. Нұргүл балапандарға жем шашады, Төлеген қораздарға жем шашады. Мен тауықтарға жем шашайын.
– Балапандар! Қайдасыңдар? Келіңдер ортаға, Нұргүл күтуші жем шашып тұр. Нұргүл, "жиіп-жиіп-жиіп" деп шақыр. Балапандар, қалай дыбыстайсыңдар? Жарайсыңдар! Балапандар, отырыңдар!
– Қораздар! Қайдасыңдар? Келіңдер ортаға, Төлеген күтуші жем шашып тұр. Төлеген, "жиіп-жиіп-жиіп" деп шақыр. Қораздар, қалай дыбыстайсыңдар? Жарайсыңдар! Қораздар, отырыңдар!
– Тауықтар! Қайдасыңдар? Келіңдер ортаға, мен сендерге жем шашып тұмын. Сендерді "жиіп-жиіп-жиіп" деп шақырамын. Тауықтар, қалай дыбыстайсыңдар? Жарайсыңдар! Тауықтар, отырыңдар!
Ойын ойналып болғанда балалар орындарына отырғызылады. "Күтуші" балаларды мақтайды.
– Қандай тамаша! Барлық құс жемге тойды.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау және оқу қызметін пысықтау.
– Балалар, біз бүгін қандай ойын ойнадық?
– "Құс фермасы". Жарайсыңдар.
– Құс фермасында қандай құстар болды? Жарайсыңдар.
– Құс фермасында оларды қалай күтеді? Құстарға қандай қорек береді? Жем шашады.
– Құстарды не үшін күтеді? Иә. Үй құстары пайда әкеледі. Жұмыртқа басады. Жарайсыңдар.
– Жемді кімдер шашады? Құс күтушілер жем шашады. Тамаша.
– Балалар, бүгін сендер екбекшіл, ұғымтал болдыңдар. Күтушілер құстарға барлық жемді шашып берді, көп еңбектенді. Жарайсыңдар. Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Тақырыбы: Қарбыздың бөлігі

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға адамның күз мезгіліндегі еңбегінің түрлері туралы түсініктер беру, жеміс пен көгөністер туралы білімдерін тиянақтау, қарбыздың жидек екені туралы ұғым беру. Ермексазды алақан арасында дөңгелектеп илеу, таяқша етіп есу техникаларын жетілдіру, қарбыздың сыртқы жасыл қабын қызыл қатырма қағаз (картон) негізінің шетіне жалпақтап жапсыруға үйрету; қара кесектен үзімдерді саусақтар арасында илеп, есіп, қарбыз дәндері ретінде қызыл қағаз негізіне жапсырып отыруға жаттықтыру; қолдың ұсақ моторикасын, пішінді қабылдау, көз мөлшерін дамыту. Балаларда адамның еңбегін құрметтеу деген сезімді қалыптастыру, төзімділікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Балаларға "үземін, жұламын", "ұзын таяқшаны есемін", "қарбыз – жидек" сияқты сөздерді айтқызып, тілдің белсенді сөздік қорын жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Ғажайып сәт, көркем сөз, жұмбақ, суретті көрсету, кіріспе әңгімелесу, үлгіні зерттеу, мүсіндеу тәсілдерін көрсету, саусақ жаттығуы, ауада жаттығу, өздік жұмыс, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Сүлгімен жабылған себет.
Қарбыздың суреті.
Қарбыздың бір бөлігінің кескіні,
Кесілген қарбыздың бір жарты шеңберлі қатырма қағаздағы (картондағы) кескіні. Көк картон қағазға қызыл дөңгелектің жартысы жапсырылған. Қызыл жарты дөңгелектің доғалы шетінің үстіне жасыл ермексаздан есілген жолақ жапсырылған. Қызыл қағаз бетіне қоңыр ермексаздан дөңгелектелген дақтар жапсырылған.
Кесілген қарбыздың бір жарты шеңберлі кескінінің суретті бастамасы. Көк қатырма қағазына (картон) қызыл, дөңгелектің жартысы жапсырылған.
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.
Ермексаз жинақтамасы, тақтайша, майлық.
Көрсеткіш.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Кесілген қарбыздың бір жарты шеңберлі кескінінің суретті бастамасы, ермексаз жинақтамалары, тақтайшалар, майлықтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Ғажайып сәт.

Сүлгімен жабылған себет көрсетіледі.

– Балалар, бұл қайдан келген төмпешік?
– Ішінде не бар екенін көру алдында мен сендерге жұмбақты жасырып берейін.

Көркем сөз. Жұмбақты жасыру.

Бау-бақшада бар жүйек,
Сол жүйекте бар жидек.
Дөп-дөңгелек, төмпешік,
Өсіп жатыр дәу жидек.

Теріп алса ... Қайдағы!
Ауыр екен салмағы!
Бұл не деген дәу жидек?!
Көтеруге күш керек.

– Балалар, бұл не? Кім тапты?

1.2. Сурет (зат) бойынша әңгімелесу.

Сүлгіні алып тастау, қарбыздың суретін көрсету,

– Қараңдар, бұл не?
– Балалар, қарбыз – ол жидек. Қайталаймыз.
– Бірақ өте үлкен, бірақ өте тәтті жидек.
– Қаламқас, қарбыздың сыртын ұстасақ, сипасақ қандай екен? Иә. Сырты қатты, жылтыр. Қайталаймыз, балалар. Жарайсыңдар.
– Қарбыздың түсі қандай? Иә. Түсі жасыл, қара жолақтары бар.
– Балалар, біз бір қарбызды көп бөліктерге бөлуіміз керек. Бір қарбыз ешкімге жетпейді.
– Қарбыздың ішінде не бар екен? Біз қарбыздың ішін жасап көрейік.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу.

Балаларға кесілген қарбыздың бір жарты шеңберлі кескіні көрсетіледі. Көк қатырма қағазға (картон) қызыл дөңгелектің жартысы жапсырылған. Қызыл жарты дөңгелектің доғалы шетінің үстіне жасыл ермексаздан есілген жолақ жапсырылған. Қызыл қағаз бетіне қоңыр ермексаздан дөңгелектелген дақтар жапсырылған.
– Балалар, бұл қарбыздың кесілген бөлігі.
– Балалар, қарбыздың сыртқы қабығының түсі қандай? Иә. Қабығының түсі жасыл. Қайталаймыз.
– Қарбыздың ішкі жағының түсі қандай? Түсі қызыл. Жарайсың, Аймара.
– Қызылдың ішінде не бар? Иә. Дәндері бар. Түсі қандай? Иә. Түсі қоңыр. Жарайсыңдар.

2.2. Мүсіндеу тәсілдерін көрсету.

Балаларға кесілген қарбыздың бір жарты шеңберлі кескіні көрсетіледі. Көк қатырма қағазға (картон) қызыл дөңгелектің жартысы жапсырылған.
– Балалар, қарбыздың несін жапсыру қажет? Иә. Жасыл қабығын жапсырамыз. Жақсы.
– Мен жасыл кесектен бір бөлікті бөліп аламын, тақтайша үстінде дөңгелектеймін, содан соң таяқша етіп есемін.
– Таяқшам жіңішке, ұзын болуы тиіс. Таяқшаны қызыл жарты дөңгелектің шетінің үстіне саламын. Саусақтарыммен басып-басып жапсырамын.
– Егер ермексаз жеткіліксіз болып жатса, тағы да бір бөлікті бөліп алып, есемін, шетке жапсырамын.
– Енді маған не керек? Иә, қарбыздың дәндері керек. Қоңыр ермексаздан кішкентай көптеген үзімдерді жұлып аламын. Үзімдердің әрқайсысын дөңгелектеймін, есемін, қызылдың үстіне басып жапсырамын.
– Міне, менде қарбыздың бір бөлігі дайын.
Қызыл жарты дөңгелектің доғалы шетінің үстіне жасыл ермексаздан есілген жолақ жапсырылған. Қызыл қағаз бетіне қоңыр ермексаздан дөңгелектелген дақтар жапсырылған.

2.3. Саусақ жаттығуы. "Дөңгелек".

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.
Дөңгелек пішіндер өте көп:
Алма, апельсин, картоп,
Адамның басы дөңгелек,
Дөңгелек екен ойыншық доп.

Балалар үстел бетінде дөңгелек пішіндерді саусақтармен салып отырады.
Балалар қимылдарды педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай жасайды.
Педагог өз дауысын барынша естілетіндей шығарып, көркем сөзді нақтылы, тартымды мәнерде айтуға міндетті.
Көркем сөз жолдары және жаттығуларды орындау тәртібі, оқу қызметінен тыс уақытта өткізіліп, балалар үшін таныс болуы тиіс.

2.4. Ауада жаттығу.

– Балалар, қарбыздың бөлігін жасауды неден бастаймын?
– Есуді көрсетейік, жарайсыңдар.
– Дәндерін қалай жасаймыз?
– Иә. Үзіп, жұлып отырамыз, дөңгелектейміз, қызылдың үстіне жапсырамыз. Жарайсыңдар.
Педагог балалардың саусақтары мен алақандарын белгілі мүсіндеу тәсіліне сай қойып, тақтайшаға басып, дөңгелектеу немесе есу қимылдарына көңіл аударады.

2.5. Өздік жұмыс.

Әрбір баланың алдына кесілген қарбыздың бір жарты шеңберлі кескіні көрсетіледі. Көк қатырма қағазға (картон) қызыл дөңгелектің жартысы жапсырылған.

Балалардың мүсіндеу тәсілдерін бақылау қажет.

Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға "Сен не істеп отырсың?", "Оны қалай жасадың?", "Қайда орналастырдың?" сияқты сұрақтар қойылады.

Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптар алып отыру керек: "кесектен үздім, жұлдым", "ұзын таяқшаны есемін", "қарбыз – жидек".

Шығармашылық жұмыс аяқталғанда балаларға саусақтарды, өз орнын майлықпен сүрту әдебін айтып отыру шарт.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Жасалған мүсін үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

– Балалар, қандай тамаша жұмыстар жасап шықтыңдар! Бұл не? Иә. Қарбыздың бір бөлігі.

– Қарбыз көгөніс пе? Иә. Қарбыз – жидек.

– Біз бүгін сыртын жасадық па? Неден жасадық? Қалай?

– Ал, ішіне не салдық? Иә. Қоңыр дәндерін жасадық.

– Балалар, бүгін сендер ерекше ұқыпты, еңбекқор болдыңдар. Ересек адамдар сияқты күзде қысқа қорек дайындап шықтыңдар.

Оқу қызметі аяқталды, сау болыңдар!

Тақырыбы: Қояынның жаңа тоны

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға қоянның сұр тонын ақ тонға ауыстырып, қысқа дайындалуы ерекшелігін таныстыру, қоянның дене құрылымын пысықтау; күз мезгілінің ерекшеліктері туралы ұғымдарды қайталау. Алдын-ала көлденеңінен жыртылып қойған ұзын қағаз жолақтарын алуға үйрету; ұсақ ақ қағаз бөліктерін қоянның бейнесіне, шетінен шықпай жапсыру амалдарына жаттықтыру; қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшерін, ой-қиял қабілеттерін дамыту. Балалардың табиғат құбылысын бақылауға деген қызығушылықтарын қалыптастыру; төзімділікке, тиянақтылыққа, байқағыштыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Балаларға "сұр қоян", "ақ қоян", "терісі жұмсақ", "жыртып аламын" сияқты сөздерді айтқызып, тілдің белсенді сөздік қорын жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Бейнероликті көрсету, кіріспе әңгімелесу, көркем сөз, үлгіні зерттеу, суретті көрсету, жапсыру амалдарын көрсету, саусақ жаттығуы, жапсыру амалдары тәртібін қайталау, өздік жұмыс, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Табиғат аясында жасырынып отырған қоян туралы бейнеролик.

Ақ қоян бейнесінің жасанды үлгісі. Қоянның ақ терісі (қағаздан жыртылып алынған) қоянның сұлбасына тиістіріліп жапсырылған қағаз бөліктері.

Екіге бөлінге сурет-сызбалар:

1) сол жақта қоянның басы мен құлақтары, оң жақта аюдың басы, құлақтары дөңгелек;

2) сол жақта қоянның денесі мен кішкентай құйрығы, оң жақта түлкінің денесі мен ұзын құйрығы.

Сұр қоянның үлгіге негіз болатын суреті.

Ыдысқа салынған қағаздан жыртылып алынған ұзын жолақтар жинақтамасы және
дайын жыртылған ұсақ қағаздар бөліктерінің жинақтамасы.

Жапсыруға қажетті құралдар: ыдыста желім, қылқалам, қылқаламға тіреуше, жайма (төсеніш), майлық (сүлгі).

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Сұр қоянның үлгіге негіз болатын суреттері.

Ыдысқа салынған қағаздан жыртылып алынған ұзын жолақтар жинақтамалары.

Жапсыруға қажетті құралдар: ыдыста желімдер, қылқаламдар, қылқаламға тіреушелер, жаймалар (төсеніш), майлықтар (сүлгі).

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Бейнероликті көрсету.

Балаларға табиғат аясында жасырынып отырған қоян туралы бейнеролик көрсетіледі.

Кіріспе әңгімелесу.

– Балалар, бүгін біз күзгі табиғат аясына барамыз. Табиғат аясында қандай қызықтар бар екен?

– Балалар, сендер нені көріп отырсыңдар?

– Мұқият қараңдар ... Бұтаның түбінде ... не отыр? Иә. Жарайсың, Бағлан, бұл – қоян.

– Қоянның жүнінің түсі қандай? Иә. Жүнінің түсі сұр. Дұрыс айтасыңдар.

– Сұр түсті қоян бұтаның арасында көрінбейді. Қоян неге бері шықпайды екен?

1.2. Көркем сөз. "Қоян неге қорқақ?" (үзінді)

Қоян неге жалтақ?
Оның жаны қорқақ.
Қорқақ қоян, жалтақ,
Қайда қашып бармақ?
Қашар еді бірақ,
Келеді қыс аппақ.
Қоян содан қорқақ,
Денесі сұр, сатпақ.

– Балалар, сұр қоян неге қорқып отыр?
– Иә. Қыс келсе ақ қар жауады, ал қоянның тоны әлі де ақ емес. Біз қоянға ақ тонды жасап берейік.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу. "Ақ қоян".
Балаларға ақ қоян бейнесінің жасанды үлгісі көрсетіледі. Қоянның ақ терісі ақ қағаздан жыртылып алынған, қоянның сұлбасына тиістіріліп жапсырылған қағаз бөліктері.
– Балалар, мынау не? Қоянда не бар? Иә. Басы, денесі, құлақтары, аяқтары, құйрығы бар.
– Балалар, қоянның құлақтары аюдың құлағына ұқсай ма? Неге? Иә. Қоянның құлағы ұзын. Ал құйрығы түлкінің құлағына ұқсай ма? Құйрығы кішкентай.
Жарайсыңдар.
– Балалар, қоянның терісінің түсі қандай? Егер қоянның терісін ұстап, сипап көрсек қандай болар екен? Иә. Қоянның терісі жұмсақ. Қайталаймыз. Жарайсыңдар.
Балаларды аралап үлгінің үстінен сипату. Ұсақ қағаздардан жапсырылып жасалған қоянның "терісін" ұстағанда шынымен жұмсақ болып сезіледі.

2.2. Жапсыру амалдарын көрсету.
Балаларға сұр қоянның үлгіге негіз болатын суреті көрсетіледі.
Жапсыруға ыдысқа салынған қағаздан жыртылып алынған ұзын жолақтар жинақтамасы және дайын, жыртылған ұсақ қағаздар бөліктері қажет.

– Балалар, мына жатқан қағаз жолақтарын мен ұсақ бөліктерге жыртып бөлемін.
Алдын-ала жыртылып дайындалған, ыдысқа салынып қойған қағаздар жинақтамасы көрсетіледі.
– Мен осы қылқаламмен қоянның бүкіл бейнесін желімдеймін. Қылқаламда желім бітсе, қайта желімді жағамын. Қылқалам тіреушеге.
– Енді қағаз бөліктерін кезекпен қоянның денесінің шеттеріне жапсырамын. Қараңдар, мен бос жер қалдырмаймын.
– Міне, қоян аппақ тонды киіп алды. Тон өте қалың, жылы.
– Қанекей, балалар, сендер қояндарыңа ақ тон кигізіңдер.
2.3. Саусақ жаттығуы. "Қоян құлағын түріп".
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.
Қоян құлағын түріп, (алақандарды бастың екі жағына тік тіреп, саусақтарды қозғалту, жыбырлату)
Аңнан қашып жүреді. (алақандарды бастың екі жағына тік тіреп, саусақтарды қозғалту, жыбырлату)
Қашып шықса жүгіріп, (саусақтарды үстел басына кезекпен соққылау)
Аяқтармен соғады. (саусақтарды үстел басына, бір уысқа жинақтап, соққылау)
Педагог саусақ жаттығуын ұйымдастыру кезінде сөйлеудің мәнерлі оқу құралдарын қолдануға міндетті.
Балалар қимылдарды педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай жасап, сөздерді қайталайды.
2.4. Жапсыру амалдары тәртібін қайталау.
– Қоянға тонды жасау үшін, біз не істейміз?
– Қағаздардан көп бөліктер жыртып аламыз. Жарайсыңдар.
Балалар желімді үшбұрыштардың қай жерлеріне жағамыз? Иә. Шеттеріне.
– Желім бітіп қалса, не істейсіңдер? Иә. Қайта аламыз. Жақсы.
– Қылқаламмен желімді жағып болғаннан кейін, оны қайда қоямыз? Иә. Тіреушеге қоямыз.
Жарайсың, Рақым.
– Балалар құрақты үшбұрыштардан құрап, жапсырған кезде бір-бірімізді итермейміз, тақтаға кезек келеміз.

2.5. Өздік жұмыс.
Қағазды жырту тәсілі кейбір балаларға қиынға соғып, жылдамдықтары төмендеу болуы мүмкін.
Әрбір балаға қағазды жыртуға мүмкіндіктер беріледі, бірақ алдын-ала жыртылып қойған қағаз бөліктері балалардың ыдыстарына толықтырылып салынып қойылуы тиіс.
Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға: "Мынау не?", "Сен не істеп отырсың?", "Қайда жапсырдың?", "Қайда жақтың?" сияқты сұрақтар қойылады.
Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптар алып отыру керек: "сұр қоян", "ақ қоян", "терісі жұмсақ",

"жыртып аламын", "денесіне жағамын".
Шығармашылық жұмыс аяқталғанда балаларға жұмыс орнын тазалау әдебін айтып отыру шарт.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.
– Балалар, бүгін біз не істедік?
– Балалар, қараңдаршы, қояндар өзгерді ме? Несі өзгерді? Иә. Сұр тонды ақ тонға ауыстырдық. Қайталаймыз. Жарайсыңдар.
– Қоянның тоны қандай болды? Иә. Тоны жұмсақ, жылы, ақ болды. Тамаша.
– Балалар, сендер бүгін қоянға көмек жасағанда тиянақты, төзімді болдыңдар. Қоян қардың үстінде, ештеңеден қорықпай, жүгіріп жүреді. Жарайсыңдар.
– Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Тақырыбы: «Кітапхана» ойыны

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды кітапханашының мамандығымен таныстыру, кітапхана жөнінде мағлұмат беру, ойын және кітапхана ережелерін түсіндіру. Балалардың кітапхана ойынында ересек арқылы қарапайым қатынастарға түсу, сыпайылық ережелерін ұстану іскерлігін қалыптастыру, зейінді, есте сақтау, ой-қиял қабілеттерін дамыту. Балаларды әдептілікке, қоғамдық тәртіпті ұстануға, кітап арқылы ертегілер мен тақпақтар әлеміне деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

"Кітапхана", "кітапханашы" сөздерінің мағынасын түсіндіру, белсенді сөздік қорға "сәлеметсіз бе", "рақмет", "сау болыңыз", "қош келдіңдер", "кітап бар ма?" сияқты сөздерді, фразаларды айтқызып, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, кіріспе әңгімелесу, суретті көрсету, көркем сөз, ойын-жаттығу, сергіту сәті, іс-тәжірибе жаттығуы, өздік ойын әрекеттері, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Ғажайыптарды білдіретін әуенжазбасы.
Ырғақты, темпі баяу әуенжазбасы.
Үлкен кітапханадағы оқу залының суреті.
"Кітапхана" жазуы.
Жұқа және қалың, үлкен және кішкентай кітаптар топтамалары.
Кітаптар үшін сөрелер.
Карточкалар үшін екі бөлімшеге бөлінген қорапша.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Қорапшаның ішінде жатқан түрлі-түсті реңге боялған "оқырман карточкалары".
Балалар үшін кітаптар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Аудиожазбаны тыңдау.
Ғажайыптарды білдіретін әуенжазбасы қосылады.

Кіріспе әңгімелесу.
– Балалар, бүгін біз қай жерге барамыз? Қалай ойлайсыңдар?
Балалардың көңілін кітаптар сөрелеріне аудару.
– Балалар, бұның барлығы не? Иә. Бұлар – кітаптар.
– Кітаптар қайда тұр? Сөрелерде тұр. Жарайсыңдар.
– Бір кітап па? Иә. Көп кітап. Дұрыс.
– Бұндай көп кітап не үшін жиналған? Бұл дүкен бе екен?
– Балалар, бұл – кітапхана. Кітапхана – кітаптар сақталатын үй. Кітапхана. Қайталаймыз. Кітапхана ненің үйі? Иә. Кітаптардың үйі. Жақсы.
Әңгімелесу мазмұны қысқа және қарапайым формада құрастырылуы мүмкін, бұл жағдай педагогтің шеберлігіне, балалардың дайындығына байналысты.

Суретті көрсету.
Үлкен кітапханадағы оқу залының суреті көрсетіледі.

– Балалар, кітапхана өте үлкен болады.
– Көрдіңдер ме қаншама көп кітаптар тізілген.

– Бұнда кітапханашы отырады. Ол кітаптарды таратады, қайта қабылдап, сөреге қояды.
– Ал мынау – оқырмандар. Қайталаймыз: кітапханашы, оқырман.

1.2. Көркем сөз. "Кітаптарда не бар?"
Кітаптарда не бар? Ғажайыптар.
Кітаптың беттері қатар-қатар.
Шақырады оқуға ертегілер,
Суретке салынған кейіпкерлер.
Ата, әжені, немересін,
Ертегі жолында кездестіресің,
Қу түлкіні, бауырсақты, қоянды.
Үйшіктен қашқан көп аңдарды.
Әріптерді оқуды үйренгенше,
Әңгімелейік ертегілерді.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. "Кітапханада не бар?" ойын-жаттығуы.
Мақсаты. Кітапханада болатын кітапханашы, оқырман тараптарды анықтау, атауларын пысықтау.
Шарты. Кітапханада қызмет жасайтын және қызмет алатын адамдарды ажырату шарт.
Барысы.
Үстелге бірнеше топтама болып, жұқа және қалың, үлкен және кішкентай кітаптар жиналады.
Кітап сөрелерінде бір-екі кітап тұрады.
Қорапшаның ішінде түрлі-түсті реңдерге боялған "оқырман карточкалары" жатады.
Карточкалар бір реңнің түсіне жұп-жұп болып жатады. Карточкалар жұптарының саны балалардың толық санынан, кем дегенде 3-тен 2 бөлікті алу керек.

– Балалар, қазір біз кітапханада қандай құралдар қажет екенін анықтаймыз.
– Мынау не? Иә. Кітаптар. Осы кітаптарды бір-бірден сөреге тізе қойыңдар. Орындарыңа отырыңдар. Жарайсыңдар.
Педагог кітаптардың қатарларын өзі түзейді.
– Енді оқырмандарға қажет екі бірдей түсті карточкалар қажет. Мына қорапшада барлығы араласып кетіпті.
Педагог үлкен үстел бетіне немесе кілем үстіне араласқан карточкаларды жаяды.
– Сендерге тапсырма: сендер оқырман боласыңдар. Ол үшін әрқайсың карточкаларды жұптарға жинап беріңдер.
Әрбір бала, мысалы, өзіне екі қызыл, екі көгілдір сияқты карточкалар жұптарын жинап алады.
Карточкаларды жинайтын қорапша көлденең тақтайшамен бөлінеді.
– Балалар, сендер карточкалардың жұптарын дұрыс таптыңдар. Енді мына екіге бөлінген қорапшаның екі жағына салып беріңдер ... Тамаша.
– Балалар, мына қорапша кітапханашыда болады.

2.2. Сергіту сәті. "Кітапханада тыныш болу керек".
Сергіту сәтін өткізу мерзімін педагог өзі оқу қызметіндегі жағдаяттарға қарап қолданады.
– Кітапхана, тыныштық. (сұқ саусақты ерінге тигізу)
Тыныштық та ойыншық.
Ақырын сұрақ қоямыз,
Ақырын кітап аламыз.
Кітаппен біз ойнамай, (сұқ саусақты бұлғау)
Кітап бетін мыжымай,
Қызықтаймыз суретті,
Баламыз ғой әдепті. (бас бармақты)
Балалар шеңберге тұрғызылып, педагогтің соңынан сөздер мен қимылдарды қайталайды.
– Балалар, сөздердің барлығымыз әуен ырғағына сай айтып көрейік.
Ырғақты, темпі баяу әуенжазбасы қосылады.

– Балалар, кітапханада адамдар кітапты оқиды, бір-біріне кедергі жасамайды.
– Кітапханада тәртіпті сақтау ережелері бар. Олар қандай? Кім біліп алды?
– Кітапханада
* тыныш болу керек,
* ақырын сөйлеу керек,
* кітап бетін бүкпеу керек,
* әдепті болу керек.
– Жарайсыңдар.

2.3. Ойынды іске асыру.
"Кітапханаға барайық" іс-тәжірибе жаттығуы.
Балалар үшін үстелдер бірнеше қатарға қойылады.
Үстелдерге жақын кітаптар тізіліген "кітапхана" сөрелері тұрады.
Сөренің жанында "кітапханашының" үстелі және "оқырмандар карточкалары" тұрады.
Балалардың жастары кішкентай болуына байланысты, кітапханашы рөлін алғашында педагог өзі атқарады.
– Балалар, мен кітапханашымын.
– Сендер кітапты аламын десеңдер, менен кітапты және карточканың бір данасын аласыңдар.
Балалар кезегімен шақырылады.
– Сәлеметсіз бе! Сізге қандай кітап керек? Алыңыз. Міне, Сізге карточка. Кітапты қарап болғаннан кейін, карточканы жұпқа қайтарасыз. Отырыңыз.
Балалардың барлығы орындарына отырғанда, тыныштықты сақтау ережелерін естеріне салып жүру керек.
Кітапты қарағанда беттерді бүктемей аударған, үстел басында дұрыс отырған, әдепті болған балаларды мақтап жүру шарт.
Тыныштықтың маңызды екенін балалар педагогтің баскң дауыспен немесе сыбырлап сөйлегенінен байқайды.
Ойын барысын әдемі, дыбысы баяу әуенжазбасымен сүйемелдеп қоюға болады.

Кейбір ойынға қатысқысы келмейтін балалар үшін бос орындар болуы тиіс, оларға өз орнында отырып, ойынды бақылауға деген мүмкіндік беріледі.
Балалар осы ойында сөздік қатынастарға көп түспесе де, топта өздерін белгілі рөлде, барлығына ортақ кітапханада болуды сезініп, жағымды эмоцияларға бөленеді.

2.4. Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Кітапхана".
Кітапханашы рөлін атқаруға бір бала педагог тағайындайды.
– Балалар, Эльмира – кітапханашы. Эльмирадан кітапты сұрайсыңдар. Егер өздерің таңдасаңдар, карточканы алып кетесіңдер.
– Балалар, кітапты қарап шықсаңдар, орнына қойып, карточканы кітапханашыға қайтарасыңдар.
Педагог балалардың бір-біріне кедергі жасау жағдайын ескеру керек, "кітапханашыға" көмегін береді.
Ойынның аяғында балалар "кітапханашыға" карточкалардың жұптарын қайтарады, кітапдарды орнына қойып, кілем үстіне еркін орналасады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ
Мақтау және оқу қызметін пысықтау.
– Балалар, біз бүгін қандай ойын ойнадық?
– "Кітапхана" ойынын ойнадық. Жарайсыңдар.
– Кітапханада кім болдық? Оқырман болдық?
– Бізге кітапты кім берді? Иә. Кітапты кітапханашы берді. Жақсы.
– Сендер кітапханада қандай болу керек екенін түсіндіңдер ме?
– Қандай ережелерді сақтау керек?
– Тыныш болу керек, ақырын сөйлеу керек, кітаптың бетін бүктемеу керек. Жарайсыңдар! Барлық ережені сақтадыңдар.
– Балалар, бүгінгі оқу қызметінде сендердің ұқыпты, әдепті балалар болғандарыңды көрдім. Ата-аналарыңа сендерді мақтаймын. Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.
Ойын кешкі уақыттарда жалғасады.

Тақырыбы: Алақай, қыс келді!

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға қыс мезгілінде қардың жауатыны, шыршаның жасыл түсін сақтайтыны туралы түсініктер беру. Шырша бейнесін сызбаны жасыл таяқшалармен басып жасау амалдарына үйрету; ақ түсті ермексаздан дөңгелектелген дақтарды қатты қағаз бетінің барлық жеріне жапсыруға жаттықтыру; дөңгелектеу және таяқшаны есу техникаларын жетілдіру, қолдың ұсақ моторикасын, қағаз бетін бағдарлау қабілетін дамыту. Балаларды қоршаған ортадағы құбылыстарды байқауға, зеректікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Балаларға "үземін", "жұламын", "ұзын таяқшаны есемін", "дөңгелектеймін", "қар барлық жерде бар" сияқты сөздерді айтқызып, тілдің белсенді сөздік қорын жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Ғажайып сәт, суретті көрсету, бейнероликті көрсету, көркем сөз, кіріспе әңгімелесу, үлгіні зерттеу, мүсіндеу тәсілдерін көрсету, саусақ жаттығуы, ауада жаттығу, өздік жұмыс, мақтау, кейіпкермен қоштасу, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Тиіннің суреті.

Үкінің суреті.

Қалың орманға қардың жауғаны туралы бейнеролик.

Көк қатты қағаз бетінде жасыл шыршаның үстінен ақ қардың жауғаны туралы жұмыс үлгісі. Жасыл шырша жасыл ермексаздан есіліп жасалған таяқшалардың сызбалы жапсырмасынан, ақ қар дөңгелектелген ұсақ шарлардың жапсырмаларынан жасалған.

Көк қатты қағаз бетінде шыршаның сызбасы салынған суреттің негізі.

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.

Ермексаз жинақтамасы, тақтайша, майлық.

Көрсеткіш.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Қарапайым шыршаның сызбасы салынған көк қағаз беттері, ермексаз жинақтамалары, тақтайшалар, майлықтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Ғажайып сәт.

Тиіннің суреті көрсетіледі.

– Балалар, бұл келген не? Иә. Тиін.

– Сәлеметсің бе тиін? Біздің жаққа қайдан келдің?

Тиін:

– Мен өз інім үшін жылы, қалың ағаш іздеп жүрмін. Бірақ ағаштардың барлығы жалаңаш тұр. Күн суық. Жапалақ жалаңаш ағаштардың арасынан мені тез тауып алады. Маған қорған болатын ағашты тауып беріңдерші.

– Балалар, тиінге қорған болатын қандай ағаш келеді?

– Қанекей, орманға барып көрейік.

1.2. Бейнероликті көрсету.

Балаларға қалың орманға қардың жауғаны туралы бейнеролик көрсетіледі.

Көркем сөз. "Қыс келді қалың орманға".

Қыс келді қалың орманға,
Суық мұздармен ойнап ауада,
Қар жаудырып, орап боранға,
Ақ тонды кигізіп жасыл шыршаға.

Кіріспе әңгімелесу.

– Балалар, сендер нені көрдіңдер? Иә. Орманда қар жауып тұр. Жарайсыңдар.

– Балалар, қар жазда жауа ма? Дұрыс, қар тек қыста жауады.

– Қардың түсі қандай? Иә. Қар аппақ. Жарайсыңдар.
– Байқадыңдар ма, орманда қандай ағаштар өсіп тұр? Иә. Шыршалар өсіп тұр. Жарайсыңдар.
– Шыршалар?

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу.

Балаларға көк қатты қағаз бетінде жасыл шыршаның үстінен ақ қардың жауғаны туралы жұмыс үлгісі көрсетіледі. Жасыл шырша жасыл ермексаздан есіліп жасалған таяқшалардың сызбалы жапсырмасынан, ақ қар дөңгелектелген ұсақ шарлардың жапсырмаларынан жасалған.
– Балалар, мына ағашты сендер танып отырсыңдар ғой. Шырша екенін қалай білдіңдер? Шырша жасыл. Жарайсыңдар.
– Шырша қыста неге жасыл болады? Кім біледі? Себебі шыршаның жапырақтары жоқ. Шыршаның бұтақтарында инелер бар. Балалар, қайталаймыз. Есте сақтаймыз. Жарайсыңдар.
– Тиін шырша бұталарының арасына кіріп кетсе, жапалақ оны көре ала ма? Көрмейді. Алақай!
– Ендеше шыршаның үстіне жауған қарды жасап көрейік, тиін бізден көмек күтеді.

2.2. Мүсіндеу тәсілдерін көрсету.

– Балалар, мен ермексаз кесегін аламын, алақандарыма қысып жылытамын. Енді менің кесегім жұмсақ. Зере, менің кесегім қандай болып шықты. Иә. Жұмсақ болды.
– Кесектен бөліктерді үзіп аламын, тақтайша үстіне салып, таяқшалар есемін. Міне, қаншама көп таяқша бар.
– Енді шыршаның сызбасына қарап, сызықтардың үстінен таяқшаларды басып, әдемілеп жапсырамын.
– Менің шыршам дайын. Жапалақтан қорған бар.
– Ақ кесектен көптеген ұсақ бөліктерді жұлып аламын. Әрқайсысын дөңгелектеймін.
– Көк парақтың барлық жеріне басып, жақсылап жапсырамын.
– Енді тиін қалың қармен жамылған шыршада тұрса тонбайды.

2.3. Саусақ жаттығуы. "Ақшақарлар қалықтай ..."

Темпі орташа, вальс әуенжазбасы қосылады.
Ақшақарлар қалықтай (алақандарды ашу, саусақтарды көрсету)
Ұшып барады, асықпай. (саусақтармен кезек-кезек жыбырлату)
Айналып, оңға ұшып, (қолдарымен бір жаққа бұраңдау)
Айналып, солға ұшып, (қолдарымен екінші жаққа бұраңдау)
Мамықтай жерге түсіп, (алақандармен жоғарыдан бұлғап, төмен қарай түсіру)
Тыныш жатыр, бізді күтіп. (алақандарды үстел басына, тізеге қою)
Балалар қимылдарды педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай жасайды.
Педагог өз дауысын барынша естілетіндей шығарып, көркем сөзді нақтылы, тартымды мәнерде айтуға міндетті.
Көркем сөз жолдары және жаттығуларды орындау тәртібі, оқу қызметінен тыс уақытта өткізіліп, балалар үшін таныс болуы тиіс.

2.4. Ауада жаттығу.

– Балалар, қарды жасауды неден бастаймыз?
– Есуді көрсетейік. Шыршаның бұталарына жапсырамыз. Жарайсыңдар.
– Жауған қарды қалай жасаймыз?
– Иә. Үзіп алып отырамыз, дөңгелектейміз, қағазды барлық жеріне жапсырамыз. Тағы да жұлып аламыз, барлық жеріне жапсырамыз.
– Міне, қаншама көп қар жауды! Жарайсыңдар.
Педагог балалардың саусақтары мен алақандарын белгілі мүсіндеу тәсіліне сай қойып, тақтайшаға басып дөңгелектеу немесе есу қимылдағандарына көңіл аударады.

2.5. Өздік жұмыс.

Әрбір баланың алдына көк картон қағазға қарындашпен салынған шыршаның сызбасы беріледі. Балалардың мүсіндеу тәсілдерін бақылау қажет.
Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға: "Сен не істеп отырсың?", "Оны қалай

жасадың?", "Қайда орналастырдың?" сияқты сұрақтар қойылады.
Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптар алып отыру керек: "кесектен үзіп алдым", "кесектен жұлып алдым", "таяқшаны есемін", "дөңгелектеймін", "қар барлық жерде бар".
Шығармашылық жұмыс аяқталғанда балаларға саусақтарын өз орнын майлықпен сүрту әдебін айтып отыру шарт.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Жасалған мүсін үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

– Балалар, қараңдаршы, қандай керемет жұмыстарды жасап шығардыңдар!
– Бүгін біз нені жасадық? Иә. Шыршаны қатты қағазға ермексаз арқылы жапсырдық. Қарды жапсырдық.

Кейіпкермен қоштасу.

– Балалар, тиін сендерге өте риза болды, алғысын айтып жатыр. Тиінге шырша бұталары арасында жылы болады, ол жапалақтан да жасырынып қалады.
– Балалар, бүгін сендер табиғатты аялап, жабайы аңдарға көмектеріңді бердіңдер. Жарайсыңдар. Оқу қызметі аяқталды, сау болыңдар!

Тақырыбы: «Үй құрылысы» ойыны

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды құрылысшы мамандығымен, құрылыс материалдары мен құрылысшыға қажет құралдармен таныстыру, үй құрылысының барысы жөнінде мағлұмат беру. Балалардың құрылыс ойыны барысында ересек арқылы қарапайым қатынастарға түсу іскерлігін қалыптастыру, тілді, зейінді, есте сақтау, ой-қиял қабілеттерін дамыту. Балаларды ересектің еңбегін құрметтеуге, достыққа, еңбекшілдікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

"Құрылыс", "құрылысшы" сөздерінің мағынасын түсіндіру; белсенді сөздік қорға "балға", "қалақша", "ара", "құрылысшы" сияқты сөздерді және "кірпіштерді қаладым", "кірпішті берші" фразаларын айтқызып, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Суретті көрсету, көркем сөз, бейнероликті көрсету, ойын-жаттығу, сергіту сәті, іс-тәжірибе жаттығуы, өздік ойын әрекеттері, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Нұр-Сұлтан қаласының суреті.
Үйдің құрылысы туралы бейнеролик.
Заттар немесе суреттері: пластик құрылыс материалдарының түрлері (текше, призма, кірпіш, білеу), құрылысшының каскасы, құрылысшының алшапқышы, қолғаптары, қалағы, балға, ара, қайшы, тарақ, айна, фонендоскоп, ақ халат.
Суреттер сериясы:
1. Алжапқыш, етік, қолғап, каска киген құрылысшы.
2. Құрылысшы қалақпен кірпіштер қалап жатыр.
3. Құрылысшы арамен тақтайды кесіп жатыр.
3. Құрылысшы балғамен шеге қағып жатыр.
Пластиктен жасалған құрылыс материалдары.
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Пластиктен құрылыс материалдары.
Алшапқыштар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Суретті көрсету.
Нұр-Сұлтан қаласының көрінісі көрсетіледі. Суретте зәулім үйлер, мұнара, жасыл ағаштар бар.

– Балалар, мына суретте не салынғанын танып отырсыңдар ма?

Көркем сөз.
Астана – бас қалам,
Атауы – Нұр-Сұлтан.
Жайнай бер әлемге,
Асқақтап төрінде.
– Мынандай зәулім үйлер мен мұнара қалай пайда болатынын көрейікші.

1.2. Бейнероликті көрсету.
Үйдің құрылысы туралы бейнеролик көрсетіледі.

– Балалар, бүгін біз "Үй құрылысы" ойынын ойнаймыз.
– Ойынды ойнау үшін үй құрылысына не қажет, қандай адамдардың еңбегі қажет екенін білейік.

Суретті көрсету.
Құрылысшының суреті көрсетіледі.

– Балалар, мына адамды танып тұрсыңдар ма? Бұл – құрылысшы. Біз бүгін үй құрылысында құрылысшы боламыз. Қайталайық. Жарайсыңдар.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. "Құрылысшыға не керек?" ойын-жаттығуы.
Мақсаты. Үй құрылысында қолданатын құралдар мен заттар топтамасын, атауларын пысықтау, құрылысшының жұмыс аясын анықтау.
Шарты. Құрылыс материалдарын айту, бір-бірінен ажырату, құрылысшының әрекеттерін тану шарт.
Барысы.
Балаладың алдына кілемге түрлі заттар, құрылыс және басқа материалдары (суреттері) жайылады.
– Балалар, мына заттардың арасынан сендер тек құрылысқа қажет материалдарды табасыңдар, үстелге жинап қоясындар. Мұқият болайық.
Заттар немесе суреттер топтамасы: пластик құрылыс материалдарының түрлері (текше, призма, кірпіш, білеу), құрылысшының каскасы, құрылысшының алшапқышы, қолғаптары, қалағы, балға, ара, қайшы, тарақ, айна, фонендоскоп, ақ халат.

Балаларға заттарды атауға мүмкіндік беріледі.
Балалар өз орындарына отырғызылады.

Суретті көрсету.
Құрылысшының суреті көрсетіледі.
– Құралай, каска, алжапқыш, қолғап не үшін керек? Көрсетші. Жарайсың.

– Каска адамның басына ештене түсіп кетпес үшін керек.
– Алжапқыш үсті бұлғанбау үшін керек.
– Қолғап қолдары жарақаттанбау үшін керек.
– Балалар, ал мынау не? Иә. Қалақ, балға, ара. Бұл құрылысшының құралдары. Қайталаймыз. Жақсы.
– Қамбар, қалақ, балға, ара не үшін керек?

– Қалақ кірпіштерді қалау үшін керек.

– Ара тақтайларды кесу үшін керек.

– Балға шегелерді қағу үшін керек.

– Жарайсыңдар.

2.2. Сергіту сәті. "Бірге үй саламыз"
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.

– Балалар, біз биік үйлерді қалай салатынымызды көрсетейік.
Бірге үй саламыз (қол белде).
Түп-түзу тұрамыз (екі аяқ арасы алшақ)
Төменнен бастаймыз (қолды алға созу),
Қайта отырамыз (отыру)
Кірпішті кірпішке салып (қолдар жоғарыға),
Биік өскен қаламыз (асықпай көтерілу, қолды жоғарыға созу, аяқ ұшына тұру).

Педагог қимылдарды көрсеткенде дауысын барынша шығарып, сөздерді ырғаққа, қимылдарға сай жасауға міндетті.

2.3. Ойынды іске асыру.
"Құрылысшы не істейді" іс-тәжірибе жаттығуы.
Балалар кілем үстінде саны шағын құрылыс материалдарының жинақтамаларын алып, қарапайым құрылыс нысандарын қалауға мүмкіндік алады.
– Балалар, құрылыс материалдарынан қандай құрылыстарды жасайтындарыңды көрсетіңдерші.
Мүмкіндігінше үйдің бір үлгісі қойылады, балалар үлгіні қайталайды.
Педагог балаларды аралап, оларға текше, призма, кірпіш, білеу құрылыс материалдарын айтқызып, құрылыстарын байқайды.
– Ескендір, сен нені салып отырсың? Қандай материалдарды қолдандың?

2.4. Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Үй құрылысы".
– Балалар, сендердің құрылысты жасай білетіндеріңді көріп, құрылысқа тағы да жаңа материалды қосуды ұсынамын.
Балалар осы ойында сөздік қатынастарға көп түспесе де, топта құрылысшы екенін сезініп, жағымды эмоцияларға бөленеді.
Егер кейбір балалардың құрылыстарында олқылықтар болып жатса, жанындағы баладан сұрауға болады.
– Асқар, саған қандай материал керек?
– Балжан, сенде кірпіш бар ма? Асқарға кірпішті бересің бе?
– Асқар, Балжаннан кірпішті қалай сұрайсың? Жарайсыңдар ...
Ара, балға, қалақтар сияқты материалдарды ұсыну мына үлгідегідей болады: "Мирас, балғаны алып, мына тақтай білеуді қағып жібер", "Дамир, арамен тақтайды кесіп жібер", "Дана, кірпіштердің арасын қалақпен желімде".

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау және оқу қызметін пысықтау.
– Балалар, біз бүгін қандай ойын ойнадық?
– "Үй құрылысы" ойынын ойнадық. Жарайсыңдар.
– Үй салғанда кім болдық? Құрылысшы болдық? Жарайсыңдар.
– Қандай құралдарды қолдандыңдар? Жарайсыңдар.
– Балалар, бүгін, оқу қызметінде сендер еңбекшіл, тиянақты, бір-біріңе дос болдыңдар. Сендерді, нағыз құрылысшы деп мақтан тұтамын. Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.
Ойын кешкі уақыттарда жалғасады.

Тақырыбы: Шыршаны безендірейік. Ұжымдық жұмыс

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға барлығына ортақ шырша сұлбасын түрлі-түсті қағаздан жасалған, шарлар мен тамшыларды жапсырып, безендіру тәртібін көрсету; қысқы мерекелер туралы түсініктерді тиянақтау. Жұмсақ қағазды саусақтар мен алақандар арасына шиыршықтау, дөңгелектектеу техникаларын жетілдіру; шырша сұлбасы бетінің барлық жеріне түрлі-түсті жасанды шарларды жапсыру іскерліктерін арттыру, қағаз бетін бағдарлау қабілетттерін, қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшерін, түйсікті дамыту. Балаларда әсемдікті бағалау негіздерін қалау, оларды ұйымшылдыққа, тазалыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Балаларға "шиыршықтаймын", "дөңгелектеймін", "суға тигіземін", "мыжғылаймын" сияқты сөздерді айтқызып, тілдің белсенді сөздік қорын жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, суретті көрсету, көркем сөз, үлгіні зерттеу, техника амалдарын көрсету, саусақ жаттығуы, ауада жаттығу, өздік жұмыс, дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау, бейнероликті көрсету.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Көңілді, жаңа жылдың келуін білдіретін, әуенжазбасы.
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.
Суреттер сериясы:
1) алаңдағы жасыл шыршаның қасына Жаңа жылды қарсы алу үшін жиналған орман тұрғындарының суреті;
2) алаңда шарлар және ойыншықтармен безендірілген жасыл шыршаның қасына Жаңа жылды қарсы алу үшін жиналған орман тұрғындарының суреті.
Шырша сұлбасына панно немесе тақта.
Қағаз бетіне салынған, жасылға боялған шыршаның сұлбасы.
Түрлі-түсті, шаршы пішінді жұмсақ қағаз қиықтарының жинақтамалары.
Түбіне су құйылған жайпақ ыдыс.
Желім, тіреуше, қылқалам, жайма, майлық.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Түрлі-түсті, шаршы пішінді жұмсақ қағаз қиықтарының жинақтамалары.
Түбіне су құйылған жайпақ ыдыстар.
Желімдер, тіреушелер, қылқаламдар, жаймалар, майлықтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Аудиожазбаны тыңдау.

Көңілді, жаңа жылдың келуін білдіретін, әуенжазбасы қосылады.

1.2. Суретті көрсету.

Балаларға алаңдағы жасыл шыршаның қасына Жаңа жылды қарсы алу үшін жиналған орман тұрғындарының суреті көрсетіледі.

– Балалар, нені көріп отырсыңдар? Иә. Жабайы аңдар, орман тұрғындары шыршаны айнала қоршап тұр.
– Қалай ойлайсыңдар, олар шыршаның жанына не себептен жиналған?
– Иә. Орман тұрғындары да Жаңа жыл мерекесін қарсы алғысы келеді, бірақ оларда әдемі ойыншықтар жоқ.
– Балалар, шыршаны адамдар не себептен безендіреді. Иә. Себебі, қыста ағаштар жалаңаш тұрады, ал шыршаның жасыл инелері бар. Жасыл киген шырша сияқты.

Көркем сөз. "Аппақ қарда жасыл шырша".

Аппақ қарда жасыл шырша
Өсіп тұрғанын, көрген барша.
Оның күлкісін көрейік,

Ойыншықтармен безендірейік.
– Қанекей, жасыл шыршаны безендіріп берейік.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні (қағаздан жасалған шар мен тамшыны) зерттеу.

Балаларға жұмсақ қағаздан шиыршықталған тамшылар мен дөңгелектелген шарлардың үлгілері көрсетіледі.
– Балалар, қараңдаршы, мынау не? Иә. Шырша ойыншықтары. Жарайсыңдар. Оларды не деп атауға болады? Иә. Тамшылар, шарлар. Жарайсың, Бекжан.
– Шарлар пішіндері неге ұқсайды? Иә. Дөңгелекке ұқсайды.
– Ал, тамшылар неге ұқсайды? Иә, сопақшаға ұқсайды. Дұрыс.

2.2. Техникалар амалдарын көрсету.

Балалардың алдына панноға не тақтаға, барлықтың жұмысына ортақ алаң болатын шыршаның қағаздан қиылған сұлбасы ілінеді.
Ойыншықтардың жасалу үлгісін көрсету үшін түрлі-түсті шаршы пішінді жұмсақ қағаздардың қиықтарын қолдануға болады.
Ойыншықтардың нақтылылығын қамтамасыз ету үшін, жайпақ ыдыстың түбіне суды құйып қоюға болады.
– Балалар, мына шыршаны безендіреміз. Ол үшін мен ойыншықтарды қалай жасайтынымды көрсетейін.
– Шарды жасау үшін мен шаршы пішінді қағазды алып, суға сәл тигізіп, саусақтармен мыжғылап, алақандар арасына салып, шиыршықтап дөңгелектеймін. Міне, шар жасалды.
– Енді қылқаламмен желімді шардың бір ұшына жағамын, шыршаның бұтасына жапсырамын да ұстай тұрамын.
– Тамшыны жасау алдында мен қағазды суға тигізіп, оны мыжғылап есемін. Міне, тамшы. Желімді жағып, шыршаның тағы бір жеріне жапсырып, ұстай тұрамын.

2.3. Саусақ жаттығуы. "Шырша ойыншықтары".

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.
Шыршада, шыршада өседі ойыншықтар, (саусақтарды бас бармақ ұшына кезекпен тигізу)
Қояндар өседі, қонжықтар.
Шыршада, шыршада өседі алтын алма,
Алтын алманы жұлып алма.

– Шыршаның, шыршаның инесін ұстама, (сұқ саусақпен бұлғау)
Саусаққа тиеді, байқа!
Шырша, шырша сыйлықты бермейді,
"Тақпақты оқып беріңдер!" – дейді. (шапалақтау)

Балалар қимылдарды педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай жасайды.
Педагог өз дауысын барынша естілетіндей шығарып, көркем сөзді нақтылы, тартымды мәнерде айтуға міндетті.
Көркем сөз жолдарын және жаттығуларды орындау тәртібі, оқу қызметінен тыс уақытта өткізіліп, балалар үшін таныс болуы тиіс.

2.4. Ауада жаттығу.

– Балалар, саусақтармен қағазды қалай мыжғылаймыз? Көрсетіңдер. Жарайсыңдар.
– Қалай дөңгелектейміз? Қалай есеміз? Жарайсыңдар.
– Балалар, қағазды мыжғылау алдында суға тигізіп алуды ұмытпаңдар.
– Тағы да нені ұмытпаймыз? Иә. Жапсырғанымызды біраз ұстап тұру қажет екенін ұмытпайық. Жарайсыңдар.

2.5. Өздік жұмыс.

Әрбір баланың алдына жайманы, ыдыста түрлі-түсті жұмсақ қағаздардың шаршы пішінді қиықтарын, бір үстелге ыдыс түбінде суды, желімді, тіреушені, қылқаламды дайындап қою керек.
Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға "Сен не істеп отырсың?", "Оны қалай жасайсың?", "Қайда орналастырдың?" сияқты сұрақтар қойылады.
Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптарды алып отыру керек: "суға тигіземін", "мыжғылаймын", "дөңгелектеймін", "есемін".
Балалардың қағазды дөңгелектеу, шиыршықтау тәсілдерін, үстел үстінде тазалықты сақтау, майлықпен саусақты сүрту әдебін, жапсыруда бір-біріне кедергі болмау амалдарын бақылау қажет.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

– Балалар, бүгінгі біздің жұмысымыз ұнады ма? Жарайсыңдар!
– Не істегендерің ұнады? Иә. Шыршаны безендірдік.
– Шыршаны немен безендідіңдер? Иә. Ойыншықтармен безендірдік.
– Арыстан, ойыншықтарды қалай жасадық? Иә. Дөңгелектедік. Шиыршықтадық. Жарайсың.

Суретте көрсету.

Балаларға алаңда шарлар және ойыншықтармен безендірілген жасыл шыршаның қасына Жаңа жылды қарсы алу үшін жиналған орман тұрғындарының суреті көрсетіледі.

– Қараңдар, балалар, ойыншықтар қалай жарқырап тұр. Шыршаның барлық бұтағына ілінген. Орман тұрғындары сендерге өте риза.
– Балалар, сендер бүгін өте таза, ұқыпты болдыңдар, бір-біріңе кедергі жасамай, ұйымдасып жұмыс істедіңдер. Жарайсыңдар. Оқу қызметі аяқталды. Жаңа жыл туралы шағын бейнероликті көрейік.

Рефлексия. Жаңа жыл туралы бейнероликті көрсету.

Тақырыбы: «Ойыншықтар дүкені» ойыны

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға дүкендегі ойыншықтардың атауларын пысықтау, сатушының қызметі жөнінде түсініктерін тиянақтау, дүкендегі сыпайылық ережелерін түсіндіру. Балалардың "сатушы" мен "сатып алушы" рөлінде ойын желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, ересек арқылы қарапайым қатынастарға түсу үлгілерін игерту, шағын және топтық қарым-қатынастарға түсе білу, ойын шартын, желісін ұстану дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. Балаларды сыпайылыққа, ұйымшылдыққа, еңбекті құрметтеу негіздеріне тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Белсенді сөздік қорға ойындағы сұрақ үлгілерін, өтінімді білдіретін сөздер мен фразаларды қолдануға үйрету, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, бейнероликті көрсету, көркем сөз, ойын-жаттығу, сергіту сәті, іс-тәжірибе жаттығуы, өздік ойын әрекеттері, қарым-қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Ырғақты, темпі баяу әуенжазбасы.
Ғажайып, Жаңа жылдың келуін белдіретін көңілді әуенжазбасы.
Ойыншықтар үшін сөрелер.
Аяз атаның шанаға бұғыларды шегіп, аспанда ұшып келе жатқаны туралы бейнеролик.
Балалардың Аяз атамен бірге би билеп тұрғаны туралы бейнеролик.
Әртүрлі материалдардан (ағаш, пластик, резеңке) жасалған ойыншықтар.
Ойыншықтардың заттық суреттері.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Ойыншықтардың бейнелері салынған таңбалауыштар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Аудиожазбаны тыңдау.
Ғажайып, Жаңа жылдың келуін белдіретін көңілді әуенжазбасы қосылады.

– Балалар, бұл әдемі әуен не туралы болуы мүмкін?

Бейнероликті көрсету.
Аяз атаның шанаға бұғыларды шегіп, аспанда ұшып келе жатқаны туралы бейнеролик көрсетіледі.

– Балалар, бұл кім? Жарайсыңдар.
– Аяз ата екенін қалай біліп қойдыңдар? Иә. Шанасында сыйлықтары бар.
– Балалар, Аяз ата ойыншықтар мен сыйлықтарды "Ойыншықтар" дүкеніне қалдырыпты.

1.2. Көркем сөз.
Әлемде әртүрлі дүкендер бар,
"Жеміс-көгөніс" дүкені, "Жиһаздар",
Киімдер сататын, ыдыстар.
Ал бізге керегі ойыншықтар.
– Балалар, бүгін біз "Ойыншықтар" дүкені ойынын ойнайық.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. "Таңбалауыштармен алмасайық?" ойын-жаттығуы.

Мақсаты. Сатушы мен сатып алушы араларында тауар алмасу жүйесін орнату, бірдей суреттерді табуға жаттықтыру.
Шарты. Көлемі бөлек, бірақ суреті бірдей суреттерді тауып, алмасу әрекетін жасау шарт.
Барысы.
Ойынды өткізуге әртүрлі материалдан (ағаш, пластик, резеңке) жасалған ойыншықтар қолданылады.
Нақтылы ойыншықтар болмаса, сол ойыншықтардың суреттері ұсынылады.
Ойыншықтардың сатылуын дәлелдейтін таңбалауыштардың жұптары қолданылады. Мысалы, аю, қуыршақ, тиін, қоян, доп, т.б.
– Балалар, мына дүкенде қандай ойыншықтар сатылады? Жарайсыңдар.
Балалар жауаптарын айтады.
– Қазір біз таңбалауыштармен ойнаймыз. Ол үшін барлықтарың мына үстелде жатқан таңбалауыштардың бірін таңдап аласыңдар.
– Балалар, барлығың да белгі бойынша қолды жоғары көтеріп алаңға шығасыңдар, дәл сендердегі сияқты таңбалауышы бар баланы тауып аласыңдар.
– Егер таңбалауыштарың бірдей болса, қол ұстасып тоқтап тұрасыңдар.
Үстелде әрбір суреттің екі данасы, өзге таңбалауыштармен араласып жатады.
Ойын уақыт жеткілікті болса, тағы да ойнатылады.
– Балалар, жұптарыңды көрсетіңдер. Жарайсыңдар.
– Қараңдар, сендер таңбалауыштармен алмасып, қалаған ойыншықтарды бір-біріңнен сатып алдыңдар.

2.2. Сергіту сәті. "Шыршаға қараңдар".

Ырғақты, темпі баяу әуенжазбасы қосылады.

– Шыршаға қараңдар,
Таңқалып қалмаңдар.
Бұтақтағы ойыншықпыз,
Шеңбердегі аюмыз.
Енді біз түлкіміз,
Түлкі боп жүрміз.
Қоянмен біргеміз,
Бірге секіреміз.
Балықтай жүземіз,
Үндемей күлеміз.
Балалар педагогті тыңдап, тек қимылдарды орындайды.

2.3. Ойынды іске асыру.

"Маған не керек?" іс-тәжірибе жаттығуы.

Балалар жарты шеңберге отырады.
– Балалар, дүкенге келгенде не дейміз? Иә, сәлеметсіз бе!
– Ойыншықты сатып алу үшін, кімнен сұраймыз? Иә. Сатушыдан сұраймыз.
– Қазір, Әлия сатушы болады. Әлия, бері шыға ғой.
Балаларға сорелерге тізілген ойыншықтар көрсетіледі.
– Асылбек, сен сатушы Әлиядан ойыншық туралы қалай сұрайсың?
– Сәлеметсіз бе! Сізде қандай ойыншықтар бар? Қайтала. Жарайсың. Балалар, кім есінде сақтап алды? Жақсы.
– Әлия, саған сұрақ болды ... Қандай ойыншықтардың бар екенін айтып берші.
"Сатушы" барлық ойыншықтарды айтады.
– Асылбек, қандай ойыншықты сұрайсың?
– Сізде аю сатыла ма? Қайтала. Жарайсың!
– Асылбек, дүкенде аю бар екен. Таңбалауышың қайда? Көрсет. Сатушыға бер.

"Сатушы" мен "сатып алушы" таңбалауыш пен ойыншықты (ойыншықтың үлкен суретімен) алмасады.
– Балалар, сатушы мен сатып алушы бір-біріне рақметін айту керектігін ұмытпаңдар.
– Асылбек, сен кім болдың? Иә. Сатып алушы болдың. Құттықтаймын! Әдемі ойыншықты сатып алдың!
– Иә. Аю сатылады. Таңбалауышты көрсетіңіз.
Балалардың жастары кішкентай болуына байланысты, педагог сатушы мен сатып алушының араларындағы диалогтарды реттеп, бақылап отырады.

2.4. Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Ойыншықтар" дүкені.
Педагог таңбалауыштардың бір жұп данасын ғана қалдырады, қалған балаларға қосымша таңбалауыштарды үлестіреді.
Таңбалауыштар саны, ойыншықтар санына сай жұп болуы тиіс.
Сатушы болып өзге бала да ойнауы мүмкін. Балалар өздері қалаған таңбалауыштарды алып, сатушының алдына барады. Ойыншықтарды сұрайды. Сатушы таңбалауышты көрсе ғана ойыншықты береді.
Ойында "сатушы" мен "сатып алушылар" таңбалауыштарды ойыншықтарға алмасады.
Ойынның аяғында балалар өз орындарына отырғанда, "сатушыдан" балалардың одан қандай ойыншықтардың сатып алғанын сұрауға болады. "Сатушы" ойыншықтарды айтып шығады.
Соңында "сатушының" еңбегі мақталады.
– Әлия, жарайсың! Міне, қаншама көп ойыншықтарды сатып үлгердің. Әмиянің таңбалауыштарға толып тұр екен.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау және оқу қызметін пысықтау.

– Балалар, біз бүгін қандай ойын ойнадық?
– "Ойыншықтар" дүкені ойынын ойнадық. Жарайсыңдар.
– Ойында не істедік? Иә. Ойыншықтарды сатып алдық. Сатушыдан кім нені сатып алды? Жарайсыңдар.
– Балалар, бүгінгі оқу қызметінде сендер сыпайы, әдепті бала болдыңдар. Аяз атаның қалдырып кеткен ойыншықтары барлығында да бар. Жарайсыңдар. Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Тақырыбы: Жылы бөкебай

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың қысқы киімдер туралы білімдерін жетілдіру, бөкебайдың қажетін түсіндіру; ою элементтерін бекіту; өзіне-өзі қызмет ету негіздерін қалыптастыру. Ермексаздар бөліктерін тура есу, дөңгелектеу, тіктөртбұрышты пішінге жапсыру техникасын жетілдіру; бөкебай сұлбасын әртүрлі ою элементтерін белгілі тәртіпте алмастырып безендіруге үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, ой-қиялды, зейінді дамыту. Балаларда өзіне-өзі қызмет ету қағидаларын қалау; сәндік өнер көздеріне деген қызығушылыққа, ұқыптылыққа, достыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөздік қорды "бөкебайды безендіремін", "кесектен үзіп аламын", "кесектен жұлып аламын", "таяқшаны есемін", "дөңгелектеймін", "кезек-кезек жапсырамын", "кезек-кезек саламын" сияқты сөздер арқылы жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, суретті көрсету, бейнероликті көрсету, көркем сөз, үлгіні зерттеу, мүсіндеу, жапсыру тәсілдерін көрсету, саусақ жаттығуы, ауада жаттығу, өздік жұмыс, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Көңілді, ырғақты, ертегінің басталуын білдіретін әуенжазбасы.
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.
суреттер сериясы немесе бейнеролик:
1) балапанның жазда бөкебайды киіп алғаны туралы сурет;
2) балапанның қыста терезенің алдына шығып, жалаңаяқ тұрғаны туралы сурет;
3) балапанның қысқы аулада аққаланың қасында, қолына күрек ұстап, қысқы киімде, бөкебайда тұрғаны туралы сурет.
Сары, жасыл түсті қатты қағаз беттеріне ермексаздан оюлар жапсырылған (безендірілген) бөкебайлар үлгілері. Оюлардың түрлері таяқшалар мен дөңгелектерден жасалған.
Тіктөртбұрышты, жіңішке қатты қағаз беті.
Ермексаз жинақтамасы, тақтайша, майлық.
Көрсеткіш.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Тіктөртбұрышты, жіңішке қатты қағаз беттері, ермексаз жинақтамалары, тақтайшалар, майлықтар беріледі.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Аудиожазбаны тыңдау.

Көңілді, ырғақты, ертегінің басталуын білдіретін әуенжазбасы қосылады.
– Балалар, бүгін мен сендерге ерекше оқиғаны әңгімелеп берейін.

1.2. Бейнероликті немесе суреттер сериясын көрсету.

1. Балапанның жазда бөкебайды киіп алғаны туралы сурет көрсетіледі.

Көркем сөз. Дина Ахметова. "Сары басты балапан".

Сары басты балапан,
Мойнына орап алған.
Ыстық күндері, пай-пай,
Жүні жылы бөкебай!

– Бокебайың жазда кеш!
Терлеп тұрсың! Қане, шеш!
Балапан ше? Тіл алмайды,
Бөкебайды тастамайды.

Жаз біткенде – сары бас,
Қысты күні жалаңаш.

Бөкебайды таба алмай,
Отыр, сыртқа шыға алмай.

2. Балапанның қыста терезенің алдына шығып, жалаңаяқ тұрғаны туралы сурет көрсетіледі.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу.

Балаларға сары немесе жасыл түсті қатты қағаз бетіне белгілі тәртіпте орналасқан, оюлармен безендірілген, бөкебайлардың үлгілері көрсетіледі. Бөкебайдың оюлары түсті ермексаздан жасалып, қатты қағазға қатармен жапсырылған таяқшалар және дөңгелектерден тұрады.
Балаларға педагогтің қолынан жасалып шыққан түрлі қарапайым оюлармен безендірілген бөкебайдың бір-екі үлгісі көрсетіледі.
– Балалар, мынау не? Иә, бөкебайлар. Дұрыс.
– Бөкебайлар пішіндері қандай пішінге ұқсайды? Тіктөртбұрышқа ұқсайды.
– Бөкебайлар бірдей ме? Несі бірдей емес. (Түстерді айтқызу).
– Қандай оюлармен безендірілген? Иә. Таяқшалар және дөңгелектер. Жарайсыңдар.
– Осы оюлар қалай орналасқан? Иә. Кезек-кезек қатарға орналасқан. Қайталаймыз. Жақсы.

2.2. Мүсіндеу тәсілдерін көрсету.

Балаларға сары немесе жасыл түсті, тіктөртбұрышты, жіңішке қатты қағаздың беті көрсетіледі.
– Балалар, мына бөкебайды безендіру үшін, мен оның түсіне қараймын.
– Егер түсі сары болса, мен сары ермексазды таңдамаймын.
– Сонымен, үлкен көк кесектен бірнеше бірдей бөліктерді үзіп аламын.
– Әрбір бөлікті дөңгелектеп, содан соң тақтайшаға есемін. Қараңдар, менде бірнеше таяқшалар пайда болды.
– Енді бөкебайдың сол жағынан оңға қарай тіке жапсырамын. Таяқшаны салдым, саусақтармен басып-басып, әдемілеп жапсырамын.
– Балалар, қараңдаршы, осы таяқшадан кейін мен орын тастаймын, тағы да жапсырамын, орын тастаймын, тағы да жапсырамын ...
– Міне бөкебай әдемі ала таяқашларға толды.
– Енді мен қызыл кесектен бірнеше бөліктерді жұлып аламын. Дөңгелектеймін.
– Зарина, мен таяқшалар арасын неге ашып тастадым? Әрине, осы бос орындарға мен тағы да бір оюларды жапсырамын.
– Дөңгелектерді таяқшалардың араларына жапсырамын.
– Қалай екен? Шынымен әдемі.
Балалардың қалауларына сай бөкебайдың тек түрлі-түсті таяқшалармен безендірілген нұсқасы көрсетіледі.

2.3. Саусақ жыттығуы. "Ою саламыз".

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.
Зергер бала боламыз,
Оюды саламыз:
Бұлақ, (ішке қарай шиыршықтау)
Дөңгелек, (шеңбер салу)
Ирек, (толқындар жасау)
Қанат, (қос қолмен бұлғау)
Гүлдер, (алақандарды жайып, тігінен көрсету)
Көбелек. (қос қолды айқастырып, бұлғау)
Балалар қимылдарды педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай жасайды.
Педагог өз дауысын барынша естілетіндей шығарып, көркем сөзді нақтылы, тартымды мәнерде айтуға міндетті.
Көркем сөз жолдары және жаттығуларды орындау тәртібі, оқу қызметінен тыс уақытта өткізіліп, балалар үшін таныс болуы тиіс.

2.4. Ауада жаттығу.
– Балалар, таяқшаларды қалай есеміз? Көрсетейік. Жақсы.
– Қалай дөңгелектейміз? Көрсетейік. Жарайсыңдар.
– Балалар, жұмысымыз біткенде не істеміз? Иә. Саусақтарды, тақтайшаны майлықпен сүртеміз. Жарайсыңдар.

2.5. Өздік жұмыс.
Әрбір баланың алдына қатты қағаздан қиылған тіктөртбұрышты қатты қағаз беті беріледі. Балалардың мүсіндеу тәсілдерін бақылау қажет.
Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға: "Сен не істеп отырсың?", "Оны қалай жасадың?", "Қайда орналастырдың?" сияқты сұрақтар қойылады.
Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптар алып отыру керек: "кесектен үзіп аламын", "кесектен жұлып аламын", "таяқшаны есемін", "дөңгелектеймін", "кезек-кезек жапсырамын".
Шығармашылық жұмыс аяқталғанда балаларға саусақтарын, өз орнын майлықпен сүрту әдебін айтып отыру шарт.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Жасалған мүсін үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.
– Балалар, менің ойымша бүгін біз көптеген жақсы істер бітірдік. Біз не істедік? Иә. Сарыбас балапанға жылы ұзын бөкебай жасап безендірдік.
– Руслан, бөкебайды біз қандай оюлармен безендірдік? Иә. Таяқшалар мен дөңгелектер. Жарайсың.
– Сырым, сен ермексазбен қандай қимылдар жасадың? Иә. Дөңгелектедің, естің. Тамаша.
– Қаламқас, сен қандай түстерді қолдандың? Жарайсың.
– Балалар, сендердің бөкебайларың әртүрлі бір-біріне ұқсамайды. Өте әдемі оюлармен безендірілген.

Суретті көрсету.
3. Балапанның қысқы аулада аққаланың қасында қолына күрек ұстап, қысқы киімде, бөкебайда тұрғаны туралы сурет көрсетіледі.

– Қараңдаршы, балалар, балапан анасының тілін алып, қыста жылы киімді киіп, далаға ойынға шықты. Қандай тамаша! Сендердің көмектерің тиді.
– Балалар, рақмет! – деп балапан алғыс айтады.
– Балалар, бүгін сендер балапанға нағыз дос, жанашыр, ұйымшыл балалар болдыңдар. Жарайсыңдар! Оқу қызметі аяқталды, сау болыңдар!

Тақырыбы: «Ауруxана» ойыны

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға дәрігер мамандығы жөнінде мәлімет беру, дәрігер мамандығына қатысты құралдармен, оларды қолдану қажеттілігімен таныстыру; ойын ережелерін түсіндіру. Дәрігер ойыны желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, қатынастарда қарапайым сұрақ қою, жауап беру үлгілерін игерту, шағын және топтық қарым-қатынасқа түсе білу, ойын шартын, желісін ұстану дағдыларын қалыптастыру, ой-өрісі қабілетін жетілдіру. Балаларды ересектің еңбегін құрметтеуге, әдептілікке тәрбиелеу, денсаулық сақтау қағидаларына баулу.

Сөздік жұмыс

Балалардың белсенді сөздік қорын "дәрігер", "дәрумен", "тыныс алуды тыңдау үшін керек", "жараны байлау үшін керек", "ауырмау үшін керек" сияқты сөздер мен сөз тіркестері арқылы жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Суретті көрсету, көркем сөз, кіріспе әңгімелесу, ойын-жаттығу, сергіту сәті, өздік ойын әрекеттері, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Ақ халат пен қалпақ киіп, мойнына фонендоскоп іліп алған дәрігердің суреті көрсетіледі.
Белгілі мамандарға қажет ойыншық-құралдардың суреттері: текше, кірпіш, құрылысшының алжапқышы, құрылысшының каскасы, дәрігердің ақ қалпағы, жұмысшының қолғаптары, бес саусаққа киілетін резеңке қолғаптар, балға, ара, қайшы, тарақ, фонендоскоп, ақ халат, дәрігердің сөмкесі, шприц, дәрумендер шөлмегі, дәке (бинт).
Балалар үшін жасанды заттар мен құралдар.
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.
Дәрігердің қимылдарын білдіретін суреттер сериясы:
* дәрігер фонендоскоппен тыныс алуды тыңдап жатыр.
* дәрігер дәрумендi таратып беріп жатыр.
* дәрігер дәрмекті шприцке жинады.
* дәрігер бинтпен қолды байлап жатыр.
* дәрігер тамақты қарап жатыр.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Ақ халаттар, ақ қалпақтар, "дәрігер сөмкесі" жинақтамалары, қуыршақтар, ойыншықтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Суретті көрсету.

Ақ халат пен қалпақ киіп, мойнына фонендоскоп іліп алған дәрігердің суреті көрсетіледі.
– Балалар, бұл кім екенін таныдыңдар ғой? Иә. Бұл – дәрігер. Қайталаңдар. Жарайсыңдар.

Көркем сөз
Біздің көрші дәрігер,
Өз ісіне ол шебер,
Ауруды емдейді,
Ащы дәрмек бермейді.

Ауырып қалсақ, дәрігер,
Жәрдем көлікпен келер.
Дене ыстығын өлшейді,

"Қарды жеме," – дейді,

Дәрігер біледі жұмысты,
Тындайды кеудені, тыныстыды,
Тамақты мұқият қарайды,
Асықпайды, айтады: "Жарайды".

Құлап қалсақ, сенеді ол:
"Шыда, балам, батыр бол!"
Жарамызды байлайды,
Дәкені мықтап орайды.

Дәрігердің жаны адал,
Киеді ақ халат, қалпақ.
Оның емі – жылы сөз,
Дәрігер бізге нағыз дос.

1.2. Кіріспе әңгімелесу.
– Қаламқас, дәрігерді қалай таныдың?
– Дәрігер басына ақ қалпақ киеді.
– Үстіне ақ халат киеді. Қайтала.
– Дәрігердің емдеуге қажет құралы болады.
– Жарайсыңдар, балалар.
– Дәрігер қай жерде жұмыс істейді? Иә. Ауруханада жұмыс істейді. Жарайсыңдар.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. "Не үшін керек?" ойын-жаттығуы.
Мақсаты. Ауруханада дәрігер қолданатын құралдар мен заттар топтамасын, құралдардың атауларын пысықтау, дәрігердің жұмыс ерекшеліктерін анықтау.
Шарты. Дәрігер құралдарын айту, ажырату, дәрігердің әрекеттерін тану шарт.
Барысы.
Балалардың алдына бір-екі қорапта араласып жатқан құралдар түрлері (суреттері) жайылады.
– Балалар, біз дәрігер болып ойнағымыз келеді, бірақ біздің алдымызда көптеген құралдар араласып кеткен. Осы құралдардың арасынан артық құралдарды жеке қорапқа жинайық.
Пластиктен ойыншық-құралдар (суреттері): текше, кірпіш, құрылысшының алжапқышы, құрылысшының каскасы, дәрігердің ақ қалпағы, жұмысшының қолғаптары, бес саусаққа киілетін резеңке қолғаптар, балға, ара, қайшы, тарақ, фонендоскоп, ақ халат, дәрігердің сөмкесі, шприц, дәрумендер шөлмегі, дәке (бинт).

Балалар дәрігер мамандығына қатысты заттарды (суреттерді) бөлек жинайды, қалған құралдар жеке алынады.

Затты зерттеу.
– Балалар, ал мынау не? Иә. Фонендоскоп, шприц, дәрумендер. Бұның бәрі кімнің құралдары? Дәрігердің құралдары. Қайталаймыз. Жақсы.
– Томирис, осы құралдар не үшін керек?

– Фонендоскоп тыныстыды тыңдау үшін керек. Қайталаймыз.

– Шприц дәріні егу үшін керек. Балалар, шприцтен қорықпайсыңдар ғой?

– Дәрумендер ауырмау үшін керек. Дәрумендерді жақсы көресіңдер ме? – Дәке (бинт) жараны байлау үшін керек. – Қасық тамақты қарау үшін керек.
– Жарайсыңдар.

2.2. Сергіту сәті. "Ауырмаймыз, ауырмаймыз".

– Ауырмаймыз, ауырмаймыз (сап түзеп, бір орында жүру),
Жаттығуларды жасаймыз (сап түзеп, бір орында жүру).
Бір – басымызды шайқаймыз (қолдар белде, басты оңға-солға шайқау),
Қолдарымызды бұлғаймыз (екі қолды жоғары көтеріп, бұлғау),

Денемізбен еңкейеміз (оңға-солға еңкею),
Оңға-солға еңкейеміз.
Қос аяқпен секіреміз (бір орында секіру),
Аяқты көтеріп, жүреміз (марш басу).
Сергіту сәтін өткізу уақыты педагог белгілейді. Ойынның барысында балалардың іс-әрекетін ауыстыру қажеті туындағанда сергіту сәтін өткізу уақытының келгенін білдіреді.

2.3. Ойынды іске асыру.
"Ауруханада не айтамыз" іс-тәжірибе жаттығуы.
Балалар жарты шеңберге отырады.
Тілі анық, сөйлеуі жақсы дамыған бір баланы дәрігер етіп тағайындауға болады.
Жалпы, ойынның өтілу жылдамдығы педагогтің жетекшілігіне байланысты, сондықтан стандартты жағдайда педагог өзі дәрігер болып, диалогтарды бастап отырады.
Топтағы балалардың даму ерекшеліктеріне негізінде, педагог дәрігер емесе, ауырған адамның рөлін атқарып, баланың біріне дәрігерді ұсынады. Сонда дәрігердің емдегені үшін бірнеше позиция ойнатылады.
– Балалар, ауруханада дәрігер кімді емдейді? Иә. Ауырған адамдарды емдейді. Қайталайық.
– Балалар, ауырған адам дәрігерге қай жері ауырғанын айту керек.
– Бүгін Аяжан дәрігер болсын. Қалпақ пен халатты киіп алсын.
– Ал Ақбар ауырғанын айтсын.
– Балалар, ауыруханаға келгенде біз не дейміз? Иә, сәлеметсіз бе!
– Аяжан, сен Ақбардан нені сұрайсың?
– Сәлеметсіз бе! Сіздің қай жеріңіз ауырып тұр?
– Ақбар, айта ғой ... Тамағың ауырып тұр ...
– Аяжан, сен не істейсің? Иә. "Ауызды аш, ааа". Жарайсың.
– Ақбар, тағы қай жерің ауырғанын айтасың?
– Аяжан, тынысын тыңдау керек ... (тыңдату)
Ауырғанның қанша жағдайын ойнату керектігін педагог өзі қарастырады. Егер балаларда ойындағы оқиғаны ойнау дағдылары жеткілікті дамыса, онда бірнеше жағдайды ойнап және бірнеше баланы қатыстыруға болады.

2.4. Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Аурухана".
Балалар үшін дәрігер рөлін атқаруға бірнеше киім үлгілері үлестіріледі.
Дәрігер құралдарының топтамалары жеткілікті болуы тиіс.
Балалар жұптарға немесе бірнеше топтарға бөлінеді.
Егер кейбір балалар ойынға қатысқысы келмесе, өзі қалаған жерде болып ойынды бір жақтан бақылауға мүмкіндік алады.
Балалардың өзара диалогтары мен ойындар желісінің басталуын және ары қарай жалғастырылуын қамтамасыз ету үшін, педагог қосымша сұрақтар қойып жатады.
Сұрақтар әдептілік ережелерін, әрекеттер сипатын, ойын жүйесін реттеу үшін қолданылады.
Сұрақтар үлгілері мына сияқты болады: "Дәрігерге не айтасың?", "Қай жерің ауырды?", "Ауырғанын қалай сұрайсың?", "Не дейміз?", "Ол үшін қандай құрал аласың?", "Не істейсің?"
Балаларға ауырған кейіпкер күйінде қуыршақтарды, басқа жануарларды ойыншықтарды да беріп қоюға болады.
Кейбір баланы "дәрігердің" алдына ауырған болып барып, бірге ойнатуға болады.
Ойын аяқталған жағдайда құралдар мен ойыншықтарды орнына салып, жинап қоюға нұсқау беріледі, тәртіп бақыланады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау және оқу қызметін пысықтау.

– Балалар, біз бүгін қандай ойын ойнадық?
– "Аурухана" ойынын ойнадық. Жарайсыңдар.
– Ойында біз кім болдық? Иә. Дәрігер болдық. Не істедік? Иә. Емдедік, тыныстытындадық, тамақты қарадық, дәрумен бердік. Жарайсыңдар.
– Балалар, ауырмау үшін, не істеу керек? Иә. Ата-ананың тілін алу керек, қолды жуу керек, жылы киіну керек, суықты жемеу керек.
– Балалар, бүгін, оқу қызметінде сендер зерек, білгір болдыңдар. Жарайсыңдар. Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Тақырыбы: Аңдарға қысқы үйшік

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға жабайы аңдардың қысқы тіршілігі жөнінде түсініктер беру, қарапайым үй бөлшектері туралы ұғымдарды тиянақтау; аңдарға қамқорлық жасау туралы түсіндіру. Қағаздан ұзын жолақтарды жыртып алу техникасын жаттықтыру, дайын пішінді желімдеп, үйдің бөлшегі ретінде белгілі жерге жапсыру әдебін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, ақыл-ойын, көз мөлшерін, зейінді дамыту. Балаларда аңдардың тіршілігіне деген байқағыштықты дамыту, ұқыптылыққа, зеректікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөздік қорды "жолақты жыртып аламын", "желімді жағамын", "сүртіп аламын", "аңдарға үйшік" сияқты сөздер арқылы жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, бейнероликті көрсету, көркем сөз, суретті көрсету, үлгіні зерттеу, техникалар амалдарын көрсету, саусақ жаттығуы, ауада жаттығу, өздік жұмыс, дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Балаларға қарлы боранның дыбысы естіледі.

Қарлы боран туралы бейнеролик.

Суреттер сериясы:

1) қыс мезгілінде терезесі мен шатыры жоқ үйшіктің аяқталмаған суреті;

2) жаз мезгіліндегі үйшіктің толық суреті.

Тіке жатқан қағаз бетінің төменгі жағына салынған шаршы пішінді, қоңыр түсті үйдің қабырғасының суреті.

Ыдыста сары түсті қағаз және көгілдір пішінді дөңгелектер жинақтамасы. Әрбір дөңгелекке аңның сызбалы бейнесі салынған.

Көрсеткіш.

Жапсыруға қажетті құралдар: ыдыста желім, қылқалам, қылқаламға тіреуше, жайма (төсеніш), майлық (сүлгі).

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Үйшіктің тек қабырғасының сызбасы салынған қағаз парақтары; ыдыстарда сары түсті қағаздар, аңдардың беттері салынған дөңгелек пішіндер жинақтамалары; жапсыруға қажетті құралдар: ыдыста желім, қылқалам, қылқаламға тіреуше, жайма (төсеніш), майлық (сүлгі).

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Аудиожазбаны тыңдау.

Балаларға қарлы боранның дыбысы естіледі.

– Балалар, естіп отырсыңдар ма? Бұл не болуы мүмкін?

1.2. Бейнероликті көрсету.

Қарлы боран туралы бейнеролик көрсетіледі.

– Балалар, қараңдаршы. Бұл қарлы боран. Қайталаймыз.

– Қарлы боран қыста болады. Далада өте суық, қараңғы.

Көркем сөз.

Қыс ешкімді аямайды,
Қарлы боранды айдайды.

Қарлы боран – аппақ жау,
Қалдырады таудан тау.

Аңдар тонып қашады,
Қарындары ашады.

Кім салады үйшікті?

Кім береді көмекті?

Суретті көрсету.
Аяқталмаған үйшік суреті көрсетіледі. Үйшіктің тек қабырғасы бар, терезесі мен шатыры жоқ.

– Қараңдаршы, мына тұрған үйшіктің қабырғасы ғана. Үйшіктің несі жоқ? Иә. Шатыры жоқ, терезесі жоқ.
– Қарлы боран терезе мен шатырды сындырыпты. Шатыр мен терезені қайта салу керек.
– Олай болса, балалар, аңдарға қысқы үйшікті жөндеп, салып берейік.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу.

Балалардың алдына панноға не тақтаға, үйшіктің жазғы алаңда тұрған толық суреті көрсетіледі.

– Дария, мынау не? Мынау – үйшік. Дұрыс. Үйшік туралы айтып берші.
Балаға көрсеткішті беріп, жауап беруге көмектесу.
– Жарайсың, Дария, шатыр, қабырға, терезе.
– Шатыр неден жасалған? Балалар, шатыр кепкен шөптен жасалған.
– Терезенің шынылары қандай пішінге ұқсайды? Иә. Дөңгелектерге ұқсайды.
– Балалар, терезенің шынысын салсақ, аңдар тезірек үйшікке кіріп алады.

2.2. Техникалар амалдарын көрсету.
Қағаз бетінің төменгі жағына салынған шаршы пішінді, қоңыр түсті үйдің қабырғасының суреті көрсетіледі.
Жұмыс жасау тәсілдерін көрсеті үшін, сары түсті қағаз және көгілдір пішінді дөңгелектер керек. Әрбір дөңгелекке аңның сызбалы бейнесі салынған.
– Балалар, үйшікке қар кіріп кетпес үшін, мен шатырды сары шөппен жабамын. Ол үшін мына сары қағаздың шетінен ұзын жолақшалар жыртып аламын.
– Қылқаламға желім аламын, жыртылған бөлікті жайма үстіне аударып желімдеймін. Қылқалам тіреушеге. Бөлікті аударып, мына шаршы пішінді қабырғаның үстіңгі жағына жапсырамын. Екінші бөлікті желімдеп, шатырдың екінші жағына жапсырып қоямын. Майлықпен артық желімді сүртіп аламын.
– Міне, шатыр дайын.
– Ыдыста түрлі аңдардың бейнелері бар дөңгелектің бірін алып, аударып, жайма үстінде желімдеймін.
– Терезені бір шаршы бөлігінің үстіне жапсырамын.
Уақытты үнемдеу мақсатында алдын-ала желімденген дөңгелектерді қалған терезенің бөліктеріне тез жапсырып, майлықпен сүртіп қоюға болады.
– Балалар, менің үйшігіме аңдар кіріп алыпты. Ендігі кезек сендерде.

2.3. Саусақ жаттығуы. "Қоян құлағын түріп".
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.
Қоян құлағын түріп, (алақандарды бастың екі жағына тік тіреп, саусақтарды қозғалту, жыбырлату)
Аңнан қашып жүреді. (алақандарды бастың екі жағына тік тіреп, саусақтарды қозғалту, жыбырлату)
Қашып шықса жүгіріп, (саусақтарды үстел басына кезекпен соққылау)
Аяқтармен соғады. (саусақтарды үстел басына, бір уысқа жинақтап, соққылау)
Педагог саусақ жаттығуын ұйымдастыру кезінде сөйлеудің мәнерлі оқу құралдарын қолдануға міндетті.
Педагог мимика мен саусақ қимылдарын қолданумен қатар, пантомиманы орнымен енгізіп отыру керек. Балалардың тақырыпқа деген қызығушылықтары арта түседі.
Көркем сөз жолдары және жаттығуларды орындау тәртібі оқу қызметінен тыс уақытта өткізіліп, балалар үшін таныс болуы тиіс.
Балалар қимылдарды педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай жасап, сөздерді шамаларына қарай қайталайды.

2.4. Ауада жаттығу.
– Балалар, шатырды жапсыру үшін біз не істейміз? Иә. Сары қағазды жыртамыз. Көрсетейік. Жақсы.
– Тағы да не істейміз? Әрине, терезеге шыны саламыз. Жарайсыңдар.
– Балалар, егер желім тысқа шығып кетсе, не істейміз? майлықпен сүртеміз. Жарайсыңдар.

2.5. Өздік жұмыс.
Әрбір баланың алдына сары қағаз беттері, аңның сызбалы бейнелері салынған көгілдір дөңгелектер беріледі.
Балалардың жұмысты орындау техникалары, тазалықты сақтау әдебі бақыланады.
Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға: "Сен не істеп отырсың?", "Оны қалай жасадың?", "Қайда орналастырдың?" сияқты сұрақтар қойылады.
Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптар алып отыру керек: "жолақты жыртып аламын", "желімді жағамын", "сүртіп аламын".
Үйшікке қажет шынылар саны төрттен көп болуы керек, әрбір бала өзіне ұнайтын аңның бейнесін жапсыруға мүмкіндік алады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.
– Балалар, бүгін біз қандай қызықты жұмыс жасадық? Иә. Аңдарға үйшік салып бердік.
– Шатырды қалай жасадық? Жыртып алдық. Жапсырдық. Жарайсыңдар.
– Ғалия (Ермек, Арман, Қуат, Альфия), үйшікке сен қандай аңдарды тұрғыздың?
– Балалар, бүгін аңдар қарлы боранға қалмай, жылы үйшікте тұратын болды.
– Сендер өте мейірімді, қамқор балаларсыңдар. Жарайсыңдар! Рақмет, сау болыңдар.

Тақырыбы: «Жануарлар фермасы» ойыны

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға жануарлар фермасы жөнінде мағлұматтар беру, жануарларды күтушінің еңбегімен таныстыру, үй жануарларының атауларын пысықтау, ойын ережелерін түсіндіру. Балалардың тақырып бойынша ойын желісіндегі тілдік және эмоционалдық арақатынастарға түсу іскерлігін жетілдіру, ойын шартын, желісін ұстану дағдыларын қалыптастыру, қабылдау, ақыл-ой қабілеттерін дамыту. Балалардың адам еңбегін бағалау, үй жануарларына қамқорлықпен қарау сезімдерін қалыптастыру, ұйымшылдыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

"Жануарлар фермасы" сөзінің мағынасын түсіндіру, белсенді сөздік қорға "жануарларды күтуші", "суарады", "шөп береді" , "күтеді", "қорада ұстайды" сияқты сөз тіркестерін енгізіп, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, суретті көрсету, көркем сөз, сурет бойынша әңгімелесу, дамытушы жаттығу, сергіту сәті, тәжірибе жаттығуы, өздік ойын әрекеттері, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Үй жануарлары фермасы дыбыстарының жазбалары.
Қорада тұрған үй жануарларының суреті.
Алдына айыр ағашпен шөп салынып тұрғанүй жануарының суреті.
Заттық суреттер: қасқыр, бұзау, қозы, лақ, бұзау, сиыр, жылқы, қой, қораз, тауық, торғай, балық, алжапқыш, қапта жем, мая шөп, шелекте су, айыр ағаш,
Бірнеше шелек пен дорбада "жем" салынған, "шөп" (жасанды) орамдары.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Құлыншақтардың, лақтардың, қошақандардың, бұзаулардың маскалары.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Аудиожазбаны тыңдау.
Үй жануарлары фермасының дыбыстары естіледі.

– Балалар, мынау естіп отырған дыбыстарды танып отырсыңдар ма? Бұл қай жер екен?

Суретті көрсету
Қорада тұрған үй жануарларының суреті көрсетіледі.

– Балалар, енді танып отырсыңдар ма? Бұл нелер?

1.2. Көркем сөз.
Бұзау, құлын, қозы, лақ
Аулада жүр ойнамақ,
Бірақ қыста, суықта,
Орын тар ғой қорада.

Қорамызда шөп көп,
Мая-мая, мол шөп.
Жаздыгүні орылған,
Қысқа толып жиналған.

– Жеңдер, жеңдер,
Төлдерім,
Міне шөбім, жемдерім,
Су ішіңдер бір шелек.
Не берейін? Не керек?
– Балалар, мына жануарлар қайда тұр? Олар неге қорада тұрады?
– Балалар, үй жануарларын қыста күтетін жерді "Жануарлар фермасы" деп айтады.
– Бүгін біз "Жануарлар фермасы" ойынын ойнаймыз. Қайталаймыз. "Жануарлар фермасы". Жарайсыңдар.
– Балалар, үй жануарларын күтетін адамды күтуші деп айтады. Қайталаймыз.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. "Ойынға қажеттіні таңдайық" ойын-жаттығуы.
Мақсаты. Үй жануарлары фермасында күтушіге қажетті құралдар мен атрибуттардың анықтау.
Шарты. Фермада қажет құралдар мен атрибуттарды атап, не үшін қажет болғанын айту шарт. Барысы.
Ойынды өткізгенде құралдардың ойыншық және жасанды нысандары қолданылады.
Заттық суреттер: қасқыр, бұзау, қозы, лақ, бұзау, сиыр, жылқы, қой, қораз, тауық, торғай, балық, алжапқыш, қапта жем, мая шөп, шелекте су, айыр ағаш.,

– Балалар, біз "Жануарлар фермасы" ойынын ойнамас бұрын, осы ойында қандай құралдарды қолдану қажетін және қандай жануарларды күтетінімізді анықтап алайық. Ол үшін мен паннода тізіп қойған суреттер арасынан артық суреттерді алып тастаймыз. Ойынға қажеті бар суреттерді ғана алып қалайық.
Тақтаға кезекпен шыққан кез келген бала ойынға қажеті жоқ суретті тауып, алып тастап жатады.
– Қамбар, сен неге қораздың (т.б.) суретін алып тастадың? Біз қоразды жануарлар фермасында күтеміз бе? Иә. Қораз үй жануары емес. Қораз – үй құсы.
– Тахмина, қасқырды неге алып тастадың? Иә. Ол – жабайы аң.
– Асылбек, неге үй жануарына балықты бермейміз? Иә. Үй жануарлары балықты жемейді. Жарайсыңдар, балалар.
Шөптің, жемнің, айыр ағаштың, шелектегі судың суреттері бөлек алынады.
– Балалар, ал мына суреттерді мен неге бөлек жинап қойдым? Иә. Бұл жануарларды күтетін құралдармен азықтар.
– Кім айтады шөп, су, жем не үшін керек? Иә. Оларды үй жануарларына береді.
– Мына айыр ағаш не үшін керек? Иә. Шөпті айыр ағашқа көбірек жинап алып, жануардың алдына салады. **2.2. Сергіту сәті. "Жануар болайық".**
"Жануар болайық" сөзі "құлыншақ болайық" тіркесімен ауыстырылып тұр. Үй жануарлары төлдерінің қимылдары бір-біріне ұқсас болады.
Балалар өз қалаулары бойынша құлыншақтар, лақтар, қошақандар, бұзаулардың маскаларын киіп алады. Барлық бала алаң ортасына шақырылады.
– Балалар, сендер қазір үй жануарларының төлдерісіңдер.
Жануарлар қалай қимылдайтынын көрсетіп көрейік.

– Бекер біз тұрмайық,
Жануар болайық.
Аяқтармен соқ-соқ,
Секіреміз тоқ-тоқ.
Оң жаққа қолды сермеп,
Сол жаққа қолды сермеп.
Түп-түзу тұрамыз,
Сап түзеп жүреміз.
Балалар педагог соңынан әуен ырғағына, сөздерге сай қимылдайды.

2.3. Ойынды іске асыру.
"Жануарларды қалай күтеміз" іс-тәжірибе жаттығуы.

Балалардың жастары кішкентай болуына байланысты, жануарларды күтуші рөлін алғашында педагог өзі атқарады.
Ойынды толық ойнату үшін, бірнеше шелек, дорбаларда "жем", "шөп" орамдары қажет.
– Балалар, мен күтушімін. Құлыншақтарға жем беремін!
– Құлыншақтарым, келіңдер, "Құрау-құрау!", "Құрау-құрау!" Жарайсыңдар.
Құлыншақтың маскасын киген балалар "жемге" келеді, азықтанғандарын көрсетеді.
– Бұзауларға су беремін!
– Бұзауларым, келіңдер, "Мәуке-мәуке-мәуке!", "Мәуке-мауке!" Жарайсыңдар.
Бұзаулардың маскасын киген балалар "суға" келеді, суды ішкендерін көрсетеді.
– Қошақандарға шөп беремін!
– Қошақандарым, келіңдер, "Пұшайт-пұшайт-пұшайт!", "Пұшайт-пұшайт!" Жарайсыңдар.
Қошақанның маскасын киген балалар "шөпке" келеді, азықтанғандарын көрсетеді.
– Міне, мен қандай күтуші болдым, ал сендер үй жануарларын тамаша көрсеттіңдер! Жарайсыңар!

2.4. Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Жануарлар фермасы".
Балалар арасынан бір-екеуі шығып, жануаларды күтушінің киімін киеді, педагогтің жанында өз рөлін атқарады.
Ойынның жылдамдығын, балалардың ойында қауіпсіздікте болуын қамтамасыз ету үшін педагог "күтушілерді" ойын алаңындағы бірнеше бұрышқа бөледі.
Әрбір күтуші тек өзіне қатысты жануарлар тобын шақырады, белгілі азық береді.
– Камила, сен қошаққандарға шөп бересің, "пұшайт" деп шақырасын.
– Ерғали, сен құлыншақтарға жем бересің, "құрау-құрау" деп шақырасың.
– Мадияр, сен бұзауларға су бересің, "мәуке-мәуке" деп шақырасың.
Ойын көңілді өту үшін, бәсең дыбыста әуенжазбасы қосылады.
Ойынның соңында құралдар мен атрибуттарды белгілі жерге жинау тәртібі есептеліп қоюы керек.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау және оқу қызметін пысықтау.
– Балалар, біз бүгін қандай ойын ойнадық?
– "Жануарлар фермасы" ойынын ойнадық. Жарайсыңдар.
– Ойында біз кім болдық? Иә. Үй жануарлары болдық. Жануарлар не істеді? Иә. Су ішті, жем жеді, шөп жеді. Жарайсыңдар.
– Тек қана үй жануарлары болдық па? Иә. Күтуші болдық. Жарайсың, Мадияр.
– Қалай шақырдық? Жарайсыңдар, балалар.
– Үй жануарлары күтулі, жылы жерде, қарындары тоқ тұр. Рақмет сендерге.
– Балалар, бүгінгі оқу қызметінде мұқият, шапшаң, ойыншыл болдыңдар. Жарайсыңдар. Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Тақырыбы: Түрлі балықтар жүзіп жүр

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға аквариумдағы балықтардың тіршілігі жөнінде мәлімет беру, балықтардың денесінің ерекшеліктеріне көңіл аудару; аквариум балықтарын күту тәртібінің негіздерімен таныстыру. Ермексаз бөліктерін есу, дөңгелектету, жалпайту техникаларын жетілдіру, балықтың сұлбасын түрлі-түсті таяқшалар, дөңгелектер арқылы безендіру әдебіне машықтау; қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшерін, жазықтықты бағдарлау қабілетін, эмоциялар мен түйсікті дамыту. Балаларда эстетикалық талғам негіздерін қалау, байқампаздыққа, қамқорлыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөздік қорды "кесектен үзіп аламын", "кесектен жұлып аламын", "таяқшаны есемін", "дөңгелектеймін", "сұлбасын безендіремін", "аквариум" сияқты сөздер арқылы жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Ғажайып сәт, бейнероликті көрсету, суретті көрсету, көркем сөз, үлгіні зерттеу, техникалар амалдарын көрсету, саусақ жаттығуы, ауада жаттығу, өздік жұмыс, мақтау, кейіпкермен қоштасу, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Сарғыш Марғаудың суреті.

Алтын балықтың аквариумда жүзіп жүргені туралы бейнеролик.

Балықтың бір-екі сурет үлгісі. Балықтардың денелері түрлі оюлар элементтерімен безендірілген.

Үлкен қағаз бетінде балалар санына сай балықтар бейнелерінің сызбалы суреттері. Балықтар денелерінің оюлары маркермен салынған (сызықтар, нүктелер, дөңгелектер, толқындар).

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.

Ермексаз жинақтамасы, тақтайша, майлық.

Көрсеткіш.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Ермексаз жинақтамалары, тақтайшалар, майлықтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Ғажайып сәт.

Сарғыш Марғау қонаққа келеді.

– Балалар, қараңдаршы, бүгін Сарғыш Марғау үндемей, тыныш келіп тұр. Оған не болғанын сұрайықшы.

– Марғау, бүгін сен неге тыныш жүрсің?

Марғау:

– Мен балықтардың тілін білгім келеді? Олар сөйлегенде дыбыстарын шығармайды.

Педагог:

– Бұл қалай екен. Көрейікші.

Бейнероликті көрсету.

Алтын балықтың аквариумда жүзіп жүргені туралы бейнеролик көрсетіледі.

Көркем сөз. Дина Ахметова. "Балық".

Балық жүзіп қоймайды,
Қанаттарымен бұлғайды,
Сүңгиді, жылпылдайды,
Суға неге батпайды?

Балық сөйлей білмейді,
Тыңдасаң – үндемейді.
Аузын ашып қоймайды.
Мүмкін, суға тоймайды?

1.2. Кіріспе әңгімелесу
– Балалар, қандай тамаша! Мынау не? Жарайсыңдар. Бұл – балық.
– Балық емес, құс па? Балық пен құстарды ажыратуға бола ма?
– Иә. Балық суда жүзеді. Қайталаймыз. Жақсы. Ал құс ... ұшады.
– Балалар, мына ыдысты біз не деп айтамыз? Иә. Бұл – аквариум. Қайталаймыз. Жеңіс, қайтала. Жарайсың.
– Шынымен, балықтар дыбыстарын шығармайды екен.

Кідіріс ұстау.
– Марғау, біз сенімен тыныш қана сөйлесіп көрейік.
Марғау:
– Балалар, мен аквариумда көп балық ұстайын деп едім, бірақ оларды боя алмаймын. Көмектесіңдерші.
– Балалар, Марғауға көмектесейік. Содан соң балықтарға жем береміз.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу.
Балалардың алдына бір-екі балықтың сурет үлгілері көрсетіледі. Балықтар денелері түрлі оюлар элементтерімен безендірілген.
– Балалар, мына балықтар бірдей ме? Несі бірдей емес? Иә. Оюлары бірдей емес.
– Қарлығаш, бірінші балықтың қандай оюларын білесің? Айтып көрші. Таяқшалар, нүктелер. Жарайсың.
Балалар балықтарда бар оюлардың түстерін, түрлерін айтады.

2.2. Техникалар амалдарын көрсету.

Балалардың алдына үлкен қағаз бетінде балалар санына сай балықтардың бейнелері көрсетіледі. Балықтар денелерінің оюлары маркермен салынған (сызықтар, нүктелер, дөңгелектер, толқындар).
– Балалар, балықты безендіру үшін, мен оның оюларының түрлеріне, түстеріне қараймын.
– Сызықтар болса, мен ермексазбен не істеймін? Иә. Ермексаз бөлігін есемін. Жарайсың, Шолпан.
– Нүктелер болса, мен не істеймін? Иә, Олжас, мен бөлікті дөңгелектеймін.
– Балалар, егер ол толқын болса, мен бөлікті ұзындау есіп, балық денесінің үстіне салып, толқын ізін қайталап басамын.
Балаларға кез келген балықтардың белгілі оюларын қайталау амалдары көрсетіледі.
– Балалар, барлықғымыз жабылып, аквариумдағы балықтарды әдемі безендірейік.

2.3. Саусақ жаттығуы. "Балықтар".

Балық жүзіп қоймайды, (қос алақанмен ары-бері бұлғау)
Қанаттарымен бұлғайды, (екі қолдың саусақтарымен жыбырлату)
Сүңгиді, жылпылдайды, (алақандарды жұдырықты ашып-жабу)
Суға неге батпайды? (шапалақтау)
Педагог саусақ жаттығуын ұйымдастыру кезінде сөйлеудің мәнерлі оқу құралдарын қолдануға міндетті.
Балалар қимылдарды орындай отырып, сөздерді педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай айтып отырады.

2.4. Ауада жаттығу.
– Балалар, таяқшаларды қалай есеміз? Көрсетейік. Жақсы.
– Қалай дөңгелектейміз? Көрсетейік. Жарайсыңдар.
– Балалар, жұмысымыз біткенде, не істейміз? Иә. Саусақтарды, тақтайшаны майлықпен сүртеміз. Жарайсыңдар.
– Балалар, балықтарды безендіргенде бір-бірімізді итермей жүреміз.

2.5. Өздік жұмыс.

Балалардың алдында балалар санына сай түрлі балықтардың сызбалары салынған қағаз беті ілінеді. Балалардың әрқайсысы өздеріне ұнайтын балықты таңдап, безендіреді.
Педагог, балалардың үздіксіз тізбекте жұмысты жасату мақсатында, жылдам істейтін балаларды қағаздың алдына, салмақты балаларды ермексазбен техникаларды жетілдіруге бөліп отырады. Содан соң, балалар топтары өзара орындарын алмастырып жүреді.
Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға "Сен не істеп отырсың?", "Оны қалай жасадың?", "Қайда орналастырдың?" сияқты сұрақтар қойылады.
Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптар алып отыру керек: "кесектен үзіп-жұламын", "таяқшаны есемін", "дөңгелектеймін", "оюмен безендіремін".
Шығармашылық жұмыс аяқталғанда, балаларға саусақтарды, өз орнын майлықпен сүрту әдебін айтып отыру шарт.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Жасалған мүсін үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.
– Балалар, қараңдаршы, Сарғыш Марғау өте көңілді!
– Бұл не себептен, қалай ойлайсыңдар?
– Иә. Біз көп балықтарды безендірдік. Қайталайық.
– Бізде көп түрлі-түсті, үлкен, кішкентай балықтар шықты. Жақсы.
– Айфара, балықты сен немен безендірдің? Қарындашпен? Қылқаламмен бе? Ермексазбен безендірдің. Жарайсың.
– Балалар, енді мына балықтарға жем беруге де болады.

Кейіпкермен қоштасу.
– Балалар, Сарғыш Марғау сендерге өте риза. Бұндай көп балықты ол әлі де көрмеген. Сендерге ойынға тағы да келіп тұрады.
Марғау:
– Балалар, сау болыңдар! – дейді.
– Бүгін, балалар, сендер ұйымшыл, шығармашыл болып, көп қуаныш сыйладыңдар. Аквариумда әдемі балықтар жүзіп жүр. Оқу қызметі аяқталды. Біз аквариумдағы балықтарға жем берейік.

Тақырыбы: «Шаштараз» ойыны

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға шаштараз мамандығы жөнінде мәлімет беру, шаштараздың құралдарымен, қолдану қажеттіліктерімен таныстыру; әдептілік ережелерін түсіндіру. Балалардың шаштараз мамандығы аясында ойын желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, қатынастарда қарапайым сұрақ қою, жауап беру үлгілерін игерту, шағын және топтық арақатынастарға түсе білу, ойын шартын, желісін ұстану дағдыларын қалыптастыру, ой-өрісін жетілдіру. Балаларды ересектің еңбегін құрметтеуге баулу, ұқыптылыққа, әдептілікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Балалардың белсенді сөздік қорын "шаштараз", "тұтынушы", "мамандық", "отырыңыз", "шашты қиямын", "шашты буамын" сияқты сөздер мен сөз тіркестері арқылы жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, көркем сөз, суретті көрсету, ойын-жаттығу, сергіту сәті, өздік ойын әрекеттері, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.
Шаштараздың клиенттің шашын қиып жатқаны туралы сурет.
Заттық суреттер:
иық жапқыш, тарақ, сусабын, шашты бұйралау жабдығы, қайшы, қырыну құралы,
фен, айна, алжапқыш, сүлгі, шаш қыстырғыш, резеңке, бантик, жасанды шаш (париктер).

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Иық жапқыштар.
Шаштараз құралдары үшін корап пен сөре.
Тарақтар түрлері (ұштары үшкір емес, жиі емес).
Сусабындар үшін пластмассалы ыдыстар.
Шашты бұйралау жабдығы.
Пластмасса қайшы, қырыну құралдары.
Ойыншық фендер,
Ойыншық айналар.
Шаштараздың алжапқыштары.
Сүлгілер.
Шаш қыстырғыштар, резеңкелер, бантиктер, қарапайым париктер.
Сәнді шаш үлгілері журналы.
Орындықтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Аудиожазбаны тыңдау.
Көңілді, ырғақты, бәсең дыбыстағы әуенжазбасы қосылады.

Көркем сөз. Дина Ахметова. Жұмбақты жасыру. "Шаштараз".
Оның қолы жылдам жүреді,
Біресе тарақ, біресе қайшы.
Шашты таза жуып береді,
Шаш үлгісін қарайықшы.
– Балалар, мен не туралы жұмбақты оқыдым?

1.2. Суретті көрсету.
Шаштараз клиенттің шашын қиып жатқаны туралы сурет көрсетіледі.
– Мына мамандық иесін кім таныды?

– Иә, Бекнұр, бұл – шаштараз. Лаура, қайтала.
– Шаштараз деген қандай мамандық? Шаштараз не істейді?
– Балалар, бүгін біз "Шашатараз" ойынын ойнаймыз.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. "Шаштатаразға не керек?" ойын-жаттығуы.
Мақсаты. Шаштаразға қажет құралдардың атауларын пысықтау.
Шарты. Шаштараздың құралын атап, оның қажеттілігін айту шарт.
Барысы.
Әрбір бала құралды қолға алып, оның аталуын, қажеттілігін айтады.
Ойынды өткізгенде құралдар не олардың суреттері қолданылады.
Заттық суреттер: иық жапқыш, тарақ, сусабын, шашты бұйралау жабдығы, қайшы, фен, айна, алжапқыш, сүлгі, шаш қыстырғыш, резеңке, бантик, жасанды шаш (париктер). – Балалар, шаштараздың жұмысына қандай құралдар қажет?
– Шаштараз қандай құралдарды және қалай қолданатынын біліп алайық. "Шаштаразға не қажет?" атты ойынды ойнайық.
– Балалар, әрқайсың, мына құралдардың бірін қолға алып атап, қолдану қажеттілігі туралы айтасыңдар. Мысалы, Альмира, мынау не? Не үшін керек?
– Мынау – тарақ. Тарақпен шаш тарайды.
– Мынау – қайшы. Қайшымен шаш қияды.
– Мынау – иық жапқыш. Оны иыққа жабады.
Ойын жүйесі жылдам өткізілуі үшін, басқа уақыттарда балаларға айтқызуға болады.
– Жарайсыңдар балалар.

2.2. "Шаштараз" ойыны.
Мақсаты. Шаштараздың іс-әрекеттерін игеру, тұтынушымен негізгі фразаларды айтқызу.
Шарты. Балалар жұптарда шаштараздың кез келген құралмен негізгі қимылдарының бірін жасап, тұтынушымен ортақ фразаларды алмасады.
– Балалар, шаштаразға шашын қидыртқысы келген тұтынушы адам келеді. Барлығымыз тұтынушы деп айтайық. Жарайсыңдар.
– Шаштараз, тұтынушы келгенде: "Орындыққа отырыңыз. Сізге қандай шаш үлгісі керек?" – деп айтады. Ержан, тұтынушыға біз не дейміз?
– Жарайсың, "Орындыққа отырыңыз. Сізге қандай шаш үлгісі керек?"

– Ержан, сен нені қалайсың? Саған шаш қию керек пе? Айта ғой: "Маған шашты қию керек".

– Динара, егер саған шашты жуу керек болса, сен не дейсің? Жарайсың. "Маған шашты жуу керек".

– Асқат, егер саған шашты сүрту керек болса, сен не дейсің? Жарайсың. "Маған шашты сүрту керек".

– Меруерт, егер саған шашты кептіру керек болса, сен не дейсің? Жарайсың. "Маған шашты кептіру керек".

2.3. Сергіту сәті. "Шаштараз"
Шаштаразда қайшы бар, (шапалақтау, марш басу)
Шаштаразда тарақ бар. (шапалақтау, марш басу)
Тарайды, қияды. (екі қолмен тарағанды және қиғанды көрсету)
Тарап, тарап, қияды.

Шаштаразда сабын бар, (шапалақтау, марш басу)
Шаштаразда сүлгі бар. (шапалақтау, марш басу)
Жуады, жуады, (екі қолмен шашты жуғанды көрсету)
Кептіреді, буады (қолдарды сілку, жұдырықтарға жинау)

2.4. Ойынды іске асыру. Өздігінен ойын әрекеттерін жасау, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Шаштараз бен тұтынушы".

Балалар жұптарға бөлініп, кез келген суреттерге қарап, мамандық бойынша әрекеттер жасайды. Жалпы, балалардың барлық жұптарына орындауға бірінші сурет пен кез келген суреттердің бірі беріледі.
Ол үшін жұптар бір үстел басында отырады, үстелге жұп суреттер салынады. Балалар орындықтарды бір бағытқа бұрып, қалаулары бойынша әрекеттерді орындайды.
Ойын тапсырмалары.
– Балалар, сендердің алдырыңда екі сурет бар, осы суретте көрсетілген әрекеттерді жасайсыңдар.
– Біріншілерің шаштараз, екіншілерің тұтынушы боласыңдар.
1. Клиентті орындыққа отыруға шақыру, иық жапқышты жабу.
2. Шашты жуу.

3. Сүлгімен сүрту.

4. Шашты тарақпен тарау.

5. Шашты қию.

6. Фенмен кептіру.

7. Бигудиді шашқа бұрау.

8. Хош иіс суын себу.

9. Шашты буу.

10. Қыстырғыштарды шашқа қыстыру.

11. Шаш кепкенше, сән журналын қарату.

Педагог балалар жұптарын аралап, қосымша сұрақтарды қойып, сұрақтарға жауап қайтаруға мүмкіндік береді.
Шаштараз болған баладан: "Сен, Айжанға не айтасың?", "Сен не істеп жатырсың?" сияқты сұрақтар қойылады.
Балаға: "Саған не жасау керек?" деген сұрақты сұрату қажет.
Егер, баланың бірі шаштараздың қимылын түсіндіре алмаса, жұбы болып ойнап отырған балаға "Қайрат не істеді?" сұрағын қоюға болады.
Уақыт жеткілікті болса, балалар рольдерді алмасып ойнайды.
Баланың қимылдарын, сұрақ қою, жауап беру әрекеттерін мақтап, қолдау керек.
Ойын аяқталғаннан кейін, орындарын жинау керектігі айтылады. Мысалы: "Балалар, әрқайсыларың өз құралдарыңды мына қорапшаға әкеліп, салыңдар. Жұмыс орнымыз таза болсын".

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау, оқу қызметін мақтау.

– Балалар, Шаштараз деген кім?
– Балалар, кім шаштараз болды? Шаштараз болып, қандай құралдарды қолдандыңдар? Жарайсыңдар.
– Балалар, кім тұтынушы болды? Тұтынушы болғанда, сендерге не жасады? Жарайсыңдар.
Балалардың аттары жеке аталып, жауаптары қабылданады.
– Сендерге не ұнады? Шаштараз болу ұнады ма? Тұтынушы болу ұнады ма?
– Балалар, бүгінгі оқу қызметінде сендердің әдепті тұтынушы, еңбекқор шаштараз болғандарыңды көрдім. Тамаша ойнадық.

Тақырыбы: Құстың балапаны

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға көктемде жылы жақтан қайтып келетін жыл құстарының балапандауы туралы мәліметтер беру; құстардың жалпы дене құрылысы жөнінде білімдерді тиянақтау. Құс балапанының маркермен салынған сұлбасын ермексаз бөліктерімен толтыруға үйрету; сары ермексаз кесегінен ұсақ бөліктерді үзіп немесе жұлып алып, балапан сұлбасына жапсырып, басу тәсілдерін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшерін, зейінді, ақыл-ойды дамыту. Балалардың көктем мезгіліндегі өзгерістерге, құстардың тіршілігіне деген зеректігін қалыптастыру; төзімділікке, тиянақтылыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөздік қорды "кесектен үзіп алдым", " кесектен жұлып алдым", "жағып жапсырдым", "балапанның денесіне", "үлпілдеген", "мамықтай", "құстың балапаны" сияқты сөздер арқылы жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, суретті көрсету, көркем сөз, үлгіні зерттеу, техникалық амалдарды көрсету, саусақ жаттығуы, ауада жаттығу, өздігінен мүсіндеу, жасалған мүсін үшін мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Балаларға құстардың көктемде шықылдап, шулап жатқанын білдіретін әуенжазбасы.
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.
Мазмұнды сурет. Құстар ағаш бұтақтарына ұя салып, балапандап жатыр.
Құстың балапанының суреті. Балапан сызбасының үстінен ермексаздан үзілген бөліктер басылған.
Қатты қағаз бетіне балапанның сары маркермен салынған сұлбасы.
Ермексаз жинақтамасы, тақтайша, майлық.
Көрсеткіш.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Ермексаз жинақтамалары, тақтайшалар, майлықтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Аудиожазбаны тыңдау.

Балаларға құстардың көктемде шықылдап, шулап жатқанын білдіретін әуенжазбасы қосылады.
– Балалар, қандай тамаша! Бұл нелердің дыбыстары? Иә. Құстардың дыбыстары.
– Бұл құстар неге шулайды екен? Кім біледі? Құстар көктем мезгілін қарсы алып жатыр.

Суретті көрсету.

Құстардың ағаш бұтақтарында ән салып жатқаны туралы суретті көрсету. Тағы бір құстар ұя жасап, балапандарын шығарып жатыр.

1.2. Көркем сөз. "Жыл құстары сәлемін беріп ...".

Жыл құсы көктемге сәлемін беріп,
Ұшады аспанның аясына,
Ұсақ-түйек құрттарды теріп,
Асығып қонады ұясына.

Не бар ұяда? Жұмыртқалар,
Шығады кезек балапандар.
Балапандар отырады ұяда жалықпай,
Балапандар денесі – үлпілдек мамықтар.
– Балалар, құстар көктемде ұяларына жұмыртқа басады, балапандайды.
– Балалар, кейбір жұмыртқалардан әлі де балапан шықпаған, сондықтан біз балапандардың жұмыртқалардан шығуына көмектесейік.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу.
Балаларға құстың сары балапанының суреті көрсетіледі. Балапан сызбасының үстінен ермексаздан үзіліп немесе жұлынып алынған бөліктері басылған.
– Балалар, мынау не? Иә. Бұл – құстың балапаны. Қайталаймыз. Жарайсыңдар.
– Құстың балапанында не бар? Кім айтады?

Көрсеткішті қолдану.
– Балапанда басы, денесі, құйрығы бар. Жарайсың, Ескендір.
– Басында не бар? Иә.Тұмсығы, көзі бар. Жарайсың, Айдана.
– Балалар, балапанның үстінде не бар? Иә. Бұл қауырсындар емес, бұл мамықтар. Қайтала, Дидар. Жақсы.
– Балапанның үсті мамықпен қапталған. Қайталамыз.
– Балапанның денесі үлпілдек. Қайталаймыз. Жарайсыңдар.

2.2. Техникалық амалдарды көрсету.
Балаларға қатты қағаз бетіне балапанның сары маркермен салынған сұлбасы, үлгінің негізі көрсетіледі.

– Балалар, сендердің алдарыңда балапанның сұлбасы, бірақ үсті мамықтармен қапталмаған.
– Мен сары ермексаздың кесегінен кезек-кезек ұсақ бөліктерді үзіп аламын. Бөліктерім көп болсын. Ермексаздан тағы да жұлып аламын.
– Енді бөліктерді балапан сұлбасының бойымен басып, жапсырып шығамын.
– Құралай, мен не істедім? Ермексазды үзіп алдым, жарайсың.
– Сырым, тағы да не істедім? Иә. Бөліктерді басып, жақсылап жапсырдым. Қай жерлеріне? Сұлбасының бойына. Жақсы.
– Сұлбасының ішіне де бөліктерді жапсырамын.
– Егер бөліктерім бітіп қалса, не істеймін? Иә. Ермексаздан тағы да жұлып аламын.
– Міне, мамықтары үлпілдеген балапан дайын. Кезек сендердікі, балалар.
2.3. Саусақ жаттығуы. «Балапан».
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.
Балапаным, балапан,
Қайда кеттің ауладан? (сұқ саусақпен бұлғау)
Суға бірге барайық, (шапалақтау)
Саған бидай шашайық!
Бидай шоқып тоқ-тоқ-тоқ, (үстел бетін саусақтармен соққылау)
Қанатыңды соқ-соқ-соқ.
Балалар қимылдарды педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай жасайды.
Педагог өз дауысын барынша естілетіндей шығарып, көркем сөзді нақтылы, тартымды мәнерде айтуға міндетті.
Көркем сөз жолдары және жаттығуларды орындау тәртібі, оқу қызметінен тыс уақытта өткізіліп, балалар үшін таныс болуы тиіс.

2.4. Ауада жаттығу.
– Балалар, үлкен кесектен екі саусақтың ұшымен үзген болайық. Жарайсыңдар.
– Енді қағаз бетіне жағып жапсырайық. Жарайсыңдар.
Педагог балалардың саусақтарын белгілі мүсіндеу тәсіліне сай қойып, үстел бетіне жақпалаумен тигізіп, сипалау қимылдарына көңіл аударады.
– Балалар, жұмысымыздың соңында біз не істейміз? Иә. Майлықпен саусақтарды сүртеміз.
2.5. Өздік жұмыс.
Балалардың мүсіндеу тәсілдерін бақылау қажет.
Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға: "Бұл не?", "Сен не істеп отырсың?", "Қайда жапсырып жатырсың?" сияқты сұрақтар қойылады.
Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптар алып отыру керек: "кесектен үзіп алдым", "кесектен жұлып алдым", "жағып жапсырдым", "балапанның денесіне", "үлпілдеген", "мамықтай", "құстың балапаны".

Шығармашылық жұмыс аяқталғанда балаларға саусақтарын, өз орнын майлықпен сүрту әдебін айтып отыру шарт.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Жасалған мүсін үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

– Балалар, қандай тамаша жұмыстар!

– Бүгін сендер не істедіңдер? Иә. Ермексазды балапанның сұлбасына жапсырдық. Жарайсың, Ардақ.

– Балалар, сендердің балапандарың өте әдемі шықты. Мамықтары үлпілдек.

– Міне, қаншама сап-сары балапан шықты! Балапандар өсіп, жаз бойы бізге әдемі ән салып береді.

– Бүгін оқу қызметінде сендер зерек, тиянақты

Тақырыбы: «Техника дүкені» ойыны

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға тұрмыстық техниканың адам тұрмысына қажеті жөнінде мағлұматтар беру, тұрмыстық техника үлгілерін пысықтау. Балалардың "Техника дүкені" ойыны желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, қатынастарда қарапайым сұрақ қою, жауап беру үлгілерін игерту, ережелерді ұстану дағдыларын қалыптастыру, ой-өрісін, зейінді, жағымды эмоцияларды дамыту. Балаларды техника үлгілерін ұқыпты ұстауға баулу, зеректікке, әдептілікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Балалардың белсенді сөздік қорын тұрмыстық техника атаулары мен әдептілікті білдіретін сөздер арқылы жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, суретті көрсету, көркем сөз, ойын-жаттығу, затты зерттеу, сергіту сәті, өздік ойын әрекеттері, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Ұялы телефон, тоңазытқыш, шаңсорғыштың дыбыстарының жазбалары.
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.
Тұрмыстық техника үлгілерінің "Техника" дүкенінде тізіліп тұрғаны туралы сурет. Техника түрлері: теледидар, шаңсорғыш, тоңазытқыш, компьютер, ұялы телефон, ноутбук, электр пеші, кір жуу машинасы, электр шәйнек, үтік.
Тұрмыстық техниканың ойыншық түрлері немесе заттық суреттері.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Тұрмыстық техника түрлерінің таңбалауыштары.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Аудиожазбаны тыңдау.

Ұялы телефон, тоңазытқыш, шаңсорғыштың дыбыстары шығады.
– Балалар, мына дыбыстарды сендер білесіңдер ғой?
Балалар ойларын айтады.
Біз қай жерге келгенімізді тағы да көрсетейін. Тақпақты тыңдаңдар.

Көркем сөз. Дина Ахметова. "Тұрмыстық техника".
Біздің үйде, ешкім жоқта,
Көмекшілер тұрмай тоқтап,
Бөлмелерде жұмыс істейді,
Бірақ мүлдем үндемейді.

Кешке келсе ата-ана,
Суытылған сүт пен айран.
Көрсетілер жаңалықтар,
Кілем үсті тазалықта.
– Қандай заттар туралы тақпақ оқыдым, кім тапты? Теледидар, тоңазытқыш, шаңсорғыш.
Жарайсыңдар.

1.2. Суретті көрсету.
Балаларға бірнеше тұрмыстық техника үлгілерінің "Техника" дүкенінде тізіліп тұрғаны туралы сурет көрсетіледі (теледидар, шаңсорғыш, тоңазытқыш, компьютер, ұялы телефон, ноутбук, электр пеші, кір жуу машинасы, электр шәйнек, үтік).

– Бұның барлығы қалай айтылады? Иә. Бұл – тұрмыстық техника. Қайталайық. Тамаша. Тұрмыстық техника "Техника" дүкенінде сатылады. Бүгін біз "Техника" дүкеніне барып, ойын ойнаймыз.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. "Не үшін керек?" ойын-жаттығуы.
Мақсаты. Тұрмыстық техника үлгілерінің атауларын пысықтау, қажетін анықтау.
Шарты. Кез келген тұрмыстық техниканы атау, қажетін айту шарт.
Барысы.
Балалардың алдына панноға үйде адамға "көмекші" болатын, түрлі техникалардың суреттері ілінеді.
– Балалар, "Техника" дүкенінде түрлі техника сатылады.

Қалаған балалар тақтаға шығып, кез келген заттың қажетін айтады.
Затты зерттеу.
– Бекзат, тоңазытқыш не үшін керек? Тоназытқыш азықтарды суытады. Жарайсың.
Балалар ұялы телефонның сөйлесу үшін, шаңсорғыштың кілемді тазалау үшін, компьютердің хаттар жазу (тағы басқа себептер) үшін керектігін айтады.

2.2. Ойынды іске асыру.
"Маған не керек?" іс-тәжірибе жаттығуы.
Балалар жарты шеңберге отырады.
– Балалар, дүкенге келгенде, біз не дейміз? Иә, сәлеметсіз бе!
– Ойыншықты сатып алу үшін, кімнен сұраймыз? Иә. Сатушыдан сұраймыз.
– Қазір Серік сатушы болады.
Балаларға сорелерге тізілген заттар немесе суреттері көрсетіледі.
– Дархан, сен сатушы Серіктен қандай техниканы сұрайсың? Қалай сұрайсың? "Сәлеметсіз бе! Сізде теледидар бар ма?" Қайтала. Жарайсың.
– Серік, не дейсің? "Иә. Бізде теледидар бар. Таңбалауышты (карточканы) беріңіз!"
Балалар сурет пен (ойыншықпен) оның фишкасын алмасады.
Бұл сияқты бірнеше "сатушы" мен "сатып алушыны"ң диалогтары ұйымдастырылады.
– Балалар, егер сатушы затты сатса "рақмет" деп айтады. Ұмытпаңдар.
Балалардың жастары кішкентай болуына байланысты, педагог сатушы мен сатып алушының араларындағы диалогтарды реттеп, бақылап отырады.

2.3. Сергіту сәті. "Таңбалауыштармен алмасайық?" ойын-жаттығуы.
Жеңіл, көңілді әуенжзабасы қосылады.

Мақсаты. Сатушы мен сатып алушы араларында тауар алмасу жүйесін орнату, бірдей суреттерді табуға жаттықтыру.
Шарты. Көлемі бөлек, бірақ суреті бірдей суреттерді тауып, алмасу әрекетін жасау шарт.
Барысы.
Ойынды өткізуге тұрмыстық техниканың бірнеше материалдан (қатты қағаз, пластиктен) жасалған нысандары қолданылады.
Нақтылы ойыншық заттар болмаса, суреттері ұсынылады.
Тұрмыстық техника үлгілерінің сатылуын дәлелдейтін таңбалауыштардың жұптары қолданылады.

– Балалар, қазір біз таңбалауыштармен ойнаймыз. Ол үшін барлықтарың мына үстелде жатқан таңбалауыштардың бірін таңдап аласыңдар.
– Барлығың қолдағы таңбалауышты биік ұстап, белгі бойынша алаңға шығып, дәл сондай таңбалауышы бар баланы тауып аласыңдар.
– Егер таңбалауыштарың бірдей болса, қол ұстасып тоқтап тұрасыңдар.
Үстелде әрбір суреттің екі данасы, өзге таңбалауыштармен арыласып жатады.
Ойын уақыт жеткілікті болса, тағы да ойнатылады.

– Балалар, жұптарыңды көрсетіңдер. Жарайсыңдар.
– Қараңдар, сендер таңбалауыштармен алмасып, бір-біріңнен сатып алдыңдар.

2.4. Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Техника" дүкені.
Педагог ойынға таңбалауыштардың бір жұп данасын ғана қалдырады.
Сатушы орнында өзге бала да болуы мүмкін. Балалар өздері қалаған таңбалауыштарды алып, сатушының алдына барады, техника үлгілерін сұрайды. Сатушы таңбалауышты көрсе ғана техника үлгісін береді.
Жалпы айтқанда, "сатушы" мен "сатып алушылар" таңбалауыш және ойыншықпен алмасады. Ойынның аяғында балалар өз орындарына отырғанда, "сатушыдан" балалардың одан қандай заттардың сатып алғанын сұрауға болады. "Сатушы" "сатылған" техника үлгілерін айтып шығады. Соңында "сатушының" еңбегі мақталады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау, оқу қызметін пысықтау.
– Балалар, біз бүгін қандай ойынды ойнадық? Жарайсыңдар.
– Нені сатып алдыңдар?
Бірнеше баланың жауабын тыңдау.
– Балалар, қараңдаршы, қаншама техниканы сатып алдыңдар. Енді, үйлеріңде көмекшілер көбейеді. Ата-аналарың өте қуанатын болады.
– Балалар, бүгін сендер ұқыпты, әдепті болдыңдар. Жарайсыңдар. Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Тақырыбы: Піспенан

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды дөңгелек піспенан (печенье) үлгілерімен таныстыру, дөңгелек пішінді безендіру амалдарын көрсету, нан өнімдері жөнінде ұғымдарды тиянақтау. Дөңгелек пішін сұлбасын дөңгелек бөлітермен безендіру амалдарымен таныстыру, дөңгелектің шеттері мен ортасына белгілі бөлшектерді кезекпен орналастыру техникасын игерту; қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшерін, зейінді, дамыту. Балалардың сәндік өнер үлгілеріне деген қызығушылықтарын қалыптастыру, үйлесімділікке, әдептілікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөздік қорды "үстіге", "төменге", "солға", "оңға", "ортаға", "арасына", "піспенан" (печенье) сияқты сөздер арқылы жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Суретті көрсету, көркем сөз, үлгіні зерттеу, техникалар амалдарын көрсету, саусақ жаттығуы, жапсыру амалдары тәртібін қайталау, өздік жұмыс, мақтау, кейіпкермен қоштасу, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Суреттер сериясы:

1) иығына сөмке ілген, бір қолына бір піспенанды (печенье) қолына ұстап, қалғанын жерге шашып алған, көңілсіз тұрған Дананың суреті;

2) табақшада көп піспенанның суреті;

3) көңілденіп тұрған Дананың суреті.

Суреттегі табақшада көп піспенан бар, біреуі қырына аударылып оюлары көрініп тұр.

Шеттері мен ортасы безендірілген дөңгелек пішінді піспенанның жасанды үлгісі. Дөңгелек бөлшектері әртүрлі бейнелермен әшекейленген.

Үлгінің дөңгелек пішінді негізі.

Ыдыста бөлшектердің (жұлдызша, гүл, жапырақ, күн) топтамалары.

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.

Панно не тақта, көрсеткіш.

Жапсыруға қажетті құралдар: ыдыста желім, қылқалам, қылқаламға тіреуше, жайма (төсеніш), майлық (сүлгі).

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Үлгінің дөңгелек пішінді негіздері.

Ыдыстарда бөлшектердің (жұлдызша, гүл, жапырақ, күн) топтамалары.

Жапсыруға қажетті құралдар: ыдыста желімдер, қылқаламдар, қылқаламға тіреушелер, жаймалар (төсеніш), майлықтар (сүлгі).

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Ғажайып сәт.

Иығына сөмкесін іліп, бір қолына піспенан (печенье) ұстап, қалғанын жерге шашып алған, көңілсіз Дананың суреті көрсетіледі.

– Сәлеметсің бе, Дана! Сен қайдан келе жатырсың?

Дана:

– Сәлеметсіңдер ме! Мен қонақтан келе жатырмын. Сендерге көптеген осындай піспенанды сарқытқа алып келдім.

– Міне, менің сөмкем. Қап, қандай өкінішті, піспенаным үгітіліп қалыпты. Жерге шашылып қалды.

Педагог:

– Қап, әттеген-ай, Дана, піспенаның үгітіліп қалыпты. Сөмкеңде бүтін піспенан қалмапты.

– Балалар, Данаға піспенан пісіріп, көңілін көтерейікші.

1.2. Суретті көрсету.

Табақшада көп піспенан бар, біреуі қырына аударылып тұр, оюлары көрінеді.

Көркем сөз. Дина Ахметова. "Піспенан".
Піспенан ұннан азық,
Беті оның болса да жазық,
Толады түрлі оюларға,
Тәтті балдай балаларға.

Піспенанды илейді ұннан.
Пісіреді пеште, ол да нан.
Бауырсақтай ыстық жемейді оны,
Піспенанды суығанда жеген жақсы.
– Балалар, піспенан – нан өнімі, оны аяқ астына тастауға, жерге шашуға болмайды. Қайталаймыз.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу. "Піспенан"
Балаларға шеттері мен ортасы безендірілген дөңгелек пішіннің сұлбасы көрсетіледі. Дөңгелек бөлшектер әртүрлі бейнелермен әшекейленген.
Бөлшектер (жұлдызша, гүл, жапырақ, күн) бірнеше топтамалар болып ұсынылады.
– Балалар, мынау не? Иә. Бұл – піспенан.
– Піспенанның пішіндері неге ұқсайды? Иә. Олар дөңгелекке ұқсайды.
– Піспенанның қай жерлері безендірілген? Иә. Шеттері мен ортасы.
– Піспенанның шеттеріндегі дөңгелектер бір-біріне тиістіріліп жатыр ма? Жоқ. Оюлардың арасы ашық. Қайталаймыз. Жарайсыңдар.

2.2. Жапсыру амалдарын көрсету.
– Балалар, менің алдымда көптеген бір-біріне ұқсас және ұқсамайтын оюлардың бөлшектері бар. Біреуінде жұлдызша, біреуінде жапырақ, басқа біреуінде күн немесе гүл бар.
– Мен безендіруді шеттерден бастаймын. Мен жапырақтарды таңдаймын. Бірінші оюды үстіңгі шетке жапсырамын ... Екінші оюды төменге жапсырамын ... Үшінші оюды сол жаққа, төртіншіні оң жаққа.
– Міне, менде төрт ою жапсырылды.
– Енді мен гүлдерді аламын. Бір гүлден жапырақтардың араларына жапсырамын.
Уақытты үнемдеу мақсатында бөлшектерді алдын-ала желімдеп қою керек.
– Балалар, ал мынау (көрсету) – піспенанның ортасы. Ортасына күн оюын жапсырамын.
– Міне, менде піспенан бар. Сендер де Данаға піспенан пісіріп, әдемілеп безендіріп беріңдер.

2.3. Саусақ жаттығуы. "Дөңгелек".
Балалардың әрқайсысына қатты қалың қағаздан қиылған дөңгелек пішіндер бір-бірден үлестіріледі. Пішіндердің үстел басында алдын-ала жатқаны дұрыс.
Балаларға оларды қолына алу ұсынылады.
Дина Ахметова. "Дөңгелек".
Үстап тұрмын дөңгелек,
Пішіні оның дөңгелек.
Саусақтармен жүреміз,
Бұрыштарды іздеймін.

Бұрыштары жоқ екен,
Дөңгеленген доп екен,
Дөңгелек қой күн мен ай,
Айналады тоқтамай.
Балаларға дөңгелекті зерттету, шеттерімен жүргізу, үстел басында дөңгелетіп жүргізу.
Педагог өз дауысын барынша естілетіндей шығарып, көркем сөзді нақтылы, тартымды мәнерде айтуға міндетті.
2.4. Жапсыру амалдары тәртібін қайталау.
– Балалар, дөңгелек піспенанды безендіру үшін, оюларды қай жерлеріне жапсырамыз? Иә. Үстіне, төменге, солға, оңға, араларына, ортаға.

Көрсеткішпен көрсетіп тұру.
– Кім есіне сақтап қалды? Жарайсыңдар.
– Балалар, майлық не үшін керек? Желімді сүрту үшін. Тамаша.
– Жұмысты таза жасаймыз.
2.5. Өздік жұмыс.
Балалардың әрқайсысына дөңгелек қатты қағаз кескіні, ыдыста дөңгелек жинақтамалары ұсынылады. Дөңгелектерде жұлдызша, күн, жапырақ, гүл сияқты ою элементтері салынған.
Баланың әрқайсысы өзіне қажет ою үлгілерін таңдап, әдемілеп жапсырады.
Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға: "Сен не істеп отырсың?", "Оны қалай жасадың?", "Қайда орналастырдың?" сияқты сұрақтар қойылады.
Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптар алып отыру керек: "үстіге", "төменге", "солға", "оңға", "ортаға", "арасына".
Шығармашылық қабілеттері, желімді жағу сапасы, жұмысты таза орындау шарттары тексерілуі керек.
3. ҚОРЫТЫНДЫ
Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.
– Балалар, бүгін бізде қонақта кім болды?
– Дана бізге неге келді? Иә. Ол бізге піспенан әкелу үшін келді.
– Піспенанды неден илейді? Иә. Ұннан.
– Балалар сендердің піспенандарың бірдей ме? Неге?
– Оюлары әртүрлі. Сәния, сен оюларды қай жерлерге жапсырдың? Жарайсың.

Кейіпкемен қоштасу.

– Қараңдар, балалар, Дана сендердің піспенандарыңды сөмкесіне толтырып алыпты, сендерге де қалды.
Көмектерің үшін рақмет айтады. Осыдан бастап ол піспенанды жерге шашпайды. Адамның еңбегін қадірлеу керек. Қайталаймыз.
Дана:
– Балалар, сау болыңдар! – дейді.
– Балалар, сендер ұқыпты, шыдамды, зерек болдыңдар. Жұмыстарыңды таза орындап шықтыңдар. Жарайсыңдар! Оқу қызметі аяқталды. Демалайық.

Рефлексия. "Сарқыттан ауыз тиейік".
Дөңгелек пішінді піспенанмен шай ішу.

Тақырыбы: «Киімдер дүкені» ойыны

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға киім дүкеніндегі киім үлгілерінің атауларын пысықтау, сатушының қызметі жөнінде түсініктерін тиянақтау, дүкендегі сыпайылық ережелерін, маусымға сай киіну тәртібін түсіндіру. Балалардың "сатушы" мен "сатып алушы" рөлінде ойын желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, ересек арқылы шағын және топтық қарапайым қатынастарға түсу үлгілерін игерту, ойын шартын, желісін ұстану дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. Балаларды сыпайылыққа, ұқыптылыққа, еңбекті құрметтеу негіздеріне тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Белсенді сөздік қорға ойындағы сұрақ үлгілерін, өтінімді білдіретін сөздер мен фразаларды қолдануға үйрету, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Көңіл шеңбері, ғажайып сәт, көркем сөз, суретті көрсету, ойын-жаттығу, сергіту сәті, іс-тәжірибе жаттығуы, өздік ойын әрекеттері, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбалары.
Суреттер сериясы:
* екі ұзын жолда киімсіз ілгіштердің суреті;
* екі ұзын жолда ілгіштерде ілініп тұрған киімдердің суреті: көйлек, футболка, жейде, майка, белдемше, шалбар, свитер, тон, күртеше, бөкебай;
* "Киімдер дүкені" суреті.
Киім үлгілерінің заттық суреттері.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Киімдердің таңбалауыштары; қуыршақтар мен қол-аяқтары бар ойыншық жануарлар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. "Алақай! Көктем келді!" жаттығуы.
Жаттығуды балаларды алаңға шығарып, шеңберде жасату.
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.

– Алақай! Алақай! (шапалақтау)
Бізге келді көктем-ай! (алақандарды, саусақтарын жоғарыға қаратып, бұрмалау)
Аулаға шығайық, (саусақтарды еркін қимылдату)
Тамшыларға қарайық. (шапалақтау)

Тамшылар көп тамады, (саусақтармен тізеге қағу)
Шалшықтарға ағады. (алақандарды бос сілку)
Алақай! Алақай! (шапалақтау)
Бізге келді көктем-ай! (алақандарды, саусақтарын жоғарыға қаратып, бұрмалау)

– Жарайсыңдар, балалар!
– Орындарымызға отырайық.
Жаттығу сөздері балалар үшін таныс болуы керек, оқу қызметінен тыс уақытта қайталап жүруге болады.
Уақытты үнемдеу мақсатында, бірінші шумақ жолдарын оқып, жаттығуды аяқтауға болады.

1.2. Ғажайып сәт.
Балаларға бос киім ілгіштер көрсетіледі.

– Балалар, мынау нелер? Мынау – киім ілгіштер. Киім ілгіштер қай жерде керек? Мына заттарды қайдан көрдіңдер?
Екі ұзын жолда ілгіштерде киім үлгілерінің ілініп тұрғаны туралы сурет көрсетіледі.

– Балалар, сендер дұрыс таптыңдар. Мынау – киімдер.

Көркем сөз. Дина Ахметова. "Киімдер".
Келбетіміздің көркі – киімдер
Көптеген ілгіштерге ілінген.
Көйлек, шалбар, белдемше,
Свитер, жейде, күртеше.

Түстері алуан-алуан, тартымды,
Бірі ала-ала, көзге жағымды.
Бірі жеп-жеңіл, өте жұқа,
Бірі қалың, бірі ұзын, бірі қысқа.

– Жарайсыңдар, балалар, мынау "Киімдер дүкені".
– Біз "Киімдер дүкені" ойынын ойнаймыз. Дайынсыңдар ма?

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. "Таңбалауыштармен алмасайық?" ойын-жаттығуы.
Мақсаты. Сатушы мен сатып алушы араларында тауар алмасу жүйесін орнату, бірдей суреттерді табуға жаттықтыру.
Шарты. Көлемі бөлек, бірақ суреті бірдей суреттерді тауып, алмасу әрекетін жасау шарт.
Барысы.
Ойынды өткізуге киімдердің бірнеше түрлері қолданылады.
Қуыршақтарға киімдер немесе киімдердің суреттері ұсынылады.
Киімдердің сатылуын дәлелдейтін таңбалауыштардың жұптары қолданылады: көйлек, футболка, жейде, майка, белдемше, шалбар, свитер, тон, күртеше, бөкебай,

– Балалар, мына дүкенде қандай ойыншықтар сатылады? Жарайсыңдар.
Балалар жауаптарын айтады.
– Балалар, қазір біз таңбалауыштармен ойнаймыз. Ол үшін барлықтарың мына үстелде жатқан таңбалауыштардың бірін таңдап аласыңдар.
– Барлығың да қолдағы таңбалауыштарды биік ұстап, белгі бойынша алаңға шығып, дәл сондай таңбалауышы бар баланы тауып аласыңдар.
– Егер таңбалауыштарың бірдей болса, қол ұстасып тоқтап тұрасыңдар.
Үстелде әрбір суреттің екі данасы, өзге таңбалауыштармен арыластырылып жатады.
Ойын уақыт жеткілікті болса, тағы да ойнатылады.
– Балалар, жұптарыңды көрсетіңдер. Жарайсыңдар.
– Қараңдар, сендер таңбалауыштармен алмасып, бір-біріңнен сатып алдыңдар.

2.2. Ойынды іске асыру.
"Не үшін керек?" іс-тәжірибе жаттығуы.
Балалар орындарына отырғызылады, алдарына киімдердің бірнеше түрлері ұсынылады.
– Балалар, бүгін мен сатушы болайын. Сендер менің алдыма келіп, не қалайтындарыңды және не не үшін керектігін айтасыңдар.
Қалаған балалардың бірін шақыру.
– Сәлеметсіз бе! Замира, қандай киімді қалайсыз? ("Көйлек керек").
– Зарина айта ғой: "Сәлеметсіз бе, маған көйлек керек".
– Сізде көйлектің таңбалауышы бар ма? ("Бар").
– Міне, Сіздің көйлегіңіз. Көйлекті алғаныңыз үшін рақмет! Сау болыңыз!

Балалармен бірнеше диалог үлгілері ұйымдастырылады.
– Жарайсыңдар, менен өте көп киімдерді сатып алдыңдар!

2.3. Сергіту сәті. Дина Ахметова. "Көңілді балалар".

– Біз көңілді балалар,
Тұрамыз қатар-қатар,
Көтереміз иықты,
Бақылаймыз жан-жақты.
Жүріп-жүріп асықпай,
Тез өсеміз, алақай!
Балалар педагогтің көрсеткен қимылдарын әуен ырғағына сай жасайды.

2.4. Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Киімдер дүкені".
Балалар үшін бірнеше дүкендер бұрыштары ұйымдастырылады.
Балалардың бір-екеуі сатушы болып шығады.
Киімдер үлгілерінің топтамалары жеткілікті болуы тиіс.
Балалардың өзара диалогтары мен ойындар желісінің басталуын, ары қарай жалғастырылуын қамтамасыз ету үшін, педагог балаларды аралап, қосымша сұрақтар қойып жатады.
Сұрақтар әдептілік ережелерін, әрекеттер сипатын, ойын жүйесін реттеу үшін қолданылады.
Сұрақтардың үлгілері мына сияқты болады: "Сатып алушыдан киімді қалай сұрайсың?", "Мына киім саған не үшін керек?", "Киімді неге ауыстырасың?", "Сатып алушыға не дейміз?"
Балаларға киіндіруге қуыршақтар мен қол-аяқтары бар ойыншық жануарлар ұсынылады.
"Сатушының" алдына "сатып алушы" болып та баруға болады.
Ойын аяқталған жағдайда, киімдер мен ойыншықтарды орнына салып, жинауды бақылау керек.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау, оқу қызметін пысықтау.
– Балалар, біз бүгін қандай ойынды ойнадық? Жарайсыңдар.
– Нені сатып алдыңдар?
Бірнеше баланың жауабын тыңдау.
– Балалар, қараңдаршы, сендер қаншама қуыршақтарға киімдер сатып алдыңдар. Үйде және далаға киетін киімдер екен.
– Балалар, бүгін сендер ұқыпты, әдепті болдыңдар. Жарайсыңдар. Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Тақырыбы: Ғарыш аспаны әдемі

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға ғарыш туралы жалпы мағлұматтар беру, ғарыштағы денелер мен бейнелердің сыртқы келбеттерінің айырмашылықтарын түсіндіру. Ермексазбен белгілі мүсіндеу тәсілдерін қолданып, ғарыштағы бейнелер мен денелерді жазықтың бетіне орналастыру техникаларын жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, ой-қиял, түйсік, танымдық қызығушылықтарын дамыту. Балалардың байқағыштық пен ізденімпаздық негіздерін қалыптастыру, ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөздік қорды "ғарыш аспаны", "таяқшаны есемін", "дөңгелектеймін", "ізіне жапсырамын" сияқты сөздер арқылы жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, бейнероликті көрсету, суретті көрсету, көркем сөз, үлгіні зерттеу, техникалар амалдарын көрсету, саусақ жаттығуы, ауада жаттығу, өздік жұмыс, мақтау, оқу қызметін пысықтау, рефлексия.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Ғарыш әлемін білдіретін әуенжазбасы.

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.

Бейнеролик немесе сурет: ғарыштың белгілі көрінісі; ала дақтары бар планеталар ұшып барады, жұлдыздар жымыңдап тұр, ұсақ жұлдыздар нүктедей ғана, күн жұлдызы жарқырап тұр.

Көрсеткіш.

Ғарыш денелерінің жеке сызбалы суреттері: екі түрлі планета, бір-екі әртүрлі жұлдыздар, күн жұлдызы.

Ғарыш аспанын білдіретін сурет негізі: ғарыш денелері балалар санына сай маркермен сызбалы түрде салынған. Денелер сызбалары түрлі оюлармен безендірілген (сызықтар, нүктелер, дөңгелектер, толқындар).

Ермексаз жинақтамасы, тақтайша, майлық.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Ермексаз жинақтамалары, тақтайшалар, майлықтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Аудиожазбаны тыңдау.

Ғарыш әлемін білдіретін әуенжазбасы қосылады.

– Балалар, естіп отырсыңдар ма? Бұл не? Бұндай дыбыстарды біз әлі де естемегенбіз ...

– Бұл ертегі ме? Бұл көңілді ойындар ма?

Бейнероликті немесе суретті көрсету.

Ғарыштың белгілі көрінісі көрсетіледі. Ала дақтары бар планеталар ұшып барады, жұлдыздар жымыңдап жатыр, ұсақ жұлдыздар нүктедей ғана, күн жұлдызы жарқырап тұр.

1.2. Көркем сөз. Дина Ахметова. "Қараңғы аспан, ғарыш ...".

Қараңғы аспан, ғарыш,
Ғарышта дыбыс жоқ, тыныш.
Ғарыштың түні суық,
Мың жұлдыздар қалса туып.

Ғарышта планеталар ұшады,
Жұлдыздар жымың-жымың жанады.
Ғарыш аспаны ештеңеге ұқсамайды,
Ұқсамаса да, өзіне баурайды.

Кіріспе әңгімелесу.

– Балалар, бұл әлемді біз не деп айтамыз? Бұл – ғарыш. Жарайсыңдар. Адамдар оны "ғарыш аспаны" деп те айта береді.

– Сәлимә, мына ғарыш аспанында сен нені танып отырсың? Жарайсың. Ғарышта жұлдыздар бар. Қайтала, Ержан.

– Күләш, тағы да нені таныдың? Иә. Күн жарқырап тұр. Қайтала, Зере.
– Ақиқат, ал мына дөңгелек ала дақтары бар заттар нелер? Бұл біздің жеріміз сияқты планеталар. Планеталар. Қайталаймыз. Жарайсыңдар.
– Балалар, ғарыш аспаны өте алыс. Ғарышты зерттеу керек. Ғарышты зерттейтін адамдар ғарышкерлер деп аталады. Қайталаймыз.
– Біреулерің ғарышкер болғыларың келе ме?
– Балалар, сендер өскенде ғарышқа ұша аласыңдар.
– Бүгін біз ғарыштың суретін салып көрейік. Бірақ қылқалам немесе қарындашпен емес, ермексазбен саламыз. Ермексазбен сурет салуға дайынсыңдар ма? Ендеше бастаймыз.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу.
Балалардың алдына бірнеше ғарыш денелерінің жеке сызбалы суреттері көрсетіледі: планета, жұлдыз, күн.
– Балалар, мына ғарыш денелерін тануға болады. Бұлар нелер? Кім біледі? Иә. Жұлдыз, планета, күн. Жарайсыңдар.

Көрсеткішпен көрсетіп отыру.
– Қажымұрат, планета нені жапсыру арқылы жасалған? Иә. Мынау жалпақ дөңгелектер. Қайталаймыз.
– Асқат, ал жұлдыздар қалай жасалған? Иә. Таяқшаларды айқастыра жапсырған. Тамаша.
– Күн ше? Иә. Дөңгелектер пен таяқшалар. Жарайсыңдар.

2.2. Техникалар амалдарын көрсету.
Балалардың алдына үлкен қағаз бетінде балалар санына сай ғарыш денелерінің бейнелері көрсетіледі. Денелер маркермен салынып, әдемі безендірілген (сызықтар, нүктелер, дөңгелектер, толқындар).

– Балалар, жұлдыздар мен күн сәулелерін жапсыру үшін ермексазды есіп, таяқшаларды сызықтарға жапсырамын.
– Планеталардың ішін безендіру үшін, күнді жасау үшін ермексазды дөңглекектеп, әдемілеп жапсырамын.
– Балалар, менің күшім бүкіл денелерді безендіру үшін жетпейді, сондықтан барлығымыз жабылып, денелерді безендіріп, мына ғарыш аспанын бірге салайық.
2.3. Саусақ жаттығуы. "Зымыран боламыз".
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.
Қане, зымыран боламыз,
Қолдарымызды қосамыз, (алақандарды қосу)
Саусақтарды тік ұстап,
Жұлдыздай ұшып барамыз. (орнынан қосылған күйінде жоғары көтеру)
Көркем сөз жолдары және жаттығуларды орындау тәртібі, оқу қызметінен тыс уақытта өткізіліп, балалар үшін таныс болуы тиіс.
Балалар қимылдарды педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай жасап, сөздерді шамаларына қарай қайталайды.
Саусақ жаттығуы кезінде педагог өз дауысын барынша естілетіндей шығарып, көркем сөзді нақтылы, тартымды мәнерде айтуға міндетті.
Сөздерді әндетіп айтып отыру балалар үшін өте қызықты.
2.4. Ауада жаттығу.
– Балалар, таяқшаларды қалай есеміз? Көрсетейік. Жақсы.
– Қалай дөңгелектейміз? Көрсетейік. Жарайсыңдар.
– Балалар, жұмысымыз біткенде, не істейміз? Иә. Саусақтарды, тақтайшаны майлықпен сүртеміз. Жарайсыңдар.
– Балалар, ғарыш аспанын безендіргенде бір-бірімізді итермей жүреміз.
2.5. Өздік жұмыс.
Балалардың алдында балалар санына сай ғарыш объектілерінің сызбалары салынған қағаз беті

ілінеді.
Балалардың әрқайсысы өздеріне ұнайтын балықты таңдап, әдемілеп безендіреді.
Педагог балаларға жұмысты үздіксіз тізбекте жасату мақсатында жылдам істейтін балаларды қағаздың алдына, салмақты балаларды ермексазбен техникаларды жетілдіруге бөліп отырады.
Содан соң, балалар топтары өзара орындарын алмастырып жүреді.
Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға: "Сен не істеп отырсың?", "Оны қалай жасадың?", "Қайда орналастырдың?" сияқты сұрақтар қойылады.
Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптар алып отыру керек: "ғарыш аспаны", "таяқшаны есемін", "дөңгелектеймін", "ізіне жапсырамын".
Шығармашылық жұмыс аяқталғанда балаларға саусақтарын, өз орнын майлықпен сүрту әдебін айтып отыру шарт.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Жасалған мүсін үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

– Алақай! Біздің суретіміз жарқырап тұр. Балалар, неге жарқырап тұр?
– Иә, біз жұлдыздарды, планеталарды, күнді салдық. Жарайсың, Әлихан.
– Тахмина (Сымбат, Әлия), сен нені салдың? Немен безендірдің? Жарайсың!
– Темірбек, сен ғарыш денелерін қарындашпен безендірдің бе? Қылқаламмен бе? Ермексазбен безендірдің. Жарайсың.
– Балалар, ғарышта өте тыныш және суық, сондықтан ғарышкерлер ғарышта шуламайды, жылы скафандр киім ұшады, зерттеулер жасайды.
– Бүгін, балалар, сендер шығармашыл, ізденімпаз болдыңдар. Оқу қызметі аяқталды. Қазір тыныш отырып, әдемі әуенді тыңдап көрейік.

Рефлексия. "Ғарыш әуенін" тыңдау, біраз уақыт тыныштықта отыру.

Тақырыбы: «Жиһаздар дүкені» ойыны

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға жиһаз дүкеніндегі жиһаз түрлерінің атауларын, қажеттерін пысықтау, сатушының қызметі жөнінде түсініктерін тиянақтау, дүкендегі сыпайылық ережелерін түсіндіру. Балалардың "сатушы" мен "сатып алушы" рөлінде ойын желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, ойын шартын, желісін ұстану дағдыларын қалыптастыру, өз қалауын сөзбен жеткізу қабелітен қалыптастыру, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. Балаларды ұқыптылыққа, сыпайылыққа, тәртіптілікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Белсенді сөздік қорды, жиһаз түрлерінің атауларын айтқызып, жетілдіру, өтінімді білдіретін сөздер мен фразаларды қолдануға үйрету, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Бейнеорликті көрсету, суретті көрсету, көркем сөз, ойын-жаттығу, сергіту сәті, өздік ойын әрекеттері, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Зәулім үйдің салынып жатқаны туралы бейнеролик.
Іші бос пәтердің суреті.
"Жиһаз" дүкенінің суреті.
Заттық суреттер: диван, үстел, орындық, шкаф, төсек, кресло, теледидар, шәйнек.
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.
"Жиһаз дүкені" жазуы.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Жиһаздардың таңбалауыштары қолданылады, үстелде араластырылып жатады.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Бейнероликті көрсету.
Зәулім үйдің салынып жатқаны туралы бейнеролик көрсетіледі.

– Балалар, қараңдар! Мында не болып жатыр? Иә. Үй салынып жатыр. Жарайсыңдар.

Суретті көрсету.
Іші бос пәтердің суреті көрсетіледі.

– Балалар, үй салынады, бірақ іші бос болады.
– Бұнда не жетіспейді?
– Иә. Жиһаздар жетіспейді.

1.2. Көркем сөз. Дина Ахметова. "Пәтер".
Пәтердің іші бос болса,
Жиһаздарға толтырамыз.
Отыратын жер болса,
Қонақтарды шақырамыз.
– Пәтерлерді немен толтырамыз?
– Иә. Жиһазбен толтырамыз.
– Жиһазды қайдан алуға болады?

Суретті көрсету.
"Жиһаз" дүкенінің суреті көрсетіледі.

– Балалар, біз бүгін "Жиһаз дүкені" ойынын ойнаймыз.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. "Жиһаздар не үшін қажет?" ойын-жаттығуы.

Мақсаты. Балаларға жиһаздар түрлерін пысықтау, олардың қажетін анықтау.
Шарты. Кез келген жиһазды атап, оның қажетін қарапайым түрде түсіндіру шарт.
Барысы.
Балалар жиһаздар түрлерін атап, қажетін түсіндіреді.
Ол үшін жиһаз түрлерінің заттық суреттері де қолданылады: диван, үстел, орындық, шкаф, төсек, кресло, теледидар, шәйнек.
Соңғы екі суретті балалар түсіндіру барысында топтан бөлек алып тастайды, жиһазға жатпайтындарын анықтайды.

Балалар кезекпен шақырылады.
– Мынау – төсек. Төсек үстіне жатып ұйықтау үшін керек. Төсек жатын бөлмеге қойылады.
– Мынау – диван (кресло). Диван адам отыру үшін керек. Диван қонақ үйге қойылады.
– Мынау – үстел. Үстел тағамдарды қою үшін керек. Үстел қонақ үйге, асүйге қойылады.
– Мынау – шкаф. Шкаф киімдерді салу үшін керек. Шкаф кіре беріске, жатын бөлмеге қойылады.
– Жарайсыңдар, балалар.

2.2. "Біз әдепті баламыз" сергіту сәті.

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.

Педагогтің қимылдарды көрсету және сөздерді айту тәртібі нақтылы болуы тиіс, қимылдар әуен ырғағына сай жасалады.
– Балалар, ойынды ойнағаннан кейін, үйде шашып тастауға бола ма? Үйді таза ұстау керек. Әдепті бала болу керек.
– Біз – әдепті баламыз, (алақандарды бұрмалау, тізені сәл бүгіп тұру)
Үйді шашпай ойнаймыз. (алдыда, артта шапалақтар жасау)
Әткеншектей – теңселеміз, (бүкіл денемен теңселу оңға-солға)
Жалауларды көтереміз. (қолдарды жоғары көтеріп, бұлғап)
Ойыншықтарды тереміз, (тізе бүгіп отыру, саусақтармен кілемді соққылау)
Сөрелерге тіземіз. (екі қолды бүгіп, бірінің үстіне бірін салу, шайқалу, аяқ түзу)
Біз – әдепті баламыз, (алақандарды бұрмалау, тізені сәл бүгіп тұру)
Үйді шашпай ойнаймыз. (алдыда, артта шапалақтар жасау)
Жаттығу балалар үшін таныс болуы керек, сонда балаларды ұйымдастыруға қосымша уақыттың қажеті болмайды.
Жаттығу оқу қызметінен тыс уақытта өткізіледі.

2.3. Ойынды іске асыру.

"Сізге не керек?" іс-тәжірибе жаттығуы.
Балалардың жастары кішкентай болуына байланысты, жиһаз сатушысының рөлін алғашында педагог өзі атқарады.
Жиһаздардың таңбалауыштары қолданылады, үстелде араластырылып жатады.

– Балалар, мен сатушымын.
– Мына үстелде бірнеше жиһаздың таңбалауыш-суреттері араласып жатыр, өздеріңе ұнайтын таңбалауыштарды алып, орындарыңа отырып, мұқият тыңдаңдар.
– Менің алдыма, дүкенге келгенде, мына сұрақты қоямын: "Сәлеметсіз бе! Сізге не керек? Не үшін керек?
– Сендер өз таңбалауыштарыңа қарап, айтасыңдар: "Сәлеметсізбе! Маған үстел керек. Үстелге тағам қоямын!"

– Балалар, өздеріңе жиһаздарыңды не үшін керек екенін айтып, таңбалауышты көрсеткенде, мен сендерге жиһазды сатамын.
Педагогтің қолында жиһаздың жұпты таңбалауыштары немесе суреттері көп болуы тиіс. Кейбір балалар жанындағы балалардың таңдауына еріп, бірдей жиһазды қалауы мүмкін.
Тілдері жетілмеген балалардан жиһаздың не үшін керектігін сұрау қажет емес. Бала не керегін айтып берсе, бұл да нәтиже болып саналады.

2.4. Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Жиһаз дүкені".
Балалар үшін бір-екі дүкендер бұрыштары ұйымдастырылады.
Балалардың бір-екеуі сатушы болып шығады.
Киімдер үлгілерінің топтамалары жеткілікті болуы тиіс.
Балалардың өзара диалогтары мен ойындар желісінің басталуын, ары қарай жалғастырылуын қамтамасыз ету үшін, педагог қосымша сұрақтар қойып жатады.
Сұрақтар әдептілік ережелерін, әрекеттер сипатын, ойын жүйесін реттеу үшін қолданылады.
Сұрақтар үлгілері мына сияқты болады: "Сатушыға не дейсің?", "Мына жиһаз не үшін керек?", "Таңбалауышыңда қандай сурет бар?"
"Сатушының" алдына "сатып алушы" болып та баруға болады.
Ойын аяқталғанда заттарды, ойыншықтарды орнына салып, жинауды бақылау керек.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау, оқу қызметін пысықтау.
– Балалар, біз бүгін қандай ойынды ойнадық? Жарайсыңдар.
– Нені сатып алдыңдар?
Бірнеше баланың жауабын тыңдау.
– Балалар, бүгін сендер ұқыпты, әдепті болдыңдар. Үйлерің жиһазға толады, қонақты шақыруға болады. Жарайсыңдар. Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Тақырыбы: Үш аюдың шелектері

Оқу қызметінің мақсаты

Заттардың өлшем қасиеттеріне сүйеніп, үлкеннен кішкентайға қарай бір бағытта қатар орналастыруға үйрету; кескіндердің шеттерін желімдеу техникасын жетілдіру; ойлау, танымдық қызығушылықтар қабілеттерін арттыру, зейінді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Балалардың адам мен табиғат тіршілігінде болып жатқан өзгерістерге деген зеректігін, байқағыштығын қалыптастыру; еңбекқорлыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөздік қорды "үлкен шелек", "орташа шелек", "кішкентай шелек", "майлықпен басамын" сияқты сөздер арқылы жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, суретті көрсету, көркем сөз, үлгіні зерттеу, техникалар амалдарын көрсету, саусақ жаттығуы, жапсыру амалдары тәртібін қайталау, өздік жұмыс, мақтау, оқу қызметін пысықтау, рефлексия.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Аюлардың аяқтарын баяу басқандарын білдіретін әуенжазбасы.
Ырғақты, тепі орташа әуенжазбасы.
"Үш аю" ертегісінен үш кейіпкердің суреті.
Көрсеткіш.
Көлемі үш түрлі (солдан оңға қарай – үлкен, орташа, кішкентай) бір қатарға тізіліп жапсырылған үш шелектің үлгілері. Әрбір шелек бөшке, гүл және көбелек белгісімен безендірілген.
Төменде түзу сызық салынған көлденең жатқан қағаздың беті.
Ыдыста үш көлемді және үш түсті шелектердің кескіндері, шелектердің үстілеріне жапсырылатын белгі-суреттер.
Жапсыруға қажетті құралдар: ыдыста желім, қылқалам, қылқаламға тіреуше, жайма (төсеніш), майлық (сүлгі).

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Төменде түзу сызық салынған көлденең жатқан қағаз беттері.
Ыдыста үш көлемді және үш түсті шелектердің кескіндері, шелектердің үстілеріне жапсырылатын белгі-суреттер.
Жапсыруға қажетті құралдар: ыдыста желімдер, қылқаламдар, қылқаламға тіреушелер, жаймалар (төсеніш), майлықтар (сүлгі).

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Аудиожазбаны тыңдау.

Аюлардың аяқтарын баяу басқандарын білдіретін әуенжазбасы естіледі.
– Балалар, тыңдап отырсаңдар, бізге бүгін қонаққа біреу келе жатқан сияқты.

Суретті көрсету.

"Үш аю" ертегісінен үш кейіпкердің суреті көрсетіледі.

– Бұл кейіпкерлерді кім танып қойды?
– Әрине, бұл үш аю.
– Үш аю қандай ертегіден келіп тұрғанын білесіңдер ме? Иә. "Үш аю" ертегісі.
– Балалар, аюлар бізге нені айтқысы келеді екен? Тыңдап көрейік.

1.2. Көркем сөз. Дина Ахметова. "Үш шелек".

Біз үш аюмыз,
Орманда жүрміз.
Көктем келді деп, оянып едік,
Әлі де тәтті бал жемедік.

Аралар гүлден бал жинау керек,
Суарылмай тұр гүл мен желек.

Біз адамға көмектесейік,
Бізге керегі үш шелек.

Кіріспе әңгімелесу.

– Сәлеметсіңдер ме, аюлар!
– Біздің балалар кішкентай болса да, шелектерді жасап беруге дайын. Иә, ғой, балалар?
– Балалар, аюлардың денелері бірдей ме? Бірдей емес.
– Мына үлкені – әке аю.
– Мына орташасы – ана аю.
– Мына кішкентайы – қонжық.
– Самат, қайтала. Жарайсың.
– Осы үш аюға үш: үлкен, орташа, кішкентай шелектерді жасап берейік.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу.

Балаларға көлемі үш түрлі (солдан оңға қарай – үлкен, орташа, кішкентай) бір қатарға тізіп жапсырылған үш шелектің үлгісі көрсетіледі. Әрбір шелек бөшке, гүл және көбелек белгісімен безендірілген.
– Балалар, мына суретте нені көріп отырсыңдар? Иә, бұл – шелектер.
– Шелектер бірдей ме? Балалар, шелектердің көлемдері қандай? Жақсы, үлкен, орташа, кішкентай. (Көрсеткішпен көрсетіп отыру)
– Балалар, шелектер бір-біріне тағы да несімен ұқсамайды?
– Иә. Үлкен – күлгін, орташа – сары, кішкентай – қызыл.
– Бибігүл, сен тағы да ұқсамайтын белгілерді таптың ба? Иә. Суреттері ұқсамайды. Жарайсың.

2.2. Жапсыру амалдарын көрсету.

Балаларға көлденең жатқан қағаз беті көрсетіледі. Қағаздың төменгі жағына түзу сызық салынған. Жапсыру жұмыстарына ыдыста үш көлемді және үш түсті шелектердің кескіндері, шелектердің үстілеріне жапсырылатын белгі-суреттер қажет.
– Балалар, мына сызық біз үшін жердің беті болады.
– Мен ең үлкен, күлгін шелектің кескінін алып, жаймаға аударамын, қылқаламмен желімді шеттерінің бойымен жағамын. Егер желім бітіп қалса, қылқаламға қайта толтырамын да кескінге жағамын. Қылқаламды тіреушеге қоямын. Саусақтың ұштарымен алып, қағаздың сол жақ бетіне аударып салып, әдемідеп жапсырамын.
– Балалар, мен үлкен, күлгін түсті шелекке бөшкені жапсырамын. Үстінен майлықпен басып, шетіне артық шыққан желімді сүртемін.
– Жапсыру кезегі кішкентай әлде орташа шелекте ме? Жарайсың Асқар, орташада.
Уақытты үнемдеу мақсатында ортаңғы шелектің де, дайын екі шелектің жапсырылған үлгісі көрсетіледі.
– Балалар, соңында кішкентай шелекті жапсыру кезегі келді.
Уақытты үнемдеу мақсатында бастапқы үлгіні көрсетуге болады.
– Балалар, міне, үш аюға үш шелек дайын. Енді сендердің кезектерің келді.

2.3. Саусақ жаттығуы. "Желектер".

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.
Желде тұрған желектер (алақандарды ашып, саусақтарды тікірейту)
Діңгекпенен теңселер, (қолдарды шынтаққа қойып, шайқау)
Бұталарды шайқайды, (қолдарымен оң-солға бұлғау)
Жапырақпен ойнайды. (саусақтарымен жыбырлату)
Балалар қимылдарды педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай жасайды.
Педагог өз дауысын барынша естілетіндей шығарып, көркем сөзді нақтылы, тартымды мәнерде айтуға міндетті.
Көркем сөз жолдары және жаттығуларды орындау тәртібі, оқу қызметінен тыс уақытта өткізіліп, балалар үшін таныс болуы тиіс.

2.4. Жапсыру амалдары тәртібін қайталау.

– Балалар, жапсыруды қандай шелектен бастаймыз? Үлкен шелектен. Жақсы.
– Үлкен шелекті қағазды қай жағына жапсырамыз? Сол жаққа жапсырамыз. Жарайсыңдар.
– Ал, мына сызық не үшін керек? Иә. Ол жердің беті, сол сызықтың үстінен жапсырамыз.

Ұмытпаңдар.
– Қылқаламды қайда қоямыз? Иә. Тіреушеге. Жақсы.
– Майлық не үшін керек? Желімді сүрту үшін. Тамаша.

2.5. Өздік жұмыс.

Балалардың әрқайсысына төменде түзу сызық салынған ақ қағаз беті беріледі.
Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға: "Сен не істеп отырсың?", "Оны қалай жасадың?", "Қайда орналастырдың?" сияқты сұрақтар қойылады.
Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптар алып отыру керек: "үлкен шелек", "орташа шелек", "кішкентай шелек", "майлықпен басамын".
Шығармашылық жұмыс аяқталғанда балаларға жұмысты таза жасау әдебін айтып отыру шарт.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

– Балалар, сендер бүгін көп жұмыс жасадыңдар. Қандай жұмыс екен? Иә. Шелектерді жапсырдыңдар.
– Томирис, сен қанша шелек жапсырдың? Үш шелек. Тамаша.
– Серік, сенде шелектер бірдей болды ма? Қандай? Жарайсың.
– Балалар, аюлар алқапқа шығып желектер мен гүлдерге көп су құйып, баптап күтті. Енді еңбек еткен жерде не болды екенін көрейікші.

Бейнероилкті көрсету.

"Гүлденген дала" атты бейнеролик көрсетіледі. Ағаштар гүлдеп тұр. Бал арасы құлпырып тұрған гүлдерден нәр жинап жүр.
– Көрдіңдер ме? Сендердің еңбектерің ақталды. Сендер бүгін тиянақты, еңбекқор болдыңдар. Жарайсыңдар. Рақмет! Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Тақырыбы: «Жанармай құю станциясы» ойыны

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға жанармай құятын орынның қызметі туралы мағлұмат беру, автомай, жанармай құйғыш қызметімен жалпы түрде таныстыру, жол жүру ережелерін пысықтау. Балалардың "Жанармай құю" ойынында ересек арқылы қарапайым қатынастарды атқару үлгілерін игерту, ойын шартын ұстану дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлау, ой-қиял қабілетін дамыту. Балаларды әдептілікке, еңбекті құрметтеу негіздеріне тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

"Жанармай", "автомай", "жанармай құйғыш" сөздерінің мағынасын түсіндіру, белсенді сөздік қорға "талонды көрсетіңіз", "Сізге не керек?", "рақмет", "сау болыңыз" сияқты сөздер мен фразаларды пысықтау, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Бейнероликті көрсету, көркем сөз, аудиожазбаны тыңдау, сурет бойынша әңгімелесу, ойын-жаттығу, іс-тәжірибе жаттығуы, сергіту сәті, өздік ойын әрекеттері, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

"Жүргізуші" бейнеролигінің үзінідісі.
Машинаның жанармайы бітіп бара жатқанын білдіретін әуенжазбасы.
Жанармай құю стансасының суреті.
Заттық суреттер: жанармай құюшы, жанармай стансасы, цистерналар, жанармай тасымалдаушы машина, жанармай құю орны және шлангі, жанармай құю талондары (1 литр, 2 литр, 3 литр, т.б), қолғаптар, етік, кепкі, киімнің бір-екі таңбалауыштары, фонендоскоп, ақ халат, шприц.
Рөл, жанармай құюшының атрибутты киімдері, "Жанармай құю стансасы" жазуы.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Талондар-таңбалауыштар, машина рөлдері.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Бейнероликті көрсету.
"Жүргізуші" бейнеролигінің үзінідісін көрсету (8-10сек).

Көркем сөз. Дина Ахметова. "Алдымызда жол жатыр".
– Балалар, біз алыс жолға саяхатқа барамыз.

Алдымызда жол жатыр,
Жасыл орман, көкшіл шатыр,
Жан-жағымыз гүлге толып,
Артымызда қалып жатыр.

Машинаға міндік,
Көп жер көріп, білдік.
Гуілдетіп, гуілдетіп,
Көп ойнадық, көп күлдік.

Аудиожазбаны тыңдау.
Машинаның жанармайы бітіп бара жатқанын білдіретін әуенжазбасы көрсетіледі.

– Балалар, естіп отырсыңдар ма? Біздің моторымызда жанармай бітіп қалды!
– Не істейміз?

1.2. Сурет бойынша әңгімелеу.
Жанармай құю стансасының суретін көрсету.

– Таптым! Біз "Жанармай құю" стансасына барайық. Бұл жерде жанармай мен автомай өте көп.
– Жанармай стансасында не бар екенін көрсетейін.
– Мынау – жанармай құю стансасы. Мынау үп-үлкенболған заттар жанармай цистерналары. Бұнда жанармай өте көп. Мынау – жанармай құюшы. Машиналар жанармай құятын жерге жақын келеді. Жанармай құюшы шлангтен машинаға жанармай құяды.
– "Жанармай құю" ойынын ойнайық.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. "Ойынға қажеттіні таңдайық" ойын-жаттығуы.
Мақсаты. Жанармай құю стансасына қажет құралдар мен атрибуттарды өзге заттардың арасынан бөліп алуға үйрету.
Шарты. Жанармай стансасында қажет құралдарды, атрибуттарды атап, қажетін айту шарт.
Барысы.
Ойынды өткізгенде құралдардың ойыншық және жасанды нысандары қолданылады.
Заттық суреттер: жанармай құюшы, жанармай стансасы, цистерналар, жанармай тасымалдаушы машина, жанармай құю орны және шлангі, жанармай құю талондары (1 литр, 2 литр, 3 литр, т.б.), қолғаптар, етік, кепкі, киімнің бір-екі таңбалауыштары, фонендоскоп, ақ халат, шприц.

– Балалар, біз, "Жанармай" ойынын ойнамас бұрын, осы ойында қандай құралдарды қолдану қажетін анықтап алайық.
– Ол үшін мен паннода тізіп қойған суреттер арасынан артық суреттерді алып тастаймын. Ойынға қажеті бар суреттерді ғана алып қалайық.
Тақтаға өздері қалаған балалар шақырылады, ойынға қажеті жоқ суретті тауып, алып тастайды.
– Балалар, мына суреттерді неге ойынға қоспаймыз? Иә. Бұл суреттер "Дәрігер" ойынына қажет суреттер. Жарайсыңдар.

2.2. Ойынды іске асыру.
"Қанша жанармай құю керек?" іс-тәжірибе жаттығуы.
Балалардың жастары кішкентай болуына байланысты, жанармайды құюшы рөлін алғашында педагог өзі атқарады.
Жанармай құюшының киімін киіп, жасанды қорапшаға жалғанған шлангті қолында ұстайды.
Жарты шеңберде отырған балаларға ойын тәртібі түсіндіріледі.
– Балалар, ойын тәртібі бойынша сендер машинаның рөлін бұрап жүргізіп, жанармай құюшының алдына келесіңдер. "Сәлеметсіз бе! Маған, 1 литр жанармай керек! - деп айтып, талонды бересіңдер. Мен, "жанармай құюшы" сонша жанармай құямын. Келістік пе? Бастаймыз!
Балалардың әрқайсысына қорапта жатқан рөлдер және үстел үстінде жанармай құю үшін талондар түрлері ұсынылады.
Талон-таңбалауыштар топтамалары, мысалы: 1-литр, 2-литр, 3-литр, 4-литр, 5-литр, 10-литр, 20 литр.

– Балалар, әрқайсың өздеріңе бір рөлді алып, ұнайтын талонның бірін таңдап алып, қатарға тұрыңдар.
– Ай-ай! Жанармайларың бітіп барады! Қанекей, кімге жанармай керек?! Машиналарыңды айдап, алып келіңдер!
– Ержан, не дейсің?
– Салтанат, саған не керек?
– Керім, талоның бар ма? Қанша литр керек?
Осы сияқты тәртіпте балалармен ойын ойнатылады.

– Балалардың барлығы жанармайды құйғаннан кейін, педагог сапарға шығуға болытындары туралы айтады.

2.3. Сергіту сәті. Дина Ахметова. "Рөлді қолға алайық".

– Рөлді қолға алайық.
"Дайыңсың ба?" деп сұрайық.
Дайын болсаң, көрейік,
Тура жолмен жүрейік.
Басып-басып аяқпен
Педальдарды кезекпен,
Бұрып-бұрып қолменен,
Танысайық жолменен.
Балалар педагогтің соңынан қимылдармен көрсетіп отырады.
Ырғақты, темпі орташа көңілді әуенжазбасы қосылады.

2.4. Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Жанармай құю" ойыны.
Балалар үшін бір-екі жерде бұрыштар ұйымдастырылады.
Балалардың бір-екеуіне "жанармай құюшы" киімі кигізіледі.
Балалардың өзара диалогтары мен ойындар желісінің басталуын, ары қарай жалғастырылуын қамтамасыз ету үшін педагог "жанармай құюшылардың" жанына тұрып, қосымша сұрақтар қойып жатады.
Сұрақтар әдептілік ережелерін, әрекеттер сипатын, ойын жүйесін реттеу үшін қолданылады.
Сұрақтардың үлгілері мына сияқты болады: "Жанармай құюшыға не дейсің?", "Саған қанша литр керек?", "Жанармай құюшы, Арыстан, жүргізушіге не айтасың?"
Жанармай құюшының" алдына жүргізушінің бірі болып та тұруға болады.
Балалардың барлығы "жанармай құйып" алғаннан кейін, біраз жан-жаққа қимылдап, жүргізуші болып жүруге мүмкіндік алады.
Мүмкіндік болса, балалар үшін бағдаршамды көрсетіп, қимылдарын реттеп отыруға болады.
Ойын аяқталған жағдайда заттарды, атрибуттарды орнына салып, жинау барысын бақылау керек.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау, оқу қызметін пысықтау.
– Балалар, біз бүгін қандай ойынды ойнадық? Жарайсыңдар.
– Балалар, сендер жанармай құю стансасына не үшін бардыңдар? Иә. Жанармай бітіп қалса, қайта құйып алуға болады. Жарайсың, Дастан.
Бірнеше баланың жауабын тыңдау.
– Балалар, бүгін "жанармай құюшы" болған балалар зерек болып, сыпайылық көрсетті.
Барлықтарың да уақытында жанармай құйып, керемет саяхатшы, жүргізуші болдыңдар.
Жарайсыңдар. Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Тақырыбы: Танк

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға Отан қорғаушылар туралы жалпы ұғым беру, әскери көліктер құрылысының негізгі ерекшелігімен таныстыру; танкінің дайын сызбаның сұлбасын ермексазбен басу амалдарын көрсету. Ермексазды есіп, дөңгелектеп дайын танкі сұлбасына жапсырып, толық қанды танк көлігін жасап шығару амалдарын игерту; қолдың ұсақ моторикасын, қағаз бетін бағдарлау қабілеттерін, көз мөлшерін дамыту, ақыл-ой мүмкіндіктерін жетілдіру. Балалардың Отанға деген сүйіспеншілік негіздерін қалыптастыру, зеректікке, төзімділікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Балаларға "жалпақтаймын", "шынжыр", "дөңгелектер", "басы", "аузы" сияқты сөздерді айтқызып, тілдің белсенді сөздік қорын жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Ғажайып сәт, бейнероликті көрсету, суретті көрсету, кіріспе әңгімелесу, үлгіні зерттеу, мүсіндеу тәсілдерін көрсету, саусақ жаттығуы, ауада жаттығу, өздік жұмыс, мақтау, оқу қызметін пысықтау, кейіпкермен қоштасу.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Ақтөстің суреті.
Бейнеролик. "Ақтөс ізбен жүр".
Әскери көліктің жерде қалдырған жолақ іздерінің суреті.
Қатты қағазға салынған танкінің қарапайым, аяқталмаған сызбасы.
Танкінің суреті.
Шегірткенің суреті.
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.
Көрсеткіш.
Ермексаз жинақтамасы, тақтайша, майлық.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Қатты қағазға салынған танкінің қарапайым, аяқталмаған сызбалары, ермексаз жинақтамақтамалары, тақтайшалар, майлықтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Ғажайып сәт.

Ақтөс келеді.

– Сәлеметсің бе, Ақтөс!
Ақтөс:
– Сәлеметсіз бе!
Педагог:
– Сен бірдеңені іздеп жүрген сияқтысың.

Бейнеролик. "Ақтөс ізбен жүр".

Ақтөс іздерді иіскеп жүр, құйрығын сермеп қояды. Шынжырдың ізін көріп, барлық іздерді иіскеп, жүгіре кетеді. Адамның іздерін иіскеп, адамға жетеді. Құстың ізін иіскеп, құсқа жетеді. Қоянның ізіп иіскеп, қоянға жетеді. Шынжыр ізін тауып, қалмай, танкке жетеді де, үріп қояды. Отырып, күлімдейді.

Сүретті көрсету.

Балаларға әскери көліктің жерде қалдырған жолақ іздері көрсетіледі.

– Балалар, мен өте қызықты іздер тауып алғанмын.
– Қалай ойлайсыңдар, бұл не?

Суретті көрсету.

Танкінің суреті көрсетіледі.

1.2. Көркем сөз. Дина Ахметова. "Танк".
Танк – бұл жай көлік емес,
Күнде жолдарда жүрмес.
Танк таумен жүреді,
Танк суда жүзеді.

Танк тек қана ұшпайды,
Парашютпен түсіп, айдайды,
Себебі ол әскери көлік,
Отан қорғаушы көлік.
– Балалар, Ақтөс күшік танкіні іздеп кетпесін деп, біз бүгін оған көптеген танкілер жасап берейік.
2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ
2.1. Үлгіні зерттеу. "Танк".
Балаларға қатты қағазға салынған танкінің қарапайым суреті көрсетіледі. Танкінің басы, аузы, шынжыры, дөңгелектері бар.
– Балалар, бұл не? Иә. Бұл – танк.
– Ажара, танк жай көлік пе? Жүк машинасы ма? Танк – әскери көлік. Жарайсың.
– Танкіде не бар? (Көрсеткішті қолдану). Иә, басы, шынжыры, аузы, дөңгелектері бар. Дұрыс айтасың, Асқар.
– Балалар, танкінің түсі қандай? Иә. Танкінің түсі жасыл болады. Жарайсыңдар.
– Танкінің түсі жасыл, өйткені ол шегіртке сияқты жасырынып жүреді, шегіртке сияқты барлық жолсыз жерде жүре береді.

2.2. Мүсіндеу тәсілдерін көрсету.
Балаларға қатты қағазға салынған танкінің қарапайым, аяқталмаған сызбасы көрсетіледі. Жұмыс дайын болғанда танкінің аузы мен шынжыр дөңгелектері ермексазбен басылады.
Аузы жалпақталған таяқша, шынжыр дөңгелектері жалпақталған шарлар.

– Балалар, мына танкіде не жетіспейді? Иә, аузы мен дөңгелектері. Осы бөліктерді жасап көрейік.
– Танкі аузының пішіні неге ұқсайды? Болат, айтшы? Иә. Сопақшаға. Дұрыс.
– Мен жасыл кесектен бөлікті үзіп аламын, дөңгелектеймін, содан соң таяқшаға есемін. Осы таяқшаны жалпақтаймын, танкінің басына оң жақтан тиістіріп жапсырамын.
– Тағы не жеткіліксіз? Иә, Алтын, дөңгелектер керек. Дөңгелектер, Аслан, қандай пішінге ұқсайды? Иә. Дөңгелектерге ұқсайды. Мен не істеуім керек? Иә. Дөңгелектеймін.
– Балалар, кесектен бірнеше бірдей ұсақ бөліктерді үзіп аламын. Әрқайсысын дөңгелектеймін, жалпақтаймын. Содан соң кезекпен солдан оң жаққа жапсырамын.
– Балалар, егер дөңгелектер жеткіліксіз болса, тағы да үзіп, жапсыруға болады.
– Балалар, сендерде де осындай мүмкіндік бар. Танкілерді жасап көріңдер.
2.3. Саусақ жаттығуы. "Шынжыр".
Шынжыр дөңгелектерге қап,
Бұраң-бұраң жорғалап,
Шыр-шыр басып қарбалап,
Жүріп жатыр, саптан сап.
Саусақ жаттығуын орындағанда, балалар, саусақтарды жұдырықтарға қысып, аяқтардың санының үстінен, өзінен алға қарай, айналдыра басып, жылжытып отырады.
Педагог саусақ жаттығуын ұйымдастыру кезінде сөйлеудің мәнерлі оқу құралдарын қолдануға міндетті.
2.4. Ауада мүсіндеу.
– Балалар, танкінің аузын қалай жасаймыз? Біз таяқшаны тік есеміз. Көрсетейік. Жарайсыңдар.
– Дөңгелектерді қалай жасаймыз? Иә. Дөңгелектейміз. Көрсетіңдер. Жарайсыңдар.
Педагог балалардың алақандарын белгілі мүсіндеу тәсіліне сай қойып, саусақтардың тік созылғандарына, қимылдағандарына көңіл аударады.
2.5. Өздік жұмыс.
Әрбір балаға қатты қағазға салынған танкінің қарапайым, аяқталмаған сызбасы үлестіріледі.
Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға: "Сен не істеп отырсың?", "Оны қалай

жасадың?", "Қайда орналастырдың?" сияқты сұрақтар қойылады.
Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптар алып отыру керек: "кесектен үзіп аламын", "кесектен жұлып аламын", "таяқшаны есемін", "дөңгелектеймін", "жалпақтаймын", "шынжыр".
Шығармашылық жұмыс аяқталғанда, балаларға саусақтарды, өз орнын майлықпен сүрту әдебін айтып отыру шарт.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Жасалған мүсін үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

– Балалар, бүгін сендерге қиын болды ма? Нені жасадыңдар?
– Танкіні не үшін жасадық? Иә. Ақтөс, басқа іздерді іздеп, жоғалып кетпесің деп.

Кейіпкермен қоштасу.

– Балалар, Ақтөс күшік құйрығымен бұлғап тұр ... Өте қуанышты. Сендер жасаған танкілердің іздерін зерттейді.
Ақтөс күшік:
– Сау болыңдар! – деп айтады.
– Балалар, Ақтөс қана емес, мен де өте қуаныштымын, біздің танкілеріміз мықты дөңгелектерімен тез жүретін болады. Сендер жасаған танк біздің Отанымызды қорғайды.
– Рақмет сендерге. Жарайсыңдар. Оқу қызметі аяқталды.

Тақырыбы: «Ас әзірлеу» ойыны

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға ас әзірлеу туралы түсінік беру, аспаз мамандығына қатысты әрекеттер тізбегін пысықтау, азық-түліктің пайдасы туралы мәлімет беру. Балалардың "Ас әзірлеу" ойынында аспаз еңбегіне қатысты әрекеттерді игеруін қамтамасыз ету, қарым-қатынастар барысында өз орнын тауып, ойын желісін ұстану іскерлігін жетілдіру, қолдың ұсақ моторикасын, ақыл-ой қабілетін дамыту. Балаларды төзімділікке, ұқыптылыққа тәрбилеу, еңбекке баулу.

Сөздік жұмыс

"Ас әзірлеу бөлмесі", "тағам", "пайдалы азық-түліктер" сөздерінің мағынасын түсіндіру, белсенді сөздік қорға ас әзірлеу барысына қатысты сөздер мен сөз тіркестерін енгізіп, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Бейнероликті көрсету, көркем сөз, кіріспе әңгімелесу, ойын-жаттығу, суретті көрсету, сергіту сәті, іс-тәжірибе жаттығуы, өздік ойын әрекеттері, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Пеште көже пісіріп тұрған аспаз туралы сурет.
Суреттер сериясы:
1) күнделікті киім түрін киген ер адамның суреті;
2) аспаз;
3) электр пеші.
Заттық суреттер: алжапқыш, аспаздың ақ қалпағы, қызыл кіреші бар ақ халат, қызыл кіреші бар ақ қалпақ, пышақ, ожау, кәстрөл, тақтайша, орамжапырақ, сәбіз, картоп, пияз, ет, тоқаш, тандыр нан, батон наны, піспенан (печенье), электр пеші.
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Сурет-таңбалауыштар: батон, тоқаш, тандыр,піспенан (печенье); орамжапырақ, сәбіз, картоп, пияз, ет.
Батон, тоқаш, тандыр, піспенан (печенье), орамжапырақ, сәбіз, картоп, пияз, ет сияқты азық-түлік түрлерінің нақпішіндері.
Ожау, пышақ, табақша, кастрөл тағы басқа ойынға қажет ойыншықтар.
Алжапқыштар, қалпақтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Суретті көрсету.
Асүйде жасыл алжапқыш пен ақ қалпақ киген аспаз күлімдеп тұр. Аспаз ас әзірлеп жүр.

Көркем сөз. Дина Ахметова. "Асүй".
Біздің асүй білгенге,
Тыныш орын емес қой.
Бұл бөлмеде аспаз ағай,
Жұмыс істейді, ой-хой!

Мына кәстрөл көжеге
Толып тұр. Кел, дәмін көр!
Ыстық пештен піспенанды,
Алып шықты. Алып көр!

Пісіп қалған тағамның
Ұмытпаймын иісін,
Өнерлі аспаз ағамның,
Қадірлеймін адал ісін.

1.2. Кіріспе әңгімелесу.
– Балалар, мына маманды сендер таныдыңдар ма?
– Иә. Бұл – аспаз.
– Аспаз екенін қалай білдіңдер?
Балалар ойларын айтады.
– Пештің үстінде не пісіп жатыр екен? Көже болса керек ... Жақсы.
– Үстелде нелер бар? Үстелдің үстінде сарымсақ, сәбіз бар. Ыдыста қызанақ бар.
– Балалар, аспаз жұмыс істейтін бөлмесін біз "асүй" деп айтамыз. Қайталаймыз, асүй. Жақсы.
– Балалар, сендер асүйде аспаз болғыларың келе ме? Аспаз болып ойнап көрейік.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. "Ас әзірлеуге не қажет?" ойын-жаттығуы.
Мақсаты. Балаларға ас әзірлеуге қажет азық-түлік түрлерін анықтау, аспаздың қимылдарын пысықтау.
Шарты. Аспаздың киімін тиянақтау, ас әзірлеуге керекті азық-түлікті таңдап алу шарт.
Барысы.
Балалар ас әзірлеуге қажет азық-түліктер мен аспазға қажет киім үлгісін таңдайды.
Балалардың алдына екі панноға екі бөлек сурет ілінеді
- сол жаққа - күнделікті киілетін киім киген ер адамның суреті,
- азпаздың суреті;
- электр пешінің суреті.

– Балалар, сендер нені көріп отырсыңдар?
– Қазір көптеген суреттер арасынан сендер аспазға қандай киім керектігін тауып, мына адамның жанына апарасыңдар.
– Мына пештің айналасына пісірілетін азық-түліктер мен көгөністерді апарасыңдар.
Балалардың барлығы кілемде жайылған (үстелде жайылған) суреттермен жұмыс істеуге шақырылады.
Заттық суреттер: алжапқыш, аспаздың ақ қалпағы, қызыл кіреші бар ақ халат, қызыл кіреші бар ақ қалпақ, пышақ, ожау, кәстрөл, тақтайша, орамжапырақ, сәбіз, картоп, пияз, ет, тоқаш, тандыр нан, батон наны, піспенан (печенье), электр пеші.

– Жарайсыңдар. Орындарыңа отырыңдар, балалар.
– Динара, сен неге мына қалпақ пен алжапқышты алдың? Иә. Бұл аспаздың киімі.

Қызыл кіреші бар халат пен қалпақты алмадыңдар ғой? Иә. Бұл дәрігердің киімі.
– Балалар, ал мына электр пешінің айналасына қарайық.
– Жәния, бұл жерден азық та емес, көгөніс те емес заттарды алып тасташы. Неге алып тастадың? Иә. Олар аспаздың жұмысына қажет емес. Жарайсың.

2.2. Саусақ жаттығуы. Дина Ахметова. "Нан илейді Нұрай".
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.

Нан илейді Нұрай, (саусақтарды жұдырыққа қайта-қайта жинап, қысу)
Дөңгелектеп, былай, (жұдырықтарды айналдыру)
Томпаң-томпаң, (қос қолды жұдырыққа, "құлыпқа", қысу)
Томпақтап, (қос жұдырықты айналдыру)
Жалпақ-жалпақ, (алақандарды ашып, бірін-біріне айқас салу)
Жалпақтап.
Балалардың қимылдары педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай жасалады.

Педагог өз дауысын барынша естілетіндей шығарып, көркем сөзді нақтылы, тартымды мәнерде айтуға міндетті.
Көркем сөз жолдары және жаттығуларды орындау тәртібі, оқу қызметінен тыс уақытта өткізіліп, балалар үшін таныс болуы тиіс.

2.3. Ойынды іске асыру.
"Не пісіреміз?" іс-тәжірибе жаттығуы.
– Балалар, біз қазір не істедік? Иә. Біз қамырды илеп, нан пісірдік.
– Нанды қайда пісіреді? Кастрөлге ме? Жоқ, ыстық пештің ішіне пісіреді. Жарайсыңдар.
– Дамира, осы заттардың арасынан ыстық пешке пісіретін заттардың суреттерін жеке жинап берші.
Тоқаш, батон, тандыр, піспенан (печенье) суреттері жеке панноға жиналады.
Балалар үшін батон, тоқаш, тандыр, піспенан (печенье) таңбалауыштары қорапта дайын жатады.

– Балалар, ал мына заттармен не істеуге болады?
– Егер оларды кастрөлге салса, не пісіп қалады екен? Көже пісіріледі. Жарайсыңдар.
– Дархан, көжеге қандай азық-түліктерді қосамыз?
Орамжапырақ, сәбіз, картоп, пияз, еттің суреттері жеке панноға жиналады.
Балалар үшін орамжапырақ, сәбіз, картоп, пияз, еттің таңбалауыштары қорапта дайын жатады.

– Балалар, көжені пісіру қимылдарын қайталайықшы.
Балалар педагогтің соңынан азықты "пышақпен кесу" қимылдарын қайталайды.
– Жарайсыңдар, балалар.

2.4. Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Ас әзірлеу".
Балаларға "ас әзірлеу" үшін өз үстелдеріндегі орындары жарамды болады.
Балаларға алжапқыштар мен қалпақтарды кию мүмкіндігі беріледі.
Жалпы, әр балаға пісіруге қажет азық-түліктердің нақпішіндерінің жинақтамалары болуы тиіс, сонда таңбалауыштар тек баланың қимылдарына себеп болады.
– Ал енді, сендер мына таңбалауыштардың топтамаларынан өздеріңе қажеттісін алып, өз орындарыңа отырып, ас әзірлеуді көрсетіңдер.
Балалардың ойын желісіне тез ілесіп, оның ары қарай жалғастырылуын қамтамасыз етуі үшін, педагог қосымша сұрақтар қойып жатады.
Сұрақтардың үлгілері мына сияқты болады: "Сен не істеп жатырсың?", "Оны қалай пісіресің? Пешке саласың ба? Кастрөлге саласың ба? ", "Таңбалауышыңда қандай сурет бар?", "Сен нені пісіресің?"
Ойын барысында жеткіліксіз азық-түлікті көрші баладан сұратуға болады: "Сәбізің жоқ екен ... Сәбізді Мерхаттан сұрашы ... Сәбізді қалай сұрайсың?"
Ойын аяқталған заттарды, атрибуттарды орнына салып жинауды бақылау керек.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау, оқу қызметін пысықтау.
– Балалар, біз бүгін қандай ойынды ойнадық? Иә. "Ас әзірлеу" ойыны. Жарайсыңдар.
– Сендер бүгін кім болдыңдар? Иә. Аспаз болдыңдар.
– Кастрөлге не пісірдік? Иә. Көже пісірдік. Көжеге не салдық? Жарайсыңдар.
– Балалар, барлық азықты кастрөлге пісіруге бола ма? Нан мен тоқашты, піспенанды (печенье) қайда салып пісіреміз? Иә. Нан өнімдерін ыстық пешке салып пісіреміз. Жарайсыңдар.
– Балалар, сендер бүгін керемет аспаз болдыңдар! Нан өнімдерің тәтті екен. Көжелерің дәмді екен.
– Ата-аналарың сендерді мақтан тұтады. Жарайсыңдар! Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Тақырыбы: Көк қанатты көбелек

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды көбелек жәндігі бейнесімен таныстыру, көбелектің тіршілігі жөнінде мәліметтер беру; жәндіктердің табиғаттағы орны туралы баяндау. Көбелектің қанаттары сұлбасының үстінен дайын дөңгелектерді жапсыру техникасын жетілдіру; дөңгелектердің түстері мен көлемдеріне қарап, үлкенін, оның үстінен кішкентай дөңгелекті орналастыру тәртібін ұстануға үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, түстерді, көлемдерін ажырату, жазықтықты бағдарлау қабілеттерін дамыту. Балалардың эстетикалық талғамдарының, әсемдікті бағалау қабілетінің негіздерін қалау; байқағыштыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Балаларға "үлкен дөңгелек", "кішкентай дөңгелек", "майлықпен басамын", "кішкентайын үлкенінің үстіне", "көбелек" сияқты сөздерді айтқызып, тілдің белсенді сөздік қорын жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, бейнероликті көрсету, суретті көрсету, көркем сөз, үлгіні зерттеу, жапсыру амалдарын көрсету, саусақ жаттығуы, жапсыру амалдары тәртібін қайталау, өздік жұмыс, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Көңілді, ырғақты, темпі орташа әуенжазбалары.

"Жеті түстің суреттері" бейнеролигі. Кемпірқосақ жеті жолақтардың тізілуі арқылы пайда болады, көбелекке, күн, гүлдер, аспан, шөптерге, сайқымазаққа, әртүрлі балаларға айналады.

Көбелек суреті: қанаттардың ұштарына дөңгелек пішінді оюлар жапсырылған, үлкеннің үстінде кішкентай дөңгелек.

Қанаттарында оюлары жоқ көбелектің суреті.

Ыдыста бірдей түсті төрт үлкен, тағы бірдей түсті төрт кішкентай дөңгелек пішіндер.

Жапсыруға қажетті құралдар: ыдыста желім, қылқалам, қылқаламға тіреуше, жайма (төсеніш), майлық (сүлгі).

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Қанаттарында оюлары жоқ көбелектің сұлбасы салынған қағаз беттері.

Ыдыстарда бірдей түсті төрт үлкен, тағы бірдей түсті төрт кішкентай дөңгелек пішіндер.

Жапсыруға қажетті құралдар: ыдыста желімдер, қылқаламдар, қылқаламға тіреушелер, жаймалар (төсеніш), майлықтар (сүлгі).

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Аудиожазбаны тыңдау.

Көңілді, ырғақты әуенжазбасы қосылады.

– Балалар, бүгін бізге ерекше қонақ келеді ғой деймін. Оны білу жұмбақты шешіп көріңдер.

Көркем мөз. Жұмбақ жасыру. "Көбелек".

Қанаттарын қағады,
Бірақ құсқа жатпайды.
Түстері оттай жанады,
"Кемпірқосақ" деп айтпайды.

1.2. Бейнероликті көрсету. "Жеті түстің суреттері" (бастамасы).

Балаларға жеті түстің әртүрлі заттарға айналалынын көрсету. Кемпірқосақ жеті жолақтардың тізілуі арқылы пайда болады. Жеті жол жүріп келіп, жеті тамшы болып шашылады: 1) көбелекке айналады; 2) күн, гүлдер, аспан, шөптерге айналады; 3) сайқымазаққа айналады; 4) түрлі-түсті киім киген, түрлі балаларға айналады.

Көбелек суретін көрсету.

Егер, сурет емес бейнеролик болса, бірінші жартысы көрсетіледі, көбелек бейнесінде тоқтатылып тұрады.

– Балалар, сендерге бейнеролик ұнады ма?

– Бұл ұшып келген не? Иә. Көбелек.

– Балалар, көбелек – жәндік. Ол көктемде, гүлдер шыққанда ұшады, нәр жинайды.

Көбелектер жәндіктер болмаса, гүлдер мен жемістер шықпайды.
– Балалар, осындай көбелектер көп болсын десек, біз көбелектерді де жасап көрейік. Келістік пе?

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу "Көбелек".

Балаларға көбелек бейнесі көрсетіледі. Көбелектің қанаттарының ұштарына дөңгелек пішінді оюлар жапсырылған: үлкеннің үстінде кішкентай дөңгелек.
– Балалар, мынау не? Мынау – көбелек. Дұрыс айтасың, Альмира.
– Оның көбелек екенін қалай білдің? Жарайсың. Себебі қанаттары бар.
– Балалар, көбелектің түсі бірыңғай ма? Қандай түстерді көріп отырсыңдар? Жарайсыңдар.
– Балалар, көбелектің оюлары бар ма? Қандай оюлар? Иә. Бұл – дөңгелектер.
– Дөңгелектердің көлемі бірдей ме? Үлкен, кішкентай көбелектер. (Көрсеткіштерді қолдану) Жарайсыңдар.

2.2. Жапсыру амалдарын көрсету.

Балаларға қанаттарында оюлары жоқ көбелектің бейнесі көрсетіледі.
Жапсыру жұмыстарына ыдысқа бірдей түсті төрт үлкен, тағы бірдей түсті төрт кішкентай дөңгелек пішіндер салынады.

– Балалар, мен көбелектің қанаттарын безендіру үшін үлкен дөңгелектерді ғана аламын. Санат, түстерін ата. Күлгін дөңгелектер үлкен. Жарайсың.
– Мен үлкен дөңгелекті жаймаға аударып саламын, жақсылап желімдеймін. Қылқалам тіреушеге, саусақ ұшымен алып, жоғарыдағы қанатқа жапсырамын. Екінші, үшінші, төртінші үлкен дөңгелектерді алып, дәл солай желімдеп, қанаттарының ұштарына жапсырамын.
Уақытты үнемдеу үшін дөңгелектерді алдын-ала желімдеп қою қажет.
– Балалар, енді көлемі қандай дөңгелектерді жапсырамыз? Иә. Кішкентай дөңгелектерді жапсырамыз.
Желімдеудің бір нұқсасын көрсету.
– Міне, дөңгелектер жапсырылды, майлықпен үстілерінен басып, сүртіп шығамын.
– Қалай, балалар, сендерге көбелек ұнап тұр ма? Олай болса, сендер де осындай көбелектерді жапсырып көріңдер.

2.3. Саусақ жаттығуы. "Көбелек".

Алақан бастарын қосайық, (қос қолдың бас бармақтарын тиістіру)
Көбелектей ұшайық. (саусақтармен бұлғау, қанаттарын қағуға еліктеу)
Қанаттармен бұлғайық,
Гүл шоғына қонайық. (саусақтардың ұшын үстел басына тигізу)
Қонсақ, біраз жүрейік, (саусақтарды алмастырып, жүріске еліктеу)
Саусақтармен билейік. (саусақтармен үстел бетіне соққылау)
Билеп болсақ, қояйық,
Тыныштық бала болайық. (алақандарды тізеге салу)
Педагог саусақ жаттығуын ұйымдастыру кезінде сөйлеудің мәнерлі оқу құралдарын қолдануға міндетті.
Педагог көркем сөз жолдарын ерекше ырғақпен, жылдамдықпен айтады.
Балалар қимылдарды педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай жасап, сөздерді шамаларына қарай қайталайды.

2.4. Жапсыру амалдары тәртібін қайталау.

– Балалар, көбелектің оюларын жапсыру үшін көлемі қандай дөңгелектерді таңдаймыз? Иә. Үлкен дөңгелектерді.
– Үлкен дөңгелектердің үстіне нені жапсырамыз? Иә. Кішкентайларын. Жарайсыңдар.
– Балалар, қылқаламда желім бітсе, не істейміз? Қайта желімге маламыз. Жарайсыңдар.
– Егер жапсыруда желім пішіннің сыртына шықса, не істейміз? Майлықпен сүртеміз. Жарайсыңдар.
– Қылқаламды қайда қоямыз? Иә. Тіреушеге. Жақсы.

2.5. Өздік жұмыс.

Әрбір балаға қағазға салынған көбелектің қанаттарында оюлары жоқ сұлбасы үлестіріледі.
Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға: "Сен не істеп отырсың?", "Оны қалай жапсырдың?", "Қайда орналастырдың?" сияқты сұрақтар қойылады.
Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптар алып отыру керек: "үлкен дөңгелек", "кішкентай

дөңгелек", "майлықпен басамын", "кішкентайын үлкенінің үстіне", "көбелек".
Шығармашылық жұмыс аяқталғанда балаларға жұмысты таза жасау әдебін айтып отыру шарт.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

– Балалар, байқадыңдар ма, қаншама көп жұмыс жасадық?
– Бүгін не істедік? Көбелекке оюларды жапсырдық. Дұрыс айтасың, Еркежан.
– Керім, көбелектің оюларын сен қалай жапсырдың? Үлкеннің үстіне кішкентай дөңгелекті жапсырдың. Жарайсың.
– Айсұлтан, көбелекте қандай түстер болды? Ұмытып қалсаңдар, бейнероликті соңына дейін көрейік. Басынан бастайық.
Бейнеролик ұзақ емес, сондықтан балалар үшін жеңіл қабылданады.

Бейнероликті көрсету. "Түстер".

– Балалар, көбелектерің әсем, түрлі-түсті оюлары бар екен, жапсыруларың таза шықты.
– Оқу қызметінде сендер байқағыш, тиянақты бала болдыңдар. Жарайсыңдар! Сау болыңдар.

Тақырыбы: «Бақшаны егеміз» ойыны

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға көктемгі дала жұмыстары туралы түсіндіру, егінші мамандығы туралы жалпы мағлұмат беру, бақшаны егу жұмыстарына қажет құралдарымен таныстыру. Балалардың "Бақшаны егеміз" ойыны барысында ересек арқылы қарапайым қатынастарға түсу іскерлігін қалыптастыру, тілді, зейінді, есте сақтау, ой-қиял қабілеттерін дамыту. Балаларды ересектің еңбегін құрметтеуге, достыққа, еңбекшілдікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

"Диқан" сөзінің мағынасын түсіндіру; белсенді сөздік қорға "дәндер", "топырақ", "егеді", "тегістейді", "суарады" сияқты сөздерді енгізіп, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Бейнероликті көрсету, көркем сөз, кіріспе әңгімелесу, ойын-жаттығу, сергіту сәті, іс-тәжірибе жаттығуы, өздік ойын әрекеттері, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Гүлденген көктем туралы бейнеролик көрсетіледі.
Суреттер сериясы:
1) асқабақ дәнін ыдыстағы топыраққа егу.
2) жүйектерде көгөністердің өскені.
Заттық суреттер: ақ алжапқыш, көк алжапқыш, құрылысшы қалағы, егіншінің күрегі, тарақ, тырнауыш, құрылысшының қолғабы, егіншінің бес саусаққа киілетін қолғабы, шәйнек, су құйғыш, мөлдір қапта дәндер, мөлдір қапта кәмпиттер.
Бейнеролик немесе сурет: топырақтан көшет шығады.
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.
Алжапқыш, жайма, төртбұрышты ыдыс, қара топырақ, қалақ, тырнауыш, су құйғыш, сүлгі, табақшада дәндер.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Алжапқыштар, үстелдің бетіне жаймалар, әрбір бала үшін төртбұрышты ыдыстар, қара топырақ, қалақтар, тырнауыштар, су құйғыштар, сүлгілер, табақшада дәндер.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Бейнероликті немесе суретті көрсету.
Гүлденген көктем туралы бейнеролик көрсетіледі.

Көркем сөз. Дина Ахметова. "Көктемгі бау-бақша".
– Күннің көзі күйдіргіш,
Ағаштарға су керек.
Құдықтан су толтырып,
Құямыз бір-бір шелек.

Жауындарды шақырып,
Күнде күтіп жүреміз.
Бау-бақшаның гүлдерін,
Тамашалап көреміз.

Көбелектер, жәндіктер
Ұшып қонды гүлдерге,

Нәрін татып, нәзіктер
Бау-бақшаға келуде.

1.2. Кіріспе әңгімелесу.
– Балалар, бұнда қай мезгіл суреттелген?
– Көктем екенін қалай білдіңдер?
– Гүлденген ағаштар мен жайнаған гүлдері – адамның еңбегі.
– Адам гүлдер мен жеміс ағаштарын баптап қана қоймайды, көгөністерді де салады.
–Егістік даласына дәнді егетін адамды дикан дейді. Балалар, қайталаңдар. Дикан.
– Ал біз бақшаны егеміз. Біз егінші боламыз. Қайталаймыз. Бақшаға көгөністердің дәндерін егеміз.
– Ойынға дайынсыңдар ма, балалар? Қазір "Бақшаны егеміз" ойынын ойнап көрейік.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. "Егіншіге не керек?" ойын-жаттығуы.
Мақсаты. Бақшаны еккенде қолданылатын құралдар мен заттар топтамасын, олардың қажетін анықтау.
Шарты. Егіншіге қажетті құралдарды айту, ажырату, құралдарды қолдану қажетін білу шарт.
Барысы.

Суреттер сериясын зерттеу.
1) асқабақтың дәнін ыдыстағы топыраққа егу.

– Балалар, бұл суретте дәнді топыраққа егеді. Дәнді не істейді? Топыраққа егеді.
2) жүйектерде көгөністердің өскені.

– Балалар, бұнда не өсті? Иә. Көгөністер өсті. Тамаша.
– Балалар, бұндай көгөністерді өсіру үшін көптеген құралдар керек. Мына суреттер арасынан егіншіге қажеттілерді жинап алайық.
Балалардың алдына егіншіге және басқа мамандыққа қажетті материалдар (суреттері) жайылады. Заттық суреттер: ақ алжапқыш, көк алжапқыш, құрылысшы қалағы, егіншінің күрегі, тарақ, тырнауыш, құрылысшының қолғабы, егіншінің бес саусаққа киілетін қолғабы, шәйнек, су құйғыш, мөлдір қапта дәндер, мөлдір қапта кәмпиттер.

Бірнеше бала шығып суреттерді екі бөледі, егіншіге қажет құралдарды топтарға жинайды.
– Балалар, мына заттарды қайталайық. Алжапқыш, күрек (қалақ), тырнауыш, перчаткалар, су құйғыш, дәндер.

2.2. Сергіту сәті. Дина Ахметова. "Біз бақшаны егеміз".

Біз бақшаны егеміз,
Жерді қазып береміз.
Жүйектерге дәндерді салып,
Былай-былай себеміз.

Біз бақшаны егеміз,
Тегістетіп береміз.
Су құйғышпен суарып,
Былай-былай себеміз.
Балалар қимылдарды әуенжазбаның ырғағына сай, педагогтің көрсетуіне ұқсатып жасайды.

2.3. Ойынды іске асыру.
"Дәнді қалай егеді?" іс-тәжірибе жаттығуы.
Балаларға алжапқыштар, үстелдің бетіне жаймалар, әрбір бала үшін төртбұрышты ыдыстар, қара топырақ, қалақтар, тырнауыштар, су құйғыштар, сүлгілер, табақшада дәндер үлестіріледі.

Педагогтің үстелінде балаларға берілетін құралдар жинақтамасы болады.
Балалар жарты шеңберге немесе шеңберді айнала тұрғызылады.
– Балалар, мен егінші боламын. Мына ыдысқа жиналған қара топырақ. Қайталаймыз. Мен қалақпен топыраққа шұңқыр қазамын, дәнді саламын, қалақпен үстін жабамын. Тағы да мына таяқшамен жүйек жасаймын, дәндерді бір-бірден, араларына орын қалдырып жүйек түбіне тастаймын. Жүйекті топырақпен жабамын.
– Балалар, дәндерден көшет шығу керек.
Суретті көрсету: топырақтан көшет шығады.

Балалардың дайындықтары жеткілікті деңгейде болса, педагог өзіне көмекке бір баланы алады, балаға дәнді топыраққа салу, су құйғышпен суару әрекеттерін жасатады.

2.4. Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Бақшаны егеміз."
Балаларға "бақшаны егу" үшін өз үстелдеріндегі орындары жарамды болады.
– Балалар, егінші болу үшін, топырақты шашпай, жұмысты таза жасау керек.
– Егіншілер, қазір барлықтарың өз дәндеріңді топыраққа егіп көріңдер.
– Қаламқас, бірінші біз не істейміз? Иә, топыраққа шұңқыр қазамыз. Жарайсың.
– Әмір, бұдан кейін не істейміз? Иә. Дәнді саламыз.
– Топырақты немен тегістейміз? Тырнауышпен. Жақсы.
– Дәннің көшет болып өсуі үшін, не істеу керек? Су құю керек.
– Балалар суды көп құю керек емес. Түстен кейін тағы да құйып қоямыз.
Балалар суды тым көп құйып қоймас үшін, су құйғыштарда судың шамалы болғаны дұрыс.
Балалардың ойын желісіне тез ілесіп, оның ары қарай жалғастырылуын қамтамасыз ету үшін, педагог қосымша сұрақтар қойып жатады.
Сұрақтар үлгілері мына сияқты болады: "Сен не істеп жатырсың?", "Шұңқырды немен қазасың?", "Топырақты немен тегістедің?"
Ойын аяқталған жағдайда, заттарды, атрибуттарды орнына салып жинауды бақылау керек.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау, оқу қызметін пысықтау.
– Балалар, біз бүгін қандай ойынды ойнадық? Иә. "Бақшаны егеміз" ойыны. Жарайсыңдар.
– Сендер бүгін кім болдыңдар? Иә. Егінші болдыңдар.
– Егінші болып, не істедіңдер? Дәндерді топыраққа ектік. Қайталаймыз. Жарайсыңдар.
– Балалар, дәндерден көгөністер шығу үшін, біз не істеуіміз керек? Иә. Су құйғышпен суаруымыз керек.
– Сендер бүгін еңбекқор, төзімді, нағыз егінші болдыңдар. Көгөністерің тез өссін. Жарайсыңдар!
Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Тақырыбы: «Жол қозғалысы» ойыны

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың жол жүру ережелері туралы білімдерін кеңейту; жол жүру ережесінің жаяу жүргіншіге қатысты тараптарымен таныстыру; жүргізуші мен жаяу жүргіншіге қатысты қауіпсіздік ережелерін сақтау дағдыларын меңгерту; жол қозғалысының қарапайым белгілерімен таныстыру. Балалардың сөздік қорын ойын барысында молайту; жүргізуші мен жаяу жүргінші, жол полициясы рөлдерін сомдауда шығармашылық іскерліктерін қалыптастыру; жол қозғалысының қарапайым белгілерін есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту. Балаларды қоғамдық тәртіпке бағынуға және тәртіп ережелерін бұлжытпай орындауға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

"Жаяу жүргінші", "жүргізуші", "полиция", "бағдаршам", "жүргінші жолағы", "полиция ысқырығы", "жол ережесі" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Әңгіме, бейнебаян көрсету, көркем сөз, сурет бойынша әңгіме, ойынға дайындық, іскерлік ойын, қимыл жаттығуы, шығармашылық әрекет, рефлексия, ғажайып сәт, ойын барысын пысықтау және қорытындылау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Жол қозғалысының суреті, полиция ысқырығы, бағдаршам, жүргінші жолағы, жүк машинасы, жеңіл машина, автобус, ұшақ, жүргінші балалар, жүргінші ата мен әже, бала, бағдаршам таңбалауыштары, қасқыр, яхта, дауылпаз, ырғақты, темпі баяу, көңілді әуенжазбасы.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

"Жүргіншілер", "жүргізушілер" қалташалары.
Рөлдер. Бағдаршамның түстері бейнеленген таңбалауыштар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Бейнероликті көрсету.
Жол қозғалысы туралы бейнеролигі және суреті көрсетіледі.

Көркем сөз. Дина Ахметова. "Бағдаршамдар ұйықтамайды."
Бағдаршамдар ұйықтамайды,
Жымыңдайды, жымыңдайды.
Бір қарасаң – қып-қызыл,
Екі десе – сап-сары.
Тоқтай тұрсаң – жап-жасыл.
Көзі көп, біреу басы.

1.2. Кіріспе әңгімелесу.
– Жол қозғалысы бейнеролигі жабылмай, тоқтатылып тұрады.
– Балалар, мына көшедегі қозғалыста нелер бар?
– Иә. Көліктер бар. Жақсы. Олар қайда жүріп жатыр? Олар жолда жүріп жатыр.
– Балалар, көліктерді жүргізушілер айдайды. Жүргізушілер. Қайталайық. Жарайсыңдар.
– Көліктердің жолы кең, жалпақ. Көліктер тез жүреді.
– Көліктерден басқа кімдер бар екен? Бұлар – жүргіншілер. Қайталаймыз. Жарайсыңдар.
Жүргіншілер қайда жүріп жатыр?
– Жүргіншілер жаяужолда (тротуар) және жол ортасындағы жүргінші жолағында жүріп жатыр.

Қайталаймыз, жауяжол және жүргінші жолағы. Жарайсыңдар.
– Жүргіншінің жолы тар, жіңішке.
– Балалар, есте сақтаңдар! Көлік жол үстінде жүреді, жүргінші жаяужолда немесе ала жолақта жүреді.
– Балалар, жүргіншілер мен көліктер неге бөлек жүреді? Жүргіншіні көлік басып кетпеуі керек.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. "Көшеде не бар?" ойын-жаттығуы.

Мақсаты. Көшедегі жол қозғалысына қатысушыларды анықтау, жол ережелерін пысықтау.
Шарты. Жол қозғалысына қатысушы тараптардың қозғалыс орындарын ажырату, бағдаршамның қажетін айту шарт.
Барысы.
Ойынды өткізуге құралдар немесе құралдардың суреттері қолданылады.
– Балалар, "Жол қозғалысы" ойынын ойнау үшін, сендер көше жолында кездеспейтін бейнелерді бөлек алып тастайсыңдар.
Заттық суреттер: полиция ысқырығы, бағдаршам, жүргінші жолағы, жүк машинасы, жеңіл машина, мотоцикл, автобус, жүргінші бала, жүргінші ата, қасқыр, кеме, ұшақ, күшік, доп, дауылпаз.

– Сымбат, қандай суреттерді таңдадық? Айтып көр: полиция ысқырығы, бағдаршам, жүргінші жолағы, жүк машинасы, жеңіл машина, мотоцикл, автобус, жүргінші бала, жүргінші ата, күшік.
Ойынды ойнату үшін балалардың жол қозғалысы ережелері жөнінде жалпы білімдері болуы тиіс.
Ойын барысында білімді пысықтау маңызды.
Уақыт жеткілікті болса, осындай сұрақтар да қоюға болады: "Қасқырды, кемені, ұшақты неге алмадыңдар?"
Ойынның алдында ауқымды жұмыстар жасалынуы тиіс, сонда балалардың сұрақтарға жауап беру, жаттығуларды орындау жылдамдығы жоғары болады.
– Балалар, неге допты алып тастадыңдар? Иә. Доппен жолда ойнауға болмайды. Жарайсыңдар!

2.2. Сергіту сәті. "Жолда қалай жүреміз?"

Серігту сәтінде орташа ырғақты, дыбысы басылыңқы әуенжазбасы қосылады.

Жаттығу алдында педагог балаларды "жүргізуші" және "жүргінші" етіп екі топқа бөледі.
"Жүргіншілерге" мойындарына "жүргінші" белгілері ілінеді.

"Жүргізушілерге" мойындарына "жүргінші" белгілері ілінеді.

Ойын алаңы немесе аула алаңы, бормен кең және тар жолдарға сызылып бөлінеді.
– Балалар, мына кең жолақ – көліктер жүретін үлкен жол. Жүргізушілер, келіңдер рөлдеріңді бұраңдар! Үлкен жолмен жүріңдер! Жарайсыңдар! Стоп! Кері қайтыңдар! Жарайсыңдар!
– Ал енді, жүргіншілер, қайдасыңдар? Мына жіңішке жолмен жүре ғойыңдар! Кері қайтыңдар! Жарайсыңдар!
Балалардың барлығын бір деңгейге тұрғызу.
– Балалар, ал енді барлықтарың, өз жолдарыңмен жүріп көріңдер! Жарайсыңдар! Тамаша.
Балаларды өз орындарына отыруға шақыру.

2.3. Ойынды іске асыру.

"Бағдаршамға қарайық" іс-тәжірибе жаттығуы.
Балалар өз қалташаларымен (белгілерімен) қалады.
"Полицей" және "бағдаршам" рөлін педагогтің өзі атқарады. Педагог қолындағы бағдаршам таңбалауыштарын қажетті жерде алмастырып тұрады.

Салынған жолды көлденең кесіп, ала "жүргінші жолағы" төселеді.
"Жүргізушілер" уақытша орындарында отырады.
– Балалар, мына жолақты сендер естеріңде сақтадыңдар ғой? Бұл не? Иә. Жүргінші жолағы. Жарайсыңдар.
– Жүргіншілер! Мұқият болыңдар! Мен бағдаршамның жасыл түсін көрсетіп тұрмын, сендер жүргінші жолағын басып өтесіңдер! Жарайсыңдар!

– Жүргіншілер! Мұқият болыңдар! Мен қызыл түсті көрсетіп тұрмын, сендер жолды баспай тұрыңдар! Тоқтаңдар! Жарайсыңдар!
Жаттығу бір-екі рет қайталанады.
– Жүргіншілер, орындарыңа барып отырыңдар.
– Мен жүргізушілерді шақырамын.
– Жүргізушілер! Мұқият болыңдар! Мен бағдаршамның жасыл түсін көрсетіп тұрмын, сендер көлік жолымен жүріп өтесіңдер! Жарайсыңдар!
– Жүргізушілер! Мұқият болыңдар! Мен қызыл түсті көрсетемін ... Тоқтаңдар! Жарайсыңдар!
Жаттығу бір-екі рет қайталанады.
– Жүргізушілер, орындарыңа барып отырыңдар.

2.4. Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Жол қозғалысы."
Ойын алдында кейбір балалар қалташаларын алмастыруы мүмкін.
"Жүргінші" болған балалар қолдарына ойыншықтарын алып жүреді.
"Жүргізуші" балалар рөлдерін ауыстырады.
Ойын басталуы мен барысы педагог тарапынан реттеліп, түзетіліп отырады.
Түстерді ауыстыру балалар үшін екі түрлі қимылдарды орындау болып саналады.
Кейбір жағдайда балалардың барлығы "жүргізуші" болғысы келеді, сондықтан тәрбиеші барлық балаға рөлдер мен "жүргіншінің" қалташаларын дайындап қоюға міндетті. Ойын тек "жүргізушілер" арасында ойнатылады.
Ойын аяқталған жағдайда заттарды, атрибуттарды орнына салып, жинауды бақылау керек.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау, оқу қызметін пысықтау.
– Балалар, біз бүгін қандай ойынды ойнадық? Иә. "Жол қозғалысы" ойыны. Жарайсыңдар.
– Сендер бүгін кім болдыңдар? Иә. Жүргінші, жүргізуші болдыңдар.
– Жүргіншілер не істедіңдер? Жүргізушілер не істедіңдер? Жарайсыңдар.
– Балалар, жол ережесін біреу бұзды ма? Бұзбады. Неге? Иә. Бағдаршамның түсіне қарадық? Жарайсыңдар.
– Балалар, бүгін сендер жол ережелерін сақтадыңдар, мұқият, тәртіпті болдыңдар. Жарайсыңдар!
Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Тақырыбы: Кір жуу машинасы

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға тұрмыстық техника кір жуу машинасымен таныстыру, тұрмыстық техниканың адам өміріндегі көмегі туралы мағлұматтар беру; машинаның сыртқы құрылысымен таныстыру. Дөңгелек пішінді кескіндерді қатарға тізіп, ортаға орналастырып жапсыру тәсілдерін жетілдіру; көз мөлшерін, қағаз бетін бағдарлау қабілетін, зейінді, танымдық қызығушылықтарды дамыту. Балалардың қоршаған әлем заттарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру, зеректікке, ізденімпаздыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөздік қорды "бір қатарға жапсырамын", "дөңгелектер бірдей", "кезек-кезек саладым", "майлықпен сүртемін", "ортаға жапсырамын" сияқты сөздер арқылы жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Суретті көрсету, көркем сөз, үлгіні зерттеу, техникалар амалдарын көрсету, саусақ жаттығуы, ауада жаттығу, өздік жұмыс, мақтау, кейіпкермен қоштасу, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Суреттер сериясы:

1) киген киімдеріне бояудың дақтары жұққан Алан мен Дананың суреті;

2) киімі таза Алан мен Дананың суреті.

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.

Суреттер сериясы:

1) бір қатарда тұрған тоңазытқыш, электр пеші, кір жуу машинасы, шаңсорғыш суреті;

2) кір жуу машинасы.

Кір жуу машинасының жасанды үлгісі. Үлгі пішіні - қатты қағаз, үстіңгі көлденең шетіне көлемдері бірдей дөңгелектер жапсырылған, ортасында үлкен дөңгелек. Үлкен дөңгелекте киімдер бірінің үстіне бірі салынған.

Тіктөртбұрышты қатты қағаз кескіні.

Панно, көрсеткіш.

Ыдысқа салынған көлемдері бірдей дөңгелектер жинақтамасы, үлкен киім түрлерінің бірі жапсырылған дөңгелек. Бұндай түрлі киімдер салынған дөңгелектер саны бірнешеу.

Ыдыста желім, қылқалам, қылқаламға тіреуше, жайма (төсеніш), майлық (сүлгі).

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Тіктөртбұрышты қатты қағаз кескіндері.

Ыдысқа салынған көлемдері бірдей дөңгелектер, үлкен киім түрлерінің бірі жапсырылған дөңгелектер жинақтамалары. Үлкен дөңгелектер саны бірнешеу, әрқайсысында киімнің бірі салынған.

Ыдыста желім, қылқалам, қылқаламға тіреуше, жайма (төсеніш), майлық (сүлгі).

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Ғажайып сәт.

Алан мен Дананы көрсету. Үстілеріндегі киімдеріне бояудың дақтары жұққан.

– Балалар, бүгін бізге қонақтар келіпті.

– Сәлеметсіңдер ме, Алан, Дана! Сендердің үстілеріңе не болған?

– Балалар, кім айтады, бұл не?

Балалар Алан мен Дананың киімдеріндегі бояулы дақтар туралы айтады.

– Иә, бояулы дақтар. Аланң мен Дана көп сурет салып, тазалықты сақтамады.

– Оларға не істеу керек? Киімді тез жуып, кептіру үшін, не керек екен?

1.2. Суретті көрсету.

Бір қатарда тоңазытқыш, электр пеші, кір жуу машинасы, шаңсорғыш көрсетіледі.

Балалар кір жуу машинасын таңдайды.

– Бұл не?

Көркем сөз. "Кір жуу машинасы".

Қолданады оны барлығы,
Себебі қажет киімнің тазалығы.
Қуанады оған үлкені және жасы,
Себебі бос тұрмайды кір жуу машинасы.
– Балалар, бүгін біз кір жуу машинасын жапсырып жасап, Алан мен Дананың киімдерін жуып берейік. Анасы жұмыстан келгенше таза болсын.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу.

Балалардың алдына кір жуу машинасының жасанды үлгісі көрсетіледі. Үлгі пішіні қатты қағаздан, үстіңгі көлденең шетіне көлемдері бірдей дөңгелектер жапсырылған, ортасында үлкен дөңгелек бар. Үлкен дөңгелекте киімдер бірінің үстіне бірі салынған. Бұндай түрлі киімдер салынған дөңгелектер көп болы тиіс, кез келген бала өзіне ұнайтын кімді "кір жуу машинасына жуады".
– Балалар, бұл не? Иә. Кір жуу машинасы. Қайталаймыз.
– Кір жуу машинасының пішіні неге ұқсайды? Иә, тіктөртбұрышқа ұқсайды.
– Кір машинасында не бар? Иә. Дөңгелектер. Дөңгелектер қайда орналасқан? Жоғарыдағы қатарда орналасқан. Сұлтан, қайтала. Жақсы.
– Балалар, бұл батырмалар. Қайталаймыз.
– Ортасында не бар? Иә. Бұл дөңгелек кірді жинап, жуатын барабан. Қайталаймыз.
– Балалар, үстіңгі және ортадағы дөңгелектер бірдей ме? Ортада үлкен дөңгеле бар.

2.2. Техникалар амалдарын көрсету.

Балалардың алдына кір жуу машинасының бейнесіне негіз болатын пішіні тіктөртбұрышты қатты қағаз ілінеді, үстіңгі көлденең шеті сызықпен бөлінген.
Техникаларды орындау үшін ыдысқа салынған көлемдері бірдей дөңгелектер жинақтамасы, үлкен киім түрлерінің бірі жапсырылған дөңгелек керек. Бұндай әртүрлі киімдер салынған дөңгелектер саны бірнешеу.
– Балалар, мен үстіге бірдей дөңгелектер қатарын жапсырамын.
– Бірінші дөңгелектің бетін жаймаға аударамын, қылқалам арқылы шеттерін желімдеймін. Қылқалам тіреушеге, дөңгелекті аударамын, үстіңгі сол жақ бұрышқа жапсырамын, үстінен майлықпен басамын.
Уақытты үнемдеу мақсатында барлық дөңгелек жапсырылған дайын нұсқа көрсетіледі.
– Енді кезек үлкен дөңгелекке, барабанға келді. Мен, ммм ... , көйлекті таңдаймын, сондықтан көйлек салынған дөңгелекті аламын, желімдеймін, жапсырамын. Үстін майлықпен басып, жақсылап сүртемін.
– Міне, менде кір жуу машинасы дайын. Көйлек жуылып жатыр.
– Балалар, сендер де машинаға қажетті киімді жууға салыңдар, жақсылап жапсырыңдар.

2.3. Саусақ жаттығуы. "Кір жуамыз".

Кез келген темпі орташа әуенжазбасы қосылады.
Біз таза баламыз. (бас бармақ жоғары)
Біз кірді жуамыз. (саусақтарды жыбырлату)
Мыжғылаймыз, мыжғылаймыз. (жұдырыққа қысып, ашу)
Үйкелейміз, үйкелейміз. (алақандарды өзара үйкелеу)

Біз таза баламыз. (бас бармақ жоғары)
Біз кірді жуамыз. (саусақтарды жыбырлату)
Қысамыз, ілеміз. (қимылды көрсету)
Жіпке кептіреміз. (үрлеу)

Біз таза баламыз. (бас бармақ жоғары)
Біз кірді жуамыз. (саусақтарды жыбырлату)
Үтіктеймі, үтіктейміз, (қимылды көрсету)
Ойынға киеміз. (шапалақтау)

Саусақ жаттығуы балалар үшін таныс болуы керек, орындауда артық уақыт алмайды, балалардың тақырыпты түсінуге деген ынтасын күшейтеді.

2.4. Жапсыру амалдары тәртібін қайталау.
– Балалар, кір жуу машинасын, жапсыру үшін біз неден бастаймыз? Иә. Сол жақ бұрыштан.
– Кішкентай дөңгелектен бе? Үлкен дөңгелектен бе? Иә. Кішкентайдан.
– Кішкентай дөңгелектерді қалай жапсырамыз? Қатарға жапсырамыз.
– Үлкенді ортаға. Жарайсыңдар.
– Желім бітіп қалса, не істейсіңдер? Иә. Қайта алып, жағамыз. Жақсы.
– Қылқаламды қайда қоямыз? Иә. Тіреушеге. Жақсы.
– Майлық не үшін керек? Желімді сүрту үшін. Тамаша.
2.5. Өздік жұмыс.
Балалардың әрқайсысына тіктөртбұрышты қатты қағаз кескіні, ыдыста бірнеше бірдей дөңгелек, бірнеше киім үлгісі салынған үлкен дөңгелектер жинақтамалары ұсынылады.
Баланың әрқайсысы бір киім үлгісін таңдап, өз дөңгелегін жапсырады.
Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға: "Сен не істеп отырсың?", "Оны қалай жасадың?", "Қайда орналастырдың?" сияқты сұрақтар қойылады.
Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптар алып отыру керек: "сол жақ бұрышқа", "кезек-кезек жапсырамын", "ортаға жапсырамын", "кір жуу машинасы".
Шығармашылық жұмысты таза орындау шарттары тексерілуі керек.
3. ҚОРЫТЫНДЫ
Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.
– Балалар, бүгін біз қандай жақсы әрекеттер жасадық? Иә. Алан мен Дананың киімдерін жуып бердік.
– Ол үшін біз не істедік? Иә. Кір жуу машинасын жапсырдық.
– Самал (Ескендір, Дариға, Бауыржан), сен нені жудың? Жарайсың.

Кейіпкермен қоштасу.
Суретті көрсету.
Алан мен Дана таза киім киіп алды.

– Балалар, қараңдаршы, сендердің көмектерің арқылы Алан мен Дананың киімдері таза болып шықты. Осыдан бастап, олар анасын ренжіптей таза жүреді. Рақметін айтып, сендермен қоштасады. Жарайсыңдар!
– Балалар, бүгін сендер ұқыпты, әдепті, қамқор болдыңдар. Жарайсыңдар! Оқу қызметі аяқталды. Демалайық.

Тақырыбы: Доппен жаттығу

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға ермексаз қасиеттері туралы түсініктер беру, доптың қасиеттері және ойындар түрлері туралы баяндау. Тұтас ермексаз кесектерінен қажетті көлемде бөліктерді үзіп немесе жұлып алып, дөңгелектетіп илеп, үлкен және кішкентай, түрлі-түсті доптарды мүсіндеу техникасын пысықтау; дөңгелектерді қағаз бетінің белгілі жерлеріне жапсыруға үйрету, жазықтықты бағдарлау қабілетін жаттықтыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, ақыл-ой қабілетін дамыту. Балалардың ойындарда белсенді болу қабілеттерін дамыту, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Балаларға дөңгелек пішіні тәріздес заттардың аттарын айтқызып, тілдің белсенді сөздік қорын жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, көркем сөз, сергіту сәті, суретті көрсету, затты зерттеу, мүсіндеу тәсілдерін көрсету, ауада көрсету, өздік жұмыс, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Суреттер сериясы:
1- қолдарын жоғары көтеріп тұрған бірнеше баланың суреті.
2- сол балалардың қолдарында бір-бір доп бар.
Ермексаздан доптар жапсырылған үлгі беті.
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.
Ермексаз жинақтамасы, тақтайша, майлық.
Көрсеткіш.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Түрлі-түсті үлкенді-кішілі доптар, қолдарын жоғары көтеріп тұрған балалардың суреттері, бірнеше бала салынған суреттер, ермексаз жинақтамалары, тақтайшалар, майлықтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қимыл жаттығуы. "Біз алғыр, зерек баламыз".

– Қанекей, балалар, денемізді шынықтырайық!
– Мына себеттерден бір-бір доптан екі қолға алып, шеңберге тұра қалыңдар.
– Жарайсыңдар!
Ырғақты әуенжазбасы қосылады.
Біз алғыр, зерек баламыз,
Допты қос қолға аламыз.
Кезек аяқпен жүріп,
Марш басамыз, марш басамыз.

Көтереміз жоғары, (қолдар жоғары, аяқтың ұшына тұру)
Міне, тұрмыз ұзарып.
Оңға, солға шайқаймыз, (оңға-солқа еңкею, қарама-қарсы аяқ ұштарын алмастырып, қойып тұру)
Допты мықтап ұстаймыз.

Төмен түсіп отырсақ, (аяқты созып, басылып отыру, допты жерге тигізіп, тіреп ұстау)
Алдымызда ойнатсақ,
Доп бір орнында тұрмайды, (доппен ойнау, домалату)
Домалайды, домалайды.

– Балалар, доптарды ортаға қарай домалатып жіберейік.
– Доптар алаңда жата тұрсын. Қазір барлығымыз өз орындарымызға барып отырайық, қызықты іс жасайық.

1.2. Суретті көрсету.

Суретте қолдарын жоғары көтеріп тұрған балалардың бейнелері салынған.

– Балалар, суретте не көріп отырсыңдар? Иә. Балалар не істеп тұр? Балалар қолдарын жоғары көтеріп тұр.
– Мына балалар біз сияқты алғыр, шымыр болғысы келеді. Бірақ олардың ойынайтын доптары жоқ. Қанекей, түрлі доптар жасап көрейік.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Затты зерттеу.
Допты көрсету, қасиеттерін әңгімелеу.
– Алдияр, доптың бірін бері әкеліп берші. Жарайсың!
– Доптың пішіні қандай? Иә. Доптың пішіні дөңгелек. Дөңгелек екенін қалай тексеруге болады? Иә. Домалатуға болады. Жарайсың.
– Домалатып көр. Жарайсың. Отыра ғой.

2.2. Мүсіндеу тәсілдерін көрсету.

– Балалар, дөңгелектерді қалай мүсіндейтінімізді есімізге түсірейік.
– Кесектен бір бөлік үзіп алып алақан арасына саламыз. Бөлікті дөңгелектеп есеміз.
– Қайталайық. Дөңгелектеп есеміз. Жарайсыңдар.
– Ал, енді мен жасалған дөңгелекті тақтайша бетінде домалатып көрейін.
– Балалар, доп домалады ма? Иә. Асқар, жарайсың, домалады.
– Мына суреттегі балаларға тезірек, доптарды үлестірейін.
– Әрбір баланың қолына допты жапсырып беремін.
– Міне, балалар доптармен ойнап тұр.
– Балалар, сендер де өз суреттеріңдегі балаларға доптарды мүсіндеп беріңдер.

2.3. Саусақ жаттығуы.
– Балалар, дөңгелек пішіндерді қалай мүсіндейміз? Кесектен жұлынып алынған бөлікті алақан арасына саламыз. Саусақтарды тік созып, айқастыра айналдырып, бөлікті дөңгелектейміз. Педагог балалардың алақандарын белгілі мүсіндеу тәсіліне сай қойып, қимылдағандарына көңіл аударады.
Дөңгелектеп, дөңгелектеп,
Біз жасаймыз дөңгелекті.
Кім мұқият, кім зерек?
Кімде дайын дөңгелек?
– Бахтияр, суық ермексазды қолмен ұстасақ ол қандай болады? Иә. Ол қатты. Дұрыс.
– Бізге ермексаздың қандай болғаны керек? Иә. Ермексаз жұмсақ болуы керек.
– Дамиля, ермексазды қалай жұмсартуға болады? Иә, оны жылыту керек. Жарайсың.
– Қалай жұмсақ етеміз, кім біледі? Жарайсың, Ерасыл, қолда ұстап отыру керек. Жақсы.

2.4. Өздік жұмыс.
Әрбір баланың алдына қолдарын жоғары көтеріп тұрған балалардың суреті ұсынылады.
Балалардың мүсіндеу тәсілдерін бақылау қажет.
Мүсіндеу барысында балаға: "Сен не істеп жатырсың?" сияқты сұрақты қоюға болады.
Балаға өз қимылдарын, "ермексаздан мүсіндедім", "бөлік жұламын", "дөңгелектеймін" сияқты сөздермен сүйемелдеуге шақыру.
Көмек ретінде тәрбиеші дөңгелектеу техникасын өзінің кесегінде көрсетеді.
Доптардың түсін және көлемін әрбір бала өздігінен таңдайды.
Егер баланың кейбіреуі өз үлгісін басқалардан жылдам жасап қойса, басқа парақтағы салынған балалардың суретін толтыртқызу ұсынылады.
Мүсіндеу іс-әрекеті аяқталғанда балаларға саусақтарын, өз орнын сүлгімен сүрту әдебін айтып отыру шарт.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Жасалған мүсін үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

– Балалар, қараңдар! Біздің қонақ балаларымыздың қолдарында не бар? Иә. Жарайсыңдар, доптар бар.
– Балалар, енді сендер доссыңдар. Мына суреттегі балаларға үлкен көмек бердіңдер. Достар бір-біріне көмектеседі. Қайталайық. Тамаша. Ал, енді барлығымыз доптармен тағы да ойнайық.

Тақырыбы: «Автобус» ойыны

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды автобустың жүргізуші мен кондукторының қызметімен таныстыру, оларға ойынның және қоғамдық көлік ережелерін түсіндіру. Балаларға "Автобус" ойынындағы негізгі рольдер арқылы ойын желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, педагогтің көмегімен қарапайым қатынастарды атқару үлгілерін игерту, ойын шартын, желісін ұстану дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлау, ой-қиял қабілетін дамыту. Балаларды әдептілікке, қоғамдық тәртіпті ұстануға, еңбекті құрметтеу негіздеріне тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

"Кондуктор", "салон", "жолаушы" сөздерінің мағынасын түсіндіру, белсенді сөздік қорға "билетіңізді (карточканы) көрсетіңіз", "рақмет", "сау болыңыз", "қош келдіңдер" сияқты сөздер мен фразаларды енгізіп, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, суретті көрсету, көркем сөз, сурет бойынша әңгімелесу, ойын-жаттығу, сергіту сәті, іс-тәжірибе жаттығуы, өздік ойын әрекеттері, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР
Автобустың аялдамадағы суреті. Аялдамадан автобусқа кірген жолаушылар көрінеді.
Заттар мен құралдар (заттық суреттер): рөл, фуражка, кондуктор желеткесі, автобус билеттері, жол жүру карточкасы.
Автобус жолаушыларына қажет заттар және заттардың суреттері: сөмкенің бірнеше түрі, смартфондар, жалауша, ойыншықтар.
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.
Көшелердің бойында ауысып жатқан үйлер тізбегі туралы бейнеролик.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Смартфон-ойыншықтар, ойыншық сөмкелер, ойыншықтар, жолаушының билеттері, карточкалар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Суретті көрсету.
Аялдамаға тоқтаған автобустың суреті көрсетіледі. Жолаушылар автобусқа кіріп жатыр.

Сурет бойынша әңгімелеу.
– Балалар, бұл не? Иә. Автобус. Жарайсыңдар.
– Автобус қайда тұр? Иә. Автобус аялдамада тұр.
– Автобустың рөлінде кім отыр? Иә. Жүргізуші отыр. Жүргізуші автобусты жүргізеді.
– Салонның бір жағында кім тұр? Иә. Бұл – кондуктор. Қайталаймыз. Жақсы.
– Кондуктор билеттерді тексереді. Кімнің билетін тексереді екен?
– Салонда кімдер отыр? Иә. Жолаушылар отыр. Жолаушылар автобусқа аялдамадан отырады. Өздеріне керекті басқа аялдамаға жеткенде автобустан түседі.
Әңгімелесу мазмұны қысқа және қарапайым формада құрастырылуы мүмкін, бұл жағдай педагогтің шеберлігіне, балалардың дайындығына байналысты.

1.2. Көркем сөз. "Автобус".
Автобус терезесі көп үй сияқты,
Ішіне көп адамды салып алыпты.
Автобус үй болып, орнында тұрмайды,
Біресе жүреді, біресе тоқтайды.
Автобусты жүргізеді жүргізуші,

Болады автобуста билет тексеруші.
Бірақ ең көп жолаушылар болады,
Салон біресе азаяды, біресе толады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. "Автобуста кім бар?" ойын-жаттығуы.
Мақсаты. Автобуста бар адамдардың орнын анықтау, атауларын пысықтау.
Шарты. Автобуста қызмет жасайтын және қызмет алатын адамдарды қызметтеріне, орнына сай ажырату шарт.
Барысы.
Заттар мен құралдар (заттық суреттер) топтамасы: рөл, фуражка, кондуктор желеткесі, автобус билеттері, жол жүру карточкасы.
Автобус жолаушыларына қажет (заттар) суреттер: сөмкенің бірнеше түрі, смартфондар, жалауша, ойыншықтар.

Балаларға өзара араласқан суреттер (заттар) үстел бетіне салынады.
– Балалар, мына суреттер арасында жолаушылардың заттары бар. Сендер жолаушылар ұстайтын заттар салынған суреттерді мына тақтаға жинайсыңдар. Ал қалған суреттерді мен екінші тақтаға орналастырамын.
Суреттер саны балалардың санына сай болуы тиіс. Кейбір суреттер бірнеше данадан болуы мүмкін.
– Балалар, өз орындарыңа отырыңдар. Біз нені жинағанымызды көрейік.
– Әлия, жолаушылар қандай заттарды ұстайды? Айтып көрші. Жолаушылар сөмке, телефон, жалауша, ойыншықтар, карточка, билет ұстайды.
– Ермек, ал мына тақтада кімнің заттары бар? Жүргізушінің бас киімі, рөлі, желеткесі. Тамаша. Мына заттарды есте сақтаңдар.

2.2. Ойынды іске асыру.
"Автобуста қалай жүреміз" іс-тәжірибе жаттығуы.
Балалар үшін орындықтар екі қатар болып тізіліп қойылады, қатарлардың арасы кең болуы тиіс. Бір қатардың бас жағы "жүргізушінің" орны болып белгіленеді.
Балалар өз қалаулары бойынша смартфондар, сөмкелер, ойыншықтарды алып, өз орындарында педагогтің түсіндіргенін тыңдайды.
Балалардың жастары кішкентай болуына байланысты, кондуктордың ролін алғашында педагог өзі атқарады.
– Балалар, мен автобустың жүргізушісімін. Біз автобустың салонындамыз.
– Құрметті жолаушылар, біздің автобус "Астана" аялдамасына келді! Отырыңыздар! Бір билеттен алыңыздар!
Балалар "салонға" шақырылады. Билеттер жеке қорапшада жинақталып жатады.
Егер балалардың саны көп болса, билеттерді "салонда" таратуға болады.
Балалардың өз орындарына отыруы бақыланады.
Ойынның басында педагог өзі кондуктор болады.
– Құрметті, жолаушылар, билеттеріңізді көрсетіңіздер!
– Жолаушылар, біз автобуспен әрі қарай жүріп барамыз.
– Біз қазір үлкен алаңнан өтіп барамыз! Қараңыздар, қандай биік үйлер бар!

Бейнероликті көрсету.
Көше бойында автобустың жүргені туралы бейнеролик көрсетіледі.

– Қандай тамаша!
Егер кейбір балалар ойынға қатысқылары келмесе, олар үшін бос орындар болуы тиіс, олар ойынды бақылауға мүмкіндік алады.
Кейбір балалар өзге балаларды қайталайды, бұл да нәтиже болып саналады.
Балалар осы ойында сөздік қатынастарға көп түспесе де, топта өздерін белгілі рольде болғандарына сеніп, өз ролінің сипатын тануға мүмкіндік алады.

2.3. Сергіту сәті. "Автобус жолаушылары".
Аялдамаға тоқтайды,

Көптен күткен автобус.
Тоқтатып, пипылдайды,
Жүргізуші ағамыз.

– Жолаушалар, жүріңдер!
Төрге шығып, кіріңдер!
Рөлді бұрап жүремін,
Жолды жақсы білемін.

– Біз билетті аламыз,
Жолды төлеп барамыз.
Ау, автобус тоқтама!
Жолда көп аялдама.
– Ал, жолаушылар, аялдамаға шығайық! Серуендейік. Автобус бізді күте тұрсын.
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.

Педагогтің айтқан сөздері балалардың ырғаққа сай қимылдарымен сүйемеледенеді.
Педагогтің дауысы мен сөздері неғұрлым нақтылы айтылған сайын, балаларда жағымды эмоциялардың туындауына септігін тигізеді.

2.4. Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Автобус".
Балалар арасынан бір-екі бала таңдалып, педагог тарапынан жүргізуші мен кондуктор ролін атқаруға тағайындалады.
– Балалар, автобусқа жүргізуші керек. Алдияр, бүгін жүргізуші боласың. Жүргізушінің бас киімі мен желеткесін киіп, рөлді ұста.
– Алдияр, орныңа отырып, автобусты жүргізгеніңді көрсетші... Жарайсың.
– Сәбира, кондуктор боласың. Сәбира, жолаушыларға билетті тарата ғой. Жарайсың. Жолаушыларды автобус салонына шақыра ғой!
Балалар отырғаннан кейін оларға сұрақ қойылады:
– Балалар, сендер автобусқа отырдыңдар. Сендер кімсіңдер? Иә. Жолаушыларсыңдар.
– Жүргізуші Алдияр, автобусты жүргізе ғой! Рөлді бұра! Кеттік!
– Сәбира, жолаушылардың билеттерін тексер! Жарайсың!
Балалар автобусқа "отырғанда" көңілді, дыбысы баяу әуен қосылады.
– Жарайсыңдар! Автобус жақсы жүріп келе жатыр.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау және оқу қызметін пысықтау.
Қорытындыны балалардың "салонда" отырған кезінде жасауға болады.
– Балалар, біз бүгін қандай ойын ойнадық?
– "Автобус" ойынын ойнадық. Жарайсыңдар.
– Балалар, біз кім болдық? Жолаушылар болдық. Жарайсыңдар.
– Барлығымыз жолаушы болдық па? Иә. Алдияр жүргізуші болды. Сәбира кондуктор болды. Тамаша.
– Біздің жүргізуші мен кондуктор еңбекқор, әдепті болды. Жарайсыңдар.
– Балалар, сендер де бүгін автобуста шуламай, әдепті бала болдыңдар. Ата-аналарыңа сендерді мақтаймын. Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.
Балалар шаршамай уақыт жеткілікті болса, балалардың ойынға деген қызығушылығын сақтау керек, оларға өз еркімен ойнауға мүмкіндік беріледі.

МКҚК №13 «Гүлдер» бөбекжай балабақшасы

«БЕКІТЕМІН»
МКҚК №13 «Гүлдер» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі:
М.Бибосынова

«Аққөгершін» ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылына арналған Вариативтік компоненті

Тексерілді:

Әдіскер: Мүсірепова С.

2022-2023 оқу жылы

Ортаңғы «Аққөгершін» тобы
Вариативті компонент
Шығармашылық және Әлеумет

2022-2023 оқу жылы

№	Ай аттары	Тақырыптары	Сағат саны
	Қыркүйек		
1		«Отбасы» ойыны	0,5
2		Бақа	0,5
3		«Наубайхана» ойыны	0,5
4		Жапырақтар түсіп жатыр	0,5
	Қазан		
5		«Жемістер мен көкөністер дүкені» ойыны	0,5
6		Пеште тандыр нан пісіреміз	0,5
7		«Құстар фермасы» ойыны	0,5
8		Қарбыздың бөлігі	0,5
	Қараша		
9		Қоянның жаңа тоны	0,5
10		«Кітапхана» ойыны	0,5
11		Алақай, қыс келді!	0,5
12		«Үй құрылысы» ойыны	0,5
	Желтоқсан		
13		Шыршаны безендірейік	0,5
14		«Ойыншықтар дүкені» ойыны	0,5
15		Жылы бөкебай	0,5
16		«Аурухана» ойыны	0,5
	Қаңтар		
17		Аңдарға қысқы үйшік	0,5
18		«Жануарлар фермасы» ойыны	0,5
19		Түрлі балықтар жүзіп жүр	0,5
20		«Шаштараз» ойыны	0,5
	Ақпан		
21		Құстың балапаны	0,5
22		«Техника дүкені» ойыны	0,5
23		Піспенан	0,5
24		«Киімдер дүкені» ойыны	0,5
	Наурыз		
25		Ғарыш аспаны әдемі	0,5
26		«Жиһаздар дүкені» ойыны	0,5
27		Үш аюдың шелектері	0,5
28		«Жанармай құю станциясы» ойыны	0,5
	Сәуір		
29		Танк	0,5
30		«Ас әзірлеу» ойыны	0,5
31		Көк қанатты көбелек	0,5
32		«Бақшаны егеміз» ойыны	0,5
	Мамыр		
33		«Жол қозғалысы» ойыны	0,5
34		Кір жуу машинасы	0,5
35		«Автобус» ойыны	0,5
36		Доппен жаттығу	0,5

Тақырыбы: «Отбасы» ойыны

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға отбасы ұғымын түсіндіру, отбасы мүшелерінің отбасы құрамындағы атқаратын әрекеттерін пысықтау, отбасыда құралдарды қолдану қажеттіліктерімен таныстыру; ойын ережелерін түсіндіру. Балалардың ойын желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, қатынастарда қарапайым сұрақ қою, жауап беру үлгілерін игерту, шағын және топтық арақатынастарға түсе білу, ойын шартын ұстану дағдыларын қалыптастыру, ой-қиялын жетілдіру. Балалардың отбасына деген сүйіспеншіліктерін қалыптастыру, үлкенге құрмет қағидаларының негіздерін қалау, әдептілікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

"Отбасы" сөзінің мағынасын түсіндіру, белсенді сөздік қорға "үйретіңізші", "көрсетіңізші", "ойнайықшы", "кім ата-ананы тыңдап, оларға бағыну керек" сияқты сөздер мен фразаларды енгізіп, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Суретті көрсету, көркем сөз, кіріспе әңгімелесу, пантомима ойын-жаттығу, сөздік жаттығу, сергіту сәті, өздік ойын әрекеттері, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Отбасы суреті.
Заттық суреттер: балға мен шеге, теледидар, нан дүкені, жіптер мен біздер, кастрөл мен ожау, торт, балмұздақ, шаңсорғыш, сыпырғыш, су құйғыш пен үй өсімдігі, шәйнек пен кесе, су құбырының астына қойылған ыдыстағы алмалар, сөредегі ойыншықтар, шамды бұрап жатқан қолғаптағы қолдар.
Отбасы мүшелерінің жеке суреттері.
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Отбасы мүшелерінің шынайы өмірде қолданатын заттары: тақия, бас орамалы, көзілдірік, кепкі, алжапқыш, желетке; қорапшаларда ойыншық күйінде пластиктен жасалған жеке заттар немесе нақпішіндер: балға мен шеге, қысқыш, жеміс-көгөністер, торқапшық, жіптер мен біздер, кастрөл мен ожау, торт, балмұздақ, шаңсорғыш, сыпырғыш, су құйғыш, шәйнек пен кесе, корапшадағы ойыншықтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Суретті көрсету.
Отбасының суреті көрсетіледі.
– Балалар, бұл кімдер? Иә, бір сөзбен айтқанда, бұл – отбасы. Қайталаймыз.
Көркем сөз. "Отбасы деген ..."
Отбасы деген жылы ошақ,
Жылы құшақтарымен баурайды.
Үнемі жанында, сені қоршап,
Жүрекке махаббат сыйлайды.

Отбасы деген атаң, әжең,
Ата-анаң. Оларға сен өте ұқсайсың.
Отбасыда ағаң сенің және әпкең,
Іні-бауырың да бар, онымен ойнайсың.

1.2. Кіріспе әңгімелесу.
– Балалар, сендердің отбасыларыңда кімдер бар?
Балалар өз отбасыларының адамдарын айтады.
Педагог балалардың айтулары бойынша отбасы мүшелерінің суреттерін панноға, бір қатарға тізіп жатады.
– Бір сөзбен мына адамдар бірге қалай айтылады? Иә. Мынау – отбасы. Жарайсың, Еркебұлан.
– Балалар, отбасында кім ең құрметті адам? Иә. Ата – ең құрметті адам.
– Егер ата болмаса, кім ең құрметті адам болады? Әке – ең құрметті адам. Жарайсыңдар.
– Кім ата-ананы тыңдап, оларға бағыну керек? Балалар ата-ананы тыңдап, оларға бағыну керек. Жарайсыңдар.
– Кішкентайлар үлкенді неге тыңдайды? Үлкендердің ақылы көп. Үлкендердің қолынан көп іс келеді. Кішкентайлар олардан үйренеді. Жарайсыңдар.
Балалар ойларын айтады. Педагог қысқа түйіндеме жасап отырады.
– Үлкендерден нені үйренуге болады екен? Көрейік. Бүгін біз "Отбасы" ойынын ойнамыз.
Әңгімелесу мазмұны қысқа және қарапайым формада құрастырылуы мүмкін, бұл жағдай педагогтің шеберлігіне, балалардың дайындығына байналысты.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. "Не үшін?" пантомима жаттығуы.
Балалар ортағашақырылады.
Отбасы мүшелерінің әрекеттеріне қатысты суреттер топтамасы қолданылады: балға мен шеге, теледидар, нан дүкені, жіптер мен біздер, кастрөл мен ожау, торт, балмұздақ, шаңсорғыш, сыпырғыш, су құйғыш пен үй өсімдік, шәйнек пен кесе, су құбыры астына қойылған ыдыстағы алмалар, сөредегі ойыншықтар, шамды бұрап жатқан қолғаптағы қолдар.

Кез келген сурет көрсетілгенде балалар оған қарап, белгілі қимылдар жасайды. Мысалы, кітап көрсетілсе қолдарды жайып, оқып отыру қимылы көрсетіледі.
Суреттердегі заттардың керектігі айтылған сайын, әрқайсысы тағы бір панноға бөлек тізіліп жатады.
– Балалар, мен көрсеткен суретке қарап, онымен не істейтінімізді көрсетіп көрейік. Көрсеткеннен кейін, қимылдарды сөзбен айтамыз.
Жалпы, суреттер саны балалардың дайындығына сәйкес қолданылады.

2.2. "Кім не істейді?" ойыны.
Мақсаты. Отбасы мүшелерінің өзара сөздік қатынасқа түсу негізгі принциптерін игерту, қарапайым фразаларды айтқызу.
Шарты. Балалар ата, әже, әке, ана, бала сияқты отбасы мүшелерінің атрибуттарын қолданып, белгілі әрекеттерді жасауы шарт.
Барысы.
– Балалар, ал енді отбасы мүшелерінің қолынан не келеді, түсініп алайық.
Балалардың алдына екі паннода екі бөлек суреттердің топтамалары ілінеді. Сол жақ паннода отбасы мүшелері, оң жақта отбасы мүшесінің әрекеттеріне қатысты суреттер қайта ілінеді.
– Балалар, қойылған сұрақты мұқият тыңдаңдар. Осы суреттердің бірін алып, қай отбасы мүшесіне келсе, соның суретінің астына қоясыңдар.
– Кім шығып айтады?
– Асылбек, ата үйде не істейді?
– Ата шеге қағады. Ата кітап оқиды. Ата теледидар көреді. Ата дүкенге барады. Осы суреттерді тауып, атаның суретінің астына тізе ғой. Жарайсың.
Педагог суреттердің тиянақты орналасуын өзі қамтамасыз етеді.
Балалар кезекпен айтып, отбасы мүшелері суреттерінің астына, өздерінің қалауларына қарай кез келген белгілі бір әрекетті білдіретін суретті орналастырады.

2.3. Сергіту сәті. "Отбасымда кім бар?"
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.

Отбасымда атам бар, топ-топ-топ, мені ойнатар (сап түзеп бір орында тұру).
Отбасымда әжем бар, ол тәп-тәтті нан жабар (алақандарды кеуде алдында ішке қарай айналдыру).
Отбасымда әкем бар, тоқ-тоқ-тоқ кілем қағар (жұдырықпен кеудені соққылау)

Отбасымда анам бар, тап-таза еден жуар (алдыға еңкею).
Отбасымда мен де бармын, тәртіпті бала болармын (алақандарды кеудеге қойып, оң-солға еңкею).

Жаттығу оқу қызметінен тыс уақытта өткізіліп, балалар үшін таныс болу шарт. Сонда жаттығу белгілі уақыт мерзімін алып, балалардың көңілдері көтеріңкі болуына септігін тигізеді.

2.4. Ойынды іске асыру.
"Кім боламын?" жаттығуы.
Балаларға әрбір отбасы мүшесі болу мүмкіндігі беріледі. Ол үшін жеке тұрған үстелге бөлек бірнеше атрибуттар дайындалады: тақия, бас орамалы, көзілдірік, кепкі, алжапқыш, желетке. Сонымен қоса, қорапшаларда ойыншық күйінде жеке заттар немесе нақпішіндер ұсынылады: балға мен шеге, қысқыш, жеміс-көгөністер, торқапшық, жіптер мен біздер, кастрөл мен ожау, торт, балмұздақ, шаңсорғыш, сыпырғыш, су құйғыш, шәйнек пен кесе, корапшадағы ойыншықтар. Балалардың жастары кішкентай болуына байланысты, рольдерді таңдауларына көмек жасау үшін, педагог басты кейіпкерлерді өзі үлестіреді. Балалардың іскерліктеріне, арақатынастық қабілеттерінің дамуына сай, педагог мына сияқты сұрақ-өтінімдерді айтуы мүмкін: "Қамбар, сен ата бола ғой ... Не таңдайсың? Дария, сен әже боласың ба? Басыңа не байлайсың?"
Белгілі рольдерге таңдалған балаларға ойын алаңындағы орындары көрсетіледі.
Егер балалар саны көп болса, топты екі отбасы топтамаларына бөліп ұйымдастыруға болады. Егер кейбір балалар ойынға қатысқылары келмесе, ойынды бақылап отыруға мүмкіндік беріледі.
Балалар киініп алғаннан кейін, мына сияқты сөздерді айтып, рольдің сипатын тануға серпіліс алады.
"Қандай болайын?" жаттығуы.
Әкем менің, Сіз сияқты мықты болайын,
Анам менің, Сіз сияқты білгір болайын.
Атам менің, Сіз сияқты шебер болайын,
Әжем менің, Сіз сияқты ісмер болайын.
Ақылға ақыл қосып, күнде өсіп тұрайын,
Отбасыма өскенде үлкен үй салайын.

2.5. Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Отбасы".
– Балалар, мынау біздің үйіміз, Қамбар – атасы, Дария – әжесі, Сырым – әкесі, Самал – анасы ... Міне, отбасыда қаншама балалар бар екен ...
– Балалар, өз ойыншықтарың мен заттарыңды алып, әрекеттер жасауға болады.
Педагог ойын барысында балаларға сұрақтар қойып, жауаптарын тыңдап жүреді.
"Сен, кімсің? "Сен істеп жатырсың?", "Жасағаныңды кімге көрсетесің?" сияқты сұрақтар қойылады. Егер, кез келген бала өз қимылын түсіндіре алмаса, жанындағы баладан: "Самал не істеді?"– деп сұрауға болады.
Педагогтің өзі отбасы мүшелерінің бірі болып, кез келген баланың қасына барып, кейіпкер тарапынан сүйемелдеуші сұрақтар қояды. Мысалы: "Ата, Сіз не істеп жатырсыз?", "Ана, Сіз маған (балаларға) не пісіріп бересіз?", "Әмір, мен де сенімен ойнайыншы ... Маған қандай ойыншық бересің?"
Отбасы мүшелерін сомдаған балаларға, мына сияқты өтінімдерді айтып, әрекеттер жасатуға болады: "Дария әжей, маған бөкебайды тоқуды үйретіңізші", "Сырым әке, маған шегені қалай қағуды көрсетіңізші", "Қайрат, ойыншықпен қалай ойнайсың, көрсетші."
Әрбір баланың қимылдарын, сұрақ қойғандарын, жауап бергендерін мақтап, қолдау керек.
Ойынның соңында балаларға заттар мен ойыншықтарды өз орындарына салып қоюға уақыт беріледі. Құралдар мен ойыншықтардың тез жиналуы үшін, бірнеше қорапшалар үлестіріледі.

3. ҚОРЫТЫНДЫ
Мақтау және оқу қызметін пысықтау.
– Балалар, қандай тамаша ойын ойнадық! Солай ма?
– Қандай ойын ойнадық? Иә. "Отбасы" ойынын ойнадық.
– Қарлығаш, балалар неге үлкендердің тілін алу керек? Иә. Үлкендер көп біледі. Үлкендер кішкентайларды үйретеді. Жақсы.
– Балалар, бүгін сендер белсенді, ұйымшыл болдыңдар. Үлкендердің тілін алдыңдар, көпке үйрендіңдер. Жарайсыңдар. Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Тақырыбы: Бақа

Оқу қызметінің мақсаты
Балаларды бақа денесінің негізгі құрылымымен таныстыру, бақаның мезгілге сай тіршілігі туралы мағлұматтар беру. Көлемі және орналасуы түрлі сопақша пішіндерін бір тұтас бақа бейнесіне біріктіріп, жапсыру амалдарына үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшерін, зейінді, ақыл-ой қабілеттерін дамыту. Табиғат құбылыстарын бақылауға деген қызығушылықтарын ояту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс
Сөздік қорды "бақаның көзі бадырақ", "беті жалпақ", "сопақша" сияқты сөздер арқылы жетілдіру.
Әдіс-тәсілдер
Аудиожазбаны тыңдау, көркем сөз, сергіту сәті, суретті көрсету, затты зерттеу, мүсіндеу тәсілдерін көрсету, ауада көрсету, өздік жұмыс, мақтау, оқу қызметін пысықтау.
Құрал-жабдықтар
1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР
Аудиожазбаны тыңдау.
Бақа дыбысының аудиожазбасы.
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.
Бақаның суреті.
Тіке жатқан қағаз бетіне жапсырылған бақаның үлгісі. Бақаның денесі сопақша, басы сопақша (көлденең), қол-аяқтары да сопақша, көлемі шағын.
Тіке жатқан қағазда бір-біріне перпендикуляр тиістіріліп салынған екі сопақшаның сызбасы.
Жапсыруға ыдыста екі көлемі бірдей, үлкен сопақша, төрт кішкентай сопақша, екі кішкентай дөңгелек жасыл түсті пішіндер жинақтамасы.
Жапсыруға қажетті құралдар: ыдыста желім, қылқалам, қылқаламға тіреуше, жайма (төсеніш), майлық (сүлгі).
2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР
Тіке жатқан қағазда бір-біріне перпендикуляр тиістіріліп салынған екі сопақшаның сызбалары.
Ыдыстарда екі көлемі бірдей, үлкен сопақша, төрт кішкентай сопақша, екі кішкентай дөңгелек жасыл түсті пішіндер жинақтамалары.
Жапсыруға қажетті құралдар: ыдыста желімдер, қылқаламдар, қылқаламға тіреушелер, жаймалар (төсеніш), майлықтар (сүлгі).
Оқу қызметінің барысы
1. КІРІСПЕ БӨЛІМ
1.1. Аудиожазбаны тыңдау.
Бақаның дыбысы естіледі.
– Балалар, естіп отырсыңдар ма? Бұл не?
Көрейікші.
Суретті көрсету.
Бақаның суреті көрсетіледі.
– Бақа, сен бұнда не істеп жүрсің? Қайдан келдің?
1.2. Көркем сөз.
Мына сөздерді жұмбақ ретінде де қолдануға болады.
Бақа:
– Менің мекенім – батпақ,
Басым үлкен, жалпақ.
Мен ешқашан да жатпаймын,
Отырамын да бақылдаймын.
Ытқып секіремін, жүрмеймін,
Аузым үлкен болса да күлмеймін.
– Балалар, қыста мен ұйқыға кетемін. Қазір күз болса да, ешкім менімен бірге ән айтыспайды. Сендердің ойындарыңды көрейінші.
Педагог:
– Балалар, біз мына бақа сияқты көп бақа жасап берсек, олар бақылдап, ән айтысады. Бақаға достар жасаймыз ба? Ендеше бастайық.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу. "Бақа".

Балаларға тіке жатқан қағаз бетіне жапсырылған бақаның үлгісі көрсетіледі: денесі сопақша, басы сопақша (көлденең), қол-аяқтары да сопақша, көлемі шағын.

– Балалар, бақада не бар? Алтынай, айта ғой. (Көрсеткішпен көрсету). Басы, денесі, аяқтары, көздері. Жарайсың.

– Құндыз, бақаның түсі қандай? Иә. Түсі жасыл. Бақаға жасыл болу не үшін керек? Иә. Шөптің арасына жасырынып отыру үшін. Шөптің арасында бақа көрінбейді.

– Балалар, бақаның суретіне қараса, қандай пішіндерді көруге болады? Иә. Сопақшаларды көреміз. Жарайсың, Шырын.

Көрсеткішті қолданып отыру.

– Сопақшалардың көлемі бірдей ме? Бірдей емес. Қандай сонда? Үлкен және кішкентай. Жарайсыңдар.

2.2. Жапсыру амалдарын көрсету.

Балаларға тіке жатқан қағазда бір-біріне перпендикуляр тиістіріліп салынған екі сопақшаның сызбасы көрсетіледі.

Жапсыруға екі көлемі бірдей, үлкен сопақша, төрт кішкентай сопақша, екі кішкентай жасыл түсті дөңгелек пішіндер қажет болады.

– Балалар, мынау бақаның сызбасы.

– Абылай, мынау не болуы мүмкін? Бұл бақаның денесі мен басы.

– Осы дене бөлшектерін бірінші тәртіпте жапсырамын.

Уақытты үнемдеу мақсатында, бөлшектің барлығы желімденіп дайын жатуы керек.

– Пішінді желімдеу үшін, оны арғы жаққа аудару керек. Желімді пішіннің шеттеріне жағамын. Сызбаның үстінен тура салып жапсырамын, майлықпен сүртемін.

– Басында осы тәртіпте желімдеп, сызбаның суретіне қарап жапсырамын.

– Дариға, тағы жапсыратын не қалды? Иә. Бақаның аяқтары. (Көрсету).

– Балалар, міне, бақаның жанына тағы бір бақа келді. Сендер де осындай сүйкімді достарды жапсырып, жасап көріңдер.

2.3. Саусақ жаттығуы. "Бақалар".

Біз көңілді баламыз, (алақандарды алға ашып көрсету)
Біз бақалар боламыз, (төрт саусақты біріктіріп, бас бармаққа соққылау)
Саусақтарды тікірейтіп, (саусақтарды созу)
Шапалақты соғамыз. (шапалақтау)

Біз көңілді баламыз, (алақандарды алға ашып көрсету)
Біз бақалар боламыз, (төрт саусақты біріктіріп, бас бармаққа соққылау)
Алақандарды көрсетіп, (алақандарды алға ашып көрсету)
Оңға, солға бұлғаймыз. (алақандарды синхронды шайқау)

Педагог саусақ жаттығуын ұйымдастыру кезінде сөйлеудің мәнерлі оқу құралдарын қолдануға міндетті.

Балалар қимылдарды орындай отырып, сөздерді педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай айтып отырады.

2.4. Жапсыру амалдары тәртібін қайталау.

– Балалар, бақаны жапсырғанда жұмысты неден бастаймыз? Үлкен сопақшалардан бастаймыз. Жарайсыңдар.

– Кішкентай сопақшалар не болады? Иә. Аяқтары болады.

– Балалар, артық желімді немен сүртеміз? Иә. Майлықпен сүртеміз. Жарайсыңдар.

2.5. Өздік жұмыс.

Әрбір баланың алдына тіке жатқан қағазда бір-біріне перпендикуляр тиістіріліп салынған екі сопақшаның сызбасы, жапсыруға ыдыста екі көлемі бірдей, үлкен сопақша, төрт кішкентай сопақша, екі кішкентай жасыл түсті дөңгелек пішіндер жинақтамалары беріледі.

Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға "Сен не істеп отырсың?", "Оны қалай

жасадың?", "Қайда орналастырдың?" сияқты сұрақтар қойылады.
Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптарды алып отыру керек: "бақаның көзі бадырақ", "беті жалпақ", "сопақша", "желімді жағамын", "сүртіп аламын".
Балалардың жұмысты орындау техникалары, тазалықты сақтау әдебі бақыланады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

– Балалар, сендер бүгін не жапсырдыңдар? Иә. Бақаны жапсырдыңдар. Жарайсыңдар.
– Балалар, қаншама көп бақаның шыққанын көріп отырсыңдар? Біздің бақа өзімен бірге ән айтысатын достардың табылғанына қуанышты.
– Қорлан, сен бақаның басын жапсырғанда нені байқадың? Бақаның басы жалпақ, сопақша сияқты.
– Бүгінгі оқу қызметінде сендер өте ұғымтал, байқағыш және зерек болдыңдар. Бақалар өте әдемі болып шықты. Жарайсыңдар. Сау болыңдар.

Тақырыбы: «Наубайхана» ойыны

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға наубайхана жөнінде түсінік беру, наубайшы мамандығымен таныстыру, нан өнімдері туралы ұғымдарды пысықтау, ойын ережелерін түсіндіру. Балалардың "Наубайхана" ойыны желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, қатынастарда қарапайым сұрақ қою, жауап беру үлгілерін игерту, шағын және топтық арақатынастарға түсе білу, ойын шартын ұстану дағдыларын қалыптастыру, ой-өрісі қабілетін жетілдіру. Балаларды ересектің еңбегін құрметтеуге баулу, ұқыптылыққа, әдептілікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

"Наубайхана" сөзінің мағынасын түсіндіру, белсенді сөздік қорға нан өнімдерінің атауларын, "наубайшы" сөзін, "ұннан нан илейді" сөз тіркестерін енгізіп, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Суретті көрсету, көркем сөз, кіріспе әңгімелесу, дамытушы жаттығу, сергіту сәті, тәжірибе жаттығуы, өздік ойын әрекеттері, қарым-қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Еркежан әжейдің нан пісіргені туралы суреттер сериясы.
Заттық суреттер: сүт құйылған шыны ыдыс, ағаш қасық, қамырды илеу үшін шұңғыл ыдыс, ұн, жұмыртқа, тұз, тоқаш, нан, тандыр нан, нан пісіретін пеш.
Наубайханада нанды пісіріп, басына ақ қалпақ, ақ алжапқыш киіп, тұрған наубайшының суреті.
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.
Қалпақ, алжапқыш, қамыр кесегі, тақтайша, майлық.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Қалпақтар мен алжапқыштар.
Нан өнімдері түрлерінің заттық суреттері: тоқаш, қалаш, піспенан (печенье), батон.
Табақшаға салынған тұздалған қамыр кесектері, тақтайшалар, майлықтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Суреттер серияларын көрсету.
Балаларды жарты шеңберге шақырып, тақпақты еске түсіру, барлығына бірге айтқызу.

Көркем сөз.
1-сурет.

Еркежан Әжей сүт құйылған мөлдір ыдысты ұстап тұр. Көгалда, әжейдің ағы жағында сиыр тұр.
Еркежан әжей
Таң атпай тұрды,
Таң атпай тұрды,
Сиырын сауды.

2-сурет.

Еркежан Әжей ұнға жұмыртқа жарып, қамыр илегелі жатыр. Үстел үстінде ұн, жұмыртқа, тұз тұр.
Еркежан әжей
Нан қамырын иледі,

Нан қамырын иледі,
Ыдысқа салды.

3-сурет.

Еркежан Әжей тоқаштар салынған табақшаны ұстап тұр. Үстел үстінде шәйнек, кеселер, қант, кәмпиттер тұр.
Еркежан әжей
Тоқаш пісірді,
Тоқаш пісірді,
Ұнтақты септі.

1.2. Кіріспе әңгімелесу.
– Балалар, біз кім туралы тақпақты оқыдық? Қандай қимылдар жасадық?
Балалар өз жауаптарын айтады.
Педагог балалардың айтулары бойынша тақпақта кездескен бейнелердің суреттерін панноға, бір қатарға тізіп жатады.
Суреттер тізбегі: сүт құйылған шыны ыдыс, ағаш қасық, қамырды илеу үшін шұңғыл ыдыс, ұн, жұмыртқа, тұз, тоқаш, нан, тандыр нан, нан пісіретін пеш.

– Балалар, бұл заттардың барлығы не үшін керек екен? Кімге керек?

Суретті көрсету.
Наубайханада нанды пісіріп, басына ақ қалпақ, ақ алжапқыш киіп, тұрған наубайшының суреті көрсетіледі.

– Балалар, мына суретте нені танып тұрсыңдар?
Балалар суреттегі адам және нан туралы ойларын айтады.
– Балалар, бұл – наубайшы. Қайталаймыз. Наубайшы нан пісіреді. қайталаймыз. Жарайсыңдар.
– Ал, бұл жерді наубайхана деп айтамыз. Наубайхана. Жарайсыңдар.
– Балалар, наубайшы нені киіп алды? Иә. Ақ қалпақ, ақ алжапқыш киіп алды.
– Ал, мына тұрған не? Иә. Бұл нан пісіретін пеш. Пештің іші ыстық, оған иленген қамырды салады.
– Біз де, балалар, бүгін біз "Наубайхана" ойынын ойнаймыз. Қамырды илеп, наубайшы боламыз.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ойын мазмұны туралы келісу, рөлдерді бөлу.
– Балалар, "Наубайхана" ойынын ойнау үшін, біз осы ойында нені жасайтынымызды есте сақтауымыз керек.
– Біріншіден, кім наубайшы болғысы келеді?
– Наубайшы болу үшін біз алжапқыш пен қалпақты киіп алуымыз керек.
Балаларға атрибуттарды киіп алуға мүмкіндік беріледі.
– Тағы да біз не істеуміз керек? Қандай нан өнімдерін пісіретінімізді ойлауымыз керек.

2.2. "Ұннан не жасалады?" дамытушы жаттығу.
Балалардың алдына бір үстелге нан өнімдері түрлерінің суреттері жайылады (немесе панноға тізіледі): тоқаш, қалаш, піспенани (печенье), батон.
Суреттер саны балалардың санына сай және бала санынан артық болуы тиіс. Бір үлгіні бірнеше бала қаласа, тиісті сурет болуы қажет.

– Балалар, өздеріңе ұнайтын нан өнімдерінің бірін таңдап алыңдар.
– Томирис (Әлия, Ақбар, Арсен), сен нені таңдадың? Жарайсың.
– Балалар, бұндай пішіндегі қамырларды жасау үшін біз, біріншіден, не істейміз?
– Нан (қамыр) илейміз.
–Олай болса, ұннан нанды илеп көрейік.

Жаттығу аяқталғанда әрбір бала өзі таңдаған суретін орнына апарып қояды, орнында жаттығу жасайды.

2.3. Сергіту сәті. "Нан илейік".

Жеңімізді түрейік (ашық алақандарды бір-біріне үйкеу),
Нан илейік, нан илейік (алақандар төмен, қолдарды алға созу, кеудеге жинау).
Домалатып, орайық (қолдарды кеуде алдында шынтақ бүгіп, өзара айналдыру),
Ыстық пешке саламыз (қолдар белде, сап түзеу).
Тазалықты сақтаймыз (шапалақтау),
Аппақ ұнды қағамыз (еңкейіп, алақанды тізеге қағу).
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.
Балалар педагогтің соңынан қимылдармен көрсетіп отырады.

2.4. Ойынды іске асыру.
"Наубайшы қамырдан не жасайды?" тәжірибе жаттығуы.
Жаттығу мүсіндеудің бірнеше тәсілдерін қайталау болып табылады.
Балалардың әрқайсысы үшін үстелдерде табақшаға салынған тұздалған қамыр кесектері, тақтайша, майлық (алдын-ала) үлестіріледі.
– Балалар, алдарыңдағы қамырларды илеу алдында тәсілдерді есімізге түсіріп көрейік.
– Тоқаш илесек, не істеміз? Иә. Бөлікті алақандардың арасында дөңгелектейміз. Жарайсың, Арман.
– Піспенанды (печенье) илесек? Иә. Дөңгелектелген пішінді, екі жақтан басып жалпайтамыз. Дұрыс, Әмина.
– Батонды жасау үшін не істейміз? Иә. Дөңгелектейміз, есеміз.
– Жарайсыңдар, балалар! Сендер наубайшы болуға дайынсыңдар екен.

2.5. Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Наубайхана".
– Балалар, мынау біздің наубайханамыз.
– Балалар, сендер кімсіңдер? Иә. Наубайшысыңдар. Жақсы.
– Алдарыңда өзерің таңдаған суреттерге қарап, иленіп қойылған қамырлардан, ұнататын нан өнімін илеп көресіңдер.
– Қанекей, наубайшы ағамызға көптеген нан өнімдерін жасасып, пешке салайық.
Педагог ойын барысында балаларға сұрақ қойып, жауаптарын тыңдайды. Балаларды бір-біріне сұрақ қоюға және жауаптарын тыңдауға үйретеді.
"Сен, кімсің? "Сен істеп жатырсың?", "Жасағаныңды қайда саласың?" сияқты сұрақтар қойылады.
Егер, кез келген бала өз қимылын түсіндіре алмаса, жанындағы баладан: "Аслан не істеді?"– деп сұрауға болады.
Педагог алжапқыш пен қалпақ киіп алып, наубайшы болғысы келгені туралы ниетін білдіреді, кез келген балаға көмекшіі сұрақтар қояды. Мысалы: "Наубайшы, Сіз не істеп жатырсыз?", "Наубайшы, осы тоқашты Сіз қалай иледіңіз? Көрсетіңізші", "Құсни, мен де сенімен ойнайыншы ... Мен қандай өнімді жасайын?"
Әрбір баланың қимылдарын, сұрақ қойғандарын, жауап бергендерін мақтап, қолдау керек.
Өнімдер үлгілері жасалғаннан кейін балаларға жайпақ табақша немесе тақтайша ұсынылады.
– Балалар, қамырларыңнан нан өнімдерін жасапсыңдар, қанекей, барлығымыз осы табақшаға тізейік.
– Балалар, табақшаға не үшін салып, тізіп жатырмыз? Иә. Пешке салу үшін. Жақсы.
– Пеште мына қамырларға не болады? Иә. Олар піседі. Жарайсыңдар.
Ойын аяқталғанда өз жұмыс орындарын тазалауға мүмкіндік беріледі.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау және оқу қызметін пысықтау.
– Балалар, сендер қандай тамаша өнімдер жасап шықтыңдар!
– Бүгін сендер кім болдыңдар? Наубайшы болдық.
– Наубайшы болып, не істедіңдер? Айтыңдаршы. Жарайсыңдар.
– Осы өнімдерді жеуге бола ма? Неге? Өнімдерді қайда пісіреді?
– Шолпан, сен кімге көмектестің? Жарайсың.
– Балалар, бүгін сендер еңбекқор, ұқыпты болдыңдар. Көптеген адамдар сендердің өнімдеріңді сатып алып жейді, алғыстарын айтады. Жарайсыңдар. Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Тақырыбы: Жапырақтар түсіп жатыр
Оқу қызметінің мақсаты
Балаларға күз мезгілінде жапырақтардың түсуі туралы мағлұматтар беру, ағаштардың жапырақтарсыз қалуын түсіндіру; ермексаздың бір бөлігін үзіп немесе жұлып алу дағдысын жетілдіру. Сары және қызыл сары, қызыл ермексаз кесектерінен жұлынған бөліктерді қағаз бетіне салынған ағаштардың ұшар бастарына, ағаш түбіне жапсыруға жаттықтыру; қолдың ұсақ моторикасын, қағаз бетін бағдарлау қабілеттерін, зейінді, көз мөлшерін дамыту. Балалардың әсемдікті түсіну сезімдерін қалыптастыру, тиянақтылыққа, төзімділікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс
Балаларға "үземін, жұламын", "ұшарына жапсырамын", "ағаштың түбіне жапсырамын" сияқты сөздерді айтқызып, тілдің белсенді сөздік қорын жетілдіру.
Әдіс-тәсілдер
Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, кіріспе әңгімелесу, үлгіні зерттеу, мүсіндеу тәсілдерін көрсету, саусақ жаттығуы, ауада жаттығу, өздік жұмыс, мақтау, оқу қызметін пысықтау, кейіпкермен қоштасу.
Құрал-жабдықтар
1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР
Ақтөс күшік.
Түрлі-түсті жапырақтар салынған қорапша.
Қатырма қағаздың (картон) бетіне салынған ағаш ұшар басына, ағаштың түбіне ермексаздан жапсырылған "жапырақтардың" сурет үлгісі, "жапырақтар", үлкен кесектен үзіліп жұлынған бөліктер қызыл, қызы сары, сары түсті.
Қатырма қағаздың (картон) бетіне салынған жапырақтарсыз ағаш бейнесі.
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.
Вальс ырғағындағы әуенжазбасы.
Ермексаз жинақтамасы, тақтайша, майлық.
Көрсеткіш.
2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР
Жапырақтарсыз ағаш бейнесі салынған қатырма қағаз (картон) беттері, ермексаз жинақтамалары, тақтайшалар, майлықтар.
Оқу қызметінің барысы
1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Аудиожазбаны тыңдау.
Күздің келгенін білдіретін вальс әуенжазбасы.
– Балалар, қандай тамаша әуен! Бұл не болуы мүмкін? Иә. Күз келді.

Ғажайып сәт.
Қорапты көрсету.
– Балалар, Алтын күз бізге қорапшада ерекше сыйлықтар жіберіпті.
– Балалар, мына қорапта не бар екен? Көрейік.
Педагог қолдарын қорапқа салып, көптеген түрлі-түсті жапырақтарды алып, қорапқа қайтадан тастайды.

Көркем сөз. "Жапырақтар".
Үзіліп, ұшып барады,
Сары жаңбырдай жауады
Жапырақтар, жапырақтар,
Қағаздай болып шашылады.
1.2. Кіріспе әңгімелесу.
– Балалар, жапырақ деп мен неге айтамын? Иә. Жапырақтар ағашта өскен, енді түсіп жатыр.
– Жапырақтардың түсі бірдей ме? Қандай? Жарайсың, Лаура, сары, қызыл сары, қызыл.
Қолды төмен түсіріп, қораптың ішінен Ақтөсті алып шығу.

– Ақтөс, сәлеметсің бе! Сен бұнда не істеп жүрсің?

– Балалар, амандасайық, бізге Ақтөс күшік те келіп қалыпты.
– Балалар, Ақтөс үйілген жапырақтардың арасына кіріп ойнауды жақсы көреді.
– Мына жапырақтар қайдан жиналған? Иә. Ағаштардан жиналған.
– Иә. Ағаштардың жапырақтары күзде түсіп қалады, себебі қыс келіп қар жауады, бұталар сынып қалуы мүмкін.
– Қанекей, біз де Ақтөсті қуантып, ермексаздан түсіп жатқан жапырақтарды жасап көрейік.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу.

Балаларға қатырма қағаздың (картон) бетіне салынған ағаштың ұшар басына, ағаштың түбіне ермексаздан жапсырылған "жапырақтардың" сурет үлгісі көрсетіледі. "Жапырақтар", үлкен кесектен үзіліп, жұлынған бөліктер қызыл, қызы сары, сары түсті.
– Балалар, бұл не? Иә. Ағаш пен жапырақтар.
– Мына ағаш қай жыл мезгілінде тұр? Жазда тұр ма? Күзде тұр. Дұрыс.
– Күзде тұрғанын қалай білдіңдер? Жапырақтары сары, қызыл сары, қызыл түсті. Жарайсың, Жайна.
– Жапырақтар қайда бар? Ағаштың ұшар басында. Қайталаймыз. Жақсы.
– Жапырақтар тағы қай жерде бар? Иә. Ағаштың түбінде бар. Жарайсыңдар.

2.2. Мүсіндеу тәсілдерін көрсету.

Балаларға қатырма қағаз (картон) бетіне салынған ағаш бейнесі көрсетіледі.
– Балалар, мен үлкен, сары түсті кесекті аламын да кішкентай бөліктерді кезекпен үзіп немесе жұлып аламын.
– Осы бөліктер жапырақтар, оларды ағаштың ұшар басына, ағаштың астына, түбіне саусақпен басып, жағып жапсырамын.
Уақытты үнемдеу мақсатында аяқталмаған үлгіні әрі қарай қойып, дайын үлгіні көрсетуге болады.
– Қараңдар, балалар, мен қызыл сары, қызыл ермексаздардан жапырақтарды жапсырып қойдым.
– Балалар, менің қолым былғанып қалды, майлықпен тазалап сүртемін. Ермексаздар кесектерін орнына, қорапшаға саламын. Кезек сендерде.

2.3. Саусақ жаттығуы. "Жапырақтар ұшты".

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.
Қолдар жапырақ екен, (алақандарды жайып, саусақтарды тікірейтіп, ары-бері айналдыру)
Бұтада отыр екен. (саусақтарды жұдырықтарға қысып алу)
Жел соғып жұлып алса, (алақандарды ашу)
Ұшады жеке-жеке. (саусақтармен еркін қимылдау)

Балалар қимылдарды педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай жасайды.
Педагог өз дауысын барынша естілетіндей шығарып, көркем сөзді нақтылы, тартымды мәнерде айтуға міндетті.
Көркем сөз жолдары және жаттығуларды орындау тәртібі, оқу қызметінен тыс уақытта өткізіліп, балалар үшін таныс болуы тиіс.

2.4. Ауада жаттығу.

– Балалар, үлкен кесектен екі саусақтардың ұштарымен үзген болайық. Жарайсыңдар.
– Енді қағаз бетіне жағып жапсырайық. Жарайсыңдар.
Педагог балалардың саусақтарын белгілі мүсіндеу тәсіліне сай қойып, үстел бетіне жақпалаумен тигізіп, сипалау қимылдарына көңіл аударады.
– Балалар, жұмысымыздың соңында біз не істейміз? Иә. Саусағымызды майлықпен сүртеміз.

2.5. Өздік жұмыс.

Балалардың мүсіндеу тәсілдерін бақылау қажет.
Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға "Сен не істеп отырсың?", "Оны қалай жасадың?", "Қайда орналастырдың?" сияқты сұрақтар қойылады.
Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптар алып отыру керек: "кесектен үзіп алдым, жұлып алдым", "жағып жапсырдым", "ағаштың ұшар басына", "ағаштың түбіне".
Шығармашылық жұмыс аяқталғанда балаларға саусақтарын, өз орнын майлықпен сүрту әдебін айтып отыру шарт.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Жасалған жұмыс мақтау, оқу қызметін пысықтау.
– Мінекей, балалар, қандай тамаша жұмыстар жасалды!
– Бүгін сендер не істедіңдер? Иә. Ағаштан түскен жапырақтарды қағазға жағып жапсырдық. Тамаша.
– Жапырақтардың барлығы түсіп қалды ма? Дұрыс айтасың, Сәбира, жапырақтар ағаштың ұшар басында бар. Жарайсың.
– Қырмызы, сен қандай түстерді қолдандың? Тамаша.

Кейіпкермен қоштасу.
– Балалар, Ақтөс күшік те сендердің жұмыстарыңа қарап, таңқалып отыр. Өте әдемі шықты. Енді ол сендердің жапырақтарыңмен ойнайды. "Сау болыңдар!"– деп айтады.
– Балалар маған да сендердің жұмыстарың өте ұнап тұр. Сендер бүгін шыдамды, тиянақты балалар болдыңдар. Жарайсыңдар. Демалайық.

Тақырыбы: «Жемістер мен көгөністер дүкені» ойыны

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды дүкендегі сатушының қызметімен таныстыру, жемістер мен көгөністердің атауларын бекіту, ойын және сыпайылық ережелерін түсіндіру. Балалардың "сатушы" мен "сатып алушы" рөлінде ойын желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, ересек арқылы қарапайым қатынастарға түсу үлгілерін игерту, шағын және топтық арақатынастарға түсе білу, ойын шартын ұстану дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. Балаларды сыпайылыққа, ұйымшылдыққа, еңбекті құрметтеу негіздеріне тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

"Таразы", "әмиян" сөздерінің мағынасын түсіндіру, белсенді сөздік қорға "Сәлеметсіз бе!", Сізге не керек?", "Рақмет", "Сау болыңыз", "Маған алма керек!" сияқты сөздер мен фразаларды енгізіп, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, көркем сөз, суретті көрсету, сурет бойынша әңгімелесу, ойын-жаттығу, сергіту сәті, іс-тәжірибе жаттығуы, өздік ойын әрекеттері, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Жеңіл, көңілді әуенжазбасы.
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.
Жеміс пен көгөністі сатып жатқан сатушының және сатып алушының суреті.
Сатушының алжапқышы, касса аппараты, калькулятор, "Жеміс-көгөніс" дүкені жазуы, қорапшаларда жеміс пен көгөністердің нақпішіндері.
Заттық суреттер: таразы, калькулятор, жеке ұяшықтар мен дорбаларға салынған жеміс пен көгөністер, алжапқыш.
Жеміс пен көгөністердің жеке суреттері.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Заттық суреттер: таразы, калькулятор, жеке ұяшықтар мен дорбаларға салынған жеміс пен көгөністер, алжапқыш.
Жеміс пен көгөністердің жеке суреттері (нақпішіндері).

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Аудиожазбаны тыңдау.
Жеңіл, көңілді әуенжазбасы бәсең дыбыста қосылады.

Ғажайып сәт.
Педагог сатушының киімін (алжапқыш) киіп алып, үстелге касса аппаратын, калькуляторды, "Жеміс-көкөніс" дүкені жазуын қойып, қорапшаларға жеміс пен көкөністердің нақпішіндерін салып қояды.
Балаларға көркем сөзді оқып береді.

Көркем сөз.
Міне, дәмді көкөністер,
Күзге дейін пісіп өскен:
Картоп, пияз, қызанақ,
Қияр, орамжапырақ.

Бау-бақшада жемістер -
Қызарып, толып піскен:
Алхоры, өрік, алма,
Алмұрт, апельсин, құрма.
– Сәлемсетсіңдер ме, балалар! Сендер мені таныдыңдар ма? Мен бүгін сатушымын. Мен кіммін?
– Мынау – дүкен.
– Балалар, қалай ойлайсыңдар, мен не сатамын? Жарайсың, Ажар, жеміс пен көкөністерді сатамын.
– Бүгін біз "Жеміс-көкөніс дүкені" ойынын ойнауды үйренеміз. Ойын алдында кім болатынымызды анықтап алайық.

1.2. Суретті көрсету.
Жеміс пен көкөністі сатып жатқан сатушының және сатып алушының суреті көрсетіледі.

Сурет бойынша әңгімелесу.
– Балалар, бұл кім? Иә. Бұл – сатушы.
– Сатушы екенін қалай біліп қойдыңдар? Иә. Ол дүкенде жеміс пен көкөністер сатып жатыр. Қайталаймыз.
– Ал сатушының алдында кім тұр?
– Балалар, бұл сатып алушылар. Қайталайық. Жарайсыңдар.
– Сатып алушы не істейді? Иә, сатып алушы жеміс пен көкөністі сатып алады. Жарайсың, Ерғали.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. "Сатушыға не керек?" ойын-жаттығуы.
Мақсаты. Сатушыға қажет құралдардың атауларын пысықтау.
Шарты. Сатушыға қажет құралдарды, тауарларды атап, құралдардың не үшін керектігін айту керек.
Барысы. Ойынды өткізгенде құралдардың ойыншық нысандары қолданылады.
Заттық суреттер: таразы, калькулятор, жеке ұяшықтар мен дорбаларға салынған жеміс пен көкөністер, алжапқыш. Осы суреттер тізімінің жанына әмиян, азық-түліктер салатын сөмкенің суреттері қосылады.

– Жеміс пен көкөністі сататын сатушыға қандай құралдардың керектігін "Сатушыға не қажет?" атты ойынынан білеміз.
– Балалар, әрқайсысың, мына құралдардың бірін қолға алып атап, не үшін қолданылатынын айтасыңдар. Мысалы, "Бағлан, мынау не? Ол не үшін керек?" сияқты сұрақтар қойылады.
– Мынау – таразы. Таразыға жеміс пен көгөністі салып, салмағын өлшейді. Салмақты өлшейді. Қайталаймыз.
– Мынау – калькулятор. Калькулятормен ақша мөлшерін санайды. Қайталаймыз.
– Мынау – ұяшық. Ұяшықта жеміс пен көкөністі сақтайды. Қайталаймыз.
Ойын жүйесі жылдам өткізілуі үшін, ойынды бұдан бұрынғы уақытта өткізуге болады.
– Жарайсыңдар, балалар.
– Балалар, ал мынау нелер? (Артық суреттерді көрсету). Мынау – әмиян, мынау – сөмке. Қайталаймыз.
– Сөмке мен әмиян не үшін қажет? Әмияннан ақша алады. Сөмкеге жеміс пен көкөніс салады.
– Сатушыға мына заттар керек пе? Кімге керек? Сатып алушыға керек? Сатып алушы.

2.2. Сергіту сәті. "Сатып алушы".
Балалар алаң ортасына шеңберге тұрғызылып жиналады.
Жеміс пен көкөністердің бір түрлерінен үлестіріледі.
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.
– Біз дүкендерге барамыз,
Сатып алушы боламыз.
– Сатып алушы! Қалыңыз қалай?
Не аласыз, не қалайсыз?
– Алманы сатып аламын.
– Сәбізді сатып аламын.

– Лимонды сатып аламын.
– Пиязды сатып аламын ...
(Балалардың әрқайсысы өз суретіне немесе жеміс-көкөніс нақпішініне қарап, сөздерді жалғастырады)
– Барлығын сатып алдық,
Сөмкемізді толтырдық.
Сау болыңыз, сатушы,
Тағы да көріскенше!

2.3. Ойынды іске асыру.

"Маған не керек?" іс-тәжірибе жаттығуы.

Балалардың кіші жаста болуына байланысты, сатушының рөлін алғашында педагог өзі атқарады. Балалардың қолына шағын қолташалар немесе сөмкелер беріледі.
- Балалар, мен сатушы болып көрейін, ал сендер сатып алушы болып, сөмкелеріңді алып, кезекпен қалағанды сатып аласыңдар.
- Балалар, сатушы мен сатып алушы бір-бірімен сыпайы сөйледі.
- Сатушы сұрайды: "Сәлеметсіз бе! Сізге не керек?!".
- Сендердің әрқайсысың сатушыға былай дейсіңдер: "Сәлеметсіз бе! Маған алма керек!" Сау болыңыз!".

Егер балалар саны көп болса, екі баладан жұптарға бөліп, сатушының алына шақырып отыруға болады. Немесе барлық баланы жарты шеңберге отырғызып, өз алдына шақырып отырып, зат "сатылынып" алғаннан кейін, өз орнына жіберуге болады.
Егер кейбір балалар ойынға қатысқылары келмесе, ойынды бақылап, сұрақтарға жауап беріп, сүйемелдеп отыруға мүмкіндік алады.
Кейбір балалар тек негізгі фразаны айтады, бұл да нәтиже болып саналады.
Балалар педагогпен жеке қатынасқа ойын желесінде түскеннен кейін, өз қалауын іске асырылғанынан кейін, сатушы рөлінің сипатын тануға серпіліс алады.
Ойынға қаражаттың бейнесін білдіретін карточкалар қолданылмайды. Балалар үшін сатушы мен сатып алушы арасында белгілі қарапайым диалогты алып жүруге үйрету - басты міндет.

2.4. Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Жеміс-көкөніс" дүкені.

Балалардың арасынан бір-екі бала сатушы болып, алаңнын екі жеріне тұрғызылады.
Ойынның жылдамдығын қамтамасыз ету үшін, "сатушылардың" аттарына балалардағы жеміс пен көгөністерді екі бөлек ұяшыққа төккізіп, алдарына шағын тақталарды қою керек.
– Балалар, қазір Маржан мен Абылай сатушы болады (киім үлігісін кигізу).
– Маржан, сен сатушысың. Абылай, сен де сатушысың.
– Біз сатып алушылармыз.
– Келіңдер, балалар, кезекке тізіліп тұрайық, сатушылардан тәтті жеміс пен көгөністерді сатып алайық.
Кезекте бірнеше бала толық диалог құрып сөйлессе ғана, осы көріністер қалған балаларға келесі ойындарға қатынасудың үлгісі болады.
Кезектер біткеннен кейін, балаларды орындарына отыруға шақыру керек.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау және оқу қызметін пысықтау.

– Балалар, біз бүгін қандай ойын ойнадық?
– "Жеміс пен көкөніс дүкені" ойынын ойнадық. Жарайсыңдар.
– Дүкенде қандай рөлдерді ойнадық? Кім болдық? Сатушы болдық, жарайсың, Қымбат. Сатып алушы болдық. Жарайсың, Дариға.
– Балалар, бүгін өте ұйымшыл, әдепті болдыңдар. Сатушы бізбен сыпайы болды. Біз сатып алушы болып, үйге жеміс пен көкөністерді сатып алдық. Жарайсыңдар. Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Тақырыбы: Пеште тандыр нан пісіреміз. Ұжымдық жұмыс

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды нан өнімдерінің бірі, тандыр нанды пісіру амалымен таныстыру, нан өнімдері туралы ұғымдарды тиянақтау; дөңгелек пішіннің қасиеттері жөнінде білімдерді пысықтау. Дөңгелек пішінді тандыр нан кескіндеріне желімді жағып, барлық балаға ортақ пеш сұлбасының ішіне қатарларға жапсыру техникасына үйрету, қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру, майлықпен жапсырылған пішінді басып отыру техникасын пысықтау; зейінді, көз мөлшерін дамыту, көпшілікпен бірге әрекет жасау білігін қалыптастыру. Балаларды нанды қадірлеуге, ұқыптылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Балаларға "тандыр нан", "пешке жапсырамын", "майлықпен сүртемін" сияқты сөздерді айтқызып, тілдің белсенді сөздік қорын жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, суретті көрсету, суретті зерттеу, жапсыру тәсілдерін көрсету, саусақ жаттығуы, жапсыру амалдарын қайталау, өздік жұмыс, мақтау, оқу қызметін пысықтау, кейіпкермен қоштасу.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Аланның суреті, ойыншығы.
Тандыр нан пісіретін пештің суреті.
Тандыр нан пісіретін пештің кескінінің іші тандыр нанның қатарларымен толтырылған.
Тандыр нанның екі суреті: дөңгелек, сопақша.
Тандыр нан пісіретін пештің нансыз кескіні, жапсыруға негіз үлгісі.
Ырғақты, көңілді әуенжазбалары.
Көрсеткіш.
Тандыр нанның екі түрлі пішінді дайын кескіндері, ыдысқа құйылған желім, қылқалам, жайма, тіреуше, майлық,.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Тандыр нанның екі түрлі пішінді дайын кескіндерінің ыдыстардағы жинақтамалары, желім құйылған ыдыстар, қылқаламдар, тіреушелер, жаймалар, майлықтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Аудиожазбаны тыңдау.

Көңілді, ырғақты әуен естіледі.
– Балалар, бүгін біз табиғатқа саяхатқа шығамыз.
Саяхатымыз ұзақ болады, қарнымыз ашып қалуы мүмкін. Балалар, қарнымыз ашып қалмас үшін не істеуге болады екен? Жарайсыңдар. Азықтанып алу керек.

Ғажайып сәт.

Аланның келгені көрсетіледі.
Алан:
– Балалар, сәлеметсіңдер ме?
– Мен де сендермен табиғатқа саяхатқа шыққым келеді. Ал азықты менің әжем пісіріп береді. Ол азық – тандыр нан.

1.2. Суретті көрсету.

– Бірақ менің әжем қонақта. Ал тандырды пеште пісіруге болады.
Тандыр нан пісіретін пештің суреті көрсетіледі.
Педагог
– Алақай! Балалар, мен таптым. Бәріміз осы тандыр нанды бірігіп пісірейік.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Суретті зерттеу.

Балаларға тандыр нанды пісіретін пештің суреті тағы да көрсетіледі.
– Балалар, мынау тандыр нанды пісіретін пеш. Шалқар, мынау не? Тандыр нанды пісіретін пеш. Жақсы.

– Пештің ішінде не бар? Иә. Тандыр нан бар.
– Тандыр біреу ме? Тандырлар көп. Жарайсыңдар.
– Тандырдың пішіндері неге ұқсайды? Иә. Дөңгелекке ұқсайды. Сопақшаға ұқсайды. Тамаша.
– Балалар, тандырдың түстері әртүрлі ме? Олар бірдей. Қандай түс екен? Иә. Сары, қоңыр. Жарайсыңдар.

2.2. Жапсыру амалдарын көрсету.

Балалардың алдына тандырды пісіретін пештің тандырсыз кескіні ілінеді.
– Балалар, мына пешке көптеген тандырдың дөңгелек және сопақша қамырлары дайын.
– Мен бір тандыр пішінін жаймаға аударып, шетінің бойына желімді жағамын, қылқалам тереушеге.
– Пішінді аударып, пештің бір бұрышына жапсырамын. Майлықпен үстінен басып, шетін сүртемін.
– Тағы да бір сопақша тандырды екінші қатардың басына жапсырамын, майлықпен артық шыққан желімді сүртемін.
– Балалар, ары қарай менің күшім үлкен пешті толтыруға жетпейді, сендердің көмектерің керек.

2.3. Саусақ жаттығуы. "Нан илейді Нұрай".

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.
Нан илейді Нұрай, (саусақтарды жұдырыққа қайта-қайта жинап, қысу)
Дөңгелектеп, былай, (жұдырықтарды айналдыру)
Томпаң-томпаң, (қос қолды жұдырыққа, "құлыпқа", қысу)
Томпақтап, (қос жұдырықты айналдыру)
Жалпақ-жалпақ, (алақандарды ашып, бірін-біріне айқастырып салу)
Жалпақтап.

Балалар қимылдарды педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай жасайды.
Педагог өз дауысын барынша естілетіндей шығарып, көркем сөзді нақтылы, тартымды мәнерде айтуға міндетті.
Көркем сөз жолдары және жаттығуларды орындау тәртібі, оқу қызметінен тыс уақытта өткізіліп, балалар үшін таныс болуы тиіс.

2.4. Жапсыру амалдары тәртібін қайталау.

– Балалар, біз тандырдың қамырына желімді қалай жағамыз?
– Иә, қылқаламды желімге маламыз. Пішінді аударып, жаймаға саламыз.
– Бір саусақпен шетін басып тұру керек.
– Қылқалам тіреушеге.
– Пішінді қайта аударып, көздеген жерге жапсырамыз.
– Майлықпен үстінен басып, шығып кеткен желімді сүртеміз. Жарайсыңдар.

2.5. Өздігінен жапсыру.

Ұжымдық жұмыс болуына байланысты, әрбір баланың өз пішініне желімді жағып, кезекпен келіп, ешкімге кедергі болмай, пештің сұлбасына жапсыру тәртібі қадағаланады.
Балаға "Сен нені жапсырасың?", "Пішіні қандай?", "Майлықты не үшін алдың?" сияқты сұрақтарды қойып отырған дұрыс.
Балаға "тандыр нан"," пешке жапсырамын", "майлықпен сүртемін" деген сөздер мен фразаларды айтқызу маңызды.
Педагог баланың жұмысын қолдап, мақтауға міндетті.
Балаға көмек қажет болса, педагог жапсыру, желімдеу тәсілдерін өз қағаз үлгісінде орындауы қажет.
Көмектің тағы бір түрі баланың қимылдарына нұсқаулар беріп отыру. Мысалы, "кескінді аудара ғой", "қылқаламды тіреушеге қой", "майлықпен үстінен бас".

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

– Балалар, бүгін біз немен айналыстық? Иә. Тандыр нанды пісірдік. Жарайсыңдар.
– Бөлек жапсырдық па, бірге жапсырдық па? Бірге жапсырдық. Не үшін жапсырдық?

Кейіпкермен қоштасу.

– Алан өте қуанышты, себебі барлығымызға тандыр нан пісіп тұр, саяхатқа шығуға болады. Алан сендердің ұйымшыл, ұқыпты болғандарыңды көріп, әжесіне мақтап барады. "Сау болыңдар!" – дейді.

– Иә, балалар, бүгін көптеген тандыр нан пісірілді. Саяхатқа шыққанда қарнымыз тоқ болып жүреді. Жарайсыңдар! Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Тақырыбы: «Құстар фермасы» ойыны

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға құс фермасы жөнінде мағлұматтар беру, құс күтушісінің еңбегімен таныстыру, үй құстарының атауларын пысықтау, ойын ережелерін түсіндіру. Балалардың құс фермасына қатысты ойын желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, қатынастарда қарапайым өтінімдерді орындау, жауап беру үлгілерін игерту, тілдік және эмоционалдық қарым-қатынастарға түсе білу, ойын шартын ұстану дағдыларын қалыптастыру, ойлау қабілеттерін жетілдіру. Балалардың үй құстарын аялау сезімдерін қалыптастыру, адам еңбегін құрметтеуге, ұйымшылдыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

"Құстар фермасы" сөзінің мағынасын түсіндіру, белсенді сөздік қорға "құс күтуші", "үй құстарын күтеді", "жем шашады", "жұмыртқалар әкеледі" сияқты сөз тіркестерін енгізіп, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, көркем сөз, суретті көрсету, сурет бойынша әңгімелесу, көркем сөз, кіріспе әңгімелесу, дамытушы жаттығу, сергіту сәті, тәжірибе жаттығуы, өздік ойын әрекеттері, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Үй құстары дыбыстарының аудиожазбасы.
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.
Үй құстары фермасының суреті. Құстар жемді шоқып жатыр. Балапандар табақшаны айналып жүріп, бөлек қоректенеді. Тауықтар сөрелерде отыр. Құс күтуші алжапқыш және бас орамал байлаған, жерде жүрген тауықтарға жем шашып жүр.
Заттық суреттер: тауықтың балапаны, қораз, тауық, аққу, торғай, алжапқыш, бас орамал, жұмыртқа, табақшада жем, мөлдір табақшада су, балмұздақ, ит, мөлдір ыдыста су.
Қатты, көлемі үлкен қағаздан қиылған дөңгелек пішінді жайма.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Үш жайпақ пластик табақша.
Үш алжапқыш.
Балапандар, тауықтар, қораздардың маскалары.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Аудиожазбаны тыңдау.
Үй құстарының дыбыстары естіледі.

– Бұл ненің дыбыстары?
– Жыл құстарының барлығы жылы жаққа ұшып кетті ... Бұл қандай құстар?

Көркем сөз. Жұмбақ жасыру.
Басында қызыл айдары бар,
Өзі сондай мазасыз.
Таң атпай ерте тұрады,
Ұйқы бермей, оятады:
Ку-ка-ре-ку!
– Иә. Бұл – қораз.Қораздың жанында тауық пен балапандары жүреді. Жақсы.

1.2. Суретті көрсету.
Үй құстары фермасының суреті көрсетіледі. Құстар жемді шоқып жатыр. Балапандар табақшаны

айналып жүріп, бөлек қоректенеді. Тауықтар сөрелерде отыр. Құс күтуші алжапқыш және бас орамал байлаған, жерде жүрген тауықтарға жем шашып жүр.

Сурет бойынша әңгімелесу.

– Балалар, бұл жерді білесіңдер ме?

– Балалар, бұл – құс фермасы. Қайталаймыз. Жарайсыңдар.

– Неге құс фермасы деп айтамыз? Иә. Үй құстарын көріп отырмыз.

– Балалар, құс фермасында адамдар үй құстарын өсіреді. Үй құстарын өсіреді. Жарайсыңдар.

– Не істейді екен? Иә. Тауықтарға жем шашады? Балапандарға жем шашады, су береді. Арғы жағында отырған нелер? Иә.

– Тауықтар сөреде неге отырады? Олар жұмыртқа басады. Қайталаймыз. Жарайсыңдар.

– Адамдар тауықтардың жұмытқаларын жинап алады. Үй құстары пайда әкеледі. Ұмытпаңдар.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. "Ойынға қажеттіні таңдайық" ойын-жаттығуы.

Мақсаты. Құстар фермасына қажет құралдар мен атрибуттарды өзге заттардың арасынан бөліп алуға үйрету.

Шарты. Фермада қажет құралдарды, атрибуттарды атап, не үшін қажет болғанын айту шарт. Барысы.

Ойынды өткізгенде құралдардың ойыншық және жасанды нысандары қолданылады.

Заттық суреттер: тауықтың балапаны, қораз, тауық, аққу, торғай, алжапқыш, бас орамалы, жұмыртқа, табақшада жем, мөлдір табақшада су, балмұздақ, ит, мөлдір ыдыста су.

– Балалар, біз, "Құс фермасы" ойынын ойнамас бұрын, осы ойында қандай құралдарды қолдану қажетін және қандай құстарды күтетінімізді анықтап алайық.

– Ол үшін мен паннода тізіп қойған суреттер арасынан артық суреттерді алып тастаймыз. Ойынға қажеті бар суреттерді ғана алып қалайық.

Тақтаға кезекпен шыққан кез келген бала ойынға қажеті жоқ суретті тауып, алып тастап жатады.

– Темірбек, сен неге иттің (т.б.) суретін алып тастадың? Итті біз құс фермасында күтеміз бе? Жоқ. Ит құс емес.

– Зарина, аққу мен торғайды неге алып тастадың? Иә. Олар үй құстары емес.

– Асылбек, неге балмұздақты, сүтті бермейміз? Иә. Құстар сүт ішпейді. Жарайсыңдар, балалар.

2.2. Сергіту сәті. "Құстар, құстар, келіңдер".

– Құстар, құстар, келіңдер,
Жемді шоқып, теріңдер.
Жемді шоқып, тойсаңдар,
Бізге ән салып беріңдер.

Балалар педагогтің шақыруымен ортаға шығады да қолдарын екі жаққа сермеп жүріп, алаң ортасындағы кілемге отырып жемді "шоқиды", саусақтарымен жерді соққылап, "тоқ-тоқ-тоқ" деп орындарынан тұрып, қолдарын бұлғайды да қайта орындарына отырады.

– Балалар, біз тағы бір жаттығуға дайындалып алдық.

2.3. Ойынды іске асыру.

"Құстар қалай қимылдайды" іс-тәжірибе жаттығуы.

Балалардың жастары кішкентай болуына байланысты, құс күтушісінің рөлін алғашында педагог өзі атқарады.

Балалар өз қалаулары бойынша балапандар мен тауықтардың, қораздардың маскаларын киіп алады.

Барлық бала алаң ортасына шақырылады.

– Балапандар, сендер қалай қимылдайсыңдар? Көрсетіңдерші.

"Балапандар" (педагогтің көмегімен) табақшаны (қатты, көлемі үлкен қағаздан қиылып, жерге жайылады) айнала шоқайып отырып, құстардың жем шоқығанын көрсетеді.

– Тауықтар, сендер қалай қимылдайсыңдар? Көрсете қойыңдар.

"Тауықтар" (педагогтің немесе белсенді баланың көрсетуімен) кілем үстінде еркін жүріп, жем шоқығанын көрсетеді.

– Қораздар, сендер қалай қимылдайсыңдар? Көрсете қойыңдар.

"Қораздар" (педагогтің көмегімен) аяқтарын жоғары көтеріп, қанаттарын қағып, дыбыстарын шығарып жүргендерін көрсетеді.
– Үй құстары қалай дыбыстайды екен? Иә. Қоқ-қоқ, қоқ-қоқ ... Құт-құт-құт ... Ку-ка-ре-ку!
– Жарайсыңдар! Үй құстарына ұқсап кеттіңдер!
– Орындарыңа бары мені тыңдап отырыңдар.
Егер кейбір балалар ойынға қатысқылары келмесе, ойынды бақылауға мүмкіндік алады.
Кейбір балалар өзге балаларды қайталайды, бұл да нәтиже болып саналады.
Балалар осы ойында сөздік қатынастарға көп түспесе де, топта өздерін белгілі рольде болғандарын сезініп, өз ролінің сипатын тануға мүмкіндік алады.

2.4. Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Құс фермасы".
Балалардың арасынан бір-екі бала, құс күтуші киімін киіп, педагогтің жанында өз ролін атқарады. Ойынның жылдамдығын, балалардың ойында қауіпсіздікте болуын қамтамасыз ету үшін, педагог "құс күтушілерге" қолдарына жайпақ табақшаларды беріп қояды.
Әрбір "күтуші" өзіне тиісті құстың түріне "жем шашады".
– Балалар, қазір менімен бірге, Нұргүл мен Төлеген құс күтушілер болады. Нұргүл балапандарға жем шашады, Төлеген қораздарға жем шашады. Мен тауықтарға жем шашайын.
– Балапандар! Қайдасыңдар? Келіңдер ортаға, Нұргүл күтуші жем шашып тұр. Нұргүл, "жиіп-жиіп-жиіп" деп шақыр. Балапандар, қалай дыбыстайсыңдар? Жарайсыңдар! Балапандар, отырыңдар!
– Қораздар! Қайдасыңдар? Келіңдер ортаға, Төлеген күтуші жем шашып тұр. Төлеген, "жиіп-жиіп-жиіп" деп шақыр. Қораздар, қалай дыбыстайсыңдар? Жарайсыңдар! Қораздар, отырыңдар!
– Тауықтар! Қайдасыңдар? Келіңдер ортаға, мен сендерге жем шашып тұмын. Сендерді "жиіп-жиіп-жиіп" деп шақырамын. Тауықтар, қалай дыбыстайсыңдар? Жарайсыңдар! Тауықтар, отырыңдар!
Ойын ойналып болғанда балалар орындарына отырғызылады. "Күтуші" балаларды мақтайды.
– Қандай тамаша! Барлық құс жемге тойды.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау және оқу қызметін пысықтау.
– Балалар, біз бүгін қандай ойын ойнадық?
– "Құс фермасы". Жарайсыңдар.
– Құс фермасында қандай құстар болды? Жарайсыңдар.
– Құс фермасында оларды қалай күтеді? Құстарға қандай қорек береді? Жем шашады.
– Құстарды не үшін күтеді? Иә. Үй құстары пайда әкеледі. Жұмыртқа басады. Жарайсыңдар.
– Жемді кімдер шашады? Құс күтушілер жем шашады. Тамаша.
– Балалар, бүгін сендер екбекшіл, ұғымтал болдыңдар. Күтушілер құстарға барлық жемді шашып берді, көп еңбектенді. Жарайсыңдар. Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Тақырыбы: Қарбыздың бөлігі

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға адамның күз мезгіліндегі еңбегінің түрлері туралы түсініктер беру, жеміс пен көгөністер туралы білімдерін тиянақтау, қарбыздың жидек екені туралы ұғым беру. Ермексазды алақан арасында дөңгелектеп илеу, таяқша етіп есу техникаларын жетілдіру, қарбыздың сыртқы жасыл қабын қызыл қатырма қағаз (картон) негізінің шетіне жалпақтап жапсыруға үйрету; қара кесектен үзімдерді саусақтар арасында илеп, есіп, қарбыз дәндері ретінде қызыл қағаз негізіне жапсырып отыруға жаттықтыру; қолдың ұсақ моторикасын, пішінді қабылдау, көз мөлшерін дамыту. Балаларда адамның еңбегін құрметтеу деген сезімді қалыптастыру, төзімділікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Балаларға "үземін, жұламын", "ұзын таяқшаны есемін", "қарбыз – жидек" сияқты сөздерді айтқызып, тілдің белсенді сөздік қорын жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Ғажайып сәт, көркем сөз, жұмбақ, суретті көрсету, кіріспе әңгімелесу, үлгіні зерттеу, мүсіндеу тәсілдерін көрсету, саусақ жаттығуы, ауада жаттығу, өздік жұмыс, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Сүлгімен жабылған себет.
Қарбыздың суреті.
Қарбыздың бір бөлігінің кескіні,
Кесілген қарбыздың бір жарты шеңберлі қатырма қағаздағы (картондағы) кескіні. Көк картон қағазға қызыл дөңгелектің жартысы жапсырылған. Қызыл жарты дөңгелектің доғалы шетінің үстіне жасыл ермексаздан есілген жолақ жапсырылған. Қызыл қағаз бетіне қоңыр ермексаздан дөңгелектелген дақтар жапсырылған.
Кесілген қарбыздың бір жарты шеңберлі кескінінің суретті бастамасы. Көк қатырма қағазына (картон) қызыл, дөңгелектің жартысы жапсырылған.
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.
Ермексаз жинақтамасы, тақтайша, майлық.
Көрсеткіш.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Кесілген қарбыздың бір жарты шеңберлі кескінінің суретті бастамасы, ермексаз жинақтамалары, тақтайшалар, майлықтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Ғажайып сәт.

Сүлгімен жабылған себет көрсетіледі.

– Балалар, бұл қайдан келген төмпешік?
– Ішінде не бар екенін көру алдында мен сендерге жұмбақты жасырып берейін.

Көркем сөз. Жұмбақты жасыру.

Бау-бақшада бар жүйек,
Сол жүйекте бар жидек.
Дөп-дөңгелек, төмпешік,
Өсіп жатыр дәу жидек.

Теріп алса ... Қайдағы!
Ауыр екен салмағы!
Бұл не деген дәу жидек?!
Көтеруге күш керек.

– Балалар, бұл не? Кім тапты?

1.2. Сурет (зат) бойынша әңгімелесу.

Сүлгіні алып тастау, қарбыздың суретін көрсету,

– Қараңдар, бұл не?
– Балалар, қарбыз – ол жидек. Қайталаймыз.
– Бірақ өте үлкен, бірақ өте тәтті жидек.
– Қаламқас, қарбыздың сыртын ұстасақ, сипасақ қандай екен? Иә. Сырты қатты, жылтыр. Қайталаймыз, балалар. Жарайсыңдар.
– Қарбыздың түсі қандай? Иә. Түсі жасыл, қара жолақтары бар.
– Балалар, біз бір қарбызды көп бөліктерге бөлуіміз керек. Бір қарбыз ешкімге жетпейді.
– Қарбыздың ішінде не бар екен? Біз қарбыздың ішін жасап көрейік.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу.

Балаларға кесілген қарбыздың бір жарты шеңберлі кескіні көрсетіледі. Көк қатырма қағазға (картон) қызыл дөңгелектің жартысы жапсырылған. Қызыл жарты дөңгелектің доғалы шетінің үстіне жасыл ермексаздан есілген жолақ жапсырылған. Қызыл қағаз бетіне қоңыр ермексаздан дөңгелектелген дақтар жапсырылған.
– Балалар, бұл қарбыздың кесілген бөлігі.
– Балалар, қарбыздың сыртқы қабығының түсі қандай? Иә. Қабығының түсі жасыл. Қайталаймыз.
– Қарбыздың ішкі жағының түсі қандай? Түсі қызыл. Жарайсың, Аймара.
– Қызылдың ішінде не бар? Иә. Дәндері бар. Түсі қандай? Иә. Түсі қоңыр. Жарайсыңдар.

2.2. Мүсіндеу тәсілдерін көрсету.

Балаларға кесілген қарбыздың бір жарты шеңберлі кескіні көрсетіледі. Көк қатырма қағазға (картон) қызыл дөңгелектің жартысы жапсырылған.
– Балалар, қарбыздың несін жапсыру қажет? Иә. Жасыл қабығын жапсырамыз. Жақсы.
– Мен жасыл кесектен бір бөлікті бөліп аламын, тақтайша үстінде дөңгелектеймін, содан соң таяқша етіп есемін.
– Таяқшам жіңішке, ұзын болуы тиіс. Таяқшаны қызыл жарты дөңгелектің шетінің үстіне саламын. Саусақтарыммен басып-басып жапсырамын.
– Егер ермексаз жеткіліксіз болып жатса, тағы да бір бөлікті бөліп алып, есемін, шетке жапсырамын.
– Енді маған не керек? Иә, қарбыздың дәндері керек. Қоңыр ермексаздан кішкентай көптеген үзімдерді жұлып аламын. Үзімдердің әрқайсысын дөңгелектеймін, есемін, қызылдың үстіне басып жапсырамын.
– Міне, менде қарбыздың бір бөлігі дайын.
Қызыл жарты дөңгелектің доғалы шетінің үстіне жасыл ермексаздан есілген жолақ жапсырылған. Қызыл қағаз бетіне қоңыр ермексаздан дөңгелектелген дақтар жапсырылған.

2.3. Саусақ жаттығуы. "Дөңгелек".

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.
Дөңгелек пішіндер өте көп:
Алма, апельсин, картоп,
Адамның басы дөңгелек,
Дөңгелек екен ойыншық доп.

Балалар үстел бетінде дөңгелек пішіндерді саусақтармен салып отырады.
Балалар қимылдарды педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай жасайды.
Педагог өз дауысын барынша естілетіндей шығарып, көркем сөзді нақтылы, тартымды мәнерде айтуға міндетті.
Көркем сөз жолдары және жаттығуларды орындау тәртібі, оқу қызметінен тыс уақытта өткізіліп, балалар үшін таныс болуы тиіс.

2.4. Ауада жаттығу.

– Балалар, қарбыздың бөлігін жасауды неден бастаймын?
– Есуді көрсетейік, жарайсыңдар.
– Дәндерін қалай жасаймыз?
– Иә. Үзіп, жұлып отырамыз, дөңгелектейміз, қызылдың үстіне жапсырамыз. Жарайсыңдар.
Педагог балалардың саусақтары мен алақандарын белгілі мүсіндеу тәсіліне сай қойып, тақтайшаға басып, дөңгелектеу немесе есу қимылдарына көңіл аударады.

2.5. Өздік жұмыс.

Әрбір баланың алдына кесілген қарбыздың бір жарты шеңберлі кескіні көрсетіледі. Көк қатырма қағазға (картон) қызыл дөңгелектің жартысы жапсырылған.

Балалардың мүсіндеу тәсілдерін бақылау қажет.

Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға "Сен не істеп отырсың?", "Оны қалай жасадың?", "Қайда орналастырдың?" сияқты сұрақтар қойылады.

Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптар алып отыру керек: "кесектен үздім, жұлдым", "ұзын таяқшаны есемін", "қарбыз – жидек".

Шығармашылық жұмыс аяқталғанда балаларға саусақтарды, өз орнын майлықпен сүрту әдебін айтып отыру шарт.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Жасалған мүсін үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

– Балалар, қандай тамаша жұмыстар жасап шықтыңдар! Бұл не? Иә. Қарбыздың бір бөлігі.

– Қарбыз көгөніс пе? Иә. Қарбыз – жидек.

– Біз бүгін сыртын жасадық па? Неден жасадық? Қалай?

– Ал, ішіне не салдық? Иә. Қоңыр дәндерін жасадық.

– Балалар, бүгін сендер ерекше ұқыпты, еңбекқор болдыңдар. Ересек адамдар сияқты күзде қысқа қорек дайындап шықтыңдар.

Оқу қызметі аяқталды, сау болыңдар!

Тақырыбы: Қояынның жаңа тоны

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға қоянның сұр тонын ақ тонға ауыстырып, қысқа дайындалуы ерекшелігін таныстыру, қоянның дене құрылымын пысықтау; күз мезгілінің ерекшеліктері туралы ұғымдарды қайталау. Алдын-ала көлденеңінен жыртылып қойған ұзын қағаз жолақтарын алуға үйрету; ұсақ ақ қағаз бөліктерін қоянның бейнесіне, шетінен шықпай жапсыру амалдарына жаттықтыру; қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшерін, ой-қиял қабілеттерін дамыту. Балалардың табиғат құбылысын бақылауға деген қызығушылықтарын қалыптастыру; төзімділікке, тиянақтылыққа, байқағыштыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Балаларға "сұр қоян", "ақ қоян", "терісі жұмсақ", "жыртып аламын" сияқты сөздерді айтқызып, тілдің белсенді сөздік қорын жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Бейнероликті көрсету, кіріспе әңгімелесу, көркем сөз, үлгіні зерттеу, суретті көрсету, жапсыру амалдарын көрсету, саусақ жаттығуы, жапсыру амалдары тәртібін қайталау, өздік жұмыс, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Табиғат аясында жасырынып отырған қоян туралы бейнеролик.

Ақ қоян бейнесінің жасанды үлгісі. Қоянның ақ терісі (қағаздан жыртылып алынған) қоянның сұлбасына тиістіріліп жапсырылған қағаз бөліктері.

Екіге бөлінге сурет-сызбалар:

1) сол жақта қоянның басы мен құлақтары, оң жақта аюдың басы, құлақтары дөңгелек;

2) сол жақта қоянның денесі мен кішкентай құйрығы, оң жақта түлкінің денесі мен ұзын құйрығы.

Сұр қоянның үлгіге негіз болатын суреті.

Ыдысқа салынған қағаздан жыртылып алынған ұзын жолақтар жинақтамасы және
дайын жыртылған ұсақ қағаздар бөліктерінің жинақтамасы.

Жапсыруға қажетті құралдар: ыдыста желім, қылқалам, қылқаламға тіреуше, жайма (төсеніш), майлық (сүлгі).

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Сұр қоянның үлгіге негіз болатын суреттері.

Ыдысқа салынған қағаздан жыртылып алынған ұзын жолақтар жинақтамалары.

Жапсыруға қажетті құралдар: ыдыста желімдер, қылқаламдар, қылқаламға тіреушелер, жаймалар (төсеніш), майлықтар (сүлгі).

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Бейнероликті көрсету.

Балаларға табиғат аясында жасырынып отырған қоян туралы бейнеролик көрсетіледі.

Кіріспе әңгімелесу.

– Балалар, бүгін біз күзгі табиғат аясына барамыз. Табиғат аясында қандай қызықтар бар екен?

– Балалар, сендер нені көріп отырсыңдар?

– Мұқият қараңдар ... Бұтаның түбінде ... не отыр? Иә. Жарайсың, Бағлан, бұл – қоян.

– Қоянның жүнінің түсі қандай? Иә. Жүнінің түсі сұр. Дұрыс айтасыңдар.

– Сұр түсті қоян бұтаның арасында көрінбейді. Қоян неге бері шықпайды екен?

1.2. Көркем сөз. "Қоян неге қорқақ?" (үзінді)

Қоян неге жалтақ?
Оның жаны қорқақ.
Қорқақ қоян, жалтақ,
Қайда қашып бармақ?
Қашар еді бірақ,
Келеді қыс аппақ.
Қоян содан қорқақ,
Денесі сұр, сатпақ.

– Балалар, сұр қоян неге қорқып отыр?
– Иә. Қыс келсе ақ қар жауады, ал қоянның тоны әлі де ақ емес. Біз қоянға ақ тонды жасап берейік.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу. "Ақ қоян".
Балаларға ақ қоян бейнесінің жасанды үлгісі көрсетіледі. Қоянның ақ терісі ақ қағаздан жыртылып алынған, қоянның сұлбасына тиістіріліп жапсырылған қағаз бөліктері.
– Балалар, мынау не? Қоянда не бар? Иә. Басы, денесі, құлақтары, аяқтары, құйрығы бар.
– Балалар, қоянның құлақтары аюдың құлағына ұқсай ма? Неге? Иә. Қоянның құлағы ұзын. Ал құйрығы түлкінің құлағына ұқсай ма? Құйрығы кішкентай.
Жарайсыңдар.
– Балалар, қоянның терісінің түсі қандай? Егер қоянның терісін ұстап, сипап көрсек қандай болар екен? Иә. Қоянның терісі жұмсақ. Қайталаймыз. Жарайсыңдар.
Балаларды аралап үлгінің үстінен сипату. Ұсақ қағаздардан жапсырылып жасалған қоянның "терісін" ұстағанда шынымен жұмсақ болып сезіледі.

2.2. Жапсыру амалдарын көрсету.
Балаларға сұр қоянның үлгіге негіз болатын суреті көрсетіледі.
Жапсыруға ыдысқа салынған қағаздан жыртылып алынған ұзын жолақтар жинақтамасы және дайын, жыртылған ұсақ қағаздар бөліктері қажет.

– Балалар, мына жатқан қағаз жолақтарын мен ұсақ бөліктерге жыртып бөлемін.
Алдын-ала жыртылып дайындалған, ыдысқа салынып қойған қағаздар жинақтамасы көрсетіледі.
– Мен осы қылқаламмен қоянның бүкіл бейнесін желімдеймін. Қылқаламда желім бітсе, қайта желімді жағамын. Қылқалам тіреушеге.
– Енді қағаз бөліктерін кезекпен қоянның денесінің шеттеріне жапсырамын. Қараңдар, мен бос жер қалдырмаймын.
– Міне, қоян аппақ тонды киіп алды. Тон өте қалың, жылы.
– Қанекей, балалар, сендер қояндарыңа ақ тон кигізіңдер.
2.3. Саусақ жаттығуы. "Қоян құлағын түріп".
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.
Қоян құлағын түріп, (алақандарды бастың екі жағына тік тіреп, саусақтарды қозғалту, жыбырлату)
Аңнан қашып жүреді. (алақандарды бастың екі жағына тік тіреп, саусақтарды қозғалту, жыбырлату)
Қашып шықса жүгіріп, (саусақтарды үстел басына кезекпен соққылау)
Аяқтармен соғады. (саусақтарды үстел басына, бір уысқа жинақтап, соққылау)
Педагог саусақ жаттығуын ұйымдастыру кезінде сөйлеудің мәнерлі оқу құралдарын қолдануға міндетті.
Балалар қимылдарды педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай жасап, сөздерді қайталайды.
2.4. Жапсыру амалдары тәртібін қайталау.
– Қоянға тонды жасау үшін, біз не істейміз?
– Қағаздардан көп бөліктер жыртып аламыз. Жарайсыңдар.
Балалар желімді үшбұрыштардың қай жерлеріне жағамыз? Иә. Шеттеріне.
– Желім бітіп қалса, не істейсіңдер? Иә. Қайта аламыз. Жақсы.
– Қылқаламмен желімді жағып болғаннан кейін, оны қайда қоямыз? Иә. Тіреушеге қоямыз.
Жарайсың, Рақым.
– Балалар құрақты үшбұрыштардан құрап, жапсырған кезде бір-бірімізді итермейміз, тақтаға кезек келеміз.

2.5. Өздік жұмыс.
Қағазды жырту тәсілі кейбір балаларға қиынға соғып, жылдамдықтары төмендеу болуы мүмкін.
Әрбір балаға қағазды жыртуға мүмкіндіктер беріледі, бірақ алдын-ала жыртылып қойған қағаз бөліктері балалардың ыдыстарына толықтырылып салынып қойылуы тиіс.
Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға: "Мынау не?", "Сен не істеп отырсың?", "Қайда жапсырдың?", "Қайда жақтың?" сияқты сұрақтар қойылады.
Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптар алып отыру керек: "сұр қоян", "ақ қоян", "терісі жұмсақ",

"жыртып аламын", "денесіне жағамын".
Шығармашылық жұмыс аяқталғанда балаларға жұмыс орнын тазалау әдебін айтып отыру шарт.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.
– Балалар, бүгін біз не істедік?
– Балалар, қараңдаршы, қояндар өзгерді ме? Несі өзгерді? Иә. Сұр тонды ақ тонға ауыстырдық. Қайталаймыз. Жарайсыңдар.
– Қоянның тоны қандай болды? Иә. Тоны жұмсақ, жылы, ақ болды. Тамаша.
– Балалар, сендер бүгін қоянға көмек жасағанда тиянақты, төзімді болдыңдар. Қоян қардың үстінде, ештеңеден қорықпай, жүгіріп жүреді. Жарайсыңдар.
– Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Тақырыбы: «Кітапхана» ойыны

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды кітапханашының мамандығымен таныстыру, кітапхана жөнінде мағлұмат беру, ойын және кітапхана ережелерін түсіндіру. Балалардың кітапхана ойынында ересек арқылы қарапайым қатынастарға түсу, сыпайылық ережелерін ұстану іскерлігін қалыптастыру, зейінді, есте сақтау, ой-қиял қабілеттерін дамыту. Балаларды әдептілікке, қоғамдық тәртіпті ұстануға, кітап арқылы ертегілер мен тақпақтар әлеміне деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

"Кітапхана", "кітапханашы" сөздерінің мағынасын түсіндіру, белсенді сөздік қорға "сәлеметсіз бе", "рақмет", "сау болыңыз", "қош келдіңдер", "кітап бар ма?" сияқты сөздерді, фразаларды айтқызып, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, кіріспе әңгімелесу, суретті көрсету, көркем сөз, ойын-жаттығу, сергіту сәті, іс-тәжірибе жаттығуы, өздік ойын әрекеттері, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Ғажайыптарды білдіретін әуенжазбасы.
Ырғақты, темпі баяу әуенжазбасы.
Үлкен кітапханадағы оқу залының суреті.
"Кітапхана" жазуы.
Жұқа және қалың, үлкен және кішкентай кітаптар топтамалары.
Кітаптар үшін сөрелер.
Карточкалар үшін екі бөлімшеге бөлінген қорапша.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Қорапшаның ішінде жатқан түрлі-түсті реңге боялған "оқырман карточкалары".
Балалар үшін кітаптар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Аудиожазбаны тыңдау.
Ғажайыптарды білдіретін әуенжазбасы қосылады.

Кіріспе әңгімелесу.
– Балалар, бүгін біз қай жерге барамыз? Қалай ойлайсыңдар?
Балалардың көңілін кітаптар сөрелеріне аудару.
– Балалар, бұның барлығы не? Иә. Бұлар – кітаптар.
– Кітаптар қайда тұр? Сөрелерде тұр. Жарайсыңдар.
– Бір кітап па? Иә. Көп кітап. Дұрыс.
– Бұндай көп кітап не үшін жиналған? Бұл дүкен бе екен?
– Балалар, бұл – кітапхана. Кітапхана – кітаптар сақталатын үй. Кітапхана. Қайталаймыз. Кітапхана ненің үйі? Иә. Кітаптардың үйі. Жақсы.
Әңгімелесу мазмұны қысқа және қарапайым формада құрастырылуы мүмкін, бұл жағдай педагогтің шеберлігіне, балалардың дайындығына байналысты.

Суретті көрсету.
Үлкен кітапханадағы оқу залының суреті көрсетіледі.

– Балалар, кітапхана өте үлкен болады.
– Көрдіңдер ме қаншама көп кітаптар тізілген.

– Бұнда кітапханашы отырады. Ол кітаптарды таратады, қайта қабылдап, сөреге қояды.
– Ал мынау – оқырмандар. Қайталаймыз: кітапханашы, оқырман.

1.2. Көркем сөз. "Кітаптарда не бар?"
Кітаптарда не бар? Ғажайыптар.
Кітаптың беттері қатар-қатар.
Шақырады оқуға ертегілер,
Суретке салынған кейіпкерлер.
Ата, әжені, немересін,
Ертегі жолында кездестіресің,
Қу түлкіні, бауырсақты, қоянды.
Үйшіктен қашқан көп аңдарды.
Әріптерді оқуды үйренгенше,
Әңгімелейік ертегілерді.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. "Кітапханада не бар?" ойын-жаттығуы.
Мақсаты. Кітапханада болатын кітапханашы, оқырман тараптарды анықтау, атауларын пысықтау.
Шарты. Кітапханада қызмет жасайтын және қызмет алатын адамдарды ажырату шарт.
Барысы.
Үстелге бірнеше топтама болып, жұқа және қалың, үлкен және кішкентай кітаптар жиналады.
Кітап сөрелерінде бір-екі кітап тұрады.
Қорапшаның ішінде түрлі-түсті реңдерге боялған "оқырман карточкалары" жатады.
Карточкалар бір реңнің түсіне жұп-жұп болып жатады. Карточкалар жұптарының саны балалардың толық санынан, кем дегенде 3-тен 2 бөлікті алу керек.

– Балалар, қазір біз кітапханада қандай құралдар қажет екенін анықтаймыз.
– Мынау не? Иә. Кітаптар. Осы кітаптарды бір-бірден сөреге тізе қойыңдар. Орындарыңа отырыңдар. Жарайсыңдар.
Педагог кітаптардың қатарларын өзі түзейді.
– Енді оқырмандарға қажет екі бірдей түсті карточкалар қажет. Мына қорапшада барлығы араласып кетіпті.
Педагог үлкен үстел бетіне немесе кілем үстіне араласқан карточкаларды жаяды.
– Сендерге тапсырма: сендер оқырман боласыңдар. Ол үшін әрқайсың карточкаларды жұптарға жинап беріңдер.
Әрбір бала, мысалы, өзіне екі қызыл, екі көгілдір сияқты карточкалар жұптарын жинап алады.
Карточкаларды жинайтын қорапша көлденең тақтайшамен бөлінеді.
– Балалар, сендер карточкалардың жұптарын дұрыс таптыңдар. Енді мына екіге бөлінген қорапшаның екі жағына салып беріңдер ... Тамаша.
– Балалар, мына қорапша кітапханашыда болады.

2.2. Сергіту сәті. "Кітапханада тыныш болу керек".
Сергіту сәтін өткізу мерзімін педагог өзі оқу қызметіндегі жағдаяттарға қарап қолданады.
– Кітапхана, тыныштық. (сұқ саусақты ерінге тигізу)
Тыныштық та ойыншық.
Ақырын сұрақ қоямыз,
Ақырын кітап аламыз.
Кітаппен біз ойнамай, (сұқ саусақты бұлғау)
Кітап бетін мыжымай,
Қызықтаймыз суретті,
Баламыз ғой әдепті. (бас бармақты)
Балалар шеңберге тұрғызылып, педагогтің соңынан сөздер мен қимылдарды қайталайды.
– Балалар, сөздердің барлығымыз әуен ырғағына сай айтып көрейік.
Ырғақты, темпі баяу әуенжазбасы қосылады.

– Балалар, кітапханада адамдар кітапты оқиды, бір-біріне кедергі жасамайды.
– Кітапханада тәртіпті сақтау ережелері бар. Олар қандай? Кім біліп алды?
– Кітапханада
* тыныш болу керек,
* ақырын сөйлеу керек,
* кітап бетін бүкпеу керек,
* әдепті болу керек.
– Жарайсыңдар.

2.3. Ойынды іске асыру.
"Кітапханаға барайық" іс-тәжірибе жаттығуы.
Балалар үшін үстелдер бірнеше қатарға қойылады.
Үстелдерге жақын кітаптар тізіліген "кітапхана" сөрелері тұрады.
Сөренің жанында "кітапханашының" үстелі және "оқырмандар карточкалары" тұрады.
Балалардың жастары кішкентай болуына байланысты, кітапханашы рөлін алғашында педагог өзі атқарады.
– Балалар, мен кітапханашымын.
– Сендер кітапты аламын десеңдер, менен кітапты және карточканың бір данасын аласыңдар.
Балалар кезегімен шақырылады.
– Сәлеметсіз бе! Сізге қандай кітап керек? Алыңыз. Міне, Сізге карточка. Кітапты қарап болғаннан кейін, карточканы жұпқа қайтарасыз. Отырыңыз.
Балалардың барлығы орындарына отырғанда, тыныштықты сақтау ережелерін естеріне салып жүру керек.
Кітапты қарағанда беттерді бүктемей аударған, үстел басында дұрыс отырған, әдепті болған балаларды мақтап жүру шарт.
Тыныштықтың маңызды екенін балалар педагогтің баскң дауыспен немесе сыбырлап сөйлегенінен байқайды.
Ойын барысын әдемі, дыбысы баяу әуенжазбасымен сүйемелдеп қоюға болады.

Кейбір ойынға қатысқысы келмейтін балалар үшін бос орындар болуы тиіс, оларға өз орнында отырып, ойынды бақылауға деген мүмкіндік беріледі.
Балалар осы ойында сөздік қатынастарға көп түспесе де, топта өздерін белгілі рөлде, барлығына ортақ кітапханада болуды сезініп, жағымды эмоцияларға бөленеді.

2.4. Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Кітапхана".
Кітапханашы рөлін атқаруға бір бала педагог тағайындайды.
– Балалар, Эльмира – кітапханашы. Эльмирадан кітапты сұрайсыңдар. Егер өздерің таңдасаңдар, карточканы алып кетесіңдер.
– Балалар, кітапты қарап шықсаңдар, орнына қойып, карточканы кітапханашыға қайтарасыңдар.
Педагог балалардың бір-біріне кедергі жасау жағдайын ескеру керек, "кітапханашыға" көмегін береді.
Ойынның аяғында балалар "кітапханашыға" карточкалардың жұптарын қайтарады, кітапдарды орнына қойып, кілем үстіне еркін орналасады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ
Мақтау және оқу қызметін пысықтау.
– Балалар, біз бүгін қандай ойын ойнадық?
– "Кітапхана" ойынын ойнадық. Жарайсыңдар.
– Кітапханада кім болдық? Оқырман болдық?
– Бізге кітапты кім берді? Иә. Кітапты кітапханашы берді. Жақсы.
– Сендер кітапханада қандай болу керек екенін түсіндіңдер ме?
– Қандай ережелерді сақтау керек?
– Тыныш болу керек, ақырын сөйлеу керек, кітаптың бетін бүктемеу керек. Жарайсыңдар! Барлық ережені сақтадыңдар.
– Балалар, бүгінгі оқу қызметінде сендердің ұқыпты, әдепті балалар болғандарыңды көрдім. Ата-аналарыңа сендерді мақтаймын. Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.
Ойын кешкі уақыттарда жалғасады.

Тақырыбы: Алақай, қыс келді!

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға қыс мезгілінде қардың жауатыны, шыршаның жасыл түсін сақтайтыны туралы түсініктер беру. Шырша бейнесін сызбаны жасыл таяқшалармен басып жасау амалдарына үйрету; ақ түсті ермексаздан дөңгелектелген дақтарды қатты қағаз бетінің барлық жеріне жапсыруға жаттықтыру; дөңгелектеу және таяқшаны есу техникаларын жетілдіру, қолдың ұсақ моторикасын, қағаз бетін бағдарлау қабілетін дамыту. Балаларды қоршаған ортадағы құбылыстарды байқауға, зеректікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Балаларға "үземін", "жұламын", "ұзын таяқшаны есемін", "дөңгелектеймін", "қар барлық жерде бар" сияқты сөздерді айтқызып, тілдің белсенді сөздік қорын жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Ғажайып сәт, суретті көрсету, бейнероликті көрсету, көркем сөз, кіріспе әңгімелесу, үлгіні зерттеу, мүсіндеу тәсілдерін көрсету, саусақ жаттығуы, ауада жаттығу, өздік жұмыс, мақтау, кейіпкермен қоштасу, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Тиіннің суреті.

Үкінің суреті.

Қалың орманға қардың жауғаны туралы бейнеролик.

Көк қатты қағаз бетінде жасыл шыршаның үстінен ақ қардың жауғаны туралы жұмыс үлгісі. Жасыл шырша жасыл ермексаздан есіліп жасалған таяқшалардың сызбалы жапсырмасынан, ақ қар дөңгелектелген ұсақ шарлардың жапсырмаларынан жасалған.

Көк қатты қағаз бетінде шыршаның сызбасы салынған суреттің негізі.

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.

Ермексаз жинақтамасы, тақтайша, майлық.

Көрсеткіш.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Қарапайым шыршаның сызбасы салынған көк қағаз беттері, ермексаз жинақтамалары, тақтайшалар, майлықтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Ғажайып сәт.

Тиіннің суреті көрсетіледі.

– Балалар, бұл келген не? Иә. Тиін.

– Сәлеметсің бе тиін? Біздің жаққа қайдан келдің?

Тиін:

– Мен өз інім үшін жылы, қалың ағаш іздеп жүрмін. Бірақ ағаштардың барлығы жалаңаш тұр. Күн суық. Жапалақ жалаңаш ағаштардың арасынан мені тез тауып алады. Маған қорған болатын ағашты тауып беріңдерші.

– Балалар, тиінге қорған болатын қандай ағаш келеді?

– Қанекей, орманға барып көрейік.

1.2. Бейнероликті көрсету.

Балаларға қалың орманға қардың жауғаны туралы бейнеролик көрсетіледі.

Көркем сөз. "Қыс келді қалың орманға".

Қыс келді қалың орманға,
Суық мұздармен ойнап ауада,
Қар жаудырып, орап боранға,
Ақ тонды кигізіп жасыл шыршаға.

Кіріспе әңгімелесу.

– Балалар, сендер нені көрдіңдер? Иә. Орманда қар жауып тұр. Жарайсыңдар.

– Балалар, қар жазда жауа ма? Дұрыс, қар тек қыста жауады.

– Қардың түсі қандай? Иә. Қар аппақ. Жарайсыңдар.
– Байқадыңдар ма, орманда қандай ағаштар өсіп тұр? Иә. Шыршалар өсіп тұр. Жарайсыңдар.
– Шыршалар?

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу.

Балаларға көк қатты қағаз бетінде жасыл шыршаның үстінен ақ қардың жауғаны туралы жұмыс үлгісі көрсетіледі. Жасыл шырша жасыл ермексаздан есіліп жасалған таяқшалардың сызбалы жапсырмасынан, ақ қар дөңгелектелген ұсақ шарлардың жапсырмаларынан жасалған.
– Балалар, мына ағашты сендер танып отырсыңдар ғой. Шырша екенін қалай білдіңдер? Шырша жасыл. Жарайсыңдар.
– Шырша қыста неге жасыл болады? Кім біледі? Себебі шыршаның жапырақтары жоқ. Шыршаның бұтақтарында инелер бар. Балалар, қайталаймыз. Есте сақтаймыз. Жарайсыңдар.
– Тиін шырша бұталарының арасына кіріп кетсе, жапалақ оны көре ала ма? Көрмейді. Алақай!
– Ендеше шыршаның үстіне жауған қарды жасап көрейік, тиін бізден көмек күтеді.

2.2. Мүсіндеу тәсілдерін көрсету.

– Балалар, мен ермексаз кесегін аламын, алақандарыма қысып жылытамын. Енді менің кесегім жұмсақ. Зере, менің кесегім қандай болып шықты. Иә. Жұмсақ болды.
– Кесектен бөліктерді үзіп аламын, тақтайша үстіне салып, таяқшалар есемін. Міне, қаншама көп таяқша бар.
– Енді шыршаның сызбасына қарап, сызықтардың үстінен таяқшаларды басып, әдемілеп жапсырамын.
– Менің шыршам дайын. Жапалақтан қорған бар.
– Ақ кесектен көптеген ұсақ бөліктерді жұлып аламын. Әрқайсысын дөңгелектеймін.
– Көк парақтың барлық жеріне басып, жақсылап жапсырамын.
– Енді тиін қалың қармен жамылған шыршада тұрса тонбайды.

2.3. Саусақ жаттығуы. "Ақшақарлар қалықтай ..."

Темпі орташа, вальс әуенжазбасы қосылады.
Ақшақарлар қалықтай (алақандарды ашу, саусақтарды көрсету)
Ұшып барады, асықпай. (саусақтармен кезек-кезек жыбырлату)
Айналып, оңға ұшып, (қолдарымен бір жаққа бұраңдау)
Айналып, солға ұшып, (қолдарымен екінші жаққа бұраңдау)
Мамықтай жерге түсіп, (алақандармен жоғарыдан бұлғап, төмен қарай түсіру)
Тыныш жатыр, бізді күтіп. (алақандарды үстел басына, тізеге қою)
Балалар қимылдарды педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай жасайды.
Педагог өз дауысын барынша естілетіндей шығарып, көркем сөзді нақтылы, тартымды мәнерде айтуға міндетті.
Көркем сөз жолдары және жаттығуларды орындау тәртібі, оқу қызметінен тыс уақытта өткізіліп, балалар үшін таныс болуы тиіс.

2.4. Ауада жаттығу.

– Балалар, қарды жасауды неден бастаймыз?
– Есуді көрсетейік. Шыршаның бұталарына жапсырамыз. Жарайсыңдар.
– Жауған қарды қалай жасаймыз?
– Иә. Үзіп алып отырамыз, дөңгелектейміз, қағазды барлық жеріне жапсырамыз. Тағы да жұлып аламыз, барлық жеріне жапсырамыз.
– Міне, қаншама көп қар жауды! Жарайсыңдар.
Педагог балалардың саусақтары мен алақандарын белгілі мүсіндеу тәсіліне сай қойып, тақтайшаға басып дөңгелектеу немесе есу қимылдағандарына көңіл аударады.

2.5. Өздік жұмыс.

Әрбір баланың алдына көк картон қағазға қарындашпен салынған шыршаның сызбасы беріледі. Балалардың мүсіндеу тәсілдерін бақылау қажет.
Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға: "Сен не істеп отырсың?", "Оны қалай

жасадың?", "Қайда орналастырдың?" сияқты сұрақтар қойылады.
Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптар алып отыру керек: "кесектен үзіп алдым", "кесектен жұлып алдым", "таяқшаны есемін", "дөңгелектеймін", "қар барлық жерде бар".
Шығармашылық жұмыс аяқталғанда балаларға саусақтарын өз орнын майлықпен сүрту әдебін айтып отыру шарт.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Жасалған мүсін үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

– Балалар, қараңдаршы, қандай керемет жұмыстарды жасап шығардыңдар!
– Бүгін біз нені жасадық? Иә. Шыршаны қатты қағазға ермексаз арқылы жапсырдық. Қарды жапсырдық.

Кейіпкермен қоштасу.

– Балалар, тиін сендерге өте риза болды, алғысын айтып жатыр. Тиінге шырша бұталары арасында жылы болады, ол жапалақтан да жасырынып қалады.
– Балалар, бүгін сендер табиғатты аялап, жабайы аңдарға көмектеріңді бердіңдер. Жарайсыңдар. Оқу қызметі аяқталды, сау болыңдар!

Тақырыбы: «Үй құрылысы» ойыны

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды құрылысшы мамандығымен, құрылыс материалдары мен құрылысшыға қажет құралдармен таныстыру, үй құрылысының барысы жөнінде мағлұмат беру. Балалардың құрылыс ойыны барысында ересек арқылы қарапайым қатынастарға түсу іскерлігін қалыптастыру, тілді, зейінді, есте сақтау, ой-қиял қабілеттерін дамыту. Балаларды ересектің еңбегін құрметтеуге, достыққа, еңбекшілдікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

"Құрылыс", "құрылысшы" сөздерінің мағынасын түсіндіру; белсенді сөздік қорға "балға", "қалақша", "ара", "құрылысшы" сияқты сөздерді және "кірпіштерді қаладым", "кірпішті берші" фразаларын айтқызып, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Суретті көрсету, көркем сөз, бейнероликті көрсету, ойын-жаттығу, сергіту сәті, іс-тәжірибе жаттығуы, өздік ойын әрекеттері, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Нұр-Сұлтан қаласының суреті.
Үйдің құрылысы туралы бейнеролик.
Заттар немесе суреттері: пластик құрылыс материалдарының түрлері (текше, призма, кірпіш, білеу), құрылысшының каскасы, құрылысшының алшапқышы, қолғаптары, қалағы, балға, ара, қайшы, тарақ, айна, фонендоскоп, ақ халат.
Суреттер сериясы:
1. Алжапқыш, етік, қолғап, каска киген құрылысшы.
2. Құрылысшы қалақпен кірпіштер қалап жатыр.
3. Құрылысшы арамен тақтайды кесіп жатыр.
3. Құрылысшы балғамен шеге қағып жатыр.
Пластиктен жасалған құрылыс материалдары.
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Пластиктен құрылыс материалдары.
Алшапқыштар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Суретті көрсету.
Нұр-Сұлтан қаласының көрінісі көрсетіледі. Суретте зәулім үйлер, мұнара, жасыл ағаштар бар.

– Балалар, мына суретте не салынғанын танып отырсыңдар ма?

Көркем сөз.
Астана – бас қалам,
Атауы – Нұр-Сұлтан.
Жайнай бер әлемге,
Асқақтап төрінде.
– Мынандай зәулім үйлер мен мұнара қалай пайда болатынын көрейікші.

1.2. Бейнероликті көрсету.
Үйдің құрылысы туралы бейнеролик көрсетіледі.

– Балалар, бүгін біз "Үй құрылысы" ойынын ойнаймыз.
– Ойынды ойнау үшін үй құрылысына не қажет, қандай адамдардың еңбегі қажет екенін білейік.

Суретті көрсету.
Құрылысшының суреті көрсетіледі.

– Балалар, мына адамды танып тұрсыңдар ма? Бұл – құрылысшы. Біз бүгін үй құрылысында құрылысшы боламыз. Қайталайық. Жарайсыңдар.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. "Құрылысшыға не керек?" ойын-жаттығуы.
Мақсаты. Үй құрылысында қолданатын құралдар мен заттар топтамасын, атауларын пысықтау, құрылысшының жұмыс аясын анықтау.
Шарты. Құрылыс материалдарын айту, бір-бірінен ажырату, құрылысшының әрекеттерін тану шарт.
Барысы.
Балаладың алдына кілемге түрлі заттар, құрылыс және басқа материалдары (суреттері) жайылады.
– Балалар, мына заттардың арасынан сендер тек құрылысқа қажет материалдарды табасыңдар, үстелге жинап қоясындар. Мұқият болайық.
Заттар немесе суреттер топтамасы: пластик құрылыс материалдарының түрлері (текше, призма, кірпіш, білеу), құрылысшының каскасы, құрылысшының алшапқышы, қолғаптары, қалағы, балға, ара, қайшы, тарақ, айна, фонендоскоп, ақ халат.

Балаларға заттарды атауға мүмкіндік беріледі.
Балалар өз орындарына отырғызылады.

Суретті көрсету.
Құрылысшының суреті көрсетіледі.
– Құралай, каска, алжапқыш, қолғап не үшін керек? Көрсетші. Жарайсың.

– Каска адамның басына ештене түсіп кетпес үшін керек.
– Алжапқыш үсті бұлғанбау үшін керек.
– Қолғап қолдары жарақаттанбау үшін керек.
– Балалар, ал мынау не? Иә. Қалақ, балға, ара. Бұл құрылысшының құралдары. Қайталаймыз. Жақсы.
– Қамбар, қалақ, балға, ара не үшін керек?

– Қалақ кірпіштерді қалау үшін керек.

– Ара тақтайларды кесу үшін керек.

– Балға шегелерді қағу үшін керек.

– Жарайсыңдар.

2.2. Сергіту сәті. "Бірге үй саламыз"
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.

– Балалар, біз биік үйлерді қалай салатынымызды көрсетейік.
Бірге үй саламыз (қол белде).
Түп-түзу тұрамыз (екі аяқ арасы алшақ)
Төменнен бастаймыз (қолды алға созу),
Қайта отырамыз (отыру)
Кірпішті кірпішке салып (қолдар жоғарыға),
Биік өскен қаламыз (асықпай көтерілу, қолды жоғарыға созу, аяқ ұшына тұру).

Педагог қимылдарды көрсеткенде дауысын барынша шығарып, сөздерді ырғаққа, қимылдарға сай жасауға міндетті.

2.3. Ойынды іске асыру.
"Құрылысшы не істейді" іс-тәжірибе жаттығуы.
Балалар кілем үстінде саны шағын құрылыс материалдарының жинақтамаларын алып, қарапайым құрылыс нысандарын қалауға мүмкіндік алады.
– Балалар, құрылыс материалдарынан қандай құрылыстарды жасайтындарыңды көрсетіңдерші.
Мүмкіндігінше үйдің бір үлгісі қойылады, балалар үлгіні қайталайды.
Педагог балаларды аралап, оларға текше, призма, кірпіш, білеу құрылыс материалдарын айтқызып, құрылыстарын байқайды.
– Ескендір, сен нені салып отырсың? Қандай материалдарды қолдандың?

2.4. Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Үй құрылысы".
– Балалар, сендердің құрылысты жасай білетіндеріңді көріп, құрылысқа тағы да жаңа материалды қосуды ұсынамын.
Балалар осы ойында сөздік қатынастарға көп түспесе де, топта құрылысшы екенін сезініп, жағымды эмоцияларға бөленеді.
Егер кейбір балалардың құрылыстарында олқылықтар болып жатса, жанындағы баладан сұрауға болады.
– Асқар, саған қандай материал керек?
– Балжан, сенде кірпіш бар ма? Асқарға кірпішті бересің бе?
– Асқар, Балжаннан кірпішті қалай сұрайсың? Жарайсыңдар ...
Ара, балға, қалақтар сияқты материалдарды ұсыну мына үлгідегідей болады: "Мирас, балғаны алып, мына тақтай білеуді қағып жібер", "Дамир, арамен тақтайды кесіп жібер", "Дана, кірпіштердің арасын қалақпен желімде".

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау және оқу қызметін пысықтау.
– Балалар, біз бүгін қандай ойын ойнадық?
– "Үй құрылысы" ойынын ойнадық. Жарайсыңдар.
– Үй салғанда кім болдық? Құрылысшы болдық? Жарайсыңдар.
– Қандай құралдарды қолдандыңдар? Жарайсыңдар.
– Балалар, бүгін, оқу қызметінде сендер еңбекшіл, тиянақты, бір-біріңе дос болдыңдар. Сендерді, нағыз құрылысшы деп мақтан тұтамын. Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.
Ойын кешкі уақыттарда жалғасады.

Тақырыбы: Шыршаны безендірейік. Ұжымдық жұмыс

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға барлығына ортақ шырша сұлбасын түрлі-түсті қағаздан жасалған, шарлар мен тамшыларды жапсырып, безендіру тәртібін көрсету; қысқы мерекелер туралы түсініктерді тиянақтау. Жұмсақ қағазды саусақтар мен алақандар арасына шиыршықтау, дөңгелектектеу техникаларын жетілдіру; шырша сұлбасы бетінің барлық жеріне түрлі-түсті жасанды шарларды жапсыру іскерліктерін арттыру, қағаз бетін бағдарлау қабілетттерін, қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшерін, түйсікті дамыту. Балаларда әсемдікті бағалау негіздерін қалау, оларды ұйымшылдыққа, тазалыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Балаларға "шиыршықтаймын", "дөңгелектеймін", "суға тигіземін", "мыжғылаймын" сияқты сөздерді айтқызып, тілдің белсенді сөздік қорын жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, суретті көрсету, көркем сөз, үлгіні зерттеу, техника амалдарын көрсету, саусақ жаттығуы, ауада жаттығу, өздік жұмыс, дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау, бейнероликті көрсету.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Көңілді, жаңа жылдың келуін білдіретін, әуенжазбасы.
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.
Суреттер сериясы:
1) алаңдағы жасыл шыршаның қасына Жаңа жылды қарсы алу үшін жиналған орман тұрғындарының суреті;
2) алаңда шарлар және ойыншықтармен безендірілген жасыл шыршаның қасына Жаңа жылды қарсы алу үшін жиналған орман тұрғындарының суреті.
Шырша сұлбасына панно немесе тақта.
Қағаз бетіне салынған, жасылға боялған шыршаның сұлбасы.
Түрлі-түсті, шаршы пішінді жұмсақ қағаз қиықтарының жинақтамалары.
Түбіне су құйылған жайпақ ыдыс.
Желім, тіреуше, қылқалам, жайма, майлық.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Түрлі-түсті, шаршы пішінді жұмсақ қағаз қиықтарының жинақтамалары.
Түбіне су құйылған жайпақ ыдыстар.
Желімдер, тіреушелер, қылқаламдар, жаймалар, майлықтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Аудиожазбаны тыңдау.

Көңілді, жаңа жылдың келуін білдіретін, әуенжазбасы қосылады.

1.2. Суретті көрсету.

Балаларға алаңдағы жасыл шыршаның қасына Жаңа жылды қарсы алу үшін жиналған орман тұрғындарының суреті көрсетіледі.

– Балалар, нені көріп отырсыңдар? Иә. Жабайы аңдар, орман тұрғындары шыршаны айнала қоршап тұр.
– Қалай ойлайсыңдар, олар шыршаның жанына не себептен жиналған?
– Иә. Орман тұрғындары да Жаңа жыл мерекесін қарсы алғысы келеді, бірақ оларда әдемі ойыншықтар жоқ.
– Балалар, шыршаны адамдар не себептен безендіреді. Иә. Себебі, қыста ағаштар жалаңаш тұрады, ал шыршаның жасыл инелері бар. Жасыл киген шырша сияқты.

Көркем сөз. "Аппақ қарда жасыл шырша".

Аппақ қарда жасыл шырша
Өсіп тұрғанын, көрген барша.
Оның күлкісін көрейік,

Ойыншықтармен безендірейік.
– Қанекей, жасыл шыршаны безендіріп берейік.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні (қағаздан жасалған шар мен тамшыны) зерттеу.

Балаларға жұмсақ қағаздан шиыршықталған тамшылар мен дөңгелектелген шарлардың үлгілері көрсетіледі.
– Балалар, қараңдаршы, мынау не? Иә. Шырша ойыншықтары. Жарайсыңдар. Оларды не деп атауға болады? Иә. Тамшылар, шарлар. Жарайсың, Бекжан.
– Шарлар пішіндері неге ұқсайды? Иә. Дөңгелекке ұқсайды.
– Ал, тамшылар неге ұқсайды? Иә, сопақшаға ұқсайды. Дұрыс.

2.2. Техникалар амалдарын көрсету.

Балалардың алдына панноға не тақтаға, барлықтың жұмысына ортақ алаң болатын шыршаның қағаздан қиылған сұлбасы ілінеді.
Ойыншықтардың жасалу үлгісін көрсету үшін түрлі-түсті шаршы пішінді жұмсақ қағаздардың қиықтарын қолдануға болады.
Ойыншықтардың нақтылылығын қамтамасыз ету үшін, жайпақ ыдыстың түбіне суды құйып қоюға болады.
– Балалар, мына шыршаны безендіреміз. Ол үшін мен ойыншықтарды қалай жасайтынымды көрсетейін.
– Шарды жасау үшін мен шаршы пішінді қағазды алып, суға сәл тигізіп, саусақтармен мыжғылап, алақандар арасына салып, шиыршықтап дөңгелектеймін. Міне, шар жасалды.
– Енді қылқаламмен желімді шардың бір ұшына жағамын, шыршаның бұтасына жапсырамын да ұстай тұрамын.
– Тамшыны жасау алдында мен қағазды суға тигізіп, оны мыжғылап есемін. Міне, тамшы. Желімді жағып, шыршаның тағы бір жеріне жапсырып, ұстай тұрамын.

2.3. Саусақ жаттығуы. "Шырша ойыншықтары".

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.
Шыршада, шыршада өседі ойыншықтар, (саусақтарды бас бармақ ұшына кезекпен тигізу)
Қояндар өседі, қонжықтар.
Шыршада, шыршада өседі алтын алма,
Алтын алманы жұлып алма.

– Шыршаның, шыршаның инесін ұстама, (сұқ саусақпен бұлғау)
Саусаққа тиеді, байқа!
Шырша, шырша сыйлықты бермейді,
"Тақпақты оқып беріңдер!" – дейді. (шапалақтау)

Балалар қимылдарды педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай жасайды.
Педагог өз дауысын барынша естілетіндей шығарып, көркем сөзді нақтылы, тартымды мәнерде айтуға міндетті.
Көркем сөз жолдарын және жаттығуларды орындау тәртібі, оқу қызметінен тыс уақытта өткізіліп, балалар үшін таныс болуы тиіс.

2.4. Ауада жаттығу.

– Балалар, саусақтармен қағазды қалай мыжғылаймыз? Көрсетіңдер. Жарайсыңдар.
– Қалай дөңгелектейміз? Қалай есеміз? Жарайсыңдар.
– Балалар, қағазды мыжғылау алдында суға тигізіп алуды ұмытпаңдар.
– Тағы да нені ұмытпаймыз? Иә. Жапсырғанымызды біраз ұстап тұру қажет екенін ұмытпайық. Жарайсыңдар.

2.5. Өздік жұмыс.

Әрбір баланың алдына жайманы, ыдыста түрлі-түсті жұмсақ қағаздардың шаршы пішінді қиықтарын, бір үстелге ыдыс түбінде суды, желімді, тіреушені, қылқаламды дайындап қою керек.
Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға "Сен не істеп отырсың?", "Оны қалай жасайсың?", "Қайда орналастырдың?" сияқты сұрақтар қойылады.
Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптарды алып отыру керек: "суға тигіземін", "мыжғылаймын", "дөңгелектеймін", "есемін".
Балалардың қағазды дөңгелектеу, шиыршықтау тәсілдерін, үстел үстінде тазалықты сақтау, майлықпен саусақты сүрту әдебін, жапсыруда бір-біріне кедергі болмау амалдарын бақылау қажет.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

– Балалар, бүгінгі біздің жұмысымыз ұнады ма? Жарайсыңдар!
– Не істегендерің ұнады? Иә. Шыршаны безендірдік.
– Шыршаны немен безендідіңдер? Иә. Ойыншықтармен безендірдік.
– Арыстан, ойыншықтарды қалай жасадық? Иә. Дөңгелектедік. Шиыршықтадық. Жарайсың.

Суретте көрсету.

Балаларға алаңда шарлар және ойыншықтармен безендірілген жасыл шыршаның қасына Жаңа жылды қарсы алу үшін жиналған орман тұрғындарының суреті көрсетіледі.

– Қараңдар, балалар, ойыншықтар қалай жарқырап тұр. Шыршаның барлық бұтағына ілінген. Орман тұрғындары сендерге өте риза.
– Балалар, сендер бүгін өте таза, ұқыпты болдыңдар, бір-біріңе кедергі жасамай, ұйымдасып жұмыс істедіңдер. Жарайсыңдар. Оқу қызметі аяқталды. Жаңа жыл туралы шағын бейнероликті көрейік.

Рефлексия. Жаңа жыл туралы бейнероликті көрсету.

Тақырыбы: «Ойыншықтар дүкені» ойыны

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға дүкендегі ойыншықтардың атауларын пысықтау, сатушының қызметі жөнінде түсініктерін тиянақтау, дүкендегі сыпайылық ережелерін түсіндіру. Балалардың "сатушы" мен "сатып алушы" рөлінде ойын желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, ересек арқылы қарапайым қатынастарға түсу үлгілерін игерту, шағын және топтық қарым-қатынастарға түсе білу, ойын шартын, желісін ұстану дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. Балаларды сыпайылыққа, ұйымшылдыққа, еңбекті құрметтеу негіздеріне тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Белсенді сөздік қорға ойындағы сұрақ үлгілерін, өтінімді білдіретін сөздер мен фразаларды қолдануға үйрету, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, бейнероликті көрсету, көркем сөз, ойын-жаттығу, сергіту сәті, іс-тәжірибе жаттығуы, өздік ойын әрекеттері, қарым-қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Ырғақты, темпі баяу әуенжазбасы.
Ғажайып, Жаңа жылдың келуін белдіретін көңілді әуенжазбасы.
Ойыншықтар үшін сөрелер.
Аяз атаның шанаға бұғыларды шегіп, аспанда ұшып келе жатқаны туралы бейнеролик.
Балалардың Аяз атамен бірге би билеп тұрғаны туралы бейнеролик.
Әртүрлі материалдардан (ағаш, пластик, резеңке) жасалған ойыншықтар.
Ойыншықтардың заттық суреттері.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Ойыншықтардың бейнелері салынған таңбалауыштар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Аудиожазбаны тыңдау.
Ғажайып, Жаңа жылдың келуін белдіретін көңілді әуенжазбасы қосылады.

– Балалар, бұл әдемі әуен не туралы болуы мүмкін?

Бейнероликті көрсету.
Аяз атаның шанаға бұғыларды шегіп, аспанда ұшып келе жатқаны туралы бейнеролик көрсетіледі.

– Балалар, бұл кім? Жарайсыңдар.
– Аяз ата екенін қалай біліп қойдыңдар? Иә. Шанасында сыйлықтары бар.
– Балалар, Аяз ата ойыншықтар мен сыйлықтарды "Ойыншықтар" дүкеніне қалдырыпты.

1.2. Көркем сөз.
Әлемде әртүрлі дүкендер бар,
"Жеміс-көгөніс" дүкені, "Жиһаздар",
Киімдер сататын, ыдыстар.
Ал бізге керегі ойыншықтар.
– Балалар, бүгін біз "Ойыншықтар" дүкені ойынын ойнайық.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. "Таңбалауыштармен алмасайық?" ойын-жаттығуы.

Мақсаты. Сатушы мен сатып алушы араларында тауар алмасу жүйесін орнату, бірдей суреттерді табуға жаттықтыру.
Шарты. Көлемі бөлек, бірақ суреті бірдей суреттерді тауып, алмасу әрекетін жасау шарт.
Барысы.
Ойынды өткізуге әртүрлі материалдан (ағаш, пластик, резеңке) жасалған ойыншықтар қолданылады.
Нақтылы ойыншықтар болмаса, сол ойыншықтардың суреттері ұсынылады.
Ойыншықтардың сатылуын дәлелдейтін таңбалауыштардың жұптары қолданылады. Мысалы, аю, қуыршақ, тиін, қоян, доп, т.б.
– Балалар, мына дүкенде қандай ойыншықтар сатылады? Жарайсыңдар.
Балалар жауаптарын айтады.
– Қазір біз таңбалауыштармен ойнаймыз. Ол үшін барлықтарың мына үстелде жатқан таңбалауыштардың бірін таңдап аласыңдар.
– Балалар, барлығың да белгі бойынша қолды жоғары көтеріп алаңға шығасыңдар, дәл сендердегі сияқты таңбалауышы бар баланы тауып аласыңдар.
– Егер таңбалауыштарың бірдей болса, қол ұстасып тоқтап тұрасыңдар.
Үстелде әрбір суреттің екі данасы, өзге таңбалауыштармен араласып жатады.
Ойын уақыт жеткілікті болса, тағы да ойнатылады.
– Балалар, жұптарыңды көрсетіңдер. Жарайсыңдар.
– Қараңдар, сендер таңбалауыштармен алмасып, қалаған ойыншықтарды бір-біріңнен сатып алдыңдар.

2.2. Сергіту сәті. "Шыршаға қараңдар".

Ырғақты, темпі баяу әуенжазбасы қосылады.

– Шыршаға қараңдар,
Таңқалып қалмаңдар.
Бұтақтағы ойыншықпыз,
Шеңбердегі аюмыз.
Енді біз түлкіміз,
Түлкі боп жүрміз.
Қоянмен біргеміз,
Бірге секіреміз.
Балықтай жүземіз,
Үндемей күлеміз.
Балалар педагогті тыңдап, тек қимылдарды орындайды.

2.3. Ойынды іске асыру.

"Маған не керек?" іс-тәжірибе жаттығуы.

Балалар жарты шеңберге отырады.
– Балалар, дүкенге келгенде не дейміз? Иә, сәлеметсіз бе!
– Ойыншықты сатып алу үшін, кімнен сұраймыз? Иә. Сатушыдан сұраймыз.
– Қазір, Әлия сатушы болады. Әлия, бері шыға ғой.
Балаларға сорелерге тізілген ойыншықтар көрсетіледі.
– Асылбек, сен сатушы Әлиядан ойыншық туралы қалай сұрайсың?
– Сәлеметсіз бе! Сізде қандай ойыншықтар бар? Қайтала. Жарайсың. Балалар, кім есінде сақтап алды? Жақсы.
– Әлия, саған сұрақ болды ... Қандай ойыншықтардың бар екенін айтып берші.
"Сатушы" барлық ойыншықтарды айтады.
– Асылбек, қандай ойыншықты сұрайсың?
– Сізде аю сатыла ма? Қайтала. Жарайсың!
– Асылбек, дүкенде аю бар екен. Таңбалауышың қайда? Көрсет. Сатушыға бер.

"Сатушы" мен "сатып алушы" таңбалауыш пен ойыншықты (ойыншықтың үлкен суретімен) алмасады.
– Балалар, сатушы мен сатып алушы бір-біріне рақметін айту керектігін ұмытпаңдар.
– Асылбек, сен кім болдың? Иә. Сатып алушы болдың. Құттықтаймын! Әдемі ойыншықты сатып алдың!
– Иә. Аю сатылады. Таңбалауышты көрсетіңіз.
Балалардың жастары кішкентай болуына байланысты, педагог сатушы мен сатып алушының араларындағы диалогтарды реттеп, бақылап отырады.

2.4. Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Ойыншықтар" дүкені.
Педагог таңбалауыштардың бір жұп данасын ғана қалдырады, қалған балаларға қосымша таңбалауыштарды үлестіреді.
Таңбалауыштар саны, ойыншықтар санына сай жұп болуы тиіс.
Сатушы болып өзге бала да ойнауы мүмкін. Балалар өздері қалаған таңбалауыштарды алып, сатушының алдына барады. Ойыншықтарды сұрайды. Сатушы таңбалауышты көрсе ғана ойыншықты береді.
Ойында "сатушы" мен "сатып алушылар" таңбалауыштарды ойыншықтарға алмасады.
Ойынның аяғында балалар өз орындарына отырғанда, "сатушыдан" балалардың одан қандай ойыншықтардың сатып алғанын сұрауға болады. "Сатушы" ойыншықтарды айтып шығады.
Соңында "сатушының" еңбегі мақталады.
– Әлия, жарайсың! Міне, қаншама көп ойыншықтарды сатып үлгердің. Әмиянің таңбалауыштарға толып тұр екен.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау және оқу қызметін пысықтау.

– Балалар, біз бүгін қандай ойын ойнадық?
– "Ойыншықтар" дүкені ойынын ойнадық. Жарайсыңдар.
– Ойында не істедік? Иә. Ойыншықтарды сатып алдық. Сатушыдан кім нені сатып алды? Жарайсыңдар.
– Балалар, бүгінгі оқу қызметінде сендер сыпайы, әдепті бала болдыңдар. Аяз атаның қалдырып кеткен ойыншықтары барлығында да бар. Жарайсыңдар. Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Тақырыбы: Жылы бөкебай

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың қысқы киімдер туралы білімдерін жетілдіру, бөкебайдың қажетін түсіндіру; ою элементтерін бекіту; өзіне-өзі қызмет ету негіздерін қалыптастыру. Ермексаздар бөліктерін тура есу, дөңгелектеу, тіктөртбұрышты пішінге жапсыру техникасын жетілдіру; бөкебай сұлбасын әртүрлі ою элементтерін белгілі тәртіпте алмастырып безендіруге үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, ой-қиялды, зейінді дамыту. Балаларда өзіне-өзі қызмет ету қағидаларын қалау; сәндік өнер көздеріне деген қызығушылыққа, ұқыптылыққа, достыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөздік қорды "бөкебайды безендіремін", "кесектен үзіп аламын", "кесектен жұлып аламын", "таяқшаны есемін", "дөңгелектеймін", "кезек-кезек жапсырамын", "кезек-кезек саламын" сияқты сөздер арқылы жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, суретті көрсету, бейнероликті көрсету, көркем сөз, үлгіні зерттеу, мүсіндеу, жапсыру тәсілдерін көрсету, саусақ жаттығуы, ауада жаттығу, өздік жұмыс, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Көңілді, ырғақты, ертегінің басталуын білдіретін әуенжазбасы.
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.
суреттер сериясы немесе бейнеролик:
1) балапанның жазда бөкебайды киіп алғаны туралы сурет;
2) балапанның қыста терезенің алдына шығып, жалаңаяқ тұрғаны туралы сурет;
3) балапанның қысқы аулада аққаланың қасында, қолына күрек ұстап, қысқы киімде, бөкебайда тұрғаны туралы сурет.
Сары, жасыл түсті қатты қағаз беттеріне ермексаздан оюлар жапсырылған (безендірілген) бөкебайлар үлгілері. Оюлардың түрлері таяқшалар мен дөңгелектерден жасалған.
Тіктөртбұрышты, жіңішке қатты қағаз беті.
Ермексаз жинақтамасы, тақтайша, майлық.
Көрсеткіш.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Тіктөртбұрышты, жіңішке қатты қағаз беттері, ермексаз жинақтамалары, тақтайшалар, майлықтар беріледі.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Аудиожазбаны тыңдау.

Көңілді, ырғақты, ертегінің басталуын білдіретін әуенжазбасы қосылады.
– Балалар, бүгін мен сендерге ерекше оқиғаны әңгімелеп берейін.

1.2. Бейнероликті немесе суреттер сериясын көрсету.

1. Балапанның жазда бөкебайды киіп алғаны туралы сурет көрсетіледі.

Көркем сөз. Дина Ахметова. "Сары басты балапан".

Сары басты балапан,
Мойнына орап алған.
Ыстық күндері, пай-пай,
Жүні жылы бөкебай!

– Бокебайың жазда кеш!
Терлеп тұрсың! Қане, шеш!
Балапан ше? Тіл алмайды,
Бөкебайды тастамайды.

Жаз біткенде – сары бас,
Қысты күні жалаңаш.

Бөкебайды таба алмай,
Отыр, сыртқа шыға алмай.

2. Балапанның қыста терезенің алдына шығып, жалаңаяқ тұрғаны туралы сурет көрсетіледі.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу.

Балаларға сары немесе жасыл түсті қатты қағаз бетіне белгілі тәртіпте орналасқан, оюлармен безендірілген, бөкебайлардың үлгілері көрсетіледі. Бөкебайдың оюлары түсті ермексаздан жасалып, қатты қағазға қатармен жапсырылған таяқшалар және дөңгелектерден тұрады.
Балаларға педагогтің қолынан жасалып шыққан түрлі қарапайым оюлармен безендірілген бөкебайдың бір-екі үлгісі көрсетіледі.
– Балалар, мынау не? Иә, бөкебайлар. Дұрыс.
– Бөкебайлар пішіндері қандай пішінге ұқсайды? Тіктөртбұрышқа ұқсайды.
– Бөкебайлар бірдей ме? Несі бірдей емес. (Түстерді айтқызу).
– Қандай оюлармен безендірілген? Иә. Таяқшалар және дөңгелектер. Жарайсыңдар.
– Осы оюлар қалай орналасқан? Иә. Кезек-кезек қатарға орналасқан. Қайталаймыз. Жақсы.

2.2. Мүсіндеу тәсілдерін көрсету.

Балаларға сары немесе жасыл түсті, тіктөртбұрышты, жіңішке қатты қағаздың беті көрсетіледі.
– Балалар, мына бөкебайды безендіру үшін, мен оның түсіне қараймын.
– Егер түсі сары болса, мен сары ермексазды таңдамаймын.
– Сонымен, үлкен көк кесектен бірнеше бірдей бөліктерді үзіп аламын.
– Әрбір бөлікті дөңгелектеп, содан соң тақтайшаға есемін. Қараңдар, менде бірнеше таяқшалар пайда болды.
– Енді бөкебайдың сол жағынан оңға қарай тіке жапсырамын. Таяқшаны салдым, саусақтармен басып-басып, әдемілеп жапсырамын.
– Балалар, қараңдаршы, осы таяқшадан кейін мен орын тастаймын, тағы да жапсырамын, орын тастаймын, тағы да жапсырамын ...
– Міне бөкебай әдемі ала таяқашларға толды.
– Енді мен қызыл кесектен бірнеше бөліктерді жұлып аламын. Дөңгелектеймін.
– Зарина, мен таяқшалар арасын неге ашып тастадым? Әрине, осы бос орындарға мен тағы да бір оюларды жапсырамын.
– Дөңгелектерді таяқшалардың араларына жапсырамын.
– Қалай екен? Шынымен әдемі.
Балалардың қалауларына сай бөкебайдың тек түрлі-түсті таяқшалармен безендірілген нұсқасы көрсетіледі.

2.3. Саусақ жыттығуы. "Ою саламыз".

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.
Зергер бала боламыз,
Оюды саламыз:
Бұлақ, (ішке қарай шиыршықтау)
Дөңгелек, (шеңбер салу)
Ирек, (толқындар жасау)
Қанат, (қос қолмен бұлғау)
Гүлдер, (алақандарды жайып, тігінен көрсету)
Көбелек. (қос қолды айқастырып, бұлғау)
Балалар қимылдарды педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай жасайды.
Педагог өз дауысын барынша естілетіндей шығарып, көркем сөзді нақтылы, тартымды мәнерде айтуға міндетті.
Көркем сөз жолдары және жаттығуларды орындау тәртібі, оқу қызметінен тыс уақытта өткізіліп, балалар үшін таныс болуы тиіс.

2.4. Ауада жаттығу.
– Балалар, таяқшаларды қалай есеміз? Көрсетейік. Жақсы.
– Қалай дөңгелектейміз? Көрсетейік. Жарайсыңдар.
– Балалар, жұмысымыз біткенде не істеміз? Иә. Саусақтарды, тақтайшаны майлықпен сүртеміз. Жарайсыңдар.

2.5. Өздік жұмыс.
Әрбір баланың алдына қатты қағаздан қиылған тіктөртбұрышты қатты қағаз беті беріледі. Балалардың мүсіндеу тәсілдерін бақылау қажет.
Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға: "Сен не істеп отырсың?", "Оны қалай жасадың?", "Қайда орналастырдың?" сияқты сұрақтар қойылады.
Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптар алып отыру керек: "кесектен үзіп аламын", "кесектен жұлып аламын", "таяқшаны есемін", "дөңгелектеймін", "кезек-кезек жапсырамын".
Шығармашылық жұмыс аяқталғанда балаларға саусақтарын, өз орнын майлықпен сүрту әдебін айтып отыру шарт.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Жасалған мүсін үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.
– Балалар, менің ойымша бүгін біз көптеген жақсы істер бітірдік. Біз не істедік? Иә. Сарыбас балапанға жылы ұзын бөкебай жасап безендірдік.
– Руслан, бөкебайды біз қандай оюлармен безендірдік? Иә. Таяқшалар мен дөңгелектер. Жарайсың.
– Сырым, сен ермексазбен қандай қимылдар жасадың? Иә. Дөңгелектедің, естің. Тамаша.
– Қаламқас, сен қандай түстерді қолдандың? Жарайсың.
– Балалар, сендердің бөкебайларың әртүрлі бір-біріне ұқсамайды. Өте әдемі оюлармен безендірілген.

Суретті көрсету.
3. Балапанның қысқы аулада аққаланың қасында қолына күрек ұстап, қысқы киімде, бөкебайда тұрғаны туралы сурет көрсетіледі.

– Қараңдаршы, балалар, балапан анасының тілін алып, қыста жылы киімді киіп, далаға ойынға шықты. Қандай тамаша! Сендердің көмектерің тиді.
– Балалар, рақмет! – деп балапан алғыс айтады.
– Балалар, бүгін сендер балапанға нағыз дос, жанашыр, ұйымшыл балалар болдыңдар. Жарайсыңдар! Оқу қызметі аяқталды, сау болыңдар!

Тақырыбы: «Ауруxана» ойыны

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға дәрігер мамандығы жөнінде мәлімет беру, дәрігер мамандығына қатысты құралдармен, оларды қолдану қажеттілігімен таныстыру; ойын ережелерін түсіндіру. Дәрігер ойыны желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, қатынастарда қарапайым сұрақ қою, жауап беру үлгілерін игерту, шағын және топтық қарым-қатынасқа түсе білу, ойын шартын, желісін ұстану дағдыларын қалыптастыру, ой-өрісі қабілетін жетілдіру. Балаларды ересектің еңбегін құрметтеуге, әдептілікке тәрбиелеу, денсаулық сақтау қағидаларына баулу.

Сөздік жұмыс

Балалардың белсенді сөздік қорын "дәрігер", "дәрумен", "тыныс алуды тыңдау үшін керек", "жараны байлау үшін керек", "ауырмау үшін керек" сияқты сөздер мен сөз тіркестері арқылы жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Суретті көрсету, көркем сөз, кіріспе әңгімелесу, ойын-жаттығу, сергіту сәті, өздік ойын әрекеттері, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Ақ халат пен қалпақ киіп, мойнына фонендоскоп іліп алған дәрігердің суреті көрсетіледі.
Белгілі мамандарға қажет ойыншық-құралдардың суреттері: текше, кірпіш, құрылысшының алжапқышы, құрылысшының каскасы, дәрігердің ақ қалпағы, жұмысшының қолғаптары, бес саусаққа киілетін резеңке қолғаптар, балға, ара, қайшы, тарақ, фонендоскоп, ақ халат, дәрігердің сөмкесі, шприц, дәрумендер шөлмегі, дәке (бинт).
Балалар үшін жасанды заттар мен құралдар.
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.
Дәрігердің қимылдарын білдіретін суреттер сериясы:
* дәрігер фонендоскоппен тыныс алуды тыңдап жатыр.
* дәрігер дәрумендi таратып беріп жатыр.
* дәрігер дәрмекті шприцке жинады.
* дәрігер бинтпен қолды байлап жатыр.
* дәрігер тамақты қарап жатыр.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Ақ халаттар, ақ қалпақтар, "дәрігер сөмкесі" жинақтамалары, қуыршақтар, ойыншықтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Суретті көрсету.

Ақ халат пен қалпақ киіп, мойнына фонендоскоп іліп алған дәрігердің суреті көрсетіледі.
– Балалар, бұл кім екенін таныдыңдар ғой? Иә. Бұл – дәрігер. Қайталаңдар. Жарайсыңдар.

Көркем сөз
Біздің көрші дәрігер,
Өз ісіне ол шебер,
Ауруды емдейді,
Ащы дәрмек бермейді.

Ауырып қалсақ, дәрігер,
Жәрдем көлікпен келер.
Дене ыстығын өлшейді,

"Қарды жеме," – дейді,

Дәрігер біледі жұмысты,
Тындайды кеудені, тыныстыды,
Тамақты мұқият қарайды,
Асықпайды, айтады: "Жарайды".

Құлап қалсақ, сенеді ол:
"Шыда, балам, батыр бол!"
Жарамызды байлайды,
Дәкені мықтап орайды.

Дәрігердің жаны адал,
Киеді ақ халат, қалпақ.
Оның емі – жылы сөз,
Дәрігер бізге нағыз дос.

1.2. Кіріспе әңгімелесу.
– Қаламқас, дәрігерді қалай таныдың?
– Дәрігер басына ақ қалпақ киеді.
– Үстіне ақ халат киеді. Қайтала.
– Дәрігердің емдеуге қажет құралы болады.
– Жарайсыңдар, балалар.
– Дәрігер қай жерде жұмыс істейді? Иә. Ауруханада жұмыс істейді. Жарайсыңдар.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. "Не үшін керек?" ойын-жаттығуы.
Мақсаты. Ауруханада дәрігер қолданатын құралдар мен заттар топтамасын, құралдардың атауларын пысықтау, дәрігердің жұмыс ерекшеліктерін анықтау.
Шарты. Дәрігер құралдарын айту, ажырату, дәрігердің әрекеттерін тану шарт.
Барысы.
Балалардың алдына бір-екі қорапта араласып жатқан құралдар түрлері (суреттері) жайылады.
– Балалар, біз дәрігер болып ойнағымыз келеді, бірақ біздің алдымызда көптеген құралдар араласып кеткен. Осы құралдардың арасынан артық құралдарды жеке қорапқа жинайық.
Пластиктен ойыншық-құралдар (суреттері): текше, кірпіш, құрылысшының алжапқышы, құрылысшының каскасы, дәрігердің ақ қалпағы, жұмысшының қолғаптары, бес саусаққа киілетін резеңке қолғаптар, балға, ара, қайшы, тарақ, фонендоскоп, ақ халат, дәрігердің сөмкесі, шприц, дәрумендер шөлмегі, дәке (бинт).

Балалар дәрігер мамандығына қатысты заттарды (суреттерді) бөлек жинайды, қалған құралдар жеке алынады.

Затты зерттеу.
– Балалар, ал мынау не? Иә. Фонендоскоп, шприц, дәрумендер. Бұның бәрі кімнің құралдары? Дәрігердің құралдары. Қайталаймыз. Жақсы.
– Томирис, осы құралдар не үшін керек?

– Фонендоскоп тыныстыды тыңдау үшін керек. Қайталаймыз.

– Шприц дәріні егу үшін керек. Балалар, шприцтен қорықпайсыңдар ғой?

– Дәрумендер ауырмау үшін керек. Дәрумендерді жақсы көресіңдер ме? – Дәке (бинт) жараны байлау үшін керек. – Қасық тамақты қарау үшін керек.
– Жарайсыңдар.

2.2. Сергіту сәті. "Ауырмаймыз, ауырмаймыз".

– Ауырмаймыз, ауырмаймыз (сап түзеп, бір орында жүру),
Жаттығуларды жасаймыз (сап түзеп, бір орында жүру).
Бір – басымызды шайқаймыз (қолдар белде, басты оңға-солға шайқау),
Қолдарымызды бұлғаймыз (екі қолды жоғары көтеріп, бұлғау),

Денемізбен еңкейеміз (оңға-солға еңкею),
Оңға-солға еңкейеміз.
Қос аяқпен секіреміз (бір орында секіру),
Аяқты көтеріп, жүреміз (марш басу).
Сергіту сәтін өткізу уақыты педагог белгілейді. Ойынның барысында балалардың іс-әрекетін ауыстыру қажеті туындағанда сергіту сәтін өткізу уақытының келгенін білдіреді.

2.3. Ойынды іске асыру.
"Ауруханада не айтамыз" іс-тәжірибе жаттығуы.
Балалар жарты шеңберге отырады.
Тілі анық, сөйлеуі жақсы дамыған бір баланы дәрігер етіп тағайындауға болады.
Жалпы, ойынның өтілу жылдамдығы педагогтің жетекшілігіне байланысты, сондықтан стандартты жағдайда педагог өзі дәрігер болып, диалогтарды бастап отырады.
Топтағы балалардың даму ерекшеліктеріне негізінде, педагог дәрігер емесе, ауырған адамның рөлін атқарып, баланың біріне дәрігерді ұсынады. Сонда дәрігердің емдегені үшін бірнеше позиция ойнатылады.
– Балалар, ауруханада дәрігер кімді емдейді? Иә. Ауырған адамдарды емдейді. Қайталайық.
– Балалар, ауырған адам дәрігерге қай жері ауырғанын айту керек.
– Бүгін Аяжан дәрігер болсын. Қалпақ пен халатты киіп алсын.
– Ал Ақбар ауырғанын айтсын.
– Балалар, ауыруханаға келгенде біз не дейміз? Иә, сәлеметсіз бе!
– Аяжан, сен Ақбардан нені сұрайсың?
– Сәлеметсіз бе! Сіздің қай жеріңіз ауырып тұр?
– Ақбар, айта ғой ... Тамағың ауырып тұр ...
– Аяжан, сен не істейсің? Иә. "Ауызды аш, ааа". Жарайсың.
– Ақбар, тағы қай жерің ауырғанын айтасың?
– Аяжан, тынысын тыңдау керек ... (тыңдату)
Ауырғанның қанша жағдайын ойнату керектігін педагог өзі қарастырады. Егер балаларда ойындағы оқиғаны ойнау дағдылары жеткілікті дамыса, онда бірнеше жағдайды ойнап және бірнеше баланы қатыстыруға болады.

2.4. Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Аурухана".
Балалар үшін дәрігер рөлін атқаруға бірнеше киім үлгілері үлестіріледі.
Дәрігер құралдарының топтамалары жеткілікті болуы тиіс.
Балалар жұптарға немесе бірнеше топтарға бөлінеді.
Егер кейбір балалар ойынға қатысқысы келмесе, өзі қалаған жерде болып ойынды бір жақтан бақылауға мүмкіндік алады.
Балалардың өзара диалогтары мен ойындар желісінің басталуын және ары қарай жалғастырылуын қамтамасыз ету үшін, педагог қосымша сұрақтар қойып жатады.
Сұрақтар әдептілік ережелерін, әрекеттер сипатын, ойын жүйесін реттеу үшін қолданылады.
Сұрақтар үлгілері мына сияқты болады: "Дәрігерге не айтасың?", "Қай жерің ауырды?", "Ауырғанын қалай сұрайсың?", "Не дейміз?", "Ол үшін қандай құрал аласың?", "Не істейсің?"
Балаларға ауырған кейіпкер күйінде қуыршақтарды, басқа жануарларды ойыншықтарды да беріп қоюға болады.
Кейбір баланы "дәрігердің" алдына ауырған болып барып, бірге ойнатуға болады.
Ойын аяқталған жағдайда құралдар мен ойыншықтарды орнына салып, жинап қоюға нұсқау беріледі, тәртіп бақыланады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау және оқу қызметін пысықтау.

– Балалар, біз бүгін қандай ойын ойнадық?
– "Аурухана" ойынын ойнадық. Жарайсыңдар.
– Ойында біз кім болдық? Иә. Дәрігер болдық. Не істедік? Иә. Емдедік, тыныстытындадық, тамақты қарадық, дәрумен бердік. Жарайсыңдар.
– Балалар, ауырмау үшін, не істеу керек? Иә. Ата-ананың тілін алу керек, қолды жуу керек, жылы киіну керек, суықты жемеу керек.
– Балалар, бүгін, оқу қызметінде сендер зерек, білгір болдыңдар. Жарайсыңдар. Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Тақырыбы: Аңдарға қысқы үйшік

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға жабайы аңдардың қысқы тіршілігі жөнінде түсініктер беру, қарапайым үй бөлшектері туралы ұғымдарды тиянақтау; аңдарға қамқорлық жасау туралы түсіндіру. Қағаздан ұзын жолақтарды жыртып алу техникасын жаттықтыру, дайын пішінді желімдеп, үйдің бөлшегі ретінде белгілі жерге жапсыру әдебін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, ақыл-ойын, көз мөлшерін, зейінді дамыту. Балаларда аңдардың тіршілігіне деген байқағыштықты дамыту, ұқыптылыққа, зеректікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөздік қорды "жолақты жыртып аламын", "желімді жағамын", "сүртіп аламын", "аңдарға үйшік" сияқты сөздер арқылы жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, бейнероликті көрсету, көркем сөз, суретті көрсету, үлгіні зерттеу, техникалар амалдарын көрсету, саусақ жаттығуы, ауада жаттығу, өздік жұмыс, дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Балаларға қарлы боранның дыбысы естіледі.

Қарлы боран туралы бейнеролик.

Суреттер сериясы:

1) қыс мезгілінде терезесі мен шатыры жоқ үйшіктің аяқталмаған суреті;

2) жаз мезгіліндегі үйшіктің толық суреті.

Тіке жатқан қағаз бетінің төменгі жағына салынған шаршы пішінді, қоңыр түсті үйдің қабырғасының суреті.

Ыдыста сары түсті қағаз және көгілдір пішінді дөңгелектер жинақтамасы. Әрбір дөңгелекке аңның сызбалы бейнесі салынған.

Көрсеткіш.

Жапсыруға қажетті құралдар: ыдыста желім, қылқалам, қылқаламға тіреуше, жайма (төсеніш), майлық (сүлгі).

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Үйшіктің тек қабырғасының сызбасы салынған қағаз парақтары; ыдыстарда сары түсті қағаздар, аңдардың беттері салынған дөңгелек пішіндер жинақтамалары; жапсыруға қажетті құралдар: ыдыста желім, қылқалам, қылқаламға тіреуше, жайма (төсеніш), майлық (сүлгі).

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Аудиожазбаны тыңдау.

Балаларға қарлы боранның дыбысы естіледі.

– Балалар, естіп отырсыңдар ма? Бұл не болуы мүмкін?

1.2. Бейнероликті көрсету.

Қарлы боран туралы бейнеролик көрсетіледі.

– Балалар, қараңдаршы. Бұл қарлы боран. Қайталаймыз.

– Қарлы боран қыста болады. Далада өте суық, қараңғы.

Көркем сөз.

Қыс ешкімді аямайды,
Қарлы боранды айдайды.

Қарлы боран – аппақ жау,
Қалдырады таудан тау.

Аңдар тонып қашады,
Қарындары ашады.

Кім салады үйшікті?

Кім береді көмекті?

Суретті көрсету.
Аяқталмаған үйшік суреті көрсетіледі. Үйшіктің тек қабырғасы бар, терезесі мен шатыры жоқ.

– Қараңдаршы, мына тұрған үйшіктің қабырғасы ғана. Үйшіктің несі жоқ? Иә. Шатыры жоқ, терезесі жоқ.
– Қарлы боран терезе мен шатырды сындырыпты. Шатыр мен терезені қайта салу керек.
– Олай болса, балалар, аңдарға қысқы үйшікті жөндеп, салып берейік.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу.

Балалардың алдына панноға не тақтаға, үйшіктің жазғы алаңда тұрған толық суреті көрсетіледі.

– Дария, мынау не? Мынау – үйшік. Дұрыс. Үйшік туралы айтып берші.
Балаға көрсеткішті беріп, жауап беруге көмектесу.
– Жарайсың, Дария, шатыр, қабырға, терезе.
– Шатыр неден жасалған? Балалар, шатыр кепкен шөптен жасалған.
– Терезенің шынылары қандай пішінге ұқсайды? Иә. Дөңгелектерге ұқсайды.
– Балалар, терезенің шынысын салсақ, аңдар тезірек үйшікке кіріп алады.

2.2. Техникалар амалдарын көрсету.
Қағаз бетінің төменгі жағына салынған шаршы пішінді, қоңыр түсті үйдің қабырғасының суреті көрсетіледі.
Жұмыс жасау тәсілдерін көрсеті үшін, сары түсті қағаз және көгілдір пішінді дөңгелектер керек. Әрбір дөңгелекке аңның сызбалы бейнесі салынған.
– Балалар, үйшікке қар кіріп кетпес үшін, мен шатырды сары шөппен жабамын. Ол үшін мына сары қағаздың шетінен ұзын жолақшалар жыртып аламын.
– Қылқаламға желім аламын, жыртылған бөлікті жайма үстіне аударып желімдеймін. Қылқалам тіреушеге. Бөлікті аударып, мына шаршы пішінді қабырғаның үстіңгі жағына жапсырамын. Екінші бөлікті желімдеп, шатырдың екінші жағына жапсырып қоямын. Майлықпен артық желімді сүртіп аламын.
– Міне, шатыр дайын.
– Ыдыста түрлі аңдардың бейнелері бар дөңгелектің бірін алып, аударып, жайма үстінде желімдеймін.
– Терезені бір шаршы бөлігінің үстіне жапсырамын.
Уақытты үнемдеу мақсатында алдын-ала желімденген дөңгелектерді қалған терезенің бөліктеріне тез жапсырып, майлықпен сүртіп қоюға болады.
– Балалар, менің үйшігіме аңдар кіріп алыпты. Ендігі кезек сендерде.

2.3. Саусақ жаттығуы. "Қоян құлағын түріп".
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.
Қоян құлағын түріп, (алақандарды бастың екі жағына тік тіреп, саусақтарды қозғалту, жыбырлату)
Аңнан қашып жүреді. (алақандарды бастың екі жағына тік тіреп, саусақтарды қозғалту, жыбырлату)
Қашып шықса жүгіріп, (саусақтарды үстел басына кезекпен соққылау)
Аяқтармен соғады. (саусақтарды үстел басына, бір уысқа жинақтап, соққылау)
Педагог саусақ жаттығуын ұйымдастыру кезінде сөйлеудің мәнерлі оқу құралдарын қолдануға міндетті.
Педагог мимика мен саусақ қимылдарын қолданумен қатар, пантомиманы орнымен енгізіп отыру керек. Балалардың тақырыпқа деген қызығушылықтары арта түседі.
Көркем сөз жолдары және жаттығуларды орындау тәртібі оқу қызметінен тыс уақытта өткізіліп, балалар үшін таныс болуы тиіс.
Балалар қимылдарды педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай жасап, сөздерді шамаларына қарай қайталайды.

2.4. Ауада жаттығу.
– Балалар, шатырды жапсыру үшін біз не істейміз? Иә. Сары қағазды жыртамыз. Көрсетейік. Жақсы.
– Тағы да не істейміз? Әрине, терезеге шыны саламыз. Жарайсыңдар.
– Балалар, егер желім тысқа шығып кетсе, не істейміз? майлықпен сүртеміз. Жарайсыңдар.

2.5. Өздік жұмыс.
Әрбір баланың алдына сары қағаз беттері, аңның сызбалы бейнелері салынған көгілдір дөңгелектер беріледі.
Балалардың жұмысты орындау техникалары, тазалықты сақтау әдебі бақыланады.
Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға: "Сен не істеп отырсың?", "Оны қалай жасадың?", "Қайда орналастырдың?" сияқты сұрақтар қойылады.
Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптар алып отыру керек: "жолақты жыртып аламын", "желімді жағамын", "сүртіп аламын".
Үйшікке қажет шынылар саны төрттен көп болуы керек, әрбір бала өзіне ұнайтын аңның бейнесін жапсыруға мүмкіндік алады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.
– Балалар, бүгін біз қандай қызықты жұмыс жасадық? Иә. Аңдарға үйшік салып бердік.
– Шатырды қалай жасадық? Жыртып алдық. Жапсырдық. Жарайсыңдар.
– Ғалия (Ермек, Арман, Қуат, Альфия), үйшікке сен қандай аңдарды тұрғыздың?
– Балалар, бүгін аңдар қарлы боранға қалмай, жылы үйшікте тұратын болды.
– Сендер өте мейірімді, қамқор балаларсыңдар. Жарайсыңдар! Рақмет, сау болыңдар.

Тақырыбы: «Жануарлар фермасы» ойыны

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға жануарлар фермасы жөнінде мағлұматтар беру, жануарларды күтушінің еңбегімен таныстыру, үй жануарларының атауларын пысықтау, ойын ережелерін түсіндіру. Балалардың тақырып бойынша ойын желісіндегі тілдік және эмоционалдық арақатынастарға түсу іскерлігін жетілдіру, ойын шартын, желісін ұстану дағдыларын қалыптастыру, қабылдау, ақыл-ой қабілеттерін дамыту. Балалардың адам еңбегін бағалау, үй жануарларына қамқорлықпен қарау сезімдерін қалыптастыру, ұйымшылдыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

"Жануарлар фермасы" сөзінің мағынасын түсіндіру, белсенді сөздік қорға "жануарларды күтуші", "суарады", "шөп береді" , "күтеді", "қорада ұстайды" сияқты сөз тіркестерін енгізіп, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, суретті көрсету, көркем сөз, сурет бойынша әңгімелесу, дамытушы жаттығу, сергіту сәті, тәжірибе жаттығуы, өздік ойын әрекеттері, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Үй жануарлары фермасы дыбыстарының жазбалары.
Қорада тұрған үй жануарларының суреті.
Алдына айыр ағашпен шөп салынып тұрғанүй жануарының суреті.
Заттық суреттер: қасқыр, бұзау, қозы, лақ, бұзау, сиыр, жылқы, қой, қораз, тауық, торғай, балық, алжапқыш, қапта жем, мая шөп, шелекте су, айыр ағаш,
Бірнеше шелек пен дорбада "жем" салынған, "шөп" (жасанды) орамдары.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Құлыншақтардың, лақтардың, қошақандардың, бұзаулардың маскалары.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Аудиожазбаны тыңдау.
Үй жануарлары фермасының дыбыстары естіледі.

– Балалар, мынау естіп отырған дыбыстарды танып отырсыңдар ма? Бұл қай жер екен?

Суретті көрсету
Қорада тұрған үй жануарларының суреті көрсетіледі.

– Балалар, енді танып отырсыңдар ма? Бұл нелер?

1.2. Көркем сөз.
Бұзау, құлын, қозы, лақ
Аулада жүр ойнамақ,
Бірақ қыста, суықта,
Орын тар ғой қорада.

Қорамызда шөп көп,
Мая-мая, мол шөп.
Жаздыгүні орылған,
Қысқа толып жиналған.

– Жеңдер, жеңдер,
Төлдерім,
Міне шөбім, жемдерім,
Су ішіңдер бір шелек.
Не берейін? Не керек?
– Балалар, мына жануарлар қайда тұр? Олар неге қорада тұрады?
– Балалар, үй жануарларын қыста күтетін жерді "Жануарлар фермасы" деп айтады.
– Бүгін біз "Жануарлар фермасы" ойынын ойнаймыз. Қайталаймыз. "Жануарлар фермасы". Жарайсыңдар.
– Балалар, үй жануарларын күтетін адамды күтуші деп айтады. Қайталаймыз.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. "Ойынға қажеттіні таңдайық" ойын-жаттығуы.
Мақсаты. Үй жануарлары фермасында күтушіге қажетті құралдар мен атрибуттардың анықтау.
Шарты. Фермада қажет құралдар мен атрибуттарды атап, не үшін қажет болғанын айту шарт. Барысы.
Ойынды өткізгенде құралдардың ойыншық және жасанды нысандары қолданылады.
Заттық суреттер: қасқыр, бұзау, қозы, лақ, бұзау, сиыр, жылқы, қой, қораз, тауық, торғай, балық, алжапқыш, қапта жем, мая шөп, шелекте су, айыр ағаш.,

– Балалар, біз "Жануарлар фермасы" ойынын ойнамас бұрын, осы ойында қандай құралдарды қолдану қажетін және қандай жануарларды күтетінімізді анықтап алайық. Ол үшін мен паннода тізіп қойған суреттер арасынан артық суреттерді алып тастаймыз. Ойынға қажеті бар суреттерді ғана алып қалайық.
Тақтаға кезекпен шыққан кез келген бала ойынға қажеті жоқ суретті тауып, алып тастап жатады.
– Қамбар, сен неге қораздың (т.б.) суретін алып тастадың? Біз қоразды жануарлар фермасында күтеміз бе? Иә. Қораз үй жануары емес. Қораз – үй құсы.
– Тахмина, қасқырды неге алып тастадың? Иә. Ол – жабайы аң.
– Асылбек, неге үй жануарына балықты бермейміз? Иә. Үй жануарлары балықты жемейді. Жарайсыңдар, балалар.
Шөптің, жемнің, айыр ағаштың, шелектегі судың суреттері бөлек алынады.
– Балалар, ал мына суреттерді мен неге бөлек жинап қойдым? Иә. Бұл жануарларды күтетін құралдармен азықтар.
– Кім айтады шөп, су, жем не үшін керек? Иә. Оларды үй жануарларына береді.
– Мына айыр ағаш не үшін керек? Иә. Шөпті айыр ағашқа көбірек жинап алып, жануардың алдына салады. **2.2. Сергіту сәті. "Жануар болайық".**
"Жануар болайық" сөзі "құлыншақ болайық" тіркесімен ауыстырылып тұр. Үй жануарлары төлдерінің қимылдары бір-біріне ұқсас болады.
Балалар өз қалаулары бойынша құлыншақтар, лақтар, қошақандар, бұзаулардың маскаларын киіп алады. Барлық бала алаң ортасына шақырылады.
– Балалар, сендер қазір үй жануарларының төлдерісіңдер.
Жануарлар қалай қимылдайтынын көрсетіп көрейік.

– Бекер біз тұрмайық,
Жануар болайық.
Аяқтармен соқ-соқ,
Секіреміз тоқ-тоқ.
Оң жаққа қолды сермеп,
Сол жаққа қолды сермеп.
Түп-түзу тұрамыз,
Сап түзеп жүреміз.
Балалар педагог соңынан әуен ырғағына, сөздерге сай қимылдайды.

2.3. Ойынды іске асыру.
"Жануарларды қалай күтеміз" іс-тәжірибе жаттығуы.

Балалардың жастары кішкентай болуына байланысты, жануарларды күтуші рөлін алғашында педагог өзі атқарады.
Ойынды толық ойнату үшін, бірнеше шелек, дорбаларда "жем", "шөп" орамдары қажет.
– Балалар, мен күтушімін. Құлыншақтарға жем беремін!
– Құлыншақтарым, келіңдер, "Құрау-құрау!", "Құрау-құрау!" Жарайсыңдар.
Құлыншақтың маскасын киген балалар "жемге" келеді, азықтанғандарын көрсетеді.
– Бұзауларға су беремін!
– Бұзауларым, келіңдер, "Мәуке-мәуке-мәуке!", "Мәуке-мауке!" Жарайсыңдар.
Бұзаулардың маскасын киген балалар "суға" келеді, суды ішкендерін көрсетеді.
– Қошақандарға шөп беремін!
– Қошақандарым, келіңдер, "Пұшайт-пұшайт-пұшайт!", "Пұшайт-пұшайт!" Жарайсыңдар.
Қошақанның маскасын киген балалар "шөпке" келеді, азықтанғандарын көрсетеді.
– Міне, мен қандай күтуші болдым, ал сендер үй жануарларын тамаша көрсеттіңдер! Жарайсыңар!

2.4. Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Жануарлар фермасы".
Балалар арасынан бір-екеуі шығып, жануаларды күтушінің киімін киеді, педагогтің жанында өз рөлін атқарады.
Ойынның жылдамдығын, балалардың ойында қауіпсіздікте болуын қамтамасыз ету үшін педагог "күтушілерді" ойын алаңындағы бірнеше бұрышқа бөледі.
Әрбір күтуші тек өзіне қатысты жануарлар тобын шақырады, белгілі азық береді.
– Камила, сен қошаққандарға шөп бересің, "пұшайт" деп шақырасын.
– Ерғали, сен құлыншақтарға жем бересің, "құрау-құрау" деп шақырасың.
– Мадияр, сен бұзауларға су бересің, "мәуке-мәуке" деп шақырасың.
Ойын көңілді өту үшін, бәсең дыбыста әуенжазбасы қосылады.
Ойынның соңында құралдар мен атрибуттарды белгілі жерге жинау тәртібі есептеліп қоюы керек.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау және оқу қызметін пысықтау.
– Балалар, біз бүгін қандай ойын ойнадық?
– "Жануарлар фермасы" ойынын ойнадық. Жарайсыңдар.
– Ойында біз кім болдық? Иә. Үй жануарлары болдық. Жануарлар не істеді? Иә. Су ішті, жем жеді, шөп жеді. Жарайсыңдар.
– Тек қана үй жануарлары болдық па? Иә. Күтуші болдық. Жарайсың, Мадияр.
– Қалай шақырдық? Жарайсыңдар, балалар.
– Үй жануарлары күтулі, жылы жерде, қарындары тоқ тұр. Рақмет сендерге.
– Балалар, бүгінгі оқу қызметінде мұқият, шапшаң, ойыншыл болдыңдар. Жарайсыңдар. Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Тақырыбы: Түрлі балықтар жүзіп жүр

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға аквариумдағы балықтардың тіршілігі жөнінде мәлімет беру, балықтардың денесінің ерекшеліктеріне көңіл аудару; аквариум балықтарын күту тәртібінің негіздерімен таныстыру. Ермексаз бөліктерін есу, дөңгелектету, жалпайту техникаларын жетілдіру, балықтың сұлбасын түрлі-түсті таяқшалар, дөңгелектер арқылы безендіру әдебіне машықтау; қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшерін, жазықтықты бағдарлау қабілетін, эмоциялар мен түйсікті дамыту. Балаларда эстетикалық талғам негіздерін қалау, байқампаздыққа, қамқорлыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөздік қорды "кесектен үзіп аламын", "кесектен жұлып аламын", "таяқшаны есемін", "дөңгелектеймін", "сұлбасын безендіремін", "аквариум" сияқты сөздер арқылы жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Ғажайып сәт, бейнероликті көрсету, суретті көрсету, көркем сөз, үлгіні зерттеу, техникалар амалдарын көрсету, саусақ жаттығуы, ауада жаттығу, өздік жұмыс, мақтау, кейіпкермен қоштасу, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Сарғыш Марғаудың суреті.

Алтын балықтың аквариумда жүзіп жүргені туралы бейнеролик.

Балықтың бір-екі сурет үлгісі. Балықтардың денелері түрлі оюлар элементтерімен безендірілген.

Үлкен қағаз бетінде балалар санына сай балықтар бейнелерінің сызбалы суреттері. Балықтар денелерінің оюлары маркермен салынған (сызықтар, нүктелер, дөңгелектер, толқындар).

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.

Ермексаз жинақтамасы, тақтайша, майлық.

Көрсеткіш.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Ермексаз жинақтамалары, тақтайшалар, майлықтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Ғажайып сәт.

Сарғыш Марғау қонаққа келеді.

– Балалар, қараңдаршы, бүгін Сарғыш Марғау үндемей, тыныш келіп тұр. Оған не болғанын сұрайықшы.

– Марғау, бүгін сен неге тыныш жүрсің?

Марғау:

– Мен балықтардың тілін білгім келеді? Олар сөйлегенде дыбыстарын шығармайды.

Педагог:

– Бұл қалай екен. Көрейікші.

Бейнероликті көрсету.

Алтын балықтың аквариумда жүзіп жүргені туралы бейнеролик көрсетіледі.

Көркем сөз. Дина Ахметова. "Балық".

Балық жүзіп қоймайды,
Қанаттарымен бұлғайды,
Сүңгиді, жылпылдайды,
Суға неге батпайды?

Балық сөйлей білмейді,
Тыңдасаң – үндемейді.
Аузын ашып қоймайды.
Мүмкін, суға тоймайды?

1.2. Кіріспе әңгімелесу
– Балалар, қандай тамаша! Мынау не? Жарайсыңдар. Бұл – балық.
– Балық емес, құс па? Балық пен құстарды ажыратуға бола ма?
– Иә. Балық суда жүзеді. Қайталаймыз. Жақсы. Ал құс ... ұшады.
– Балалар, мына ыдысты біз не деп айтамыз? Иә. Бұл – аквариум. Қайталаймыз. Жеңіс, қайтала. Жарайсың.
– Шынымен, балықтар дыбыстарын шығармайды екен.

Кідіріс ұстау.
– Марғау, біз сенімен тыныш қана сөйлесіп көрейік.
Марғау:
– Балалар, мен аквариумда көп балық ұстайын деп едім, бірақ оларды боя алмаймын. Көмектесіңдерші.
– Балалар, Марғауға көмектесейік. Содан соң балықтарға жем береміз.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу.
Балалардың алдына бір-екі балықтың сурет үлгілері көрсетіледі. Балықтар денелері түрлі оюлар элементтерімен безендірілген.
– Балалар, мына балықтар бірдей ме? Несі бірдей емес? Иә. Оюлары бірдей емес.
– Қарлығаш, бірінші балықтың қандай оюларын білесің? Айтып көрші. Таяқшалар, нүктелер. Жарайсың.
Балалар балықтарда бар оюлардың түстерін, түрлерін айтады.

2.2. Техникалар амалдарын көрсету.

Балалардың алдына үлкен қағаз бетінде балалар санына сай балықтардың бейнелері көрсетіледі. Балықтар денелерінің оюлары маркермен салынған (сызықтар, нүктелер, дөңгелектер, толқындар).
– Балалар, балықты безендіру үшін, мен оның оюларының түрлеріне, түстеріне қараймын.
– Сызықтар болса, мен ермексазбен не істеймін? Иә. Ермексаз бөлігін есемін. Жарайсың, Шолпан.
– Нүктелер болса, мен не істеймін? Иә, Олжас, мен бөлікті дөңгелектеймін.
– Балалар, егер ол толқын болса, мен бөлікті ұзындау есіп, балық денесінің үстіне салып, толқын ізін қайталап басамын.
Балаларға кез келген балықтардың белгілі оюларын қайталау амалдары көрсетіледі.
– Балалар, барлықғымыз жабылып, аквариумдағы балықтарды әдемі безендірейік.

2.3. Саусақ жаттығуы. "Балықтар".

Балық жүзіп қоймайды, (қос алақанмен ары-бері бұлғау)
Қанаттарымен бұлғайды, (екі қолдың саусақтарымен жыбырлату)
Сүңгиді, жылпылдайды, (алақандарды жұдырықты ашып-жабу)
Суға неге батпайды? (шапалақтау)
Педагог саусақ жаттығуын ұйымдастыру кезінде сөйлеудің мәнерлі оқу құралдарын қолдануға міндетті.
Балалар қимылдарды орындай отырып, сөздерді педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай айтып отырады.

2.4. Ауада жаттығу.
– Балалар, таяқшаларды қалай есеміз? Көрсетейік. Жақсы.
– Қалай дөңгелектейміз? Көрсетейік. Жарайсыңдар.
– Балалар, жұмысымыз біткенде, не істейміз? Иә. Саусақтарды, тақтайшаны майлықпен сүртеміз. Жарайсыңдар.
– Балалар, балықтарды безендіргенде бір-бірімізді итермей жүреміз.

2.5. Өздік жұмыс.

Балалардың алдында балалар санына сай түрлі балықтардың сызбалары салынған қағаз беті ілінеді. Балалардың әрқайсысы өздеріне ұнайтын балықты таңдап, безендіреді.
Педагог, балалардың үздіксіз тізбекте жұмысты жасату мақсатында, жылдам істейтін балаларды қағаздың алдына, салмақты балаларды ермексазбен техникаларды жетілдіруге бөліп отырады. Содан соң, балалар топтары өзара орындарын алмастырып жүреді.
Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға "Сен не істеп отырсың?", "Оны қалай жасадың?", "Қайда орналастырдың?" сияқты сұрақтар қойылады.
Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптар алып отыру керек: "кесектен үзіп-жұламын", "таяқшаны есемін", "дөңгелектеймін", "оюмен безендіремін".
Шығармашылық жұмыс аяқталғанда, балаларға саусақтарды, өз орнын майлықпен сүрту әдебін айтып отыру шарт.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Жасалған мүсін үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.
– Балалар, қараңдаршы, Сарғыш Марғау өте көңілді!
– Бұл не себептен, қалай ойлайсыңдар?
– Иә. Біз көп балықтарды безендірдік. Қайталайық.
– Бізде көп түрлі-түсті, үлкен, кішкентай балықтар шықты. Жақсы.
– Айфара, балықты сен немен безендірдің? Қарындашпен? Қылқаламмен бе? Ермексазбен безендірдің. Жарайсың.
– Балалар, енді мына балықтарға жем беруге де болады.

Кейіпкермен қоштасу.
– Балалар, Сарғыш Марғау сендерге өте риза. Бұндай көп балықты ол әлі де көрмеген. Сендерге ойынға тағы да келіп тұрады.
Марғау:
– Балалар, сау болыңдар! – дейді.
– Бүгін, балалар, сендер ұйымшыл, шығармашыл болып, көп қуаныш сыйладыңдар. Аквариумда әдемі балықтар жүзіп жүр. Оқу қызметі аяқталды. Біз аквариумдағы балықтарға жем берейік.

Тақырыбы: «Шаштараз» ойыны

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға шаштараз мамандығы жөнінде мәлімет беру, шаштараздың құралдарымен, қолдану қажеттіліктерімен таныстыру; әдептілік ережелерін түсіндіру. Балалардың шаштараз мамандығы аясында ойын желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, қатынастарда қарапайым сұрақ қою, жауап беру үлгілерін игерту, шағын және топтық арақатынастарға түсе білу, ойын шартын, желісін ұстану дағдыларын қалыптастыру, ой-өрісін жетілдіру. Балаларды ересектің еңбегін құрметтеуге баулу, ұқыптылыққа, әдептілікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Балалардың белсенді сөздік қорын "шаштараз", "тұтынушы", "мамандық", "отырыңыз", "шашты қиямын", "шашты буамын" сияқты сөздер мен сөз тіркестері арқылы жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, көркем сөз, суретті көрсету, ойын-жаттығу, сергіту сәті, өздік ойын әрекеттері, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.
Шаштараздың клиенттің шашын қиып жатқаны туралы сурет.
Заттық суреттер:
иық жапқыш, тарақ, сусабын, шашты бұйралау жабдығы, қайшы, қырыну құралы,
фен, айна, алжапқыш, сүлгі, шаш қыстырғыш, резеңке, бантик, жасанды шаш (париктер).

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Иық жапқыштар.
Шаштараз құралдары үшін корап пен сөре.
Тарақтар түрлері (ұштары үшкір емес, жиі емес).
Сусабындар үшін пластмассалы ыдыстар.
Шашты бұйралау жабдығы.
Пластмасса қайшы, қырыну құралдары.
Ойыншық фендер,
Ойыншық айналар.
Шаштараздың алжапқыштары.
Сүлгілер.
Шаш қыстырғыштар, резеңкелер, бантиктер, қарапайым париктер.
Сәнді шаш үлгілері журналы.
Орындықтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Аудиожазбаны тыңдау.
Көңілді, ырғақты, бәсең дыбыстағы әуенжазбасы қосылады.

Көркем сөз. Дина Ахметова. Жұмбақты жасыру. "Шаштараз".
Оның қолы жылдам жүреді,
Біресе тарақ, біресе қайшы.
Шашты таза жуып береді,
Шаш үлгісін қарайықшы.
– Балалар, мен не туралы жұмбақты оқыдым?

1.2. Суретті көрсету.
Шаштараз клиенттің шашын қиып жатқаны туралы сурет көрсетіледі.
– Мына мамандық иесін кім таныды?

– Иә, Бекнұр, бұл – шаштараз. Лаура, қайтала.
– Шаштараз деген қандай мамандық? Шаштараз не істейді?
– Балалар, бүгін біз "Шашатараз" ойынын ойнаймыз.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. "Шаштатаразға не керек?" ойын-жаттығуы.
Мақсаты. Шаштаразға қажет құралдардың атауларын пысықтау.
Шарты. Шаштараздың құралын атап, оның қажеттілігін айту шарт.
Барысы.
Әрбір бала құралды қолға алып, оның аталуын, қажеттілігін айтады.
Ойынды өткізгенде құралдар не олардың суреттері қолданылады.
Заттық суреттер: иық жапқыш, тарақ, сусабын, шашты бұйралау жабдығы, қайшы, фен, айна, алжапқыш, сүлгі, шаш қыстырғыш, резеңке, бантик, жасанды шаш (париктер). – Балалар, шаштараздың жұмысына қандай құралдар қажет?
– Шаштараз қандай құралдарды және қалай қолданатынын біліп алайық. "Шаштаразға не қажет?" атты ойынды ойнайық.
– Балалар, әрқайсың, мына құралдардың бірін қолға алып атап, қолдану қажеттілігі туралы айтасыңдар. Мысалы, Альмира, мынау не? Не үшін керек?
– Мынау – тарақ. Тарақпен шаш тарайды.
– Мынау – қайшы. Қайшымен шаш қияды.
– Мынау – иық жапқыш. Оны иыққа жабады.
Ойын жүйесі жылдам өткізілуі үшін, басқа уақыттарда балаларға айтқызуға болады.
– Жарайсыңдар балалар.

2.2. "Шаштараз" ойыны.
Мақсаты. Шаштараздың іс-әрекеттерін игеру, тұтынушымен негізгі фразаларды айтқызу.
Шарты. Балалар жұптарда шаштараздың кез келген құралмен негізгі қимылдарының бірін жасап, тұтынушымен ортақ фразаларды алмасады.
– Балалар, шаштаразға шашын қидыртқысы келген тұтынушы адам келеді. Барлығымыз тұтынушы деп айтайық. Жарайсыңдар.
– Шаштараз, тұтынушы келгенде: "Орындыққа отырыңыз. Сізге қандай шаш үлгісі керек?" – деп айтады. Ержан, тұтынушыға біз не дейміз?
– Жарайсың, "Орындыққа отырыңыз. Сізге қандай шаш үлгісі керек?"

– Ержан, сен нені қалайсың? Саған шаш қию керек пе? Айта ғой: "Маған шашты қию керек".

– Динара, егер саған шашты жуу керек болса, сен не дейсің? Жарайсың. "Маған шашты жуу керек".

– Асқат, егер саған шашты сүрту керек болса, сен не дейсің? Жарайсың. "Маған шашты сүрту керек".

– Меруерт, егер саған шашты кептіру керек болса, сен не дейсің? Жарайсың. "Маған шашты кептіру керек".

2.3. Сергіту сәті. "Шаштараз"
Шаштаразда қайшы бар, (шапалақтау, марш басу)
Шаштаразда тарақ бар. (шапалақтау, марш басу)
Тарайды, қияды. (екі қолмен тарағанды және қиғанды көрсету)
Тарап, тарап, қияды.

Шаштаразда сабын бар, (шапалақтау, марш басу)
Шаштаразда сүлгі бар. (шапалақтау, марш басу)
Жуады, жуады, (екі қолмен шашты жуғанды көрсету)
Кептіреді, буады (қолдарды сілку, жұдырықтарға жинау)

2.4. Ойынды іске асыру. Өздігінен ойын әрекеттерін жасау, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Шаштараз бен тұтынушы".

Балалар жұптарға бөлініп, кез келген суреттерге қарап, мамандық бойынша әрекеттер жасайды. Жалпы, балалардың барлық жұптарына орындауға бірінші сурет пен кез келген суреттердің бірі беріледі.
Ол үшін жұптар бір үстел басында отырады, үстелге жұп суреттер салынады. Балалар орындықтарды бір бағытқа бұрып, қалаулары бойынша әрекеттерді орындайды.
Ойын тапсырмалары.
– Балалар, сендердің алдырыңда екі сурет бар, осы суретте көрсетілген әрекеттерді жасайсыңдар.
– Біріншілерің шаштараз, екіншілерің тұтынушы боласыңдар.
1. Клиентті орындыққа отыруға шақыру, иық жапқышты жабу.
2. Шашты жуу.

3. Сүлгімен сүрту.

4. Шашты тарақпен тарау.

5. Шашты қию.

6. Фенмен кептіру.

7. Бигудиді шашқа бұрау.

8. Хош иіс суын себу.

9. Шашты буу.

10. Қыстырғыштарды шашқа қыстыру.

11. Шаш кепкенше, сән журналын қарату.

Педагог балалар жұптарын аралап, қосымша сұрақтарды қойып, сұрақтарға жауап қайтаруға мүмкіндік береді.
Шаштараз болған баладан: "Сен, Айжанға не айтасың?", "Сен не істеп жатырсың?" сияқты сұрақтар қойылады.
Балаға: "Саған не жасау керек?" деген сұрақты сұрату қажет.
Егер, баланың бірі шаштараздың қимылын түсіндіре алмаса, жұбы болып ойнап отырған балаға "Қайрат не істеді?" сұрағын қоюға болады.
Уақыт жеткілікті болса, балалар рольдерді алмасып ойнайды.
Баланың қимылдарын, сұрақ қою, жауап беру әрекеттерін мақтап, қолдау керек.
Ойын аяқталғаннан кейін, орындарын жинау керектігі айтылады. Мысалы: "Балалар, әрқайсыларың өз құралдарыңды мына қорапшаға әкеліп, салыңдар. Жұмыс орнымыз таза болсын".

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау, оқу қызметін мақтау.

– Балалар, Шаштараз деген кім?
– Балалар, кім шаштараз болды? Шаштараз болып, қандай құралдарды қолдандыңдар? Жарайсыңдар.
– Балалар, кім тұтынушы болды? Тұтынушы болғанда, сендерге не жасады? Жарайсыңдар.
Балалардың аттары жеке аталып, жауаптары қабылданады.
– Сендерге не ұнады? Шаштараз болу ұнады ма? Тұтынушы болу ұнады ма?
– Балалар, бүгінгі оқу қызметінде сендердің әдепті тұтынушы, еңбекқор шаштараз болғандарыңды көрдім. Тамаша ойнадық.

Тақырыбы: Құстың балапаны

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға көктемде жылы жақтан қайтып келетін жыл құстарының балапандауы туралы мәліметтер беру; құстардың жалпы дене құрылысы жөнінде білімдерді тиянақтау. Құс балапанының маркермен салынған сұлбасын ермексаз бөліктерімен толтыруға үйрету; сары ермексаз кесегінен ұсақ бөліктерді үзіп немесе жұлып алып, балапан сұлбасына жапсырып, басу тәсілдерін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшерін, зейінді, ақыл-ойды дамыту. Балалардың көктем мезгіліндегі өзгерістерге, құстардың тіршілігіне деген зеректігін қалыптастыру; төзімділікке, тиянақтылыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөздік қорды "кесектен үзіп алдым", " кесектен жұлып алдым", "жағып жапсырдым", "балапанның денесіне", "үлпілдеген", "мамықтай", "құстың балапаны" сияқты сөздер арқылы жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, суретті көрсету, көркем сөз, үлгіні зерттеу, техникалық амалдарды көрсету, саусақ жаттығуы, ауада жаттығу, өздігінен мүсіндеу, жасалған мүсін үшін мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Балаларға құстардың көктемде шықылдап, шулап жатқанын білдіретін әуенжазбасы.
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.
Мазмұнды сурет. Құстар ағаш бұтақтарына ұя салып, балапандап жатыр.
Құстың балапанының суреті. Балапан сызбасының үстінен ермексаздан үзілген бөліктер басылған.
Қатты қағаз бетіне балапанның сары маркермен салынған сұлбасы.
Ермексаз жинақтамасы, тақтайша, майлық.
Көрсеткіш.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Ермексаз жинақтамалары, тақтайшалар, майлықтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Аудиожазбаны тыңдау.

Балаларға құстардың көктемде шықылдап, шулап жатқанын білдіретін әуенжазбасы қосылады.
– Балалар, қандай тамаша! Бұл нелердің дыбыстары? Иә. Құстардың дыбыстары.
– Бұл құстар неге шулайды екен? Кім біледі? Құстар көктем мезгілін қарсы алып жатыр.

Суретті көрсету.

Құстардың ағаш бұтақтарында ән салып жатқаны туралы суретті көрсету. Тағы бір құстар ұя жасап, балапандарын шығарып жатыр.

1.2. Көркем сөз. "Жыл құстары сәлемін беріп ...".

Жыл құсы көктемге сәлемін беріп,
Ұшады аспанның аясына,
Ұсақ-түйек құрттарды теріп,
Асығып қонады ұясына.

Не бар ұяда? Жұмыртқалар,
Шығады кезек балапандар.
Балапандар отырады ұяда жалықпай,
Балапандар денесі – үлпілдек мамықтар.
– Балалар, құстар көктемде ұяларына жұмыртқа басады, балапандайды.
– Балалар, кейбір жұмыртқалардан әлі де балапан шықпаған, сондықтан біз балапандардың жұмыртқалардан шығуына көмектесейік.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу.
Балаларға құстың сары балапанының суреті көрсетіледі. Балапан сызбасының үстінен ермексаздан үзіліп немесе жұлынып алынған бөліктері басылған.
– Балалар, мынау не? Иә. Бұл – құстың балапаны. Қайталаймыз. Жарайсыңдар.
– Құстың балапанында не бар? Кім айтады?

Көрсеткішті қолдану.
– Балапанда басы, денесі, құйрығы бар. Жарайсың, Ескендір.
– Басында не бар? Иә.Тұмсығы, көзі бар. Жарайсың, Айдана.
– Балалар, балапанның үстінде не бар? Иә. Бұл қауырсындар емес, бұл мамықтар. Қайтала, Дидар. Жақсы.
– Балапанның үсті мамықпен қапталған. Қайталамыз.
– Балапанның денесі үлпілдек. Қайталаймыз. Жарайсыңдар.

2.2. Техникалық амалдарды көрсету.
Балаларға қатты қағаз бетіне балапанның сары маркермен салынған сұлбасы, үлгінің негізі көрсетіледі.

– Балалар, сендердің алдарыңда балапанның сұлбасы, бірақ үсті мамықтармен қапталмаған.
– Мен сары ермексаздың кесегінен кезек-кезек ұсақ бөліктерді үзіп аламын. Бөліктерім көп болсын. Ермексаздан тағы да жұлып аламын.
– Енді бөліктерді балапан сұлбасының бойымен басып, жапсырып шығамын.
– Құралай, мен не істедім? Ермексазды үзіп алдым, жарайсың.
– Сырым, тағы да не істедім? Иә. Бөліктерді басып, жақсылап жапсырдым. Қай жерлеріне? Сұлбасының бойына. Жақсы.
– Сұлбасының ішіне де бөліктерді жапсырамын.
– Егер бөліктерім бітіп қалса, не істеймін? Иә. Ермексаздан тағы да жұлып аламын.
– Міне, мамықтары үлпілдеген балапан дайын. Кезек сендердікі, балалар.
2.3. Саусақ жаттығуы. «Балапан».
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.
Балапаным, балапан,
Қайда кеттің ауладан? (сұқ саусақпен бұлғау)
Суға бірге барайық, (шапалақтау)
Саған бидай шашайық!
Бидай шоқып тоқ-тоқ-тоқ, (үстел бетін саусақтармен соққылау)
Қанатыңды соқ-соқ-соқ.
Балалар қимылдарды педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай жасайды.
Педагог өз дауысын барынша естілетіндей шығарып, көркем сөзді нақтылы, тартымды мәнерде айтуға міндетті.
Көркем сөз жолдары және жаттығуларды орындау тәртібі, оқу қызметінен тыс уақытта өткізіліп, балалар үшін таныс болуы тиіс.

2.4. Ауада жаттығу.
– Балалар, үлкен кесектен екі саусақтың ұшымен үзген болайық. Жарайсыңдар.
– Енді қағаз бетіне жағып жапсырайық. Жарайсыңдар.
Педагог балалардың саусақтарын белгілі мүсіндеу тәсіліне сай қойып, үстел бетіне жақпалаумен тигізіп, сипалау қимылдарына көңіл аударады.
– Балалар, жұмысымыздың соңында біз не істейміз? Иә. Майлықпен саусақтарды сүртеміз.
2.5. Өздік жұмыс.
Балалардың мүсіндеу тәсілдерін бақылау қажет.
Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға: "Бұл не?", "Сен не істеп отырсың?", "Қайда жапсырып жатырсың?" сияқты сұрақтар қойылады.
Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптар алып отыру керек: "кесектен үзіп алдым", "кесектен жұлып алдым", "жағып жапсырдым", "балапанның денесіне", "үлпілдеген", "мамықтай", "құстың балапаны".

Шығармашылық жұмыс аяқталғанда балаларға саусақтарын, өз орнын майлықпен сүрту әдебін айтып отыру шарт.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Жасалған мүсін үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

– Балалар, қандай тамаша жұмыстар!

– Бүгін сендер не істедіңдер? Иә. Ермексазды балапанның сұлбасына жапсырдық. Жарайсың, Ардақ.

– Балалар, сендердің балапандарың өте әдемі шықты. Мамықтары үлпілдек.

– Міне, қаншама сап-сары балапан шықты! Балапандар өсіп, жаз бойы бізге әдемі ән салып береді.

– Бүгін оқу қызметінде сендер зерек, тиянақты

Тақырыбы: «Техника дүкені» ойыны

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға тұрмыстық техниканың адам тұрмысына қажеті жөнінде мағлұматтар беру, тұрмыстық техника үлгілерін пысықтау. Балалардың "Техника дүкені" ойыны желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, қатынастарда қарапайым сұрақ қою, жауап беру үлгілерін игерту, ережелерді ұстану дағдыларын қалыптастыру, ой-өрісін, зейінді, жағымды эмоцияларды дамыту. Балаларды техника үлгілерін ұқыпты ұстауға баулу, зеректікке, әдептілікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Балалардың белсенді сөздік қорын тұрмыстық техника атаулары мен әдептілікті білдіретін сөздер арқылы жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, суретті көрсету, көркем сөз, ойын-жаттығу, затты зерттеу, сергіту сәті, өздік ойын әрекеттері, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Ұялы телефон, тоңазытқыш, шаңсорғыштың дыбыстарының жазбалары.
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.
Тұрмыстық техника үлгілерінің "Техника" дүкенінде тізіліп тұрғаны туралы сурет. Техника түрлері: теледидар, шаңсорғыш, тоңазытқыш, компьютер, ұялы телефон, ноутбук, электр пеші, кір жуу машинасы, электр шәйнек, үтік.
Тұрмыстық техниканың ойыншық түрлері немесе заттық суреттері.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Тұрмыстық техника түрлерінің таңбалауыштары.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Аудиожазбаны тыңдау.

Ұялы телефон, тоңазытқыш, шаңсорғыштың дыбыстары шығады.
– Балалар, мына дыбыстарды сендер білесіңдер ғой?
Балалар ойларын айтады.
Біз қай жерге келгенімізді тағы да көрсетейін. Тақпақты тыңдаңдар.

Көркем сөз. Дина Ахметова. "Тұрмыстық техника".
Біздің үйде, ешкім жоқта,
Көмекшілер тұрмай тоқтап,
Бөлмелерде жұмыс істейді,
Бірақ мүлдем үндемейді.

Кешке келсе ата-ана,
Суытылған сүт пен айран.
Көрсетілер жаңалықтар,
Кілем үсті тазалықта.
– Қандай заттар туралы тақпақ оқыдым, кім тапты? Теледидар, тоңазытқыш, шаңсорғыш.
Жарайсыңдар.

1.2. Суретті көрсету.
Балаларға бірнеше тұрмыстық техника үлгілерінің "Техника" дүкенінде тізіліп тұрғаны туралы сурет көрсетіледі (теледидар, шаңсорғыш, тоңазытқыш, компьютер, ұялы телефон, ноутбук, электр пеші, кір жуу машинасы, электр шәйнек, үтік).

– Бұның барлығы қалай айтылады? Иә. Бұл – тұрмыстық техника. Қайталайық. Тамаша. Тұрмыстық техника "Техника" дүкенінде сатылады. Бүгін біз "Техника" дүкеніне барып, ойын ойнаймыз.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. "Не үшін керек?" ойын-жаттығуы.
Мақсаты. Тұрмыстық техника үлгілерінің атауларын пысықтау, қажетін анықтау.
Шарты. Кез келген тұрмыстық техниканы атау, қажетін айту шарт.
Барысы.
Балалардың алдына панноға үйде адамға "көмекші" болатын, түрлі техникалардың суреттері ілінеді.
– Балалар, "Техника" дүкенінде түрлі техника сатылады.

Қалаған балалар тақтаға шығып, кез келген заттың қажетін айтады.
Затты зерттеу.
– Бекзат, тоңазытқыш не үшін керек? Тоназытқыш азықтарды суытады. Жарайсың.
Балалар ұялы телефонның сөйлесу үшін, шаңсорғыштың кілемді тазалау үшін, компьютердің хаттар жазу (тағы басқа себептер) үшін керектігін айтады.

2.2. Ойынды іске асыру.
"Маған не керек?" іс-тәжірибе жаттығуы.
Балалар жарты шеңберге отырады.
– Балалар, дүкенге келгенде, біз не дейміз? Иә, сәлеметсіз бе!
– Ойыншықты сатып алу үшін, кімнен сұраймыз? Иә. Сатушыдан сұраймыз.
– Қазір Серік сатушы болады.
Балаларға сорелерге тізілген заттар немесе суреттері көрсетіледі.
– Дархан, сен сатушы Серіктен қандай техниканы сұрайсың? Қалай сұрайсың? "Сәлеметсіз бе! Сізде теледидар бар ма?" Қайтала. Жарайсың.
– Серік, не дейсің? "Иә. Бізде теледидар бар. Таңбалауышты (карточканы) беріңіз!"
Балалар сурет пен (ойыншықпен) оның фишкасын алмасады.
Бұл сияқты бірнеше "сатушы" мен "сатып алушыны"ң диалогтары ұйымдастырылады.
– Балалар, егер сатушы затты сатса "рақмет" деп айтады. Ұмытпаңдар.
Балалардың жастары кішкентай болуына байланысты, педагог сатушы мен сатып алушының араларындағы диалогтарды реттеп, бақылап отырады.

2.3. Сергіту сәті. "Таңбалауыштармен алмасайық?" ойын-жаттығуы.
Жеңіл, көңілді әуенжзабасы қосылады.

Мақсаты. Сатушы мен сатып алушы араларында тауар алмасу жүйесін орнату, бірдей суреттерді табуға жаттықтыру.
Шарты. Көлемі бөлек, бірақ суреті бірдей суреттерді тауып, алмасу әрекетін жасау шарт.
Барысы.
Ойынды өткізуге тұрмыстық техниканың бірнеше материалдан (қатты қағаз, пластиктен) жасалған нысандары қолданылады.
Нақтылы ойыншық заттар болмаса, суреттері ұсынылады.
Тұрмыстық техника үлгілерінің сатылуын дәлелдейтін таңбалауыштардың жұптары қолданылады.

– Балалар, қазір біз таңбалауыштармен ойнаймыз. Ол үшін барлықтарың мына үстелде жатқан таңбалауыштардың бірін таңдап аласыңдар.
– Барлығың қолдағы таңбалауышты биік ұстап, белгі бойынша алаңға шығып, дәл сондай таңбалауышы бар баланы тауып аласыңдар.
– Егер таңбалауыштарың бірдей болса, қол ұстасып тоқтап тұрасыңдар.
Үстелде әрбір суреттің екі данасы, өзге таңбалауыштармен арыласып жатады.
Ойын уақыт жеткілікті болса, тағы да ойнатылады.

– Балалар, жұптарыңды көрсетіңдер. Жарайсыңдар.
– Қараңдар, сендер таңбалауыштармен алмасып, бір-біріңнен сатып алдыңдар.

2.4. Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Техника" дүкені.
Педагог ойынға таңбалауыштардың бір жұп данасын ғана қалдырады.
Сатушы орнында өзге бала да болуы мүмкін. Балалар өздері қалаған таңбалауыштарды алып, сатушының алдына барады, техника үлгілерін сұрайды. Сатушы таңбалауышты көрсе ғана техника үлгісін береді.
Жалпы айтқанда, "сатушы" мен "сатып алушылар" таңбалауыш және ойыншықпен алмасады. Ойынның аяғында балалар өз орындарына отырғанда, "сатушыдан" балалардың одан қандай заттардың сатып алғанын сұрауға болады. "Сатушы" "сатылған" техника үлгілерін айтып шығады. Соңында "сатушының" еңбегі мақталады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау, оқу қызметін пысықтау.
– Балалар, біз бүгін қандай ойынды ойнадық? Жарайсыңдар.
– Нені сатып алдыңдар?
Бірнеше баланың жауабын тыңдау.
– Балалар, қараңдаршы, қаншама техниканы сатып алдыңдар. Енді, үйлеріңде көмекшілер көбейеді. Ата-аналарың өте қуанатын болады.
– Балалар, бүгін сендер ұқыпты, әдепті болдыңдар. Жарайсыңдар. Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Тақырыбы: Піспенан

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды дөңгелек піспенан (печенье) үлгілерімен таныстыру, дөңгелек пішінді безендіру амалдарын көрсету, нан өнімдері жөнінде ұғымдарды тиянақтау. Дөңгелек пішін сұлбасын дөңгелек бөлітермен безендіру амалдарымен таныстыру, дөңгелектің шеттері мен ортасына белгілі бөлшектерді кезекпен орналастыру техникасын игерту; қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшерін, зейінді, дамыту. Балалардың сәндік өнер үлгілеріне деген қызығушылықтарын қалыптастыру, үйлесімділікке, әдептілікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөздік қорды "үстіге", "төменге", "солға", "оңға", "ортаға", "арасына", "піспенан" (печенье) сияқты сөздер арқылы жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Суретті көрсету, көркем сөз, үлгіні зерттеу, техникалар амалдарын көрсету, саусақ жаттығуы, жапсыру амалдары тәртібін қайталау, өздік жұмыс, мақтау, кейіпкермен қоштасу, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Суреттер сериясы:

1) иығына сөмке ілген, бір қолына бір піспенанды (печенье) қолына ұстап, қалғанын жерге шашып алған, көңілсіз тұрған Дананың суреті;

2) табақшада көп піспенанның суреті;

3) көңілденіп тұрған Дананың суреті.

Суреттегі табақшада көп піспенан бар, біреуі қырына аударылып оюлары көрініп тұр.

Шеттері мен ортасы безендірілген дөңгелек пішінді піспенанның жасанды үлгісі. Дөңгелек бөлшектері әртүрлі бейнелермен әшекейленген.

Үлгінің дөңгелек пішінді негізі.

Ыдыста бөлшектердің (жұлдызша, гүл, жапырақ, күн) топтамалары.

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.

Панно не тақта, көрсеткіш.

Жапсыруға қажетті құралдар: ыдыста желім, қылқалам, қылқаламға тіреуше, жайма (төсеніш), майлық (сүлгі).

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Үлгінің дөңгелек пішінді негіздері.

Ыдыстарда бөлшектердің (жұлдызша, гүл, жапырақ, күн) топтамалары.

Жапсыруға қажетті құралдар: ыдыста желімдер, қылқаламдар, қылқаламға тіреушелер, жаймалар (төсеніш), майлықтар (сүлгі).

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Ғажайып сәт.

Иығына сөмкесін іліп, бір қолына піспенан (печенье) ұстап, қалғанын жерге шашып алған, көңілсіз Дананың суреті көрсетіледі.

– Сәлеметсің бе, Дана! Сен қайдан келе жатырсың?

Дана:

– Сәлеметсіңдер ме! Мен қонақтан келе жатырмын. Сендерге көптеген осындай піспенанды сарқытқа алып келдім.

– Міне, менің сөмкем. Қап, қандай өкінішті, піспенаным үгітіліп қалыпты. Жерге шашылып қалды.

Педагог:

– Қап, әттеген-ай, Дана, піспенаның үгітіліп қалыпты. Сөмкеңде бүтін піспенан қалмапты.

– Балалар, Данаға піспенан пісіріп, көңілін көтерейікші.

1.2. Суретті көрсету.

Табақшада көп піспенан бар, біреуі қырына аударылып тұр, оюлары көрінеді.

Көркем сөз. Дина Ахметова. "Піспенан".
Піспенан ұннан азық,
Беті оның болса да жазық,
Толады түрлі оюларға,
Тәтті балдай балаларға.

Піспенанды илейді ұннан.
Пісіреді пеште, ол да нан.
Бауырсақтай ыстық жемейді оны,
Піспенанды суығанда жеген жақсы.
– Балалар, піспенан – нан өнімі, оны аяқ астына тастауға, жерге шашуға болмайды. Қайталаймыз.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу. "Піспенан"
Балаларға шеттері мен ортасы безендірілген дөңгелек пішіннің сұлбасы көрсетіледі. Дөңгелек бөлшектер әртүрлі бейнелермен әшекейленген.
Бөлшектер (жұлдызша, гүл, жапырақ, күн) бірнеше топтамалар болып ұсынылады.
– Балалар, мынау не? Иә. Бұл – піспенан.
– Піспенанның пішіндері неге ұқсайды? Иә. Олар дөңгелекке ұқсайды.
– Піспенанның қай жерлері безендірілген? Иә. Шеттері мен ортасы.
– Піспенанның шеттеріндегі дөңгелектер бір-біріне тиістіріліп жатыр ма? Жоқ. Оюлардың арасы ашық. Қайталаймыз. Жарайсыңдар.

2.2. Жапсыру амалдарын көрсету.
– Балалар, менің алдымда көптеген бір-біріне ұқсас және ұқсамайтын оюлардың бөлшектері бар. Біреуінде жұлдызша, біреуінде жапырақ, басқа біреуінде күн немесе гүл бар.
– Мен безендіруді шеттерден бастаймын. Мен жапырақтарды таңдаймын. Бірінші оюды үстіңгі шетке жапсырамын ... Екінші оюды төменге жапсырамын ... Үшінші оюды сол жаққа, төртіншіні оң жаққа.
– Міне, менде төрт ою жапсырылды.
– Енді мен гүлдерді аламын. Бір гүлден жапырақтардың араларына жапсырамын.
Уақытты үнемдеу мақсатында бөлшектерді алдын-ала желімдеп қою керек.
– Балалар, ал мынау (көрсету) – піспенанның ортасы. Ортасына күн оюын жапсырамын.
– Міне, менде піспенан бар. Сендер де Данаға піспенан пісіріп, әдемілеп безендіріп беріңдер.

2.3. Саусақ жаттығуы. "Дөңгелек".
Балалардың әрқайсысына қатты қалың қағаздан қиылған дөңгелек пішіндер бір-бірден үлестіріледі. Пішіндердің үстел басында алдын-ала жатқаны дұрыс.
Балаларға оларды қолына алу ұсынылады.
Дина Ахметова. "Дөңгелек".
Үстап тұрмын дөңгелек,
Пішіні оның дөңгелек.
Саусақтармен жүреміз,
Бұрыштарды іздеймін.

Бұрыштары жоқ екен,
Дөңгеленген доп екен,
Дөңгелек қой күн мен ай,
Айналады тоқтамай.
Балаларға дөңгелекті зерттету, шеттерімен жүргізу, үстел басында дөңгелетіп жүргізу.
Педагог өз дауысын барынша естілетіндей шығарып, көркем сөзді нақтылы, тартымды мәнерде айтуға міндетті.
2.4. Жапсыру амалдары тәртібін қайталау.
– Балалар, дөңгелек піспенанды безендіру үшін, оюларды қай жерлеріне жапсырамыз? Иә. Үстіне, төменге, солға, оңға, араларына, ортаға.

Көрсеткішпен көрсетіп тұру.
– Кім есіне сақтап қалды? Жарайсыңдар.
– Балалар, майлық не үшін керек? Желімді сүрту үшін. Тамаша.
– Жұмысты таза жасаймыз.
2.5. Өздік жұмыс.
Балалардың әрқайсысына дөңгелек қатты қағаз кескіні, ыдыста дөңгелек жинақтамалары ұсынылады. Дөңгелектерде жұлдызша, күн, жапырақ, гүл сияқты ою элементтері салынған.
Баланың әрқайсысы өзіне қажет ою үлгілерін таңдап, әдемілеп жапсырады.
Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға: "Сен не істеп отырсың?", "Оны қалай жасадың?", "Қайда орналастырдың?" сияқты сұрақтар қойылады.
Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптар алып отыру керек: "үстіге", "төменге", "солға", "оңға", "ортаға", "арасына".
Шығармашылық қабілеттері, желімді жағу сапасы, жұмысты таза орындау шарттары тексерілуі керек.
3. ҚОРЫТЫНДЫ
Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.
– Балалар, бүгін бізде қонақта кім болды?
– Дана бізге неге келді? Иә. Ол бізге піспенан әкелу үшін келді.
– Піспенанды неден илейді? Иә. Ұннан.
– Балалар сендердің піспенандарың бірдей ме? Неге?
– Оюлары әртүрлі. Сәния, сен оюларды қай жерлерге жапсырдың? Жарайсың.

Кейіпкемен қоштасу.

– Қараңдар, балалар, Дана сендердің піспенандарыңды сөмкесіне толтырып алыпты, сендерге де қалды.
Көмектерің үшін рақмет айтады. Осыдан бастап ол піспенанды жерге шашпайды. Адамның еңбегін қадірлеу керек. Қайталаймыз.
Дана:
– Балалар, сау болыңдар! – дейді.
– Балалар, сендер ұқыпты, шыдамды, зерек болдыңдар. Жұмыстарыңды таза орындап шықтыңдар. Жарайсыңдар! Оқу қызметі аяқталды. Демалайық.

Рефлексия. "Сарқыттан ауыз тиейік".
Дөңгелек пішінді піспенанмен шай ішу.

Тақырыбы: «Киімдер дүкені» ойыны

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға киім дүкеніндегі киім үлгілерінің атауларын пысықтау, сатушының қызметі жөнінде түсініктерін тиянақтау, дүкендегі сыпайылық ережелерін, маусымға сай киіну тәртібін түсіндіру. Балалардың "сатушы" мен "сатып алушы" рөлінде ойын желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, ересек арқылы шағын және топтық қарапайым қатынастарға түсу үлгілерін игерту, ойын шартын, желісін ұстану дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. Балаларды сыпайылыққа, ұқыптылыққа, еңбекті құрметтеу негіздеріне тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Белсенді сөздік қорға ойындағы сұрақ үлгілерін, өтінімді білдіретін сөздер мен фразаларды қолдануға үйрету, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Көңіл шеңбері, ғажайып сәт, көркем сөз, суретті көрсету, ойын-жаттығу, сергіту сәті, іс-тәжірибе жаттығуы, өздік ойын әрекеттері, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбалары.
Суреттер сериясы:
* екі ұзын жолда киімсіз ілгіштердің суреті;
* екі ұзын жолда ілгіштерде ілініп тұрған киімдердің суреті: көйлек, футболка, жейде, майка, белдемше, шалбар, свитер, тон, күртеше, бөкебай;
* "Киімдер дүкені" суреті.
Киім үлгілерінің заттық суреттері.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Киімдердің таңбалауыштары; қуыршақтар мен қол-аяқтары бар ойыншық жануарлар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. "Алақай! Көктем келді!" жаттығуы.
Жаттығуды балаларды алаңға шығарып, шеңберде жасату.
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.

– Алақай! Алақай! (шапалақтау)
Бізге келді көктем-ай! (алақандарды, саусақтарын жоғарыға қаратып, бұрмалау)
Аулаға шығайық, (саусақтарды еркін қимылдату)
Тамшыларға қарайық. (шапалақтау)

Тамшылар көп тамады, (саусақтармен тізеге қағу)
Шалшықтарға ағады. (алақандарды бос сілку)
Алақай! Алақай! (шапалақтау)
Бізге келді көктем-ай! (алақандарды, саусақтарын жоғарыға қаратып, бұрмалау)

– Жарайсыңдар, балалар!
– Орындарымызға отырайық.
Жаттығу сөздері балалар үшін таныс болуы керек, оқу қызметінен тыс уақытта қайталап жүруге болады.
Уақытты үнемдеу мақсатында, бірінші шумақ жолдарын оқып, жаттығуды аяқтауға болады.

1.2. Ғажайып сәт.
Балаларға бос киім ілгіштер көрсетіледі.

– Балалар, мынау нелер? Мынау – киім ілгіштер. Киім ілгіштер қай жерде керек? Мына заттарды қайдан көрдіңдер?
Екі ұзын жолда ілгіштерде киім үлгілерінің ілініп тұрғаны туралы сурет көрсетіледі.

– Балалар, сендер дұрыс таптыңдар. Мынау – киімдер.

Көркем сөз. Дина Ахметова. "Киімдер".
Келбетіміздің көркі – киімдер
Көптеген ілгіштерге ілінген.
Көйлек, шалбар, белдемше,
Свитер, жейде, күртеше.

Түстері алуан-алуан, тартымды,
Бірі ала-ала, көзге жағымды.
Бірі жеп-жеңіл, өте жұқа,
Бірі қалың, бірі ұзын, бірі қысқа.

– Жарайсыңдар, балалар, мынау "Киімдер дүкені".
– Біз "Киімдер дүкені" ойынын ойнаймыз. Дайынсыңдар ма?

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. "Таңбалауыштармен алмасайық?" ойын-жаттығуы.
Мақсаты. Сатушы мен сатып алушы араларында тауар алмасу жүйесін орнату, бірдей суреттерді табуға жаттықтыру.
Шарты. Көлемі бөлек, бірақ суреті бірдей суреттерді тауып, алмасу әрекетін жасау шарт.
Барысы.
Ойынды өткізуге киімдердің бірнеше түрлері қолданылады.
Қуыршақтарға киімдер немесе киімдердің суреттері ұсынылады.
Киімдердің сатылуын дәлелдейтін таңбалауыштардың жұптары қолданылады: көйлек, футболка, жейде, майка, белдемше, шалбар, свитер, тон, күртеше, бөкебай,

– Балалар, мына дүкенде қандай ойыншықтар сатылады? Жарайсыңдар.
Балалар жауаптарын айтады.
– Балалар, қазір біз таңбалауыштармен ойнаймыз. Ол үшін барлықтарың мына үстелде жатқан таңбалауыштардың бірін таңдап аласыңдар.
– Барлығың да қолдағы таңбалауыштарды биік ұстап, белгі бойынша алаңға шығып, дәл сондай таңбалауышы бар баланы тауып аласыңдар.
– Егер таңбалауыштарың бірдей болса, қол ұстасып тоқтап тұрасыңдар.
Үстелде әрбір суреттің екі данасы, өзге таңбалауыштармен арыластырылып жатады.
Ойын уақыт жеткілікті болса, тағы да ойнатылады.
– Балалар, жұптарыңды көрсетіңдер. Жарайсыңдар.
– Қараңдар, сендер таңбалауыштармен алмасып, бір-біріңнен сатып алдыңдар.

2.2. Ойынды іске асыру.
"Не үшін керек?" іс-тәжірибе жаттығуы.
Балалар орындарына отырғызылады, алдарына киімдердің бірнеше түрлері ұсынылады.
– Балалар, бүгін мен сатушы болайын. Сендер менің алдыма келіп, не қалайтындарыңды және не не үшін керектігін айтасыңдар.
Қалаған балалардың бірін шақыру.
– Сәлеметсіз бе! Замира, қандай киімді қалайсыз? ("Көйлек керек").
– Зарина айта ғой: "Сәлеметсіз бе, маған көйлек керек".
– Сізде көйлектің таңбалауышы бар ма? ("Бар").
– Міне, Сіздің көйлегіңіз. Көйлекті алғаныңыз үшін рақмет! Сау болыңыз!

Балалармен бірнеше диалог үлгілері ұйымдастырылады.
– Жарайсыңдар, менен өте көп киімдерді сатып алдыңдар!

2.3. Сергіту сәті. Дина Ахметова. "Көңілді балалар".

– Біз көңілді балалар,
Тұрамыз қатар-қатар,
Көтереміз иықты,
Бақылаймыз жан-жақты.
Жүріп-жүріп асықпай,
Тез өсеміз, алақай!
Балалар педагогтің көрсеткен қимылдарын әуен ырғағына сай жасайды.

2.4. Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Киімдер дүкені".
Балалар үшін бірнеше дүкендер бұрыштары ұйымдастырылады.
Балалардың бір-екеуі сатушы болып шығады.
Киімдер үлгілерінің топтамалары жеткілікті болуы тиіс.
Балалардың өзара диалогтары мен ойындар желісінің басталуын, ары қарай жалғастырылуын қамтамасыз ету үшін, педагог балаларды аралап, қосымша сұрақтар қойып жатады.
Сұрақтар әдептілік ережелерін, әрекеттер сипатын, ойын жүйесін реттеу үшін қолданылады.
Сұрақтардың үлгілері мына сияқты болады: "Сатып алушыдан киімді қалай сұрайсың?", "Мына киім саған не үшін керек?", "Киімді неге ауыстырасың?", "Сатып алушыға не дейміз?"
Балаларға киіндіруге қуыршақтар мен қол-аяқтары бар ойыншық жануарлар ұсынылады.
"Сатушының" алдына "сатып алушы" болып та баруға болады.
Ойын аяқталған жағдайда, киімдер мен ойыншықтарды орнына салып, жинауды бақылау керек.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау, оқу қызметін пысықтау.
– Балалар, біз бүгін қандай ойынды ойнадық? Жарайсыңдар.
– Нені сатып алдыңдар?
Бірнеше баланың жауабын тыңдау.
– Балалар, қараңдаршы, сендер қаншама қуыршақтарға киімдер сатып алдыңдар. Үйде және далаға киетін киімдер екен.
– Балалар, бүгін сендер ұқыпты, әдепті болдыңдар. Жарайсыңдар. Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Тақырыбы: Ғарыш аспаны әдемі

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға ғарыш туралы жалпы мағлұматтар беру, ғарыштағы денелер мен бейнелердің сыртқы келбеттерінің айырмашылықтарын түсіндіру. Ермексазбен белгілі мүсіндеу тәсілдерін қолданып, ғарыштағы бейнелер мен денелерді жазықтың бетіне орналастыру техникаларын жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, ой-қиял, түйсік, танымдық қызығушылықтарын дамыту. Балалардың байқағыштық пен ізденімпаздық негіздерін қалыптастыру, ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөздік қорды "ғарыш аспаны", "таяқшаны есемін", "дөңгелектеймін", "ізіне жапсырамын" сияқты сөздер арқылы жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, бейнероликті көрсету, суретті көрсету, көркем сөз, үлгіні зерттеу, техникалар амалдарын көрсету, саусақ жаттығуы, ауада жаттығу, өздік жұмыс, мақтау, оқу қызметін пысықтау, рефлексия.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Ғарыш әлемін білдіретін әуенжазбасы.

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.

Бейнеролик немесе сурет: ғарыштың белгілі көрінісі; ала дақтары бар планеталар ұшып барады, жұлдыздар жымыңдап тұр, ұсақ жұлдыздар нүктедей ғана, күн жұлдызы жарқырап тұр.

Көрсеткіш.

Ғарыш денелерінің жеке сызбалы суреттері: екі түрлі планета, бір-екі әртүрлі жұлдыздар, күн жұлдызы.

Ғарыш аспанын білдіретін сурет негізі: ғарыш денелері балалар санына сай маркермен сызбалы түрде салынған. Денелер сызбалары түрлі оюлармен безендірілген (сызықтар, нүктелер, дөңгелектер, толқындар).

Ермексаз жинақтамасы, тақтайша, майлық.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Ермексаз жинақтамалары, тақтайшалар, майлықтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Аудиожазбаны тыңдау.

Ғарыш әлемін білдіретін әуенжазбасы қосылады.

– Балалар, естіп отырсыңдар ма? Бұл не? Бұндай дыбыстарды біз әлі де естемегенбіз ...

– Бұл ертегі ме? Бұл көңілді ойындар ма?

Бейнероликті немесе суретті көрсету.

Ғарыштың белгілі көрінісі көрсетіледі. Ала дақтары бар планеталар ұшып барады, жұлдыздар жымыңдап жатыр, ұсақ жұлдыздар нүктедей ғана, күн жұлдызы жарқырап тұр.

1.2. Көркем сөз. Дина Ахметова. "Қараңғы аспан, ғарыш ...".

Қараңғы аспан, ғарыш,
Ғарышта дыбыс жоқ, тыныш.
Ғарыштың түні суық,
Мың жұлдыздар қалса туып.

Ғарышта планеталар ұшады,
Жұлдыздар жымың-жымың жанады.
Ғарыш аспаны ештеңеге ұқсамайды,
Ұқсамаса да, өзіне баурайды.

Кіріспе әңгімелесу.

– Балалар, бұл әлемді біз не деп айтамыз? Бұл – ғарыш. Жарайсыңдар. Адамдар оны "ғарыш аспаны" деп те айта береді.

– Сәлимә, мына ғарыш аспанында сен нені танып отырсың? Жарайсың. Ғарышта жұлдыздар бар. Қайтала, Ержан.

– Күләш, тағы да нені таныдың? Иә. Күн жарқырап тұр. Қайтала, Зере.
– Ақиқат, ал мына дөңгелек ала дақтары бар заттар нелер? Бұл біздің жеріміз сияқты планеталар. Планеталар. Қайталаймыз. Жарайсыңдар.
– Балалар, ғарыш аспаны өте алыс. Ғарышты зерттеу керек. Ғарышты зерттейтін адамдар ғарышкерлер деп аталады. Қайталаймыз.
– Біреулерің ғарышкер болғыларың келе ме?
– Балалар, сендер өскенде ғарышқа ұша аласыңдар.
– Бүгін біз ғарыштың суретін салып көрейік. Бірақ қылқалам немесе қарындашпен емес, ермексазбен саламыз. Ермексазбен сурет салуға дайынсыңдар ма? Ендеше бастаймыз.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу.
Балалардың алдына бірнеше ғарыш денелерінің жеке сызбалы суреттері көрсетіледі: планета, жұлдыз, күн.
– Балалар, мына ғарыш денелерін тануға болады. Бұлар нелер? Кім біледі? Иә. Жұлдыз, планета, күн. Жарайсыңдар.

Көрсеткішпен көрсетіп отыру.
– Қажымұрат, планета нені жапсыру арқылы жасалған? Иә. Мынау жалпақ дөңгелектер. Қайталаймыз.
– Асқат, ал жұлдыздар қалай жасалған? Иә. Таяқшаларды айқастыра жапсырған. Тамаша.
– Күн ше? Иә. Дөңгелектер пен таяқшалар. Жарайсыңдар.

2.2. Техникалар амалдарын көрсету.
Балалардың алдына үлкен қағаз бетінде балалар санына сай ғарыш денелерінің бейнелері көрсетіледі. Денелер маркермен салынып, әдемі безендірілген (сызықтар, нүктелер, дөңгелектер, толқындар).

– Балалар, жұлдыздар мен күн сәулелерін жапсыру үшін ермексазды есіп, таяқшаларды сызықтарға жапсырамын.
– Планеталардың ішін безендіру үшін, күнді жасау үшін ермексазды дөңглекектеп, әдемілеп жапсырамын.
– Балалар, менің күшім бүкіл денелерді безендіру үшін жетпейді, сондықтан барлығымыз жабылып, денелерді безендіріп, мына ғарыш аспанын бірге салайық.
2.3. Саусақ жаттығуы. "Зымыран боламыз".
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.
Қане, зымыран боламыз,
Қолдарымызды қосамыз, (алақандарды қосу)
Саусақтарды тік ұстап,
Жұлдыздай ұшып барамыз. (орнынан қосылған күйінде жоғары көтеру)
Көркем сөз жолдары және жаттығуларды орындау тәртібі, оқу қызметінен тыс уақытта өткізіліп, балалар үшін таныс болуы тиіс.
Балалар қимылдарды педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай жасап, сөздерді шамаларына қарай қайталайды.
Саусақ жаттығуы кезінде педагог өз дауысын барынша естілетіндей шығарып, көркем сөзді нақтылы, тартымды мәнерде айтуға міндетті.
Сөздерді әндетіп айтып отыру балалар үшін өте қызықты.
2.4. Ауада жаттығу.
– Балалар, таяқшаларды қалай есеміз? Көрсетейік. Жақсы.
– Қалай дөңгелектейміз? Көрсетейік. Жарайсыңдар.
– Балалар, жұмысымыз біткенде, не істейміз? Иә. Саусақтарды, тақтайшаны майлықпен сүртеміз. Жарайсыңдар.
– Балалар, ғарыш аспанын безендіргенде бір-бірімізді итермей жүреміз.
2.5. Өздік жұмыс.
Балалардың алдында балалар санына сай ғарыш объектілерінің сызбалары салынған қағаз беті

ілінеді.
Балалардың әрқайсысы өздеріне ұнайтын балықты таңдап, әдемілеп безендіреді.
Педагог балаларға жұмысты үздіксіз тізбекте жасату мақсатында жылдам істейтін балаларды қағаздың алдына, салмақты балаларды ермексазбен техникаларды жетілдіруге бөліп отырады.
Содан соң, балалар топтары өзара орындарын алмастырып жүреді.
Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға: "Сен не істеп отырсың?", "Оны қалай жасадың?", "Қайда орналастырдың?" сияқты сұрақтар қойылады.
Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптар алып отыру керек: "ғарыш аспаны", "таяқшаны есемін", "дөңгелектеймін", "ізіне жапсырамын".
Шығармашылық жұмыс аяқталғанда балаларға саусақтарын, өз орнын майлықпен сүрту әдебін айтып отыру шарт.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Жасалған мүсін үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

– Алақай! Біздің суретіміз жарқырап тұр. Балалар, неге жарқырап тұр?
– Иә, біз жұлдыздарды, планеталарды, күнді салдық. Жарайсың, Әлихан.
– Тахмина (Сымбат, Әлия), сен нені салдың? Немен безендірдің? Жарайсың!
– Темірбек, сен ғарыш денелерін қарындашпен безендірдің бе? Қылқаламмен бе? Ермексазбен безендірдің. Жарайсың.
– Балалар, ғарышта өте тыныш және суық, сондықтан ғарышкерлер ғарышта шуламайды, жылы скафандр киім ұшады, зерттеулер жасайды.
– Бүгін, балалар, сендер шығармашыл, ізденімпаз болдыңдар. Оқу қызметі аяқталды. Қазір тыныш отырып, әдемі әуенді тыңдап көрейік.

Рефлексия. "Ғарыш әуенін" тыңдау, біраз уақыт тыныштықта отыру.

Тақырыбы: «Жиһаздар дүкені» ойыны

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға жиһаз дүкеніндегі жиһаз түрлерінің атауларын, қажеттерін пысықтау, сатушының қызметі жөнінде түсініктерін тиянақтау, дүкендегі сыпайылық ережелерін түсіндіру. Балалардың "сатушы" мен "сатып алушы" рөлінде ойын желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, ойын шартын, желісін ұстану дағдыларын қалыптастыру, өз қалауын сөзбен жеткізу қабелітен қалыптастыру, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. Балаларды ұқыптылыққа, сыпайылыққа, тәртіптілікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Белсенді сөздік қорды, жиһаз түрлерінің атауларын айтқызып, жетілдіру, өтінімді білдіретін сөздер мен фразаларды қолдануға үйрету, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Бейнеорликті көрсету, суретті көрсету, көркем сөз, ойын-жаттығу, сергіту сәті, өздік ойын әрекеттері, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Зәулім үйдің салынып жатқаны туралы бейнеролик.
Іші бос пәтердің суреті.
"Жиһаз" дүкенінің суреті.
Заттық суреттер: диван, үстел, орындық, шкаф, төсек, кресло, теледидар, шәйнек.
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.
"Жиһаз дүкені" жазуы.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Жиһаздардың таңбалауыштары қолданылады, үстелде араластырылып жатады.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Бейнероликті көрсету.
Зәулім үйдің салынып жатқаны туралы бейнеролик көрсетіледі.

– Балалар, қараңдар! Мында не болып жатыр? Иә. Үй салынып жатыр. Жарайсыңдар.

Суретті көрсету.
Іші бос пәтердің суреті көрсетіледі.

– Балалар, үй салынады, бірақ іші бос болады.
– Бұнда не жетіспейді?
– Иә. Жиһаздар жетіспейді.

1.2. Көркем сөз. Дина Ахметова. "Пәтер".
Пәтердің іші бос болса,
Жиһаздарға толтырамыз.
Отыратын жер болса,
Қонақтарды шақырамыз.
– Пәтерлерді немен толтырамыз?
– Иә. Жиһазбен толтырамыз.
– Жиһазды қайдан алуға болады?

Суретті көрсету.
"Жиһаз" дүкенінің суреті көрсетіледі.

– Балалар, біз бүгін "Жиһаз дүкені" ойынын ойнаймыз.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. "Жиһаздар не үшін қажет?" ойын-жаттығуы.

Мақсаты. Балаларға жиһаздар түрлерін пысықтау, олардың қажетін анықтау.
Шарты. Кез келген жиһазды атап, оның қажетін қарапайым түрде түсіндіру шарт.
Барысы.
Балалар жиһаздар түрлерін атап, қажетін түсіндіреді.
Ол үшін жиһаз түрлерінің заттық суреттері де қолданылады: диван, үстел, орындық, шкаф, төсек, кресло, теледидар, шәйнек.
Соңғы екі суретті балалар түсіндіру барысында топтан бөлек алып тастайды, жиһазға жатпайтындарын анықтайды.

Балалар кезекпен шақырылады.
– Мынау – төсек. Төсек үстіне жатып ұйықтау үшін керек. Төсек жатын бөлмеге қойылады.
– Мынау – диван (кресло). Диван адам отыру үшін керек. Диван қонақ үйге қойылады.
– Мынау – үстел. Үстел тағамдарды қою үшін керек. Үстел қонақ үйге, асүйге қойылады.
– Мынау – шкаф. Шкаф киімдерді салу үшін керек. Шкаф кіре беріске, жатын бөлмеге қойылады.
– Жарайсыңдар, балалар.

2.2. "Біз әдепті баламыз" сергіту сәті.

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.

Педагогтің қимылдарды көрсету және сөздерді айту тәртібі нақтылы болуы тиіс, қимылдар әуен ырғағына сай жасалады.
– Балалар, ойынды ойнағаннан кейін, үйде шашып тастауға бола ма? Үйді таза ұстау керек. Әдепті бала болу керек.
– Біз – әдепті баламыз, (алақандарды бұрмалау, тізені сәл бүгіп тұру)
Үйді шашпай ойнаймыз. (алдыда, артта шапалақтар жасау)
Әткеншектей – теңселеміз, (бүкіл денемен теңселу оңға-солға)
Жалауларды көтереміз. (қолдарды жоғары көтеріп, бұлғап)
Ойыншықтарды тереміз, (тізе бүгіп отыру, саусақтармен кілемді соққылау)
Сөрелерге тіземіз. (екі қолды бүгіп, бірінің үстіне бірін салу, шайқалу, аяқ түзу)
Біз – әдепті баламыз, (алақандарды бұрмалау, тізені сәл бүгіп тұру)
Үйді шашпай ойнаймыз. (алдыда, артта шапалақтар жасау)
Жаттығу балалар үшін таныс болуы керек, сонда балаларды ұйымдастыруға қосымша уақыттың қажеті болмайды.
Жаттығу оқу қызметінен тыс уақытта өткізіледі.

2.3. Ойынды іске асыру.

"Сізге не керек?" іс-тәжірибе жаттығуы.
Балалардың жастары кішкентай болуына байланысты, жиһаз сатушысының рөлін алғашында педагог өзі атқарады.
Жиһаздардың таңбалауыштары қолданылады, үстелде араластырылып жатады.

– Балалар, мен сатушымын.
– Мына үстелде бірнеше жиһаздың таңбалауыш-суреттері араласып жатыр, өздеріңе ұнайтын таңбалауыштарды алып, орындарыңа отырып, мұқият тыңдаңдар.
– Менің алдыма, дүкенге келгенде, мына сұрақты қоямын: "Сәлеметсіз бе! Сізге не керек? Не үшін керек?
– Сендер өз таңбалауыштарыңа қарап, айтасыңдар: "Сәлеметсізбе! Маған үстел керек. Үстелге тағам қоямын!"

– Балалар, өздеріңе жиһаздарыңды не үшін керек екенін айтып, таңбалауышты көрсеткенде, мен сендерге жиһазды сатамын.
Педагогтің қолында жиһаздың жұпты таңбалауыштары немесе суреттері көп болуы тиіс. Кейбір балалар жанындағы балалардың таңдауына еріп, бірдей жиһазды қалауы мүмкін.
Тілдері жетілмеген балалардан жиһаздың не үшін керектігін сұрау қажет емес. Бала не керегін айтып берсе, бұл да нәтиже болып саналады.

2.4. Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Жиһаз дүкені".
Балалар үшін бір-екі дүкендер бұрыштары ұйымдастырылады.
Балалардың бір-екеуі сатушы болып шығады.
Киімдер үлгілерінің топтамалары жеткілікті болуы тиіс.
Балалардың өзара диалогтары мен ойындар желісінің басталуын, ары қарай жалғастырылуын қамтамасыз ету үшін, педагог қосымша сұрақтар қойып жатады.
Сұрақтар әдептілік ережелерін, әрекеттер сипатын, ойын жүйесін реттеу үшін қолданылады.
Сұрақтар үлгілері мына сияқты болады: "Сатушыға не дейсің?", "Мына жиһаз не үшін керек?", "Таңбалауышыңда қандай сурет бар?"
"Сатушының" алдына "сатып алушы" болып та баруға болады.
Ойын аяқталғанда заттарды, ойыншықтарды орнына салып, жинауды бақылау керек.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау, оқу қызметін пысықтау.
– Балалар, біз бүгін қандай ойынды ойнадық? Жарайсыңдар.
– Нені сатып алдыңдар?
Бірнеше баланың жауабын тыңдау.
– Балалар, бүгін сендер ұқыпты, әдепті болдыңдар. Үйлерің жиһазға толады, қонақты шақыруға болады. Жарайсыңдар. Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Тақырыбы: Үш аюдың шелектері

Оқу қызметінің мақсаты

Заттардың өлшем қасиеттеріне сүйеніп, үлкеннен кішкентайға қарай бір бағытта қатар орналастыруға үйрету; кескіндердің шеттерін желімдеу техникасын жетілдіру; ойлау, танымдық қызығушылықтар қабілеттерін арттыру, зейінді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Балалардың адам мен табиғат тіршілігінде болып жатқан өзгерістерге деген зеректігін, байқағыштығын қалыптастыру; еңбекқорлыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөздік қорды "үлкен шелек", "орташа шелек", "кішкентай шелек", "майлықпен басамын" сияқты сөздер арқылы жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, суретті көрсету, көркем сөз, үлгіні зерттеу, техникалар амалдарын көрсету, саусақ жаттығуы, жапсыру амалдары тәртібін қайталау, өздік жұмыс, мақтау, оқу қызметін пысықтау, рефлексия.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Аюлардың аяқтарын баяу басқандарын білдіретін әуенжазбасы.
Ырғақты, тепі орташа әуенжазбасы.
"Үш аю" ертегісінен үш кейіпкердің суреті.
Көрсеткіш.
Көлемі үш түрлі (солдан оңға қарай – үлкен, орташа, кішкентай) бір қатарға тізіліп жапсырылған үш шелектің үлгілері. Әрбір шелек бөшке, гүл және көбелек белгісімен безендірілген.
Төменде түзу сызық салынған көлденең жатқан қағаздың беті.
Ыдыста үш көлемді және үш түсті шелектердің кескіндері, шелектердің үстілеріне жапсырылатын белгі-суреттер.
Жапсыруға қажетті құралдар: ыдыста желім, қылқалам, қылқаламға тіреуше, жайма (төсеніш), майлық (сүлгі).

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Төменде түзу сызық салынған көлденең жатқан қағаз беттері.
Ыдыста үш көлемді және үш түсті шелектердің кескіндері, шелектердің үстілеріне жапсырылатын белгі-суреттер.
Жапсыруға қажетті құралдар: ыдыста желімдер, қылқаламдар, қылқаламға тіреушелер, жаймалар (төсеніш), майлықтар (сүлгі).

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Аудиожазбаны тыңдау.

Аюлардың аяқтарын баяу басқандарын білдіретін әуенжазбасы естіледі.
– Балалар, тыңдап отырсаңдар, бізге бүгін қонаққа біреу келе жатқан сияқты.

Суретті көрсету.

"Үш аю" ертегісінен үш кейіпкердің суреті көрсетіледі.

– Бұл кейіпкерлерді кім танып қойды?
– Әрине, бұл үш аю.
– Үш аю қандай ертегіден келіп тұрғанын білесіңдер ме? Иә. "Үш аю" ертегісі.
– Балалар, аюлар бізге нені айтқысы келеді екен? Тыңдап көрейік.

1.2. Көркем сөз. Дина Ахметова. "Үш шелек".

Біз үш аюмыз,
Орманда жүрміз.
Көктем келді деп, оянып едік,
Әлі де тәтті бал жемедік.

Аралар гүлден бал жинау керек,
Суарылмай тұр гүл мен желек.

Біз адамға көмектесейік,
Бізге керегі үш шелек.

Кіріспе әңгімелесу.

– Сәлеметсіңдер ме, аюлар!
– Біздің балалар кішкентай болса да, шелектерді жасап беруге дайын. Иә, ғой, балалар?
– Балалар, аюлардың денелері бірдей ме? Бірдей емес.
– Мына үлкені – әке аю.
– Мына орташасы – ана аю.
– Мына кішкентайы – қонжық.
– Самат, қайтала. Жарайсың.
– Осы үш аюға үш: үлкен, орташа, кішкентай шелектерді жасап берейік.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу.

Балаларға көлемі үш түрлі (солдан оңға қарай – үлкен, орташа, кішкентай) бір қатарға тізіп жапсырылған үш шелектің үлгісі көрсетіледі. Әрбір шелек бөшке, гүл және көбелек белгісімен безендірілген.
– Балалар, мына суретте нені көріп отырсыңдар? Иә, бұл – шелектер.
– Шелектер бірдей ме? Балалар, шелектердің көлемдері қандай? Жақсы, үлкен, орташа, кішкентай. (Көрсеткішпен көрсетіп отыру)
– Балалар, шелектер бір-біріне тағы да несімен ұқсамайды?
– Иә. Үлкен – күлгін, орташа – сары, кішкентай – қызыл.
– Бибігүл, сен тағы да ұқсамайтын белгілерді таптың ба? Иә. Суреттері ұқсамайды. Жарайсың.

2.2. Жапсыру амалдарын көрсету.

Балаларға көлденең жатқан қағаз беті көрсетіледі. Қағаздың төменгі жағына түзу сызық салынған. Жапсыру жұмыстарына ыдыста үш көлемді және үш түсті шелектердің кескіндері, шелектердің үстілеріне жапсырылатын белгі-суреттер қажет.
– Балалар, мына сызық біз үшін жердің беті болады.
– Мен ең үлкен, күлгін шелектің кескінін алып, жаймаға аударамын, қылқаламмен желімді шеттерінің бойымен жағамын. Егер желім бітіп қалса, қылқаламға қайта толтырамын да кескінге жағамын. Қылқаламды тіреушеге қоямын. Саусақтың ұштарымен алып, қағаздың сол жақ бетіне аударып салып, әдемідеп жапсырамын.
– Балалар, мен үлкен, күлгін түсті шелекке бөшкені жапсырамын. Үстінен майлықпен басып, шетіне артық шыққан желімді сүртемін.
– Жапсыру кезегі кішкентай әлде орташа шелекте ме? Жарайсың Асқар, орташада.
Уақытты үнемдеу мақсатында ортаңғы шелектің де, дайын екі шелектің жапсырылған үлгісі көрсетіледі.
– Балалар, соңында кішкентай шелекті жапсыру кезегі келді.
Уақытты үнемдеу мақсатында бастапқы үлгіні көрсетуге болады.
– Балалар, міне, үш аюға үш шелек дайын. Енді сендердің кезектерің келді.

2.3. Саусақ жаттығуы. "Желектер".

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.
Желде тұрған желектер (алақандарды ашып, саусақтарды тікірейту)
Діңгекпенен теңселер, (қолдарды шынтаққа қойып, шайқау)
Бұталарды шайқайды, (қолдарымен оң-солға бұлғау)
Жапырақпен ойнайды. (саусақтарымен жыбырлату)
Балалар қимылдарды педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай жасайды.
Педагог өз дауысын барынша естілетіндей шығарып, көркем сөзді нақтылы, тартымды мәнерде айтуға міндетті.
Көркем сөз жолдары және жаттығуларды орындау тәртібі, оқу қызметінен тыс уақытта өткізіліп, балалар үшін таныс болуы тиіс.

2.4. Жапсыру амалдары тәртібін қайталау.

– Балалар, жапсыруды қандай шелектен бастаймыз? Үлкен шелектен. Жақсы.
– Үлкен шелекті қағазды қай жағына жапсырамыз? Сол жаққа жапсырамыз. Жарайсыңдар.
– Ал, мына сызық не үшін керек? Иә. Ол жердің беті, сол сызықтың үстінен жапсырамыз.

Ұмытпаңдар.
– Қылқаламды қайда қоямыз? Иә. Тіреушеге. Жақсы.
– Майлық не үшін керек? Желімді сүрту үшін. Тамаша.

2.5. Өздік жұмыс.

Балалардың әрқайсысына төменде түзу сызық салынған ақ қағаз беті беріледі.
Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға: "Сен не істеп отырсың?", "Оны қалай жасадың?", "Қайда орналастырдың?" сияқты сұрақтар қойылады.
Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптар алып отыру керек: "үлкен шелек", "орташа шелек", "кішкентай шелек", "майлықпен басамын".
Шығармашылық жұмыс аяқталғанда балаларға жұмысты таза жасау әдебін айтып отыру шарт.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

– Балалар, сендер бүгін көп жұмыс жасадыңдар. Қандай жұмыс екен? Иә. Шелектерді жапсырдыңдар.
– Томирис, сен қанша шелек жапсырдың? Үш шелек. Тамаша.
– Серік, сенде шелектер бірдей болды ма? Қандай? Жарайсың.
– Балалар, аюлар алқапқа шығып желектер мен гүлдерге көп су құйып, баптап күтті. Енді еңбек еткен жерде не болды екенін көрейікші.

Бейнероилкті көрсету.

"Гүлденген дала" атты бейнеролик көрсетіледі. Ағаштар гүлдеп тұр. Бал арасы құлпырып тұрған гүлдерден нәр жинап жүр.
– Көрдіңдер ме? Сендердің еңбектерің ақталды. Сендер бүгін тиянақты, еңбекқор болдыңдар. Жарайсыңдар. Рақмет! Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Тақырыбы: «Жанармай құю станциясы» ойыны

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға жанармай құятын орынның қызметі туралы мағлұмат беру, автомай, жанармай құйғыш қызметімен жалпы түрде таныстыру, жол жүру ережелерін пысықтау. Балалардың "Жанармай құю" ойынында ересек арқылы қарапайым қатынастарды атқару үлгілерін игерту, ойын шартын ұстану дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлау, ой-қиял қабілетін дамыту. Балаларды әдептілікке, еңбекті құрметтеу негіздеріне тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

"Жанармай", "автомай", "жанармай құйғыш" сөздерінің мағынасын түсіндіру, белсенді сөздік қорға "талонды көрсетіңіз", "Сізге не керек?", "рақмет", "сау болыңыз" сияқты сөздер мен фразаларды пысықтау, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Бейнероликті көрсету, көркем сөз, аудиожазбаны тыңдау, сурет бойынша әңгімелесу, ойын-жаттығу, іс-тәжірибе жаттығуы, сергіту сәті, өздік ойын әрекеттері, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

"Жүргізуші" бейнеролигінің үзінідісі.
Машинаның жанармайы бітіп бара жатқанын білдіретін әуенжазбасы.
Жанармай құю стансасының суреті.
Заттық суреттер: жанармай құюшы, жанармай стансасы, цистерналар, жанармай тасымалдаушы машина, жанармай құю орны және шлангі, жанармай құю талондары (1 литр, 2 литр, 3 литр, т.б), қолғаптар, етік, кепкі, киімнің бір-екі таңбалауыштары, фонендоскоп, ақ халат, шприц.
Рөл, жанармай құюшының атрибутты киімдері, "Жанармай құю стансасы" жазуы.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Талондар-таңбалауыштар, машина рөлдері.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Бейнероликті көрсету.
"Жүргізуші" бейнеролигінің үзінідісін көрсету (8-10сек).

Көркем сөз. Дина Ахметова. "Алдымызда жол жатыр".
– Балалар, біз алыс жолға саяхатқа барамыз.

Алдымызда жол жатыр,
Жасыл орман, көкшіл шатыр,
Жан-жағымыз гүлге толып,
Артымызда қалып жатыр.

Машинаға міндік,
Көп жер көріп, білдік.
Гуілдетіп, гуілдетіп,
Көп ойнадық, көп күлдік.

Аудиожазбаны тыңдау.
Машинаның жанармайы бітіп бара жатқанын білдіретін әуенжазбасы көрсетіледі.

– Балалар, естіп отырсыңдар ма? Біздің моторымызда жанармай бітіп қалды!
– Не істейміз?

1.2. Сурет бойынша әңгімелеу.
Жанармай құю стансасының суретін көрсету.

– Таптым! Біз "Жанармай құю" стансасына барайық. Бұл жерде жанармай мен автомай өте көп.
– Жанармай стансасында не бар екенін көрсетейін.
– Мынау – жанармай құю стансасы. Мынау үп-үлкенболған заттар жанармай цистерналары. Бұнда жанармай өте көп. Мынау – жанармай құюшы. Машиналар жанармай құятын жерге жақын келеді. Жанармай құюшы шлангтен машинаға жанармай құяды.
– "Жанармай құю" ойынын ойнайық.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. "Ойынға қажеттіні таңдайық" ойын-жаттығуы.
Мақсаты. Жанармай құю стансасына қажет құралдар мен атрибуттарды өзге заттардың арасынан бөліп алуға үйрету.
Шарты. Жанармай стансасында қажет құралдарды, атрибуттарды атап, қажетін айту шарт.
Барысы.
Ойынды өткізгенде құралдардың ойыншық және жасанды нысандары қолданылады.
Заттық суреттер: жанармай құюшы, жанармай стансасы, цистерналар, жанармай тасымалдаушы машина, жанармай құю орны және шлангі, жанармай құю талондары (1 литр, 2 литр, 3 литр, т.б.), қолғаптар, етік, кепкі, киімнің бір-екі таңбалауыштары, фонендоскоп, ақ халат, шприц.

– Балалар, біз, "Жанармай" ойынын ойнамас бұрын, осы ойында қандай құралдарды қолдану қажетін анықтап алайық.
– Ол үшін мен паннода тізіп қойған суреттер арасынан артық суреттерді алып тастаймын. Ойынға қажеті бар суреттерді ғана алып қалайық.
Тақтаға өздері қалаған балалар шақырылады, ойынға қажеті жоқ суретті тауып, алып тастайды.
– Балалар, мына суреттерді неге ойынға қоспаймыз? Иә. Бұл суреттер "Дәрігер" ойынына қажет суреттер. Жарайсыңдар.

2.2. Ойынды іске асыру.
"Қанша жанармай құю керек?" іс-тәжірибе жаттығуы.
Балалардың жастары кішкентай болуына байланысты, жанармайды құюшы рөлін алғашында педагог өзі атқарады.
Жанармай құюшының киімін киіп, жасанды қорапшаға жалғанған шлангті қолында ұстайды.
Жарты шеңберде отырған балаларға ойын тәртібі түсіндіріледі.
– Балалар, ойын тәртібі бойынша сендер машинаның рөлін бұрап жүргізіп, жанармай құюшының алдына келесіңдер. "Сәлеметсіз бе! Маған, 1 литр жанармай керек! - деп айтып, талонды бересіңдер. Мен, "жанармай құюшы" сонша жанармай құямын. Келістік пе? Бастаймыз!
Балалардың әрқайсысына қорапта жатқан рөлдер және үстел үстінде жанармай құю үшін талондар түрлері ұсынылады.
Талон-таңбалауыштар топтамалары, мысалы: 1-литр, 2-литр, 3-литр, 4-литр, 5-литр, 10-литр, 20 литр.

– Балалар, әрқайсың өздеріңе бір рөлді алып, ұнайтын талонның бірін таңдап алып, қатарға тұрыңдар.
– Ай-ай! Жанармайларың бітіп барады! Қанекей, кімге жанармай керек?! Машиналарыңды айдап, алып келіңдер!
– Ержан, не дейсің?
– Салтанат, саған не керек?
– Керім, талоның бар ма? Қанша литр керек?
Осы сияқты тәртіпте балалармен ойын ойнатылады.

– Балалардың барлығы жанармайды құйғаннан кейін, педагог сапарға шығуға болытындары туралы айтады.

2.3. Сергіту сәті. Дина Ахметова. "Рөлді қолға алайық".

– Рөлді қолға алайық.
"Дайыңсың ба?" деп сұрайық.
Дайын болсаң, көрейік,
Тура жолмен жүрейік.
Басып-басып аяқпен
Педальдарды кезекпен,
Бұрып-бұрып қолменен,
Танысайық жолменен.
Балалар педагогтің соңынан қимылдармен көрсетіп отырады.
Ырғақты, темпі орташа көңілді әуенжазбасы қосылады.

2.4. Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Жанармай құю" ойыны.
Балалар үшін бір-екі жерде бұрыштар ұйымдастырылады.
Балалардың бір-екеуіне "жанармай құюшы" киімі кигізіледі.
Балалардың өзара диалогтары мен ойындар желісінің басталуын, ары қарай жалғастырылуын қамтамасыз ету үшін педагог "жанармай құюшылардың" жанына тұрып, қосымша сұрақтар қойып жатады.
Сұрақтар әдептілік ережелерін, әрекеттер сипатын, ойын жүйесін реттеу үшін қолданылады.
Сұрақтардың үлгілері мына сияқты болады: "Жанармай құюшыға не дейсің?", "Саған қанша литр керек?", "Жанармай құюшы, Арыстан, жүргізушіге не айтасың?"
Жанармай құюшының" алдына жүргізушінің бірі болып та тұруға болады.
Балалардың барлығы "жанармай құйып" алғаннан кейін, біраз жан-жаққа қимылдап, жүргізуші болып жүруге мүмкіндік алады.
Мүмкіндік болса, балалар үшін бағдаршамды көрсетіп, қимылдарын реттеп отыруға болады.
Ойын аяқталған жағдайда заттарды, атрибуттарды орнына салып, жинау барысын бақылау керек.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау, оқу қызметін пысықтау.
– Балалар, біз бүгін қандай ойынды ойнадық? Жарайсыңдар.
– Балалар, сендер жанармай құю стансасына не үшін бардыңдар? Иә. Жанармай бітіп қалса, қайта құйып алуға болады. Жарайсың, Дастан.
Бірнеше баланың жауабын тыңдау.
– Балалар, бүгін "жанармай құюшы" болған балалар зерек болып, сыпайылық көрсетті.
Барлықтарың да уақытында жанармай құйып, керемет саяхатшы, жүргізуші болдыңдар.
Жарайсыңдар. Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Тақырыбы: Танк

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға Отан қорғаушылар туралы жалпы ұғым беру, әскери көліктер құрылысының негізгі ерекшелігімен таныстыру; танкінің дайын сызбаның сұлбасын ермексазбен басу амалдарын көрсету. Ермексазды есіп, дөңгелектеп дайын танкі сұлбасына жапсырып, толық қанды танк көлігін жасап шығару амалдарын игерту; қолдың ұсақ моторикасын, қағаз бетін бағдарлау қабілеттерін, көз мөлшерін дамыту, ақыл-ой мүмкіндіктерін жетілдіру. Балалардың Отанға деген сүйіспеншілік негіздерін қалыптастыру, зеректікке, төзімділікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Балаларға "жалпақтаймын", "шынжыр", "дөңгелектер", "басы", "аузы" сияқты сөздерді айтқызып, тілдің белсенді сөздік қорын жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Ғажайып сәт, бейнероликті көрсету, суретті көрсету, кіріспе әңгімелесу, үлгіні зерттеу, мүсіндеу тәсілдерін көрсету, саусақ жаттығуы, ауада жаттығу, өздік жұмыс, мақтау, оқу қызметін пысықтау, кейіпкермен қоштасу.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Ақтөстің суреті.
Бейнеролик. "Ақтөс ізбен жүр".
Әскери көліктің жерде қалдырған жолақ іздерінің суреті.
Қатты қағазға салынған танкінің қарапайым, аяқталмаған сызбасы.
Танкінің суреті.
Шегірткенің суреті.
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.
Көрсеткіш.
Ермексаз жинақтамасы, тақтайша, майлық.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Қатты қағазға салынған танкінің қарапайым, аяқталмаған сызбалары, ермексаз жинақтамақтамалары, тақтайшалар, майлықтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Ғажайып сәт.

Ақтөс келеді.

– Сәлеметсің бе, Ақтөс!
Ақтөс:
– Сәлеметсіз бе!
Педагог:
– Сен бірдеңені іздеп жүрген сияқтысың.

Бейнеролик. "Ақтөс ізбен жүр".

Ақтөс іздерді иіскеп жүр, құйрығын сермеп қояды. Шынжырдың ізін көріп, барлық іздерді иіскеп, жүгіре кетеді. Адамның іздерін иіскеп, адамға жетеді. Құстың ізін иіскеп, құсқа жетеді. Қоянның ізіп иіскеп, қоянға жетеді. Шынжыр ізін тауып, қалмай, танкке жетеді де, үріп қояды. Отырып, күлімдейді.

Сүретті көрсету.

Балаларға әскери көліктің жерде қалдырған жолақ іздері көрсетіледі.

– Балалар, мен өте қызықты іздер тауып алғанмын.
– Қалай ойлайсыңдар, бұл не?

Суретті көрсету.

Танкінің суреті көрсетіледі.

1.2. Көркем сөз. Дина Ахметова. "Танк".
Танк – бұл жай көлік емес,
Күнде жолдарда жүрмес.
Танк таумен жүреді,
Танк суда жүзеді.

Танк тек қана ұшпайды,
Парашютпен түсіп, айдайды,
Себебі ол әскери көлік,
Отан қорғаушы көлік.
– Балалар, Ақтөс күшік танкіні іздеп кетпесін деп, біз бүгін оған көптеген танкілер жасап берейік.
2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ
2.1. Үлгіні зерттеу. "Танк".
Балаларға қатты қағазға салынған танкінің қарапайым суреті көрсетіледі. Танкінің басы, аузы, шынжыры, дөңгелектері бар.
– Балалар, бұл не? Иә. Бұл – танк.
– Ажара, танк жай көлік пе? Жүк машинасы ма? Танк – әскери көлік. Жарайсың.
– Танкіде не бар? (Көрсеткішті қолдану). Иә, басы, шынжыры, аузы, дөңгелектері бар. Дұрыс айтасың, Асқар.
– Балалар, танкінің түсі қандай? Иә. Танкінің түсі жасыл болады. Жарайсыңдар.
– Танкінің түсі жасыл, өйткені ол шегіртке сияқты жасырынып жүреді, шегіртке сияқты барлық жолсыз жерде жүре береді.

2.2. Мүсіндеу тәсілдерін көрсету.
Балаларға қатты қағазға салынған танкінің қарапайым, аяқталмаған сызбасы көрсетіледі. Жұмыс дайын болғанда танкінің аузы мен шынжыр дөңгелектері ермексазбен басылады.
Аузы жалпақталған таяқша, шынжыр дөңгелектері жалпақталған шарлар.

– Балалар, мына танкіде не жетіспейді? Иә, аузы мен дөңгелектері. Осы бөліктерді жасап көрейік.
– Танкі аузының пішіні неге ұқсайды? Болат, айтшы? Иә. Сопақшаға. Дұрыс.
– Мен жасыл кесектен бөлікті үзіп аламын, дөңгелектеймін, содан соң таяқшаға есемін. Осы таяқшаны жалпақтаймын, танкінің басына оң жақтан тиістіріп жапсырамын.
– Тағы не жеткіліксіз? Иә, Алтын, дөңгелектер керек. Дөңгелектер, Аслан, қандай пішінге ұқсайды? Иә. Дөңгелектерге ұқсайды. Мен не істеуім керек? Иә. Дөңгелектеймін.
– Балалар, кесектен бірнеше бірдей ұсақ бөліктерді үзіп аламын. Әрқайсысын дөңгелектеймін, жалпақтаймын. Содан соң кезекпен солдан оң жаққа жапсырамын.
– Балалар, егер дөңгелектер жеткіліксіз болса, тағы да үзіп, жапсыруға болады.
– Балалар, сендерде де осындай мүмкіндік бар. Танкілерді жасап көріңдер.
2.3. Саусақ жаттығуы. "Шынжыр".
Шынжыр дөңгелектерге қап,
Бұраң-бұраң жорғалап,
Шыр-шыр басып қарбалап,
Жүріп жатыр, саптан сап.
Саусақ жаттығуын орындағанда, балалар, саусақтарды жұдырықтарға қысып, аяқтардың санының үстінен, өзінен алға қарай, айналдыра басып, жылжытып отырады.
Педагог саусақ жаттығуын ұйымдастыру кезінде сөйлеудің мәнерлі оқу құралдарын қолдануға міндетті.
2.4. Ауада мүсіндеу.
– Балалар, танкінің аузын қалай жасаймыз? Біз таяқшаны тік есеміз. Көрсетейік. Жарайсыңдар.
– Дөңгелектерді қалай жасаймыз? Иә. Дөңгелектейміз. Көрсетіңдер. Жарайсыңдар.
Педагог балалардың алақандарын белгілі мүсіндеу тәсіліне сай қойып, саусақтардың тік созылғандарына, қимылдағандарына көңіл аударады.
2.5. Өздік жұмыс.
Әрбір балаға қатты қағазға салынған танкінің қарапайым, аяқталмаған сызбасы үлестіріледі.
Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға: "Сен не істеп отырсың?", "Оны қалай

жасадың?", "Қайда орналастырдың?" сияқты сұрақтар қойылады.
Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптар алып отыру керек: "кесектен үзіп аламын", "кесектен жұлып аламын", "таяқшаны есемін", "дөңгелектеймін", "жалпақтаймын", "шынжыр".
Шығармашылық жұмыс аяқталғанда, балаларға саусақтарды, өз орнын майлықпен сүрту әдебін айтып отыру шарт.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Жасалған мүсін үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

– Балалар, бүгін сендерге қиын болды ма? Нені жасадыңдар?
– Танкіні не үшін жасадық? Иә. Ақтөс, басқа іздерді іздеп, жоғалып кетпесің деп.

Кейіпкермен қоштасу.

– Балалар, Ақтөс күшік құйрығымен бұлғап тұр ... Өте қуанышты. Сендер жасаған танкілердің іздерін зерттейді.
Ақтөс күшік:
– Сау болыңдар! – деп айтады.
– Балалар, Ақтөс қана емес, мен де өте қуаныштымын, біздің танкілеріміз мықты дөңгелектерімен тез жүретін болады. Сендер жасаған танк біздің Отанымызды қорғайды.
– Рақмет сендерге. Жарайсыңдар. Оқу қызметі аяқталды.

Тақырыбы: «Ас әзірлеу» ойыны

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға ас әзірлеу туралы түсінік беру, аспаз мамандығына қатысты әрекеттер тізбегін пысықтау, азық-түліктің пайдасы туралы мәлімет беру. Балалардың "Ас әзірлеу" ойынында аспаз еңбегіне қатысты әрекеттерді игеруін қамтамасыз ету, қарым-қатынастар барысында өз орнын тауып, ойын желісін ұстану іскерлігін жетілдіру, қолдың ұсақ моторикасын, ақыл-ой қабілетін дамыту. Балаларды төзімділікке, ұқыптылыққа тәрбилеу, еңбекке баулу.

Сөздік жұмыс

"Ас әзірлеу бөлмесі", "тағам", "пайдалы азық-түліктер" сөздерінің мағынасын түсіндіру, белсенді сөздік қорға ас әзірлеу барысына қатысты сөздер мен сөз тіркестерін енгізіп, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Бейнероликті көрсету, көркем сөз, кіріспе әңгімелесу, ойын-жаттығу, суретті көрсету, сергіту сәті, іс-тәжірибе жаттығуы, өздік ойын әрекеттері, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Пеште көже пісіріп тұрған аспаз туралы сурет.
Суреттер сериясы:
1) күнделікті киім түрін киген ер адамның суреті;
2) аспаз;
3) электр пеші.
Заттық суреттер: алжапқыш, аспаздың ақ қалпағы, қызыл кіреші бар ақ халат, қызыл кіреші бар ақ қалпақ, пышақ, ожау, кәстрөл, тақтайша, орамжапырақ, сәбіз, картоп, пияз, ет, тоқаш, тандыр нан, батон наны, піспенан (печенье), электр пеші.
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Сурет-таңбалауыштар: батон, тоқаш, тандыр,піспенан (печенье); орамжапырақ, сәбіз, картоп, пияз, ет.
Батон, тоқаш, тандыр, піспенан (печенье), орамжапырақ, сәбіз, картоп, пияз, ет сияқты азық-түлік түрлерінің нақпішіндері.
Ожау, пышақ, табақша, кастрөл тағы басқа ойынға қажет ойыншықтар.
Алжапқыштар, қалпақтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Суретті көрсету.
Асүйде жасыл алжапқыш пен ақ қалпақ киген аспаз күлімдеп тұр. Аспаз ас әзірлеп жүр.

Көркем сөз. Дина Ахметова. "Асүй".
Біздің асүй білгенге,
Тыныш орын емес қой.
Бұл бөлмеде аспаз ағай,
Жұмыс істейді, ой-хой!

Мына кәстрөл көжеге
Толып тұр. Кел, дәмін көр!
Ыстық пештен піспенанды,
Алып шықты. Алып көр!

Пісіп қалған тағамның
Ұмытпаймын иісін,
Өнерлі аспаз ағамның,
Қадірлеймін адал ісін.

1.2. Кіріспе әңгімелесу.
– Балалар, мына маманды сендер таныдыңдар ма?
– Иә. Бұл – аспаз.
– Аспаз екенін қалай білдіңдер?
Балалар ойларын айтады.
– Пештің үстінде не пісіп жатыр екен? Көже болса керек ... Жақсы.
– Үстелде нелер бар? Үстелдің үстінде сарымсақ, сәбіз бар. Ыдыста қызанақ бар.
– Балалар, аспаз жұмыс істейтін бөлмесін біз "асүй" деп айтамыз. Қайталаймыз, асүй. Жақсы.
– Балалар, сендер асүйде аспаз болғыларың келе ме? Аспаз болып ойнап көрейік.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. "Ас әзірлеуге не қажет?" ойын-жаттығуы.
Мақсаты. Балаларға ас әзірлеуге қажет азық-түлік түрлерін анықтау, аспаздың қимылдарын пысықтау.
Шарты. Аспаздың киімін тиянақтау, ас әзірлеуге керекті азық-түлікті таңдап алу шарт.
Барысы.
Балалар ас әзірлеуге қажет азық-түліктер мен аспазға қажет киім үлгісін таңдайды.
Балалардың алдына екі панноға екі бөлек сурет ілінеді
- сол жаққа - күнделікті киілетін киім киген ер адамның суреті,
- азпаздың суреті;
- электр пешінің суреті.

– Балалар, сендер нені көріп отырсыңдар?
– Қазір көптеген суреттер арасынан сендер аспазға қандай киім керектігін тауып, мына адамның жанына апарасыңдар.
– Мына пештің айналасына пісірілетін азық-түліктер мен көгөністерді апарасыңдар.
Балалардың барлығы кілемде жайылған (үстелде жайылған) суреттермен жұмыс істеуге шақырылады.
Заттық суреттер: алжапқыш, аспаздың ақ қалпағы, қызыл кіреші бар ақ халат, қызыл кіреші бар ақ қалпақ, пышақ, ожау, кәстрөл, тақтайша, орамжапырақ, сәбіз, картоп, пияз, ет, тоқаш, тандыр нан, батон наны, піспенан (печенье), электр пеші.

– Жарайсыңдар. Орындарыңа отырыңдар, балалар.
– Динара, сен неге мына қалпақ пен алжапқышты алдың? Иә. Бұл аспаздың киімі.

Қызыл кіреші бар халат пен қалпақты алмадыңдар ғой? Иә. Бұл дәрігердің киімі.
– Балалар, ал мына электр пешінің айналасына қарайық.
– Жәния, бұл жерден азық та емес, көгөніс те емес заттарды алып тасташы. Неге алып тастадың? Иә. Олар аспаздың жұмысына қажет емес. Жарайсың.

2.2. Саусақ жаттығуы. Дина Ахметова. "Нан илейді Нұрай".
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.

Нан илейді Нұрай, (саусақтарды жұдырыққа қайта-қайта жинап, қысу)
Дөңгелектеп, былай, (жұдырықтарды айналдыру)
Томпаң-томпаң, (қос қолды жұдырыққа, "құлыпқа", қысу)
Томпақтап, (қос жұдырықты айналдыру)
Жалпақ-жалпақ, (алақандарды ашып, бірін-біріне айқас салу)
Жалпақтап.
Балалардың қимылдары педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай жасалады.

Педагог өз дауысын барынша естілетіндей шығарып, көркем сөзді нақтылы, тартымды мәнерде айтуға міндетті.
Көркем сөз жолдары және жаттығуларды орындау тәртібі, оқу қызметінен тыс уақытта өткізіліп, балалар үшін таныс болуы тиіс.

2.3. Ойынды іске асыру.
"Не пісіреміз?" іс-тәжірибе жаттығуы.
– Балалар, біз қазір не істедік? Иә. Біз қамырды илеп, нан пісірдік.
– Нанды қайда пісіреді? Кастрөлге ме? Жоқ, ыстық пештің ішіне пісіреді. Жарайсыңдар.
– Дамира, осы заттардың арасынан ыстық пешке пісіретін заттардың суреттерін жеке жинап берші.
Тоқаш, батон, тандыр, піспенан (печенье) суреттері жеке панноға жиналады.
Балалар үшін батон, тоқаш, тандыр, піспенан (печенье) таңбалауыштары қорапта дайын жатады.

– Балалар, ал мына заттармен не істеуге болады?
– Егер оларды кастрөлге салса, не пісіп қалады екен? Көже пісіріледі. Жарайсыңдар.
– Дархан, көжеге қандай азық-түліктерді қосамыз?
Орамжапырақ, сәбіз, картоп, пияз, еттің суреттері жеке панноға жиналады.
Балалар үшін орамжапырақ, сәбіз, картоп, пияз, еттің таңбалауыштары қорапта дайын жатады.

– Балалар, көжені пісіру қимылдарын қайталайықшы.
Балалар педагогтің соңынан азықты "пышақпен кесу" қимылдарын қайталайды.
– Жарайсыңдар, балалар.

2.4. Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Ас әзірлеу".
Балаларға "ас әзірлеу" үшін өз үстелдеріндегі орындары жарамды болады.
Балаларға алжапқыштар мен қалпақтарды кию мүмкіндігі беріледі.
Жалпы, әр балаға пісіруге қажет азық-түліктердің нақпішіндерінің жинақтамалары болуы тиіс, сонда таңбалауыштар тек баланың қимылдарына себеп болады.
– Ал енді, сендер мына таңбалауыштардың топтамаларынан өздеріңе қажеттісін алып, өз орындарыңа отырып, ас әзірлеуді көрсетіңдер.
Балалардың ойын желісіне тез ілесіп, оның ары қарай жалғастырылуын қамтамасыз етуі үшін, педагог қосымша сұрақтар қойып жатады.
Сұрақтардың үлгілері мына сияқты болады: "Сен не істеп жатырсың?", "Оны қалай пісіресің? Пешке саласың ба? Кастрөлге саласың ба? ", "Таңбалауышыңда қандай сурет бар?", "Сен нені пісіресің?"
Ойын барысында жеткіліксіз азық-түлікті көрші баладан сұратуға болады: "Сәбізің жоқ екен ... Сәбізді Мерхаттан сұрашы ... Сәбізді қалай сұрайсың?"
Ойын аяқталған заттарды, атрибуттарды орнына салып жинауды бақылау керек.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау, оқу қызметін пысықтау.
– Балалар, біз бүгін қандай ойынды ойнадық? Иә. "Ас әзірлеу" ойыны. Жарайсыңдар.
– Сендер бүгін кім болдыңдар? Иә. Аспаз болдыңдар.
– Кастрөлге не пісірдік? Иә. Көже пісірдік. Көжеге не салдық? Жарайсыңдар.
– Балалар, барлық азықты кастрөлге пісіруге бола ма? Нан мен тоқашты, піспенанды (печенье) қайда салып пісіреміз? Иә. Нан өнімдерін ыстық пешке салып пісіреміз. Жарайсыңдар.
– Балалар, сендер бүгін керемет аспаз болдыңдар! Нан өнімдерің тәтті екен. Көжелерің дәмді екен.
– Ата-аналарың сендерді мақтан тұтады. Жарайсыңдар! Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Тақырыбы: Көк қанатты көбелек

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды көбелек жәндігі бейнесімен таныстыру, көбелектің тіршілігі жөнінде мәліметтер беру; жәндіктердің табиғаттағы орны туралы баяндау. Көбелектің қанаттары сұлбасының үстінен дайын дөңгелектерді жапсыру техникасын жетілдіру; дөңгелектердің түстері мен көлемдеріне қарап, үлкенін, оның үстінен кішкентай дөңгелекті орналастыру тәртібін ұстануға үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, түстерді, көлемдерін ажырату, жазықтықты бағдарлау қабілеттерін дамыту. Балалардың эстетикалық талғамдарының, әсемдікті бағалау қабілетінің негіздерін қалау; байқағыштыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Балаларға "үлкен дөңгелек", "кішкентай дөңгелек", "майлықпен басамын", "кішкентайын үлкенінің үстіне", "көбелек" сияқты сөздерді айтқызып, тілдің белсенді сөздік қорын жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, бейнероликті көрсету, суретті көрсету, көркем сөз, үлгіні зерттеу, жапсыру амалдарын көрсету, саусақ жаттығуы, жапсыру амалдары тәртібін қайталау, өздік жұмыс, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Көңілді, ырғақты, темпі орташа әуенжазбалары.

"Жеті түстің суреттері" бейнеролигі. Кемпірқосақ жеті жолақтардың тізілуі арқылы пайда болады, көбелекке, күн, гүлдер, аспан, шөптерге, сайқымазаққа, әртүрлі балаларға айналады.

Көбелек суреті: қанаттардың ұштарына дөңгелек пішінді оюлар жапсырылған, үлкеннің үстінде кішкентай дөңгелек.

Қанаттарында оюлары жоқ көбелектің суреті.

Ыдыста бірдей түсті төрт үлкен, тағы бірдей түсті төрт кішкентай дөңгелек пішіндер.

Жапсыруға қажетті құралдар: ыдыста желім, қылқалам, қылқаламға тіреуше, жайма (төсеніш), майлық (сүлгі).

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Қанаттарында оюлары жоқ көбелектің сұлбасы салынған қағаз беттері.

Ыдыстарда бірдей түсті төрт үлкен, тағы бірдей түсті төрт кішкентай дөңгелек пішіндер.

Жапсыруға қажетті құралдар: ыдыста желімдер, қылқаламдар, қылқаламға тіреушелер, жаймалар (төсеніш), майлықтар (сүлгі).

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Аудиожазбаны тыңдау.

Көңілді, ырғақты әуенжазбасы қосылады.

– Балалар, бүгін бізге ерекше қонақ келеді ғой деймін. Оны білу жұмбақты шешіп көріңдер.

Көркем мөз. Жұмбақ жасыру. "Көбелек".

Қанаттарын қағады,
Бірақ құсқа жатпайды.
Түстері оттай жанады,
"Кемпірқосақ" деп айтпайды.

1.2. Бейнероликті көрсету. "Жеті түстің суреттері" (бастамасы).

Балаларға жеті түстің әртүрлі заттарға айналалынын көрсету. Кемпірқосақ жеті жолақтардың тізілуі арқылы пайда болады. Жеті жол жүріп келіп, жеті тамшы болып шашылады: 1) көбелекке айналады; 2) күн, гүлдер, аспан, шөптерге айналады; 3) сайқымазаққа айналады; 4) түрлі-түсті киім киген, түрлі балаларға айналады.

Көбелек суретін көрсету.

Егер, сурет емес бейнеролик болса, бірінші жартысы көрсетіледі, көбелек бейнесінде тоқтатылып тұрады.

– Балалар, сендерге бейнеролик ұнады ма?

– Бұл ұшып келген не? Иә. Көбелек.

– Балалар, көбелек – жәндік. Ол көктемде, гүлдер шыққанда ұшады, нәр жинайды.

Көбелектер жәндіктер болмаса, гүлдер мен жемістер шықпайды.
– Балалар, осындай көбелектер көп болсын десек, біз көбелектерді де жасап көрейік. Келістік пе?

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу "Көбелек".

Балаларға көбелек бейнесі көрсетіледі. Көбелектің қанаттарының ұштарына дөңгелек пішінді оюлар жапсырылған: үлкеннің үстінде кішкентай дөңгелек.
– Балалар, мынау не? Мынау – көбелек. Дұрыс айтасың, Альмира.
– Оның көбелек екенін қалай білдің? Жарайсың. Себебі қанаттары бар.
– Балалар, көбелектің түсі бірыңғай ма? Қандай түстерді көріп отырсыңдар? Жарайсыңдар.
– Балалар, көбелектің оюлары бар ма? Қандай оюлар? Иә. Бұл – дөңгелектер.
– Дөңгелектердің көлемі бірдей ме? Үлкен, кішкентай көбелектер. (Көрсеткіштерді қолдану) Жарайсыңдар.

2.2. Жапсыру амалдарын көрсету.

Балаларға қанаттарында оюлары жоқ көбелектің бейнесі көрсетіледі.
Жапсыру жұмыстарына ыдысқа бірдей түсті төрт үлкен, тағы бірдей түсті төрт кішкентай дөңгелек пішіндер салынады.

– Балалар, мен көбелектің қанаттарын безендіру үшін үлкен дөңгелектерді ғана аламын. Санат, түстерін ата. Күлгін дөңгелектер үлкен. Жарайсың.
– Мен үлкен дөңгелекті жаймаға аударып саламын, жақсылап желімдеймін. Қылқалам тіреушеге, саусақ ұшымен алып, жоғарыдағы қанатқа жапсырамын. Екінші, үшінші, төртінші үлкен дөңгелектерді алып, дәл солай желімдеп, қанаттарының ұштарына жапсырамын.
Уақытты үнемдеу үшін дөңгелектерді алдын-ала желімдеп қою қажет.
– Балалар, енді көлемі қандай дөңгелектерді жапсырамыз? Иә. Кішкентай дөңгелектерді жапсырамыз.
Желімдеудің бір нұқсасын көрсету.
– Міне, дөңгелектер жапсырылды, майлықпен үстілерінен басып, сүртіп шығамын.
– Қалай, балалар, сендерге көбелек ұнап тұр ма? Олай болса, сендер де осындай көбелектерді жапсырып көріңдер.

2.3. Саусақ жаттығуы. "Көбелек".

Алақан бастарын қосайық, (қос қолдың бас бармақтарын тиістіру)
Көбелектей ұшайық. (саусақтармен бұлғау, қанаттарын қағуға еліктеу)
Қанаттармен бұлғайық,
Гүл шоғына қонайық. (саусақтардың ұшын үстел басына тигізу)
Қонсақ, біраз жүрейік, (саусақтарды алмастырып, жүріске еліктеу)
Саусақтармен билейік. (саусақтармен үстел бетіне соққылау)
Билеп болсақ, қояйық,
Тыныштық бала болайық. (алақандарды тізеге салу)
Педагог саусақ жаттығуын ұйымдастыру кезінде сөйлеудің мәнерлі оқу құралдарын қолдануға міндетті.
Педагог көркем сөз жолдарын ерекше ырғақпен, жылдамдықпен айтады.
Балалар қимылдарды педагогтің соңынан, әуен ырғағына сай жасап, сөздерді шамаларына қарай қайталайды.

2.4. Жапсыру амалдары тәртібін қайталау.

– Балалар, көбелектің оюларын жапсыру үшін көлемі қандай дөңгелектерді таңдаймыз? Иә. Үлкен дөңгелектерді.
– Үлкен дөңгелектердің үстіне нені жапсырамыз? Иә. Кішкентайларын. Жарайсыңдар.
– Балалар, қылқаламда желім бітсе, не істейміз? Қайта желімге маламыз. Жарайсыңдар.
– Егер жапсыруда желім пішіннің сыртына шықса, не істейміз? Майлықпен сүртеміз. Жарайсыңдар.
– Қылқаламды қайда қоямыз? Иә. Тіреушеге. Жақсы.

2.5. Өздік жұмыс.

Әрбір балаға қағазға салынған көбелектің қанаттарында оюлары жоқ сұлбасы үлестіріледі.
Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға: "Сен не істеп отырсың?", "Оны қалай жапсырдың?", "Қайда орналастырдың?" сияқты сұрақтар қойылады.
Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптар алып отыру керек: "үлкен дөңгелек", "кішкентай

дөңгелек", "майлықпен басамын", "кішкентайын үлкенінің үстіне", "көбелек".
Шығармашылық жұмыс аяқталғанда балаларға жұмысты таза жасау әдебін айтып отыру шарт.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

– Балалар, байқадыңдар ма, қаншама көп жұмыс жасадық?
– Бүгін не істедік? Көбелекке оюларды жапсырдық. Дұрыс айтасың, Еркежан.
– Керім, көбелектің оюларын сен қалай жапсырдың? Үлкеннің үстіне кішкентай дөңгелекті жапсырдың. Жарайсың.
– Айсұлтан, көбелекте қандай түстер болды? Ұмытып қалсаңдар, бейнероликті соңына дейін көрейік. Басынан бастайық.
Бейнеролик ұзақ емес, сондықтан балалар үшін жеңіл қабылданады.

Бейнероликті көрсету. "Түстер".

– Балалар, көбелектерің әсем, түрлі-түсті оюлары бар екен, жапсыруларың таза шықты.
– Оқу қызметінде сендер байқағыш, тиянақты бала болдыңдар. Жарайсыңдар! Сау болыңдар.

Тақырыбы: «Бақшаны егеміз» ойыны

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға көктемгі дала жұмыстары туралы түсіндіру, егінші мамандығы туралы жалпы мағлұмат беру, бақшаны егу жұмыстарына қажет құралдарымен таныстыру. Балалардың "Бақшаны егеміз" ойыны барысында ересек арқылы қарапайым қатынастарға түсу іскерлігін қалыптастыру, тілді, зейінді, есте сақтау, ой-қиял қабілеттерін дамыту. Балаларды ересектің еңбегін құрметтеуге, достыққа, еңбекшілдікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

"Диқан" сөзінің мағынасын түсіндіру; белсенді сөздік қорға "дәндер", "топырақ", "егеді", "тегістейді", "суарады" сияқты сөздерді енгізіп, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Бейнероликті көрсету, көркем сөз, кіріспе әңгімелесу, ойын-жаттығу, сергіту сәті, іс-тәжірибе жаттығуы, өздік ойын әрекеттері, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Гүлденген көктем туралы бейнеролик көрсетіледі.
Суреттер сериясы:
1) асқабақ дәнін ыдыстағы топыраққа егу.
2) жүйектерде көгөністердің өскені.
Заттық суреттер: ақ алжапқыш, көк алжапқыш, құрылысшы қалағы, егіншінің күрегі, тарақ, тырнауыш, құрылысшының қолғабы, егіншінің бес саусаққа киілетін қолғабы, шәйнек, су құйғыш, мөлдір қапта дәндер, мөлдір қапта кәмпиттер.
Бейнеролик немесе сурет: топырақтан көшет шығады.
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.
Алжапқыш, жайма, төртбұрышты ыдыс, қара топырақ, қалақ, тырнауыш, су құйғыш, сүлгі, табақшада дәндер.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Алжапқыштар, үстелдің бетіне жаймалар, әрбір бала үшін төртбұрышты ыдыстар, қара топырақ, қалақтар, тырнауыштар, су құйғыштар, сүлгілер, табақшада дәндер.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Бейнероликті немесе суретті көрсету.
Гүлденген көктем туралы бейнеролик көрсетіледі.

Көркем сөз. Дина Ахметова. "Көктемгі бау-бақша".
– Күннің көзі күйдіргіш,
Ағаштарға су керек.
Құдықтан су толтырып,
Құямыз бір-бір шелек.

Жауындарды шақырып,
Күнде күтіп жүреміз.
Бау-бақшаның гүлдерін,
Тамашалап көреміз.

Көбелектер, жәндіктер
Ұшып қонды гүлдерге,

Нәрін татып, нәзіктер
Бау-бақшаға келуде.

1.2. Кіріспе әңгімелесу.
– Балалар, бұнда қай мезгіл суреттелген?
– Көктем екенін қалай білдіңдер?
– Гүлденген ағаштар мен жайнаған гүлдері – адамның еңбегі.
– Адам гүлдер мен жеміс ағаштарын баптап қана қоймайды, көгөністерді де салады.
–Егістік даласына дәнді егетін адамды дикан дейді. Балалар, қайталаңдар. Дикан.
– Ал біз бақшаны егеміз. Біз егінші боламыз. Қайталаймыз. Бақшаға көгөністердің дәндерін егеміз.
– Ойынға дайынсыңдар ма, балалар? Қазір "Бақшаны егеміз" ойынын ойнап көрейік.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. "Егіншіге не керек?" ойын-жаттығуы.
Мақсаты. Бақшаны еккенде қолданылатын құралдар мен заттар топтамасын, олардың қажетін анықтау.
Шарты. Егіншіге қажетті құралдарды айту, ажырату, құралдарды қолдану қажетін білу шарт.
Барысы.

Суреттер сериясын зерттеу.
1) асқабақтың дәнін ыдыстағы топыраққа егу.

– Балалар, бұл суретте дәнді топыраққа егеді. Дәнді не істейді? Топыраққа егеді.
2) жүйектерде көгөністердің өскені.

– Балалар, бұнда не өсті? Иә. Көгөністер өсті. Тамаша.
– Балалар, бұндай көгөністерді өсіру үшін көптеген құралдар керек. Мына суреттер арасынан егіншіге қажеттілерді жинап алайық.
Балалардың алдына егіншіге және басқа мамандыққа қажетті материалдар (суреттері) жайылады. Заттық суреттер: ақ алжапқыш, көк алжапқыш, құрылысшы қалағы, егіншінің күрегі, тарақ, тырнауыш, құрылысшының қолғабы, егіншінің бес саусаққа киілетін қолғабы, шәйнек, су құйғыш, мөлдір қапта дәндер, мөлдір қапта кәмпиттер.

Бірнеше бала шығып суреттерді екі бөледі, егіншіге қажет құралдарды топтарға жинайды.
– Балалар, мына заттарды қайталайық. Алжапқыш, күрек (қалақ), тырнауыш, перчаткалар, су құйғыш, дәндер.

2.2. Сергіту сәті. Дина Ахметова. "Біз бақшаны егеміз".

Біз бақшаны егеміз,
Жерді қазып береміз.
Жүйектерге дәндерді салып,
Былай-былай себеміз.

Біз бақшаны егеміз,
Тегістетіп береміз.
Су құйғышпен суарып,
Былай-былай себеміз.
Балалар қимылдарды әуенжазбаның ырғағына сай, педагогтің көрсетуіне ұқсатып жасайды.

2.3. Ойынды іске асыру.
"Дәнді қалай егеді?" іс-тәжірибе жаттығуы.
Балаларға алжапқыштар, үстелдің бетіне жаймалар, әрбір бала үшін төртбұрышты ыдыстар, қара топырақ, қалақтар, тырнауыштар, су құйғыштар, сүлгілер, табақшада дәндер үлестіріледі.

Педагогтің үстелінде балаларға берілетін құралдар жинақтамасы болады.
Балалар жарты шеңберге немесе шеңберді айнала тұрғызылады.
– Балалар, мен егінші боламын. Мына ыдысқа жиналған қара топырақ. Қайталаймыз. Мен қалақпен топыраққа шұңқыр қазамын, дәнді саламын, қалақпен үстін жабамын. Тағы да мына таяқшамен жүйек жасаймын, дәндерді бір-бірден, араларына орын қалдырып жүйек түбіне тастаймын. Жүйекті топырақпен жабамын.
– Балалар, дәндерден көшет шығу керек.
Суретті көрсету: топырақтан көшет шығады.

Балалардың дайындықтары жеткілікті деңгейде болса, педагог өзіне көмекке бір баланы алады, балаға дәнді топыраққа салу, су құйғышпен суару әрекеттерін жасатады.

2.4. Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Бақшаны егеміз."
Балаларға "бақшаны егу" үшін өз үстелдеріндегі орындары жарамды болады.
– Балалар, егінші болу үшін, топырақты шашпай, жұмысты таза жасау керек.
– Егіншілер, қазір барлықтарың өз дәндеріңді топыраққа егіп көріңдер.
– Қаламқас, бірінші біз не істейміз? Иә, топыраққа шұңқыр қазамыз. Жарайсың.
– Әмір, бұдан кейін не істейміз? Иә. Дәнді саламыз.
– Топырақты немен тегістейміз? Тырнауышпен. Жақсы.
– Дәннің көшет болып өсуі үшін, не істеу керек? Су құю керек.
– Балалар суды көп құю керек емес. Түстен кейін тағы да құйып қоямыз.
Балалар суды тым көп құйып қоймас үшін, су құйғыштарда судың шамалы болғаны дұрыс.
Балалардың ойын желісіне тез ілесіп, оның ары қарай жалғастырылуын қамтамасыз ету үшін, педагог қосымша сұрақтар қойып жатады.
Сұрақтар үлгілері мына сияқты болады: "Сен не істеп жатырсың?", "Шұңқырды немен қазасың?", "Топырақты немен тегістедің?"
Ойын аяқталған жағдайда, заттарды, атрибуттарды орнына салып жинауды бақылау керек.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау, оқу қызметін пысықтау.
– Балалар, біз бүгін қандай ойынды ойнадық? Иә. "Бақшаны егеміз" ойыны. Жарайсыңдар.
– Сендер бүгін кім болдыңдар? Иә. Егінші болдыңдар.
– Егінші болып, не істедіңдер? Дәндерді топыраққа ектік. Қайталаймыз. Жарайсыңдар.
– Балалар, дәндерден көгөністер шығу үшін, біз не істеуіміз керек? Иә. Су құйғышпен суаруымыз керек.
– Сендер бүгін еңбекқор, төзімді, нағыз егінші болдыңдар. Көгөністерің тез өссін. Жарайсыңдар!
Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Тақырыбы: «Жол қозғалысы» ойыны

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың жол жүру ережелері туралы білімдерін кеңейту; жол жүру ережесінің жаяу жүргіншіге қатысты тараптарымен таныстыру; жүргізуші мен жаяу жүргіншіге қатысты қауіпсіздік ережелерін сақтау дағдыларын меңгерту; жол қозғалысының қарапайым белгілерімен таныстыру. Балалардың сөздік қорын ойын барысында молайту; жүргізуші мен жаяу жүргінші, жол полициясы рөлдерін сомдауда шығармашылық іскерліктерін қалыптастыру; жол қозғалысының қарапайым белгілерін есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту. Балаларды қоғамдық тәртіпке бағынуға және тәртіп ережелерін бұлжытпай орындауға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

"Жаяу жүргінші", "жүргізуші", "полиция", "бағдаршам", "жүргінші жолағы", "полиция ысқырығы", "жол ережесі" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Әңгіме, бейнебаян көрсету, көркем сөз, сурет бойынша әңгіме, ойынға дайындық, іскерлік ойын, қимыл жаттығуы, шығармашылық әрекет, рефлексия, ғажайып сәт, ойын барысын пысықтау және қорытындылау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Жол қозғалысының суреті, полиция ысқырығы, бағдаршам, жүргінші жолағы, жүк машинасы, жеңіл машина, автобус, ұшақ, жүргінші балалар, жүргінші ата мен әже, бала, бағдаршам таңбалауыштары, қасқыр, яхта, дауылпаз, ырғақты, темпі баяу, көңілді әуенжазбасы.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

"Жүргіншілер", "жүргізушілер" қалташалары.
Рөлдер. Бағдаршамның түстері бейнеленген таңбалауыштар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Бейнероликті көрсету.
Жол қозғалысы туралы бейнеролигі және суреті көрсетіледі.

Көркем сөз. Дина Ахметова. "Бағдаршамдар ұйықтамайды."
Бағдаршамдар ұйықтамайды,
Жымыңдайды, жымыңдайды.
Бір қарасаң – қып-қызыл,
Екі десе – сап-сары.
Тоқтай тұрсаң – жап-жасыл.
Көзі көп, біреу басы.

1.2. Кіріспе әңгімелесу.
– Жол қозғалысы бейнеролигі жабылмай, тоқтатылып тұрады.
– Балалар, мына көшедегі қозғалыста нелер бар?
– Иә. Көліктер бар. Жақсы. Олар қайда жүріп жатыр? Олар жолда жүріп жатыр.
– Балалар, көліктерді жүргізушілер айдайды. Жүргізушілер. Қайталайық. Жарайсыңдар.
– Көліктердің жолы кең, жалпақ. Көліктер тез жүреді.
– Көліктерден басқа кімдер бар екен? Бұлар – жүргіншілер. Қайталаймыз. Жарайсыңдар.
Жүргіншілер қайда жүріп жатыр?
– Жүргіншілер жаяужолда (тротуар) және жол ортасындағы жүргінші жолағында жүріп жатыр.

Қайталаймыз, жауяжол және жүргінші жолағы. Жарайсыңдар.
– Жүргіншінің жолы тар, жіңішке.
– Балалар, есте сақтаңдар! Көлік жол үстінде жүреді, жүргінші жаяужолда немесе ала жолақта жүреді.
– Балалар, жүргіншілер мен көліктер неге бөлек жүреді? Жүргіншіні көлік басып кетпеуі керек.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. "Көшеде не бар?" ойын-жаттығуы.

Мақсаты. Көшедегі жол қозғалысына қатысушыларды анықтау, жол ережелерін пысықтау.
Шарты. Жол қозғалысына қатысушы тараптардың қозғалыс орындарын ажырату, бағдаршамның қажетін айту шарт.
Барысы.
Ойынды өткізуге құралдар немесе құралдардың суреттері қолданылады.
– Балалар, "Жол қозғалысы" ойынын ойнау үшін, сендер көше жолында кездеспейтін бейнелерді бөлек алып тастайсыңдар.
Заттық суреттер: полиция ысқырығы, бағдаршам, жүргінші жолағы, жүк машинасы, жеңіл машина, мотоцикл, автобус, жүргінші бала, жүргінші ата, қасқыр, кеме, ұшақ, күшік, доп, дауылпаз.

– Сымбат, қандай суреттерді таңдадық? Айтып көр: полиция ысқырығы, бағдаршам, жүргінші жолағы, жүк машинасы, жеңіл машина, мотоцикл, автобус, жүргінші бала, жүргінші ата, күшік.
Ойынды ойнату үшін балалардың жол қозғалысы ережелері жөнінде жалпы білімдері болуы тиіс.
Ойын барысында білімді пысықтау маңызды.
Уақыт жеткілікті болса, осындай сұрақтар да қоюға болады: "Қасқырды, кемені, ұшақты неге алмадыңдар?"
Ойынның алдында ауқымды жұмыстар жасалынуы тиіс, сонда балалардың сұрақтарға жауап беру, жаттығуларды орындау жылдамдығы жоғары болады.
– Балалар, неге допты алып тастадыңдар? Иә. Доппен жолда ойнауға болмайды. Жарайсыңдар!

2.2. Сергіту сәті. "Жолда қалай жүреміз?"

Серігту сәтінде орташа ырғақты, дыбысы басылыңқы әуенжазбасы қосылады.

Жаттығу алдында педагог балаларды "жүргізуші" және "жүргінші" етіп екі топқа бөледі.
"Жүргіншілерге" мойындарына "жүргінші" белгілері ілінеді.

"Жүргізушілерге" мойындарына "жүргінші" белгілері ілінеді.

Ойын алаңы немесе аула алаңы, бормен кең және тар жолдарға сызылып бөлінеді.
– Балалар, мына кең жолақ – көліктер жүретін үлкен жол. Жүргізушілер, келіңдер рөлдеріңді бұраңдар! Үлкен жолмен жүріңдер! Жарайсыңдар! Стоп! Кері қайтыңдар! Жарайсыңдар!
– Ал енді, жүргіншілер, қайдасыңдар? Мына жіңішке жолмен жүре ғойыңдар! Кері қайтыңдар! Жарайсыңдар!
Балалардың барлығын бір деңгейге тұрғызу.
– Балалар, ал енді барлықтарың, өз жолдарыңмен жүріп көріңдер! Жарайсыңдар! Тамаша.
Балаларды өз орындарына отыруға шақыру.

2.3. Ойынды іске асыру.

"Бағдаршамға қарайық" іс-тәжірибе жаттығуы.
Балалар өз қалташаларымен (белгілерімен) қалады.
"Полицей" және "бағдаршам" рөлін педагогтің өзі атқарады. Педагог қолындағы бағдаршам таңбалауыштарын қажетті жерде алмастырып тұрады.

Салынған жолды көлденең кесіп, ала "жүргінші жолағы" төселеді.
"Жүргізушілер" уақытша орындарында отырады.
– Балалар, мына жолақты сендер естеріңде сақтадыңдар ғой? Бұл не? Иә. Жүргінші жолағы. Жарайсыңдар.
– Жүргіншілер! Мұқият болыңдар! Мен бағдаршамның жасыл түсін көрсетіп тұрмын, сендер жүргінші жолағын басып өтесіңдер! Жарайсыңдар!

– Жүргіншілер! Мұқият болыңдар! Мен қызыл түсті көрсетіп тұрмын, сендер жолды баспай тұрыңдар! Тоқтаңдар! Жарайсыңдар!
Жаттығу бір-екі рет қайталанады.
– Жүргіншілер, орындарыңа барып отырыңдар.
– Мен жүргізушілерді шақырамын.
– Жүргізушілер! Мұқият болыңдар! Мен бағдаршамның жасыл түсін көрсетіп тұрмын, сендер көлік жолымен жүріп өтесіңдер! Жарайсыңдар!
– Жүргізушілер! Мұқият болыңдар! Мен қызыл түсті көрсетемін ... Тоқтаңдар! Жарайсыңдар!
Жаттығу бір-екі рет қайталанады.
– Жүргізушілер, орындарыңа барып отырыңдар.

2.4. Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Жол қозғалысы."
Ойын алдында кейбір балалар қалташаларын алмастыруы мүмкін.
"Жүргінші" болған балалар қолдарына ойыншықтарын алып жүреді.
"Жүргізуші" балалар рөлдерін ауыстырады.
Ойын басталуы мен барысы педагог тарапынан реттеліп, түзетіліп отырады.
Түстерді ауыстыру балалар үшін екі түрлі қимылдарды орындау болып саналады.
Кейбір жағдайда балалардың барлығы "жүргізуші" болғысы келеді, сондықтан тәрбиеші барлық балаға рөлдер мен "жүргіншінің" қалташаларын дайындап қоюға міндетті. Ойын тек "жүргізушілер" арасында ойнатылады.
Ойын аяқталған жағдайда заттарды, атрибуттарды орнына салып, жинауды бақылау керек.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау, оқу қызметін пысықтау.
– Балалар, біз бүгін қандай ойынды ойнадық? Иә. "Жол қозғалысы" ойыны. Жарайсыңдар.
– Сендер бүгін кім болдыңдар? Иә. Жүргінші, жүргізуші болдыңдар.
– Жүргіншілер не істедіңдер? Жүргізушілер не істедіңдер? Жарайсыңдар.
– Балалар, жол ережесін біреу бұзды ма? Бұзбады. Неге? Иә. Бағдаршамның түсіне қарадық? Жарайсыңдар.
– Балалар, бүгін сендер жол ережелерін сақтадыңдар, мұқият, тәртіпті болдыңдар. Жарайсыңдар!
Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.

Тақырыбы: Кір жуу машинасы

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға тұрмыстық техника кір жуу машинасымен таныстыру, тұрмыстық техниканың адам өміріндегі көмегі туралы мағлұматтар беру; машинаның сыртқы құрылысымен таныстыру. Дөңгелек пішінді кескіндерді қатарға тізіп, ортаға орналастырып жапсыру тәсілдерін жетілдіру; көз мөлшерін, қағаз бетін бағдарлау қабілетін, зейінді, танымдық қызығушылықтарды дамыту. Балалардың қоршаған әлем заттарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру, зеректікке, ізденімпаздыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Сөздік қорды "бір қатарға жапсырамын", "дөңгелектер бірдей", "кезек-кезек саладым", "майлықпен сүртемін", "ортаға жапсырамын" сияқты сөздер арқылы жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Суретті көрсету, көркем сөз, үлгіні зерттеу, техникалар амалдарын көрсету, саусақ жаттығуы, ауада жаттығу, өздік жұмыс, мақтау, кейіпкермен қоштасу, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Суреттер сериясы:

1) киген киімдеріне бояудың дақтары жұққан Алан мен Дананың суреті;

2) киімі таза Алан мен Дананың суреті.

Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.

Суреттер сериясы:

1) бір қатарда тұрған тоңазытқыш, электр пеші, кір жуу машинасы, шаңсорғыш суреті;

2) кір жуу машинасы.

Кір жуу машинасының жасанды үлгісі. Үлгі пішіні - қатты қағаз, үстіңгі көлденең шетіне көлемдері бірдей дөңгелектер жапсырылған, ортасында үлкен дөңгелек. Үлкен дөңгелекте киімдер бірінің үстіне бірі салынған.

Тіктөртбұрышты қатты қағаз кескіні.

Панно, көрсеткіш.

Ыдысқа салынған көлемдері бірдей дөңгелектер жинақтамасы, үлкен киім түрлерінің бірі жапсырылған дөңгелек. Бұндай түрлі киімдер салынған дөңгелектер саны бірнешеу.

Ыдыста желім, қылқалам, қылқаламға тіреуше, жайма (төсеніш), майлық (сүлгі).

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Тіктөртбұрышты қатты қағаз кескіндері.

Ыдысқа салынған көлемдері бірдей дөңгелектер, үлкен киім түрлерінің бірі жапсырылған дөңгелектер жинақтамалары. Үлкен дөңгелектер саны бірнешеу, әрқайсысында киімнің бірі салынған.

Ыдыста желім, қылқалам, қылқаламға тіреуше, жайма (төсеніш), майлық (сүлгі).

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Ғажайып сәт.

Алан мен Дананы көрсету. Үстілеріндегі киімдеріне бояудың дақтары жұққан.

– Балалар, бүгін бізге қонақтар келіпті.

– Сәлеметсіңдер ме, Алан, Дана! Сендердің үстілеріңе не болған?

– Балалар, кім айтады, бұл не?

Балалар Алан мен Дананың киімдеріндегі бояулы дақтар туралы айтады.

– Иә, бояулы дақтар. Аланң мен Дана көп сурет салып, тазалықты сақтамады.

– Оларға не істеу керек? Киімді тез жуып, кептіру үшін, не керек екен?

1.2. Суретті көрсету.

Бір қатарда тоңазытқыш, электр пеші, кір жуу машинасы, шаңсорғыш көрсетіледі.

Балалар кір жуу машинасын таңдайды.

– Бұл не?

Көркем сөз. "Кір жуу машинасы".

Қолданады оны барлығы,
Себебі қажет киімнің тазалығы.
Қуанады оған үлкені және жасы,
Себебі бос тұрмайды кір жуу машинасы.
– Балалар, бүгін біз кір жуу машинасын жапсырып жасап, Алан мен Дананың киімдерін жуып берейік. Анасы жұмыстан келгенше таза болсын.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Үлгіні зерттеу.

Балалардың алдына кір жуу машинасының жасанды үлгісі көрсетіледі. Үлгі пішіні қатты қағаздан, үстіңгі көлденең шетіне көлемдері бірдей дөңгелектер жапсырылған, ортасында үлкен дөңгелек бар. Үлкен дөңгелекте киімдер бірінің үстіне бірі салынған. Бұндай түрлі киімдер салынған дөңгелектер көп болы тиіс, кез келген бала өзіне ұнайтын кімді "кір жуу машинасына жуады".
– Балалар, бұл не? Иә. Кір жуу машинасы. Қайталаймыз.
– Кір жуу машинасының пішіні неге ұқсайды? Иә, тіктөртбұрышқа ұқсайды.
– Кір машинасында не бар? Иә. Дөңгелектер. Дөңгелектер қайда орналасқан? Жоғарыдағы қатарда орналасқан. Сұлтан, қайтала. Жақсы.
– Балалар, бұл батырмалар. Қайталаймыз.
– Ортасында не бар? Иә. Бұл дөңгелек кірді жинап, жуатын барабан. Қайталаймыз.
– Балалар, үстіңгі және ортадағы дөңгелектер бірдей ме? Ортада үлкен дөңгеле бар.

2.2. Техникалар амалдарын көрсету.

Балалардың алдына кір жуу машинасының бейнесіне негіз болатын пішіні тіктөртбұрышты қатты қағаз ілінеді, үстіңгі көлденең шеті сызықпен бөлінген.
Техникаларды орындау үшін ыдысқа салынған көлемдері бірдей дөңгелектер жинақтамасы, үлкен киім түрлерінің бірі жапсырылған дөңгелек керек. Бұндай әртүрлі киімдер салынған дөңгелектер саны бірнешеу.
– Балалар, мен үстіге бірдей дөңгелектер қатарын жапсырамын.
– Бірінші дөңгелектің бетін жаймаға аударамын, қылқалам арқылы шеттерін желімдеймін. Қылқалам тіреушеге, дөңгелекті аударамын, үстіңгі сол жақ бұрышқа жапсырамын, үстінен майлықпен басамын.
Уақытты үнемдеу мақсатында барлық дөңгелек жапсырылған дайын нұсқа көрсетіледі.
– Енді кезек үлкен дөңгелекке, барабанға келді. Мен, ммм ... , көйлекті таңдаймын, сондықтан көйлек салынған дөңгелекті аламын, желімдеймін, жапсырамын. Үстін майлықпен басып, жақсылап сүртемін.
– Міне, менде кір жуу машинасы дайын. Көйлек жуылып жатыр.
– Балалар, сендер де машинаға қажетті киімді жууға салыңдар, жақсылап жапсырыңдар.

2.3. Саусақ жаттығуы. "Кір жуамыз".

Кез келген темпі орташа әуенжазбасы қосылады.
Біз таза баламыз. (бас бармақ жоғары)
Біз кірді жуамыз. (саусақтарды жыбырлату)
Мыжғылаймыз, мыжғылаймыз. (жұдырыққа қысып, ашу)
Үйкелейміз, үйкелейміз. (алақандарды өзара үйкелеу)

Біз таза баламыз. (бас бармақ жоғары)
Біз кірді жуамыз. (саусақтарды жыбырлату)
Қысамыз, ілеміз. (қимылды көрсету)
Жіпке кептіреміз. (үрлеу)

Біз таза баламыз. (бас бармақ жоғары)
Біз кірді жуамыз. (саусақтарды жыбырлату)
Үтіктеймі, үтіктейміз, (қимылды көрсету)
Ойынға киеміз. (шапалақтау)

Саусақ жаттығуы балалар үшін таныс болуы керек, орындауда артық уақыт алмайды, балалардың тақырыпты түсінуге деген ынтасын күшейтеді.

2.4. Жапсыру амалдары тәртібін қайталау.
– Балалар, кір жуу машинасын, жапсыру үшін біз неден бастаймыз? Иә. Сол жақ бұрыштан.
– Кішкентай дөңгелектен бе? Үлкен дөңгелектен бе? Иә. Кішкентайдан.
– Кішкентай дөңгелектерді қалай жапсырамыз? Қатарға жапсырамыз.
– Үлкенді ортаға. Жарайсыңдар.
– Желім бітіп қалса, не істейсіңдер? Иә. Қайта алып, жағамыз. Жақсы.
– Қылқаламды қайда қоямыз? Иә. Тіреушеге. Жақсы.
– Майлық не үшін керек? Желімді сүрту үшін. Тамаша.
2.5. Өздік жұмыс.
Балалардың әрқайсысына тіктөртбұрышты қатты қағаз кескіні, ыдыста бірнеше бірдей дөңгелек, бірнеше киім үлгісі салынған үлкен дөңгелектер жинақтамалары ұсынылады.
Баланың әрқайсысы бір киім үлгісін таңдап, өз дөңгелегін жапсырады.
Шығармашылық жұмыс барысында кез келген балаға: "Сен не істеп отырсың?", "Оны қалай жасадың?", "Қайда орналастырдың?" сияқты сұрақтар қойылады.
Балалар тарапынан мына тәрізді жауаптар алып отыру керек: "сол жақ бұрышқа", "кезек-кезек жапсырамын", "ортаға жапсырамын", "кір жуу машинасы".
Шығармашылық жұмысты таза орындау шарттары тексерілуі керек.
3. ҚОРЫТЫНДЫ
Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.
– Балалар, бүгін біз қандай жақсы әрекеттер жасадық? Иә. Алан мен Дананың киімдерін жуып бердік.
– Ол үшін біз не істедік? Иә. Кір жуу машинасын жапсырдық.
– Самал (Ескендір, Дариға, Бауыржан), сен нені жудың? Жарайсың.

Кейіпкермен қоштасу.
Суретті көрсету.
Алан мен Дана таза киім киіп алды.

– Балалар, қараңдаршы, сендердің көмектерің арқылы Алан мен Дананың киімдері таза болып шықты. Осыдан бастап, олар анасын ренжіптей таза жүреді. Рақметін айтып, сендермен қоштасады. Жарайсыңдар!
– Балалар, бүгін сендер ұқыпты, әдепті, қамқор болдыңдар. Жарайсыңдар! Оқу қызметі аяқталды. Демалайық.

Тақырыбы: Доппен жаттығу

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға ермексаз қасиеттері туралы түсініктер беру, доптың қасиеттері және ойындар түрлері туралы баяндау. Тұтас ермексаз кесектерінен қажетті көлемде бөліктерді үзіп немесе жұлып алып, дөңгелектетіп илеп, үлкен және кішкентай, түрлі-түсті доптарды мүсіндеу техникасын пысықтау; дөңгелектерді қағаз бетінің белгілі жерлеріне жапсыруға үйрету, жазықтықты бағдарлау қабілетін жаттықтыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, ақыл-ой қабілетін дамыту. Балалардың ойындарда белсенді болу қабілеттерін дамыту, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

Балаларға дөңгелек пішіні тәріздес заттардың аттарын айтқызып, тілдің белсенді сөздік қорын жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, көркем сөз, сергіту сәті, суретті көрсету, затты зерттеу, мүсіндеу тәсілдерін көрсету, ауада көрсету, өздік жұмыс, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Суреттер сериясы:
1- қолдарын жоғары көтеріп тұрған бірнеше баланың суреті.
2- сол балалардың қолдарында бір-бір доп бар.
Ермексаздан доптар жапсырылған үлгі беті.
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.
Ермексаз жинақтамасы, тақтайша, майлық.
Көрсеткіш.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Түрлі-түсті үлкенді-кішілі доптар, қолдарын жоғары көтеріп тұрған балалардың суреттері, бірнеше бала салынған суреттер, ермексаз жинақтамалары, тақтайшалар, майлықтар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қимыл жаттығуы. "Біз алғыр, зерек баламыз".

– Қанекей, балалар, денемізді шынықтырайық!
– Мына себеттерден бір-бір доптан екі қолға алып, шеңберге тұра қалыңдар.
– Жарайсыңдар!
Ырғақты әуенжазбасы қосылады.
Біз алғыр, зерек баламыз,
Допты қос қолға аламыз.
Кезек аяқпен жүріп,
Марш басамыз, марш басамыз.

Көтереміз жоғары, (қолдар жоғары, аяқтың ұшына тұру)
Міне, тұрмыз ұзарып.
Оңға, солға шайқаймыз, (оңға-солқа еңкею, қарама-қарсы аяқ ұштарын алмастырып, қойып тұру)
Допты мықтап ұстаймыз.

Төмен түсіп отырсақ, (аяқты созып, басылып отыру, допты жерге тигізіп, тіреп ұстау)
Алдымызда ойнатсақ,
Доп бір орнында тұрмайды, (доппен ойнау, домалату)
Домалайды, домалайды.

– Балалар, доптарды ортаға қарай домалатып жіберейік.
– Доптар алаңда жата тұрсын. Қазір барлығымыз өз орындарымызға барып отырайық, қызықты іс жасайық.

1.2. Суретті көрсету.

Суретте қолдарын жоғары көтеріп тұрған балалардың бейнелері салынған.

– Балалар, суретте не көріп отырсыңдар? Иә. Балалар не істеп тұр? Балалар қолдарын жоғары көтеріп тұр.
– Мына балалар біз сияқты алғыр, шымыр болғысы келеді. Бірақ олардың ойынайтын доптары жоқ. Қанекей, түрлі доптар жасап көрейік.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Затты зерттеу.
Допты көрсету, қасиеттерін әңгімелеу.
– Алдияр, доптың бірін бері әкеліп берші. Жарайсың!
– Доптың пішіні қандай? Иә. Доптың пішіні дөңгелек. Дөңгелек екенін қалай тексеруге болады? Иә. Домалатуға болады. Жарайсың.
– Домалатып көр. Жарайсың. Отыра ғой.

2.2. Мүсіндеу тәсілдерін көрсету.

– Балалар, дөңгелектерді қалай мүсіндейтінімізді есімізге түсірейік.
– Кесектен бір бөлік үзіп алып алақан арасына саламыз. Бөлікті дөңгелектеп есеміз.
– Қайталайық. Дөңгелектеп есеміз. Жарайсыңдар.
– Ал, енді мен жасалған дөңгелекті тақтайша бетінде домалатып көрейін.
– Балалар, доп домалады ма? Иә. Асқар, жарайсың, домалады.
– Мына суреттегі балаларға тезірек, доптарды үлестірейін.
– Әрбір баланың қолына допты жапсырып беремін.
– Міне, балалар доптармен ойнап тұр.
– Балалар, сендер де өз суреттеріңдегі балаларға доптарды мүсіндеп беріңдер.

2.3. Саусақ жаттығуы.
– Балалар, дөңгелек пішіндерді қалай мүсіндейміз? Кесектен жұлынып алынған бөлікті алақан арасына саламыз. Саусақтарды тік созып, айқастыра айналдырып, бөлікті дөңгелектейміз. Педагог балалардың алақандарын белгілі мүсіндеу тәсіліне сай қойып, қимылдағандарына көңіл аударады.
Дөңгелектеп, дөңгелектеп,
Біз жасаймыз дөңгелекті.
Кім мұқият, кім зерек?
Кімде дайын дөңгелек?
– Бахтияр, суық ермексазды қолмен ұстасақ ол қандай болады? Иә. Ол қатты. Дұрыс.
– Бізге ермексаздың қандай болғаны керек? Иә. Ермексаз жұмсақ болуы керек.
– Дамиля, ермексазды қалай жұмсартуға болады? Иә, оны жылыту керек. Жарайсың.
– Қалай жұмсақ етеміз, кім біледі? Жарайсың, Ерасыл, қолда ұстап отыру керек. Жақсы.

2.4. Өздік жұмыс.
Әрбір баланың алдына қолдарын жоғары көтеріп тұрған балалардың суреті ұсынылады.
Балалардың мүсіндеу тәсілдерін бақылау қажет.
Мүсіндеу барысында балаға: "Сен не істеп жатырсың?" сияқты сұрақты қоюға болады.
Балаға өз қимылдарын, "ермексаздан мүсіндедім", "бөлік жұламын", "дөңгелектеймін" сияқты сөздермен сүйемелдеуге шақыру.
Көмек ретінде тәрбиеші дөңгелектеу техникасын өзінің кесегінде көрсетеді.
Доптардың түсін және көлемін әрбір бала өздігінен таңдайды.
Егер баланың кейбіреуі өз үлгісін басқалардан жылдам жасап қойса, басқа парақтағы салынған балалардың суретін толтыртқызу ұсынылады.
Мүсіндеу іс-әрекеті аяқталғанда балаларға саусақтарын, өз орнын сүлгімен сүрту әдебін айтып отыру шарт.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Жасалған мүсін үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

– Балалар, қараңдар! Біздің қонақ балаларымыздың қолдарында не бар? Иә. Жарайсыңдар, доптар бар.
– Балалар, енді сендер доссыңдар. Мына суреттегі балаларға үлкен көмек бердіңдер. Достар бір-біріне көмектеседі. Қайталайық. Тамаша. Ал, енді барлығымыз доптармен тағы да ойнайық.

Тақырыбы: «Автобус» ойыны

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды автобустың жүргізуші мен кондукторының қызметімен таныстыру, оларға ойынның және қоғамдық көлік ережелерін түсіндіру. Балаларға "Автобус" ойынындағы негізгі рольдер арқылы ойын желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, педагогтің көмегімен қарапайым қатынастарды атқару үлгілерін игерту, ойын шартын, желісін ұстану дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлау, ой-қиял қабілетін дамыту. Балаларды әдептілікке, қоғамдық тәртіпті ұстануға, еңбекті құрметтеу негіздеріне тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

"Кондуктор", "салон", "жолаушы" сөздерінің мағынасын түсіндіру, белсенді сөздік қорға "билетіңізді (карточканы) көрсетіңіз", "рақмет", "сау болыңыз", "қош келдіңдер" сияқты сөздер мен фразаларды енгізіп, байланыстыра сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер

Аудиожазбаны тыңдау, суретті көрсету, көркем сөз, сурет бойынша әңгімелесу, ойын-жаттығу, сергіту сәті, іс-тәжірибе жаттығуы, өздік ойын әрекеттері, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету, мақтау, оқу қызметін пысықтау.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР
Автобустың аялдамадағы суреті. Аялдамадан автобусқа кірген жолаушылар көрінеді.
Заттар мен құралдар (заттық суреттер): рөл, фуражка, кондуктор желеткесі, автобус билеттері, жол жүру карточкасы.
Автобус жолаушыларына қажет заттар және заттардың суреттері: сөмкенің бірнеше түрі, смартфондар, жалауша, ойыншықтар.
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы.
Көшелердің бойында ауысып жатқан үйлер тізбегі туралы бейнеролик.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Смартфон-ойыншықтар, ойыншық сөмкелер, ойыншықтар, жолаушының билеттері, карточкалар.

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Суретті көрсету.
Аялдамаға тоқтаған автобустың суреті көрсетіледі. Жолаушылар автобусқа кіріп жатыр.

Сурет бойынша әңгімелеу.
– Балалар, бұл не? Иә. Автобус. Жарайсыңдар.
– Автобус қайда тұр? Иә. Автобус аялдамада тұр.
– Автобустың рөлінде кім отыр? Иә. Жүргізуші отыр. Жүргізуші автобусты жүргізеді.
– Салонның бір жағында кім тұр? Иә. Бұл – кондуктор. Қайталаймыз. Жақсы.
– Кондуктор билеттерді тексереді. Кімнің билетін тексереді екен?
– Салонда кімдер отыр? Иә. Жолаушылар отыр. Жолаушылар автобусқа аялдамадан отырады. Өздеріне керекті басқа аялдамаға жеткенде автобустан түседі.
Әңгімелесу мазмұны қысқа және қарапайым формада құрастырылуы мүмкін, бұл жағдай педагогтің шеберлігіне, балалардың дайындығына байналысты.

1.2. Көркем сөз. "Автобус".
Автобус терезесі көп үй сияқты,
Ішіне көп адамды салып алыпты.
Автобус үй болып, орнында тұрмайды,
Біресе жүреді, біресе тоқтайды.
Автобусты жүргізеді жүргізуші,

Болады автобуста билет тексеруші.
Бірақ ең көп жолаушылар болады,
Салон біресе азаяды, біресе толады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. "Автобуста кім бар?" ойын-жаттығуы.
Мақсаты. Автобуста бар адамдардың орнын анықтау, атауларын пысықтау.
Шарты. Автобуста қызмет жасайтын және қызмет алатын адамдарды қызметтеріне, орнына сай ажырату шарт.
Барысы.
Заттар мен құралдар (заттық суреттер) топтамасы: рөл, фуражка, кондуктор желеткесі, автобус билеттері, жол жүру карточкасы.
Автобус жолаушыларына қажет (заттар) суреттер: сөмкенің бірнеше түрі, смартфондар, жалауша, ойыншықтар.

Балаларға өзара араласқан суреттер (заттар) үстел бетіне салынады.
– Балалар, мына суреттер арасында жолаушылардың заттары бар. Сендер жолаушылар ұстайтын заттар салынған суреттерді мына тақтаға жинайсыңдар. Ал қалған суреттерді мен екінші тақтаға орналастырамын.
Суреттер саны балалардың санына сай болуы тиіс. Кейбір суреттер бірнеше данадан болуы мүмкін.
– Балалар, өз орындарыңа отырыңдар. Біз нені жинағанымызды көрейік.
– Әлия, жолаушылар қандай заттарды ұстайды? Айтып көрші. Жолаушылар сөмке, телефон, жалауша, ойыншықтар, карточка, билет ұстайды.
– Ермек, ал мына тақтада кімнің заттары бар? Жүргізушінің бас киімі, рөлі, желеткесі. Тамаша. Мына заттарды есте сақтаңдар.

2.2. Ойынды іске асыру.
"Автобуста қалай жүреміз" іс-тәжірибе жаттығуы.
Балалар үшін орындықтар екі қатар болып тізіліп қойылады, қатарлардың арасы кең болуы тиіс. Бір қатардың бас жағы "жүргізушінің" орны болып белгіленеді.
Балалар өз қалаулары бойынша смартфондар, сөмкелер, ойыншықтарды алып, өз орындарында педагогтің түсіндіргенін тыңдайды.
Балалардың жастары кішкентай болуына байланысты, кондуктордың ролін алғашында педагог өзі атқарады.
– Балалар, мен автобустың жүргізушісімін. Біз автобустың салонындамыз.
– Құрметті жолаушылар, біздің автобус "Астана" аялдамасына келді! Отырыңыздар! Бір билеттен алыңыздар!
Балалар "салонға" шақырылады. Билеттер жеке қорапшада жинақталып жатады.
Егер балалардың саны көп болса, билеттерді "салонда" таратуға болады.
Балалардың өз орындарына отыруы бақыланады.
Ойынның басында педагог өзі кондуктор болады.
– Құрметті, жолаушылар, билеттеріңізді көрсетіңіздер!
– Жолаушылар, біз автобуспен әрі қарай жүріп барамыз.
– Біз қазір үлкен алаңнан өтіп барамыз! Қараңыздар, қандай биік үйлер бар!

Бейнероликті көрсету.
Көше бойында автобустың жүргені туралы бейнеролик көрсетіледі.

– Қандай тамаша!
Егер кейбір балалар ойынға қатысқылары келмесе, олар үшін бос орындар болуы тиіс, олар ойынды бақылауға мүмкіндік алады.
Кейбір балалар өзге балаларды қайталайды, бұл да нәтиже болып саналады.
Балалар осы ойында сөздік қатынастарға көп түспесе де, топта өздерін белгілі рольде болғандарына сеніп, өз ролінің сипатын тануға мүмкіндік алады.

2.3. Сергіту сәті. "Автобус жолаушылары".
Аялдамаға тоқтайды,

Көптен күткен автобус.
Тоқтатып, пипылдайды,
Жүргізуші ағамыз.

– Жолаушалар, жүріңдер!
Төрге шығып, кіріңдер!
Рөлді бұрап жүремін,
Жолды жақсы білемін.

– Біз билетті аламыз,
Жолды төлеп барамыз.
Ау, автобус тоқтама!
Жолда көп аялдама.
– Ал, жолаушылар, аялдамаға шығайық! Серуендейік. Автобус бізді күте тұрсын.
Ырғақты, темпі орташа әуенжазбасы қосылады.

Педагогтің айтқан сөздері балалардың ырғаққа сай қимылдарымен сүйемеледенеді.
Педагогтің дауысы мен сөздері неғұрлым нақтылы айтылған сайын, балаларда жағымды эмоциялардың туындауына септігін тигізеді.

2.4. Өздік ойын әрекеттері және қатынасқа түсу үлгілерін көрсету. "Автобус".
Балалар арасынан бір-екі бала таңдалып, педагог тарапынан жүргізуші мен кондуктор ролін атқаруға тағайындалады.
– Балалар, автобусқа жүргізуші керек. Алдияр, бүгін жүргізуші боласың. Жүргізушінің бас киімі мен желеткесін киіп, рөлді ұста.
– Алдияр, орныңа отырып, автобусты жүргізгеніңді көрсетші... Жарайсың.
– Сәбира, кондуктор боласың. Сәбира, жолаушыларға билетті тарата ғой. Жарайсың. Жолаушыларды автобус салонына шақыра ғой!
Балалар отырғаннан кейін оларға сұрақ қойылады:
– Балалар, сендер автобусқа отырдыңдар. Сендер кімсіңдер? Иә. Жолаушыларсыңдар.
– Жүргізуші Алдияр, автобусты жүргізе ғой! Рөлді бұра! Кеттік!
– Сәбира, жолаушылардың билеттерін тексер! Жарайсың!
Балалар автобусқа "отырғанда" көңілді, дыбысы баяу әуен қосылады.
– Жарайсыңдар! Автобус жақсы жүріп келе жатыр.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Мақтау және оқу қызметін пысықтау.
Қорытындыны балалардың "салонда" отырған кезінде жасауға болады.
– Балалар, біз бүгін қандай ойын ойнадық?
– "Автобус" ойынын ойнадық. Жарайсыңдар.
– Балалар, біз кім болдық? Жолаушылар болдық. Жарайсыңдар.
– Барлығымыз жолаушы болдық па? Иә. Алдияр жүргізуші болды. Сәбира кондуктор болды. Тамаша.
– Біздің жүргізуші мен кондуктор еңбекқор, әдепті болды. Жарайсыңдар.
– Балалар, сендер де бүгін автобуста шуламай, әдепті бала болдыңдар. Ата-аналарыңа сендерді мақтаймын. Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар.
Балалар шаршамай уақыт жеткілікті болса, балалардың ойынға деген қызығушылығын сақтау керек, оларға өз еркімен ойнауға мүмкіндік беріледі.